


Мерейтойлық  
дебиет



# Шокан Уәлиханов

Жазарнамалары



# Шоқан уәлиханов

*Мыгарнапары*



АЛМАТЫ

“АНА ТІЛІ”  
БАСПАСЫ ЖШС  
2010

УДК 821.512.122  
ББК 84 Қаз 7-5  
У12

Қазақстан Республикасы Байланыс және  
ақпарат министрлігі  
Ақпарат және мұрағат комитетінің  
бағдарламасы бойынша  
шығарылды.

Құрастырған және аударған  
Сарбас Ақтаев.

**Уәлиханов Шоқан.**  
**У 12 Шығармалары.** — Алматы: “Ана тілі” баспасы, 2010.  
— 320 бет.

ISBN 978-601-251-039-3

43454

Қазақ халқының кеменгер перзенті, санкырылды саңлақ ғалым Шоқан Уәлихановтың калдырған тарихи-мәдени мұрасы үшантеніз. Осынау асыл қазына — алтын арналарымыздың қазіргі таңда да тарихи және ғылыми мән-маңызы орасан зор. Ғалым әрі ағартушының мерейтойлық жинағына қайнары терең қазыналы мұраларының ішінен іріктелген құнды енбектерінің бір шоғыры топтастырылды.

Кітап қалың оқырман қауымына арналған.

УДК 821.512.122  
ББК 84 Қаз 7-5

ISBN 978-601-251-039-3

012

© Уәлиханов Ш., “Шығармалары”, 2010  
Северо-Казахстанская областная библиотека им. С. МУКАНОВА © “Ана тілі” баспасы, 2010

# ЖАРЫҚ ЖҰЛДЫЗ

неге

## МӘҢГІЛІК МҰРАЛАР МҰРАТЫ



### Алғысөз орнына

Асылы, адамның табиғаты түпсіз тұңғиқтайдың тереңіне бойлатпайтын, кемелінен ойлатпайтын тылсым әлем тәрізді ме, қалай!? Біреулер ыңыршағы айналғанша көп жасайды, бірақ артында белгі болар із, айта жүрер іс қалмайды, есімі өудемде өшеді. Ал біреулер қамшының сабындаған қыска ғұмыр кешкенімен артына өшпес із, өлмес іс қалдырып, есімі мәңгі жасайды. Былайша айтқанда, біреу өзі жүзге жеткенмен, атағы күзге де жетпейді, ал біреу отызға жетпесе де даңқы ғасырга кетеді. Және бұлар тістің суындаған болғанымен, алтынның буындаған, айдан нұрындағы жылтылдаған, жарқылдаған айшықты ғұмыр кешеді. Өлімін өмірмен, мәнді, мәңгі өмірмен ұластырып кеткен оларды халық құйрықтың жұлдыздай акты да өтті дейді. Откен ғасырда қазақ ойының аспанына жарқ етіп шығып, жалт етіп ағып түскен жарық жұлдызы Шоқан Уолиханов болғаны бүтінде баршага аян. Дарынға бай байтак даланың біртуар сол ұлы перзентінің дүниеге келгеніне 175 жыл толғалы тұр.

Әдетте өркениетті елдер онтайлы сәтін орнымен пайдаланып, ондай ұлдарын ұдайы еске алып, әруағын тербел әрбір кадамын айшықтайды. Жапан даладан дарыған жайбаракаттығымызға басып, біз тіс жарып, тұяқ қимылдатпасақ та, басқа ағайындар Шоқан туралы ұдайы ерте толғанады. Әсіресе, ата көршіміз – орыс жұрты мен қыргыздар оны ертерек қолға алады. Осы орайда оның өзі кезінде білім алып, білікті азамат,

байыпты ғалым болып қалыптасқан Омбы қаласында шығатын басылымдар белсенділік танытады десек, әсте артық емес. Бірақ, не пигылы барын кім білсін, кейір жарияланылғандардың пікірі теріс-шалыс, дау-дамайға бейім. Сондай макалалардың бірі анау бір жылдары “Ореол-экспрес” атты бейресми газетте жарияланғаны бар. Тақырыбының өзі “Қазақ ханзадасының ойыны ма... әлде өлгеннен соңғы өмірі ме?” деп айғайлап түрді. “Жоқтан бар жақсы, қалай жазса да еске алып отырганының өзі қайда жатыр!?” деп өзінді қанша жұбатайын десен де, макаланың мазмұнына қарап мақсатын андал, авторының ындыны таза емес пе екен, деген ой тыныштапайды. Ендеше ең алдымен архив үнгіген тарихшы К.Канакидің жұмбак жазбасын қайта оқып, дүдемал долбарын алға тартайықшы.

“Волода губерниясының ең бір меніреу түкпірінде Юг өзеніне төніп үйқылы-ояу буйықкан, санда бар да, санатта жоқ Никольск қалашығы тұр. Финляндиядағы үш жыл каторгадан кейін мұнда Григорий Потанин жер аударылған-ды. Тағдыр тенгесі жерге лактырсан, ұдайы бір жағынан түсे бере ме, бір сәт Потаниннің өмірінде жарық сәуле жалт етті.

“Құлазыған қоңыр күздің бір күнінде қоңыраулатқан аттар келіп қақпа алдына бас тіреді. “Апрай, тағы да бір жаққа жөнелткелі жатыр ма?” – деп ойладым. Бірақ біреудін атымды атап мені құраған даусы құлагыма шалынды. Енді карасам, үй иесі әйел маған қарай біреуді ертіп келе жатыр... Өз көзіме өзім сенейін бе, сенбейін бе: мынау кәдімгі Шоқан Үәлиханов қой. Петербургтен мені іздел Шоқан келген! Және жол жөнекей соққаны емес, әдейі іздел келген мені. Айналайын Шоқаным, менің ежелгі досым ғой!..

Қуаныштан дабдырап тіпті есім шығып кетті.

Тұні бойы жастыққа да кисаймай, көз шырымын да алмай, әңгіме-дүкенді қыздырып сөйлей бердік. Шоқанның келесі күні жүріп кетуі керек болды. Қайтсін, қызмет бабы солай. Ол қазақ полковнігі еді. Сенсеніздер бар ғой, ол кеткенде мен баладай еңіреп жыладым. Аспандағы күнім сөніп қалғандай сезіндім...”

Баяндалып отырған оқиғаның бір аландатар, арандатар сәттері бар. Үзінді келтіріліп отырған оқиға 1874 жылдың күзінде өткен. Ал Шоқан Үәлиханов 1865 жылдың сәуір айында қайтыс болған.

Ежелгі екі дос, ескі жолдас – Григорий Потанин мен Шоқан Уәлихановтың таңғажайып кездесуі кейінгісі дүние салғаннан соң табаны құректей он жылдан соң қауышуы болмак. Кімді де болсын ойландырып, айранасыр, таң-тамаша етпей қоймайтын окига.

Бұл қалай болғаны сонда?

Потанин мен Уәлихановтың кездесуі жөніндегі деректі М.Х.Свентицкая 1927 жылы “Северная Азия” журналының 5–6-шы кітаптарында басылған “Потанин туралы естеліктерінде” жария етті. Кейіннен бұл жаңсақ деп табылды, Свентицкая ұмытып қалып, окигалар мен адамдарды шатастырып алған-мыс дегенмен дөғарылған-ды. Бірақ көміл көз жеткізер бұлтартарапас себеп-салдар емес еди бұл.

Шоқанның дүниеден өткені реңсі жарияланғанға шейінгі өмірінің бір жарым жылы жантөзгісіз тозак болды. Ресей империясы оның түп ізіне түсіп, кез-келген сөтте тұтқындауға әзір тұрды. Отандастары оның әрбір адымын аңдып, кия бастырмайтын болды. Сондыктан шалғай ауылда Тезек төренің қанаты астында бұғып журе беру оған қорлық сияқты көрінді. Бұдан құтылуудың жалғыз жолы қараңды батырып кету. Бірақ о дүниеге емес, будан қырық жыл бұрын мұсәпір шал Федор Кузьмичке айналып тағын тастан тастанған болған Бірінші Александр патша сияқты көз көрмес, құлак естімес жерге кету керек. Өнін өзгертекен сұлтанды Түркістанға шығарып салып “дүниеден осылай озуына” кол үшін берген Шоқанды бек сыйлайтын Г.А.Колпаковский болды. Оnda да ол Ресей сыртқы істер басқармасының тапсырмасын тындырымды орындал полковник атағын алады. Арада он жыл өткен соң Григорий Потанин оны осы полковник дәрежесінде көреді.

Олай болғанда бұл окиганың үштығы А.Врангельдің Шоқан жайындағы естелігінде айтылғандарға сәйкес келеді. Шоқанды ол XIX ғасырдың алтысыншы жылдарының екінші жартысында Парижде үшыратқанмын дейді.

Оның үстіне бұл пікірді сол жылдары Герценнің “Колоколына” атын қоймай біреудің дала тақырыбына қалам тартып тұрганы да айқынданай түсетін тәрізді. Өйткені о тұста бұл мәселені Шоқаннан артық ешкім білген жоқ еди.

Көрдіңіз гой, қалай-қалай жақауратып, қалай-қалай

жалтаңдататынын. Аруакты тебірентіп тіл тигізбегенімен де өліу күмәнді, көмілуі дұдәмал деп отырган жок па! Оған илансақ Алтын Емілдің етегіндегі Көшен тоғанындағы қорымға жерленген ұлы ғалымның өзі емес, өзіне үқсас біреудің мүрдесі секілді. Жалпы алғанда, осынау күмән-құдікте негіз бар ма? Мұндан қимыл-карекет қазақ деген халықтың мінез-құлқымен сыйыса ма деп ойланған автор болсашы. “Тисе терекке, тимесе бұтакқа” деп перген де кеткен. Сөйтіп, акқа қара, ақиқатқа жала жауып отырғанын анғармаған тәрізді ол.

Ал, шынайы шындық қалай екен? Оны Шоқан жайлыш маглұматы бар әрбір азамат білуге тиіс. Оның узенгілес оқымысты орыс достарының, әсіресе қазақ халқының қамкоры болған Григорий Потаниннің жазғанына зер салсақ, қырұлының денсаулығы жасынан ак дімкестау болғанын білеміз. Зайыры, кадет корпусының тас кабыргаларында өткен күндер оның денсаулығына закым түсірмей қоймаса керек. Оқып жүрген жылдары жаздай ауылда болып ақ ішіп, қымызбен емделіп, қуат жинап қайтып жүргенімен, батпандап кіріп, мысқылдан шығатын сырқаттан мүлдем құлан-таза айығып кете алмайды. Дегенмен, албырт жас ыңқыл-сыңқылға бой алдырмай, оттай ойнап, шоқтай жайнап жалындаған қалпы тарта береді.

Қашқария сапарынан оралғасын да аз-кем тынығып денсаулығын түзеудің орнына жұмысқа басымен сұнғи жөнеліп ұшы-қырысыз маглұмattарды бір арнаға түсіріп аумакты-аумакты енбектер жазды. Одан іле Петербургқа шакыртылып, астана зиялышарының алдында есеп береді. Тағы да түн қатып түс қашып көз шырымын алмай жасаған ұлан-асыр жұмыс. Патша ағзамның бүйрігымен Азия Департаментіне жауапты жұмысқа тағайндалған ол астанада сан-салалы қызметтің қайнаған қазанына түседі де кетеді. Әскери-оқу комитетінің Бас штабында, Географиялық қоғамда да істейді. Сөйті жүріп университетте лекция тыңдайды. Әскери-оқу комитетінің тапсыруымен Шығыс Түркістан мен Орта Азияның картасын жасап береді. Кіндік Азияның кемел білгірі ретінде қоғам мүшелерінің алдында қызығылтық лекциялар оқиды,

Атына алыстан ынтық орыстың озық ойлы демократ жазушылармен және ғылымдармен жүзбе-

жұз кездесіп, ауыз-екі сойлесіп және бір өмір мектебінен өтеді. Елдің атағы әлемге әйгілі ығай мен сығайларына терезе тенестіру үшін жар құлағы жастыққа тимей, ертелі-кеш ізденіп, оқып үйренеді. Қисапсыз күш-куатты, көп уакытты талап еткен бұл үрдіс өзі дімкәс денсаулықты тіпті титықтатып жібереді. Оның үстіне Нева бойының тұманды дымқыл ауасы да кәмекілі өкпеге кері өсерін тигізіп, дәрігерлер көкірек ауруының көкжөтелге айналып бара жатқанын айтып, жас ғалымды келер жаз дереу қырға аттандырады.

Астанада болған бір жарым жылда бір жарым ғұмырға жетерлік білім жинап, жан-жақты рухани байып қайтқан Шоқанның Сырымбет бауырында туған ауылында өткізген сол 1861 жылғы жазы өміріндегі елулі бір белестей болды. Борлық бойындағы жаңа жайлauғa көшкен бай ауыл ауырып келген жас жігіттің жақсы тынығып, денсаулығының түзелуіне барлық жағдай жасады. Дертке дауа таза ауа, шипалы ас, жақсы күтім, көңілді орта оны тез сергітіп, тез котереді.

Оған арнап тігілген ақотау үйдің төнірегі күнде той, күнде жиын, ойын-сауық болды да жатты. Жас ғалымның төнірегі – кілең бір әнші-күйші, сал-сері, ақын-жыршылар: бірі ән салса, бірі күй тартады, бірі ертегі айтады. Әсіресе Шоқан қобызышы Қанғожаның Құрымбайын, әнші Әлжаннің Қекенін, ертегіші Қарекені қасынан екі елі шығармайды. Бәрінен бұрын Қанғожа ағасының қобыз берін домбырада, сыйызғыда орындағының әсем сазды, еркे назды күйлері оның дөлебісн қоздырып, шабытын шарықтатады. Оның “бақыт – менікі, өнер – Қанғожанікі” деп мәтептеге айналып кеткен қанатты сөзі де дәл осы жазда туды. Әкесі Шыңғыс та баласының көңілін аулау үшін Орынбай мен Шөже бастаған Қекше өңірінің атакты ақын-жыршыларын жиі шақырып, қонақ қылды. Шоқан олардан келген сайын жаңа жырлар, қиссалар, аныз-әнгімелер жазып алып, халық казынасымен сықалған зерде сандығын жасандыра береді.

Шоқанның ақ отауына ән-жырмен қатар мүн-зар да ат ізін аз салған жок. Көрші ауылдардан күн күргатпай арыз-шағым айтып келіп, ақыл-кеңес алып қайтатын кедей-кепшік, жарлы-жакыбайлар қаншама. Олардың ауыр түрмисы, азапты тірлігі ғалым жанына қатты батпады. Оқығаны аз қаранғы халықты қырда

корламайтын, тонамайтын ұлық жок. Қорлық-зорлық пен әділетсіздіктен аяқ алып жүре алмайсың. Қөрнеу киянатқа күә бола түрып қол ұшын бермесең және болмайды. Бұл іс-кимыл жүргегі ізгі ғалым мен жергілікті әкімдердің арасын алшактата түсті. Оған келіп Айжан деген қасіретті маҳаббат қосылып, құлазыған күзгі даладай Шоқан көңілі де қоңылтақсып, өз ортасынан оқшауланып бара жатты.

Қашанда қайғыдан қайрат шыңдай білетін құрескөр жан әділетсіздік атаулыға жорық жариялад, мынмен жалғыз алысуға кірісті. Халықты қараңғылық пен қанаудан, надандылық пен тонаудан, отаршыл әкімдер мен атқамінер топас байлардың езгісінен құткарудың жолын іздел, тордағы арыстандай аласұрды. Елді өтіздей өрге сүйреп, өркенін өсіретін де, еніске тартып, енсесін түсіретін де басшы деп біледі ол. Сондықтан жүртты көзі ашық, көкірегі ояу, оқыған-тоқығаны мол адам басқарғаны баршага пайдалы. Оны өз өнегесімен дәлелдеу үшін ағартушы ғалым аға сұлтан сайлауына да түсті. Алайда адал перзентінің абзал ойын қалың үйқыдан әлі оянбаған қараңғы елі түсінбей, кара күшке сенген қатал тобыр оны сайлаудан құлатып жіберді. Оған ағайын-туғандар сенгенмен арадағы түсініспестік қосылып достан да, дүшпаннан да көңілі қалып әбден торықкан Шоқан Омбыға кетіп қалады. “Баршамен жалғыз алысадың киын екенін енді ғана көзім жетіп отыр, – деп жазды ол ақын досы Апполон Майковқа. — Ақиқат қанша жарқын болғанмен, уақыт тұманы құлтелеген жаңсақ жолды жарық түсіріп түзете алмайды екен”.

Қаладағы жағдай және белгілі. Ию-кию тірлік, таусылмас қоғамдық жұмыс. Шоқан бұл жолы облыстық басқарманың заң комиссиясының жұмысына ат салысып, қазактың билер сотының төркінін зерттеп, табиғатын ашып береді. Тағы да туған халықтың тарихына ден қойып терең бойлайды. Батыс-Сібір генерал-губернаторының өз ұсынысымен жаз бойы Орталық, Солтүстік Қазакстанды аралап, Атбасар, Ақмола, Баянауыл, Қарқаралы, Көкшетау дуандары қазақтарының құқықтық қарым-қатынастарын зерттеп, ежелгі қазылық ғұрпы жөнінде көлемді еңбек жазды. “1863 жыл Сібірге қайта оралып, Омбыға келгенде мен Уәлихановпен бірнеше мәрте кездесіп,

танистығымды одан әрі жалғастырдым, — деп жазады сол кезең жайында Л.М.Ядринцев. — Ол бәз-баяғыдай сымбатты сұлу, ақжарқын алғыр, астананың сыпайы сырбаздығы тал бойында сол қалпы сакталған, бірақ бұрынғысынан өні ашан тартып, әлжуаздау көрінді. Өкпе ауруы мендеп бара жатқан сияқты. Астананың алдын-дүлдің өмірі зардабын аз тигізбесе керек. Соған қарамай оның Петербургке қайта барғысы келіп жүрді. Неге екені белгісіз, ол ойынан айнып қырға кетіп қалды. Ал артынан оның Ташкентке шеру тартқан генерал Черняевтің жасағына ілесіп кеткенін есіттім”.

Бәрі де осы Черняев жасағынан басталды. Орта Азияны тереңірек зерттей түсу арманынан арылмаган Шоқан генерал Черняевтің өскери экспедициясына шақырылды. Экспедицияның мақсаты — Онтүстік Қазақстан мен Орта Азияны Ресейге қосу болатын. Генералға жолбасшы, адъютант әрі аудармашы болған Шоқан бұл міндettі жергілікті халықпен келісіп бейбіт жолымен шешу керек деген байламға келеді. Ол пікірін айтканда, алғаш генерал да мақұлдайды. Әулие-Ата камалына кірerde ғалым өз ойын тағы да қайталаған. Алайда патша үкіметінің отарлау саясатының сойылын соғушы содырлы ақкөз отаршыл М.Г.Черняев сөзінде тұрмай, көзіне қан толып, карусыз бейбіт халықты қынадай қырып, аяусыз тапап-жанышты. Оның бұл қанқұйлы қылышына, опасыз озбырлығына шыдай алмаган Шоқан табан аузында Алматыға тайып тұрды. Одан Алтын Емделдегі Тезек төрөнің ауылына барып, оның қарындасты Айсарага үйленеді.

Адам үшін үмітінің алдануынан асқан опыныс та жок, өкініш те жок. Алдыңғы қатарлы азamat деп имандай сенген генералдан көрген озбырлық пен опасыздық дүниеден баз кешіртіп, бүкіл өркениет атауыдан түңілткендей болды. Қаншама жан салып, қан кешіп қызмет еткенде отаршы жүрттың өз есебі өзінде екенін бір-ақ біліп сан соқты ол. Жүрегін үңгіп жегідей жеген жан азабы оның дінкесін құртып, лімкәстігін үдетіп жіберді. Ол Жетісу генерал-губернаторы Г.А.Колпаковскийге жолдаған соңғы хаттарының бірінде: “Кеудем шанышп ауырады, өкпеден сары су шығаратын құсық тастың майы, болмаса сондай бір дәрі-дәрмек жібере алар ма екенсіз. Сонымен адад құлышызды тіпті тәнті етер едініз”, деп жазыпты.

Ал 1865 жылдың басында ол әкесіне ақтық хатын жолдайды. Онда: “Әбден қажыдым, хал-дәрменім калмады. Солып-семіп барамын. Саудыраған күр сүйегім гана қалды. Кешікпей жарық дүниеден де көз жазатын шығармын. Маган енді кайтып ғазиз тұғандарым мен достарымды көру бүйірмаган болды ғой. Өған енді ешқандай шара жоқ. Бұл мениң ең ақырғы хатым. Қош болындар, баршанды да құшып, аймалаймын”, – дейді ол. Араға аз күндер салып Сырымбетке Тезек төреден Шоқанның дүниеден озғаны туралы сұық хабар жетеді...

Әлгіндей ауыр науқасы күннен-күнге мендеп, әл үстінде жатқан адамның аяқ астынан жазылып кетіп және он-он бес жыл тағы да алаңсыз өмір сүруі ақылға сияр ма?! Омбылық автор Мария Свинтицскаяның “Северная Азия” журналында 1927 жылы жарияланған мақаласына сілтеме жасайды. Араға жарты ғасыр түскенде оқиғаның айы, күні, тіпті жылы шатастып кетуі ықтимал дегенге және дау айтпак. Тіпті Шоқанның өмірі мен енбегін алғаш зерттеп, талай естелік жазған, толық өміrbаяның тұңғыш қағазға түсірген Григорий Потаниннің шығармаларының ішінен осындағы секем сезіле ме? Ол Шоқан жөніндегі алғашкы библиографиялық очеркінің өзінде-ак: “Қаланы аларда солдаттарға жан түршігерлік тонау мен талауға руқсат берілуінен онын төбе-шашы тік тұрып, Черняевтің жасағын тастады да, бірден Верныйға оралды, үзамай Қытай шекарасындағы Тезек төренін ауылында өмірден өтті” деп тайға таңба басқандай анық жазды емес пе! Артынан араға әлденеше жылдар салып, досының әке-шешесін әдейі іздел барып, жазып қайтқан “Сонғы қазақ ханзадасының шаңырағында” атты очеркінде де Шоқанның тірі қалып, дүниенін төрт бүршішін түтел шарлаған тылсым тірлігінен ныспы бар ма?! Қайта Шыңғыс қарияның қазактың ежелгі іштартар ғұрпы бойынша бұны сақалынан ұстап тұрып, көзіне-көзін тақап бетінен сүйгенін, сол арқылы шанырағының сәні болған ұлын еске түсіргенін тан-тамаша боп жазды ғой Потанин.

Жалпы, Шоқанның ажалын ауруынан гөрі жан азабы жеделдетіп жіберген тәрізді. Шығыстағы адал күрескері болған ол орыс елінің отарлау саясатының сойқанын кейін сезді, кеш білді де бармағын тістеп,

өзін-өзі жеді. Смағұл Садукасовтың: “Осынау сымбатты орыс армиясының офицері өмірінің сонында барлық орыс достарынан безіп, кең колтық қазақтың шекпені мен қырдың саптама етігін киіп, сахараның шалғайындағы бір ауылда бұл пәниден көшті” – дейтіні содан. Сібір аймағының билеушісі Ядринцевтің өз қолымен жазған мақаласында Шоқан Уәлихановтың қазасы европалықтар үшін ескерту, бұл әр орыс адамын ойландыраш сабак, деп атап көрсетуі, әсте тегін емес. Ендеше Шоқанның өмірден ерте өткеніне қандай шубә болуы керек. Олай болса жер астынан жіп шығарып, екі құлагын тік шығарып Канаки мырзаның мынау далbastauына не жорық.

“Кәдімгі қырық, кіс бір жақ, қыңыр кісі бір жақтың” кері де. Кәне, енді Герценнің “Колоколымен” байланыс жасап, дала тақырыбына жазып тұрган Шоқан болмаса кім, бұл мәселені о тұста одан артық ешкім білмеген дегенге келейікші. Ең алдымен отыз жасқа дейін бес томға әрен сияр ғажайып, ғылыми, әдеби мұра қалдырган ағамыз құдай бергенін алып кетпесе, азын-аулак хабар-ошармен шектеледі дегенде кім сенер. Сірә архив маманы Шоқанның аяғын іле-шала шыққан Мұхаммед-Садық Бабажанов пен Мұхамедқали Тәукин сиякты оқыған қазақтар болғанын, олардың да озық пікірлі баспасөзге жиі қалам тартып тұрганын білмейтін-ақ шығар. “Колоколға” қатысып тұрган неге солар болмасқа. Рас, оларды Шоқанның өресімен өлшеу артық. “Оның денгейіне олар тұрсын Небольсин мырза екеуміз де шендесе алмаймыз. Шоқан Шыңғысұлы – әзір қазақтар арасындағы жеке дара тұлға, айрықша құбылыс. Енді ондай құбылысты үзак құтуте тұра келеді” деп кезінде Бөкей ордасының билеушісі болған Л.Н.Плотников тегін мойындаған жоқ.

Әрине, қоян көрген тазыдай, қашқан сөзді тұра қумай-ақ, көлдененәнді көккетті не айтпайды деп қоя салуға болар еди. Бірақ омбылық тарихшының осыған дейінгі Шоқанға қатысты деректердің бәрін теріске шығаратын сынайы бар сиякты. Тас жармаса бас жарап бөтен сөз, бөгде сөз қашанда қатерлі. Оны дер кезінде тойтарып тастамаса болмайды. Әйткенмен осының өзі айыл тартқызып, ойлантарлық жәйт.

Бір қызығы, омбылық тарихшы тағы бір әскери ірі тұлға Уәлихановтың болғанын білмейтін тәрізді. Ол Шоқанның немерелес інісі, кәдімгі Уәлиден кейін хан көтерішп, қытайлармен байланысын бар деп Патша өкіметі

тұтқындалап, жер аударған Ғұбайдолланың баласы Болаттың ұлы Сұлтанғазы Уәлиханов. Ұлы ғалым өзінен айнымайтып, егіз қозыдай түр-түсі де үқсас туысын жақсы білген, бірақ әсіре пысықайлығы үшін онша жаратпаган. Ағасының аргағын сыйлады ма, әлде қазак жұрттымен біте қайнасып кеткен ғалым қарияны көзі тірісінде көріп қалғысы келді ме, әйтеуір Петерборга бір барғанда ол Вологдага ат басын арнайы бұрып Г.Потанинге барып сөлемдескені анық. Асық досын, асыл досын сағынып жүрген Григорий Николаевичтің оны “Шоқаным” деп карсы алғаны және шындық. Сондықтан ол кездегі полковник Сұлтанғазының оның естелігіне Шоқан боп еніп кетуі әбден мүмкін гой. Кейін генерал шеніне дейін көтерілген С.Уәлиханов та қаламы үйрік жазарман болған. Бәлкім, “Колоколдағы” біраз дүние соның қаламына шыгуы да ықтимал.

Ал, біз ол тұрсын, халқымыздың біртуар бірегей перзенті Шоқан Уәлихановтың саналы өмірі мен сындарлы еңбегін түтел сарапап, ой елегінен өткізіп ұлгердік пе, өзі? Оған қатысы бар кез-келген деректі зерттеп білген артық емес-ау, тегі. Күні кешеге дейін оның бес томдығының тек казақшаланған таңдамалыларын ғана қанағат тұтып отырдық емес пе? Оның қазақ-қырғыздың тұп-тегі мен Орта Азиядагы хандықтар, Шығыс Түркістан туралы енбектерінің өзі-ақ тарихымызды теренцеп түсінуге ден қойған казіргі кезенде тұтамы ту биедей қымбат та құнды дүниелер. Демек, Шоқан ғалым ретінде де, дарын ретінде де әлі еркін ашылмаған арал, телегей теңіз тарих. Оның рухани әлеміміздегі орнын айшықтай тусу үшін ғалымдар қауымы әлі көп тер төгүй керек. Сайып келгенде, Шоқанның өмірден озғаннан кейінгі ғұмыры – шабытты шығармалары мен тамаша туындылары гой. Соны кейінгі кенже буын теренірек түсінсін деп ғалымның бұрын аударылмаған тарихи шығармаларының біразын орыс тілінен тәржімалаған едік. Лайымда осы мәнгілік мұралар оқырман зердесінен орын тапсын дейміз.

*Сарбас Ақтаев,  
жазушы, публицист,  
Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қызыметкері  
Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Қекшетау мемлекеттік  
университетінің құрметті профессоры*



Шоқан Шыңғысұлы  
Үәлихановтың  
шығармалары





## **Абылай**

Абылай орыс жылнамаларында Сібірдің ханзадасы деп аталады.

Ал шынында Абылай Орта жұз қазактарының XVII ғасырда өмір сүрген ханы. Оның тегі Орта жұз сұltандарының кеңже буындан тарайды да, үшінші атадан барып Әбілмәмбет ханға қосылады. Онымен Абылай (біздегі қағаз бойынша Абылай сұltан ханның немере інсі) 1739 жылы Орынборда Ресейге мәнді бодан болатыны туралы ант берген. Атасы, оның да аты Абылай, Түркістанның билеушісі болып тұрған. Батырлығымен, батылдығымен аты шығып, сол үшін қанішер деген қаһарлы да құрметті атаққа ие болған кісі. Бірақ баласы Ұәли әкесінің даңқын асыра алмай, Түркістанды басып алған көрші билеушілердің бірінің қолынан қаза тагтты. Қалтқысыз берілген бір құлының арқасындағана он үш жасар ұлы Абылай аман қалды.

Адал төленгіт өз түлегін ертіп, қазақ даласына тартты. Ағайын-туғандары сыртқа тепкен жас Абылай қырға келіп, Жақсылық руының бір байына малшы болады. Дүrbеленге толы дүбірлі кезең Абылайдың тапқырлығы мен табандылығын, ақылдылығы мен алғырлығын танытуына жағдай жасайды. XVIII ғасырдың алғашкы он жылдығы қазақ халқының өміріндегі бір аларапт кезең еді. Жонғарлар, Еділ қалмақтары, Жайық казактары мен башқұрттар қазақ руларына жан-жақтан тарпа бас салып, қырып-жойып, малын айдал, жанын байлап әкетіп, талай әүлетті тұтасымен тұтқынға алып кетіп жүрді. Қытыйыр қыс, кесепат жұт пен ашаршылық тәнірден түскен қыспақтай-ақ халықты сансыратып, қайыршыландырып жіберді. Орынбордағы бір қазақ рубасының өз жерлестерінің қайғылы халін соңынан бір топ үлас тазы қуған қоянның жағдайына теңегені бар.

Өсіреле, 1723 жыл сүмдүқ сипатымен қазактардың есінде өшпестей боп қалды. Қары қалың әрі көктайғақ болған сол бір сұрапыл қыста жонғар контайшысы Қалдан-Сәрен кисапсыз қолмен қазақ қырына басып кіріп, қазактар мен қырғыздарды бұрынғы шалдуарлығы мен шапқыншылығы

үшін жаппай жазалауға кірісті. Қайда барса да қанқұйлы жонғарлар қыр сонынан қалмаған қазактар үріккен киік үйіріндегі дүркіреп, жол-жөнекей дүние-мұлқін, бала-шагасын, кемпір-щалын, арық-тұрық малын, үй мұлкемелін шашып, түстікке барып койып кетті. Орта жұз – Самарқандың тубіне, Кіші жұз Хиуа мен Бұқар барып панарайды. Ал қырғыздар Болордың адам аяғы баспаған құз-жарына жасырынып, үрейі үшқаны сонша Гиссар алқабына дейін жетеді. Орта Азияның құм белдерінен шүйгін жайылым таба алмай, жаңа көршілерімен жауықкан қазактар құдіретті Ресейдің шекарасына жүр салып, олардан қолдау мен қолқабыс іздейді.

Міне, осындай екідай, үрейлі қанды-касан кезеңде ел назары Абылай сұлтанға ауады. Өйткені ол жорықтардың бәріне алғаш қатардағы жауынгер бол қатысып, соның өзінде қисапсыз ерлік көрсетіп, айрықша амал-айласымен көзге түскен еді. Өнегелі ақыл-кенесі, сұнғыла зердесі арқасында, ол бірден-ақ көреген, кеменгер деген атқа ие болады. Шынында да, қазактар мұны ұлы істер атқаруы үшін алланын өзі жіберген елшісі, аруақ иесі деп үққанға дейін Абылай талай күресті бастан кешіріп, сан сыннан сүрінбей өтті. Ол екі мәрте торға түсіп, бірінде қыргыздарға, екіншісінде Қалдан-Серенге тұтқын болды. Оның Қалданнан құтылуы шын мәніндегі керемет. Себебі ол ханың сүйікті ұлы Шарышты жекпе-жекте өлтіріп, құдіретті қалмақтың қазактардан табандап тұрып талап етуімен тұтқынға түскен ғой.

Қалай болғанмен де, 1739 жылы біз оны Орта жүздің ең ықпалды, ең күшті билеушісі деп танылдық. Орыс үкіметі де кобінесе Абылаймен және оның інісі Сұлтанбекпен ғана байланыс жасап отырған. Өйткені қырға барып қайтқан орыстардың айтуына қарағанда, ол тұста нағыз ханың ешқандай мәні де, беделі де болмаган. Даламен жақсы таныс Тевкелев бұл сұлтанды қырғыз билеушілерінің ішіндегі ең айлакері, әрі ең ықпалдысы дейді.

1759 жылы Абылай орыс сарайына өзінің туысқаны Жолбарыс сұлтанды жіберіп, сый-сияпат сұрайды. Кейін оған оқілеттік қағаз жіберіліп, жылына 300 сом жалақысы тағайындалып, 200 пүт үн беріп тұру белгіленеді. Осы екі арада Орта Азияда Абылайдың мансап жолындағы ой-арманың жүзеге асыруына жағдай жасайтын оқиғалар болған еді. Ол оның халық алдындағы абырой-беделін тіпті аспандатып жіберді. 1745 жылы қазактарға әзірейілдей болған Қалдан-Серен дүние салып, Жонғарияда билікке таласқан дүрбелен ғасталады. Қалмақ тайшылары енді Абылайдан көмек күтеді. Ескі кегі зығырданын қайнатып, жонғарларға тісін қайрап жүрген сұлтан олардың алтыбақан алауыз бол әлсіреуін

пайдаланып, бірде-бір жағына, бірде екіншісіне ыршып шығып, ұрыс-керістің көрігін қыздара түседі.

Жонғарияны тарихта тенденсі жоқ жылдамдықпен оп-онай жаулап алған император Цян-Лунның жеңімпаз армиясының жонғар жеріне келуі Абылайдың саясатына үлкен ықпал етеді. Жонғария мен Кіші Бұқар аймағын оп-онай өзіне қаратуы және қытайлықтардың жауынгерлік рухын көтеріп, басқыншылық құштарлығын арттыра түседі. Зайыры, император Цян-Лун ханъ және тань әuletterінің заманын қайталағысы келгенге ұксайды. 1756, 1758 және 1760 жылдары Қытай жасақтары Орта жүз қазақтарының жеріне ат ізін тастайды. Қазақ билеушілері Кіші жүздің ханы Нұралы, Орта жүздің ханы Әбілмәмбет пен Абылай Аспанасты империясымен келісімге келуге құлшынады. 1756 жылы Абылай өзін бөгдіханның вассалы деп мойында, бегзада атағы мен жылпарап алады. Ал Нұралы Пекинге елшілік жібереді. Қоқан билеушісі Ердене-би 1758 жылы, кейін мұрагері Нарбота-би Кектің ұлына пенделігін мойындайды.

Осынау сырттай тәнтілікке қарамастан ортаазиялықтар аса абыржулы еді. Құшті Жонғария құлап, кіші Бұқардың басып алынуы адам айтқысыз үрей туғызды. Оның үстіне діндар мұсылмандар акыр заман болар алдында жердің жүзін қара қытай қаптайды деген анызға қатты сенетін-ді. 1762 жылы Орта жүздің ханы Әбілмәмбет пен Абылай сұltтанға 130 адамнан тұратын Қытай елшілері келіп, императордың әмірі бойынша көктем тұа Түркістан мен Самарқандқа әскер шығатынын жариялад, алда болар жорық үшін көмекке кісі, көлікке жылқы мен өғіз, сойымға қой сұрауы қазактардың үрейін тіпті ұшырып жіберді. Олар уақытша өзара іріңезекті дөгарып, одак құрып, оның басына қолбасшы етіп Нәдір-шахтың түменбасы, Қандағар билеушісі әрі Дурани әuletінің негізін қалаушы Ахметті тағайыннады. Абылай сырттай одаққа кіретін сияқты көрінгенімен, шын мәнінде қытай үкіметімен байланысын үзбей, барған сайын онымен жақындааса түсті. Ол тіпті Пекинге аманат етіп ұлы Әділді жіберді. Бірақ Бөгдіхан Абылайдың тәнтілігіне дән разы болып, Әділді қолына өкілеттік қағаз беріп, көп сый-сияпатпен әкесіне қайта аттандырды. Ал, Абылайдың өзі болса Сайрамкөл жағасына Іле цзян-цзунымен (генерал-губернаторымен) кездесіп, онымен сауда шартын жасасты. Шарт бойынша Тарбағатай (Шауешек) мен Іледе (Күлжа) айырбас базары ашылып, одан қазақтар айдап әкелген малына қытай бүйымдарын айырбастап алып жүрді. Бөгдіханның мұндан мейірімі, әсіресе, тарту-таралғысы баққұмар, данққұмар Қазаққа ұнамай қалған жоқ.

Қытайлармен байланысы бекіген сайын Абылай Ресеймен қарым-қатынастан іргесін аулақ сала бастады. 1771 жылы хан сайлағанда да ол орыс шекарасына барып, ант бергісі келмеді. Сөйтіп, ол өзін халық қалап, баяғыда-ақ бұл дәрежеге лайықтап қойғанын, Қөктің ұлының және екілеттік қағазы барын желеу етті. Дегенмен, орыс үкіметі қырға өз қызметшісін арнайы жіберіп, Абылайға ант бергізіп, хан атағының белгілерін (қылыш, қамқа тон және бөрік) тапсырды. Ондағысы өздері бекітпей тұрып, хан болу деген қазактардың қаперіне де келмесін деген ішкі есеп. Абылай өз балаларына ақыл айтқанда Қытаймен жақындаса тұсуге кеңес беріп, Ресеймен келісімді сақтау керек деп тапсырды. Оның ойынша, қытайлар хан билігі үшін ешқашан қатерлі емес, ал, орыс үкіметі болса, жергілікті билікке ен құшті бәсекелес. Оның үстіне заман ағымы қазактардың Ресей қемегіне мұқтаждығы аз екенін айқындаі түсті.

Абылайдың қырдағы билігі тіптен нығайды. Ұлы жүзде (біздегі қағаз бойынша Үйсін болыстары) оның билігін мойындасты. Жонғарларды қытайлар жойып жіберді. Қазактар ту-талапай еткен, әсіресе Абылайдың өзі түбіне жеткен торғауыттар Ілеge әрең жетіп, қытай саясатшыларының китүркі торына түсті. Пугачев бүліншілігі титықтатып, тағдырын енді үкімет қолына алған Жайық казактары өз бетімен басып кіре алмас халге жетті. Қазактардың ендігі жауы Түркістан, Созақ, Сайрам, Шу мен Ташкенттің арасындағы және басқа қалалардың қазақ сұлтандарынан ауылдың аулақ салуға тырысқан ку қырғыздар мен Орта Азия билеушілерінің бір бөлегі ғана. Абылайға аян беріп отыратын әдеттен тыс аруаққа деген сенім қазақ халқына бұрын-сонды болмаган өжеттік дарытты. 1770 жылы Абылай Шат асуынан да асып, Туро өзенінің маңында қырғыздарға шабуыл жасады. Таулықтарды өкшелей қуып, ол Шу жазығына дейін айдан салды. Шуға құятын Қызылсу мен Шамси өзендерінің бойында қырғыздар Абылайға қарсы одактасып қан кеше жүріп айқасады. Бұл жайында “Жайыл қырғыны” атты аңыз күні бүгінге дейін бар. Қырғыздардың қырылғаны сонша, Сұлту руының Талқан деген атасынан тек қырық-ақ адам тірі қалады. Соңан соң Абылай олжасын артынып-тартынып өзінің Сібір желісіне жақын сүйікті конысы Көкшетауға қайтып келеді. Алып келген тұтқындары тіпті көп, казір олардың үрпағы Жана және Бай қырғыз деген екі болыс ел болып отыр.

Абылайдың Ташкентпен және Ходжемтпен соғысы Жизакқа дейін жеті шаһарды алуымен тынды. Олардың арасында Әзірет султан, Сайрам, Шымкент, Созақ және басқа

**Салдан-Казахстан**

**Областная библиотека  
им. С. МУКАНОВА**

Печатано в типографии

қалалар бар. Ал Ташкент алым-салық төлеп отыруға тиісті болды. 1774 жылы Абылай Үйсіннің ел ағаларының өтінүі бойынша оларды басқару үшін ұлы Әділді жіберіп, оған Талас өзенінің бойынан қалашық салып берді. Кентті кілең еңбеккор қаракалпактар қоныстанды. Ұзын саны жетпіс бірге жететін басқа балаларына ол Орта және Ұлы жұз руларын бөліп берді. Ал өзі өзет басы ретінде рубасыларының ғұрпы бойынша өмір сұру үшін Түркістанда қалды. Сонда 1781 жылы дүние салып, мұрдесі Қожахмет Яссайдің мешіті аланына жерленді.

Міне, ғаламат қазақтың саяси өмірінің желісі осында! Данқы дәүірлеп көтерілуіне жеке басының кіслігімен, ақыл-парасатының кендігімен жеткен ол арыны ауыздықсыз, қызу қанды қызба халықтың қадір-құрметтіне ие бола білді. Қырдағы бұл құрметтің тылсымдаш тастайтын тамаша бір сипаты болды. Әбілмәмбет қайтыс болғаннан кейін өз сұлтандарының ішіндегі ең лайықтысы осы деп халық оны бірден хан көтерді. Ал қазак дәстүріне бақса, Әбілмәмбет балаларының ішінен занды мұрагерлер табылатын-ақ еді. Осынау сайлаудын қуәгері болған орыс азаматы алқалаған рубасыларының оны ақ қиізге салып қалай төбеле көтергенін, бірінен бірі асырып өжеттігі мен отімділігін, жампоздығы мен жеңімпаздығын жер-көкке сыйғызбай қалай мадактағанын, соナン соң ол киген шапанды өрім-өрім ғып қықымдай жыртып, үлесіп алғанын тамсана жазады. Мұның өзі ханның қадір-қасиетін танытар тамаша көрініс еді.

Қазақ хандарының арасында Абылайдай шексіз билікке ие болған бірде-бірі жок. Ол өз өктемдігін асырып, ең алғаш өлім жазасын енгізді. Бұрын бүндай сұмдық шешім халық жиынының үйғарымымен ғана жүзеге асатын. Сөйтіп, ол ханның билігін алқалы кенес арқылы шектеп отыратын рубасылары мен сұлтандардың өркөкірек үстемдігін тыйды. Әуелі мұндай жаңаңық сұлтандар мен билердің наразылығын туғызып, бас көтертті де. 1781 жылы Дайыр сұлтан Орынбор губернаторына арыз айтып, Абылайды өзіне тиісті емес билікті басып алушы деп бейнелейді. Рубасылары ежелгі әдет бойынша кәдімгі Польшадағы корольға қарсы соғыс сияқты, ханға қарсы аттанбақ та болды. Алайда Абылайдын төлеңгіттері оларды тас-талқан қылды да, бәрі ханның темір тезіне бағынуға мәжбүр болді. Бұл ханның ықылым заманнан аяланып келген еркін жайылуды өктемдікпен басып, өз қимыл-қарекетін қалай зандастырғанын кім білсін, әйтеуір үрпактар оны әулие санап, шабуылға шыққанда есімін жігер шындар үран етіп атайды. Ал оның өз балаларына қалдырган ауызаша өсінеті Ақсақ Темірдің саясатымен астасып жатқанын анғартады. Балаларына ол қазақ тайпалары арасындағы ру

таласын ешқашан түбегейлі шешпе, дүрдіараздық пен даудамай қашанда хан билігінің тапжылмас таяныш-тірегі болуы керек деп ақыл-кенес беріп отырган.

Қазактардың аңыз-әңгімелерінде Абылай айрықша қасиеті бар киелі, керемет құдірет иесі болып саналады. Абылай дәүірі қазактардың ерлігі мен серлігінің ғасыры. Оның жорықтары және батырларының көсіз ерлігі мен қаһармандығы жырдастандардың арқауына айналған. Домбыра мен қобызды орындалатын небір қүйлер соның дәуірінде дүниеге келген және көбі сол кезеңді сипаттайды. Халық қуйі “Шаңды жорық” жаудан қайтып көрмеген жүрек жұтқан Баян батыр опат болған шабуыл кезінде шығарылған. Ал “Қапшақ қагу” Еділ қалмактарына қарсы қыскы жорықтан туады. Сол жолы қазактар жеті күн бойы ашығып, олжага қолы әрен жетеді. Бұл қүйлердің бәрі күні осы уақытқа дейін Абылай үрпактарына сонау бір данқты кезендерді елестетеді.



## **XVIII ғасырдағы батырлар туралы тариҳи аңыздар**

1. Жонғарларға қарсы бір жорығында Абылай-хан барлау үшін алғыншы ретінде мың жігіт ірікеп алғып, оларды екіге бөледі де, екі қас батырын басшы етеді: олардың бірі – Қанжыгалы қарабұжыр Жантай\* да, екіншісі – сол рудың аксақал ағасы Бөгенбай. Батырлар ұзақ уақыт оралмай, Абылай шынымен-ақ абыржыын дейді. Ақыры шыдай алмай: “бұл батырлардың тағдыры не болар екен?” деп дегбірсізденіп, өзінің ақылшысы Бұқар жыраудан:

– Мениң сайыпқырандарым не болды екен, олардың осынша уақыт оралмауының себебі не? – деп сұрайды. Сонда Бұқар:

*Сабыр сакта, Абылай,  
Жантай асар Талқыдан,  
Бөгенбай таймас калпынан,  
Батыр Құлжан секілді,  
Жауды мысы басады,  
Хан-баба бірак қашады,  
Жантаймының жолы ауыр,  
Өте алмай түр жасағы, –*

деп жырлай жөнеліп кідіреді.

“Апрай, Жантайым жазым болмаса жарайды ғой” деп ойға батады Абылай. Сонда Бұқар жырау санқылдап:

*Тарлыдан аман асады,  
Дүшпаниң канын шашады,  
Олжа етіп ұлысты,  
Айғабақ аппак аруды  
Алдына сый ғып тосады, –*

депті. Оның осы көріпкелдігі айна-қатесіз келіп, Жантай олжамен оралғанда “қуанғаннан төбем көкке жеткендей болды” дейді екен Абылайдың өзі.

---

\*Көшірмешінің қатесінен Жантай Жанатай болып кеткен. Жанатай атты Атығай батыры бар. Ал Қанжыгалы қарабұжыр деп отырғаны атақты Бөгенбай батырдың немере інісі Жантай – А. С.

2. Бірде Абылай бас бағып баспалап қытайлармен тасадан тап беріп ұрыспақ болады да, осынау сәтсіз қимылым саяз ойлайтын кейбір қазактарға кері өсер етіп жүрмес пе еken деп, іштей булығып, қатты киналады. Сонда оның дабылды ақындарының бірі Тәтіғара жырау жылыстауға бет алған қазактар мен Абылайдың өзіне қайрат-жігер беру үшін былай деп жырлай жөнелген екен:

Кебеже қарын кең құрсақ,  
Артық тұган Абылай,  
Көтере көр бул істі,  
Көп қытайдың жылқысы,  
Тұрымтайдай құнысты,  
Жау жағадан алғанда,  
Ит етектен алғанда,  
Ер Абылай корықкан жоқ,  
Әншейін еңкейе беріп жылысты,  
Бәсентиін Сырымбет  
Оқ жіберіп ұрысты,  
Ақыл қалмас қашқанда,  
Дегір қалмас сасқанда,  
Баяндай ерді көрмедім,  
Бұрылып жауды шанышқанда.

3. Бәз-бір әбес қылығы үшін Абылай үйсін би Ерден батырдың ауылын шабуға әмір етеді. Бұл жолы қаһарына мініп ханның терісіне сыймай қатты ашуланғаны сондай, кінәліні актап ауыз ашуға бірде-бір пенденің дәті бармайды. Сонда халықтың сұрауымен Бұқар жырау белін бекем байлап, аныратып коя береді:

Ай, Абылай, Абылай!  
Таймасын тек бастан бак,  
Данқыныз тұр аспандап,  
Тенесе алмай асқар да,  
Ақтан болып күніңіз,  
Тасып мереj нұрыныз,  
Арсы менен құрсіге,  
Кетті тарап үніңіз,  
Өзің болған күнінде,  
Бес қаклаға сыймады,  
Азат еткен құлыныз,  
Алатаудан асыныз,  
Ашуыңызды басыныз,  
Есіңізді жиыныз,  
Алашапан Ерденнен,  
Сексен нарга артылып,  
Келер сонда сыйыныз!

4. Ел аузындағы анызға қарағанда, Түркістаннан қашып шықкан Абылай немерे ағасы Оразбен бір атқа мінгесіп, қырдағы ең жақын туысқаны Әбілмәмбет ханға жол тартады. Жол-жөнекей ойламаган жерден тап болған жағдай оны қазактың Қаруыл руының Жақсылық деген атасынан тарайтын бір байы Дәүлетбайдың көліна келіп панарап, бас саұғалай түрга мәжбүр етеді. Кейбіреулер ол байдың жылқысын бакқан екен деседі. Дәүлетбайдың бәйбішесі шеттен келген жігіттін апарып алдына коймаса, ешқашан тамақ сұрамайтынын байқайды. Экеп берсе де, тағамды кірпияздынып жейтінін, жуылмаған ыдыстан ешқашан ас ішпейтінін байқап жүреді. Мұның өзі қара қазакқа келінкіремейтін мінез. Оның бүл кіді мінезі үй иесінің де назарын аударады. Ораздан сұрап мән-жайға түгел қанығып, түп-тегін білгеннен кейін дереу Әбілмәмбетке алып келеді оны. Және жылқысынан ең бір жақсы атын тарту етеді. Бұл әйгілі шалқұйрық сәйгүлік еді. Жас сұltанның жорықтағы жансерігі болған шалқұйрық Абылайдың батыр деген атағын шығарып, қалың қазактың қадір-құрметіне бөлейді.

5. Абылайдың Қалдан Серенде тұтқында болуы. Жонғарлардың казактарға қарсы бір жорығында айқас даласында Абылай жекпе-жекке шығып Қалданның баласы Шарышты олтіреді. Өзінің сүйікті ұлы опат болғанын естіген Қалдан нөкөрлеріне қалай болса да, қайда жүрсе де өлтірген адамды ұстап алдына алып келуін бүйірады.

Ханы жіберген қалмактар анда жүрген Абылайды қапияда жатқан орнынан басып, бірнеше билерімен және Атыгай руының Құдайберді тармағынан тарайтын атақты батыр Жәпекпен бірге Қалданның алдына алып келеді.

— Мениң ұлымды қайда, қалай өлтірдін? — деген саулға Абылай:

— Оны өлтірген халық, кінәлі болып отырған мен. Халықтың Шарышқа шығарған үкімі мен арқылы жүзеге асты, — деп жауап береді Абылай. Қалдан оның бүл жауабына разы болып, бірнеше мәрте “мән, мән” деп қайталап, жендеттерін дереу тоқтатады да, тұтқынды киіз үйге қаматтырып, сыртынан қатаң бақылау қоюға әмір етеді. Абылайдың азабы осыдан кейін басталады.

Шарыштың анасы ұлын өлтірген қазақ баласын көруге құдайдың құтты күні келеді де, келген сайын қарғап-сілеп, қырып-жоямын деп дігерлейді. Аузына келгенін айтып, шабалана шарылдап, жұдырығын түйіп: “Қалай ғана көзің қиып өлтірдің оны? Өлтіруте болатын ба еді ондай боздақты?” деп дауыс салып бажылдап, төбе қүйқаны шымырлатады. Бірде оның осылай аузынан ак ит кіріп, қара ит шығып

бүркүлдап, тісін қайрап, жұдырығын тұтқынның бетіне таяп келіп, баяғы бажылдаған сұрағын қайталай бергенде төзімі таусылып, шыдамы шегінен шықкан Абылай:

— Сенің баландай алабұлік қанғыған құлдың басы қайда қалмап еді, қалмақтың кәрі қақбасы! — деп бүрк ете қалады.

Бәйбіше жүгіріп байына барып шалдуар қазактың дереу басын алуын талап етеді. Бәйбішесі бірденен бұлдіріп, тұтқынды өлтіріп тастар деп қауіптенген Қалдан Абылайды қоя береді. Аманатқа ұлын алып қап, Жәпек батырды да бірге босатып жібереді. Аңға шыққандағы шалымдылығы мен өжеттігі, ептілігі арқылы атағы жайылған әйгілі Сары-казак осы бала еді.

6. Абылайдан: “ұш жуздін батырларының ішінде бәрінен жақсы көріп, құрмет тұтатыныңыз кім?” — деп сұрағанда, ол былай деп жауап беріпті:

— Откендерігінде қаржылардың ішінен айырықша қадір туғып таңдануға тұратыны екеу; бірі — Қалданнан өзінің тоқсан тұтқының қайтарып алған Қарәкесек Қазыбек, екіншісі ағайындарын қайтарып алған Уак Дерпісалы. Алғашқысы Қалданның алдына барып алғыр ақылы, айтқыр шешендігі аркасында сөзбен женіп, сұрап алды; ал екіншісі ауылынан адым аттап шықпай-ақ, айбынымен дүшпаның қорқытып қайтарды. Ал, өз батырларымыздың ішінде байлығы мен батылдығы, мінезі жөнінен Бәсентій Малайсары, ақылы мен өжеттігі жөнінен Уак Баян бәрінен артық.

7. Тарақты Байғозы батыр. Ресейден қашқан торғауыттарды түп ізіне түсіп қыуп келе жатқан қазактар қоналқыға кідіріп, мосыға қазан асып, жылқының сүр етін пісіріп, торсықтағы суға құрт езіп, ауқат жасап, күн ұзақ ас іздемейтін болып бір тояды. Абылайдың шатырында өзінің өркөкірек пандығымен, серілік салдығымен аты әйгілі аргын Шакшак Жәнібек батыр отырады. Батыр насыбай атып шақшасын қалтасына сала бергенде шатырдың алдына келіп токтай қалған жас жігіт аттан түспей қолын созып:

— Жәнібек батыр, шақшанызды бере тұрынызшы! — дейді.

Жәнібек жігіттің баса-көктеген қылышын жаратпай қалып, оған бүрүліп та қарамай, көніл аудармаған болып шақшаны қызыл сапиян етігінің өкшесіне қағып-қағып алады да, бір сипап қалтасына салады.

Ізінше-ақ хан жұртты орнынан тік көтереді. Әркім өз руының тамғалы туы астына топтасады. Сауыт-қалқандары жарқырап, дұлығасының ұшына үкі тақкан, корамсағын тағынып, садағын асынған батырлар ханның төнірегіне жиналып, алқа котан айналып тұра қалады. Хан кеңесі

басталады. Дұшпанның күші сан жағынан қанша басым болса да, шабуылды бұрын бастау керек деп үйғарылады. Алдын барлау үшін алғыншы жібермек болады. Үміткерлерді шақырганда бірінші болып жаңағы Жәнібектің шақшасын сұраған жас жігіт шыға келді.

Алғыншылар оралғанда:

— Дұшпан көп пе екен, жау жағы басым емес пе? — деген Жәнібек батырдың сауалына әлгі жас жігіт:

— Көп те емес, аз да емес, — деп жауап береді.

Қан майдан қызып та кетеді. Қазақтар орасан шығынға ұшырап, ақыр аяғы бас сауғалап қашуға мәжбүр болады. Түп етектен түре қуып шерудің алдында түндей түнерген кара қалмақ атын ойнақтатып, туын желбіретіп жеке дара келе жатады. Қазақтардың тобына өңмендей еніп, біразын аттан аударып түсіреді. Жәнібек те кері қашқан топтың бел ортасында келе жатыр еді. “Осынша қазақтың арасынан мынау алпамсадай албастыны жер жастандыратын бір жігіттің шықлауын қарашы, ей!” деп өкінеді ол. Аузын жиганша болмайды, бағанағы жас жігіт алға атып шығып, кері бұрылады да, садағын атан түйедей қалмаққа көздейді. Жебе мың бүраташып аңырай жөнеледі. Жас батыр өзіне-өзінің ызасы келіп, жебенің бүраташылмай тұра ұшпағанына өкініп, “мынау пәлелеге алланың өзі пана болып, канатының астына алып жүрген шығар, тегі” деп күбірлейді. Ойын аяқтап үлгерпей, қалмақ батыры қалбалактап барып жерге жалп ете қалады. Ту ұстаушысының ажалы дұшпанның арасында абыржу туғызады. Жағдайды пайдаланып қазақтар кері бұрышып қалмақтарға тарпа бас сап, бетін қайтарып, қашуға мәжбүр етеді. Сөйтіп, ойламаған жерден женісті дұшпанның колынан тартып алады. Жаңағы жас жігіт Жәнібекке қайтып кеп:

— Батыр, шақшанызды енді берерсіз. Насыбай ататын кез келген болар, — дейді.

Тарақты Байғозы батырлық жолын осылай бастаған екен. Содан бастап оның атак-данқы кең жайылады.

8. Балталы Оразымбет батыр жылпың ептілігімен, қымылдының жітілігімен жұртты танқалдырады екен. Бағаналы Баянбай батыр бірде оның жорыққа Оразымбетпен бірге шығуына тұра келгенін айтады. Түнде олар сегіз үйлі қалмақ аулына басып кіреді. Баянбай екі киіз үйді ақтарып болғанша, Оразымбет барлығының астан-кестенің шығарып үлгереді. Сөйтіп, ол олжаны екі есе артық түсіреді.

9.Даладағы бір үңгірде жасырынып қазақтарды андып қалмақтар жатады. Үңгірдің аузында біреуі отырады да әйгілі корама қара мылтығымен атқылап, Ертістің жар қабағына

жеткізбей жігіттерді мұрттай үшыра береді. Әлденеше өжет жігітінен айрылған соң батырлар да оқтың аузына беттеуге батпайды. Кенет буырыл атын тебініп Сіргелі Елшібек батыр шығады да, қалмакқа қарай желе жөнеледі. Енді не болар екен, қазір-ак құлап түседі-ау деп демін ішіне тартып жұрттың барлығы соған қарай қалады. Сол жайбаракат қалпымен Елшібек жауга жақындаپ барады да атына қамшы көміп тұра үмтүлады. Қалмак мылтықтың пілтесін тұтатса, от алмай қалады. Апалактап, шаклағын тағы да шағады. Мылтық тағы да от алмай, енді карманғанша батырдың семсері басын алып түседі.

Сол жолы Елшібектен:

— Желе жортып жайбаракат жүруінің себебі не? — деп сұрапты. Сонда батыр:

— Қалмак алдымен менің атымды атып түсірмек болып тосып отырды, сондыктан жақындауымды күтті. Ал мен желе жортып жақындағанымша, пілтенің үшын күйе тұтып, от алмай қалуы керек еді, солай боп шықты да. “Қорама қара мылтықтың от алмас пілтесі сияқты күйелеш” деген мәтел содан қалыпты.

10. Уәли хан жасында сайқымазақ әзілкеш әрі шалдуар тентек мінезімен аты шықса керек. Ол кейін қырға кеп Абылайға бағынып қасында қалған қалмақтармен арада соғыстың бүрк ете қалуына да себепші болыпты. Қалмақтың жас ноянымен бір қызға таласып, Уәли биік өкше етіктің нән табанымен теуіп, бейшараның қабыргасын сындырған екен. Намысқа шапқан қалмақтар шыдай алмай бас қөтеріпті.

11. Абылай тұсында башқұрттардың арасында Есет батырдың атагы әйгілі болады. Ұзын құлакқа қарағанда, Абылаймен бір жолы кездескенде батыр оны бөрік құрлы көрмей бір бұктең, қолтығына қысып жүре беріпті дейді.

12. Орта жұздің қазактары бір жолы қара қырғыздарға шабуыл жасайды. Жорықтан алдын-ала хабардар болған қырғыздар күтпеген конактарын қарсы шабуылмен қарсыласа әзірленеді. Қазактар қашып құтылмақ болады. Дүшпан оларды Іле озеніне дейін қуып салады. Қазактар өткелден өтіп кетті. Куудың қызығына түскен Теміржан батыр бір топ сайыпқыран жігітерімен қазак бетіне шығып кетеді. Сонда Қанжығалы Томаша батыр манаптың қаны қызып жолдастарының аздығына қарамастан баса-көктеп келе жатқанын байқап, кері жалт бұрылады да найзасын дүшпан атының омырауына дендей сұғып кеп жібереді. Бейқұнә жануар артқы екі аяғымен шонкиып отырып қалады. Манап аттан секіріп түсіп, Сіргелі Жаулыбай батырга тұра үмтүлады. Жолдасының басы қатерге үлінгенін байқап қалған Қанжығалы Есет батыр найзасын сарт

еткізіп, манапты мұрттай үшырады. Томаша батыр бойы аласа болғанымен, жаны жайсан намысқой жігіт екен, манапқа қона түсіп, қарның жарып жіберіпті. Кәдімгі ку іліп, кеудесіне конған қаршығадай көрініпті сонда ол. Сейтіп батыр манаптың аппақ сазандай денесі айдалада қалыпты.

Ал манап дегеніміз, кара қырғыздардың рубасы, атақты адамдар. Теміржан да шын мәнінде сұлу, аппақ сазандай, ірі, еңгезердей кісі болса керек. Қырғыздар сүйікті манабының ажалын көріп бұрынғыдан да құтырына түседі. Сіргелі Жаулыбай тұтқынға алынады. Содан соң Үсен батыр мен Алтай, Байғозы батырлар тұтқынға алынады. Зеребе тастағанда Байғозы батыр каза тапқан манаптың құныкері ретінде құрбандыққа шалынуға тиіс болады. Одан:

— Қырғыз батырын өлтірген кім? — деп сұрағанда:

— Өлтірген осы деп ешкімді ұстап бере алмаймын, — деп батыл жауап береді.

Бетін шығысқа қаратып Байғозыны отырғызады да, 40 адым өлшеп, ұзын мылтықты бір қырғыз оны нысанага алып көздей бастайды.

Артынан аман құтылғасын, Байғозыдан: “Сол отырғанда не ойладың” деп сұрағанда ол: “Басымды тас қып таңып тастадым да, түк те ойламай міз бақпастан мылтық даусын күтіп отырдым да қойдым. Тіпті манаптың інісі келіп: “Ағам шейіт болды. Жазықсыз кан жүктегім келмейді. Қазак азат етілсін” дегенін де аңдамаптын. Бірақ орнынан қозғала алмадым, тамыр-тамырым тоқтап, бүкіл қаным қатып қалғандай, тек мандайдан тер бүршақтап бет-аузымды жуып кеткен” деп жауап беріпті. Бакса, ол Абылайдың тұтқынында отырған Теміржанның бір бауырына айырбастап алыныпты. Ал Жаулыбай құн беріп өзін-өзі арашалап алмақ болады. Оның орнына тұтқынға бірге түскен жолдасы Үсен өз басымен кепіл болып қалады. Қырғыздардың қойын бағып жүріп араға айлар салып ол онтайлы бір кезенде қашып шыгады.

Сонда Теміржанның қарындасы зар жылап, былай деп жоктау айтқан екен:

Жал-құйрығы төгілген,  
Бұруға мойын ерінген.  
Үйірдегі акбозым,  
Келідегі жанпозым,  
Қалай өттің өмірден,  
Өшерсің бе қөнілден,  
Жоқтамайтын ер ме едің,  
Хан ұлынан кем бе едің,  
Жыламайтын мен бе едім,

Кол жете алмай өзіне,  
Әлім келді көзіме,  
Тұстік тәнір тезіне,  
Бақшадағы бояғым,  
Жылқыдағы саяғым,  
Тозбайтұғын манатым,  
Талмайтұғын канатым,  
Хан ұлынан артығым,  
Сүйеніші халқының  
Елден ерек сен едін,  
Қайғына қалай төземін,  
Өртенді ғой өзегім.

13. Үдере қашқан торғауыттарды түп ізіне түсіп соңғы қуу ел аузында “шікі жорық” деп аталады. Бұл жорыққа қатысадын халықта сан жоқ, ығы-жығы. Ал хан жиналған жүрттың ортасында бір жерден жылжымай қалышып тұрады да қояды. Басқа батырларының күбір-сыбырын кеперіне де алмай, ол жау жүрек Баян батырды қүтіп тұрады. Ақыры, сонына ерткен 540 жігіт бар ол да жетіп, ханының алдына келіп: “Қайда бар деп әмір етсеңіз де мен әзір” дейді бас иіп. Сонда хан халыққа қарап: “Баян батырды менің күткенім осы мінезі ғой”, – дейді. Дәл сол сәтте 500 жігіт жасақтен алғыншы болып барлауга кеткен Қанжығалы Жантай батыр опат болған еді. Бұл былай болған-ды.

Жантайдың інісі Үйсінбай қалмақ ауылдарын шолып жүріп, олжага үш түйе түсіреді. Ол қайтып оралғанда екінші бір ағасы сауға сұрайды. Үйсінбай батыр: “Қалмактарда не көп – түйе коп, қолын бар емес пе, сенің де барып алуына болады, әкетіп бара жаткан ауруын жоқ” дейді. Інісінің бұл сөзі шамына тиіп, қатты намыстанған Арқандар оған өзінің батырлығын көрсету үшін қасына Қоянкөз ұлы атақты Қонаиды ертіп қалмактардың малына шауып, тоғыз түйе олжа алады. Арқандар олжасын жеті жолдастымен ілгері жіберіп, артынан өкшелеп келе жаткан құғыншыларды алдарқатып, токтатқалы қалып қояды.

Алғаш жолдастары Арқандардың қарсыластарын әп-әдемі алдап, басқа жаққа бетін аударып жібергелі тұрғанын байқайды, бірақ ізінше батырдың қоршауда қалғанын козі шалады. Ол тобеге көтерілгенде жан-жағынан құғын қаптап келе жатқанын көреді. Қап, әттегене? Арқандар қазага ұшырайды. Сүйікті інісі Арқандардың опат болғанын білгенде Жантай алла-құдайды жат қып, тағдырға лағнет айттып: “Не өлемін, әйтпесе дүшпанның қанын ішемін” деп серт береді. 500 жігіт жасақ алып атқа қонған ол қалмақтың қосының қақ жарып ортасына қіреді. Қалмақ қосыны 10 мың адам екен. Ұрыс сүмдүк болады, казактар тұра келген ажалға қасарысып қарсы тұрады. Қарны

жарылған Үйсінбай ішек-қарның етегіне салып ап жүріп соғысады. Соғыса журіп: “Жантай батыр, осы жарылған қарынмен өмір сүрге бола ма екен, өзі?” деп сұрайтын көрінеді. Барлығы опат болып 8 адаммен және ұлы Токышпен Жантайғана аман қалады. Мұны көрген Жантай аттан түсे қалып, тізгінін ұлына ұстатауды да: “Сен үйге қайт, қайткенмен қоршауды жарып шық, әйтпесе менің кегімді қайтаратын адам қалмайды” дейді. Сөйтіп, ол жалғыз соғысып қаза табады. Жантайдың қазасын естіген Абылай: “қайралмай-ақ қырқып түсетін кара болатым-ай!” деп етілген екен сонда.

Күллі әскер шабуылға көтеріліп, Ілеге бет қояды. Бірақ олар келгенше қалмақтар барлық өткелді басып қалады.

Қалмақтар кідіріп жеті адам елші жібереді. Олардың басшысы басында қазандай тұлқі тұмағы бар аңсағай бойлы еңгезердей қара қалмақ екен. Ол аттан түсіп бірнеше қадам жер жүреді де ханға жақындалап кеп:

— Алла жар болсын! Ұса мен Серен хан қалмақ пен қазақ бір туған, қазір де сол баяғысынша бауыр болып қалайық деп, сыйлыққа ақбоз үй жіберді. Соны алып, бітімге келейік, — дейді.

— Кет көзіме көрінбей, — дейді күйіп отырған хан.

Содан соң батырларын жинап, кенес құрады да:

— Қалмақтарды дәмелендіріп, ақбоз үйді алайық. Артынан қайта шабуыл жасап, шауып аламыз гой, — дейді. Баян батыр тұрып:

— Жоқ! Ақбоз үйді алмандар, қалмақты алдаймын деп ойламандар. Ұса мен Серен жоғарғы және төменгі Қытайды да алдап соққан. Сені де алдап кетеді, — дейді.

Хан өз сөзін екі рет қайталайды, батыр да өз жауабын екі рет қайталайды. Бірақ хан айтқанынан қайтпай, өз дегенін істетеді.

Қалмақтар қозыкөш жерде отыр еді. Екі күн күтеді, келетін қалмақ жоқ, қарасын да көрсетпейді. Айтқан ақбоз үйі және жоқ. Бақса олардың орнынан тік көтеріліп көшіп кеткеніне екі күн болыпты. Баян жанына 1000 жігіт алып, артынан қуады. Бірақ бұл жеткенде қалмақтар небары қырық саржан бүрын Қытайға кіріп кеткен еді. Қайтып келе жатқанда қалмақтардың өлігінен сасыған судан ұшынып жігіттер қара тышқақ болып қырылып қалады. Атақты Баян батыр да опат болады.

14. Қалдан тұтқында болған Абылайдан: “патшалардың ішінде бәрінен артығы қайсы?” деп сұрайды. Сонда Абылай: “Әуелі Қондыкер, сосын орыстың ақ патшасы, Ежен хан, Қалдан, содан соң мына мен” деп жауап береді. “Мөн, мөн” депті разы болған Қалдан. “Сен кішкентай жүртты басқарғаныңмен үлкен халықты билеуге лайықсың”, — дейді одан әрі Абылай.



## Қазақтар мен қырғыздар

(“Ресей империясының географиялық-статистикалық сөздігіне”  
енген мақала)

ҚАЗАҚТАР. Қайсақтар немесе қырғыз-қазақтар Ресейдің еуропалық бөлігінің түстік шығысы мен онтүстік Сібір, Қытай Жонғариясы мен Қоқан хандығы аралығындағы ұлан-ғайыр кеңістікті алғып жатқан халық. Жалпы аумағы 2,4 млн. шаршы шақырымнан астам, төрт Франция еркін сиып кететін бул кеңістікті Қазақ даласы деп атайды. Дағы дегенмен де, оны шығыс бөлігін Тарбағатай мен Қос Алатаудың жоталарымен астасып жататын қырат-қырлығана емес, жазиралық сипаты бар толық тау елі деуге де келеді. Білктігі оргаша жатаған таулер мен күз-жартасты қыраттардан бул даланың кемдігі жоқ. Ал қазақ даласының қалған бөлегінен тіс шүкірлік ағаш таппайсын. Соңдай-ақ ағын сулардың өте-мөте аздығы шығыс шалғайы таулы өнір болғанымен, мұны даға деп атауга мүмкіндік береді. Осынау үшін-қиырсыз кеңбайтақ кеңістіктеге қазақтардың көшіконы шашырап жатыр. Азын-аулак әсіресе қоныска қолайлы өнірге орыс көшендерінің елді мекендері орналасқан.

Қазақ даласының құрамына Орынбор, Сібір, Семей және Түркістан тәрізді төрт қазақ облысы кіреді. Соңғы екеуінің тек түстік жағында қара қырғыздар тұрады. Аталған облыстардан тыс қазақтар (Ішкі немесе Бөкей ордасындағы) Астрахань губерниялары мен Орал әскерлері жерінің едәуір бөлігімен шектесіп жататын Еділдің аржағындағы қырды да алғып жатыр.

Қазақтар тарихқа тым кеш кірген. Атап айттар болсак, шығыс тарихшыларының жазбаларында олар XV ғасырдың екінші жартысынан бастап, ал орыс жылнамалары мен Герберштейн, Дженинсон сияқты кейбір батыс жазушыларының жазғандарында XVI ғасырдан аталағы. Қазақ халқының шығу тегі мен алғашқы тағдыр-талаіы туралы мәселе таяудағана Вильяминов-Зернов мырзаның тамаша зерттеуінде тәп-тәуір түсіндірілді. Бұл зерттеуді ол атакты Бабырдың туысқаны, XVI ғасырда “Тарихи-Рашиди” атты кітап жазған Мұхаммед Хайдардың хабарлаған деректеріне, көптеген шығыс тарихшылары мен орыс жылнамашыларының мағлұматтарына сүйене отырып жазды.

Орта Азия халықтарында өзінің көшпелі түрмис-салтына қарай тұрақты орны болмай, белгілі бір саяси одакқа немесе ұлысқа біріккен көшпенің кашкындарды қашаннан-ак казақ деп үғынған. Мұндай одактарға жеке адамдар емес, тұтас рулар, әuletтер, ең бері қойғанда, ауылдар өзінің мал-мұлқімен, киіз үйлерімен, үйір-үйір жылқысымен келіп кірген. Жеке адамдардан құралған орыс казактығынан Орта Азия казактарының елеулі айырмашылығы да осында. Вильяминов-Зерновтың зерттеулері қазақ халқының (кейіннен қыргыз-қайсақ) түпкі шыққан уақытын накты анықтап береді. Бұл XV ғасырдың екінші жартысы, нақтырақ айтқанда, 1465 жылдың шамасы. О тұста қазіргі қазактардың Сібір, Орынбор облыстарының шығыс бөлігін, Семей облысының терістік өнірін алып жатқан елге бара-бар бүкіл Дешті-Қыпшакты мекен еткен өзбектерді Әбліқайыр хан билеп тұрды. Ханның қысымына шыдай алмай Жошы әuletінен шыққан ағайынды сұltандар Керей мен Жәнібек (Барақ ханның ұлдары, Орыс ханның шөберелері) Батыс Моголстанға қашып барып паналады. (Дешті-Қыпшактан Моголстанды Балқаш көлі мен Қаратал өзені бөліп тұрған). Моголстанның әміршісі Есенбұты хан (Тоғылық Темір ханының ұрпағы) қашкындарды жылы шыраймен қарсы алып, оларға (сөз жоқ, Керей мен Жәнібек жалғыз емес, өз ауылдарымен бірге келген ғой) Моголстанның шет жағын, яғни Ұлы жүз жерінің біраз бөлегін бөліп береді.

Әбліқайыр қайтыс болғаннан кейін өзбек ұлысы ыдырап, халқының көп бөлегі Керей мен Жәнібекке қарай ауа көшеді. 1465 жылы олардың қоластына 200.000 халық жиналып, коршілері оларды қазактар деп атайды. Осының өзінен-ак қазақ немесе қайсақ халқының үйіткышы өзбектің тұтас рулары мен әuletтерінен және ауылдарынан тұрғаны айқындала тұседі. Жарты ғасырға жетер-жетпес уақыттың ішінде осынау еркін және азат одактың өзіне тән сипатына қарай оның құрамы бір миллионға жетсе, бұл оның арасында өзбектер ғана емес, өз тайпаластарымен келіспей көшкен өзге де әралуан ұлыстар мен рулар болғанын айқындалап береді. Мәселен, қазақ немесе Қайсақ одагы бері қойғанда, найман, үйсін, жалайыр, дулат және басқа тайпаларды жұтып жіберді. Алайда географиялық жағдайларына орай олардың қонысы мен өрісі қытай жылнамалары қалдырып кеткен деректерден көп ауытқымайды. Соңдай-ақ көршілерімен құдандалы болып қан араласуына қарамай, олардың бет-пішінінде шығыс түрік тегіне мұлдем жат сипаттар сақталып қалды.

Күшіе бастаған Қазақ одагы ұзамай күліл Дешті-Қыпшакты жауап алды. Керей мен Жәнібек қайтыс болғаннан кейін біріншісінің баласы Бұрындық хан атағын алған, Дешті-

Қыпшакта көшіл-конып жүрді. Ал екіншісінің ұлы Қасым Моголстанның батысын, Қаратал өзенінің бойын мекенедеді. Бұрындықтың хан болған аты ғана, құллі құш пен барлық ықпал Қасымның қолында болды. Бұрындық қуылып кетіп, Самарқандқа барып қайтыс болғаннан кейін Дешті-Қыпшақтың толық әміршісі Қасым болды. (Сол мақсатпен де ол өзінің ауыл-аймағын Ұльтауга көшірді). Өмірінің соңғы жылдары (1520 жылы қайтыс болған) Қасым Қазақ халық одағына миллионнан астам адамды қауымдастырган. Деректерге қарағанда, Қасым майдан алғанына бірден 300.000 салтатты шығара алатын болған. Мұның өзі Орта Азияның Шейбани хан сияқты құдіретті билеушісінің де зәре-күтын алған. Ұльтауга аттанып қазактарға жасаған жорығы сәтсіз шыққаннан кейін онша ұзамай Шейбани Исаимл-шахқа қарсы соғыста қаза тапқан.

Алайда қазақ халқы өз құдірет-қүшінің биігінде үзак тұра алған жок. Қасымның мұрагерлері, бауыры Жәдіктің балалары Тайир мен Бүйдаш қазақ халқының қурамына кірген тайпалар мен рулардың арасындағы келісімді ұстап тұра алмай, 1537 жыл шамасында оларды бет-бетімен жіберіп, ірітіп алды. Мұның өзі Жәнібек пен Керей әuletінен шыққан қазақ сұлтандарының көбін дүшпан көзкарастарғы Ногай сияқты қөршілерден басспана іздеуге мәжбүр етті. Орыс жылнамалары 1535 жылы яғни қазақ халқы құш-қуатынан таймаған тұстағы қайсақтарды еске алады.

XVI ғасырдың екінші жартысында Қазақ халық одағы қүшейіп, кайта дәүірлей бастады. Бұны, бір жағынан, ноғай бекзадасы Исаимлдың қазақтардың қүшейіп бара жатқаны жөнінде Қаһарлы Иванға 1557 жылы шағынғаннан, ал, екіншіден, Джекинсонның мағлұматына қарағанда, қайсақтардың Ташкентті тіррентіп, талап-тонап сауда керуендерін еркін аттапағанынан аңғаруға болады. Біздіңше қазақтардың құш-қуатын қалпына келтіруші Қасымның баласы Хакназар (Ақназар) хан болды. 1569 жылы ногайлыштарға жіберілген Семен Мальцов Ақназарды қазақ ханы деп атайды. Орта Азия әміршілерімен қарым-қатынасында да Хакназардың орны аса маңызды еді. Мұнымен соғыста Ақсу мен Моголстанның әміршісі, Қашқар мен Жәркент әмірі Сұлтан-Сайдханның немересі Абдулләтип опат болады. Орта Азия тарихында Хакназардың тағы бір туысқаны, Жәдіктің кіші ұлдарының бірі Шығай бұдан да мәндірек рөл атқарды. Мұны Семен Мальцов 1569 жылы Ханзада Шығай деп атайды. Шығай Бұқар ханы. Абдулланың кейін содан қаза тапқан Баба-сұттанмен күресіндегі (1579-82) адал одактасы болады. Бұл тұста қазақ ханы Ұльтауда көшіл-конып жүр еді, кейін Бұқарда қайтыс болды. Шығайдың

баласы Тәуекел одан Дешті-Қыпшаққа оралып, 1583 жылы Тұран патшаларының өзара қыркысына араласып, 1598 жылы Тәшкент пен Түркістанды қолына алып алды да, солардың төнірегіндегі бүкіл елді билеп, Тәшкент пен Самарқандтың арасында Бұқар ханының өскерін тас-талқан етті.

Сол кезден бастап қазактар Тәшкент пен Түркістанды 1723 жылға дейін XVII ғасырдың өн бойында ұстап тұрды. Ал олардың ханы Тәшкентте болды. Бұл мезгіл қазак ҳалқы құдіретінің екінші кезеңі еді. Қазактардың үш жүзге бөлінуге де, шынтуайттап келгенде, осы кезеңде өтеді. Зайыры, мұның өзі ен алдымен осы Тәшкентке билік жүргізуден туса керек. Өйткені Орта жүз Тәшкент пен Түркістан облыстарынан құралады. Одан Дешті-Қыпшақтың батысына қарай Кіші жүз шаңырақ, көтереді. Ал Моголстанның батысында терістік шығыска қарай Ұлы жүз ірге тебеді.

Тәуекел орыс тарихында орыс патшаларымен байланысы арқылы мәлім болады. Бұл аралас-құраласы немере інісі Ораз-Мұхаммедке байланысты. Шамасы, Сібір өміршілерінде жүріп (әуелі Қөшімде, содан соң Сейдақта тұтқында) ол Воевода Чулков арқылы Тобыл қаласының іргесі қаланған соң ұзамай Ресейге аттандырылады. Әйткенмен, Тәуекелдің немере інісін қайтармақ үміті акталмайды. Ораз-Мұхамед өз иелігіне Қасым қаласын алып, қашан бұл дүниеден өткенше Ресейде қалады.

Тәуекелдің інісі әрі мұрагері Есім хан өз агасы Хиуа ханының қысымына шыдай алмай 1625 жылы қашып келген шығыстың атақты тарихшысы Әбліғазыны паналатқан әмірші болды. XVI ғасырдың екінші ширегінде Есім ханының тұсында қазактардың қалмақ (жонғар) өміршілерімен күресі қүштейе түсті. Есімнің баласы Жиһангердің Батыр хонтайшымен соғысы туралы 1643 жылы Фишер әңгімелейді.

Жиһангердің ұлы Тәуке, қазактардың аныз-әңгімелерінде қаһарман әрі заң шығарушы деп дәріптелген кәдімгі Әз-Тәуке бүкіл өмірін Жонғарияға әсіреле, Қалдан мен Цеван Рабданға карсы күреспен өткізеді. XVII ғасырдың басында бұл шайқас қазак ордасын айрықша титықтатады. Соған қарамастан тағы көшпендейлер орыстардың әлі әлсіз отырықшы мекендеріне шабуылдай береді. Ишкі Азияның отырықшы елдерімен сауда қарым-қатынасын жасағанда қазак даласын баспай өтпейтіні орыстарды Сібір елді мекендерін баса қектеп келіп талап тонай беретін көшпенді көршілерін аузыздықтауға тарихи түрғыдан мәжбүр етті. Осындаидан келіп, орыс үкіметінің Қазак ордасының ісіне араласуына тұра келді. Әсіреле, Қазак даласының ісіне Ұлы Петр айрықша назар аударды. Оның қазак ордасына Азия елдеріне шығатын қақта деп қарауы тегін

емес. Айтқандай-ак Ұлы Петрдің тұсында Тәуке хан таяныштірек іздел өзі қайтыс болар алдында 1718 жылы Бірінші Петрge орыс мемлекетіне бағынатыны жөнінде өтініш айтқан еді, бірақ ол хан дүние салғаннан кейін аяқсыз қалды.

1723 жылдан бастап қазақтардың тарихында шұғыл бетбұрыс болды. Көршілермен ұзакқа созылған киян-кескі күрестен әбден әлсіреген олар Тәшкент пен Түркістанды билеуден бас тартып, терістікке қарай жылжуга мәжбүр болды. Сөйтіп, орыс иелігіндегі өнірге жақындал, өзара ішкі қырқыстан қасірет шеккен халық құشتі қолдаушы табуга тырысты. Ұлы жұз Жонғарияның қол астына түсті. Ал Кіші жүздің ханы Эбілқайыр (Өсектін үрпағы, Жәнібектің баласы) 1731 жылы Ресейдің бодандығын алды. Қазақтардың сол тұстағы жағдайын Бөкенбай бидің тамаша сөзімен сипаттауга болады. “Біз тазы көрген қояндай қалмақтардан да, башқұрттардан да, Сібір мен Жайық казактарынан да тұра қашамыз”, – дейді Бөкенбай генерал Тевкелевке.

Кіші жүздің бодан болғанынан бастап, өз шекарасын қазақтардың шабуылынан қорғау үшін және қоластына кірген қазак ордасы мен тайпаларының бағыныштылығын сактау үшін орыстар бірте-бірте ентелеп қазақ даласына сұғынып ене бастады. Қазактың Кіші жүзінен кейін орыстардың көмегі мен камқорлығын Орта жұз іздеді. Ал 1769 жылы Қазақ ордасының шығыс шебінде құдіретті Жонғар хандығының түбекейлі құлауына орай қазақтардың актық таяныш-тірегі жойылып, оларды Ресей енді өзіне тіпті тарта түсті. Алайда батыл әрі ақылды Орта жұз сұltаны кейін хан атына ие болған Абылай жағдайды жан-жақты саралай отырып, бірсес Ресейдің бодандығына, бірсес Қытайдың бодандығына мойынұсынып, Орта жүздің тәуелсіздігін 1781 жылға дейін өзі өлгенгеше сактап қалды.

Оның былжырлау мұрагері Уәлихан Ресейге бас шұлғып басы бүтін бағынды. Бірақ XIX ғасырдың басына дейін орыстардың қазак даласын иемденуі мен ықпал етуі онша болған жок. Орыстар бұл тұста елді мекен де, бекет те салмай, Ресейдің европалық жағынан Жайық, Үй және Тобыл өзендерін, Сібір жағынан Есіл мен Ертісті бойлап, ұлан-ғайыр шекара желісін тартумен тынды.

Орыстардың кимыл-каракеті үстіміздегі ғасырда басқаша сипат алды. 1810 жылы Жайық өзенінің бойындағы Елек ауданы деген атпен әйгілі кеңістікті қырдан қызып алды. 1828 жылы Омбы облысы ашылды. 1824 жыл мен 1834 жылдың аралығында Сібір ведомствоына қарайтын қазақ қырында бірнеше орыс мекендері пайда болды: олар – Қекшетау, Қарқаралы (1824), Аягөз (1831), Баянауыл мен Ақмола (1832). 1835 жылы қырдан

Жайық пен Үй өзендерінің аралығындағы кеңістікті қызып алып, Жана желі аталағын аудан қалыптастырды, ол төрт бекіністен (Император, Мұрагер, Константинов және Михайлов) түрді. 1838 жылы Сібір даласында жеті ішкі округ ашылып, соның салдарынан қазақ халқы жайсандарының орыстарға қарсы соңғы түрк серпер күресі бүрк ете қалды.

Қазақ халқының орыстарға қарсы бұл жолғы күресінің мақсаты өз тәуелсіздігін сақтап қалудан туған еді. Осынау жанкешті күресінің көркі де, көсемі де тамаша жігерлі тұлға Кенесары сұлтан болды. Ол алты жыл бойы (1838 жылдан 1844 жылға дейін) орыс жасактарына қарсы тұра білді. Қарулы жасактарға, орыс бекіністеріне жиі-жиі шабуыл жасап, дер кезінде Батыс Сібірден Орынбор генерал-губернаторлығына, одан Қоқан хандығына ойысып, кері оралып қайта соғып отырды. Тек 1844 жылы тұп ізіне түскен орыс жасактарынан ығысып, Кенесары қара қырғыздардың тау аңғарларына кеп қойып кетті. Сол арада қырғыздардың коршауында қалып, тоңірегіндегі некерлерімен бірге қаза тапты.

Кенесары көтерілісі нәтижесінде Орынбор ведомствосына қарасты қырда 1845 жылы Орынбор (Торғайда) және Орал (Ырғызда) бекіністерінің іргесі қаланды. Ал араға үш жыл салып Ырғыз бигінде Қарабұтақ форты құрылды.

1845-1847-ші жылдары Ресейдің бодандығына Ұлы жұз қосылды. Басталған істі баянды ету үшін Жетісу Алатауының етегінен Қапал қаласы салынды. Осымен бір мезгілде екінші жактан Сырдария сағасында Райым бекінісінің (казір таратылып кеткен Арас бекінісі) негізі қаланды. 1854 жылы Ұлы жузді қара қырғыздардың шабуылынан қорғау үшін Іле Алатауының баурайында Верный бекінісі ірге тепті. Сондай-ақ Сырдарияда бұрынғы Қоқан бекінісі Ақмешіттің орнында Перовский форты еңсе көтерді. Сондай-ақ N1 (Қазалы) және N2 (Қармақшы) форттары салынып, Сырдария желісінің арқауы тартылды.

Сол жылы Сібір ведомствосына қарасты қазақ жерінен Семей және Сібір атты екі қазақ облысы құрылды. Ақыр аяғында, 1864 жылы Түркістанның тау бөктерлері алынып, Верный бекінісі мен Перовский фортының аралығында күллі қазақ жерін орап тастайтын, Орта Азияның отырықшы мемлекеті – Қоқан хандығының жерін басып өтетін тұракты шекара айқындалды.

Қазақтар басты-басты үш ордаға: Ұлы, Кіші және Орта жүзге бөлінеді. Оған келіп Кіші жүзден бөлінген Ішкі немесе Бөкей ордасы қосылады. Ұлы жүз Семей облысында Алатау округының қара қырғыздар мекендейтін түстік бөлігінен басқа ұлан-тайыр алқабын алып жатыр. Ұлы жүз: жалайыр, дулат

және албан деген басты-басты үш тайпаға бөлінеді. Олардың барлығы Үйсін деген жиынтық атпен белгілі. Орта жұз Семей облысының қалған округтарын (Семей, Сергиополь, Көкпекті және Қапал), Қазактардың күллі Сібір облысын алып, тіпті Орынбор облысындағы біраз жерін жайлап жатыр. Ол Арғын, Найман, Қыпшақ және Керей-уақ деген басты-басты төрт тайпадан тұрады. Кіші жұз қазактардың Орынбор облысының үлкен бөлегін алып жатыр. Ол Әлімұлы, Байулы және Жетіру деген басты-басты үш тайпадан құралған. Ақыр сонында Бекей немесе Ішкі орда Астрахань, Самара губерниялары мен Орал әскерлері жерінің шекарасындағы ұлан-байтақ жерді жайлады.

Тайпалар руларға, рулар әuletter мен аталарға бөлінеді. Қазактардың санын айқындау киын. Левшин қазактардың саны екі жарым, үш миллион жан шамасында дейді. Кеппеннің тоғыз тексерісінің жасаған талдауына қарағанда, қазактардың саны 1.201.000 адам. Атап айтқанда, Ұлы жүзде – 100.000, Орта жүзде – 350.000. Кіші жүзде – 650.000, Бекей ордасында – 8 2.000, Семей облысының ішкі округтерінің станицаларында тұратын қазактар 18.000 жан.

Соңғы соны деректерді (1861-63-ші жылдарғы) қоса келгенде, біздіңше, Алатау округтының алабындағы Ұлы жүз – 100.000; Семей облысының аймағындағы Орта жүз – 146.000, қазактардың Сібір облысындағылар – 2 60.000, Орта жүзде барлығы – 406.000; Кіші жүзде қазактардың Орынбор облысында 800.000 шамалас, Ішкі немесе Бекей ордасында 150.000 (30 мың тұндік), яғни бүкіл қазақты тұтас алғанда, 1.450.000, яки бір жарым милиондай халық бар.

Қазактардың сыртқы тұр-тұлғасы, дегенмен, әр руда әралуан. Шығыс түрік тегінің монгол рендес ақсүйектер тобы бар. Діні – ислам. Бір ғажабы Ұлы жүзде мұсылмандық онша қатан үсталынбай, тек парыз аткарудан ғана тұрады. Кейбір ішкі әдет-ғұрыптары шамандық наным-сенімдердің сарқыншақтарымен мидал араласып кеткен. Орта және Кіші жүздерде мұсылмандық әлдекайда күшті. Оның өзі де орыс билеп-төстей бастаған кезден бергі татар молдаларының ықпалына, мешіттердің салынуына байланысты күштейді.

Қазактардың басты кәсібі – мал шаруашылығы олардың байлығының барлық негізін құрайды. Орыстар билік жүргізіп қазақ даласының елеулі болігін ішкі, сыртқы шабуылдардан, өзара қырқыс пен барымтадан қорғауға байланысты шаруашылық өркендей тұсті. Бұл салада алғашқы кезекке жылқы мен қойдың далалық тұқымын және көшіп-кону үшін аса қажет түйе өсіріп, көбейту шықты. Қазактар түйені де тіптен көп өсіреді, алайда ірі-карасы аз. Егіншілік екінші кезекте

түр. Бұл мал шаруашылығын өркендетуге сүйеу болар сала сияқты. Егіншілік болғанда, олар бидай, тары және арпа егеді.

Кәсіпшілік деген қазактарда аз дамыған. Алайда орыс шекарасына жақындай түсуге байланысты бұл да өркендей бастады. Мұның өзі тұнып қалған тұзды уатып, тиевден, жүк тасуға түйе жалдаудан, балық аулауға жалданудан көрінеді. Ал Қарқаралы және Қекпекті округтерінде қорғаныс кеңіштері мен алтын кәсіпшіліктерінде жұмыс істейді. Текемет басып, киіз өзірлейді, тағысын-тағылар. Шекараға таяу тұратын қазактар орыстармен сауданы өрістетіп, мал және мал өнімдерін өткізеді.

Қазактарды өз сұлтандары басқарады. Орынбор қазак облысының құрамына кіретін Кіші жұз бен Орта жұздің бір бөлегі әкімшілік жөнінен шығыс, орга және батыс болып үшке бөлінеді. Олардың әрқайсысы Орынбордағы облыстық басқармаға қарасты айрықша сұлтан-билерге бағынады. Қазактардың Сібір және Семей облыстарындағы Орта жұз әкімшілік жөнінен округтерге бөлінген. Олардың әрқайсысы болыс ағаларынан тұратын айрықша приказдарға бағынады. Олардың төрағасы аға сұлтандар. Округтар өз кезегінде басқармаға бағынышты. Ұлы жұз әкімшілік жөнінен үш тайпаға (Албан, Жалайыр, Дулат) бөлінеді. Олардың әрқайсысы аға сұлтандарға бағынады. Үш сұлтанның үшеуі де Алатау округы бастығының қарамағында. Ішкі орданы орыс шенеуніктері мен қазактардан шыққан мәжіліскерлерден құрылған уақытша кеңес басқарады. Орынбор ведомствосының қазактары тұндік басынан салық төлейді. Сібір ведомствосында ол жеке малдың санына сәйкес төленеді. Ұлы жұз өзір алым-салықтың барлық түрінен азат.

**ҚЫРҒЫЗДАР.** Қазактардан ажырату үшін бұларды қара қырғыздар деп атайды. Орыстар қара немесе тау қырғыздары дейді. Қытайлар бұл халықты бурут атап кеткен. Алатау округының орысқа қарайтын өнірінде қырғыздар ыстықкөл алқабын және Текес өзенінің бастау жағын мекендейді. Жаңадан құрылған Түркістан облысында Шу мен Талас өзендерінің бойын жайлайды. Қытай шекарасында Тянь-Шаньның терістік баурайында және Тарымкөл өзен жүйесінің бастауындағы биік таулы аймақта тұрады. Ақыр соңында, олар Коқан хандығында Сырдария мен Әмудария өзендер жүйесі бастау алар тұсындағы құзар тауларда өмір сүреді. Ондағы мекені Памир жоталарынан Сарықөлге дейін созылып жатыр.

Қытай жылнамаларында қырғыздар бесінші ғасырдан бастап белгілі. Алғаш гянь-гунь деген атаумен жазылды,

содан кейін хакас атанды, одан сон барып қырғыз, қытайша Ки-ли-ки-цы болды. Хакастар немесе ежелгі қырғыздар мекендерген өнір қазір олар тараған облыстардан тым жыракта. Атап айтқанда, олар қазіргі Енесей және Томск губернияларының түстік бөлегін, ал қытай шегінде Жоғарғы Енесей жазығынан түстікте Таң-ну тауларына дейін жайланаған. Бұл елде қырғыздарды орыстар XVII ғасырдың өзінде-ақ тапқан. XVII ғасырдың ұзына бойында Енесей қырғыздары Сібірді жауап алушы орыстарға қарсы кескілескен курес жүргізіп, бұл киян-кескі шайқас олардың тұқым-тұқияны құрып кетуімен тынды. Енесей қырғындарының біраз бөлегі ұрыстарда опат болды. Бір бөлегі түстік батыска қазақ қырына қашты. Енді бір бөлегі Енесей губерниясындағы тайпаластарымен араласып кетті. Сейтіп, өзінің дербестігі мен атын жойды.

Ежелгі қырғыздар (хакастар) қытай жылнамашыларының сипаттауына қарағанда сары шашты, қызыл шырайлы, көкшіл көзді тайпа болған. Орта Азия көшпенделерінің арасында олардың даму деңгейі өзгелерден едәуір жоғары. Алтын, мыс, темір казып, кейбірінен қару-жарақ жасай білген. Мал шаруашылығымен қатар ішінәра егіншілікпен де шүғылданған. Кіші Бұқарстанның ғана емес, қытайлармен де, арабтармен де сауда-саттық жасап, тығыз қатынаста болған. XIX ғасырда хакастар оз өктемдігін алыс онтүстікке таратып, Таң династиясы жылнамашысының айтуына қарағанда, қырғыздардың иелігі Тибеттің онтүстігіне дейін жеткен. Яғни олардың қазіргі түстік шекарасы – Памир тау қырқалары. Қырғыздардың аты алғаш рет 560-шы жылы император Юстиннан II түрік ханы (Туги мен Дұлыға) Дітбөле\* шығыс рим префектінен жіберген Земарх елшілігінің жазбасында кездеседі. Дітбөле Земархқа қырғыз тайпасынан колға түсірген тұтқын қызды берген.

---

\*“Дату-Бөле-хан біздіңше Кигіннің немесе Мөде ханның кіші ұлы. Түріктер күдіретінің негізін салушы, елдің шекарасын шығыста Корей мүйісіне дейін апарып, Си-хай теңізіне жеткізген, батыста Арапға дейін созған, шамо даласынан түстікке Терістік теңізге дейін ұластырган кісі – Кигін 553-ші жылдан 560-шы жылға дейін билік құрган. Қытайдың таң династиясы жылнамашысының қуәландыруына қараганда, Бөле хан батыс өлкеде, яғни Аспан таудың етегінде өмір сүрген. Ол кезде қытайлар мен түріктер бұл тауды Ақ тау немесе Бо-шань атапты. Демек, Земархтың Ақтау деп отырган Алтай емес, қазіргі Тянь-Шань. Земарх елшілігінен кейін алыс жыл откен сон Турк мемлекеті Шығыс және Батыс болып екіге бөлінген. Бұдан миссионері Хюан-цзян батыс түрік ханы Шехуді Тянь-Шаньның етегінен, Ыстыққолге жакын Мыңбулақтағы резиденциясына келіп жаткан жерінен тапқан.

Тоғызыншы ғасырда хақастарға бағынған үйғырлар Х ғасырда езгі қамытын сыйрып тастады. Сөйтіп өзінің құдіретінен айырылған хақастар тарихтан уақытша жойылып кетіп, XIII ғасырдың екінші жартысында қырғыз деген атпен және екі бөлініп шықты. Бір жағынан Да-кемеде немесе Енесейдің жоғарғы жағындағы алғашқы отанында, ал екіншіден, Тянь-Шаньның тау алқабы мен шатқалдарынан, Мұзарт тау асуына таяу жерден шықты. Юань династиясының жылнамашысы оларды Мұзарт өткеліндегі ауыр-ауыр жүкті асудан керемет өткеретін кембалдар ретінде айтады. Қырғыздар XV-XVI ғасырларда көрші жатқан Жаркент пен Қашқар және қазақ пен қайсақ хандарының тарихында едөүр рөл атқарған. Сөйтіп, X ғасырдан XIII ғасырға дейін халық қозғалыс үрдісі Iшкі Азиядағы басқа жүрттардың кошп-конулары сияқты, Алтай мен Тянь-Шань қырғыздарының халық бұқарасын енисейлік және тяньшаньдық немесе әндіжандық деп екіге боліп тастады.

Бұл дәүірдің тарих қойнауына терендей сұңгіп, тым алыс қалғанын Енесейден көшу туралы Алатау қырғыздарында ешқандай аныз-әңгіменің сақталмағаннан-ақ түсінуге болады. Бұрын айтқанымыздай, Енесей қырғыздары XVII ғасырдың басында жойылып кетті. Олардың тек титықтап тамтыраған қалдықтары ғана қазақ даласы арқылы Тянь-Шаньдағы тайпалас қырғыздарына жетті. Сондықтан бұл жағдай қырғыздың аныз-әңгімелерінде ешқандай із қалдырмады.

Жан-жағынан түрік, аздал монгол текстес халықтар қаумалаған Алатау қырғыздары сары шашты, қызыл шырайлы, көгілдір көз хақас бабаларының бет пішінінен айырылып қалды. Алайда біз сары шашты, көккөзді қырғыздарды Сарбағыш тайпасынан да, Бұғы тайпасынан да кездестірдік. Фин пішіндестіктермен араласқанын айғақтайтын бетінің қызығылт ренкі қара қырғыздармен алғаш кездескенде-ақ таңқалдырыды.

Қара қырғыздардың тілі таза түрік тілі. Қазактардан гөрі қобінесе алтай түрік тайпаларына үксас. Айтпақшы ежелгі хақастар басқа тілде сөйлемеген де болар. Қытайдың Тан династиясының жылнамашысы хақастардың тілі үйғырлардың тіліне өте үксас дег ашып айтады. Хақастар мен Енисей қырғыздарының XVIII ғасырда сөйлеген сөздерінен қытай жазушыларының келтірген мысалдары мұны растап береді. Мәселен, илан дегені – жылан.

Қазіргі Алатау қырғыздары Оң және Сол деген басты-басты екі болімге бөлінеді. Біріншісіне: Бұғы, Сарбағыш, Солты, Саяқ, Шоңбағыш, Шерік және Бассыз тайпалары

жатады. Екіншіге: Сары, Мұндыз, Қөнше (Рудлофта-Кучу) және Қытай тайпалары кіреді. Сол бөлігі Талас өзені мен Қоқан және Бұқар шегіндегі Әмударияның бас жағын мекендейді. Оң бөлігі Тянь-Шаньның екі жақ баурайын түгел алып, Жоғарғы Текес өзендер жүйесі мен Үстыққөл, Нарын және Шу өзендерінің алқабын жайлайды. Бұғы мен Сарбағыш тайпалары ғана 1864 жылы орыс бодандығында болды. Қазір Саяқ пен Солты тайпалары өз қандастарының өнегесімен орыска бағынды. Осының арқасында Бұғы мен Сарбағыш тайпалары жөнінде мәліметтіміз толығырақ.

Бұғы тайпасы төмендегідей әuletter мен аталарға бөлінеді.

1. Билек руы үш жұз тұндіктен және төмендегі әuletterден тұрады: а) Алдияр, б) Алдаш, в) Токай, г) Токаш, д) Саты, е) Такабай.

2. Бауыр руы 400 тұндіктен, екі әuletten тұрады: а) Сары бауыр және Қара бауыр.

3. Арық руы 2500 тұндіктен және 4 әuletten тұрады: а) Күшік, б) Ұндан, в) Сарыке, г) Сары-қалпак.

4. Бапа руы 300 тұндіктен, 2 әuletten тұрады: а) Жолшора, б) Шілпак.

5. Қыдық руы 1750 тұндіктен және 4 әuletten тұрады: а) Аудай-бакты, б) Жақсы-ық, в) Торғай, г) Жаманбай.

6. Жілдек руы 1050 тұндіктен және 3 әuletten тұрады: а) Құршібек, б) Сарғатық, в) Бөлике.

Сөйтіп, Бұғының ұзын саны 11000 тұндік немесе 55000-нан 600000 дейін жан.

Сарбағыш тайпасы төменгідей болып бөлінеді:

1. Егенғұл руы (Бұрынғы Болат) 10000 тұндіктен және мына әuletterден тұрады: а) Асық, б) Өсік, в) Шертықтар, г) Шағалдақ, д) Абыла, е) Сабыр, ж) Шешей, з) Газдар, и) Қамлакы, к) Жандай, л) Аюке, м) Мұнғолдар, н) Жарбак, о) Ишім, п) Жетіген, р) Бескүрен.

2. Тынай руы 4000 тұндіктен тұрады.

3. Шырықшы руы (Бұрынғы Темір) 2000 тұндіктен тұрады.

4. Нәдірбек руы 500 тұндіктен тұрады.

Сөйтіп, Сарбағыштардың ұзын саны 16500 тұндік немесе 80-нен 90 мыңға дейін адам.

Орыстың бодандығына таяу уақытта кірген Саяқ тайпасы он мың тұндіктен немесе 50 мың жаннан тұрады. Сөйтіп, орыс шебіндегі кара қырғыздардың барлық саны екі жұз мың адамнан асады. Егер Қоқан хандығы мен Кіші Бұқарияда тағы да жұз елу мың қырғыз тұратынын ескерсек, барлығы 350.000 болып шығады.

Қырғыздардың да басты көсібі әл-ауқатының арнасы мал шаруашылығы. Жылқылары жатаған, аласа болып келеді. Алайда казак жылқыларына қарағанда сұлу, тауда жүрге айрықша ыңғайлы. Қойы ылғи құйрықты болып келеді. Қазақы қойларға қарағанда жұні биязырак. Түйелері наркоспақта, айыр өркеш те болады. Алайда қырғыздар төтенше таулы ел болғандықтан түйені қазақтардан әлдекайда аз өсіреді. Оның есесіне казақ ордаларына қарағанда ірі кара көп. Тіпті өгіздердің өзін қырғыздардың Сол бөлігінде ертеп мініп, жүк тасуға пайдаланылады. Ұзын жұнді Тибет өгіздері (қодастар) қырғыздардың Сол бөлігінде аз кездеспейді. Олар Бұғы тайпасында да ұшырасып қалады.

Дегенмен, жиі-жиі болып тұратын өзара қырқыстардың, Қоқаның бұрынғы әміршілерінің қисапсыз алым-салығы салдарынан қазақтарға қарағанда қырғыздардың малы әлдекайда аз. Ең бай деген кісінің жылқысы 3000-нан аспайды. Ал қазақтардың Орта жүзіндегі байлардың біразында жылқы саны 25 мыңға жетеді.

Егіншілік қара қырғыздарға күнкөріс үшін ғана керек. Құнарлы, қолдан суғаруға аса қолайлы Үстықкөл жағасындағы (өсіресе Теріскейде яғни көл жағасының түстігінде) Бұғы тайпасы жылына 15 мың қап астық, негізінен бидай мен тары және арпа егеді. Бір қап тұқымнан үдайы он қап астық жинаиды. Астық қол диірменде тартылып, қырғыздар тарыдан боза айдайды. Бозадан арак алады. Оны тіпті қисапсыз көп ішеді.

Аң аулау қырғызда кәсіптік маңыз атқармайды. Аңға олар ермек үшін ғана шығады. Үстықкөлде балықтың қаптал жүргеніне қарамастан балық аулаумен мұлдем айналыспайды. Оларда басқа кәсіп атымен жок. Қолдан жасайтын бірден-бір бүйымдары – текемет, түе жұннен тоқылған қалың мата, құр-арқан, жұннен басып жасалған ақ қалпақ пен ешкі жұннен тоқылған женсіз шапан ғана. Қырғыздардың басқа киім-кешегі мен үй жиһаздары Қашқар мен Тәшкенттен, Құлжа мен Ресейден келген саудагерлерден малға айырбастап, сатып алынған. Бұндай бүйымдарға жібек және макта маталары, металл бүйымдары, иленген тері, орыс шұғасы, барқыт, сиса тағы басқа маталар жатады.

Қырғыздарды патриархалдық рубасылары басқарады. Олар манап деген атпен белгілі. Манаптар аксүйекке жатпайды. Яғни қазақ сұлтандары сияқты төре тұқымынан емес. Оның есесіне билігі шексіз: бағыныштыларын сатып, тіпті өлтіріп тастауға да қақысы бар. Айтқандай, сарбағыштарға қарағанда бұғылардың манаптары әлдекайда осал.

Қазақтармен салыстырғанда қырғыздардың көш-керуені көнілсіздеу. Өйткені олардың әuletтері қаптап бірге тұтасып жүреді де, шағын ауылдарға белінбейді. Қырғыздар өздерін мұсылман санайды. Бірақ олардың арасында дін қағидалары мен қуранның мазмұнын бытай қойып, пайғамбар қақ екенін білетіндер де кемде-кем. Мұсылмандықтың сыртқы тәртібін де үстанатындар өте аз. Оның орнына ежелгі шамандықтың ізі, тіпті отқа табыну, бақсының зікіріне елігіп, билей жөнелу қара қырғыздардың арасында түтел сақталған деуге болады. Олардың бақсылары шашын жалбыратып қоя беріп, қалпақ киіп, аккудың мамырынан жарғақ жамылады.

Бұғы тайпасы орыс бодандығына 1855 жылы, ал сарбағыштар 1860 жылы кірді. Қара қырғыздар ешқандай алым-салықты білмейді. Тек орыс жасактары өткенде азын-аулақ зекет төлейтіні бар. Олар Алатау округты бастығының қоластында. Округ бастықтары манаптарды бекітеді. Ән-күйге, суырып салып, өлең шығаруға құмар-ақ. Олардың “Манас” сияқты эпикалық халық жыры және басқа дастандары бар.



## Қазақтың Ұлы жүзі

### Аңыз арнасы

Ұлы жүздің қазақтары өздерінің арғы тегін ежелгі монгол халқының үйсіндерінен шығарады және тұп атасын Шыңғыс ханының замандасы Майқы би деп санайды.

Қазақ аталатын халықтың шығу тегі туралы, онын үстіне олардың үш жүздің одағына қалай кіріп, бас құрағаны жөніндегі түсінігі де тым көмескі. Біреулер қазақтар Есіл даласында аласып қалған ногайлардан шықты деседі. Енді біреулер олардын бабаларында не ру, не тайпа болған емес деп соғады. Өзіне шеген (шегендік) деген дінсіз бір халықтан қалыңдық тауып, алып қашқанға шейін қыр кезіп жүрген ногай еді дегенді айтады, Ал ногайлар мұсылман болғанда әйелдері дінсіз болып отыр ғой. Демек, қазақ халқы қан араласудан, екі діндеңілердің салт-сана, әдет-ғұрпының қосылуынан шыққан. Жалпы, бұл жұрттың аңыз-әңгімелерінде түркістандықтардың әсер-ықпалы сайрап жатыр. Қазақтардың өзі де солардың айтқандарына арқа сүйейді. Біз әңгімелескен өзбектер де осыны айтады, соны Қапалда болғанда да есіттік.

Тағы да бір аңыз мына текстес. Зайыры, мұнда Орта Азия мұсылмандарының діни ықпалы молырақ сияқты. Қазақтардың тұп атасы алланың өзі қалап алған досы Мұхаммедтің серігі, бір сахаба еді дейді. Жәбреіл әулиенің ашып айтудына қарағанда, пайғамбар бұл пәнимен қош айттысып, мәнгі тыным алғалы о дүниеге аттанғалы жатып, өз достары мен жолдастарын һәм сенімді серіктерін шақырып алып, бәз-біреуінді ренжіткен жерім болса, кешіріндер деп бақұлдық сұрайды. Жиналғандардың барлығы: “Алланың жақын досы сен кімге жамандық жасаушы едің, ешқайсымызды ренжіткен жоқсың” деп тағзым етіп еніреп қоя береді. Сонда Укаша атты бір ғана сахаба кінә артып, пайғамбардың бір қаланы алуға қоршаған кезде мұның өзін жазықсыздан-жазықсыз арқадан салып қалғанын айтады.

Мұхамед шынында да өз қателігін мойындал, есенді алып қал деп сахабаға жон арқасын тосады. Әбубәкір, Ғұмар, Ғұсман, Фали және басқа шәдиярлар Укашаға орынсыз

ренішінді таста деп қолқа салады. Бірақ ол ешқайсысының сөзіне баклай, халықтың қарғысын ести тұра қолына қамшы алып алланың сүйіктісінің жанына кеп, жон арқасын жаланаштауын талап етеді. Пайғамбар сырт киімін шешеді. Укашаға да керегі осы еді. Ол құдайдың қалаулы досының арқасында ернін тигізген адам өлгеннен кейін тозақ отына күймейтін таңба барын билетін-ді. Сондыктан ол жон арқадан жосылтып тартып жіберудің орнына еңкейіп барып әлгі таңбаны бір сүйіп кері шегініп кетеді. Алайда пайғамбардың көнілін қалдырып, жұрттың қарғысын арқалағандықтан оның үрпактарын алла-тағала өмір-бақи көшіп-конып жүргуе бүйірады. Эйткенмен, бақ-дәulet, ырыс-берекеден кенде болмасын деп, бата береді. Сол Укаша үйсіндердің және жалпы халықтың тұп атасы еді деген сөз бар.

Ұлы жұз үйсіндердің қазақ үрім-бұтағының тұп атасы деп Майқыдан әлдекайда бұрын жасаған Төбе би деген біреуді атайды. Анызға қарағанда, Төбе бидің Қойалдыр, Мекрен, Майқы және Қоғам деген төрт ұлы болған сияқты. Қойалдырдан катағандар тарайды. Олар кейін XV-XVI ғасырларда өзбек атты жаңа халықтың құрамына кіріп, солардың басты руы болады. Қоғам – қанъылардың тұп атасы. Майқының баласы Абактың бәйбішесінен Бәйдібек туады. Тоқалынан... Бәйдібектің үлкен ұлы Сары... екінші ұлы – тоқалынан туған Жорықшы. Осы екінші әйелі қазақтың наным-сеніміне қарағанда киелі, әулие адам болған көрінеді. Жорықшыдан Албан, Дулат, Суан туады. Албаннан – албандар, Дулаттан – дулаттар, Суаннан – суандар тарайды. Мекреннен Шуманақ, Сырманақ деген екі бала болады. Албаннан Сары, Шыбыл деген екі ұл. Сарыдан Сүйеркүл, Таубазар туады. Шыбылдың да балалары бар...

Майқы балалары Абак деген жалпы атпен әйгілі. Үйсін деген атап жалпы Ұлы жүзге ортақ болғанымен, көп жағдайда үйсіндерге қатысты айтылады, алайда аныз оны қалай болса солай онды-солды қолдануға жібермейді ғой. Ұлы жұз аныздарына баксак, монголдарға дейін үйсіндер өз алдына бөлек ел бол тұрған. Олардың басшысы Майқы би Шыңғысты хан көтеруге қатысқан.

Үйсіндердің қазақ халқының құрамына кіруін олар былай баяндайды. Алтын орда мен Шагатай ұлысы құлап ыдырағаннан кейін ішкі дүрдараздық тайпалардың бірлігін бұзып, кауымның қамын ойлап, билікті уысында ұстар ешкім шықлаған соң, әрбір ру өз жайын ойлап Есіл даласына тоғысқан халыққа барып қосылған.

Қариялар ногай қырда көшіп-конып жүрген татарлардың отырықшылардан айырмак үшін алған атағы дейді. Отырықшы

ногайлылар мен өзбектерден ажырату үшін оларды әдейі ногай атаған.

Ногай немесе нокай “ит” деген сөз. Шынында да Өзбек ханың тұсында Алтын орда, Шағатай ұлысында Тарма-Шырын ханың кезінде мұсылмандықты қабылдаған қандастары баяғы наным-сенімі мен әдет-тұрпыван арылмаған ағайындарын ит деп атады деген долбардың жаны бар сияқты.

Қыргыздар мен наймандарда және қырым ногайларында пүтқа табынатын мәжусиліктің сарқыншақтары күні бүгінге дейін күшінде еді. Уақыт оны бізге дейін түгел құртып үлгерген жоқ. Бұл халықтың бұдан кейінгі тарихи тағдыры жөнінде аныз былай дейді. Еңсегей бойлы ер Есімге дейін бүкіл жұз бірігіп, бір ғана ханға бағынған. Шу бойының үйсіндері хандардың сарайына көршілес тұрып, тікелей ханың төңірегінде жүрген. Қатағанның ханы Тұрсынның тұсында онымен бірігіп, олар Ташкентті басып алған.

### ***Іле өңірінің ежелгі жұрты***

Іле өңірін Ұлы жүздің басты-басты екі руы албандар мен дулаттар және өмір бойы осы арадан өзеннің он жағалауына шықпаған шапыраштылардың бір бөлігі алып жатыр. Шығыстан Іле алқабына ара-тұра тау қыргыздарының бұры руынан ел шығады, алайда олардың ата қонысы Ыстықкөлдің түстік-шығыс жағында. Ал көлдің батыс жағын солты және сарбағыш рулары жайлайды. Олардың да қонысы сол көлдің түстік-батыс беткейінде, Бішкек төңірегінде (Шудың аргы бетіндегі бүндай бекіністер ташкенттіктерге қарайды).

Албандар қонысының батыс шекарасы Тұрген өзені. Олар тіпті болмашы ғана алым-салық төлеп, Қытай иелігіндегі жерлерге де көшіп барып жүреді. Албандардың батыс жағында, яғни Тұргеннен бастап дулаттар мен шапыраштылар аралас көшіп-қонып, Шу өзенінің бастауына дейін барады. Одан кейін Талас өзені арқылы Тәшкент қаласы мен бекіністер кетеді.

Дулат қазактары сан жағынан да, жауынгерлігі мен байлығы жағынан да Ұлы жүздің басқа руларының барлығынан басым. Ұлы жүздің кішігірім өзге руларын атамағанда олар албандардан бес есе, жалайылардан үш есе көп. Дулаттар мен албандардың кейбір әuletтері мен шапыраштылардың үлкен бір бөлігі тіпті Іленің он жағын ала көшіп жүреді. Бұл екі рудың екеуі де бірнеше әulet пен

аталарға бөлінеді. Ол үрім-бұтқарты жайында орынды жерінде кейін толығырақ сөз болар.

Іле бойының қазактары Тәшкент өктемдігінің ықпалында басқалардан әлдекайда көп болды. Оның үстіне өз алдына тәуелсіз халық қырғыздармен жақын, көрші отырғандықтан олармен үдайы шайқасып түруға тұра келді. Өйткені орыс әскерлері Іледен асқанша бұл қырғыздар Іле өлкесін бас сауғалайтын мекен етіп, ешбір тыйым көрмей жүрді. Қазір Іленің ар жағындағы алқаптың басып алынуына байланысты, қылмысы үшін қудалап, тұп ізіне түсуден тайлығып бұл бір бұла тарпан тайпа сәл-сәл тынышталайын деді.

Іле өніріндегі ежелгі обалар мен қорғандар бұл аймақты бағзы бір халықтардың мекен еткенін айқақтайды. Осынау өлкені үйсін, үйғыр, жонғар халықтары бірінен кейін бірі билеп-төстеген тәрізді. Жонғарларды 1755 жылы қытайлар басып алғаннан кейін бұл халықтың иелігіндегі бүкіл жерін Қытай империясы өзіне қосып әкетті.

Таласты бойлап, Ташкентке дейін көшіп-қонып жүрген Ұлы жұз Абылай ханның басшылығымен шығыска қарай шеру тартып, ұзакқа созылған сәтті шайқастардан кейін қытайларды ығыстырып, Кіші Алатаудың сыртына дейін түріп тастап, өзінің баяғы байырғы мекенине орнықты. Сөйтіп, бұл жерлер қазактардың айтуына қарағанда, қалмақтардан тартып алынып, Ұлы жүзге қайтарылды. Демек, қытайлардың бұл өнірге көз алартып, біздікі деп таласуы әділдік емес. Өйткені ежелгі тұрғындары қайта оралып, бұл аймақ тәуелсіз ел болды. Орыс әскерлері қырдың бұл бөлегіне келгенше Ұлы жұз 1824 жылдан бастап Ресейдің қамкорлық аясында деп саналды. Алайда қытайлар 1840 жылға дейін Іле аймағына азын-аулақ зекет жинау үшін өз жасақтарын жіберуін тоқтатқан жок. Сол жылы қытай жасақтары Тереңөзек сайында жергілікті шапыраштылардан өлердей соққы жеп, күйрей жөнілді.

Жасақ үш мың қытайдан тұрган еді. Зекет жинап жүріп олар Тәшкент ақсақалымен (әмірімен) келіссөз жүргізуге өтіп кетпек болды. Қытайлықтар күні осы уақытқа дейін сол соққыны ұмыта алмай, шапырашты әuletінің кез келген казағы жөнінде басын шайқап тыжырынып қалады.

Сол кезеңде Ұлы жұзді билеп-төстеу үшін өнмендеп батыстан діні бір қоқандықтар кіріп зекет жинай бастады. Ал бұл ауыр соғып, қазақтарды ашындырғаны қай жағынан болсын андағайлап көрініп түрді. Қоқандықтарға да қырлықтарды өз еркімен зекет төлеуге көндіру онайға соққан жок. Сондықтан да олар әскери күш қолданды. Сондай-ақ қоқандықтар әскери күшімен Алатау қырғыздарын зекет

төлеуге көндірмек болды. Алайда қырғыздар қатты қарсылсты. Адам аяғы жетпейтін биік таулы аймақты мекендергендіктен де олар тәуелсіз болып қалды. Мен бұл арада ІІстықкөлдің жоғарғы жағында көшіп-қонып жүретін қырғыздар жөнінде айтып отырмын.

Тәшкенттің атақты әрі ақылды әмірі Құшбек сан мың жасақ алып Ұлы жүз бен қырғыздарға қарсы өзі аттанды. Ол бірнеше бекіністер салғызды. Айтқандай, оған дейін де Іле өнірінде Қаскелең өзенінің маңында Тәшкент мыңбасысы 1778 жылы бекініс-корған түрғызған болатын. Алайда осы аймақтағы атақты қандықол сұltан Рұстем барлық әскерлерді қойдай қырып, күл-талқан ғып қорғанды құлатып таstadtы. Сол корғандардың жұрты Іле өнірінде әлі күнге дейін жатыр.

Кейінірек жалғыз ғана Тойшыбек бекінісі қалды. Оны да қалпына бертін келтіріп, сол арқылы жүрттап зекет жинап тұрды. Алайда оны да 1851 жылы казак полковнігі Карбышев бастаған орыс әскерлері тас-талқан етті. Бұдан кейін зекетті қарулы жасақтар ел аралап жүріп жинайтын болды. Оның өзінде де Шу бойынан ғана жинады.

Тойшыбек қыстағы талқандалғанға дейін онда елу сарт тұракты тұрып жатты. Олар өз тыныштығын қорғаумен бірге керуен талауды да міндетім деп білді.

Іленің арғы бетіндегі мекендерге 1853 жылы орыстардың толық орнығына орай бұл аймақта бейберекет бейбастық тыйылды. Қашқарға, Құлжаға тау қырғыздарына баратын ең маңызды жолдың бойындағы ел тынышталды деуге келеді. Сөйтіп, олар таяу уақытта сауда-саттықты үдеп, байи бастайды деп кәміл сенуге болады.

## **Басқару бағдары**

Жан-жағымызда Империяның шалғай шетінде халықтар үйқыдан оянып ғасырлар бойы түмшалап келген қараңғылық түнегі түрліп айыға бастады. Күні осы уақытқа дейін қалғып жатқан Қытайдың ішіндегі аласапыран бүлік осынау алыптың ақыл-ойын кимылға келтіріп, істі табиғи жолмен бәзбір төңкеріс арқылы шешуге тиіс болып тұр. Екінші жақтан Бұқарда, Орта Азиядағы Мұхаммед үмбеті хандықтарында түрік сұлтанның өзөзіл пәрмені де шығып, Бұқар әмірі өзінің жансыздары арқылы оларды мұсылман арасында таратуға тырысатын тәрізді. Ұзын құлакқа қарағанда, ағылшын алтынымен қатар Стамбулдан да кісілер кеп жүрген сияқты.

Ешбір бәсекелессіз орыс бұйымдары үстемдік етіп түрган Орта Азия базарларында ұзамай ағылшын бұйымдары, сонымен қатар Еуропаның жетілдірілген отты қарулары пайда болатында шæk жок. Осының бәрі қарекет-кимыл жасап, алдын ала сактану шарапарын колдануды қажет етеді. Мәселені көз алдына айқын келтіру үшін Орта Азия шекараасындағы жағдайға қысқаша шолу жасап кеткеніміз артық болмас.

Сырдарияда – Перовский форты, ал Іле өнірінде Верный бекінісі салынуына орай Ресей Орта Азияның тұп-тура қақпасына кеп тұруы да, іргесін бекітіп, меже бағандарын орнатып, тұстікте жатқан осы екі елді мекен арқылы империяның иелігін көрші хандықтардан бөліп тастайтын шекараасын белгіле迪.

Бұл шекара әзір айқындалмай белгісіз болып келген-ді. Ол шартты түрде Шу өзенін бойлап өтеді дейді де, бір аңыза қарағанда орыстар мен казактарды және қоқандықтарды бөліп тұрады деседі.

Орта Азия иеліктерімен шектес Сібір ведомствоның казактарының жері қазір 1.000.000 шаршы шақырымнан астам Батыс Сібірдің бүкіл оңтүстік бөлегін алып жатыр. Тұстікте ешқандай шекара шегі жок. Ұлан-ғайыр бұл дала адам аяғы сирек басатын Бетпақдала аталатын айтакыр шөлейт жазықпен көмкеріліп, Орынбор қазактарының жерінен батыстан шығысқа қарай Балқаш көлі арқылы бөлінеді. Одан әрі қарай сол көлді бойлап Іле өзенін басып, Алатау баурайында еңсе көтерген Верный бекінісіне дейін шығысқа қарай тағы да 600 шақырым созылады.

Алда, Сібір ведомствоның жерінен тұстікке қарай Ұлытау станицасы мен Актау бекінісі орналасқан. Осынау құмдауыт құнарсыз тап-такыр өнірде түйе керуендері ғана азын-аулак азық талмап, бір-бірінен құншілік жер қашықтықта жатқан құдықтардан тандай жібітер суды әрен табады.

Қазақдаласының сол қанаты, яғни қазіргі Семей облысын қурайтын бөлегі тұстік пен шығыстан Алатаудың қарлы шындары арқылы көмкеріліп, кейінгі ғасырларда император Цянь-Лун патшалық құрып түрган тұста жаулагап алынған бұрынғы Жонғария мен Кіші Бұқарға карсы майдан шебі сияқты болып тұр. Тұптеп келгенде бұл қанаттың тұстік түйіфі көршилес жатқан қокан иеліктеріне барып тірелгенімен, Іле алқабынан Ресейдің ірге тебуіне орай салынған орталық мекен Верный бекінісін тірек тұтуға тиіс болады. Өйткені ол Ташкент, Құлжа мен Қашқарға баратын басты жолдың торабына, кеме жүзетін Іле өзені мен құзар шынды таулардың

арасына орналасқан. Ал Алатау қыргыздарының күллі тайпалары түгел бағынатын болса, күні бүгінге дейін қоқандықтардың қатты қанауына ұшырап келген жұрт Ресейдін қамқорлығына алынып, едәуір пайда көрер еді.

Онтустік шекараны айрықша байланыс жүйесімен қоршап, оны Орынборға қарасты Сырдарияға Бетпақдаланың терістік шалғайы арқылы да, Шу өзенінің төменгі ағысы арқылы да жақындаудың мүмкіндігі жоқ. Өйткені өзеннің бұл тұсында табан тіреп тұрактай тұруға қолайлы бірде-бір елді мекен кездеспейді. Оның үстіне Шудың бұл бөлігінде Бетпақдаладан асуудың өзі қыын, не азық-тұлік, не отын-су жоқ, Сарысу өзенінен басқа су көзін емге таппайсын. Шудың бір ғана жоғарғы, құзар шынды таулардан шығар тұсында, Балқаш көліне сәл жақынырақ аймақта отырықшылыққа азын-аулақ мүмкіншілік бар секілді. Олардың күн қөрісіне және Іле бойындағы Верный бекінісі мен Қапалдан тасылатын азық-тұлік арқылы көмектесуге болады. Құндердін күнінде бұл жұмысты онтустік жағалауы Шу өзеніне жұз шақырымдай таяп барып тұйықталатын Балқаш көлі арқылы жүзеге асыруға болғандай.

Шу өзенінің жоғарғы жағынан болашақ байланыс желісінің ен тәуір табиғи бағыты Шу мен Сырдарияға дейін қатарласып келетін Құнгей Алатаудың жоталары және оның терістік бөктері, Әзірет-сұлтан немесе Түркістан қалаларына такау тұс болар еді. Шудың жоғарғы сағасынан Ташкентке дейінгі жарты жолдың бойын Ұлы жұз қазактарының жалайыр рулары мен дулаттар жайлап жатыр. Қоқандықтар бұл қазактарды уысынан шығармай, бекініс мекендері арқылы кейде карулы жасақ жіберіп зекет жинаиды. Бұл жерден қоқандықтарды кетірген жағдайда қазактарды конысынан тықсырмай, әдет-гүрпynан айырмай ықпал етуге болар еді деп ойлаймын.

Қазақ даласын дұрыс басқару үшін Сібір ведомствосын құру осынау ұлан-ғайыр қырда тұратын халықтың көшпенде тұрмысына пайдасын тигізіп, олардың мұн-мұқтажына біздің жоғарғы өкіметтің назарын айрықша аударуына жақсы болды.

1854 жылы биік мәртебелінің 19-мамырда үкімет сенатына тапсырылған жарлығы негізінде қазақ даласы екі бөлікке бөлінді. Олардың бірі қырдың оң қанатын құрайтын 5 сыртқы округтан тұрып, Сібір қазактарының облысы деп аты өзгертілген бұрынғы басшылық жүйесімен қалды. Ал келесі қанат Ертіс өзенінің оң жағалауында жатқан Қекпекті мен Аягөз округтерінен, Ішкі қазақ округінен, Қапал әскери округінен, Семей мен Өскемен қалаларынан және Бұқтырма бекінісінен тұрды. Осының бәрін біріктіре келіп, биік

мәртебелі бекіткен ережеге сәйкес Семей аталатын айрықша облыс күрылды.

Сібір ведомствосына қарасты қазақ қырын екіге бөліп тастап, оның сол қанатынан айрықша баскарма үйымдастырудың басты себебі мынада: Бірінші – Сібір ведомствосына қарасты ұлан-байтақ кеңістікте шашырап жатқан қалың қазақты бөліп, жоғарыда аталған екі бөліктің екеуіне де ерекше жолмен үкіметтің және жергілікті жердің өз жағдайына пайдасы тиетін азаматтық құрылымдар енгізу шарт. Оған қоса оң қанатта қазактардың малшылық тұрмысын басым сақтай отырып, сол қанатта егіншілікті өрістетіп, елді отырықшылыққа үрнету қажет. Екінші – сол қанаттың азаматтық және өндірістік кәсібін дамыту үшін саяси, өскери және қаржы қарым-қатынастары айрықша маңызды. Бұл қанаттың шығыс бөлегі, қазіргі Семей облысы қытай жерімен қойындастып, ал түстігі Ташкент пен Қоканға барып бір-ақ тіреледі. Осындағы саяси өрі сауда маңызы зор, бір өзінен табиғаттың бар байлығы табылатын өлкеге айрықша назар аударып, отырықшылықты нығайтпай болмайды.

Биік мәртебелінің 1853 жылғы нұсқауына орай Қапалдан өрі түстікке карай 400 шақырымдай Іле алқабына табан тіреп, 1854 жылы Верный бекінісін салу қолға алынып, қазактардың елді мекені үйыса бастады. Ондай мекендер Іле өнірінде ғана емес, Лепсі өзенінің жоғарғы бойында да, қытай шекарасына жақын жатқан Уржардың маңында да орнады. Ол мекендер үшін әуелі жері таңдал алынып, олардың тұрғындарының жартысы 1855 жылы, ал қалғандары 1856 жылы көшіп келді.

Іле өнірі Алатау округтің өте-мөте бір маңызды мүйісі. Кеме қатынайтын Іле өзені жарып өтетін және түстік-шығысынан қарлы таулар қаумалап тұратын бұл алқаптың топырағы керемет құнарлы, өсімдігі де тамаша, табиғаты да әсем. Ал тұщы ауыз судың молдығы мұны Батыс Сібірдегі ең бір тандаулы таңғажайып елге айналдырып отыр. Саяси-өскери және сауда қарым-қатынастары жөнінен Іле өлкесінің маңызы айрықша. Уш мемлекеттің тоқайласып, Ташкентке, Құлжаға және Қашқарға баратын басты жолдардың торабында тұрган бұл өлкे қоқандықтар мен қытайлықтардың басып кіруіне тосқауыл болып, Ұлы жүздегі тәртіп пен тыныштықты нығайтуға қызмет етеді. Сондай-ақ Ташкент пен Қоқанға қатысты істерге ықпал жасап, сауда жолдарын сақтауга онтайлыш. Алатау қырғыздарымен жақындасуға мұмкіндік туғызып, Қашқармен, Жаркентпен, Тибетпен, Кіндік Азияның және басқа жерлерімен сауда жасайтын жолдар ашуға аса қолайты.

Іле өнірінің Ресейге қосылуының өзі Алатау

қырғыздарының елеулі руларының бірі – бұғының 1855 жылы орыс бодандығына алу жөнінде өтініш айтудың негіз болды. Сөз жок, бұдан былай қырғыздың басқа рулары да бұғылардан үлгі алады. Сонымен катар бұл қосылу Қоқан мен Ташкент тәрізді көрші мемлекеттердің назарын аудармай қоймайды. Әсіресе Ақмешітті алу олардың өзегін өртеп кетті.

Қоқандықтар Іле өзенінің арғы бетіне орнығудың қандай маңызы барына көз жеткізіп, өз тарапынан Бішкек, Мерке және Әулиеата шекара қамалдарының қорғанысын күштейтіп, Ресейдің бодандығындағы тау қырғыздары мен қазактарды арандатып, оларды өздеріне қосып алып қимылдағысы келді.

Қазір Ұлы жұз қазактары әскери штаб-офицерлерден шыққан айрықша приставтың қарамағында. Пристав Сыртқы істер министрлігі мен биік мәртебелі 1848 жылғы 10-қантарда бекіткен нұсқау-ереже негізінде басқарады. Нұсқау бойынша кейінгі қалдыруға келмейтін айрықша кезенде, мәселен, опасызыңық етіп бүлік шығарудың алдын алуға, Ресейге бағынбайтын кейір тайпалар мен барымташылар тобы күшпен басып кірсе, соларды қуып жіберуге Жетісу өлкесіне орналасқан әскери жасақтарды приставтың пайдалануына қақысы бар.

Іле алқабына орналасуына және Алатау қырғыздарының Ресей бодандығына кіруіне байланысты Ұлы жұз қазақтары жаңындағы пристав билігінің маңызы арта түсті әрі қимыл-қарекеттің ауқымы кенейді. Оның құзыры Қапалдан Верный бекінісіне ауыстырылды. Бұл арадан ол Ұлы жұз бен Алатау қырғыздарын жақын жердеп бақылап, қоқан шекарасында не болып жатқанын біліп отырады. Мұндай жағдайда приставтың қазақтарды ғана басқарып қоймай, Іле өлкесінде тұратын құллі әскерлерді өзіне бағындырып, ең бастысы әскери және азаматтық басшылықты бір қолда ұстауды, жеке бастықтардың құллі іс-қимылына бағыт-бағдар беріп, бір мақсатқа тоғыстырыуы, қазақтар жайлайтын (Қаратал мен Шу өзендерінің аралығындағы) ұлан-ғайыр аймакқа ақылды басшылық жасай білуі шарт.

Қазіргі приставтың қолына құллі әскерге, бүкіл өлкеге, оны мекендейтін барлық тайпаларға басшылықты уысында ұстауды – үкімет сенім артқан әкімге деген далалықтардың шығыс халықтарына тән күш пен биліктің бас иесі деген сенімін туғызады. Мұндай жағдайда билікті бөліп-жарып жату орынсыз әрі зиянды. Ол үшін картага көз киығын тастап, елдің айналасындағы жерлер мен тайпалардың тұрмысына ой жүгіртсөн жетіп жатыр. Шу өзенінің арғы бетін Құнгей Алатау жоталары мен Боралдай және Қаратая қойнауына

дейінгі үшан-теніз өлкені қазақтар, әсіреке Ұлы жұзге жататын дулаттар мен жалайырлардың қонысы алып отыр. Олар Ресейден қауіпсіз болу үшін Шудың жоғарғы бойынан бірнеше қамал орнатып, өзіне тәнті етіп ұстағысы келетін Қокан үкіметіне оншалық мойынсұнбайды.

Сол себептен де біз Ұлы жұз жаңындағы приставты бүкіл Іле өлкесінің билеушісі етіп өзгертіп, оған қазақтарға басқарумен катар құллі әскерлерді басқарып, бүкіл өлкеге ие болуды жүктесе дейміз.

Қазақтарға иелік етуге байланысты Іле өлкесінің билеушісі Ұлы жұз приставы үшін бійк мәртебелі бекіткен Сыртқы істер министрлігі жасаған нұсқауға коса құллі әскер мен өлкеге басшылық ету үшін ол Батыс Сібір генерал-губернаторы мен Жеке Сібір корпусы қолбасшысының айрықша нұсқауымен жаракаттандырылуы керек. Билеушіге өз іс-қимылының ауқымын кеңейтерліктең жаңа міндеттер жүктелуіне орай біз оған қазақтарға иелік ету және азаматтық қарым-қатынас орнату үшін азамат шенеуніктерден көмекші және қазақтардан тұрақты депутат қажет деп ойлаймыз. Бұл депутатты қазақтардың өзі жалпы келісіммен үш жылға сайлауға тиіс. Бұл туралы Сыртқы істер министрлігіне 16-қыркүйекте хабарланды да.

### **Ұлы жұздің мақал-мәтелдерінен...**

- \*Өткір пышақ қынға қас, өтірік сөз жанға қас.
- \*Жауда қалған бұлбұлдан елге қайтқан ит озар.
- \*Өлі арыстаннан – тірі тышқан.
- \*Сактанғанды құдай сақтар.
- \*Ерді құдай сақтайды, етікті нәл сақтайды.
- \*Ақымақ адам мақтаншақ келеді.
- \*Мұрын болмаса екі көз бірін-бірі шұқиды.
- \*Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер.
- \*Шіркін, хан болсам май ғана асар едім!
- \*Көп сөз – көмір, аз сөз – алтын.
- \*Асықпа қарға, түсерсің торға.
- \*Жақсымен дос болсан жетерсін мұратқа, жаманмен дос болсаң қаларсын үтқа.
- \*Білмегенді кешірмесең білгендігің қай жерде?!
- \*Сусыз жерде қамыс болмайды, азған елде намыс болмайды.
- \*Өшкен жанбайды, өлген тірілмейді.
- \*Тозған соң қамқа тон да шүберек болып қалады.
- \*Түйе қашып жүктен құтылмайды.

\*Басына күн туса, құдан да қашады, қолынан дәulet кетсе,  
қасында

дос қалмайды.

\*Тоты құс бойын керіп сыланады, аяғын керіп қорланады.

\*Үят кімде болса, иман соңда.

\*Жасын қырыққа келген соң аяғына шідер түсер.

\*Көпке көз алартқанға аз тиеді, азды қанағат тұтқанға көп  
тиеді.

\*Ақыл – дәрия екен, арман – дүлдүл екен.

\*Тоймасқа берме, толмасқа құйма.

\*Алып – анадан, ат – биёден туады.

\*Ақсұнқар атағына, қаракұс тойғанына семіреді.

\*Етігің тар болса, дүниенің кендігінен не пайда.

\*Үйқын – жанның рахаты, үттың – жанның қуанышы.

\*Қос атпен қол көбейеді, қозысымен кой көбейеді.

\*Тойғаннан қарын жарылмайды, қуанғаннан мандай  
жарылмайды.

\*Мезгілсіз таң атпайды, уақытсыз жан шықпайды.



## Қазақтардың қонысы хақында

### 1. Баянауыл дуаны жайында бірер сөз

(Омбыдағы хат. 1857 жылғы 10-наурыз).

Алдын ала айта кеткен абзал, Сібір басқармасынан қарасты екі казак ұлысының – Орта және Ұлы жүздің (кіші жүз Орынбордың қол астында) алғашқысы үкімет жарлығымен біршама аумакты екі облысқа: Семей және Сібір қазақтарының облысынан бөлінген. Бұл облыстар округтерге, округтер – болыстарға, ал болыстар бөлімшелер мен ауылдарға бөлінеді. Облыстарды басқару – әскери губернаторға, ал округтарды басқару үш мәжіліскер мен басқа да азаматтық басқарма шенеуніктерінен жасақталған дуан әкімшілігіне тапсырылған. Сондай-ақ халық сайлап, генерал-губернатор атак беріп, бекітеп аға сұлтан төрағасы бол саналатын қазак мәжіліскері де сол әкімшілікке кіреді. Бұл кісілер билікке жалпы ғана катысып, журналға тіркелер күллі қаулылар мен нұқсауларды әзірлесіп, заңмен бекітілген шекара дағы өкілдігіне сәйкес сот ашып, жазалау шараларын жүргізуге тиіс. Осының өзінен-ақ үкіметіміздің бодандығына тыңдан түскендерге деген шынайы әкелік қамқорлығын аңғаруға болғандай. Өйткені ол қазақты басқару ісін халқының мұн-мұқтажын басқалардан жақсы билетін өз өкілдеріне қалдырып отыр. Олар үкіметтің иті ниетін жыл асқан сайын теренірек түсініп, халқының игілігі мен еселеі үшін атқарар қызметтің қандастарының пайдасы үшін жетілдіре түседі деген үміт жоқ емес.

Мәжіліскерлердің төтенше маңызды мәні жөнінде үндемей қалуға болмайтын тағы бір жағдай бар. Өйткені олар қазіргі соттарымыздың жанындағы өздері текtes мәжіліскерлердің дәрежесіне сай келмейді. Қазақ даласының дуан әкімшіліктерінде мәжіліскерлері білімді үлттың құрамына таяуда кірген халықтың санасына жақсылық пен ізгілік, парасаттылық пен ақиқат адамгершілік үрығын себуші болуға тиіс. Ақыл-ойы, ерік-куші, ададығы мен адамгершілігі құшті, жаны жомарт мәжіліскерлердің мың сан халыққа жасар жақсылығы мен қайырымы аз болмасқа керек. Осында ықыласска отаншылдық сезімі зор білімді жастар шынымен-

ақ лайық емес пе?.. Жоғарыда еске алынып өткен үкімет қызметімен қатар әрбір округте ішкі тыныштықты сактау үшін әскери жасақтар да ұсталады.

Мәселен, әкімшілігі Баянауыл атты елді мекенде орналасқан Баянауыл дуаны әзірше даму дәрежесі жағынан кала деңгейіне көтеріле алмайды. Ал бүтінгі Батыс Сібірдің өркендеу өрісінде ағарту жолымен ерінбей-жалықпай талпынып, барлық қаржы мен мүмкіндікті іске қосса, көздеген межесіне жетіп қалуы қашық та емес.

Үкімет тараапынан бөлінумен бірге қазактардың руға бөлінуі және бар. Ал мұның өзі қандас туыстығының дәрежесіне орай рулық құқық пен үрпактың үрпакқа қарым-қатысын камтамасыз етеді. Қазақ одағын қурайтын үш жұз Алаш деген біреуді өзінің түп атасы санайды. Шамасы ол шетелдік болса керек, әйтеур өзіміздікі емес. Қазақ сөзін тәржімалап тубегейлі түсіндіруге болмайды. Кейбіреулер бұны атбегі, шабандоз дейді. Тілді жақсырақ билетін бәз-біреулер бұны қаңғыбас немесе кезбе деген сөз деп аударады. Асылы, Алаштың кім болғанын, қайdan шыққанын ел аңызы әртүрлі баяндайды. Солардың бірі Алаш деген Алат немесе Сібір татары (“Сибирский вестник” 1820. 1-кітап) болған дегенді айтады. Қазақ халқының шығу тегін зерттеп түсіндірушілерге түбі қадір-құрмет айрықша болады.

Алаш әулетінің бірінің Арғын деген баласы болған. Бұл кен тараған Арғын руының түп атасы. Оның бірнеше әйелі болса керек. Қазақша бәйбіше аталатын үлкен әйелінен Мейрам атты бір ғана ұл туған дейді. Оның үрпактары бәйбіше баласы, яғни үлкен әйелдің ұлдары деген атпен әйгілі. Былайша айтқанда, бәйбіshedен тараған балалар ел аузындағы анызда бак-дәулетімен, әлеует-қүшімен, жау жүректігімен және ешкімге иілмейтін ерлігімен аты шыққан. Арғынның өзге әйелдерінен тараған үрпағының Мейрам балаларындағы тарпаң мінезі болмай, момын атанған. Баянауыл дуанының қазактары өздерінің асав адыр Мейрамнан тарайтынын мақтан тұтады. Мейрамның Куандық және Сүйіндік деген ұлдары болған. Осының алғашқысынан Ақмола дуанының қурамына енетін алтай, қарпый, тоқа рулары тарайды. Ал екіншісінен бәсентін руымен бірігіп Баянауыл дуанын қурайтын айдабол және қаржас рулары шығады.

Қазақтардың үшінші бір бөлінуі тегіне қарай өрбиді. Бұл ретте олар ақ сүйек және қара болып бөлінеді. Ақ сүйектерді қазақ даласын жаулап алған түбі монгол төрелер құрайды. Олар өзінің түп тегін Жошының бір ұлы, Шыңғыс ханың немересі Тоқай-Темірден таратады. Төрелер келгенге дейін қазақтардың рубасы бектері – билер болған. Әдетте олар қадірлі

тайпалардын рубасылары немесе рудағы үлкен атаның өкілдері бол келеді.

Күні осы уақытқа дейін қазактар көп жағдайда билер сотына жүгінеді. Бұл қазылық соттың бұрынғыдан маңызы болмағанымен, атақ-данқын сактап қалған. Қазактар монгол түкіміна бағынып, кол астына каншалық қарады дегенмен, бұл халықта құл деген болған емес. Құлдар кездесе қалса, олар жорық кезінде колға түскен басқа тайпаның немесе өз еркімен пенде болған ұлыстардың өкілдері.

Баянауыл дуанында басқа руларға қарағанда төрелердің беделі шамалы. Бұл руларды мықты рубасы – билер басқарып келді. (Левшиннің “Қазақ ордасы мен даласының сипаттамаларынан”, 2 том, 68 бет). Халық арасында өсіреле айдабол руынан шыққан Шон мен қаржас руынан шыққан Шорманның атагы жер жарады. Ақыл-ойы аскан, айла-амалы артық Шорманды шешен (дана) деп атаған. Сөз қонған сирек дарын иесі Шорман он төрт жасында би атанып, ел тағдыры таразыға тартылған екіталаі сөтте Уәли ханның алдында өз руластарының мұддесін қорғап шыққан. Бұл шешен бүтінгі дуан билеушісі, аға сұлтан, майор өскери атағы бар Мұса Шормановтың әкесі.

Қазактардың орыстармен қарым-қатынасын патша Федор Ивановичтың тұсында Кіші жұз бастады. Бірақ онысы ешкандай пайдалы нәтиже берген жоқ. Шын мәніндегі қарым-қатынас Ұлы Петрдің тұсында басталды. Ұлы патша Үндістан мен Қытайға сауда жолын ашу үшін алдымен Хиуа хандығын бағындырып алуды қөкседі. Қазақ сұлтаны, кейін Хиуаның ханы болған Қайып 1718 жылы Петрге достық ниетін білдіріп, ұдайы тыныштық сактауға үәде берген хат жоллады. Император әйел Анна Иоаннованың кезінде Кіші жұздің ханы Әбілқайыр мен Орта жұздің ханы Сәмеке төрелер, сондай-ақ күллі хандар Ресейге мәнгілік бодан болп кіру туралы ант берді. Соның нәтижесінде статтық кеңесші Кириллов 1735 жылы Орынбор қаласының іргесін қалады. Сәмекенің мұрагерлері Орта жұздің билеушілері Әбілмамбет хан мен Абылай сұлтан (кейін хан болған) бұл антты бекіткенімен де өз туысқандарының надандығы мен қынырлығының қырсығынан орыс үкіметінің ниетіне керегар әрекеттерге барып, оны орда билеушілерінің атақ-дәрежесін жойып жіберуге мәжбүр етті.

Орта жұздің ханы Уәли болып тұрган тұсында-ақ елеулі және бұрынғыдан айта қалардай бекем өзгерістер енгізіле бастаған еді. 1800 жылы Тобыл губерниясындағы Петропавл қаласында шекара желісі тұрғындары мен қазактардың арасындағы дау-шарды қарайтын шекаралық соттың негізі

салынып, оның төрағасы хан ұлы Аббас болатын боп шешім қабылданған-ды. Бірақ бұл қаулы жоба күйінде қалды. Үәли қайтыс болғаннан кейін хандық лауазым жойылып, 1822 жылы казактарды басқару үшін империяның жалпы губерниялық басшылығына бағынатын Сібір мекемесі құрылды. Осыған орай Омбы облысының негізі қаланды да, құрамына басқармалары, әкімшіліктері бар дуанға бөлінген Орта жүз енді. 1838 жылы Омбы облысы таратылып, қазактарды басқару үшін шекара бастығы төрағалық ететін шекара басқармасы құрылды.

Әкімшілігі бар дуандардың негізі қалануы мынадай ретпен келеді: 1824 жылы Қарқаралы мен Көкшетау дуандары, 1831 жылы Аягөз дуаны, 1832 жылы Ақмола, ал 1833 жылғы 22-тамызда Баянауыл дуаны құрылды. Соңан кейін 1834 жылы Құсмұрын және 1844 жылы Көкпекті дуандары шаңырақ көтерді.

Батыс Сібірдің қазіргі генерал-губернаторы Г.Х.Госфоргтың жобасы бойынша 1854 жылы Орта жүз қазактарының дуандары жоғарыда атап өтілген екі облысқа бөлініп, дала мүлдем жаңа реңк алды. Қазактардың ішкі Семей округі құрылып, оған Ертістің оң жағалауын бойлап, баяғыдан бері көшіп-қонып жүретін Том, Тобыл губернияларының аймағымен шектес қазактар кірді. Сол 1854 жылы Аягөз дуанына қарасты бірнеше болыстан жаңа Қапал дуанын құру туралы ұсыныс тұсті. Дуан 1857 жылы ашылды. Кейін бұл екі дуанды басқару ісі әскери округ бастықтарының қолына берілді. Егіншілікпен, өнеркәсіппен, саудамен шұғылдансын деп Семей облысының барлық елді мекендері қала атанды. Даланы жалпы жабдықтап, облыстарға бөліп, өркендету жөніндегі мәртебелі жоспарын жасақтағанда генерал-губернатордың қазақ қырының қазіргісі мен болашағы туралы қандай терең толғанымдарды басшылыққа алғанын білу, әрине, қызық болар еді. Бұл еңбек, шынында да, өлкені тынбай шарлап, өте мүқият зерттеуден туған терең толғамдар.

Мұның өзі менің жол әсерлеріме онша қатысты болмағандықтан бір ғана нұсқаумен шектелейін. 900 мың шаршы шакырым аумакқа созылып жатқан кеңбайтақ даланы емін-еркін жайлап жатқан Орта жүзден облыстар ашу қазактарды басқарудың бұрын бір ғана Омбыға ошарылған қиямет-қайым қыындығын жойды. Сөйтіп, екі бастықтың бақылауымен істі жедел және барынша нақты шешуге мүмкіндік туғызды. Екі бастық та өздеріне сеніп тапсырылған облыстарды түгел шолып, қазактардың мұн-мұддесі мен іс-әрекетіне нақтылы бойлай алатын болды. Екі облыстың

күрүлүсина орай Орта жүздің шекарамыздан сырт өмір сүруі тоқтатылды. Былайша айтқанда, көзді ашып-жұмғандай болмай-ақ, ешқандай күмән-күдіксіз бұлталақтамай екі облысқа бөлінген төрт жұз мың тұрғыны бар байтақ империя аумағына болашакта бірігіп, тұтасып кетеміз деген үмітпен енді.

Бұдан кейінгі аса маңызды үкімет қадамы – генерал-губернатордың ілтипатты ұсынысы бойынша бүтін таңда алансыз патшальқ етіп отырған императордың жарлығымен 1856 жылғы Қарашала Алатау дуанының күрүлүсі болды. Ол орталық Азияда Іле өлкесінен тұрады, орталығы жергілікті жерде Алматы қаласы аталатын Верный бекінісі. Шамамен бұл қала Пиза және Флоренциямен бір ендікте жатыр. Ұлы жүздің қонысы мен өрісін қамтыған дуан жерінің табиғаты бай, түстікте өнетін алуан түрлі өсімдік атаулының бәрі бар. Сондыктан да ол біздін сауда мен өнеркәсіпте маңызды рөл аткаруға тиіс. Оның үстінен бұл аймакты шығыс пен түстікten Қытай, Ташкент және Қокан шекаралары орап жатыр. Оны кеме жүзетін Іле өзені қақ жарып өтеді. Мұның өзі Верный бекінісінен төрт жұз шақырым ғана қашықтықта тұратын Қытайдың батыс провинцияларының астанасы – Құлжа қаласының жанынан ағып жатқандықтан сауда-саттығымызға біраз женілдік жасайды.

Іле әлден-ақ кеме катынасы ашылған Балқаш көліне құяды. Бұл көлден өзендерді бойлап кететін тамаша қыр жолы Қарқаралы мен Баянауылдың иен шалқар жайлалауларына шығарып, Кереку станицасына жеткізеді. Одан Ертіске түсіп Омбы арқылы Тұменге жетуге және сол жолмен кері қайтуға болады. Тұмен дегениң Батыс Сібірдегі тамаша сауда қаласы. Ресеймен сауда қарым-катынасын жасауда Алатау дуанына кісі қызығарлық сыйбаға тиіп отыр. Ал Верный бекінісіне Кіндік Азиямен саудамыздың кілті болу жазылған. Осы айтылғандардан кейін жаңадан бекітілген биік мәртебелі жарлық жайында қайта сөз қозғаудың қажеті болар ма екен? Истің өзі-ак барлық мән-жайды ашып жайып салып тұрған жок па.

Хандық дәрежені жойып, қырды дуандарға бөліп, қазақ даласына басшылық ету үшін сібір мекемесін құру, яғни мұлдем басқа жаңа тәртіп енгізу күткендергідей-ақ дүрбеленціз өткен жок. 1835 жылы Қасым төре, одан кейін оның балалары Саржан мен Кенесары наразы халықты бастан, бұлік шығарды, дүрбелен туғызды. Бұл бүліншілік 1846 жылы қарудың күшімен басылды. Бұлікшілердің ең ержүрек өjetі Кенесары казактар жасақтарының түп ізіне түсіү салдарынан Құнгей Алатауға ойысып, жыртқыш халық – тау қырғыздарымен алапат айқаста опат болды. Тау қырғыздарының ішінен бұғы руы 1855 жылы Ресейдің бодандығын қабылдады.

Халықтың толқуына қарамастан Сібір мекемесін енгізу елеулі ілгерілеу болды. 1844 жылы ыдыраған болыстардың бәрі кайта оралып қалпына келді. Баянауыл қазактары бүлікке қатыспай қала алған жок. Толқуға еліккен олар Бетпақ даланың құмы мен сусыз шөлде екі жыл қанғып, мал-мұлқінен айырылып, Кенесарының қарсылығына қарамастан өз жүртіна оралып, кінәлі басын иді. Баянауыл дуанындағы қазактардың мәжіліскері шенеунік ретінде антын бұзған Тайжан Азынбаевты Ақмолада басқаларға сес болсын деп атып тастады. Бұл үкімет тарарапынан қаталдықтың соңғы бір шарасы еді. Содан бері жұрт тып-тыныш, моп-момақан. Жылдан-жылға нығайып келе жатқан бұл тұрмыс көңіл көншітерлік нәтижелерге жеткізері хақ.

## ***2. Қошпелі кәсіптің мұқтажы***

Семей облысының қазактары тек қана мал өсірумен шұғылданады. Терістік өнірде жылқы жағы басым болса, түстікте түйе өсірумен орайластырылған қой шаруашылығы үstem. Баянауыл дуаны бәрінен бұрын жылқы шаруашылығы жақсы дамыған аймаққа жатады.

Қазақтың малы қысы-жазы далада жайылып жүреді. Жаздағы сияқты қыста да өз азығын өзі табады.

Өндірістің мұндай жағдайында табиғаттың ыркына басығулді берілген бұл кәсіптің қалай өркен жаюы ауа райына, жер күнарына тәуелді. Мұндайда адам мықты рөл атқармаса керек-ті. Бақташының керегі малдың желмен ығып босып кетпесі үшін ғана. Содан соң жыртқыш аңдарды жолатпай қуып отыруға қажет. Мал шаруашылығы негізінен кездейсок табиғи апattан зардап шегеді. Бұл өсіресе ұзын санын есептеп шығарудың өзі қыын жылқы шаруашылығына қатысты. Егіншілікке зиян келтіретін куанышылық, тілсіз жау өрт немесе шегірткенің қаптауы мал өсіруге де зардабын аз тигізбейді. Қалың құртік қар, өсіресе көк тайғақ малға қыруар апат әкеледі. Бұрқаған боран мен қақаған аяз және басқа жүқпалы індеп қазақ малын қырғынға ұшыратып, кейде жұген-құрық ұстап қалуға тура келеді. Жыл он екі ай малдың жайылымда жүруі оны ауа райының қытымырлығынан да, жүқпалы аурулардың қырсығынан да корғауға мүмкіндік бермейді. Қазақта жұт деп аталатын куанышылық жылдары кесептаттың өзі үстемелетіп, жұтты жеті ағайынды етіп жібереді. Дұрысталп оттамай әбден ашыққан мал сүйкә төтеп бере алмайды, жөндейп азық жемеген соң қаны да азайып, қатерлі аурулар

каптайды. Соның салдарынан малдың іш тастауы көбейіп, қысыр қалу бастырмалатып кетеді. 1862 жылдың қысындағы жүт Семей облысының мал шаруашылығына орасан зор апат әкелгенін тек осымен ғана түсіндіруте болады.

Алайда өндірістің кез келген түрі сияқты мал шаруашылығының да сыртқы табиғи кедергіге қарамастан алға қарай жемісті жылжыу үшін қажетті жағдайлар болуы керек. Онсыз оның тіршілік етуі мүмкін де емес. Бұл қандай жағдайлар дегене ойысар болсақ, оның шарттарын айқындау мына төмендегі мәселелерді ескеріп отыrsa онша киын емес.

1. Бағзы заманда тігерге түяқ қалдырмайтын соғыс пен күн құрғатпас барымтаның тұсында қазақ дәүлетінің шайқалуы қазіргіден азырақ болды дер едік. Халық өткен ғасырдың оқиғаларынан екі-ак жүт жылын есте сақтап қалған. Ол жылдары жұттың басты себебі мұздак пен қөктайғақтан гөрі қазактың ата жауы – қалмақтардың сілтеген қылышы мен салған өрті болды.

Сібір қазактары ішкі дуандардың негізі қаланғанша бай тұрғаны бұлтартпас шындық. Оған тіпті күмән келтіруге болмайды. Бұны дәлелдеу үшін өрістетіп Орынбор және Сібір шегіне өткен ғасырдың аяғы мен осы ғасырдың басында айдан әкелетін малдың санына қараса да жетіп жатыр. 20-30-шы жылдардағы ресми есеп бұның айқын мысалы. Осы бір соңғы дәүірдің өзінде он мыңнан аса жылқысы бар қазак аз болмаган.

2. Біздің тұсымында қазактардың малы жылдан жылға азайып, таусылып бара жатқандай. Малдың өлім-жітімі барған сайын жиілеп, кейде отқа қарап қалатын кез де аз болмай жүр. Бұған көз жеткізу үшін 20-30-шы және 40-50-ші жылдардың есебімен салыстырсақ та болады.

Рас, бұрынғы заманда қазактар өз балаларын орыс станицаларында бір қапшық ұнға сатқан болса, аштық пен жоқшылықтың себебі мұздак жауған қытымыр қыс емес, соғыс пен барымта еді. Баяғы кезде күллі қазактың көніл күйінің тетігі, кам-каракетінің кілті мал болатын. Біз өз өмірімізді мал шаруашылығының талаптарына орайластырып құратынбыз. Ата-бабаларымында тұракты қыстау болған емес. Сол сияқты белгілі біз жазғы жайлай мен өріс және жок. Бір жерде ашаршылық болса әкелеріміз өзге өнірге, жағдайы жаксы аймакқа көшіп жүре беретін. Жердің алыс-жақыны қарперге де алынбайтын.

Кіші жүздің қазактары жазда Орынбор төңірегінде және Мұғаджар тауларында көшіп-конып жүріп, қысты Сыр бойы мен Борсық пен Қарқұмның арасында өткізетін. Орта жүздің

қазактары бір жаздың өзінде Семей тұбінен сонау Тройцкіге дейін барып кері көшіп келіп жүрді. Тұрмыс-тіршіліктің бұндай жағдайында жұтан жылдың ешқандай апatty сипаты қазіргідей қатты білінбегені әбден түсінікті.

Сол себепті мал шаруашылығы үшін өріс-қоныстың мейлінше кең болуы ең маңызды әрі басты шарт деп санау керек. Тұтас бір қаланы азықтандырып асырауға мүмкіндігі бар жер қазактың бір ауылын қанағаттандыра алмасы айқын. Өйткені әрбір ауылдың тебіндігі мен жайылымы, жақсы қыстап шығатын жері болуга тиіс. Қектеу, құздеу және жайлau деген жайылымның айрықша түрлері және бар. Қыстау үшін қалың орман немесе шұбарлы таулар, былайша айтқанда, малды қыскы табиғат қытымырлығынан қорғайтын жер қажет. Жаз жайлau бұған керісінше болуға тиіс. Ашық алқап, жалпақ жазық бол келіп, оның ағын сулары, өзен-көлдері мол болуы шарт. Құзді күні жазғы жайылым жазда малдың мазасын алатын маса-сонаның ұрығы қалмас үшін арнайы өртеледі. Айтқанда, қыскы өріс жаз бойы қол тимей оты үйысып қозғаусыз жатады. Сөйтіп, қазактар ұлан-ғайыр байтақ өнірді алып жатқанымен, шын мәнінде дәл қазір оның болмашығана бөлегін пайдаланады. Сондықтан да үдайы жерге зәру бол жүреді.

Осы деректерге сүйеніп, ой түйсек, біздің жерді округтар мен дуандар бойынша жілікте, жазғы және қыскы жайылымдарды белгілі бір рулар мен атакты адамдарға тиесілі ету мал шаруашылығына заарын тигізетін басты себептердің бірі деп санауға тиіспіз. Енді болмашы жазық жердің өзінен барынша мол пайда алу керек болып отыр. Ал әзірше қазак даласында мал шаруашылығы өмір сүрудің бірден-бір көзі болып отырғанында бұл мүлдем мүмкін емес.

Сондай-ақ жұздеген мың жылқыға ат қора салу, оған қажетті жемшөп қорын дайындаудың мүмкіндігі және жок. Осы айтылғандардың бәрінен мал шаруашылығын ойдағыдай жүргізу үшін мыналарды қаперге алу қажет деген тұжырым жасауға тұра келеді.

1) жер барынша мол болып, қоныс пен өріс үшін ұлан-ғайыр аймақ қажет.

2) қыс қыстау үшін қалың ормандар мен шұбарлы таулар, ал жазғы жайлau үшін сұы мол кең салқар жазық алқап қажет.

Жазғы жайылымның құнарлылығы мен қыскы қыстаудың қолайлылығының мал шаруашылығын өркендестүге әсері үшан-теніз. Ал қазактар үшін бәрінен де маңыздысы қыстан шығатын жері. Жылы жайлы қыстаусыз малды көп өсіру киын. Сондықтан да мал шаруашылығының әсіресе жылқы

өсіру саласы қыс қыстауға қолайлы жері көп өнірлерде гүлдене дамып, жаксы ерістеген. Көкшетау дуаны, Ақмоланың терістік бөлегі және Семей облысының Ішкі округті қалың орманы мен шөбі шүйгін жері көп болғандықтан да Сібір даласының ең бай аймағы саналады.

Бұрынғы Атбасар дуанында және Ақмоланың түстік бөлігінде үйірлеп жылқы өсіру ығысып, кой шаруашылығына орын беріп, түйе тұлғігө көбейіп келеді. Себебі қырдың күмдауыт және сортаң жазықтары тек кой мен түйе малығана жайылып жетін өсімдіктердің өнуіне жағдай туғызып отыр. Қаркаралы дуанында мал шаруашылығына қажетті барлық жағдай бар. Нұра мен Бақанас өзендерінің бойындағы жазғы жайлauлар, аралас орманды Кент пен Қазылық тауларының қойнауындағы қысқы қыстау, Балқаш жағалауының нұ қамысы өсіреле малға аса қолайлы.

Баянауыл дуаны, сөз жоқ, Сібір қазактары облысының ең кедей өнірі. Баянауыл аймағында көшіп-конып жүретін қазактардың Нұра мен Есілдің бас жағында тамаша жайлauлары болғанымен, ең бастысы – қыстаулыры жоқ. Округтің аумағы қырат қырлы, тастақ таулы, кең жазық, онда жөндем шөп тек жылғалардағана өседі. Қыста оның өзін омбы қар көміп тастайды. Баянауыл мен Ерейменнің орманды таулары осынау бір ку медиен тақыр кеңістіктегі жасыл жазира сияқты. Бұл таулар шынында да қазактар үшін жасыл жазира. Төртуыл болыстарының барлығы үшін қолайлы қыстау да солар. Баянауыл малдың тігерге түяқ қалмай қырылғанын ешқашан білген емес. Ондағы Азынабайдың он жеті мың жылқысы болды. Жауын-шашиң мен сұықтан қорғануға мүмкіндігі мол бұл өнірде мал азығы ең аз болған жылдың өзінде қылтан-жапырақты ағаштардың бұтағымен коректеніп-ақ мал қыстан аман шығып жүрді.

Демек, таулардың бұл тізбесіне Баян-аула деген ат тегін берілмеген. Бұл қалмақша “қолайлы тау” (Баян-ола) деген сөз. Ерейментай қазір бұған жатпайды. Сақтап калу үшін қан аз төгілмегеніне қарамастан оны Ақмола дуанының қазактары алып алды. Баян-аула станицаға тиесілі. Бұрын атабабаларымыз қыста малын айдан аппаратын Ертістің арғы бетіне енді орыс казактары қадам бастырмайды. Сөйтіп, Төртуыл болыстарының қазактары мұлдем қыстаусыз қалып отыр. Соның салдарынан қытымыр қыста, өсіреле қар қалың болған жылдары олар басқалардан қындықты көбірек көреді. Қыстаудың тапшылығынан тартқан азабы Төртуыл қазактарын өзіне ішім-жем, азық-тұлік табу үшін басқа округтерге көшіп кетуге мәжбүр етіп отыр. Қебіне олар орыс станицаларына

барады. Осылай бөліне көшкен отбасылар қазір 500-ден асты. Ресми Ақмола және Атбасар дуандарына кірген қанжығалы мен қозған қазактарын бұған қоспай отырмын.

Төртуыл аймағының халқының осындай қайыршылық күйге түсken хал-жайын баяндай келіп жоғары мәртебелі сіздің назарынызға өзімнің кейбір ой-толғамдарымды ұсынғалы отырмын. Баянауыл округінің Төртуыл болыстарын мал-мұліктен жүрдай ғып, отына қаратып кеткелі отырған жағдайдың алдын алып түзеу үшін мыналарды ұсынамын.

Бұл өнірдін қазактары қыстайтын жері болмагандықтан және дуанның шекарасында түргандықтан жапа шегіп отыр. Олардың Баянаула тауларынан басқа қыста қыстайтын сенімді жері жоқтығын ескере келіп сіздің жоғары мәртебенізден халық атынан сұрайтынам мынау. Баянауыл дуанын оған қарасты болыстарды басқа округтердің құрамына көшіріп, жалпы таратқан дұрыс. Болмаса дуан орталығын Белағашқа көшіру керек. Белағаш Ақмола қаласы мен Қарқаралы станицасының арасындағы қаска жолдың дәл ортасында түрган ең қолайлы жер. Дуанның коныстануына қажетті жағдайлардың бұнда бәрі бар: жері құнарлы, шөбі шүйгін әрі сауда жолының үстінде тұр. Оның үстінен Баянауыл қазактарының жазғы өріс-коныстарының ортасына орналасқан. Бір жағынан бұл әсіресе әскери губернатор мырзаның тексеруі кезінде халық жиынын өткізуіне өте-мөте қолайлы. Баянауыл қазактары дуанды көшіру жөніндегі шығындардың біраз бөлегін өз мойнына алады. Сондай-ақ әрбір тұндікке үш жылқыдан бере отырып, казак станицасын көшіруге де көмектеседі.

Баянауыл станицасының қазактары егіншілікпен шүғылданбай, тек өзіне тиесілі жерін уақытша пайдалануға беріп, қазактардан алатын алым-салығы есебінен құн көреді. Демек, дуанды көшіру станицаны астық өндіруге қолайлы жерге коныстандырады. Мұның өзі қазактарға да, қазактарға да бірдей тиімді.

Қорыта келгенде, сіздің жоғары мәртебенізге мынаны хабарлауды борышым деп білемін. Қазіргідей Баянауыл станицаның жерін межелеп, шекарасын ажыратар кездे ен алдымен түпкілікті тұрғындары – қазактарға қыстау етуғе лайықты орманды алқаптар бөліп, сонан соң ғана қалған жерді қазактарға үлестіру керек. Өйткені заң бойынша қазактарға жер қазактарды жайылымнан, өріс пен коныстан ығыстырмай бөлінуі керек қой.



## Қазақ поэзиясының түрлери

Әлемді шарқ үрып сайран салып жүрген Жыр күндердің бір күнінде қоналқыға Сырдың арғы бетіндегі қарақалпактардың тұрақ жайына келіп түседі. Бұрын көріп-білмеген, тіпті атын естімеген ерекше қонақ жайындағы хабар-жебенің жылдамдығындей зулап төрт тарабқа түгел тарайды. Қисапсыз көп қарақалпак тайлы-таяғы қалмай қыдыр қонған бақытты ауылға жиналып ғажайып мейманды қасқарайғаннан таң атканша қанша ол шалдығып-шаршап үйқыға батқанша тындарды. Жағы сембейтін жәстәндай қонақтың аузынан мың сан аныздар мен хикаяларды, шежірелер мен қиссаларды естіп қаптаған қарақалпактардың көбі жадында сақтап қалды. Сыр өзенінің жоғарғы бойындағы тұрақ-жайларды жырағырақ жатқан, ол тұста бірге көшіп-қонып жүретін туыстас тайпадар – қазактар мен түркімендер түнде кешірек келіп таңғажайып әуездін сонына ілігеді...

Былайша алғанда Жыр, өзіндік сарынмен айттылатын сазды әуен. Жырламақ деген етістік тақпактап айту деген үғымды білдіреді. Әдетте дала жырларының бәрі қобызды сүйемелдеуімен тақпактай айттылады. Жырдың заты негізінен қадым замандағы белгілі бір батырдың өмірі мен ерлігі болып келеді. Бұл арада атай кететін бір мәселе қиссаға арқау болған батырдың өміріндегі оқиғалар мен ерлік істері көбінесе қара сөзben баяндалып, өлең дастанның қаһарманы немесе оған кательсты адамдар сөйлерде ғана қолданылады.

Қазақтар арасында маған тағы да екі жыр таныс, оның бірі – “Ер Көкше мен Ер Қосай”. Онда құдіретті Қыпшақ тайпасына қарсы соғыстағы Уақ руының батыры Ер Көкше мен оның ұлы Ерқосайдың ерлігі суреттеледі. Бұл қиссаның тарихи дерегі шамалы, ондағы батырлардың есімі де бізге мұлдем беймәлім, бірақ жыр соған қарамастан өте әуенді де әуезді әрі әсем. Ол өне бойы ынта туғызып, ынтықтырып отырады, оның үстіне бір қызығы дастанның бірінші болімінде бас қаһарман женіліс тауып айқаста алған көп жаракаттан опат болады. Кейін оның кегін қыпшактардан үрыс жүргізу degi әдіс-айласын тәптіштеп баяндаумен де тартымды.

Осынау қиссаны менің кезімде қырда жалғыз-ақ адам жатқа

айтушы еді. Ол Көкшетау дуанындағы Қойлы-Атығай болысының қазағы Арыстанбай. Өкінішке орай сол ғажап жырды жазып ала алмай қалды.

Екінші бір жыр “Орақ батыр” деп аталады. Онда Қарауыл руынан шықкан Орақ батырдың бастан кешкендері баяндалады. Ресейге қарсы шабуылға аттанған ол орыстардың тұтқынына түсіп қалып он жыл абақтыға отырды. Содан соң үйленіп бала-шағалы болды. Алайда туған ауылын сағынып, қырға қайтып оралды да, атамекенінде тұрактап қалып қалды.

Айтқандай, бізде Орактар деген әulet бар. “Орақ батыр” жырын үздік-үздік жатқа билетін қазактар көп. Қиссаны бастан-аяқ тұтас кіші жүзде жырши Нұрымбайдың аузынан естідім мен. Оның руы – Алышын, бірақ үдайы Ахмет Жантөрин сұлтанның жанында қыпшақ ауылдарында тұрады.

Жырда қолданылған өлеңдердің өлшемі жөнінде түсінік беру үшін осы арада бір мысал келтірейін. Тоқтамыстың тоғызы батыры Едігені қып жетіп, Кен-Жанбай аған былай дейді:

Ай, Едігे, сен енді қайт сана,  
Қайтып Еділ өт сана.  
Еңсесі биік Бозорда  
Енкейіп сөлем бер сана.  
Ернеуі жұқа сары аяқ,  
Ер сарқытын іш сана.  
Жауырындары жақталы,  
Түйме бауы тартпалы  
Ал қара кіс ки сана.  
Көкала жорға ат мініп  
Көн дабыл байланып  
Тұтам бауы сом алтын  
Ақ сұңкар құс береді  
Көл айнала шүй сана. т.с.с.

Едіге жыры оқиғаларына қараганда XIV ғасырдың аяғына қатысты сияқты. Алайда ол XV ғасырдың басында шығарылса керек. Бұны қазір тілімізде жоқ көне сөздер мен тіркестер дәлелдей түседі. Бір қызығы тұтас қиссаның өзінде бірде-бір парсы не араб көзі кездеспейді. Мұсылман дінінің тарауына байланысты бүтінгі қарапайым халықтың арасындағы ауыз-екі әңгіменің өзінде әлгі тілдерден енген сөздер қаптап жүреді емес пе.

Менің қырда кейінгі болуым да қисса жылар поэзияның ескіре бастаған түрі саналатын тәрізді. Жыр түрі де қобыздың өзі сияқты бақсылардың ғана сыбагасына тиіп, солардың иғілігі болып қалған секілді. Олар өлеңнің бүл түрін жындарды

аластағанда қолдану үшін күні осы уақытқа дейін сақтап келеді. Жырдың бұл түрі мен қоғыз қолдану атақты ақынжырышы Жанақ дүние салғаннан кейін дәстүрден шығып қалды деп көміл айтуға боларлық. Ол Қарқаралы дуанының күрамындағы Қарекесек руының қамбар тармағынан еді.

Казір көзі тірі әншілер оның ән әуезін қайталап шығарған өлеңдерін сөзбе-сөз айттып жүрсе де, көбінесе оларды қос ішекті домбыраға қосып шырқайды.

Қоғыз қос ішекті саз аспабы тегіне жатады. Оның ішегі жылқының құйрығынан жасалып қияқпен тартып ойналады. Ишекті аспаптарымыздан қоғыздың бір айырмашылығы оның жоғарғы пернелері жок, шанағы дөп-дөңгелек. Құлағы қатты бұралғандықтан керілген ішек пернеге тимей, алуан түрлі үн кияқты құбылта ойнату арқылы ғана шығады. Жалпы бұның езі де киын. Бірақ даусы онша сынғырлап тұрмажанмен сүйкімді аспап.

Домбыра мен соңғы соны әндер кисса жыр мен қоғызды қазір басы бүтін ығыстырып шығарды. Қырда енді позияның төмөндегі түрлери бар:

1. **“Жыр”** бұл жайында жеткілікті баяндағым-ау деймін.

2. **“Жылау”**. Аза үстіндегі жоктау жыры. Әдетте оны әйелдер айтады және қобіне жаңынан шығарып суырып салып айтады. Орта жүздегі жүрттың бәріне белгілі ең бір жан тебірентерлік жылаулар мынау. Уәлидің Айғаным ханшасының 1833 жылы шешектен қайтыс болған ұлы Мәмекені жоктап жылауы. Сосын кейін танымал суырып салма ақын болған, небары он төрт жастағы Ажардың күйеуінің асында табан аузында шығарып айтқан жоктауы.

3. **“Қайым”**. Жас жігеттер мен қыздардың тойдағы айттысында қолданылатын сұрақ пен жауаптан тұратын өлең. Олар төрт жолды шумактан тұрып, алдыңғы екінші жолы мен төртінші үйқасып отырады. Бұл өлеңдер кейде жұмбак түрінде айттылып, одан өткір әжуаға ұласып тіпті бетін бар, жүзін бар демей тіліп түсер балағатқа да айналып кетеді.

4. **“Қараөлең”**. Кәдімгі әдеттегі өлең. Әрайсысы белгілі бір ойды білдіретін төрт тармақты шумак. Бұл өлеңдер қобіне шырқап салар дауысқа негізделіп төрт тағанның ешбір мағына бермейтіні де үшірасады.

5. **“Өлең”**. Кейінгі кездегі құллі жаңа ақындар бұл түрді суырып салу үшін, ұзак дастандар үшін де қолданып жүр. Оны қолданыска ендең енгізушілер қарауыл руының Әтеке-жебір тармағынан шықкан Орынбай мен Атығайдың жаңа Қыргыз деген атасынан шыққан соқыр Шөже ақындар. Олар

үдайы Әбілқайыр Фаббасов төренін төнірегінде жүреді. Бұл өлеңдердің арқау көбінесе діни тақырыптағы хикаялар болады. Олар енді Сейтбаттал қожаның ерлігін, Жүсіп пен Зылиханың махаббатын, Ибраһимнің өмірін және басқаларды жырлайды. Бұл хикаялар ой-пікірінің таптаурандығымен, бейнелеу құралдарымен түрпайылығымен тындаушысын мезі етеді. Өлеңнің түрін акындар сұзырып салып айтуда үшін ең қолайлы деп тауып қазір оған бауыр басып, әбден жаттығып алды. Айтулы “Қозы Қорпеш-Баян сұлу” дастанын маған әйгілі Жанақ акын оны он бір буынды өлең түрінде айттып берді.

Өлеңнің қазак қырына тарап тамыр жая бастағанына елу жылдан сәл ғана асты. Бұл Қазан мен Тобыл татарлары үшін далаға жол ашылғаннан кейін кірген жаңалық. Бұрындары тегі татар қашқындары қазақтар қойдай матап қытайға, Бұқар мен Ташкентке апарып сата берген гой. Мұхаммед дінінің кіруіне орай татар тектілер қырда дін үшін азап шеккен, тиісуге ешкімнің хақысы жоқ уағызшыларға айналды. Сөйтіп татар позиясы түрлі ой мен өуез келісіміне шып-шып толып тұратын қазақтың төл тума қаһармандық жырларын ысырып таstadtы.

Өлең төрт тармақтан тұрады, оның алғашқы еki жолы мен төртінші силабикалық жүйеде бір үйқаспен түседі. Ал үшінші тармақ үйқассыз қалады. Шығыс поэзияның бар қөлеміне бірдей араб өлшемін қолдану қолайлы бола бермейтінін дәлелдеу үшін өз ориенталистерімізге арнап мысалға Қозы Қорпештің алғашқы төрт жолдық шумағын ұсынбақпын.

*Мекен іздең жігіттер кел кетелік,  
Ортасында кек тәбе белгі етелік.  
Азаматтар, ерінбей тыңдасаңыз  
Қозы Қорпеш-Баянды тербетелік.*

1. Татар тілінен немесе ғалымдар түркі деп жүрген түбірден тараитын жергілікті тілдердің бәрінде “жігіт” деген сөз бар. Алайда ол әртүрлі елде әркелкі айтылуымен катар әралуан мағына да береді. Кавказда, Анадолы құрттерінде бұл сөз желкөңіл, еразамат, шабаноз. Константинополде – әскери ақыл-айла атты-әскердегі айла-тәсіл жайында айттылса да ол осы мағыналарда қолданылады. Орта Азиядағы қошпенди түркі тайпаларында жігіт сөзі бозбала, нағыз азамат дегенді білдіреді. Жігіт деген ұғым жасымен өлшенбейді, қырға тегі сексенге келгеннің өзінде сәби болып қала беруге болады. Отырықшы Қазан және Тобыл татарларында жігіт сөзі жалпы қолданылмайды. Оны олар жарым қосшы, жарымқұл деген мағыналары малай сөзіне ауыстырып жіберген.

2. Азаматтар, шоралар деген сөздер ежелгі қазак

жырларында жи үшырасады. Азамат сөзі туыскандарына тәуелсіз, кәмілетке толып, енші алып шықкан үйлі-баранды еркін кісі деген мағынада айтылады. Шора да осы сөздің сыңары. Алайда бұл сөз азамат дегенді қосарламай дербес қолданылады. Шора азамат десе ол еркін әскери мағынаға ие болып серік жасақ деген үғымды білдіреді.

Қозы Қөрпеш пен Баян сұлу жайынағы ертегі Орта Азияның татар және монгол тектес тайпаларында түгел бар. Әлбетте, олардың өмір сүрген уақыты мен туған жері өзгеріп отырады. Профессор Эрдман Қозы Қөрпешті парсы тілінде түсініктемесімен шығарыпты. Оны мен оқығаным жоқ. Өйткені парсы тілін білмеймін. Содан соң Қозы Қөрпешті біреу Орынборда башқұрт тілінен аударып, аз ғана данамен бастырыпты.

Қазақ қырында ол жыршылар арасында ауыздан-ауызға тарап жалғасып келе жатқан аңыз.

Қазақ поэзиясының жасану, түрлену түрлерінің мәні мынада. Өлең бұрынғы бір атакты ақын әнші шығарған немесе жаңадан суырып салынған ән домбыра мен қобыздың сүйемелдеуімен немесе ым-қымызымен түп-нұсқаға жақын айтылып ел арасына тарайтын өүен. Өләнді айтатын өлеңші әнші өз жанынан кіріспе қосып хикаяны түйіндеуге де хақылы. Мәселен, жоғарыдағы төрт жолдың алғашқы шумағы қарекесектің қамбарынан шыққан Жанактікі де, қалғаны бағзы замандағы белгісіз ақыннан қалған аңыз дастан.

\* \* \*

Қазактың ен тамаша таңғажайып тарихи жыры – “Едіге”. Кәдімгі Тоқтамыстың жарлығында айтылатын Едіге, Әдэку мен Идигей, Ворскла түбінде Витовты жер қаптырған түмен басы, төрт бірдей ханның тұсында. Орданы емін-еркін билеп-тестеген Бек манап. Орак, Еркөкше – тағы басқа эпикалық дастандардың қаһармандары да ногайлы дәуірінің алғашқы кезеңіне жатады. Алайда ол жырлар Тоқтамыстан кейінгі ырду-дырду дүрбелен дәуірдегі тайпалар толқуы, хандар хактығысының батырлар шабуылын көркем кестелеуімен қызықты да құнды, Қазактар поэтикалық туындылары эпостар мен мадақ жырларда және жоктауларда, яғни зайыбының өлген ерін, ұлын жоқтап жылауларында, тіпті суырып салма өлеңдерінде белгілі бір үйқас пен қалып бар. Және олар ежелгі Грекияда Гомер жырларын таратқан қиссашылар сияқты рудан-руға, үрпактан-үрпакқа ақындардың айрықша бір қауымы арқылы беріліп отырған. Ал бұл ақындар бай-сұлтандар мен билердің мактау сөзі арқылы айрықша құрметке ие болып

атағы шығып аты жайылып байлықта да ие болған. Қазіргі кезде бұндақ ақындар қырда қаптап кетсе де олар енді өлеңді сүрып салып айтумен абырай алып жүр. Соңдықтан ежелгі жыр жаңа үрпакқа түсініксіздеу болғандықтан қолданыстан бірте-бірте қалып, оларды білетіндердің өзі азайып барады. Оларды жинау да қызын қанша құлшынғанмен Қозы Қөрпештің толық нұсқасын, Едіге мен Орактан шағын үзінділерді мен әрен жазып алып үлгердім. Алайда талаі уақытта ежелгі жырлардың бәрін табатынына сенемін. Жақында оларды жатқа біletіn біr ақынмен таныстым.

Ежелгі түркі аңыздары мен қиссалары, әсіреке қазактың үш жүзінің одағын құраған рулардың атаулары мынадай ойға қалдырады. Қазақ және қазақылық қауым деген сөздер бағзыдан келе жатқанымен қазақтар түркі жүрттың ішінде онша көне халық емес...

---

\* Орыстар қазактарды қырғыз атағанымен олар өзін қазақпыз дейді. Багзы заманда қазақ еркін, бұла деген мағынада айтылған. Қазақылық деген етістік “Бабырнамада, Шәйбани әuletі жөніндегі бабыр жазбаларында кездесіп қанғыбас, кедей-ақ деген мағынада айтылады. Бұл сөз ертедегі орыс еліне де осы мәнде әжептеуір мәлім болған және сол үғымда қолданылған. “Олардың қазақ боп қисапсыз көп кісімен қырда кошип жүргені сіздің патшалық биік құзырынызға аян болар” деген жолдар осының аңартады (Орыс мемлекетінің сенім хаттары мен келісім шарттары жинағынан). Уәлихановтың ескертпесі.

\* 1423 жылғы Никон жылнамасында Құдайдат ханның адайларға шабуылы жайында айтылғанда “Сол шайқаста ногайлының алып тұлғалы әрі алапат құшті батыр Қокшенің өлтірілгені” еске алады. (Уәлихановтың ескертпесі)



## Жоқтау жырдың үлгісі

Бұкар жыраудың Абылай қайтыс болғандағы айтқаны

Күпшек санды күренді  
Тәбияға жаратқан,  
Қырық сан қара қалмақты  
Жарлығына қаратқан.  
Айбалтасын алтынменен булатқан  
Алафасын арттырып  
Арпалап атты қунатқан.  
Лабашы деген бір елді  
Антымен улантқан.  
Еренші менен Серенді  
Тозғындытып шулатқан,  
Перістесін жұрт үстінен дулатқан.  
Еңсесі биік боз орда  
Салтанатқа орнатқан,  
Болаттан шеге соқтырып  
Шаңырағын торлатқан.  
Ушбу жерден бектерін  
Жасыл көлге мәслихатқа келтіріп,  
(Зәмзәм сұын) мыс табакқа толтырған.  
Қазығын қалайыдан қақтырып,  
Тоқлағын сом алтыннан соқтырып,  
Нақыра күміш шаптырып,  
Былғары сына піштіріп,  
Шыны аяқпен іштірген.  
Орындығын оймыштап  
Ою нақыш салдырған,  
Сандығын сары алтынға малдырған,  
Көшсе қырқын арта алмас,  
Қырық мың атан тарта алмас.  
Қызылаяқ мал жиып  
Қалижасын алдырған.  
Алғын, шығын арқалап  
Бетіне бедер камқа салдырған.

Туырлығың қара кіс,  
Толулы бір тұнлігін  
Ұшығадан ұстатқан.  
Байтағың байып мал беріп,  
Байракты жерге қыстатқан.  
Ғаділдігін Наушаруан ғаділге жеткерген,  
Жомарттығын Хатымтай жоматтан өткерген,  
Күнде меһман құзетіп,  
Кесекілеп ет берген,  
Имандының ісіне қарап бет берген.  
Бір құдайдың дидарын  
Сен көрмесен кім көрер,  
Табандасқан дүшманға  
Күнінде қылыш шауып өткерген.



## ***Абылай туралы жыр***

Мен бір жырды жырлайын,  
Жырласам нені жырлайын?  
Ертеде өткен Абылай  
Хан иемді жырлайын.  
Оныменен қоймайын,  
Атысқан жауын жырлайын.  
Қосқан малын жырлайын.  
Мінгенде аты кер еді,  
Есенғұл мен Ерсадыр,  
Қыргызда данқы бір шыққан ер еді.  
Анау бір Садыр аттанды,  
Аттанды да бас салды.  
Қазақ бір ойға түскенде  
Тыныш үйиқтап жатпады.  
Аксу менен Көксуды  
Аттана келе сарт алды.  
Қара қуыс-шүңқырдан  
Семіз найман шабылды,  
Соның ішінде қоңырат  
Одан да әрман шабылды.  
Сайқал терек түбінде  
Мұзды бұлақ басында  
Суға аққан қозы-лақ табылды.  
Он бес жасар жас бала  
Жаугаш сонда жылайды:  
Сен Садырга қылмасам.  
Соныңа сүргін салмасам.  
Арқадағы Абылай ханыма бармасам.  
Сейтіп бір кегімді алмасам.  
Тағы бір мезгіл болғанда  
Жаугаш бір атқа мінген күн.  
Беліне садақ ілген күн,  
Караканды қолынан  
Сығып алып ішкен күн.  
Күн кешкіріп қалғанда,  
Көгенге қозыны салғанда,  
Төсойыққа барғанда.

Шалбар салды болғанда  
Тиіп кеп жылқы алған күн.  
Төрт кісіні басшы алып,  
Бір кісіні қосшы алып.  
Арқадағы Абылай ханға барған күн.  
Алдияр деп бас ұрған күн.  
Хан Абылай сұраган күн:  
— Жолың болсын **Жауғаш-жан?**  
— Хан Абылай, тақсыр хан  
Тәнір берсе мол болсын.  
Қара қуыс-шұңқырда  
Семіз найман шабылды  
Соның ішінде менің  
Коңыратым жаман шабылды.  
Аксу менен Көксуды  
Сайқал терек түбінде  
Мұздыбұлақ басында  
Суга аққан қозы-лақ табылды.  
Ойнап бір жүрген құрбысын  
Жауғашын жаман сагынды  
— Әй, Жауғашым, Жауғашым,  
Сен бара тұр, бара тұр.  
Сүмбіле тузын жылтиып,  
Ат семірсін құнтиып.  
Мен Садырға қылайын.  
Баяғыдай болайын.  
Пана бергей құдайым.

\* \* \*

Тағы бір мезгіл болғанда  
Сүмбіле туды жылтиып  
Ат семірді құнтиып  
Жұз қойға алған құлаша ат  
Жорактай болып семірді  
Жыландаі болып жарады.  
Хан Абылай тақсыр хан  
Ұлы бір жүзден қол жиды,  
Кіші бір жүзден қол жиды,  
Әсіресе, оның ішінде  
Уақ пенен керейден  
Ерепайсыз мол жиды.  
Көкбөрідей жалды хан,  
Ителгідей әлді хан,  
Қаршығадай сұсты хан,

Токал-терек түбінде  
Аттан тұспей тұрды хан,  
Келелі кеңес құрды хан.  
Бәсений ұлы Барлыбай  
Омыраулап сейлейді  
Кісі ыркына көнбейді.  
— Сен көкбөрідей жалды хан,  
Токал-терек түбінде  
Кеңес құрып алдың, хан.  
Аттанып кетіп қалдың хан.  
Имансыз қолға тұстіңіз  
Кел, қайталық дейді хан.  
Сонда Абылай жылайды  
Абылай не деп жылайды?  
— Қырымынан Орактың  
Найза ұстаған батырдың  
Бірде бірі жоқ болды.  
Мен неліктен жоқ болдым.  
Және тосып шоқ болдым.  
Сол мезгілде ол байқайды  
Кедейліктен бір қынбай,  
Осы топқа келгенін  
Керейдің ұлы Тұрсынбай.  
Көн садакты шерің бүл.  
Көпке арнады сөзін бүл.  
— Көкшолақ атты дегенмен  
Олжа да алар жайым бар.  
Имансыз боп қайтпалық  
Дүшпанға ат қойындар  
Баста, — дейді хан Абылай.

\* \* \*

Абылай ханың сол шақта  
Қаздай болып қаңқылдап  
Бурадайын бүркышылдап,  
Сай суындай сарқылдап  
Жай тасындай жарқылдап.  
Хас жауынның бауыры  
Қолға да толды солқылдап.  
Шабындының ішінде  
Қос айдарлы ұл кетті.  
Қос тұлымды қыз кетті.

Соның жаман айы өтті.  
Иман кылып аламыз.  
Кел, шабалық, дейді хан.  
Аруактанып Абылай  
Қарт бурадай шабынды.  
Жұз қойға алынған құлаша ат  
Төрт аяғын қағынды.  
Жау атындаі сабылды.  
Сабылғанын білген соң  
Абылайдай тақсыр хан  
Айыл-тұрман тағынды.  
Арғымағын оздырды.  
Бейқүт жатқан қыргызды  
Сары-белде тоздырды.  
Қалмақшадай қылдырды  
Қыргыздың белін сындырды.  
Шапты да қайтты Абылай.  
Абылай шауып қайтқан соң,  
Садыр батыр келеді.  
Сай суындаі сарқылдал  
Жай тасындаі жарқырап.  
Абылай ханның қорыққаны  
Қорыққаны емей немене,  
Ат тізгінің тартады.  
— Эй, Жаугашым, Жаугашым,  
Оң қолымда лашын,  
Сол қолымда Жаугашым  
Аз досым да табылмас  
Жаугаш-жан сендей кимас ұл  
Мінгенде аты Кер-еді,  
Ейсенғұл мен Ерсадыр  
Қырызда даңқы бір шыққан ер еді.  
Бар, Садырға бара гөр,  
Ауылдастың Садырмен  
Таластың бойы тар жайлау  
Таласа барып жайлайык.  
Күнгесу бойы көк жайлау  
Кінгесе барып жайлалық  
Қазы менен картаны  
Қия кесіп шайнайық  
Жаугаш барып Садырға:  
— Садыр батыр, тұра тұр,  
Арқадагы Абылай

Хан ием мені жіберді, –  
– Деп сөйледі жігерлі.  
– Бар, Садырға бара ғөр,  
Мінген де аты кер еді,  
Ейсенғұл мен Ерсадыр  
Қыргызда аты бір шыққан ер еді.  
Жауласпаймын Садырмен,  
Ауылдастып Садырмен  
Таластың бойы тар жайлайык  
Таласа барып жайлайык.  
Күнгесу бойы көк жайлайык,  
Кінгесе барып жайлайык.  
Қазы менен қартаны  
Қия кесіп шайнайык.

\* \* \*

– Қоки! Ауылдаспаймын онымен,  
Жауласамын ол құлмен.  
Таластың бойы тар жайлайык,  
Таласа барып жайламан.  
Күнгесу бойы көк жайлайык,  
Кінгесе барып жайламан.  
Қазы менен қартаны  
Қия кесіп шайнаман, Қоки!  
Абылай деген кәрі құл  
Үш шапты біздін айылды.  
Оныменен түрмады,  
Абылай деген кәрі құл  
Араны ашып айырды.  
Тастап кетсін жесірді  
Талай қылды кесірді  
Бір қылмады, мың қылды, Қоки!  
Жабағымды жүн қылды.  
Жас қайсымды қыл қылды,  
Бозбаламды құл қылды,  
Ақ ботамды күң қылды.  
Оныменен тынбады, Қоки!  
Абылай деген кәрі құл  
Маган да қырап қылған-ды, Қоки.  
Енді маган сиынды,  
Босатсын бастан үйімді,  
Қан қылмай шешсін киімді.  
Белек-белек айтармын,  
Боздай жыртып отармын  
Дөдегесін киярмын

Айтіксесіне мінермін.  
Кеудесіне қонармын.  
Ауылымды шапқан сол құлдың  
Сүйегінің үстіне  
Мұнара қылып оярмын.

\* \* \*

— Мінгенде аты Кер еді,  
Ейсенғұл мен Ерсадыр  
Қырғызда даңқы бір шыққан ер еді.  
Айыншага барған Жаугаш-жан  
Садыр батыр не деді.  
— Ой, Абылай, тақсыр хан  
Сен не етерсің, не етерсін?  
Сөз мәніне жетерсің.  
Анау бір тұрган Садырдың  
Әктемсіген сөзі бар.  
Құдайдың бізге тұзу көзі бар  
Сен келгесің, келгесің.  
Келіп қырғызды шапқансың  
Тегін олжа тапқансың.  
Қоқи! Аңдаспаймын сол құлмен,  
Үйінде маған қырап қылған-ды, —  
Деп Садырың тұлданды  
Сонда Абылай сойледі,  
Сөйлегенде бүй деді  
— Жалаңтөс батыр сен болсан,  
Анау тұрган Садырды торып, атсаңшы  
Қарқ олжаға батсаңшы.  
Ал Садырды атпасан,  
Садыр сені алады,  
Ат көтіне салады.  
Таңдайыннан тісінді  
Түгел қағып алады.  
Жанған отқа өзінді  
Шырқыратып басады.  
Алладан үкім келген соң  
Бір шыбындей көке (жан)  
О, қай жакқа қашады.  
Қоңыраттың көп мерген  
Көбінде болған сол бақұс  
Әрме қара мылтықты  
Тізеге ала келтірді.  
Аузын бір оққа толтырды.  
Аттан бір қырғын соғыста

Оқшантайын қағысты  
Оқ-дәрісін тауысты.  
Алдалай Абылай шанышкан күн  
“Қокилап” қырғыз қашқан күн  
Қазакты мысы басқан күн  
Қырғыздан аруақ қашқан күн.  
Атекені топырак басқан күн.  
Арғымағын оздырды,  
Бейкүт жатқан қырғызды  
Сары-белде тоздырды  
Шапты да қайтты Абылай.

\* \* \*

(Сол жорыкта Атеке – жырық оққа үшқан,  
Мынау соның қызының жыры)

Меркінің басы сұығын,  
Аңғарда жолдың сұлуын!  
Мына бір қазақ келуін  
Келе сап тұзак құруын.  
Атекемнің өлүін,  
Қыын болды-ау көрүім.  
Садыр кірді қамысқа,  
Атекем шапты намысқа.  
Қызыл шекпе бүркеніп,  
Қыздармен қалды бұ Садыр  
Кара шекпен бүркеніп  
Қатынмен қалды бұ Садыр.  
Абылай ханның найзасы  
Қола бір болып қайысты.  
Атекемнің найзасы  
Қарағай болып майысты.  
Құрым тоқым Абылай  
Құрдасыменен Атекем.  
Тері тоқым Абылай  
Тыңдасын не Атекем.  
Басынды қойды дауға, аға,  
Қанынды қүйды қауғаға.  
Өтінді лайлады  
Ішсе де қанға тоймады.  
Абылай деген қас айғыр  
Ежелгі кегін қоймады.



## *Oraқ батыр*

### *Oraқтың толғағаны:*

Арту да арту тау келсе,  
Атан да тартар бүгіліп.  
Алыстан қара керінсе,  
Қарақұлам жетер үгіліп.  
Жетейін деп үңіліп,  
Аш маралдай бүгіліп.  
Сол Қарақұланың үстінде,  
Айдынды Орақ сынды,  
Ердар кетер шүйіліп.  
Фазырайыл келгенде,  
Шын ажалың жеткенде,  
Ау, жігіттер, кетерде сонда,  
Бір шыбындай жаннан тұңліп.  
Көктің құсы қөгершін,  
Қек деп ұшар жем үшін,  
Қекала қамқа жамылып,  
Орақ жортар мал үшін,  
Тым-тым үшін тым үшін,  
Теніздер кештім мал үшін.  
Тендер менен кем үшін,  
Кемдер менен тең үшін.  
Үйге де келіп қарасам,  
Төрт бұрышын (барласам),  
Қара да сабам жоқ үшін.  
Қатардан келіп қарасам,  
Қатардан қүшім кем үшін,  
Үйге де келіп қорландым,  
Түзге де барып зарландым,  
Төрде тұрган сай жебе,  
Сілкініп алып байланым.  
Алыста жатқан дұшпанның,  
Жел жағынан айландым.  
Серкесанды қостадым,  
Төлсарыны бостадым.  
Құмға біткен құбаршын,

Серкесанның жалы жок,  
Телсарының қоңы жок,  
Кесіп алып сал еттім,  
Алыста жатқан дүшпанның,  
Көк алалы көп жылқы,  
Айдап алып мал еттім,  
Жылқы иесі келмек жок,  
Жылқы иесі келсе де,  
Белсеніспей бермек жок.  
Ау, жігіттер, (жігіттер)!  
Жалаңаш жүр де жауға шап.  
Осынау жалған дүниеде,  
Ажал жетпей өлмек жок.  
Қанлыдан алтау келдім деп,  
Оракқа зорлық қыламыз,  
Қайратына мінген соң,  
Бұрала кетсе жат болар.  
Қылыш шапса мерт қылар,  
Сүйрей-сүйрей көшерге,  
Сүйір таулар болса игі.  
Сүйір таулар болса да,  
Онан сүйреп көшерге  
Сүйір атан болса игі.  
Сүйір атан болса да,  
Оның басын жетелер,  
Коян қолтық, керме қас,  
Ару шешей болса игі,  
Ару шешей болса да,  
Сұнгұлі ұлдар туса игі.

Сұнгұлі ұлдар туса да,  
Бесеу-алтау болса игі.  
Бесеу-алтау болмаса,  
Алманың ағынан да көгі игі.  
Жалғыз да туған сүм басым,  
Барымнан жоғым көп игі.

### *Қарабатырдың толғаганы:*

Мен, толға десен, толғайын,  
Орак саған толғайын.  
Қай-қайдағы тәжік,  
О түрікмен, күржіні,  
Терек бойлы естекті,

Мұнарасы биік Мәскеуді,  
Аузы түкті орысты,  
Басы шоқты қалмақты,  
Шұлдірлеген шүршітті,  
Өзіме қараттым,  
Кәпір болсан өк аттым.  
Мұсылман болсан жан тарттым.  
Он екі жасқа келгенде,  
Ұшар жүйрік жіберіп,  
Он сан құлға бас болдым,  
Он сегіз жасқа келгенде,  
Есен ұлы Бұлайдай,  
Есеке ұлы Жолайдай,  
Қарабатыр атымды аңыраттым.  
Ағытқан қойдай маңыраттым.  
Төрде жатқан Орақты,  
Өкпеге теуіп ояттым.  
Әлінің ұлы ай Орак,  
Қайдарда қайда жүріп тең келдін.

### *Oraқтың толғағаны:*

Мен, толға десен, толғайын,  
Қарабатыр, саған толғайын.  
Мен сенің түп-түбінді айтайын.  
Сен Машақыр деген шаһардан,  
Азып шыққан жалғыз үлі сарт едін,  
Әкең кара кісі еді,  
Ас бергеннің құлы еді.  
Шешен қара кісі еді,  
Мал бергеннің құні еді.  
Қара құлам жалсыз, ер малсыз.  
Аллахтың хайырынан,  
Мал берер күні болжалсыз,  
Қарақұлам жалды жабылар.  
Іздесе Орак сынды мырзага,  
Дүшпанның малы табылар,  
Қарақұлам жалы шенгелді.  
Айдынды туған Ораққа,  
Матрөшке құлдың баласы,  
Малы менен тең келді,

Бай баласы байға ұсар,  
Байланбаған тайға ұсар,  
Құл баласы құлға ұсар,  
Құлағын кескен итке ұсар.  
Бүгіннен соң бұ тойын,  
Бырылдасқан итке ұсар.

### **Қылышын мақтап бір сыйбага қылғаны:**

Сол көмірін жағызды,  
Сонда (сексен) шәкірт мойыған.  
Басуна шыдамай, балуандар жылаған.  
Тойтаруына шыдамай,  
Тоқсан шәкірт мойыған.  
Суаруына шыдамай,  
Айдын көлдер күрыған,  
Айдынына шыдамай,  
Ай бұлтқа сыйынған.  
Көруіне шыдамай,  
Көз қабакқа сыйынған.  
Қынға салса қылт еткен,  
Суырып алса жылт еткен,  
Сағасы алтын нұр болат,  
Ау, жігіттер, жігіттер!  
Бұл сезімді білініз.  
Жалғыз да туған Ораққа,  
Мұны да бір сыйбага қылыңыз.

### **\* Жыр жайында және бір пікір**

Ойды ой оятатынына дау бар ма, бір әдебиетші-галымның мақаласын оқып шығып, жыр үзінділеріне қайта үңілгенде тағы бір пікір қылаң бергендей болды. “Орақ-Мамай” жырының ескі нұсқасын мен мынау үзінділерден тәп-тәуір талдай отырып, автор бұлар өү баста біртұтас дүние еді деген тұжырым жасайды. Рас, Орақ-Мамайды қатар ату халықтың санасына қашаннан сінген үйреншікті ғадет. Кей нұсқаларда екеуін бір әке, бір анадан туған ағалы-інілі етіп те қояды. Қалай дегенменде, екеуінің тубі бір атадан тараитыны анық болуға керек. Оған қағазға түспеген көне тарихымыздың дерек көзі – халық жырлары күе. “Орақ-Мамай” жырының жалғасы

сынды “Қарасай-Қази” дастаны осы ойымызды айқындағы түседі. Оның беташар бөлімінде мынадай жолдар бар:

Он таңбалы Үримда,  
Қырық таңбалы Қырымда,  
Сан таңбалы Санайда,  
Он екі баулы Ногайда  
Бабай тұкті баба отті,  
Төрекан, Мұса және өтті.  
Одан туған Орак пенен Мамай-ай!  
Орак-Мамай күнінде  
Тенгерілген ногай-ай!  
Орак деген ер өтті,  
Мамай деген хан өтті.  
Орактан қалған қос жетім  
Қарасай-Қази бала өтті.

Елім деп еңіреп туған екі ердің де ағайынды азаматтар екені осыдан аңғарылмай ма. Тұп атасы Бабай тұкті шашты Әзиз болса, ол ел аузындағы анызда атақты сайыпқыран сардар Едігенің әкесі. Едігені тарихи деректердің көбіндегі манғыт немесе коңырат тайпасынан шыққан, әкесі құмкенттің өмірі болған деп жазады. Оның бір бұтағы Мұсадан Мамай мен Орак тарайды.

Ал Шоқанның алшын Нұрымбай жыраудың аузынан Торғай даласында жазып алып, орысша аударып бастыратын “Орактың толғауын” “Орак-Мамай” жырының бір бөлігі деп үзілді-кесілді түйін жасауга бола қояр ма екен? Себебі өр сөзін саралап, өр деректі безбендеп, ой сүзгісінен өткізіп отыратын үқышты ғалым “Жырда Қарауыл руынан шыққан Орак батырдың бастан кешкендері” деп тайға таңба басқандай анық айттып отыр. Орак Ресей жеріне жорық жасап, қолға түсіп қалады да, тұтқында он жыл жүреді. Ресейде жүріп үйленеді. Бірнеше баласы болады. Алайда туған даласы есінен екі елі шықпай, бәрін тастан қайтадан еліне оралып, қырда қалып қояды. Енді бір енбегінде (“Жонғар очерктері”) Орак балаларының бірі орыс кінәзінің қызына үйленіп, кінәзлік атак алғанын, бірақ ол туралы нақты тарихи құжатты қөзімен көрмегенін жазады. Жалпы, ұлы ғалым Орак батырды төрг-бес енбегінде еске алады. Алайда бірде-бір жерде Орак пен Мамайдың арасындағы байланыс жөнінде ләм-мим деген сөз жоқ. Кейбіреулер Мамайды орыс жұрты жек көретін болған соң оқымысты тек Орак жайындағы жырдың үлпілерін алған шығар деп ойлауы ықтимал. Шоқанның өз ойын бүтіп қалу дегенді білмейтін батылдығын, алдында патша тұрса да айтарын айттып тастайтынын

батырлығын ескерсек, бұл болжамға жығылудың реті және келмейді. Соңда орыстар Бату ханды жақсы көрді ме екен?!

“...Бату татарларының үрім-бұтағы болғандықтан біз орыстармен тарихи байланысты былай қойғанда қандас та туыспыз” (“Сот реформасы жайындағы хат”) деп жазғанда жырдағы Орак пен Мамайды катар атаудан қорықлаған болар. Соңдықтан бұл хан Мамайдың туысы батыр Орак емес, кәдімгі қарауыл Орақ болуы әбден мүмкін.

Қарауыл руының шежіресіне назар аударсақ, Қарауылдан Мәшек, Мәшектен – Ақкісі, Бөлекей, Карт туады да, Бөлекейден Құлымбет, Тұнқатар тараиды. Құлымбеттен Бектауыл мен Токтауыл. Осы Токтауылдың ішінде Орак, Көшек, Ноғай деген аталар бар. Сол Орактың үрпақтары күні бүтінге дейін Көкшетау мен Торғай облыстарының астасқан тұсында өсіп-өніп өмір сүріп жатыр. Шоқанның айтуына қарағанда, елге қайтып оралып, қырда тамыр жайып әulet өрбіткен батыр баба жыр қанарманы Орақ болуы керек. Ұлы ғалым айтқандай, Орак балаларының кінәз атағы болғаны анық. Мәселен, орыстың өткен ғасырдағы ірі ақындарының бірі, әрі шығыс шайырларының шебер аудармашысы Михаил Ларионович Михайллов кінәз Ораковтардың немере қызынан туған. Осының бәрі қазак тарихында екі Орак болды ма екен деген ойларға жетелейді.

(С.А.)



## Түстік-Сібір тайпаларының тарихы туралы

Еуропалық Ресейдің түстік-шығыс бөлігіндегі кеңістігінде, тундрада бұқіл Сібір ормандары мен қырларында қоныс теуіп, көшіп-қонып, қанғып жүрген жұрт, бізге бұратана деген атпен таныс әралуан халық көп-ақ. Бұл халықтардың түбі фин, түркі және монгол тегіне жатады немесе осы тайпалардың түрлі нышандарын тал бойына тамаша жинақтаған бөлекші бір құрама. Олардың тұрмыс-салты, тілі тіптен беймәлім. Императорлық география қоғамы өзінің аса пайдалы қызметінде тегі басқа, діні басқа ресей тайпалары туралы этнографиялық мағлұматтар жинауға қаншалықты тырысканымен, олар туралы күні осы уақытқа дейін қолымызда бірде-бір құрделі мақала жоқ.

Түстік-шығыс Сібірде түркілер мен монголдардың бесігі болған Алтай баурайы мен Енисей бойындағы елде тұратын бұл монгол-түркі тайпалары күні бүгінге дейін түркінің тілі мен дәстүрін тап-таза қалпында сақтап келгені көзі қарасты монгол зерттеуші тіл маманы үшін өнімі ересен таптырмас олжа. Сібірде болып қайтқан академик Кастрен олардың көбін түріктеніп кеткен жаңжегіш тайпаға жатқызып, Саян тауларын финдердің бесігі санайды. Шынында да, фин, түркі және монгол тайпаларының адамзаттың өркендеуіне, әр дәуірдегі тыныс-тіршілігіне ықпал етудегі ортақ жайлары өте көп. Ол тілге де терең із қалдырған.

Фин, түркі және монгол тілдерінің, әсіресе, соңғы екеуінің ұқсастығын көптеген ғалымдар баяғыда-ақ мойындаған. Сібір номадтары мен түркі және монгол тайпаларының саяк аңшылары өздерінің тәңірлік дінін берік ұстанғанымен де, мінез-құлқында, өмір салтында және тілінде өзіндік ерекшеліктерін осман түріктері мен казан татарларына қарағанда әлдекайда жақсы сақтап қалған. Ал түріктер мен татарлардың бойындағы өзіне тән үлттық ұшқындардың бәр-бәрін ислам діні тұншықтырып, өшіріп тастаған. Мысалға қазан татарларын алайықты. Тарих үніне құлақ ассақ, олар Бату монголдарының үрпағы немесе Бату жауынгерлері мен түркі тайпалары – қыпшактардың қоспасы бол шығады. Ендеше айтыңызшы,

Еділ монголдарында шыққан тегін еске түсіретін бәз-бір белгілер бар ма өзі? Ешқандай нышан жок. Қазандықтар, османдықтар, қырымдықтар құран мен исламға бас қойып, мойын ұсынғаннан бері бірде-бір халық өртегісін есте ұстамаған, бірде-бір бағзы жырды сақтап қалмаған. Қазан поэзиясының қазіргі жалғыз туындысы “Мұхамедие” дастанының өзі діни сарында: тіліне тоқталсан, жартысына жуығы араб пен парсы сөздері.

Айтып-айтпай не керек, Мұхаммедтің ілімі өзінің мақсат-мұддесіне толық жетуге жақын. Ал оның мұраты – өз дінін ұстанушыларды түп-түгел арабқа айналдырып, құран мен Мұхаммедтен өзге ештеңені ойлатпау, ешкімді құрмет тұтқызыбау. Мұсылман түріктерден сіз тұрмыс тынысынан қол үзген тек біржакты діни бағытты табасыз. Басқа жағдайдың бәрінде тек олар барып тұрган топас, басы артық қымылға, қарекетке қабылетсіз. Тіл жөніндегі туысқандарына келсек, бұлардан білім жөнінен әлдеқайда төмен сатыда тұрганымен, ақыл-ой жағынан әлдеқайда жоғары. Қаңғыбас якут пен қалмақтың һәм монголдың халықтық қасиетін байлай қойғанда өзіндік бай поэзиясы бар. Демек, шектеулі болса да олардың өзіндік білім деңгейі, ой ауқымы, озық өмір өрісі бар.

Якуттардың дастандарын оқып көрініші. Орыс жазушысы Н.Шукиннің айтуына қарағанда (“Якутскіге сапар”), ол дастандардың поэтикалық қана емес, тарихи да маңызы мол. Өзі аттас дастаның кейіпкері Оногай-бай, анызға қарағанда, Алтайдан 150 адам ертіп шыққан. Бұл аңыз есте негізсіз емес. Қарағас татарларының (Енисей губерниясы) арасында күні осы уақытқа дейін Сака деп аталатын болыс бар. Якуттар өзін сақа атайды. Мұндай дастандар якуттерде көп-ак, Оногай-байдың ізімен шыққан көштің басшысы Еллай батыр және Бағаны батыр, Немөйбай-тойон ел тарихының өр кездегі белгілі оқиғаларын халық есінен мәңгі өшпейтіндей етіп кетті.

Халықтың діни салт-санасымен таныстыратын дастандар да баршылық. Олар – Хорылан, Мехсоғол, Еберен-мехсин. Ал Қыланылық-Қыс батыр жастардың романтикалық махаббатын жырлайды. (Огородниковтың Якут тілі туралы ескертпелері, “Отечественные записки”, 1846) Енисей губерниясының Минусинск уезіндегі карагастарда, Томск губерниясындағы қырғыздар мен телеуттерде аңыз-әңгімелер мен өртегілер көп-ак. Олардың мақал-мәтелдері өмірлік шындықка тұнып тұр. Мәселен, телеуттердің “Құл кейде князден де көп біледі, бірақ айтуга ырық бермейді”, “Ақыл сакалға конбайды” сиякты мақал-мәтелдері бастан-аяқ ақықат емес пе.

Енисей мен Том бүратаналарының сөзіне қарағанда, барлығының тілі негізінен түркіге жақын. Оны орыс саяхатшысы Чихачев мырза әділ айтқан. Сөзі түркіше болғанымен, шағатай тіліне жақын екені және даусыз. Зерттеушілердің айтуынша, талдау жасалған жергілікті диалекттерге бақса, олардың тілі жалпы монгол-түрк және фин сөздерінің қоспасы бол шығады. Бұл, әрине, фин, түркі-монгол тілдерінің туыстығын айқындауға тырысатын оқымыстылар үшін айрықша пайдалы. Күні бүгінге дейін якут тілдері туралы жазылып келген журналдар мен кітаптарда (Якут тілі туралы ескертпелер. “Отечественные записки”, XVII том. Қоспа, Известия географического общества) ешқандай түсінік берілмейді.

Түркі дыбыстарын орыс әрпімен, фонетикалық ерекше ешбір белгісіз сипаттау тілдің өнін айналдырып, құнын кетіреді. Автордың кейбір сөздері түркі немесе монгол сөздерімен салыстыруы күлкілі жағдайға соктырып, түпнұсқаның нақтылығына күмән туғызады. Ғылымның кемел пайдасы үшін бұл халықтардың тілмен бізді таныстырғысы келетіндер сөздік құрастырған кезде, әсіресе, якут тіліне орай, “Якут тілі туралы ескертпелер” атты мақаланың авторы Огородников мырза 1846 жылдың өзінде-ақ аталмыш тілдердің жазуы қалыптасқан монгол немесе араб әліппесін негізге аламыз деп уәде берген болатын. Соңда ең алдымен дыбыстың берілуі дұрыс болады, екіншіден, монгол мен татар тілдеріндегі тиісті сөздердің түрленуі мен өзгеруі онай ангарылады. Жақсы сөздік немесе грамматика жасақтау үшін монгол немесе түркі тілдерінің бір диалектісін білу міндетті екенін қайталаң жату қажет деп ойламаймын. Мұнсыз мәнді ештеңе де шықпайды.

Огородников мырза өз мақаласында Сібір халықтарының тілін зерттеуші неміс шығыстанушысы Б. Шоттың “түрік және якут тілдерінің үқастығы туралы топшылауының негізі бар” деген пікірін дәлелдеу үшін салыстырма жасап көреді. 21 әріптен тұратын әліппе құрастырып, мысалдар да келтіреді. Алайда одан тілдің табиғатын түсіну онай емес. Келтірілген мысалдардың барлығынан якут тіліндегі басым белгілер түркілік болғанымен, беймәлімдері фин сөздері екені ангарылады. Ал грамматикалық тұлғасы жалпы түркілік. Дегенмен, автор біраз нәрсені шатастырып алған. Соңдықтан оның мазмұндамасынан байыпташ ештеңе түсінуге болмайды. Сөздің бәрі түгел түркіше болғанымен, адам танымастай өні айналып, өзгеріп кеткен. Мысалға якуттың мынау бір мақалын келтірейік. “Ким бар бу ола эрекя сох бары тылуынан кепетярь – ойдарана”.

Мұны талдауға болады. **Бұ** дегені сілтеме есімдік, **ола**, **эрегя**, сох дегендерді білмеймін. **Бары** дегені қазак-қыргыздың барынан шықкан болуы керек. **Кипитяр** деген сөз түрк тілінің жіктеуіндегі ашықрайдың үшінші жағының жалғауы. **Ойдарана** деген сөз Огородниковтың айтуынша, жанғырық дегенді білдіреді. Бәлкім, бұл сөз құрама болуы да ықтимал. **Жылға**, үнгір, қуыс және айғай деген сөздерден құралған сияқты. Нактылап айтсақ, ойдағы айғай, үнгірдегі дауыс дегенге келеді. Авторға баксак, мақалдың мәні мынадай: “Оқып білмей жатып барлық тілде кім сөйлейді? – Жанғырық кана”. **Бұ ола эрегя** татарша жер дегенге жуық. Сонда мұның мағынасы: Бұл жерде барлық тілді білетін кім бар? – Жанғырық бар.

Қай жағынан алып карасаң да, автордың тілге жүйрік емес екені менмұндалап түр. Бұл тілді ол оқып-үйренбекен. Жұрттың айтуымен сұрап жазып қана алған. Мұндан ескертпелер арқылы біз ешқашан басқа жұрттың тілін біліп жарытпаймыз. Сондықтан бәзбір заманда түркі және монгол тілдерін бақайшақтап білетін бір ғалым шығып, олардың ерекшеліктерін ашып көрсеткенін күту, тек қана күту қалады. Одан басқаның барлығы босқа қаратер болу. Енисей, Том және Иркут губерниялары бүратаналарының көші-қонына барып, аралап көргенде тарихи олжага белшемізден бататын едік. Шығыс тарихшыларының мәліметтері де зерттеуге татитындей-ақ. Дулон-Будак мекенінің ашылуы, Әбілғазының айтуынша, олар үшін баға жеткіzsіз байлық. Өзендердің қоптеген атаулары Барфучин (Баргузин), Керулен, Онон және басқалары қазір де қаз-қалпында сакталған. Бәлкім көп жазылып жүрген Икар-Мұрын атауы “Он өзен” деген мағынаны білдіріп, жергілікті халықтың тілінде әлі де қолданылып келе жатқан шығар.

Осындағ онша мәлім емес жұрттың катарына түркі халқы – қырғыздар жатады. Әбілғазының мағлұматына қарағанда, олар Онтүстік Сібірде Селенга және Икар-Мұрын (Ангара) өзендерінің бойларында өмір сүрген. Ол бұл халықты керкез немесе қырғыз атайды. Оның айтуынша, олар Оғыз-Қырғыздың немересінен тарайды. Рашидаддин оларды Бархуджин Тоқым елін мекен еткен орман халықтарының санатына қосады. Шынғыс ханның тұсында қырғыздың иналы (Әбілғазыға сенсек, бұл халық княздарын осылай атаған) Орыс болыпты. Ол Шынғыс ханға бағынып, өз елшісі Бөріні арнайы жіберіп көзі мен шенгелі қып-қызыл ак сұнқар тарту етіпті. Қытай жылнамаларына қарағанда, дәуіріміздің 1207 жылында Шынғыс хан өзінің екі биі Алтын мен Бөріні қырғыз жұрттына

аттандырады. Сол сапардан Едірнеге мен Алдар (қырғыз бектерінің елшісі болуы керек) тамаша алғыр сұнкарлар алып келеді. Шынғыстан кейін қырғыздар Төленің иелігіне тиеді. Демек, бұрынғы орнынан тапжылмай, басқа монгол түрк үрпактарының әскери эмиграциясына қатыспаған. 1254 жылы ұлы хан – Мөңкеде болған Рубруквис қырғыздар Қарақорымнан терістікке қарай тұрады дейді.

Қарақорым мейлі Селенганың бастауында, мейлі Орхонның жоғарғы жағында тұрсын – бәрібір қырғыздар Сібірдің түстік бөлігінің тұрғындары бол қалып, Байқалға дейін тараған. Буряттар күні осы уақытқа дейін Өңтүстік Сібірдегі корғандарды қырғызгер (қырғыз тамдары) деп атайды. Фишер (“Сібір тарихы”) Икар-Мұрын дегеніміз Хуанхе деп келді. Сол себепті де қырғыздар Өңтүстік Сібірде Шынғыс ханнан әлдеқайда кеш қоныстанған деп топшылайды. Клапрот бұл болжамды жоққа шығарып, Юань династиясының (1280-1367) тарихынан қырғыз туралы деректер келтірді.

Бұл халықтың Сібірге орыстар келгенге дейінгі, казактардың қырғыздармен қақтығыстарына дейінгі кезендегі тарихы беймәлім. Оның есесіне XVIII ғасырдың он бойында Сібір жылнамаларында бұл халық әлсін-әлі үшыраса береді. Бірде олар Томскіге, бірде Кузнецкіге шабуыл жасайды. Бірде телеуттермен бірге ұрынхайдың алтын-ханымен немесе жонғардың тайшысымен бірігіп кетеді. 1606 жылы Немша бодандық сұрап, сол жайында дипломатиялық келіссөз жүргізу үшін өз әйелін жібереді. Матрона істі жүргізе алмайды да, шымбайға батар сөз естіп, кері оралады. Кек қайтару үшін қырғыздар Тар мен Томскіге шабуыл жасайды. 1607 жылы олар орыстың боданы болып, 1642 жылы жонғарлардың билеушісі Батырдың қоластына кіреді. Ал 1657 жылы Ұрынхай алтын-ханының баласы Лобзанға бағынады. Ол кезде олар Ақ және Қара жоса өзендерін бойлай көшіл-қонып Абақаның, Саян тауларының түстігін мекендейтін-ді. Батыста Том өзеніне дейін, Шығыста Енисейге шейін барып жүреді. (Қырғыздар туралы Фишердің “Сібір тарихын”, Иакинфтың “Ойраттар тарихына шолуын” қараныз).

XVII ғасырдың аяғында қырғыздар кенеттен жоқ болып кетеді. Олардың аты қайтып Сібір жазбаларында мұлдем кездеспейді.

Фишердің дәлелдеуінше, оларды жонғар қонтайшысы жер аударып жіберген тәрізді. Бірақ қайда аударды? Ол жағын ол білмейді. Алайда ұзынқұлаққа қарағанда, олардың жаңадан қоныстанған жері Тибеттің маңында Гиндукуш тауының етегінде болуга тиіс. Левшин Сібірде болған швед офицерлері

бұл оқиғаны тарихқа ең бірінші болып енгізді дейді (Левшин. “Қазак ордасы мен даласының сипаттамасы”). Клапрот бұл хабарды нактылай түсіп, олардың жаңа қонысын айқын көрсетеді.

Иакинф иландыратында, тұтас бір тайпаның кенеттен ізім-қайым жок болып, қалмақтың бір бұтағына айналып кетуін көз алдына келтіру тіптен қыын. Ол және қырғыздар – бруттар Сібір қырғыздарынан бөлек, түрік текстес халық, деп қоймайды. Олардың қырғыз деген атауы да түрікше, дегенді алға тартады. “Сібір казактары қалмақтың бір бұтағы қырғыз деп аталатын жүртқа тап болған” дейді автор. Бұндай болымсыз топшылаулар ештенеге де қол жеткізбейді.

Башқұрт болыстарында керей деген ру бар. Қырым ногайлары мен Астрахан губерниясындағы құндыр татарларының арасында және қазактарда да бар ол ру. Ал бұл үшін Енисей қырғыздары башқұрттардан, ногайлардан немесе қазактардан шықты деуге болмайды фой. Башқұрттар, ногайлар және казактар қырғыздан шықты деу және ретке келмейді. Окымысты сопы шығыстың, тіпті өзі молынан менгерген қытай деректерінде назар аудармаған сияқты.

Хакас деген атпен қырғыздар түркі хой-хуға туыстас халық ретінде Аспанасты империясының тарихшыларында еске алынады. Оның тарихында Шыңғыс ханың қырғыз халқына елшілік жібергені айтылады. Қырғыз қалмақтар арасындағы бұтағы көшіп кеткеннен кейінгі қалдығынан пайда болуы немесе казактар мен құндыр татарларындағы тәрізді өскери тұтқындармен араласудан өмірге келуі де ықтимал фой. Саяхатшы Георги өзінің 1779 жылы жарыққа шықкан Халықтар сипаттамасында “құндыр татарларының арасында бірнеше бурут, яғни, ұлы жүздің қырғыздары бар еді. Бірнеше жонғарлықтармен бірігіп кетті”, – дейді. Автор барлық жерде ұлы жүз қазактарымен көрші түрғандықтан оларды бір-бірімен шатастыра береді.

Башқұрттарға да, ногайларға да олар осы жолмен келген секілді. Башқұрттар 1780 жылдың өзінде-ақ қазактың Орта жүзінің найман болыстарынан Аягөз өзені бойынан барымталап малын айдал кетіп жүрген. Ал ногайлар аныз-әңгімеге карағанда, тарихтан белгілі болып отырғанында, 1680 жылға дейін қазақ қырын мекен еткен. Олардың Тарбағатайдан шыққан торғауыттардың басы Хо-Өрліктің қозғалысына дейін қазақ қырын жайлаганы анық. Көшпелі далалықтарда барымта барлық кезде де болған және оған ешқандай бөгет қойылмаган.

Қытайдың Дай-цин-И-тун-чжи географиясы қазіргі

Қараорда жерінде көшіп-қонып жүрген пулу деген түркі тайпасының бір халқы жайында айтады. Таң династиясының замандасты болған қытайлыктар бұл халықпен байланыс жасай алмаған. Қашқарда пулулардың бар екеніне арқа сүйеп, қытай географы мынадай болжам жасайды: “Тегі, полу есімі бәрімен үқсас, сондықтан пулудің өзі бурут екені ешқандай күмән туғызбайды”. Автордың буруттың атын түсіндіргісі келгені айдан анық. Тек қытайлыктар ғана пулудан бурут жасайтының Левшин де атап айтады.

Бурут деген сөздің қайдан шыққанын білу қызығылты. Қырғыздар өзін қырғыз немесе қара қырғыз атайды. Бірақ пулу, бәрі, бурут жайында ештеңе де білмейді. Жоғарыда келтірілгеніне қарағанда, бұл атау әсте де қытайша емес. Ал қытайлық шамасы, сөз жок, оқымысты, кеменгер болғысы келіп, бұл сөзді түсіндірмек боп әуреленеді.

Егер қырғыздардың арасында бурут деген ру немесе әulet болса, ол тек біздің ойымызша, Рашидаддиннің жазуына қарағанда, бурут тайпасынан шыққан болуы керек. Сондай-ақ қырғыздар орман халқы да болып ойраттарға жатқаны да бар. (Халық агарту министрлігінің журналы. 1845 жыл. Мамыр).

Олардың үрім-бұтағында бұрынғы Енисейде көшіп-қонып, түстікке қарай жылжуы жайында аңыз қалған-қалмағанын білмейміз. Бізге белгілі бір ғана жайт: олардың аңыз-әңтімелерге барынша байлығы. Қазақтың ұлы жүзі жанындағы бұрынғы үкімет әкімі майор Г. Франелдің 1849 жылғы әңгімесіндегі деректерге сенсек, олар өздерін ногайлылықтардың осы өнірде көшіп-қонып жүрген үрпағы санайтын көрінеді.

Олардың ру басшысы Қырғызбай Атыгене және Тағай деген екі ұлымен ногай бектерінің әсіресе Манас пен оның ұлы Семетайдың тепкісінен ығысып, Иле жағасынан түстікте жатқан тауларға қашып барып панаалаған тәрізді. Қырғызбайдың ұлken ұлы Әму мен Сырдың бастау алар түсында, Памирдің басындағы жазықта, Бадахшан тауларының арасында, ал кішісі Күнгей мен Теріскей Алатауының беткейінде көшіп-қонып жүрген. Бастапқысы Күнгей Алатаудың түстік баурайы мен Ыстықкөлдің терістік жағасында, екіншісі көлдің түстік жағасы мен қырғыз Алатауының терістік баурайында көлдің толқынымен бағытас ығып көшіп-қонып өмір кешеді. Бізге Ыстықкөл қырғыздарының үш руы ғана белгілі. Ал олардың түстікке қарай тұратын әuletінен дерегіміз жок. Дегенмен қытайлықтардың айтуынша, бұлар 15 бұтактан тұратын тақылетті.

Ыстықкөлдің жағасында шашырап жатқан қалалардың жүрті мен мұнараларының жүрнағын да халық ногай дәуіріне жатқызады.

Жалпы, біздің Алатау қырғыздары, оның ордасы туралы мағлұматымыз тым тапшы. Бұғы руы біздің бодандыққа кіргенмен кейінгі жерде тың деректерді көбірек жинауга мүмкіндік туды деп күтүте көміл болады.

Қырғыздың Ыстықкөлі ауа-райы бұзылып жел түрғанда буырканып, толқынымен ысырып, жағаға көне үй жиһаздарын жи շығарып тастайды. Халық бұл оқиғаны былай баяндап, әңгіме етеді. Ежелгі ногайлы заманында қөлдің жағасында гүлденіп, көркейген көптеген қалалар мен елді мекендер болған еді. Олардың тұрғындарын хак жолынан тайып, діннен безгені үшін құдай-тағала карғап, жазасына қөлдің шығыс жағасындағы біраз кеңістік қалаларымен, елді мекендерімен қоса опырылып, дария құдайдан безген ногайлар тобырын түп-түгел жұтып жіберген-міс.

Ногайлар туралы бұл аңыздардың ғажаптығы сол, жалпы Орта Азияның қөшпелі тайпаларының барлығына ол түгел ортақ. Қазактар да түстік және батыс өнірлеріндегі қираған қалалар орнын ногайларға жатқызады. Каракалпактар мен башқұрттардың да ногайларға базынасы бар. Аңыздың осы түсі зерттеуші үшін айрықша мәнді. Сондықтан да мен бұл туралы басқа бір жерде, басқа бір жағдайда толығырақ айтсам деймін. Әзірге назарды қазактарға аударалық.

Қазактар тілі жөнінен түркі халықтарына жатады. Қөшілік олардың түп-тегі түрік дегенді айтады. Қазак жүрті ешқашан байсалды ғылыми зерттеудің нысанасы болып көрген емес. Левшинің “Қазак ордасы мен даласының сипаттамасы” мен Броневскийдің “Орта жұз қазактары жайындағы жазбалар” (“Отечественные записки”) тәрізді енбектерді айтпағанда, ауызға алардай этнографиялық, әдет-ғұрыпты сипаттарлық мақала оқыған емеспіз. Аталған енбектердің тәп-тәүір екенине қарамастан, талап тұрғысынан келсек, олардың өзі де орта қолдыдан төмен жатады.

Ғылым саласындағы көп енбеккерлер гундар, печенегтер, уздар, аварлар жайында айтқанда, гундар шыққан елді мекен еткен қазактар мен қалмақтардың шығу тегі туралы қызық болжам жасайды. Олар Аттила патшалығы құлағаннан кейін Еділ бойына қайтып оралған гундардың кезінде күтигур, арзыгур атанған үрпактары дегенді айтады. Шынында да, қазак сиякты қөшпелі, жазу-сызуы жоқ, өткенінен ешқандай ескерткіш қалмаған халықтың түп-тегі қайдан шыкканын айқындау онай да емес кой. Қөшпелі халықтардың тарихы

мен шығу тегі туралы мәселе ешқандай мағлұмат пен деректің болмауынан зерттеуге киын соғатынын, кейде тіпті өралуан бүлдүр болжамдарға жетелейтінін жоққа шығармаймын. Дегенмен, халықтың этнографиясын мұқият зерттей отырып, ақиқатын ашпағанымен де, белгісіздіктің қаранғы тұмандына сәуле себездейтін саңлау табуға болады. Егер Гомердің жырдастандары мен ел аузынан Геродот жинаған аңыздардың азкем тарихи құндылығы болатын болса, егер бұрманған, өсірелеп айтылған кез келген аңыз-әңгіменің негізінде өмірде болған ақиқат жатады десек, онда қазактардың жағымды және жүйелі жырдастандары olandың тұрмыс-салтын, әдет-ғұрпы мен қазіргі мінез-құлқын, ата-бабаларының болмыс-бітімін бейнелеп, тарихи нұсқаулармен орайластырып салыстырғанда тарихи мәнге ие болуы да мүмкін. Бірыңғай халық ақылойының туындысы ретінде олар сана-сезімді, құллі қоғамның өмірі мен үрдісін бейнелеп, бүкіл халықтың атынан бір гана жыршының аузызымен ағыла айтылған шығарма ретінде тарихи, филологиялық қана емес, психологиялық ынтақылас туғызбай қоймайды.

Көшпелі татарлар, яғни қазактар ислам дінін ұстанғанымен, тәнірге табынушы туыскандары сиякты, отырықшы болған тайпаластарына мұлдем қарама-қайшы. Баяғыда-ак қабылдағанына қарамастан мұсылман діні татарларға және басқа халықтарға құйретерлік ықпал еткен жоқ. Қазактар осыдан жиырма жыл бұрын орыс үкіметі округтік приказдар енгізгенге дейін де мұсылман болып саналатын-ды. Соган қарамастан шамандық әдет-ғұрпын сақтап, аруақ шақыру, бақсы ойнау, рухтарға сену салтын тастаған жоқ.

Қырдың бірде-бір батыры Мұхаммедтің кім екенін жете білген жоқ десе де болады. Ұзынқұлакқа қарағанда, Орта жүздің атакты сұltаны Барак (1749 жылы қайтыс болған) “О, Мұхаммед! Алладан басқа құдай жоқ. Ал Мұхаммед пайғамбар оның елшісі” деп татар мен бұқар молдалары қайта-қайта қақсай берген соң, сол сөздің мәнін білейін деп “Татарлар мен сарттар Мұхаммед, Мұхаммед деп сарнайды да отырады. Зайыры, оның өзі пысық жігіт болған-ау!” депті дейді. Ал қазіргі жағдай мұлдем басқаша. 1822 жылы алғашкы округтер ашылғаннан бері ислам діні үкіметтің қамқорлығы аркасында қарыштап алға басты. Әрбір ауылда молда және жылжымалы медресе-мектеп бар. Кімде-кім отыз күн ораза ұстап, бес мезіл намазын оқымаса, туыскандарының қадір-құрметтінен айырылады. Бір сөзben айтқанда, қыр қазағы фанатизм жөнінен Мавлеви әuletінен шыққан стамбул биши дәруіштерінен кем түспейді.

Қырдағы жаңа діни бағыттың болашакта қайыры болып, онғарылып кетуін бір құдай біледі. Далалықтарды бұрынғы нағым-сенімінде қалдырган теріс болmas та еді. Қазактар қырдың қызықкүмар ұлы сияқты ислам дініне басымен сұнгип кетті. Енді құранға қайшы келетіннің ешқайсын да ілтипатқа алмайды. Ән-күйлер, ежелгі жыр-дастандар, әйел затының бостандық жолындағы күресі, олардың көпшілік жиын-тойға катысып, ойын-сауық қызықтауы бұрынғыдай емес, күнделікті тіршіліктен ысырылып барады. Әйелді босағадан аттап бастырмауды белсene жақтайтын өрекпілер де табылды. Сондықтан киіз үйге қамалған бейшаралар жарық дүніне мен өткен-кеткенге көз салу үшін туырлықты тесіп қарайтын болды. Әйелдердің қазіргі жағдайы осындей. Тыйым салынған жемісті қашан татып, дәмін алғанша олардың осылай азап шегіп, қайғы жұта берер сыңайы бар. Қариялар әсіре жаңалыққа реніш айтады. Әйелдер іштей олардың пікірін құттайды. Жастар көбінесе үйленгенге дейін әрі-сәрі болып бұрынғы қунін көкseyді. Ал үйленіп алған соң-ақ тәубасына келіп, ежелгі әдетіне басады. Алланың құлы, пайғамбардың үмбеті деген өсиет-уағыз айдалада қалады. Сондықтан қазактарды бұрынғы қалпында қалдырса болар ма екен? Олардың табиғи таланты – табандылығы, алғыр ақыл-ойы. Өз қарекет-қимылында сенімнің бұлжымас тірегіне айналған бұл қасиеті дінге келгенде құл-талқан болады. Сондықтан да бұқараның алға басуы байқалғанымен де, олардың кейбірі қарама-қайшы бағытта кері жүріп келе жатқан сияқты.

Қазіргі кезде ескі мен жаңаңың арасында көзге көрінбес күшті күрес жүріп жатыр деуге болады. Бұл шығысқа еліктейтін мұсылмандық пен батысқа бауыр басқан орысшылдықтың арасындағы күрес. Ендігі жағдай басқаша. Таюдаған барытталап қазактардан мал айдап әкелетін ноғайлар мен башқұрттар да осы кепті киіп, татарланып барады. Қырдың атақты күшілері – башқұрт сыбызғышылары бұрынғыдай жыр жырлап, батырлардың ерлігі туралы тыңдал, таң-тамаша болып көзден жас парлатпайтын болды. Бұрынғыдай Алтын орданың құлауын ешкім жоктап жырға қоспайды. Осымен олардың еркіндігі тәмамдалды. Қазактар да өзгеріп барады. Қарақалпақ тайпасы құрып бітуге айналды. Татарлардың көне салт-дәстүрі құлдырап құлап, жер бетінен мұлдем жойылып кетуте жақын. “Бәрі де алланың ісі. Барлығымызды да құдай жаратқан, соган кайтып оралуымыз керек” дейді.

Еуропада құні осы уақытқа дейін көшпелі тайпаларды мейірімнен жүрдай қатығез орда, жабайылардың тәртіпсіз

тобыры деген теріс үғым әлі үстемдік құрып отыр. Қөшпелі монгол мен қазақ жайындағы түсінік тұрпайы хайуан текес жабайылар деген долбармен тығыз байланысты. Ал сөйткен жабайылардың басым бөлігінің өз әдебиеті, аныз-әңгімелері, жазбаша және ауызша шығармалары бар. Олардың алғашкы легіне монголдар мен жонғарлар жатады, екіншілеріне монгол-туркі текес қөшпелі ордалар кіреді.

Дала перзенті – қазақ өзінің акыл-парасаты, қабілет-карымы, адамгершілігі жөнінен отырықшы татар мен түріктің қарапайым адамдарынан әлдеқайда биік тұр. Өлең-жырга құмарлық, әсіресе, суырып салма ақындық қөшпелі тайпаларды дараландыра түседі. Бәдәуилдердің поэтикалық ойы мен суырып салма ақындары европалықтарға жақсы таныс Арабия шөлін басып, шатырларына бас сұққан саяхатшылардың барлығы берген сауалға төрт таған өлең жолдарымен суырып салып жауап қатқан жалаңаш жас балалар жайында тандай қағып тамсана жазады. Монгол-түркітің үрімбұтак, зәү-заты да тап осындан құбылыс. Алаңсыз қөшпелі өмір немесе табиғатпен етene араласу, ұдайы ашық аспанға қарап, жап-жасыл даланың шексіз-шетсіз жазығына көз жүгірту, бәлкім қыр қөшпенділерінің поэтикалық ойына арна ашып, оның рухани жан дүниесінің қалыптасуына бірден-бір себепші екенін қайталап айттып жатудың қажеті жоқ та шығар. Бұл мәселенің шешімін табиғатты, оның адамға әсер ықпалын, ол әсердің жеміс-нәтижесін қадағалай зерттеген көзі қарақты ғалымдарға жүктейік. Біз болсақ, тек деректер мен мәліметтерді ғана келтіріп отырмыз.

Татар текес халықтардың берін адактап, поэтикалық қабілеті жөнінен андағайлап бірінші орынға қазақтан артық үмтүлатыны кемде-кем. Осыған орайластырып қадірмен ориенталисіміз Сенковскийдің арабтар туралы айтқанын қайта қайталауға болады, ол: бәдәуилер табиғатынан тұма өлеңші және басым бөлігі акын, деген еді. Қазақ ақындарының шығармаларында қатаң талапқа жауап беріп, араб жырындағы өлең жолдары төрт аяғынан тең басып тұрмағанмен, олардың да белгілі ережесі мен үйқас-ыргағы бар. Түркі диалектісінің ең көрнектісі – қазақ тілі қырнап-сырланбаған. Икемділігі, нақыштылығы, әсірелегіштігі жөнінен араб тілінен асады деп айта алмаймыз. Сондықтан да олардың поэтикалық денеейінің әр алуан болуы да занды. Әйткенмен, дала жыры есебінде оның Араб поэзиясына, Сахара өміріне қатысы бар. Қөшпенді тұрмыс суретінің бірынғай мазмұны, тайпалар арасындағы дау-жанжалдың, ұрыс-керістің сипаты, олардың қиян-кескі жауласуы бұл поэзиялардың ұқсастығын терендетіп, күшайте

түседі. Қалай алып қарағанда да казак поэзиясы өмірдің нақты очеркі ретінде, өз қоғамындағы қарым-қатынастың бейнелі күәсі ретінде айрықша қызғылыкты әрі назар аударап жақтары үшан-теніз құбылыс. Қазактар поэзиясының сұрырып салма жыршылығы туралы талдауды одан әрі соза бермей, осы очеркпен тыналық.

Енді өзіміздің негізгі идеямызға оралайықшы. Тарихи түрғыдан халықтың поэтикалық рухы керемет. Ең алдымен, сұрырып салма жыршылардың зерде-жады тамаша сақтап қалған ежелгі дастандарды, батырлардың ерлігін мадақтайтын жырларды айтсақшы! Олардың көбі тілінің, көптеген сөздердің көнелігіне орай кейінгі үрпакқа түсініксіздеу. Алтын орда заманына жататын батырлар жайындағы тарихи хабарлар да жастарға таныс емес. Эйткенмен олар ешбір бүрмалаусыз қаз-қалпында жеткізілген. Екіншіден, әр кезеңде өмір сүрген сұрырып салма жыршылар халықтың зерде-жадында өз дәүірінің тамаша оқиғаларын өлмestей етіп қалдырыды. Олар жинактап келгенде бөлінбес бір тутас дүниe. Ушіншіден, бұл дастандардың барлығы жалпы алғанда әдет-ғұрыптың, мақал-мәтелдердің жиынтығы болып, халықтың құқық зандарын, ел өмірінің тарихын және рухани болмысының сом суретін алға тартып, белгілі тарихи мағлұматтарымызыды байытып, оның шығу тегін, түп-тамырын айқындауға жағдай жасайды.

Қазактардың ежелгі аңыз-әңгімелерінің халықтың сенім-нанымдарын кейінгі үрпакқа қаймағын қозғамай қаз-қалпында тып-тың етіп жеткізгені қандай ғанибет. Ең ғажабы – қырдың бір қырынан бір қырына, бір шалғайынан бір шалғайына өлең ескерткіштер мұрты қисаймай, бұлжымай жетеді ғой. Бір қолжазбаның тізімін салыстырғандағыдай, бір-бірінен еш айырмасы жоқтығы кайран қалдырады. Көшпелі, сауатсыз жүрттың ауызша деректерінің мұншалық керемет нақтылығы шынында да ғаламат. Ең мәндісі – мұның өзі күмән-күдік туғызбайтын шынайы шындық болып отырғанында.



## **Орта Азия хандықтары: Хиуа, Бұқар мен Қоқан және олардың Ресеймен қарым- қатынастары**

*С.Петербург, 1861 жылғы шілде*

Орта Азияның тәуелсіз үш хандығы: Хиуа, Бұқар және Қоқан Ресейге Орынбор өлкесі мен Батыс Сібір жағынан алты мың шакырымдай созыла кеп жанасады. Олардың біз үшін бағзыдан-ак саяси, сондай-ак сауда қатынастары етемнөте маңызды. Осынау Түркістан мемлекеттерімен Ресейдің қалаулы қарым-қатынастарына бір жағынан Сырдария мен Балқаш сыртындағы иеліктеріміздің тыныш түрмисы, бір жағынан Сібір мен Орынбор шекарасындағы империя сауда-саттығының дамуы тығыз байланысты.

Кезіндегі Ескендір Зұлхарнайын мен Ақсақ Темір соғыстарының алапат майданын көрген, баса көктеп кіріп Еуропаны қанға бөктірген тайпалардың бесігі болған Орта Азияның ұшы-қиырсыз жазықтары бүгінде халықтарының еншісіне дүниенің осы бір ежелгі бөлігінде ағарту ісін қалпына келтіру бұйырган Ресей мен Англия сияқты екі елдің иеліктерін бөліп тұр. Бұл жерде аталған екі халықтың бір-біріне тікелей тарпа бассалуын күтуге болмас, бірақ екі ұлттың екеуінің де Турандағы әсер-ықпалын сауда-саттық жолымен орнықтыруға талап қылатыны күмәнсіз. Орта Азияның қалалары мен елді мекендері Ресейдің коммерциялық қызметін дамытуына таптырмайтын дұлы базар екенінде дау жоқ.

Окусттан әрмен жатқан базарлар ағылшын өнеркәсібінің товарларына толып кетті. Бұл бүйымдар Туранның терістік болігіндегі қалаларына да барып жатыр. Сол себепті мұндағы азиялық билеушілер мен тұрғындар ағылшындарға, олардың екілдеріне онша сенбейді. Шенгеліне бір ілігіп қалса, Үндістанның ұлгісімен ерте ме, кеш пе Ұлыбританияның вассалы болып шыға келетінінен қорқады. Бұдан шығатын қорытынды Түркістанды қажетті шикізат бүйымдарымен қамтамасыз ету пешенесіне жазылған Ресейдің өз ықпалын ағылшындардан әлдекайда тезірек орнықтыруына мүмкіндігі

мол. Бәрі де олар онтайлаған амалдар мен шарапардың аталған елдер мен халықтардың жалпы сипатына сәйкес келу-келмеуіне байланысты. Әлбетте, жаулап алу жөнінде сөз болуға тиis емес. Елдердің тым жыракта әрі Қызылқұм мен Қарақұм сияқты сусыз шөлдер қоршауында жатқанына орай бұл өлкеге жорық жасау қыруар шығын талап етүмен бірге ойлағандай пайда бермеуде ықтимал.

Орта Азияға ықпалымызды орнатып, нығайту үшін ұлан-асыр пайда келтіретін басқа да шарапарды бірте-бірте қолдану қажет, яғни бұл аймақта саудамызды өрістете тұсу керек. Ол үшін кемелеріміздің Әмудария арқылы жүзуіне хиуалықтардың бөгет болмауы шарт. Кеме қатынасының дамуы әскери флотты қүшейтіп, Арап теңізінде көпестер флотын енгізуге байланысты. Рас, Әмудария Бұқарға және одан әрі баратын әдеттегі керуен жолын бірте-бірте алмастыра ала ма? – деген мәселе күні бүгінге дейін шешімін тапқан жоқ. Өзеннің сағасы мен арнасы солтүстіктен соққан жедің, одан көшкен күмның салдарынан жылма-жыл өзгеріп турады, сондықтан алдың ала жасанды жұмыстар жүргізіп алмай, кеме жүргізу қашанда қын болады. Алайда кеме жүргізу ісінің өрістейіне орай бұл бөгеттер жойылатыны шәксіз.

Сауда кемелеріміздің Әмударияның өн бойында еркін жүзуіне мұрсат беру, орыс боданындағылардың дүние-мұлкі мен жеке басының хауіпсіздігін сактау, тонау мен талаудан қорғау саудагерлеріміздің жеке елдермен сауда байланысымызды нығайтуына қажет басты шарттардың ең мәндісі. Қазіргі кезенде екі кеме мен екі баржадан тұратын кішкентай флотилиядан басқа бізде, өкінішке орай, Әмудария мен Арап теңізі арқылы жүзетін сауда флотының ұшығы да жоқ. Оны жасауга құқылы болғаннан кейін іске де кірісуге боладығой.

Орта Азияның аталмыш хандықтарымен сауда айналымымызды қүшету үшін немесе олар арқылы түстікке және түстік шығыска қарай жатқан елдермен аралық сауда ашу үшін Ресейдің әлті үш хандықтың үшеуінде де тұракты, тіпті бері койғанда уақытша уәкілдері болуы керек. Олар сол елдің билеушілері мен құрметті адамдарының Ресей мемлекетіне деген сенімін қалыптастырып, жағымды мәліметтер таратып, іс-кимылдың одан әрі желі тартуы үшін, сондай-ақ саудагерлеріміздің мұддесін қорғау үшін қажет.

Рас, табанды өзгерістер енгізбей, қазіргі жағдайы онша тиімді емес саудамыздың болашақта керемет дамып кетуі күдік тұғызбай қоймайды. Бұл туралы қолдап та, карсы болып та біраз пікір жазылды, сондықтан көп сөздің керегі жоқ сияқты.

Қысқаша айтқанда, қазіргі кездері сауданың басты кірісі тек Орта Азия саудагерлерінің қалтасына ғана түсіп жатыр. Орыс бұйымдары Орта Азия тұтынушыларына ен арзан бағамен өтеді. Ал Орта Азия бұйымдары орыстарға қымбатырақ сатылады. Бұқар, Хиуа және Қоқан саудагерлері біздің бұйымдарды өндіріліп жатқан жерінен тік көтеріп сатып алады. Біздің саудагерлер болса Бұхар мен Хиуага және Коқанға өте сирек барады. Оның басты себебі жеткізген және босатқан бұйымдары үшін христиан саудагерлерден зекетті мұсылман саудагерлere қарағанда көбірек алады. Оның үстінеге орыс саудагерлерінен пара алынып, қысым көрсетіледі, әзір оған жасар амал жок. Міне ол өнірде Ресей жағынан өкілдеп өкілдер мен елшілер ұстаудың керектігі осыдан келіп шығады. Алғаш тәжірибе орайында керуен басы ретінде уақытша елші ұстау пайдалы әрі қауіпсіз болар еді. Олар өз керуенімен келіп, еліне қайтып тұрап еді ғой.

Қазақ даласында егіншіліктің дамуына орай қазақтар мен қарақалпақтардың азық-тұлік жөнінен көршілес ҳалықтарға тәуелділігі тоқтатылады. Қазір олар үн мен дәнді Бұқар мен Хиуадан сатып алуға мәжбүр болып жүр. Бұл колайсыздықтың жойылуына байланысты саудагерлердің көрші хандықтармен қарым-қатынасы және оларға тәуелділігі азая бастайды. Сайып келгенде, мұның өзі билігіміздің нығаюына негіз қалап, қазақтарға ғана емес, басқа азиялықтарға да ықпалымызды қүшайте түседі.

Демек, Ресей Орта Азияның құллі елдерімен сауда айналымын өрістету үшін қаржы көздерін ұдайы іздестіріп отыруы, сейтіп, керуен жолдарын қауіпсіздендіріп, орыс саудагерлерінің жеке басы мен меншігін қорғауы қажет. Хиуа, Бұқар және Қоқан сияқты үш хандықтың Ресеймен қатынасының қазіргі жағдайын айқынырақ түсіну үшін аталмыш мемлекеттермен қарым-қатынастың тарихи дамуына назар аударған абыз.

### **Хиуамен қарым-қатынас**

Хиуа хандығымен Ресейдің қарым-қатынасы шынтуайттап келгенде Ионн Васильевич Грозныйдың тұсында басталды. 1557 жылы Қазанды басып алғаннан кейін Ресеймен еркін сауда жасаудың жолдарын айқындау үшін Хиуа елшілері орыс патшасының сарайына келді. Өкілдер алмасу содан бастап қалпына келтірілді. Елшілердің Мәскеуге 1563, 1566 және

1583 жылдары келіп қайтқаны туралы деректер бар. XVII ғасырдың басында хиуалықтар Жайық казактарының шабуылына шағым айтып келсе керек. Казактардың Хиуага жорығы жөнінде әңгіме әлі де ел аузында жүр. 1602 жылы казактар ханның астанасы Хиуаны басып алып, қайтар жолда өздері талқандалыпты. 1622 жылы өз ағайындары айдан шыккан Хиуа ханы Ауган Михаил Федорович патшаның колдау көрсетуін өтініп, егер бұрынғы мәртебесін қайтарып әперетін болса, Ресейге бодан болғағынатының білдірген.

1700 жылы келген Хиуа елшісі император Бірінші Петрge өз ханы Шанияздың (Шах Нияз) сенімхатын тапсырған. Хан онда Ресейдің қоластындағы халқымен бірге бодандығына алуын өтінген. 30-шы шілдедегі сенімхатында Ұлы Петр өз пікірін білдіріп, бұл өтінішті 1703 жылы Хиуаның жаңа ханы Араб-Мұхамедтің бекітіүін талап еткен. Осыған орай “Мәскеу жаршысында” сәуір айында мынадай хабарландыру жарияланды: “Хиуа ханы Ұлы патшаға өз елшісін жіберіп, патша-ағзамның ханның иелігін биік мәртебелі патшалығының қоластына мәңгі бодан етіп алуын өтінді. Бұл жөнінде біздің Ұлы мәртебелі патшамыз мейірімділік көрсетіп, Хиуа ханына өз елшісін жіберді”.

Дәл осы тұста Әмудария бойында алтын құм бар екен деген сыйбыс тарап кетті. Ұзын құлаққа қараганда, хиуалықтар өзеннің Каспий теңізіне құятын сағасын қасақана құм төгіп жауып, оны Арал теңізіне бұрып жіберіпті. Ал тоган қазып Әмударияны бұрынғы бағытына бұру ешқандай киындық келтірмейді-міс. Осы хабарды алып Астраханға түркімен Қожа Непес келді. Ол бұл қалада христиан дінін қабылдаған Гилянның тумасы, кінәз Самоновпен достасып, онымен бірге 1713 жылы Мәскеуге келді. Ондағы ойы өз тарапынан Ұлы Петрge түркімендердің көмегімен Әмудария өзбектеріне тиесілі елкениң барлығын қоластына алып алсын деген ұсыныс айту. Сол жылы Мәскеуге Кіші Бұқарстанның алтын құмы туралы ұсыныспен Сібір губернаторы кінәз Гагарин де келді. Ұлы Петрдің айрықша ілтипатына ие лейб-гвардияның капитаны поручик кінәз Бекович-Черкасскиймен танысып, сол арқылы Қожа Непес пен кінәз Самонов патшаның алдына шақыртылды.

Ресей сарайының жанындағы бұрынғы Хиуа елшісі Әшір-Бек 1713 жылы С. Петербургке келіп, 1713-1714-шы жылдары сонда болды. Ұлы Петрдің ілтипатына ие ол Сібір өскербасы кінәз Гагаринмен жақын қарым-қатынаста еді. Сол тұста кальпастсан Әмударияның ежелгі ағысы жөніндегі болжаммен өзеннің алтын құмы жайындағы аңыздың негізінде Әшір-

Бек Үлгі Петрге Әмударияның бұрынғы арнасының бойында шамамен Қызыл-су маңында мың адам гарнизоны бар бекініс салуды ұсынды. Оның үстіне бұған Хиуа ханының ешқандай катысы болмайтынын әрі Әмударияны ежелгі арнасына түсіретін тоганды қазуға кедергі келтірмейтінін ескертті. Әшір-Бек С. Петербургтан 1715 жылы қайтарылды. Император оған оғымен алты бірдей зенбірек сыйласп, Хиуа ханына дег бірнеше пүт оқ-дәрі жіберді. Алайда Хиуадағы төңкерістен кейін Бірінші Петр ол сыйлағандарын Астраханда тартып алуға әмір етіп, елшіні уакытша бөгей тұруға нұсқау берді. Дәл сол кезде Хиуада басшылық өзгерген еді. Жәдігер қайтыс болып (1714 жылы), оның орнын қарақалпақтан шықкан Араңғы хан басты. Кезінде оны Бұқардан шыққан Шерғазы хан алмастырды.

Әшір-Бектің 1715 жылғы 5-наурыздағы Астраханның бас коменданты Чирковка жазған хатында айтылғандай, Бірінші Петр оған Үндістан барып, тоты құс пен барыс сатып әкелуге нұсқау бергенін ескертеді.

Петрдің Үндістанға баратын ең жақын жолды барлап, осынау байсын елмен сауда қарым-қатынасын орнатуды көксегені белгілі болып отыр. Мақсатына жету үшін бұл іске лейтенант Кожинді, онан кейін Тевкелевті тағайындауы осының айғағы. Сондай нұсқау Әшір-Бекке де берілген сиякты. Ол айтылған заттарды Үндістаннан сатып алғып, С. Петербургке қайтып оралуға тиіс болған.

1716 жылы жоғарыда аталған кінәз Бековиң-Черкасский Хиуа мен Бұқарға Шығыс Үндістан алтынын, ондағы сауданы, басқа да жергілікті жағдайды барлау үшін өкілетті өкіл есебінде аттандырылды. Каспий мен Аral теңіздерін сипаттап, одан арғы қарекет-қымылды айқындаپ алу үшін көптеген офицерлер жіберілді; олардың жаңында да кінәз Самонов пен Қожа Непес болды. Қалған нөкерлері Астрахан саудагерлері мен орыс әртектілерінен, татарлардан, Бұқарлықтардан жасақталды: ұзын саны 200 адам. Жем өзенінен аса бере олар патша ағзамының өз қолынан Үндістанға Персияны басып бару жөнінде нұсқау алғып, олардың халқының тілін билетін кісі іздестіруге кірісті. Ондай адам сол өлке жайында ақпар алғып, әсіреле алтыны көп өзендер туралы мағлұмат жинап, содан Бұқарға Қытай арқылы оралуға тиіс болды. Сол үшін Тевкелев мырза әдейі аттандырылды. Хиуада кінәз Бековиңтің аюандықпен өлтірілуі бұл қымыл-қарекеттің тас-талқанын шығарды. Айтқандай, кінәздин өлімінде Бұқар ханының катысы жок. Кінәз Бековиң 1717 жылы Хиуа қаласынан терістік-батыска қарай 100 шақырым жердегі Порсу қаласында өлтірілді.

Анна Иоанновнаның патшалығы түсінда 1731 жылы Хиуага полковник Эрдберг (дұрысы Гарбер) аттандырылды. Алайда жол-жөнекей тоналып қалған ол түк бітірмей кері кайтуға мәжбүр болды. Араға тоғыз жыл салып 1740 жылы хиуалықтар өздеріне хан болуға ол тұста Ресейдің қол астына кіріп үлгерген Кіші жүздің басшысы Әбілқайырды шакырды. Хиуа хандығын қабылдай отырып, Әбілқайыр оны Ресейге бодан деп жариялады. Мұндағы ойы Хиуага соғыс ашып келе жатқан парсы шахы Нәдірді токтату еди. Бұл кезде ханның қасында орыстың екі офицері: поручик Гладышев пен геодизист Муравин болатын. Әбілқайыр ханның Сырдарияның сағасынан өзіне қала салып беру жөніндегі өтінішіне орай үкіметіміз екі офицерді кент түрғызып жерді алдын ала шолып қайту үшін жіберген-ді. Олар ханды өз ордасынан таба алмай, оның соңынан Хиуага барды. Муравинді хан аяушылық етіп кешірім жасауын өтінсін деп Нәдір шахқа жіберді. Бірақ бұл әрекеттен ештеңе шықкан жок. Шах Хиуаны басып алды.

Император әйел Елизавета Петровнаның патшалығы түсінда 1750 жылы хиуалықтар өз елшісі Ербек арқылы Ресейге тығыз одақ болуды ұсынды. Дегенмен ол ұсынысы келесі жылы олардың орыс керуенін талап алуына бөгет болған жок.

1792 жылы Хиуа ханының өтініші бойынша император әйел Екатерина дәрігер Бланкенагельді жіберді. Кейін ол бас сауғалап әрен қашып құтылды. Осы арада мынаны атай кеткен абзал. Әбілқайырдан кейін Хиуада Ресейдің боданы Әбілқайырдың баласы Нұралы тағы да хан сайланды, ал 1750 жылы онда қазақ сұltаны Қайып билік жүргізді. Содан 1800 жылға дейін қазақ немесе карақалпақ сұltандары тақтың мұрагері болып кезек-кезек сайланып жүрді. Ресейдің карауындағы осынау Мұхаммед пен Шыңғыс ханының үрпактары болғандықтан аксүйек атанатын сұltандардың күні бүгінге дейін Хиуаның тағына айрықша құқығы бар. Өзбек Илтезер осы ғасырдың басында өзіне ұсақ кінәздердің барлығын бағындырып, бәз-бір қожаның қызына үйленіп, өзіне Хорезмнің ханы деген атақ жapsырып алды. Содан бастап бұл ел Ресейге бағынубы лай тұрсын, қарсы шығу саясатын жүргізуге айналды. Бұл үрт міnez оның інісі 1801-1824-шы жылдары хандық құрган Мұхамед-Рахымның түсінде тіпті айқындала түсті. Ол қазірде жок. Арас иелігін өзіне бағындырып, карауындағы қазақтарға әралтуан қысым жасауға дейін барды. Жиі-жіңі шабуыл жасап, малын барымталап, тұтас қазақ ауылдарын отына каратып, жерін тартып алып кетті. Сөйтіп, Кіші жұз ақыр аяғында Хиуаның әміршісіне салық төлеп тұруға

міндетті болды. Мұхамед-Рахым өлген кезеңде 1824 жылы Хиуа хандығы тұтас бір саяси одак болып, Хиуаның иесіне шын мәнінде бағынып, үстіміздеі гасырдың басында әжептәуір саяси маңызға ие болды, – дейді өзінің Арап теңізі картасына түсіндірме жазбасында Ханыков мырза. Алайда осынау өзгеріс хандықтың бұрынғы жағдайында әжептәуір табыс көрінгенмен, оны Ресей маңызды дүшпан да, одактастасы да ете алған жок.

Бірақ Хиуа хандарының тентек тарпандығы Ресейдің шыдамдылығын шегіне жеткізіп, бірнеше мәрте жазалауға да оқтандырды.

Биік мәртебелі императорлар Павелдің және Бірінші Александрың әмірімен Хиуаны екі мәрте 1801 және 1804 жылдары қол астына көшіру көзделді. Эйткенмен Орынбор өлкесіндегі бүлікке байланысты экспедиция тоқтап қалды.

Капитан Муравьевтің Маңғыстау шығанағынан Хиуа қаласына саяхаты 1819-1820-жылдарға жатады. Кавказ және Орынбор басшыларының атынан келіссөз жүргізу үшін Муравьевтің қасына бір башқұрт би қосып жіберілді. Алайда екеуінің де жолы болған жок. Оның есесіне Муравьев тұтқынға алынып, зынданға салынды (Муравьевтің Хиуага саяхаты). Хиуаның содырлы сотанактығына тосқауыл қойып, хиуалықтардың Каспий теңізі мен Орынбор шекарасында қолға түсірген орыс тұтқындарын құтқару үшін 1836 жылы биік мәртебелінің Ресейде жүрген Хиуа саудагерлерінің бәрін зат-матымен ұстай керек деген нұсқауы шықты. Бұл шара мынандай екі негізде жүзеге асты. Хиуалықтарды қолындағы бұйымымен Орынбор және Сібір шекараларында және Астраханда көзге түскен бойда ұстай қажет болады. Олардың орнына Хиуадан орыс тұтқындарын қайтарып, хиуалықтардың Ресейге дүшпандық ерекеттерін түгел тоқтату талап етілді. Өйтпеген жағдайда адамдар да, товарлар да қайтарылмайды. Сондай-ақ талап-тілектеріміз орындалмаса, сауда қатынастары түгелдей тоқтатылады. Хиуалықтарды ұстай сол 1836 жылдың тамызынан-ақ олар Нижегород жәрменкесінен қайтар кезде басталды. Ұзамай бұл шара жүзеге асырылып, Орынбор өлкесінің генерал-губернаторы ол жайында Хиуа ханы Аллақұл ханды (Мұхамед-Рахымның баласы) хабардар етті және тұтқындарымызды босатып, болашақта хиуалықтардың тарапынан ешқандай қасекі әрекет кездеспеуін ескертті. Талап-тілектер орындалған жағдайда ғана хиуалықтар барлық бұйымдарымен отанына қайтарылып, сауда байланыстары қалпына келтіріледі. Бұл батыл күмылдың алғашқы нәтижесі Хиуаның 1837 жылы хат жолдап жаушы жіберуі болды.

Жіберілген хиуалық егер біз барлық саудагерлерді босатып,

Каспий теңізіндегі Жана Александр бекінісін жоатын болсак, орыс тұтқындарын босатуға ханның әзір екенін хабарлады. Хиуалықтарға тұтқындарымыз қайтарылатын болса ғана ұсталғандардың барлығын босатып қоя береміз, деген жауп кattы. Ал олардың Жана Александр бекінісін жо жөніндегі шәлкес талабы үнсіз қалдырылды. Сол жылдың күздінде қараща айында Хиудан Орынборға Қабылбай деген елші жіберілді. Орынборда ұсталған хиуалықтардың ішінде оның да баласы болатын. Ол өзімен бірге 25 орыс тұтқынын ала келді. Хиуда ханы өз бағыныштыларын орыстардың жақсы ұстайтынын білген сон күлшік жасап күтілғысы келді. Тұтқындар мүмкін-кадерінше түгел жиналды, ал қалғандары болса, олар да босатылады деп уәде береді. Оралған орыстардан олар алғашқы талап-тілек бірден орындалған болса, оның өзі жаңа талаптар туғызып, орыстардың күн даулауына кінәз Бековичті өлтіргені үшін, тоналған керуендер үшін айып алуына, тұтқында опат болғандардың күнын сұрауына соқтыратынын сезіп, ханның бұл жолы 25 адам ғана жібергенін білді. Елші сол айда-ақ кері жауппен қайтарылды. Орыстар барлық тұтқындарды босатуды талап етіп отырып алды. Олай болмаған жағдайда ешқандай елші қабылданылмайды, ал шекараға кірген хиуалықтардың бәрі ұсталып, орыстарға айырбасталғанша жіберілмейді. Екі жыл күтіп әрен деп жүз адам ғана Ресейге оралды. Оның есесіне 1839 жылы Каспий теңізінде балық аулап көсіп етуші екі жүзге жуық адам тағы да тұтқындалды.

Ресейдің пайдасын көздеу, оның саудасының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, адал берілген бағыныштылардың тыныштығын сактау акыр аяғында, батыл әрі сенімді шаралар қолдануды талап етті. 1839 жылғы 14-ші қарашада Орынбор каласында Хиуаның әрекетіне қарсы әскери қимылдың себептері мен мақсаттары туралы декларация жарияланды. Мұнда Император ағзамды әділ және негізді себептер Хиуага қарсы әскери жасақ жіберуге итермелеп отыр. Өйткені алдағы уақытта Ресей бодандықтарының пайдасы мен құқығын карудың күшімен қамтамасыз етіп, тонау мен талауға, зорлыққа қарсы тосқауыл кою, Хиуда қапаста жатқан тұтқындарды құтқару қажет. Сөйтіп, олардың орыс атаулыға деген құрмет сезімін оятып, оның әсер-ықпалын күшету керек. Ресейге тиісті осынау ықпал, сез жок, Азияның бұл бөлегінде бейбітшілікті сактаудың кепілі болуға тиіс.

Хиуага қарсы аттандырылуға тиіс әскери экспедицияның нәтижелері баршаға белгілі. Алға жылжу үшін қысқы жолды таңдаған генерал-адъютант Перовскийдің экспедициялық жасағы катты сұық пен омбы кардың салдарынан Хиуага

жете алмай, кері қайтуға мәжбүр болды. Соған қарамастан бұл экспедиция уақытша болса да Аллақұл ханды ақылына келтіріп, 1840 жылы ол Хиуадағы орыс тұтқындардың барлығын босатып, Ресейге қайтарып жібереді. 1839 жылы Кабулдан Хиуаға келген ағылшын офицері Шекспир тұтқындарды өз қамқорлығына алып Ресейге жеткізіп салуға кірісті. Олардың ұзын саны 400 адам еді. Эрқайсысы әр кезде, 1780-ші жылдан 1839 жылға дейінгі мерзімде тұтқынға түскендер. Олардың кейбіреуі Хиуада құрметті орыны бар танымал жандар. Мәселен, Василий Лаврентьев артиллерия бастығы болды. Солдат әйел Анна Костина Аллақұлдың кілтшісі қызметін атқарды.

Орынборға тұтқындар келгенге дейін (1840 жылғы 18-қазанда) хиуалықтар ұстап алған поручик Аитов оралған еді. Ол Ресей мен Хиуаның арасында бейбіт қатынас қалпына келтірілгені туралы хабарды тұнғыш алып келді. Пристав ретінде ол С. Петербургтен Хиуаның яғни жоғары мәртебеліге сенім хат алып келген елшісі Атанияз-Қожа-Райс-Муфтиді 1841 жылы еліне оралғанда ертіп жүрген-ді. Одан кейін де үш елші келді. Бірақ олар С. Петербургке барған жок.

Солардың бірі Ишниязбен Хиуаға басқа өкіліміз капитан Никифоров аттанды. Аталмыш сапар 1841 жылға жатады. Оның мақсаты бұрынғы тәртіпті қалпына келтіріп, жаңа бір келісім-шарт жасау. Алайда Никифоров нәтижесіз оралды.

Келесі жылы Хиуаға басқа бір дипломатиялық өкіл полковник Данилевский аттанды. Ол Ресей мен Хиуа арасындағы алғашқы шартты жасады. Ол Хиуаға келген тұста Аллақұл хан қайтыс болып, оның орнын баласы Рақымқұл басқан-ды. Сенім-хатта, шарт та ештеңеге кол жеткізген жок. Хиуа бұрынғысынша казак даласында ойына келгенін жасап, Сыр-дарияға бекінуді көздел, сойқанды салып жатты. Соңғы он сегіз жылдың ішінде Сыр өзенінің Ресейге бағынысты жағасында бірнеше бекіністер салынған еді. Сырдарияда бекіністер салу хиуалықтардың үрейін ұшырды. Олар бұл қарекеттің түп мәніне түсініп, егер орыстар Сырдың сүйін олармен бірге ішетін болса хиуалықтарға өмір сүрудің қажеті қанша. Кейінгі кезде орыстар Акмешітті (қазіргі Перовский форты) алғаннан кейін Хиуа ашық дүшпандықтан тайсалуға айналды. Қоқанның орыстарға қарсы бірлесе қимыл жасауға шақыруына жалтарып жауап берді. Тіке жек көретіндей себебі болмағандықтан Хиуа бұрынғыдан бетер құпия түрде зиян жасап, даламызға жансызын жіберіп, жасырын зекет жинал, алды-артын ойламайтын қазактарды орыстарға қарсы ересен дүшпандыққа үндел, Кенесарының, Есет Көтібаровтың, Асауовтың және басқа қазак бүлікшілерінің сойқанды әрекетін

қолдап, ашық көтеріліске шықкан жағдайда қолдау көрсетеміз деп уәде берді. Бұндай тәуекелге бел бууына өзінен ғори шынтуайттап келгенде Түркия себеп болған сияқты. Оған Хиуаның елшілері 1853-1854-ші жылдары екі мәрте барып қайтты.

1856 жылы Хиуада бұрынғы хан Мұхамед-Рахымның баласы, белгілі Аллакұлдың інісі Сейт-Мұхаммед хандық құрады. Ол 1856 жылғы сәуірде хан сайланды. Жасы онда небәрі 30-да ғана еді. Оның хан сайлануына бүлік пен өзара тартыс алғы шарт болды. Алайда Сейт-Мұхаммедтің өз билігін тез орнықтырғаны сондай, ұзамай-ақ барлық бейбастақтық тыйылып, тыныштық орнады. Сөйтіп, таққа әбден орнықтым деп үккән ол 1857 жылы Ресейге өзінің хандық құруға кіріскенін хабарлау үшін елші жіберді. Сондай-ақ император ағзам Николай Павловичтің қайтыс болуына байланысты қөңіл айтып, биік мәртебелі тақтың жана иесін құттықтады. Елшіліктің басы Фазыл Қожа-шайху-лислам болды. Ол хандықтың дін басы еді.

1858 жылы флигель-адъютант полковник Игнатьевтің (казіргі генерал-адъютант) басшылығымен Хиуага дипломатиялық өкілдік жөнелтілді. Олар Хиуада бір жарым ай (18 шілдеден 31-тамызға дейін) болып, өз жолын одан әрі жалғап, Бұкарға дейін Әмудария өзенінің он жағалауымен жүріп отті.

Бұл елшілік сапардың нәтижесі әлі жарияланған жок. Олардың кейбір үзіндісі 1859 жылғы Эскери жинақта басылды. Ал саяхаттың толық сипаттамасы Географиялық қоғамның 1861 жылғы жазбаларында Кильвейннің макаласы арқылы берілген. Келесі тарауда Хиуаның шын әмірінің хандық құруына қысқаша шолу жасалып, Хиуадан ең жаңа акпарлар беріледі.

## Тың хабарлар

Хиуадағы бүлік пен өзара қыркыс Мұхаммед-Әмин қайтыс болғаннан кейін 1855 жылы бүркетті. Хан түрікмендер мен парсыларға қарсы шайқаста Серахс қамалының тубінде қаза тапқаннан кейін өріс алған өзара ұрыс-керіс нағыз әмір Сейт-Мұхаммед хандық құруға кіріскенше жалғасты. Мұхаммед-Әминнің орнын Абдолла хан (Мұхамед-Рахым әuletінен шыққан Құтлы-Мұрат-Инактың баласы) басты. Алайда оның өзі де алты-ақ ай хандық құрып Қызыл-такыр қамалының тубінде түрікмендердің теке руының қолынан қаза тапты. Кей деректерде оның қаза тапқан жері Ташауыз деп саналады.

Хиуалықтарға деген өшпенділігі өршіп, талап алуға құлшынған түркімендер хандықтың шегіне кіріп кетті. Ханның ажалы ауыр қасіret әкелді. Түркімендер талау мен тонауын өршіте түсті. Хандықтың Хиуа мен Питнәктен басқа барлық қалалары дерлік солардың қолында болды.

Абдолла хан өлгеннен кейін Хиуада Мұхаммед-Әминнің жиені он сегіз жасар Құтлы-Мұрат хан сайланды. Алайда онын билігін астана тұрғындары ғана мойындады. Қонырат, Ходжейлі, Үргеніш сиякты басқа қалаларда айрықша әкімдер өздерін дербес әмір деп жариялад, өз бетінше билік жүргізіп жатты. Өзара қырқыс пен берекесіздік белен алды. Түркімендердің үлгісімен қарақалпактар бас көтеріп, Жарлық-терені өз ханы етіп сайлады. Түркімендер өз кезегінде жәуміт руының ашраф әүлетінен шыққан Атамұратты өз ханы етіп жариялады. Үрейі үшқан Құтлы-Мұрат Адай руының қазактарына үндеу тастап, оларды түркімендерге карсы карулануға шакырды. Жәуміт түркімендер жас ханның қын жағдайын көре отырып, қасақана Мұхаммед-Нияздың басшылығымен бес мын адамды Хиуаға қарай аттандырды. Жұз адам нөкері бар би ханға сәлем береміз деген желеумен сарайға етті. Қонағасы келгенде түркімендер ханға тарпа бас салып, оны жанындағы жеті нөкерімен бірге өлтіріп жіберді. Бұл кезде сарайда қазіргі хан жазалап өлтірген бас қазынашы марқұм Мехтер бар еді. Абыр-сабырды, у-шуды ести сала ол сарайдың бүкіл қақпаларапын жабуга бүйрік беріп, өзі оның бір қабырғасына келіп: “Нәсер! Нәсер! (Опасыздық)” деп айтай салды. Қала тұрғындары бұл айғайды естіп, істің мән-жайын бірден түсініп, көшелер мен сарайда жүрген түркімендерге тарпа бас салды. Сүмдық қан төгіс болды. Түркімендердің азын-аулағы ғана қашып құтылды. Хиуалықтар түркімендердің қол-аяғын байлап жатып бұл істе киелі Палуан-ата мен басқа әруақтар колдағанын айтты. Өзін хан деп жариялаған Мұхаммед-Ниязды Құтлы-Мұраттың кісілері ұстап алып, табан аузында дарға тартты.

Қысқа ғана тыныстан кейін хандықтың иелігіне Хиуаның бұрынғы билеушісі Мұхамед-Рахымның баласы қазіргі әмірші Сейт-Мұхаммед хан сайланды. 1824 жылы дүниеге келген Сейт-Мұхаммед бұл кезде 32 жаста еді. Билік тізгінін қолына алған соң 1856 жылғы сөүірде Көне Үргеніштен шыққан түркімендер мен қарақалпактарға арнаулы жасақ аттандырды. Хиуа жасағы бұзқылар тобырын тас-талқан етіп, 1855 жылы сайланған қарақалпақ ханы Жарлықты өлтірді. Қарақалпактардың бір болігі Бұқар иелігіне көшіп кетті. Сол 1856 жылдың маусым айында Сейт-Мұхаммед өз жағына

адай руының қазақтарын тартпақ болып, көрсеткен қамкорлығы үшін зекет төлеп тұруын ұсынды. Бірақ бұндай шакыруға қазақтар илікпеді. Ханның әлі әлсіз екенін біліп Қонырат маңындағы Манғыстau тубегіндегі түрікмендермен шайқасын жалғастыра берді. 1856 жылғы желтоксанда олар түрікмендерді құشتі тонады. Алайда оның есесіне 1857 жылғы бір қактығыста жүзден астам адамынан айырылады.

Өзара қырқыс, дамылсыз соғыс барлық жерде бірдей сүмдүк қымбатшылық пен ашаршылық тузызды. Егістік танап өндөлмей, себілмей қалады. Осынау жағдай бір кезде шекарадан әрі қарай көшіп кеткен қазақтарды біздің шебімізге қайтып оралуымызға мәжбүр етеді. Тұрмысқа қажетті заттың бәрінің бағасы адам айтқысыз шырқап кетеді. Әдетте төрт теңге тұратын бір пүт астық ол кезде жиырма теңгеге (4 сом күміс) жетеді. Ақыр аяғында нанның жетіспеуінен Сейіт-Мұхаммед Бұқарға, әмір Насыр-Баһадур ханға дереу елші жіберіп, Бұқар базарларынан Хиуа үшін астық сатып алуға мұрсат сұрайды. Оған рұхсат та алынады. Хиуа саудагерлері товар жетіспегендіктен бұған сатуға киілген не өлгендердің үстінен шешіп алынған көнетоз шапандар әкеледі.

1857 жылы Хиуада құشتі індеп етек алады. Сөз жоқ, бұл аштықтың салдарынан әбден әлсіреудің нәтижесі еді. Әсіресе, балалар өлім-жітімі көп болады. Бар белгілеріне қарасақ, бұл індеп тырысқақ ауруы сияқты.

Хиуа 1856 жылдан бастап Бұқармен ешқандай артық-ауыс қактығыска барған жоқ. Қоқан ханы Бұқарлықтарға қарсы күресуге көмек сұраса да Сейіт-Мұхаммед міз бакпады. Себебі Хиуа ханы өзін тақта әлі бекем сезінбей, мұндай өрекпітүге көнген жоқ. 1857 жылы жазда Ресейге Сейіт-Мұхаммедтің хандық құруға кіріскендігі туралы хабар беріліп, елшілік жіберілді. Соңдай-ақ ол император ағзам Николай Павловичтің қайтыс болуына байланысты көңіл айтып, ата тағына отырған биік мәртебелі император Александр Николаевичті құттықтады. Басында шейхуислам Фазыл-Қожа болған бұл елшілік он алты адамнан тұратын еді. Құрметті хиуальқ Ишниязбай Бабаев елшілік кеңесшісінің қызметін атқарды. Елшілік 19-шы шілдеде Орынборға келді. Жоғары мәртебелінің мұрсатымен елші жанына бес адам нөкерін ертіп С. Петербургке жіберілді. Онда ол ұлы мәртебелі император ағзамының қабылдауында болды. 1858 жылы қантарда Орынборға қайтып оралып, одан 28-ші акпанды Хиуага кері қайтты.

1858 жылғы көктемнің шығуына байланысты Хиуа мен Бұқарға тағайындалған орыс еншілігі флигель-адъютант полковник Игнатьевичтің (казір генерал-адъютант)

баскаруымен іске кірісті. Олар Орынбор мекемесіне қарасты даланы басып журе отырып, Арап теңізінің батыс жағасымен Хиуаның шегіне жетті. Жергілікті қайықшылар арқылы Үрге мұйісі жанындағы Айбөгер шығанағы арқылы өтіп, құрғактағы жолменен Қонырат қаласына, одан Хиуаның кемесіне мініп, Әмудариямен жоғары қарай жүзіп өтіп 18-ші шілдеде Хиуа қаласына келді. Орыс кемелері Арап теңізі арқылы Әмудария қуылсызынан өтіп, Қоныратқа келіп токтады, содан соң төмен дарияға қайта түсіп, Токмақ-ата аралына қарсы сағаға кеп тұрды. Хиуадағы шаруасын тындырып қайтканға дейін күтіп, елшілерді мінгізіп алып Арап теңізі арқылы Сырдариядағы N 1 фортқа жеткізді.

Хиуадағы орыс өкілдігі өз болмысында мазасыз болған жок, алакөз түрікменнің жәуміт және игдыр тайпалары да аюандыққа бел буа қоймады. Сонда да онша ұзамай 31-ші тамызда екілдік іске кіріскенде Қонырат өзбектері мен қарақалпактар түрікмен ханы Атамұратпен бірігіп кетіп, билеуші Құтлы-Мұратты қөптеген нөкерлермен өлтіріп тастанды. Оның орнына Төре-Суфидің немересі Мұхаммед-Фана отырды. Ол Мұхамед-Рахым Хиуаның ханы (1801-1825) болып жүрген кезде Қоныратқа тәуелсіз бек болып, он сегіз жыл бойы бұл қалаға көз алартып келген Мұхамед-Рахымға мойынсұнбай еркін өмір сүрген еді. Алайда ол өзінің меҳтері (министрі) Мендіқасқаның (жоғарыда аталған Құтлы-Мұраттың әкесі) қолынан қаза тауып, басы қарсыласының қолына тапсырылды. Бұдан кейін 1814 жылы Қонырат Хиуаның қол астына тұсті. Оны әуелі Мендіқасқа басқарды. Содан кейін оның ұлы Құтлы-Мұрат биледі. Төре-Суфидің аман қалған ағайындары олардың арасында қызынан туған жиені Мұхаммед-Фана бар хандықта кедейліктен тарығып, өлмешінің күнін кешті. Құтлы-Мұрат басшылықты жасауыл басы Мәмметтің ішінәра бақылауымен жасайды. Олардың екеуін де Қонырат өзбектері, қазактар мен қарақалпактар ашкөздігі, байлыққа тойымсыздығы, зекет жинағандағы қаталдығы үшін өлердей жек көруші еді.

1858 жылғы күзде Қоныратта кек қайтаруға құлшынған Мұхаммед-Фананың басшылығымен бұлік бүрк ете қалды. Оған Қонырат төнірегінде көшіп-қонып жүрген казактар, оның ішінде белгілі бүлікші Есет Қөтібаровтың туысқаны Азберген би қосылды. Хиуалықтарға қарсы төтеп беруге шамасы жетпейтінін сезіп Мұхаммед-Фана көмеккө түрікмендерді шақырмақ еді. Алайда Азберген кейін бұл адудын асау қарақшылардан құтыла алмай жүрерсін деп жан-тәнін салып бүған қарсы шықты. Әйткенмен Мұхаммед-Фана

шамасы түрікмендермен, олардың ханы Атамұратпен астыртын айтасып, одак күрып койса керек. Бұлік қыркүйектің аяғында бүрк ете калды. Жоғарыда айтылғандай, Құтлы-Мұрат каза талты да, Мұхаммед-Фана Қоныраттың ханы деп жарияланды. Ол бұл жөнінде жедел Атамұратты хабардар етуге аттанды.

Бірінші рангалы капитан Бугаковтың Қоныратқа сапары дәл осы кезге түспа-тұс келді. Оның бүге-шігесі 1860 жылғы Теніз жинағында баяндалған. 1859 жылғы тамызда Мұхаммед-Фананың бауыздап өлтірлгені туралы хабар келді. Қонырат қайтадан Хиуа хандығының қол астына көшті. Қоныраттың Хиуа хандығынан бөлініп шығуына түрікмендердің көтерілісіне байланысты ырын-жырын, өзара қырқыс түгел аяқталғаннан кейін Сейіт Мұхаммед хан жәуміттерді ауыздықтау үшін Әмударияның бір саласы Лаудан өзенін тоғандаудың бұрынғы жүйесіне көшуге ден қойды. Ондағы ойы түрікмендерді жер суарудан қағу еди.

Алайда түрікмендер бұларға қыр көрсетіп, Қоңе Ургеніш қаласын басып алды. Сөйтіп, шиеленістің қүшейгені сондай, Хиуа ханы өзі айтқанын орындан алмайтынын сезіп, қақпаны жауып, Хиуда өскерімен жатып алды. Тіпті ханның өз қолдаушысы деп Бұқар әмірін ғана мойындайтыны жөнінде сыйбис тарап кетті. Әмір оған бүкіл иелігін бағындырып беріп, түрікмендердің Хиуа жерін талауына тыйым салам деп уәде етілті-міс. Соның құрметіне Сейіт-Мұхаммед Бұқар әмірінің аты жазылған күміс теңге шығарыпты-мыс. Түрікмендердің шабуылынан зәразап болған халық әмірден Хиуага ханды тіпті соның таңдауымен тағайындау жөнінде етініпті деген сөз бар. Өз құнқорісі үшін жер өндеумен шұғылданудың қажеттігі уақытша дұрдараздықты тоқтатты.

Күзде Орынбор шекарасына керуендермен Хиуа ханы Сейіт-Мұхаммедтің өз құлы – парсылықтың қолынан опасыздықпен қаза тапқаны, оның орнына бұрынғы билеушілердің бірінің баласы он жеті жасар Әбділжанның хан деп жарияланғаны туралы қауесет кепті. Бірақ бұл хабар жалған болып шықты. Бұқардан келген керуендер Сейіт-Мұхаммедтің бұрынғысынша жеке билік жүргізіп, қырағы көзімен көршілерінің бүкіл қаракет-қимылтын бағып отырғаны туралы нақты дерек әкелді. Орыстардың Токмақ және Бішкек қамалдарын алуы кезінде қоқандықтармен арадағы ісімізге ол араласқан жоқ. Бізге де қырын қабақ танытпады, қоқандықтардың дәмеленуіне де жол бермеді. Орыс қаруының табыстары зайыры Ресеймен бейбіт байланысты бұзбаудың пайдасы зор екеніне хиуалықтардың көзін көміл жеткізсе керек. Кайтып Хиуа үкіметі қырдағы біздің қарауылдарымызға,

тіпті Ресей бодандықтарына қарсы ашық қимылға батыл барған жоқ. Сырдария бойындағы ауылдарға да, Хиуамен шектесіп жатқан казак даласына да баса-кектеп кіру тыбылды. Сейіт-Мұхаммедтің қазіргі Бұқар өмірі Мұзатар ханмен карым-қатынасының қандай екені әзірге мәлім емес. Біледініміз тек алғашқысы осы жылдың басында Бұқарға әмірдің таққа отыру өкігасына орай құттықтап елшілік жібергені. Сейіт-Мұхаммедтің занды бес ұлы бар: ұлкені Бабажан он алты жастар шамасында. Оның үстіне ол өзінің ізашары, сарайда түрікмендер өлтіріп кеткен Құтлы-Мұраттың баласын баурына салды, Ұзын құлаққа қарағанда, марқұм болған Бұқар әмірі Насыролла-Баһадур хан өз қызын осы балаға беруге уағыда байласқан көрінеді. Ондағы көздегені – осы байланысты пайдалана отырып Хиуаны басқару ісіне тікелей араласу. Ханға ағасы Сейіт-Махмұттың ықпалы күшті. Ол ақылды, әрі аса бай адам. Хан одан ұдайы барлық жағынан ақыл сұрап отырады. Сорына қарай ол апиын ішкен кезде куллі ақыл-есінен айырылып қалатын көрінеді. Хиуадағы жоғары лауазымды адамдар: мекхтер, хандықтың терістік бөлігінен зекет жинайтын күшбекілер, кеденақы жинаст, әрі манат сарайын басқаратын дуанбекі, жоғарғы сот – қазы, сарай уезірі дарға, әскер бастығы жасауылбасы, сарай меҳремдері.

Ең соңғы соны хабарларға қарағанда, шәудір тайпасының түрікмендері Хиуага зекет төлеп, Дәуқара көлінің төнірегінде көшіп-конып жүрген казактарды талап, тонап кетіпті. Айтұға қарағанда, Сейіт-Мұхаммед жәуміт тайпасының түрікмендерімен келісімге келіп, олардың басшысы жоғарыда аталған Атамұраттың қызына үйленіпті. Қазір жәуміттермен бірге шәудірлерге қарсы жорыққа әзіrlenеп жатса керек.



## Тарих тереңінен

### Түрікмендер

Түрікмендердің арасында Тұпқарағаннан Александрбай шығанағына дейін көшіп жүретін қожалардың тұғас бір әuletі бар; балық аулайтын орыс кәсілкерлері оларды “молда балалары” атайды. Бұл әuletті қазактар да құрмет тұгады. Айтқандай, Александр Павлович патшалық құрып тұрган тұста түрікмендер орыс үкіметіне сауда қарым-қатынастарын жүргізу жөнінде отініш жасап, оған деген сенім-хатты 1813 жылы алған-ды. Абдал әuletінің бұрыншықтары содан соң Астрахан губерниясына көшті. Оларды алты аксақал басқарып, бәрі де қонақ аталауды.

Манғыстауда ежелгі жазулар мен бейнелер салынған зираат ескерткіштері көп. Олардың тасына қылыштың, мылтықтың, сүмбінің, тапаншаның бейнесі қашап жазылған. Бір суретте жолбарыс қуып бара жатқан соңында екі иті бар салт атты бейнеленген. Олардың басы құбылаға, терістік-батыска қарайды. Түрікмендерге тиісті қамалдардың қираған жұрты да бар. Хан-Баба алқабындағы сондай қираған жұртты қазактар басып алған. Александрбайдың маңында Құмшынырау құдықтарынан онша қашық емес екі жер асты үңгірі бар. Екеуі де құз-жартастан қашап жасалынған.

Түрікмендердің киіз үйлері ұсынақтылығымен, ұқыптылығымен айрықша көз тартады. Олардың керегесі ұсталған кілемнен көрінбейді. Шаңыраққа іletін етті дә таза шүберекке орап қояды.

Пушты – Кемер тауларынан, Гурген қайнарынан төменірек төрт шақырым жерден Каспий теңізіне дейін өзеннің оң жақ жағасымен жарыса Қызыл-Алаң қабыргасы созылып жатады. Қабырганың қалануын аңыз-әнгіме Ескендір Зұлқарнайын заманына апарса, кейбіреулер Әнушербан дәуіріне жатқызады. Қабырга биіктігі бір-бірімен бірдей емес. 8-10 аршын шамасындағы төбелерден тұрады. Кейде төбелер теп-тегіс болып көрінбей де кетеді. Олардың іргесі күйдірілген кірпіштен қаланған. Қазір арасына шөп шығып, қына басып кеткен. Француз Эрбело Бартелеми оны қытайдың Ерен қабыргасымен қосылып кетеді деп ойлаған, бірақ онысы кате.

Гокландар мен жәуміттер ауылды оба деп атайды. Оларды жергілікті төрелер басқарады. Бөлек отырғандары өз алдына ру.

Түрікмендер мал шаруашылығымен қатар егіншілікпен де шұғылданады. Гокландар киіз үйде тұрса да шетінен егінші. Гокландардың кой және бойіндер әuletтері жібек құртын немесе піллә өсіреді. Түрікмен әйелдерінің бәрі тамаша кілемдер тоқып, текемет басады, жабу және коржын жасайды. Гокландар ірі жібектен және мақтадан матада тоқиды.

Саудаға өсіресе жәуміттер бейім. Жапарбай руы мұнаймен және тұзбен сауда-саттықты кең ерістеткен.

Гокландар мен жәуміттер парсы шахына бағынышты. Гокландар өз жерін теке мен жәуміттерден қорғайды. Олар басқалардың бәрінен жақсы қаруланғандықтан батыл жауынгерлер саналады. Жәуміттер тұракты түрде алым-салық төлеп тұруға тиіс емес. Эйткенмен, шахқа жаңа жылдың алдында әжептәуір жылқы жібереді. Астрabad әмірлері құшкуаты кемелденген кезде парсы үкіметіне 6 мың туман ақша береді. Ол үшін әрбір тұндіктен 2 және 3 сакап-қиран жинаиды.

Жәуміттер тұрмыс салтына, қоші-конына қарай шамурлар және шаруалар болып бөлінеді. Алғашқысы негізінен егіншілікпен шұғылданып, отырықшылық күн кешеді. Және парсы елімен тұракты қарым-қатынас жасайды. Ал шаруалар негізінен қошпелілер. Шамурлар Гүргенниң екі жағын бойлай Қарасуға дейін кошіп-конаады, ал екіншілері Атрек бойын жайлайды. Бұлар Астрabad билеушілеріне онша мойынсұнбайды. Кедейленіп күйзелген шаруа шамур болып кетеді. Егіншілікпен айналысып, ақша жинап алған соң қайтадан шаруа қатарына қосылады.

Түрікмендер акшаға құмар әрі кекшіл келеді. Бәрінен артық санайтын каруы наиза мен қылыш. Мылтықты онша ұнатпайды. Астығын қыста жерге қоміп сактайды.

Раджпуттар сияқты түрікмендер де қанының тазалығын мақтан тұгады. Гокландар, жәуміттер және текелер өзара некелесе береді, бірақ басқа тайпаға қыздарын бермейді. Б.Боде бұл намысқойлықтың қасіретінен бір мысал келтірген. Астрabadтың бір билеушісі жәуміт қызына ғашық болады да, түрікмендердің риза болмағанына қарамай үйленіп алады. Содан алакөздік туады. Бір жылдан кейін жас келін төркініне келгенде түрікмендер оны ұстап алып, шауып-шауып Құмтебеге лактырып тастайды да, Хиуага қарай қошіп кетеді.

Таза қанды түрікмендер иік деген құрметті есіммен аталады. Ал тұқынга тұсқен қырғыз, парсы және озбек қыздарынан туғандарды бағзыдан-ақ кемсітіп, “құл” деп атайды. Қожалар оларда үлкен құрметпен қошеметtelіп, ата, шейх, мақтұм деп аталады. Ішкі сауданың бәрі солардың қолында. Өзара дүрдараз әuletтердің арасындағы төреші болып жүретін қазылар да солар. Халықтың құрметіне бөлгенген біреуі өзін

алланың колдаушысы деп жариялат, жолын үстанушыларды Астрабадқа дейін алып барғаны да бар.

Тұркмендер балаларын өте ерте үйлендіреді. Үлдарға он төрт – он бес жасында келіншек алып береді. Ал қыздарын он-он екі жасында үзатып жібереді. Неке қиганнан кейін күйеу мен қалындық үш күн бірге тұрады да, содан кейін қалындық үш жылға төркініне кетіп, жасауын әзірлеپ, кіз үй мен киім-кешегін безендіреді. Содан кейін әкесінің босағасында бір жыл тұрып, сосын ғана енші алады. Енші алғаннан кейін әкесі алты ай бойы жас жұбайлардың азық-тұлік, ас-суын әзірлеумен шұғылданады.

### **Турфанин Тибетке дейін**

*(Ауған саудагері Мегді Рафаиловтың жазбасынан түйген ой)*

Қабыл қаласының тұрғыны саудагер Мегді Рафаилов 1813 жылы 160 мың сомның тауарлары тиелген үлкен керуенмен Семейден шыкты. Керуенді жұзбасы Старков бастаған жеттіс адамдық қазак жасағы қорғап жүрді. Жетісу өлкесін баса көктей өтіп Ыстықкөл арқылы тұра Турфандың бет алған керуен әдеттегі жолмен межелі жеріне қажетті аялдамаларын жасай отырып аман-есен елу төрт күн дегенде жетті. Керуен Ілден Турфандың дейін жиырма бір күн жол жүрді.

Турфандың шағын ғана қала. Тұрғындары түгел мұсылмандар. Қытай гарнizonы жеті жұз адам. Турфанин олар отыздан бір дана баж салығын алып тұрады. Рафаилов мырза өз бүйімі үшін салықты Қашқарда төлеймін деп қоярда-қоймай алым жинаушыларды иландырып аман өтіп кетті.

Он бір күн болғаннан кейін керуен Ақсуга аттанды. Отисуы жаксы біртегіс орманды өнірмен жүріп отырып он үш күн дегенде Ақсуга жетті. Шамамен Рафаилов Турфандың арасы жұз жиырма шақырым деп жобалады. Осынау екі қаланың арасында үш бірдей мыс зауытты бар. Ақсұ әкімінің сендеріүіне караганда, олардың әрқайсысы жылына 500 күміс жамбы (56 пүт 10 кадак) кіріс кіргізеді.

Рафаилов Аксуда 27 күн болды. Одан өз бүйімдарын қыруар пайдамен күміске сатты да, алты қызметшісін ертіп алып, Қашқарға тартты. 11 күн бойы кәдімгі Қытайдың данғыл каска жолымен жүріп отырды. Жол-жөнекей Рафаилов бекеттердегі арбакештерден басқа ешқандай тұрғын жок екенін аңғарған еді. Ал Қашқарға үш күндік жол қалғанда ғана қаланың

төнірегі толған елді мекендер екеніне көзі жетеді. Кездескен төтен жағдайға орай Рафаилов әкелген заттарын күміс тенгеге сата алмады. Сондықтан оларды баспа-бас басқа бұйымдарға айырбастады. Ондағы ойы айырбастап алынған бұйымдарды Нижегород жәрменкесіне жіберу. Ол Қашкарда өзінің осы қалага тауар әкелуге тиіс пркәзшігін күтіп, 13 ай тұрды.

Пркәзшік әкелген бұйымдар өте-мөте пайдалы болды. Рафаилов іле-ақ оларды мол пайдамен күміске айырбастады. Сөйтіп, өз шаруасын біраз жайғаған соң Янгигисар (Қашкардан 90 шакырым) қаласы арқылы бірынғай орманды алқаппен Жаркентке аттанды. Бес қун жол жүріп Жаркентке де жетti. Жаркент пен Қашкардың арасы 250 шакырым екен. Жаркентте олар екі ай тұрды. Екі-екіден ат және жеткілікті азық-тұлік әзірлеп алып одан тұра Улken Тибетке тартты. Жол дегенің елсіз-күнсіз тіс шүкітін қылтанағы жок таулар кес-кестеген айтакырмен өтеді екен. Нұбр елді мекеніне дейін бұлар бір тұрақ көрген жок.

Нұбр Шайоқ өзеніндегі елді мекен. Одан Тибетке дейін үш күншілік жол. Барлық жолды Рафаилов 24 қунде жүріп өтті.

Тибетке келген күннің ертеңіне ол уәзірдің қабылдауына кірді. Уәзір оны өз әмірі Махмұд-хан Ақбарға алып барды. Рафаилов оған Глазенаптың хатын тапсырды. Хан оны аскан ілтиипатпен қарсы алып, орыс саудасына қамқорлық көрсететінін білдіріп, ешқандай алым-салықсыз сауданды жасай бер деді. Артынан бұған ханның атынан әр алуан сыйысбага және азық-тұлік әкеп берді.

Рафаилов Тибette Ресейге жеткізуғе тиіс кашмир шәлілерін сатып алды. Оған осында қалуға тиіс қожайынын ауыстыруға тұра келді. Сондықтан Кашмирге барудың қажеті болмай қалды. Ол Тибette 34 қун болды. Қайтар жолда хан оны қайта қабылдап, корпус командирінің атына жолданған хатын тапсырып, жылы-жылы сөйлеп, өз елшісін жіберmek ниеті барын білдірді. Сөйтіп, Ресеймен қарым-қатынас жасауга ынталы екенін айтып алым-салықты азайтатынын анғартты.

Тибеттен Рафаилов Құлжа арқылы 8 ай жүріп Семейге жетті. Мегді мырза Үндістанмен және Тибетпен сауда қатынасын орнықтырып, оны күшайтей тұсу үшін Ақсу және Үш Турған арқылы жаңа жол ашуды ұсынды. Сауда жасау құқы тек қазак сұлтандарының қолында тұрған Құлжаны айналып өткен абзал болар деп ойлады. Оның үстіне сұлтандардың өзі Алатау қырғыздарының ықпалынан әлі шыға алмаған. Ал оларға тиісп кетсе, талау мен тонауға үринары кәміл.

Сонынан Глазенаптың ұсынысымен Рафаиловқа сауда кенесшісі атағы берілді (Граф Неселродтың 1817 жылғы 28 акпандағы хатын қараңыз).

## *Мұхаммед-Жақып Жанқуловтың айғағы*

Мұхаммед-Жақып кінәз Горчаковтың тапсырмасымен Құлжаға 1847 жылы барып қайтты. Оның да өзіндік себебі болды. 1846 жылы Қашқарда болған ашаршылық жайында мәлімет жинау үшін оған қыл артылған керуен келіп кетіпті деген сыйбыс тарады. Тапсырманы ойдағыдан орындағаны үшін Жанқулов күміс медаль алғып, ілім тон жамылды. 1855 жылы Жанқулов Шығыс Түркістанның Қашқар, Ақсу, Үш калаларына барып қайтты. Аксудан Қашқарға, одан Қоқанға қайта оралды. Қоқанда бұл тұста Құдияр хан болып тұр еді, мынбасысы – Қасым, миҳтары – Керімқұл.

Қашқарда бұл кезде әмір Жәнгір қожаны ұстап алған Исак-Уаннның баласы Махмет-Тәжі еді. Бұлардың ата тегі көне Турфаннан шығады. Ол мұнда үш ай бойы зекетхана сарайында тұрды. Әндіжан көшесінде пәтері болды. Қаланың аксақалы Намат хан.

Жақыпты әкім жақсы қарсы алды. Өйткені оның Іледе жергілікті өкімет қатты құрметтейтін адам екенін білген еді. Оның үстіне колында Қоқанның хазіреті мен Керімқұл миҳтардан жолдама хаты бар. Қашқардан Аксуға дейін Мұхаммед-Жақып керуенсіз салт атпен ызығытты. Жолда 18 бекет (өртен) бар екен. Жол шаңдақ, сортан Ерғол өзенінің сол жағалауымен өтеді. Сол жақта алыстан андагайлап шамасы 80-90 шақырымдай жерден таулар мұнартады.

Ерғолдың көс қапталында сәмбі тал, жыңғыл, актікен, долана, жиде қаулаң өседі екен. Тогайда жолбарыстар көп-ақ, Қашқардан Файзабат өзенін бойлаган жол Ерғолдың күйышысындағы үшінші бекетте оң жағалауға шығады. Тоғызынышы бекет – Маралбасыға дейін тағы да бес күн журу керек.

Маралбасы – жергілікті жердің атауы. Әйтпесе жері саздауыт, қамыс-құракты, жазда шыбын-шіркей өте көп. Мұнда, әсіресе, үйғырдың долан өuletі тұрады екен. Доландардың елді мекені жетінші бекеттен Шадыр-көлден Аксуға дейін созылып жатыр. Доландардың басты қаласы Байшықтың қасында қытай бекінісі тұр. Гарнизоны үш адам. Байшықта жол Ерғолдан тұра солға тартады. Ал Ақсу Ерғолға құттын Ақсу өзенінің жағасында тұр.



## Көне дәуір деректері

### Хонтайшы хақында

Батыс Сібір Бас басқармасы архивінің деректері негізінде Шоқан XVIII ғасырдың 50-60 жылдардағы Жонғар хандығының тарихын түзбек бол кейір бойларын қағазға түсіріп, оған “Хонтайшы хақында” деп тақырып қояды да оның сілтемесіне “Жонғар билеушісі Батыр туралы” деп жазады. Бірақ қағазға түскені XVII ғасырдағы Батыр хонтайшы емес, бертінгі Жонғар ханы Сыбан-Рабдан әuletінің шежіресі болып шыққан. ІІ. Уәлихановтың шығармаларының кейінгі бес томдығына берілген түсініктемеде үл жаңсақтыққа түзету енгізіліп, әділ пікір айтылған. Сондықтан аударғанда тақырыбын қаз-қалпы сақтағанмен шежірені Сыбан-Рабданнан бастадық.

Аудармашыдан.

Сыбан-Рабданнан Шона мен Қалдан-Серен туады. Ханның Фалдан Доржы және Хантутан Сейтен атты інілері мен Хочуғаға тұрмысқа шыққан қарындасты болады. Ол Шабдар-ноян, Әмірсанда деген екі ұл табады. Ал Қалдан-Сереннің Манжа, Балдузір деген ұлдары өзінің көзі тірісінде қайтыс болады.

Дебашы-хонтайшының шөбере інісі. Ханзада бол саналатын Саған-ханның ұлы Әмірсананың бауыры аталады. Аошық-Дебашы ноянының Санбийнің ұлы Жаманқұл.

Қалдан-Серен 1745 жылы қыркүйектің 14-күні бір апта ауырып қайтыс болды. Тоқалынан туған ұлы Лама Доржы әкесінен 25 жасында қалды. Ол өте ақылды, өз халқының сүйіктісі болып еді. 1750 жылы мамырда бауырының көзін ағызып жіберіп, құзде өзі хонтайшы болды да, Ердене-батыр-хонтайшы деген атақты иемденді. Қалданның бәйбішесі, Хотол-нояның қарындастын сегіз жасар Шибен Нәмжін, он үш жасар Доржы қалады. Доржы кейін 1745-1750 жылдары Бишаган Саған-Сыбан Доржы Нәмеджи атанады. Елуйнің жылы оның көзін ойып, Ақсуға жер аударып жібереді. Сыбан Доржының әпкесі, хонтайшының қызы Лам Бояр әкесі қайтыс болғанда 19 жаста, ал Сыбан 16 жаста еді.

Басқа бір айғақтарға қарағанда, Қалданның артында үш ұлы қалады. Үлкені 19 жаста, екіншісі 13 жаста, ал кенжесі 6 жаста (қалмақтар он жасқа дейін баласына ат қоймайды). Сыбан Доржының әпкесі Лам Бояр 19 жаста, ал Сыбанның өзі 16 жаста қалады.

Өлерінің алдында Қалдан өзбектермен соғысып, әбдікегерімдіктерді алдап Қасан қаласын алып қояды. Қоқаннан көмекке жіберілген қолдың талқанын шығарады. Хан қайтыс болғаннан кейін қазактардың жүз тұндіктен тұратын айрықша руы Үргіден кетіп қалады. Мұнда олар өз жеріне қалмақтармен қоса коныстандырылған-ды. Қотан қаласына кеткен ол қыпшактар жөнінде акпар анық.

1749 жылғы қарашаның 25-і. Бұл жылы Ахмет бастаған Сырдария бойында тұратын қырғыздармен соғыс болды. Ахмет будан екі жыл бұрын ғана 10 мың қолмен Қашқарға келіп, 1000 тұндікті талап, көптеген тұтқындар алып кеткенді. Оның жазасын тартқызу үшін 10 мың қол әскермен Доржы зaisan жіберіледі. Алайда ол күйрөй женеліп, 30 мың адаммен кері қайтады. Сол жылғы мамыр айында Әндіжан ханы өзінің інісі Лама Доржыны жібереді. Ол да онбай женеліп, осыдан үш ай бұрын қайтып оралды. Шайқас кезінде Қалдан-Сереннің ұлы... мен Дүйрен-нояның баласы Лобыш тұтқынға түсіп қалады. Қалмак әскерлерін Сейтен мен Қалданның күйеу баласы Сайын-бөлек және Хотау басқарады. Қалдан қайтыс болғаннан кейін Үргіге шақыртып алынған Сейтен жолжөнекей опат болады да, барлық басшылық жұмысын Сайын-бөлек қолға алады.

Тәшкенттіктер хакім болып тұрған қалмақты өлтіріп, Сыбан Доржы оларға бек болу үшін бір мұсылманды жібереді. Бірак тәшкенттіктер бұған да бағынбайды. Тәшкенттіктерді жазалап, сазайын тартқызу үшін түстік жақтың шеткі ұлысында тұрған Сайын-бөлек жіберіледі. Жолай Сайын Лама Доржыға соғып, онда басқа нояндарды кездестіреді. Олардың бәрі кенес құрып, таққа Лама Доржыны отырғызу жөнінде келісімге келеді. Он мың қол әскерімен Сайын-бөлек Тәшкентке барудың орнына Үргіге тартып, Сыбанды анда жүрген жерінен үстап алып, көзін ойып алып, Ақсуға айдал жібереді.

1750 жылғы тамыз. Басқа бір тараншы: “Диен-ноян әбдікегерімдіктерге аттанып, шешек ауруынан үлкен шығынға үшірап кері қайтты, — дейді. — Ауырмай аман қалғандары таратылып жіберіліп, сырқаттары далада қалады. Сайын-ноян біз жер жыртып жатқан шақта әміршігে барып, ұзамай қайтып келді. Артынан әміршіміздің анға кеткен бойда із-түзсіз

жоғалғанын есіттік”. Сыбан катыгез еді, қарт нояндарды құрметтеп сыйламай, төңірегіне кілең жастарды жинайтын.

Сухозанеттің 1751 жылғы желтоқсанның 23-де жолдаған баянхатында былай дейді:

— Тарск тұрғыны Герасим Зенков пен аймақ коменданты Черемисинов ресми қағазбен хонтайшыға жіберілген еді. Олар Дебашыға барған екен, қағазын Үргіге жіберіп, қашан жауабы келгенше екі ай бойы оларды ешқайда қозғалтпай, өзінде үстап, әрен босатыпты. Хабар-дауан мен Зайсанның арасында оларды Бұқар керуеніне косыпты. Сол күні Әмірсананың зайдандары келіп бұларды өз ұлысына жіберуді талап етіпті. Сонымен, олар Әмірсана ұлысына кетеді. 1746 жылғы қыркүйектің 10-ы күні Зорин Әbdікерім қайтыс болды деп баянхат жазады. Бұл хабарды естіп қанат астына алыныздар деп оның інісі Дасис келеді.

Жаңа әмірші Сыбан Доржы Немеджи Бежінге елшілер жіберіп, әкесінің қайтыс болғанын хабарлап, өзбектермен соғысу үшін әскер беруін сұрайды. Қытайлар қарсы болып, бетін қайтарып тастайды.

Сейтен Қалданға у берген деп айыпталады. Ал басқа бір деректерде таққа отырғызу үшін Лама Доржымен астыртын байланыс жасады деп кінәлайды. Оның да үй-іші Ақсуга жер аударылып, балаларының көзі ойлады. Кейбір деректерде жазалап өлтіріледі.

“Қалдан көзі тірісінде Персияға Нәдір-шахқа, бұқарлық Сейітбекке елшілер жіберіп, олар парсы елшілігімен бірге оралып, піл алып келді”, — деп жазады Зорин 1746 жылғы қараашаның 2-жанасында.

“Себен Доржы Атжанхан атағын алды”, — деп жазады Павлуцкий 1747 жылғы қараашаның 21-жүлдызындағы баянхатында.

1747 жылғы тамызда Әbdікерімнің орнына таққа оның інісі Райымбек отырды. Ол таққа отырысымен қанатының астына алсын деп елшілік жібереді.

Жонғарларға тиесілі Тәшкент қаласында қалмақ Делшер батыр мен бұқарлық Мәді-Жүсіп хакім болады. Ал қазак қаласы Түркістанның хакімі Уәйіс сұлтан.

Қалдан-Серен Колыма заводтарынан Иван Болдяга деген орыс ұстасын төрт шебер жолдасымен шақырып алдырып, зауыт салғыза бастайды. Бірақ Қалдан-Серен қайтыс болар алдында ағаш болмагандықтан жұмыс тоқтап қалады.

1753 жылы қалмақтар жағасынан темір кенін алып жүрген Ыстыққөлдің бойында әbdікерімдіктермен қиян-кескі шайқас болады. Қалмактардың талқаны шығады. Сонан соң Дебашы

хан сайланып, Нәмке Доржы ноян 10 мың түндігімен Сарысы бойына көшеді, іш пікірі – Еділге, Сайын-бөлекке барып косылу еді. Ал ағасы қытай шегіне көшіп кетеді.

Біздін басшылық, Тевкелевтің пікіріне қарағанда, Нәмке Доржыны Еділге жібермей, Ертіске шақырып, оның Үргіге хан болуына көмектесу керек деп түйеді. Ондағы ойы империяның діттеген шекарасын Зайсан көлі мен Саян тауларына созып, сол өңірге иелік жасап, күміс шығаратын зауыттардың жұмысын жолға қойып, хауіпсіздікті қамтамасыз ету болатын.

Дебашы Әмірсана және Болжыр уақ-керейлердің арасында Имер батырдың қолында тұрды. Әскері тарап, туы түсіріліп, тек кудайға құлшылық қылумен болды. Салтанат серуен көзден бұлғул үшіп, керуендері таланып, адамдар колдан-колға көшіп, құл болып кетті.

Сонан кейін Әмірсана Дебашымен және Саған-ханның баласы ханзадамын деген біреумен бірігеді. Дебашының 13 мың, Әмірсананың бір мың, ханзаданың бес жұз түндігі болады. Олар Нұр-Зайсанға, одан әрі Ертіске жол тартады. Жеті күн жүріп, арғы бетке өткелі-күн ұзак өуре бол жатқанда оларға Әмірсананың ағасы Шабдар-ноян 4 мың әскермен күп жетеді. Аяқ астында ұрыс қызып, келген қолдың беті қайтарылып, әупірімдеп Ертістен өтеді де, Нарынға барып токтайды.

Мұнда келген соң Әмірсана орыс тұтқындарынан: орыстар бодандыққа алар ма екен? – деп сұрайды. Келесі күні Шабдар оларға қайта күп жетеді. Кескілескен шайқас талай тәулікке созылады. Ноядар жұз адаммен ұрынқайлықтарға қашады. Оған барғанша жұз жолдастан 17-ақ кісі қалады. 30 ат үрлап мініп, екі адамды тұтқынға алып Жетіжардың қарсысынан Ертістен өтіп, қазактарға кетеді. Ұлысты да, ноядардың әйелдерін де бөліп-бөліп алысады. Дебашыны ұлына жөнелтеді де, Әмірсананы Үргіге жібереді. Шабдар орыстарды еліне жіберіп, бәрі үшін Әмірсананы кінәлап, Дебашының сөз тындағанына өкініш білдіреді. Зәүде Ресейге өтіп, бекініс тапса, табан аузында кері қайтарып жіберулерін өтінеді. Оның бұлай бүлініп жүрген себебі Дебашы таққа Қалданның зансыз туған баласы Лама Доржыдан гөрі менін хақым бар еді және ол бұрынғы билеушінің сегіз жасар ұлын мерт қылды, деген сөзі. Ол зұлымдықты бұл білмей қалды.

1749 жылы күзде Жонғариядан Шакар бекінісіне өзін Том қаласының тұрғынымын деп таныстырыған Адам Қазыкелдин (Кожагелдин) деген бұқарлық келді. Оның әкесі бұрын Тобыл кентінде тұрып, кейін баласы Адамды алғып, оның анасымен Том қаласына көшіпті. Қоңе кітаптарға қарағанда әкесі бұдан жиырма жыл шамасы бұрын Жонғар хандығына беріліпті. Сол бетімен ол күні бүтінге дейін көшпенділердің иелігінен жүз елу шақырымдай жердегі Ақсу қаласында тұрады деп есептеледі. Жалпы басқа бұқарлықтар сияқты бұлар да қалмактармен қосылып көшіп-қонып жүреді. Бұл бұқарлықтардың ұзын саны тек Үргі төңірегінде ғана 1100 шанырақ шамасында. Одан әрі Адам жонғар қарым-қатынасы жайында әралуан мағлұмат айтты. Оның хабарына қарағанда, бұл тұста ол Атжан хан (Ежен хан) аттайтын хонгайышы Сыбан-Доржы қырғыздармен соғыс жүргізіп жатқан тәрізді. Ахмет басқарған қырғыздар он мыңдай қолмен келіп... мыңға жуық үйді өртеп, көп тұтқын алғып кеткен.

Қырғыздарды бағындыру үшін он мың қолмен аттанған зaisan Dorjы талқаны шыға женіліп, жорықтан үш мың адаммен ғана оралады. Сол жылдың мамыр айында қонтайшы қырғыздарға қол астына он мың әскер беріп өзінің інісі Лама-Доржыны және жібереді. Қырғыздардың жайлауына дейін Үргіден тік тартқанның өзінде бір айлық жол еді.

Адамды осыдан бір ай бұрын Үргіден тілекестері, Қашқария қалаларында тұратын он екі бұқар begi атынан Ресей империясына арнайы жіберіпті. Бұқардың әртүрлі қалаларынан болғандықтан ол бектердің Адам бес-алтауының ғана есімін есінде сақтап қалған. Олар – Диас, Мәмед, Құрбан, Кепермет, Ниязмет. Сол бектердің ішінде қазіргі жонғар әмірінің әпкесінен, Қалдан-Сереннің қызы Олон-Байырдан туған және бар. Ол ханымды інісі жер аударып, Бұқарстанның Ақсу қаласында абақтыда ұстап отырған сияқты. Адамның колында бектердің он екі мөрі басылған хаты болды. Хатпен қоса жоғары мәртебелі патша ағзамға тарту-таралғы ретінде алты асыл тас, алтынмен әрленген бір парсы торқа тоны, екі генералға және алты асыл тас қоса жіберіліпті. Айтылмыш хат Үргіде орыс тілінде жазылыпты. Оның үстіне бектермен үш күн бойы кеңес өткіzlіп, бұл қарает-кимылды құпия сактау жөнінде ант алыныпты. Хатты жазған және кеңеске қатысқан саудагер орыс адамдары көрінеді. Олардың бірі Иван Герасимов, екіншісі тобылдық Алексей, оның әкесінің аты естен шығып кетіпті.

Олар Хан-Карагай арқылы келгенге ұксайды. Менінше, Үргіден Тобылға басқа жол жок. Он үш күн жүріп олар Ертіс өзенінің жағасындағы Дебашыға жеткен. Дебашы жалғыз ғана адамды жіберіп, қалғандарын дүние-мұлкін сыйырып алып, кері Yргіге қайтарып коя берді. Ондағы желеуі – Бұқар әмірінің алыс жүрттан Ресейге адам жіберу тыйылсын деген жарлығымыс. Ал олардың ішінен жалғыз Адам ғана “Үргіге жақын кісі” саналған. Дебашыдан Адам Онбе зaisсанға келіп, онда 15 күндей турады. Өйткені Онбенің баласы Самыр берген қарызын жинап алу үшін Шарын бекінісіне аттанғалы қамданып жатыр екен. Самыр тенді актарып, ішінен алтыннатқан торқа тонды көреді де, ақысын бермек болып, алып алады. Онымен де қоймай, бес қадақ құміске және алтынмен бірге жатқан алпыс алтын тенгеге тағы да бас салады. Әмиянды ағытқанда тенгелер сау ете қалып, Самыр оны да қақшып алады. Ал Адам бейшарада онымен қарсыласар қандай шама бар. Шарын бекінісіне келісімен Адам бір онтайлы сәтін тауып, хатты орыс офицері Нестеровқа тапсырып, он екі бектің мөрі басылған әмиянды көрсетпек болады. Бірақ оны тапсыра алмайды. Өйткені Самыр ертелі-кеш аңдып, түп-ізінен қалмайды. Бір түнде Адамның шамаданын тіліп, он екі мөрлі әмиянды бүкіл асыл тасымен, хатымен алып кетеді.

Асылы, Адамды жоғарыдағы бұқарлықтар, әлгі он екі бек қонтайшының қарындасы, Қалдан-Серенің қызы Ресейдің бодандығына өтуге пейілді деген сәлеммен жіберген еді. Сол үшін де әр қалада тұратын бектер Yргіге бір жолғы кеңеске жиналып, үш күн мәжілістескен еді. Олардың ең басында Фазизбек болды. Адамды жолдастарымен осы сапарға көндіріп, сәлем-сауқат, сый-сияпатқа қоса хатын қолына ұстасып, Ресейге аттандырган-ды. Оның үстіне арнайы сәлем айтып, Хан-Карагайдың зaisсаны Онбенің ұлы Самырмен бірге өз әміріне келіп қайтуын өтінген. Ондағы оларға жүктемегі бұлардың ұлысы төнірегінде орыстардың кәсіпшілік ашып, өндіріспен шұғылдануына жол бермеуді ескерту еді. Әмір Хан-Карагайдың жақын жерде орыстың қандай тұрағы, елді мекені болса, бәрін талап-тонап, егінін өртеп, адамдарын тұтқынға алышп, сокқыға жығуды бүйірдыш. Қажет болып қалған жағдайда көмек қолын ұсынып, Онбеге жиырма үш мыңға дейін әскер жіберуге уәде берген. Сонда ғана өріс кеніп, жылқының Ертіс бойын ен жайлauына мүмкіндік болады...

Сондай себеппен Ресей жағынан жіберілген елшіні жанындағы адамдарымен бірге тұтқындал абақтыға жауып, бас зaisсаның ... қонысында ұстады. Әлгі бектер осыны да жазып, Адамға жонғар әскерлерінің шамасы болмаған

жағдайда Ресейден әскер жіберілуін, орыстардың тарапынан көмек болған күнде бұқарлықтар қол үшін беру үшін бектер сексен мыңдай қол жиятынын айт деп тапсырды. Тілмаш Текутьев Адамның шынында да он екі мөрлі әмиянды корсеткендігін айғақтайды.

Адамның басқа бір айғақ қуәлігін Павлукский 1749 жылғы 25-қарашада хабарлайды. “Он екі қаланың он екі бегі ақылдасып, олардың ең бастысы Әзбек (алғашкысында Фазизбек) мені Бархотайдан аттандырды. Оның иелігінде отыз екі мың жан бар-тын, дейді. Бархотай үш күн бойы кенес өткен Үргіден қырық шақырым жерде Іле өзенінің жоғарғы ағысында. Ал менімен орыс тілінде жазылған үш хат жіберілді. Егер қалмақша жазылған болса, жолда қалмақтар үстап қалады деп қауіптенді. Ал орысша хат оларға әзір үйреншікті емес. Ол хатты Алексей мен Герасим, кәдімгі бектердің мәжілісіне қатысып отырған орыс саудагерлері жазды. Сондыктан бектер құпиялық жөнінде олардан да ант алды. Сондай хат әміршінің әпкесінен де жолданды. Және ол патшайымға торқа тон, әралуан асыл тастар, қымбат бүйімдар мен мал жіберді. Дебашы... Самыр ақсақалға, яғни Шарын бойында көшіп жүрген ағасына аттанды.

Сырдария өзені бойында тұратын қырғыздарға жорық жайында баяндай келіп, ондағы әскерлердің қолбасшысы Доржы, Қандел-Доржы болғанын айтады. Доржы тұтқынға алынып, басы шабылады. Одан кейін ол қалмақтардың орыс шекарасына шабуыл жасамақ ниеті барын айтады. Патшайымның жоғары мәртебелі бодандығына кіруге жүз жиырма мың бұқарлық әзір дейді...



## **Ежелгі сенімхаттар жайындағы жазбалар**

Қазактың Орта жүзінің хандары менің ата-бабаларым Абылай мен Үәлиден әuletімізге қөненің көзіндегі мирас бол қалған қазыналардың ішінде қытай императорлары Цян-Лун мен Цзя-Циннің бірнеше сенімхаттары сакталыпты. Қазақдаласын зерттеп білудің дерек көзі тапшы болғандықтан, барының өзі Орынбор мен Сібір желісінде ауызекі жазып алғанған қарама-қайши пікірлерден тұратындықтан, бұл құжаттар қазақ ордасының тұрмыс-салтынан тың деректер беріп, Орта Азия халықтарын және қытаймен қарым-қатынасымызды зерттейтін отандас ғалымдарға назар аударапрык біраз мағлұмат берері хақ. Оның үстінен қытайлардың көрші тайпаларымен қарым-қатынасын түсінуге де сәүле түсіретін деректер осы. Жалпы, сенімхаттар шүршіт және қалмақ тілдерінде жазылғандықтан Кіші Бұқарстанның, яғни Қытай Түркістанының тұрғындары сөйлейтін түрік тілінде әлі беймәлім. Сондықтан да ориенталистеріміз үшін біраз ынта-ықылас туғызуға тиіс.

Бұл жолы біз бес сенімхат ұсынғалы отырмыз. Біріншісі – қазактың рубасы көсемі, биі әрі батыры Малайсарыга жонғар хонтайшысы Қалдан-Серен берген қалмақша жазылған тархандық сенімхаты. Екіншісі – император Цян-Лунның кейін хан болған сұлтан Абылайға берген шүршіт және қалмақ тілдерінде жазылған сенімхаты. Үшіншісі – әлгі Цян-Лунның Орта жүздін ханы Үәлиге берген шүршітше, қалмақша және түрік тілінің Кіші Бұқар мәнерінде жазылған сенімхаты. Төртінші – император Цзя-Циннің Үәли хан мен оның ұлы Аббас сұлтанға жоғарыдағы үш тілде жазып берген сенімхаты. Бір ғажабы қытай үкіметі Аббасты Үәлидің мұрагері деп мойындалап, ғұн атапты. Бесінші – император Дао-Гуаннның (Гао Канан) Үәлиден кейін хан кетергені туралы Ғұбайдолла сұлтанға берген үш тілдегі сенімхаты.

Аталған сенімхаттардың екінші, үшінші және төртіншісі гана біздін әuletке тиесілі. Бірінші қалмақша жазылғанын, біз Малайсарының үрпақтарынан алдық, ал бесіншісін түрікше түзілгенінен іздел тауып, өзіміз аудардық. Бұлардың бәрін шүршітше мен қалмақшадан досымыз әрі ағайыннымыз Абылай

Фаббасов аударып берді. Қалмақша сенімхатта талай келенсіздік бар еken, оны менің өтінішім бойынша салыстыруға тұра келді.

Алғашқысы тегінде қытай немесе тибет фабрикалары жасаған қағазға жазылған тәрізді. Сенімхатта ханың есімі көрсетілмепті. Мазмұнының аяғына шағын ғана дөңгелек мөр басылған. Мөрде әралуан бейнелер байқалады, бірак біркелкі емес, көбі көмескі.

Екіншісі – Лян-Лунның Абылай сұлтанға берген сенімхаты. Ол жұқа жібек матадан жасалған ұзынша парака жазылған еken. Құрамында бір сарғылт түс бар бояуга малынған сияқты. Шеті өрнектей көмкеріліп, аждаһалардың суреті салынған.

Үшінші сенімхат алтынмен көмкерілген қызылт қағазға жазылған. Шетіне әдіптеген аждаһалар да алтын бояумен сызылыпты. Оны түптеген кезде қызыл сиямен кейбір сөздерін Фаббасов қалпына келтірді. Өйткені қытырлақ жұқа қағаз үқыпты үсталмағандықтан біраз өріптер өшे бастаған еken.

Төртінші сенімхаттың да жиегі үшіншісі сияқты алтынмен көмкерілген. Шеті біраз жемірілгенімен де жақсырақ сакталған.

Бесінші сенімхаттың жай-күйі жөнінде басын ашып ештеңе айта алмаймыз. Өйткені біз оны қөзімізбен көргеніміз жок. Жалпы, барлық сенімхаттарда да әрбір текстен кейін төртбұрышты мөр басылған. Бірінші жолы әдеттегідей: аспанның әмірімен император бәлешекене тапсырады, – деп жазылады. Ол екінші жолдан оқшашо жоғары жакта тұрады. Не үшін берілеттін сол екінші жолдан бастап айтылады да, үшіншісінен әрі біркелкі мазмұны желі тартып кете барады. Соңғы жол да бөлек, дара тұрады. Ол барлық жолдан төмен бұрышқа қарай ысырылған. Бұнысы аударғанда біраз киындық келтіреді.

Қорыта келгенде, айтарымыз шүршіт пен қалмак текстерінің арасында айтарлықтай айырмашылық болмағанымен, әйтеуір қалмақшаның шүршіт тіліне бағынышты екенін байқауға болады. Сондықтан сенімхат әуелі шүршіт тілінде жазылып, содан қалмақшаға аударылған – деп ойлауға тұра келеді. Былайша айтқанда, түпнұсқа қытай тіліндегі сенімхаттың қытай тілінің ықпалына бағынышты екені андағайлап тұр.

Біз түрікшесін аудармамен салыстырып көрдік, сондықтан осы соңғы пікірдің негізі бар ғой деп ойлаймыз. Өйткені тексте қытай сөздері өте көп. Сейлем құрауының өзінде де қытайшаның әсері мол. Айтқандай қазір бұл Қытай Түркістанында қағаз тілі болып толық бекіді.

Оз басым қажет деп тапқан ескертпелерім мен текстегі

келісімсіз тұстарды атап көрсетуге тырыстым. Әсіреле мен түрік тұлінің әлі кең жайылмағанын ескере отырып, түрікше текстегі сөздерге айрықша назар аудардым.

## 1. Қалдан-Сереннің тархандық сенімхаты

Тексті (түрікше...)

Тәржімасы...

Осынау сенімхатқа ескертпелер. Қалмақта айтылуымен Малай Шора болып жазылған Малайсары – Әбілмәмбет пен Абылай хандардың тұсындағы Орта жүздің ең ықпалды билерінің бірі әрі айтулы батыры. Малайсары арғын тайпасының бәсентиін руынан шыққан.

Тәуке хан қайтыс болғаннан кейін қазак ордасы тап болған дау-дамайлы дүргебелен заманда қырда бірнеше хан пайда болды. Орта жүзде – Сәмеке, арғындар мен наймандардың ханы деп мойындалған Барак сұлтан, атақ-дәреже жөнінен таласып жүрген тағы біреу Ұлы жүзде хандық құрды. Хиуа ханы Қайыптың әкесі Батыр сұлтан хан деп жарияланып, оның орнын кейін Абылай сұлтан басты. Дәл сол тұста халықтың құдіретті рубасылары Ұлы жүзден – Төле би, Орта жүзден – Қазыбек би қазактардың көп бөлөгінің әміршісі болып, аксүйек өкілдерінің арасындағы тақ таласы мен бақталасын көре отырып, бірде бір төрені, бірде екіншісін қолдап, билікке өздері умтылады.

Жонғарлар, қырғыздар, қарақалпактар, башқұрттар, казакорыстар, Еділ қалмақтары жан-жақтан қыспаққа алып, корғансыз халықты талап-тонап, аштыққа душар еткен дүргебелен шақта, ешкім ештене түсініп болмайтын аласапыран кезенде Абылай сұлтанның ең басты серіктерінің бірі – Малайсарының абырай-беделі өссе бастайды. Ақсақалдың атақ-данқы аспандап, баршаға белгілі болады. Орынбор архивінің қағаздарынан (В. В. Вельяминов-Зернов. “Тарихи ақпарат”) көрініп отырғанындей, XVIII ғасырдың ортасында Орта жүзде Әбілмәмбет хан саналғанымен де Абылай сұлтанның билгі үстем болды. Ақыл-парасатының, адамгершілгінің қүштілігімен халыққа керемет ықпал етті. Сондықтан Абылайдың төнірегіне бірнеше топ шоғырланды. Ел деп еніреп тұған сан жағынан көп, әрі халық қолдайтын отаншыл топтың басында Малайсары болды. Орыска жақ бір топ және бар-тын. Онша мардымды емес ол топтың басында атақ-дәрежесі дәуірлемеген рубасы Шақшак деген біреу тархан баласымен бірге болды. Үл билер

Орта жүздікі болғанымен үдайы Ресейдің сойылын соғамызы деп, соңшалық бедел жия алмады. Абылайдың үндеу тастауына байланысты бұл топтардың барлығы маңыз-мәнін жойып, Малайсары ақыр аяғында достары қалмақтарға қарсы жорықта қаза тапты. Малайсарының халық арасындағы, әсіресе, Абылайдың алдындағы атак-абыройы күшті еді. Өйткені ол әрі бай, әрі батыр, әрі ақылды адам болатын. Бұндай қасиеттердің бір адамның басына төрт көзі түгел тоқайласуы сирек кездесетін құбылыс.

“Серіктеріңіздің ішінде бәрінен кімді жоғары қояр едіңіз?” – деп сұрағанда Абылай: “Малайсары!” – деп бірден жауап беріпті деген аңыз бар. Осы арада атай кететін бір жәйт – қалмақ хандарының сенімхатының онда маңызы күшті. Ол кезде ордада орыс үкіметінің ешқандай маңызы болмайтын, берген қағаздары қазақтардың орыс және жонғар шекарасында еркін жүріп-тұруы үшін ғана қажет-ті. Халық рубасы – көсемдерінің ең құдыреттісі сол кездегі ел ағасы батыр мен оның Сері-Құлбатыры болды.

## 2. Император Цян-Лунның Абылай сұлтанға берген сенімхаты

Тексті шүршітше...

Тексті қалмақша...

Тәржімасы.

Алғашқы ескертпе. Кейін хан болған Абылай сұлтан жайында менің бөлек мақалам бар. Абылай сұлтан Жонғарияны қытайлар жаулап алысымен-ақ олармен қарым-қатынас жасауға дереу кірісті. 1756 жылы қытайдың вассалдық белгісі ретінде олардан құнтізбе (календарь) алды. Аталмыш сенімхат, жылы мен мазмұнына қарағанда, алынғанын тәржімашы – тілмаш Гордеев хабарлаған хат болуы керек. Тілмаш 1763 жылы Орынбордан Абылай сұлтанға Орта жүздегі, оның төңірегіндегі елдердің, әсіресе қытайлардың хал-ахуалын барлауға жіберілген болатын.

Сенімхатты 1763 жылы Аспан ұлының сарайына аттандырылған Абылайдың немере інісі Дөүлеткерей сұлтан алып келген-ді.

Тәржімашының сөзіне қарағанда, сенімхат сары жібек-матаға желімделген жүқа қағазға (біздің сенімхат жай жүқа

матаға ғана) жазылыпты. Ол ұзындығы 2 аршын, көлденені 1 аршын бума екен. Оның ішінде 5 қызыл мөрі бар көрінеді (біздікінде екі ғана мөр) (“Известия” 109-бет).

Гордеев хабарлаған сенімхаттың сыртқы сипаты мен мазмұны әлгіндей болғанымен, Абылайдың ауылында түрган жонғарлықтың айғағына қарағанда, тілмаш айтқандарының мазмұн жағынан бізге белгілі жәйттерге қайшылығы әжептәуір. Оның үстіне біздегі сенімхатта жоқ біраз жайлар бар. Солай бола түрганмен Гордеев көрген сенімхат біз аударып жатқан хат екенінде дау жоқ. Себебі бұл сенімхат 1762 жылы Дәuletкерей Бежінге барған кезде жазылыпты.

Зайыры, Абылай хаттағы өзіне ұнамсыз жайлардан ынғайсызданып, артық-аудыс ештеңе жоқ деп бөсінкіреп кетсе керек.

Цян-Лун сенімхатында қазактар Тарбагатайдан аспасын деп жазыпты. Ал Гордеевтің айтуына қарағанда, император тепкі көріп қашып кеткен олеттердің иен жатқан жеріне қазактар көшіп-қонсын деп рұқсат берген сияқты.

Екінші ескертпе. Осынау бастапқы тәсіл, тегінде қытай сенімхаттарының барлығына тән қалыптасқан формула бар. Оны бөгдіхан қарым-катаиас жасаған Азия иеліктерінің барлығына қолданып, трибуналдың (тәуелсіз жерлер жөніндегі палатаның) ережесіне сәйкес шетел және елден тыс хандарға хатын Аспанұлының әмірімен деп бастайды. Бұқар әмірі, Қоқан ханы және басқа Орта Азия әміршілерін қытайлар шетелдік вассалдарының осындай тобына жатқызады. Кіріспе бөлімдегі шүршітше обки, қалмақша бурхан, тұрікше құда дегеннің орнына аспан сезін қолдандық, өйткені бұл қытайлың тянь деген сезіне сай келеді. Тегінде қытай тұпнұсқасында сол сез болуы да ықтимал.

Үшінші, қалмақ сенімхатында менің “шапанымның етегін ұстаған” деген тіркес бар. Айтқандай, бұл және басқа тіркес ұлы әмірдің қолдауымен деген мағынаны білдіреді. Г.Гордеевтің ескертпесі де осындай.

Төртінші, шүршітше нұкте және қалмақша нуток деген сез, жалпы жер, отан, қоныс деген ұғымды береді. Тар мағынасында алғанда, бұл белгілі бір рудың тұракты көшіп-конып жүруі үшін бөліп берілген, өлген ата-бабалары жатқан орын дегенді аңғартады. Ақыр аяғында, бөгдіхан қазактарға Тарбагатай тәңірегінде көшіп-қонуға рұхсат беріп, оның ақысына жыл сайын белгіленген мөлшерде қазынаға жылқы беріп тұруды жүктеді.

Бесінші, әмбан – шүршіт сезі. Бұл мырза, төре деген мағынаны білдіреді. Қызыл шары бар шүршіттердің бәрі осылай аталады. Бұл арада әмбан деген атпен Іле цзянь-цзюні және

Тарбағатай хебе-әнбаны айтылса керек. Қалмақшадағы “асабек” деген сөз сәйід, мырза деген мағынада аударылды.

Алтынышы. Бұл сенімхат император Цян-Лун билік құрып түрған кезде 1762 жылы берілді.

### **Поручик Сұбханқұловтың байқағандарынан**

Бұкарға келісімен Сұбханқұлов бұқар әмірі Мірхайдарханға барып сәлемдесіп, оған жоғары мәртебелінің сенімхатын және мемлекеттік канцлер Румянцев пен Орынбордың әскери губернаторы Волконскийдің хаттарын табыс етті. 1810 жылғы 28-қантарда хан поручикті түстө қонақасыға шақырып, оған азиялықтардың әдет-ғұрпы бойынша тарту-таралғы ұсынып, патша ағзамның атына жолдаған хатын тапсырды.

Бұкарға Қоқан, Тәшкент, Қашқар, Мешхед, Герат, Кашмир, Хиуа, Үндістан және басқа қалалардан керуендер ағылып келіп жатады. Желтоқсаннан бастап сауда өріс алады да, сәуірдің 15-не таман барлығы өздерінің “жайлы орындарына” тарасады. Жебірейлер жібек тоқумен, бояу кәсібімен айналысады. Ол кезде Бұкарда армяндар мен әскери борышын етеп жүрген түрікмендер де болатын.

Сұбханқұлов Бұкар әмірінің Хиуа мен Қоқанға қатынасы жайын былайша баяндайды.

Қоңырат қарақалпактары (Қоңырат руынан шыққан қарақалпактар деп ойлауға болар) 1809 жылы өз елағасы Төремұрат Соғының басшылығымен Жаңадарияны бойлай көшіп жүріп, шекті руының қазактарымен сауда жасап қайтып келе жатқан Хиуа керуенін талап, бірнеше адамын мерт етеді. Бұл оқиғаны Хиуа ханы Мұхамед-Рахым есітіп, қарақалпактардың жазасын беру үшін әскер жібереді. Олар ауылдарды ту-талапай ғып тонап, 300 адамды үй-ішімен тұтқынға алып қайтады. Қарақалпактар не Хиуаға көшіп келсін, не қазак қырына кетіп қарасын батырсын деп талап етеді. Алайда оның ұсынысы тойтарып тасталады.

Төремұрат бұл орданы бұрын бауыры Қожамұратпен бірге басқарған еді. 1807 жылы ағалы-інілілер келіспей керісіп қалып, Қожамұрат Төремұратты өлтірмек болады. Бірақ Төремұрат Бұкарға қашып кетіп, әмірден әскер күшімен қолдау көрсетуін отінеді. Бұкар ханынан корықкан Қожамұрат Хиуага қашып барып, сонда опат болады. Сөйтіп, Төремұрат Арал теңізі маңында тұратын Қоңырат халқының бірден-бір жалғыз билеушісі болып қалады. Қоңырат пен Хиуа қалаларының

арасында да қарақалпактар тұрады. Олар өз ортасынан бастық етіп Айдос биді сайлаған. Төремұрат Айдостан бұнын билігін мойындал, Бұкарға бағынуын талап етеді. Алайда Айдос ол ақылға бақлаған соң бір-біріне әбден жауығып алады. 1809 жылы Төремұрат Мірхайдарға қарақалпактың Айдосының үстінен шағым айтады. Дүшпанының сазайын тарттыру үшін Хиуа ханынан 10 мың әскер сұрайды. Алайда әмір 1810 жылы оған 400 адамды әрен жібереді. Мұның ақыры немен бітері беймәлім. Сол жылы Төремұрат Сырдария бойында көшіп жүрген шектілерге шабуыл жасайды. Қазақтар оның шабуылын тойтарып, бетін қайтарғанымен, соңындағы салдарынан қорқып, Орынбор шекарасына қарай ығысып, көшіп кетеді.

Хиуа мен Бұкардың арасында араздық емес, бітіспес дүшпандық бар, өйткенмен саудалары үзілген жок.

Қоқан мен Үратөбеге келсек, қоқан ханы Әлім 1817 жылы Бұкармен шектес қала Үратөбеге шабуыл жасап, Хакім бидің бауыры Қабыл биді “бұқар әскерімен” бірге тұтқынға алып кетті. (Хакім би мен Қабыл би Өткір-Софының балалары. Демек, бұлар Үратөбенің аталықтары, яғни ханның кенесшілері).

1810 жылғы 5-қантарда Әлім хан Үратөбеге қайтадан шабуыл жасап, қөптеген бұқар сарбаздарын және дүние-мұлкімен жергілікті жүрттың біразын тұтқынға алды. Бұкардан Үратөбеге дейін сегіз күндік жол. Қоқаннан да сонша уақыт жұру керек. 15 қантарда бұқарлықтар жұз елу қоқандықты үстап алып Бұкарға әкелді. 20-24-қантарда Бұкар әмірі қоқандықтарға қарсы 18 мың адам жіберді. Бірақ бұл әскер Жизакқа дейін барып, одан әрі Қоқан әміршісіне қарсы шабуга батпай, сонда қалып қойды.

Сәуір айында Қоқан ханы Тәшкентті басып алды. Қаланың хакімі әмірден жансауға сұрап, қыруар сый-сияпат тартты.

1 сәуір мен 18 мамырдың арасында Бұқар хандығында сұмдық сұрапыл жел тұрды. Тұтас елді мекендерді, баубақшалар мен үйлерді құм басып қалды. Қытымыр катал қыстың суығынан астық үсіп кетті. Араның ашып аштық тұрды. Қаладағы базарлар қаңырап бос қалды. Сауда тоқтады. Сататын нан және басқа азық-түлік болмады. Үрлық-зорлық, талап-тонау, кісі өлтіру басталды. Хан күш қолдануға мәжбүр болды. Астық қоймаларын бүзгызып, азық-түліктің барлығын саудаға түсіруге бүйріқ берді. Аштық шетелдіктерді Бұкардан кетіп қалуға мәжбүр етті. Бұқарлықтардың өзі де Самарқанд, Шахрисябз, Қоқан, Хиуа және басқа Азия қалаларына көшіп кетіп жатты. Жергілікті халықтың үштен бірі атамекенін тастап кетті.

Бұқарстан үшін зардабы мол болған қынышылықты пайдаланып, Қоқан ханы Ташкентті алысымен, Үратөбеге қайтып сокты. Ондағы бұқарлықтарды түгел қырып салды. Әмір 1810 жылғы 19 маусымда 3 мың әскер жинап, қоқандықтарға қарсы Үратөбеге аттанды. Әскердің түйеге артқан 15 зенбірегі, ат жегілген қос донғалақты арбаға тиелген 9 пушкасы болды. Алайда 22 шілдеде не жалақы, не азық-түлік, не мінетін ат алмаған, құнкөрісі нашар әскерлердің арасында наразылық шаң беріп, ыбыр-сыбыр көбейген соң, кері қайтуға тура келді. Соған қарамастан қалада әмір қоқандықтарды талқандап, 400 адамды тұтқынға альпты деген сыйыс тарады. Сонда да жорыққа әзір болындар деп әскерге бүйрық берді. Одан арғысы беймәлім. Сұбханқұлов дәл сол кезде кетіп қалған-ды.

Қайтар жолда қарақалпақтың қандыбалақ жыртқышы Аққошқар Жанадария өзенінің бойында керуенге шабуыл жасайды. Алайда шабуыл тойтарылып, оның өзі керуеннің қолына түсіп қалады. Осыдан кейін қарақалпақтар керуенде өз ұлысының үстімен шөмекей қазактарының қонысы арқылы өздері алып етеді. Жеті жұз түйелі бұқар керуені, сөйтіп, Сырдарияда қыстап қалып қояды.



## **ЫІСТЫҚКӨЛ САПАРЫНЫҢ КҮНДЕЛІГІ**

Сәуірдің 18-жаңасында Семейден біз Аягөзге аттандық. Жол сусыз сортан далада анда-санда бір кезігетін казак бекеттері арқылы өтеді екен. Алғашқы көкті де біз сол станицалардан үшірраттық. Жолға шыққан күніміз жайма-шуак болып, бозторғайлар шырылдаپ, әдеттегі әніне басып тұрды. Саздауыт шабындықтардан, көлшімектерден үйректің талай тұқымын кездестірдік, әсіресе Атырау теңізінде кен тараған түрпап аталатын үйректер көп-ак. Бұлардың өзі кермек суды жақсы көреді. Ал қырда ондай су аз кездеспейді гой. Оның үстіне бұлар үйірлесіп жүрмей, еркек-ұрғашысы жұптасып болек өреді. Әсімдік дегеннен пішендік шөптер баршылық, сәбіз жапырақ пен бақбақ жи. Тобылғы мен қараған әжептәуір екен, бірақ әлі жапырақ жайып үлгермепті.

Аягөз қасқа жолының бойындағы бекеттердің барлығы құдық сүйн пайдаланады. Аягөздің өзіне дейін ғана алты құдық бар.

Осынау сортан дала Аягөзге қарай жоталанып Арқат тауына үласады да, одан әрі тағы еніске қарай құлдилайды. Қалай айтқанмен де, Аягөз жотасы Ертіс қырқаларынан бійгірек. Арқат тауларының тік шаншылған шындары мұнартып алыстан көз тартады. Сонысымен біркелкі сүреңсіз жолға тың, бір серпін береді. Арқат тауларының мал отының молдығымен аты шыққан. Соңдықтан Аягөз дуанына қарасты найман мен уақ болыстарының қыстақтары соның баурайына шоғырланған. Мен келген кезде бұл манда сарттардың жүзден астам отбасы көшіп-қонып жүрді. Олардың өз айтуына қарағанда, бұл араны жетпіс жылдан астам қоныс етеді екен. Бұларды алғаш қанғып-көшіп жүргүте мұқтаждық мәжбүр етіпті. Семей арқылы Азия бүйімдарымен сауда жасаған олардын керуен жасақтауы үшін өз аттары мен түйелері болуы қажет еді. Ал ол малды бағу керек қой. Оның үстіне бұлар қымызды жақсы көреді. Сол себепті де қазактардан жалға жер алып, бірнеше отбасы киіз үйге көшкен. Жалпы дүйім Азияға тән көшпелі еркін тұрмыс оларға да катты ұнаған. Ұзамай-ақ келуші кірмелер мен олардың түндігі жүз елу үйге

жеткен. Генерал-губернатор қашқан-пысқандар келіп бой тасалауына байланысты қылмыстан қауіттеніп, оларға Арқаттан кет деп бұйырған. Сондықтан олар Ресей бодандығына кірген бетте машандыққа өтуі шарт, әйтпесе өз жөнін өзі табуы керек. Амал не, олар сонғыны қалап, өз бетімен еркін жүргісі келді.

Айдың 20-жаңасында тұнделетіп біз Аягөзге келдік. Аягөз дегенің шағын ғана станица. Мұнда дуаның Найман руын басқаратын әкімі тұрады. Кенттің негізі 1824 жылы қаланған. Қазақ даласындағы станицалардың ішінде Аягөз ен бір сиықсызы болса керек. Айтқандай, Қекпектінің де бұдан асып тұрғаны шамалы көрінеді. Шағын ғана бекініс, бірнеше ағаш үйден тұратын кент, құрылымындағы мешіт пен жеркепелер ғана. Жаңа ережеге байланысты Семей облысының іргесі қалануына орай бұл қала атанған. Оның азаматтығын бірнеше шалақазак құрайды. Шалақазак деп Орта Азия хандықтарынан келіп орыс бодандығына етіп, қазақтармен тен құқықта қазақ болыстарында тұрып жатқандар аталады. Олар дуаның шығыска қарай көсілген қырында Аягөз бен Қекпектіде және Ұлы жүзде коп-ак. Бұл атау біздің жағбамызда бір емес, бірнеше мәрте кездесуі ықтимал. Сондықтан сәл шегінісімізге кешірім өтінемін.

Енді Аягөз дуанының найман рулары жөнінде бірер сөз.

Кешкісін біз Аягөзден шығып Аягөз өзеніне құятын Тұмырзаның ағысын бойлай отырып, өзенің он жағалауымен құз-жартасты қырқаларды басып, Қапал жолының бойындағы бірінші бекет – Қөне Аягөзге келдік.

Аягөзді жағалай отырып, біз табиғаттың тылсымына әбден бойладық. Дала теп-тегіс жап-жасыл кілем жауып тастағандай. Қараған мен тобылғының және шіліктің жапырактары жайыльшп, маужырап түр. Шамасы түстікке тән шуакты күннің қызуы табиғатты түгел исіндірген сиякты. Тау арасындағы сайжылғаның барлығы қаулат өсken сәбізжапырактан көрінбейді. Жиде, итмұрын, сәмбіталмен көмкерілген өзен жағасындағы тоғайдан қоқтеректер андағайлап, үш күн сортаң даlamen жүріп құлазыған көнілге тәтті бір сезім себездегендей. Сортаңдалада анда-санда бір ұшырасқан түп-түп ши мен қараған, тобылғыдан басқа ештеңе көзге түспеп еді. Жағаның көкорай шалғыны таптырмас жемшөп, ал тоғайлар қыскы боран мен бүрқасынан күшті қорғаныш. Қазақтың аныз-әңгімелерінде Аягөздің ағысы жырга косылтуы тегін де емес кой.

Айнала қырдың айтакыр шөлейт екеніне қарамастан Аягөз шынында да жұмақ сиякты көрінеді. Бийгірек келген сол жағалауы шалғыны атбауырынан келетін жылғалар мен

шұрайлы шабындық. Сондықтан да ол орыстар келіп, бекеттері түспей тұрғанда казактардың тұрақты жайлауы болған. Қазактар казак-орыстардың көршілгінен қорқады. Мұның нендей себептен туғанын қазір тап басып айту қылын. Эйткенмен, өзін-өзі сактау сезіміне жететін не бар! Өз басым Аягөзге таңдай қағып, танырқап қатты құмартамын. Бәлкім, бұл айдай ару Баянның, алтын басты Қозы-Көрпешке ғашықтығы жөніндегі жыр-дастанның әсері болар. Ол оқиғаның осы өзеннің бойында өтүйнің маңызы аз болмасқа керек.

Енді жолымыздың одан арғы желісіне оралайық. N 2 бекеттен біз он жағалауға өттік. Бұл тұн іші еді. N 4 бекетке он шакырым жетпей қазақ ғашықтық дастанындағы бас қаһарман Қозы-Көрпештің мазары тұр. Дастанды бастан-аяқ жақсы зерделегендіктен де оның кейіпкерлерінің мазарын тамашалау тіптен де қажет болды. Уақыт бойынша N 2 бекеттен шыққан біз Қызыл бекетінен тұнде өтуіміз керек еді. Бірақ біз оған ертенгілік жетіп, сәресі шәйін мазардың тубінде ішкіміз келді. Жол-жөнекей шәйді көбіне қираган кенттің жүртynда немесе ежелгі мазарлардың тубінде ішіп келеміз. Мұның өзі өткенді ой елегінен өткізіп, ертенге көз жіберуге итермелейді. Сол мақсатпен ат айдаушыға алдын ала тапсырма беріп қойғанбыз. Күн шашырап шығып, бозторғайлар шырылдан алғашқы әніне басқанда, қаранғылық сейіліп, тұнға бұлт терістікке қарай жөнкіп, шығыстан арайланып алтын күн шапақ шашқанда, ағаштардың басы нұрға шомылып, судың бетіне алтын шашырағандай болған ғажайып бір сәтте мазарға жететін болайық деп шешкенбіз.

Адам ойланады да, алла онғарады ғой әманда. Тұні бойы сабалап жаңбыр жауып, тарантастың шатырын ұрғылады да тұрды. Болдырған аттар сазда тайғанақтап, аянмен әрен ілбіп отырды. Қамшының шартылы мен шаршаған аттардың пыскыруы, жәмшіктің шу-шуі ғана жаңбырдың біркелкі тысырын аракідік бөліп қояды.

Тұн сүмдүк болды. Жол жүру де қындарай тұсті. Жаңбыр алдын ала ойластырған жоспармызызды бұзып кетпес пе еken деген құдікпен әлденеше мәртеде ат айдаушыдан: “Қалай, жаңбыр басылатын емес пе, күннің айығатын түрі бар ма?” – деп сұрадым. Бақайшағына дейін малшынған делбеші “Жок” – деп бір бүрк етеді де: “бұл ауа райына не қыларсың, брр!” – деп етегіндегі суды бір сілкіп тастайды. Ат айдаушыны жаным аяп келеді. Шапшан жүріп отырсақ қой, баяғыда-ак жылы пештің үстінде қорылдан үйкітап жатады. Баян сұлудың ескерткішін көре алмай қалсақ қой, өкініштің көкесі сол.

Осылай біз бір сағат жүрдік.

— Жоғары мәртебелім, — деді бір мезгілде делбеші, — міне, мазарға да жеттік.

Сыртқа басымды шығардым. Бұлыңыр күн жабырқау бұлттың арасынан сығалай бастапты. Аспанды түп-түгел алба-жұлба айбақ-сайбақ қара үлт торлап алған. Бұрынғысынша сілбіреп жаңбыр жауып тұр. Ақ көбікке оранған аттар саздауыт жердің сортан балшығынан аяғын әрен алып келеді. Сол жақта өзеннің арғы бетіндегі бәйтеректердің арасынан мазардың тік шаншылған мұнарасы көзге шалынды. Мазар қызыл кірпіштен өріп қаланған сияқты. Мұндай күнде шәй ішіп ауыз жылдыту жөнінде де, тіпті мынау қазақтың ежелгі мұрасын қызықтау жөнінде де ойлаудың өзі әбес.

— Зайыры өзен тасып кеткен-ау деймін, жоғары мәртебелім. Арғы жаққа өтे алмайсыз, — деді менің іш пікірімді сезіп тұргандай ат айдаушы.

— Онда алға жылжи бер, қайтар жолда көрерміз, — деп тонымды қымтанаңып, оң жамбасқа аунап тұстім де үйықтап алғалы көзімді жұмдым.

Шәйді мен Жұзагаш бекетінде іштім. Сол жақ жағалау су жайылған ащылы дала болып келеді екен. Су жайылып кеткен соң Аяғөзді бойлай жолмен журу мүмкін емес. Сондыктан орап жүрге тура келді. Қарсы алдымызда теп-тегіс сортан саздауыт дала жатыр. Шоқ-шоқ ақши қандай көп десейші. Әр-әр жерде тікенді шенгел, баялыш, шырғанақ, жиде және көкпек бұталары. Соларды басып біз жиырма бес шақырым жүрдік. Ақыр аяғында Арганаты тауының төбесінде шықтық. Бұл арада өсімдік дүниесі мүлдем өзгеріп кетті. Топырақ қыртысы тұракты тау баурайы сүттіген мен сәбізжапырақтың, жалбыздың жасыл кілеміне оранып, казактар жабайы шорын атайтын өсімдікten көрінбейді. Осы таулардың арасында таудың өзі аттас бекет тұр. Оның арғы жағы тұтасып жатқан сыйызғы мен қурай, сары түсті жабайы жауқазын. Лепсіге қарай еністе тобылғы мен тұрын, ал одан әрі біртегіс батпақты қырда қаптаған жуа мен сарымсақ, жусан мен көкпек. Қызғалдақ дегенің көз тұндырады, алыстан қарағанда қыр қып-қызыл теңіз тәрізді. Станицаға жакындаған тұстағы адырларда жатаган тобылғы мен қараған және сары жауқазын көзге түседі. Арганатыдан Аяғөзге, одан әрі Лепсіге дейін мал тісіне ілінер шөп атымен жоқдеуге болады. Бұл өнірде көшпенділер тұрактап тұрмаған сияқты. Оны бірде-бір ескерткіштің жоқтығы да дәлелдеп тұргандай. Аяғөз бен Лепсі бойында намодтардан қалған қаптап тұратын мазарлар бұл арада атымен жок. Ал өзен бойлары мал үшін аса қолайлы болғаны анық.

Станицаның жарты жолында Лепсіге таяу Арганатыдан Лепсі бекетіне дейін бірақ таулар сілемі жатады. Оның арғы жағында жер сипаты мұлдем өзгереді. Бұл тау сілемдерінің түстігінде айналасын қамыс басып кеткен көл жатыр. Жазда ол құрғап қалатын сиякты. Көктемде Лепсі сұнының жайылуына орай айнадай жарқырап жатады.

Оған біз күн батар алдында жеттік. Қаздардың қаңқылы құлақ құрышын қандырады. Ал бұл өнірде аса көп күrbаканың айрықша бір түрінің үні құлақты жарады. Сондықтан біз қулагымызға мақта тығып алдық. Өзеннің жағасында тауға қарай Лепсінің сағасына таман қазақ бейіттері көрінді. Оларда тіпті сан жок. Қыстаулардың жұртын жолда көргенбіз. Ал бұл өнірде ауылдар бар. Бейіттерге қарағанда осы өнір руладың жиынтық қонысы болған сиякты. Дәл қазір қазақтар Балқаштың қымысын қысталап отыр. Ал жазда тауға тартады. Бұл араға көктеу мен күздеуде он шакты күн тыныс алып тынығып кету үшін ғана токтайтын тәрізді. Бұл көлдің арғы жағында Лепсінің дәл өзіне дейін бүйрарат-бүйрарат құмдар. Құмы және сусымалы. Қамыс пен ши жеткілікті. Ара-тұра көкпек, шенгел, актаспа ұшырасады. Өсімдігінің бар болғаны осы. Құмда тасбака мен жылан өріп жүр.

Осы тұстан Лепсінің айдын ағысы ашылды. Асылы, Лепсі Алатай жоталарынан бастау алып, Балқашқа құяды. Оның сұы терен. Жағасында қалың тогай еседі. Шынар, көктерек, қызылтал, жиде, шілік сиякты бұталы ағаштар кеп. Сағасы қалың нар қамыстан көрінбейді. Қамыстың арасы бықыған құс. Ара-тұра жолбарыс та ұшырасады. Бірде жолбарыс бекеттің күзетшісін жарып кетіпти.

Бұл өнірдің ауа райы әр қалай. Ақпанның аяғына таман қар болмапты. Пасха мейрамының алдындағы аптада бекетшілер қаз жұмыртқасына лықа тойса керек. Бұл жазықта кесіртке мен бүйілер көп деп сендіреді. Бұдан бірнеше жыл бұрын осы өзен орыс иелігінің түстіктері шекарасы болыпты. Сондықтан бұл арқылы өттеге тыйым салынған екен. Ал қазір... Қазір мәселе басқаша.

Түнде Басқаннан өтіп, ертеңгілік Ақсуға жеттік. Лепсі сиякты Ақсу арқылы өтетін де өткел бар.

Ақсу өзенінің ағысы қатты. Жағасы қызыл талға бай, әрі бір тегіс. Тектайдай тегіс дала Лепсіге дейін созылып, одан Қисықауыз тауларына ұласады.

Ақсудан көзімізге Алатаудың қарлы шындары шалынды. Одан әрі көгілдір таулар асқақтап, бұлтпен астасып кетеді екен. Әредік шындар бұлт арасынан жалт етіп шығып, көтеріліп келе жаткан күннің арайымен алтын қызыл реңкке

боянады. Суреті көз қарыктырдай ғажайып. Ал мынау Қисықауыз болса, Алатауға қарағанда, жуз жасаған еменнің түбінде өсіп тұрган шөп сияқты. Біз жүріп келе жатқан дала теп-тегіс. Жусаннан басқа қылтанақ жоқ деуге болады. Оң жақта да, сол жақта да бекініс сияқты бейіттер көз алдыrmайды. Көбі төрт құлакты зираттар. Жол-жөнекей жайылып жатқан үйір-үйір жылқылар, отар-отар қойлар, қазак үйлері көзге шалынады. Бізді көрген бойда казактар көзге тұспей жедел кетіп қалуға тырысты. Малшылардың біреуін тоқтатып, сұltтан ауылы кай арада отырғанын сұрағанымызды әйелдер шу ете қалды. Ауыл азан-қазан болып кетті. Әйелдер бір үйден шығып, бір үйге кіріп әбігерге тұсіп, атын атап өлде біреулерді шақырып жатты. Шамасы онысы ауылдың ағасы болса керек.

— Аналар мениң қойымды алып кетті, — деді ойбайы көп адуында бір әйел бәз-бірденеден секем алғандай шақылдап:

— Кезек біздікі емес еді.

Біз әрі қарай тарттық. Ауыл тынышталайын деді. Тек өлгі әйелдің долданып, байбайлаганы ғана құлағымызыга жетіп жатты. Сөз жоқ, ол өзінің ойбай-байбаймен орыстардан қойын корғап қалғаны үшін алласына мын да бір алғыс айтып жатқан болуы керек.

Мамырдың 15-жаңасы. Шелек өзенінің жағасында түнедік.

Шелек өзені Алатаудың кіндік шындарының бірінен бастау алады. Өзімен бірге бастау алған Талғар өзені сияқты кейін ол да Жінішке өзегі келіп құйғанша батыска қарай агады. Содан терістік шығысқа ойысып, Иле өзеніне құяды. Оған құятын салалар көп-ақ. Оң жағынан келіп Қөгентөр, Деле-қарагай бұлак, Сүттібулак, Үшбайсоры, Құдерге, Құрметі екі Сарыбулак (Келді-Сарыбулак, Асу-Сарыбулак), Саты және Қарабұлак; сол жағынан — Үшбулак, Текежон, Жінішке, Сарыбулак және Асы өзендері кеп құяды. Шелектің ағысынан мынадай өткелдер өтеді. Оларды Асу деуге де болады. Қөгентөр, Деле-қарагай, Шелекке құятын және басқа шағын өзендердің бастауында асу бар. Шілде мен тамызда түйелер тек Құрметі арқылы өтеді.

Шелек өзенінің ағысы әжептәүір шапшан. Оның суы жыл бойы тартылмайды. Және едәуір өнірге жайылады. Маусымның аяғында тау қары еріген тұста су тасып төнірекке жайылып кетіп, тамызға дейін молшылық болады. Бұл тұсты казактар тары жинау кезені дейді. Шелектің жоғарғы ағысы қазактардың тұракты қыстағы. Баяғы заманда Қарабұлактан Үшбайсорыға дейін сарбағыштар алып жатыпты. Қазір ол араны албандардың қызылбөрік руы қытайды. Қатал қыстан малды аман алып шығу жөнінен Жінішке мен Сарыбулактың

арасындағы Бакалы аңғарының даңқы айрықша. Бакалы деген бакасы көп жер деген сөз. Қырғыздардың сарбағыш руынан шыккан бір азamat мені өз манабы Үмбетәлі қыстаган кезде сол өнірде қыс бойы бақа бақылдап шықты деп сендірді. Оның айтуынша бұл жердің бакасы ақ келеді, үлкендігі алакандай. Бұл сөзді қазактар да беркіте түседі. Шелектің жоғарғы жағында бетегеден басқа шөп өспесе де, қандай қары қалың қатты қыстың өзінде мал шығыны болмайды. Ешқандай боран болғанын сексен жылдан бері қариялар білген емес.

Шелек бойындағы Алатау жоталарын шыршалы орман өдіптеп жатыр. Шелек жағасындағы жазықта жусан мен қызғалдаған басқа мал азығындық шөп шамалы. Оның есесінے жаға шілікке, жидеге, тобылғы мен жынғылға, итмұрын мен талға сыңсып тұр. Бұл бұталар өзеннің екі жағынан жасыл алқап жасайды. Өзеннің орта ағысына таман оны қоршап түрған шілік тал биік тоғай құрайды. Оны қазактар Бауағаш атайды. Ілеge барып құяр тұста бұл тоғайды қамыс пен сексеул басып кетеді. Шелек пен Іледен құралатын Қаратұрыққа дейінгі мүйісте жағалауға жақын жақсы шабындық болады, дейді жергілікті жердің адамдары. Тауға таман бұл алқапта тек шенгел мен шиғана өседі.

Құратұрықтан Шелекке дейін сол жақ қолда қазактар белгілі бір батыр Қорамның бейітіне байланысты Қорам атап кеткен жылап ағып жататын жылға бар. Жолды жағалап жүріп отырады да аяғы келіп Шелекке жақындағанда сазға айналып ол елді шабындықка кенелтеді. Оның құрғак екінші басында бекіністердің жұрты, былайша айтқанда, жар жатыр. Оның тубінен құдық қазылған. Қазактардың анызына қарағанда, бұл арада қалмақ бекеті болған. Абылай хан ол бекетті талқандап, Шелек алқабын дінсіздерден тазартқан. Шелектің өзінде Бауағаштан жоғарырақ тағы бір әйдік қорғаның жұрты жатыр. Сарбағыштар маган марқұм Орман батыр бұл жерді қоныстанған кезде әйелдер мен балалар меруерт-маржан алқа және басқа заттар тапқанын айтты. Ал, өзім болсам, алғашки қорғаннан балшық құмыралардың сыйнығын таптым.

Шелектен Ыстықкөлге қатынайтын керуен жолы Темірлік арқылы Қарқараға түседі. Екінші бір жол бұдан қолайлырақ. Ол Шелектің жоғарғы жағынан Сөгеті тауын бойлап Сөгеті асуынан асып, Торайғыр тауына тартады. Сөйтіп, Үш Мерке арқылы Қарқараға түседі. Шарын жазығында Қарқараға баратын Темірлік жолы Меркімен ұшасып, бірден-бір өткел Санташ арқылы өтеді.

Темірлік жолы қолайлырақ. Тіпті дөңгелекті көлікпен жүргуте де болады. Бірғана бөгет Темірлік өзенінің ағысынан

пайда болған сайғана. Сөгеті мен Мерке арқылы өтетін жол түйе керуеніне қолайлы болғанымен, донғалакқа қын. Ал біздің жасағымызда бір арба мен бір шағын зенбірек болатын. Сондыктан да зенбірек пен арбаны түйеге тендер, Сөгеті арқылы өтетін жолды таңладык.

Мамырдың 16-жаңасы. Сөгеті тауындағы Карабұлақ қайнарының басында өткен түн. Шелекті жағалай отырып, біз Сөгеті асуына бет алдық. Сөгеті мен Бұғыты тауларын бөліп тұратын үлкен анғар. Қазактар маған Сөгетіні сокпақ, яғни үрлеу деген етістікten шыққан деп түсіндірді. Шынында, сол арадан үдайы жел үріп соғады да тұрады. Ал Бұғыты бұғы дегеннен шыққан. Бұл арада бұғы көбі-көп.

Сонымен біз негізгі назарға Сөгеті тауын алғып тұп-тура түстікке тарттық. Оң жақта Шелек озені ағып жаткан анғар. Тауды қақ жарып акқан озен Сөгетіні Асы мен Сауысқандық тауларынан бөліп тастаған. Осы арада Шелекке келіп сол жақтан Асы озені қүяды. Сөйтіп, ол Асы тауын Сауысқандықтан бөліп тұрады. Асы бастау көзін Алатаудың батыс беткейіндегі бір сілемнен алады. Ал оның терістік шығыс жағынан Түрген шығады. Тау сілемнен шыққан тұста Асының жоғарғы жағы “Асы жайлauы” деген атпен әйгілі тау жазығын қурайды. Мұны кейде Аралтөбе деп те атайды. Шелек жазығында тауға қарай саздауыт жерде жусанғана өседі. Соған қарамастан қазактар осы қолайсыз жердің озін жыртып, іске жаратады.

Анғар арқылы асатын асууды жаңбыр суы шайып бұзып кетіпті. Сондыктан Карабұлақ пен Үйтас қайнарларын басып тұп-тура тауға тартатын басқа жолмен жүргуге тұра келді. Бұл асу тым тік екен. Дөңгелекпен бұра басуға болмайды. Алайда жасағымыз түйелердің арқасында көп қындық көрген жоқ. Асуудың теріскей енісінде бір қын жер бар екен. Жол қия беткейден түсken. Сәл-пәл жұмыс жасап жіберсе бұл жолды да арба жүретін жасауға болатын сияқты. Біз еністің түстігінде Карабұлақ қайнарының түбіндегі құзда түнедік. Тауда ыргай мен сарығаш көп екен. Алма ағашы да аз емес. Күн жаңбырлы, жамылшын, салқын болды.

Маусымның 17-жаңасы. Торайғыр тауының теріскей жағы. Айыр асуы және сол аттас бұлак.

Сөгеті тауынан тау сілемдерін көктей өтіп Торайғырга Айыр асуы арқылы астық. Асуға жете бергенде жаңбыр бізді еріксіз тоқтатты. Біз Торайғыр тауының теріскей баурайында тунедік. Күнгей жағына ету қын болмаса да әдейі солай жасадық. Теріскей деген бұл таулардың терістік-батыс баурайының жалпы атауы. Ал Күнгей түстік жағының жалпы аты. Таулардың арасындағы бұл жіңішке жазықта Сөгетіге қарай рауғаш тым

көп екен. Ал Торайғыр тауларының баурайына қарай бетеге мен жусан тұгасып жатыр. Рауғаштың жапырағы солып, қызығылт тартқан. Біздін жолымызға жарыса жалғасып он қол жакта Шелек өзені келеді. Сөгеті мен Торайғыр тауының арасындағы өзеннің бұл ағысын қазактар Бартогай атайды. Сол жактан жолмен жарысып келе жатқан жазықтың аты – Шарын.

Бұғыты мен Торайғыр тауларының тәмамдалған түсіндағы Шарынның бұлағын қазактар Сартогай атайды. Ал бірінші Меркеден Сартогайға дейінгі ағыстың аты Актогай. Бұл түні салқын болды. Құздегідей ысқаяқ жел есті. Тұні бойын күшті қар жауып, Алатаудан Іле алқабына дейінгі жазық қыстағыдай ак көрпе оранды. Суық күшті болған соң тон киіп, киіз үйге от жақтық. Суықтық 5 градус. Көз алдымызда карға оранған Торайғыр тауы мұнартып жатыр.

Торайғырдың аты “торы айғыр” деген сөзден алынған. Қазактардың анызына қарағанда жонғар қалмақтарын осы өнірден қуған кезде бір торы айғыр тауда калып қойыпты. Торайғыр албандардың ең жақсы қыстауы. Айтударына қарағанда, бұл төніректе қыс болмайды деуге де сияды. Ал қыс болса да көп үзамай қар кетіп қалады. Қытыймыр қыстың өзінде мал азығы тапшы болса да жалғыз қынаны ғана азық қып мал қоңын түсірмей аман шығады. Жалпы бұл араның жері құнарлы, шөбі шүйгін. Малға жұғымды жер дейді қазактар. Дәл мамыр айының өзінде сол мақтаулы жерден құдайдын бізге қарды жіберуін көрмейсін бе?! Қардың көптігі сондай оның түгел еріп кетуі үшін табаны қүректей үш шуакты қун қажет болды. Ал біз үшін уақыт қандай қымбат десенізші. Ертеңгісін-ақ біз жолға шықтық. Торайғыр тауының күнгей жағындағы Сұлу Қараشوқы деген жерде аз-кем аял жасадық.

Мамырдың 18-жынысы. Торайғыр тауының күнгей жағы. Сұлу Қараشوқындағы бір бұлақтың басы.

Айырдың асуы Сөгетідегідей тым тік болмағанымен жолда жатқан түйетастардан арбамен өту қияметтің қыл көпірі сияқты. Бұл таудың жартастарын құрайтын тастар күмнан кіріктіргендей өте осал. Мұндай тастардан Финляндияда жол жасайды. Ырғай, шілік, арша және басқа буталар көз сүрінгеді. Бұл арадан мен алғаш рет қазактар рауаш атайдын қымыздықтың бір түрін көрдім. Бұл өсімдік керемет қышқылтым, сүйкімді дәмі бар шырынға толы сабагымен құнды. Ал олардың жапырағы кәдімгі қымыздықтықіндей. Бірақ көлемі әлдекайда үлкен. Оның демі анарды еске түсіреді.

Таудан шығысымен біздің қарсы алдымыздан түстік-батысқа қарай Құлық тауларына таман кең жазық ашылды. Жазықты терістікten Құлық тауы көмкеріп тұр. Ал терістік-

шығысында Мерке, тұстік-шығысында Алатау. Тұстігінде Шелек пен Жінішке өзендерінің аңғары. Одан әрі Үшқұмбел және Торайғыр таулары мен мұндалайды.

Біздің қоналқымыздың оң қол жағынан Шелек өзені ағып жатыр. Алатауды жарып өтетін оның және оған келіп құятын Жінішке өзеннің аңғары анадайдан көз тартады. Сол қол жағымызда Шарын мен оның Ақтогай жазығы жатыр. Одан алға қарай тұстік-батысқа таман көтерілген мүйісте Үш Мерке ағып шығады. Біз сол мүйіске тарттық. Меркеге қарай жазық биіктей береді. Қазақтар шытыр деп атайдын шөп жазықта үйиса өскен. Бұл шөптің мұнда екі түрі бар. Біреуі сары кіреш гүлді, бұрала өседі, жапырағы тұзу; екіншісі ақ тұсті басы дөңгелек, сабактары қошқар мүйізіндей ііріліп келеді, жапырағы ирек. Бұл шөптің екі түрін де мал жақсы жейді. Әсіресе, қой тез семіреді. Бұл жазықта жайран аталатын киіктер қаптап жүреді еken. Қазақтар бұларды қарақүйрық дейді. Кавказ бен Даурияда оларды жайран атайды. Алатау қырғыздары мен Іле қалмақтары жайғана жирен дей салады. Бұл бөкендер маусым айында төлдейді.

Қазақтар олардың бірнеше қодығасын ұстап алған еken. Біздің жол дастарханымызға да соның еті азық болды.

Маусымның 19-жанасы. Бірінші Мерке өзені.

Алатау мен Құлық жотасын қосып тұрган інге көтерілгенімізде біздің қарсы алдымыздан жартасты биік жылға шыға келді. Оның етегінде табанымыздың астында зымырай ағып Мерке өзені жалтырап жатты. Жоғарыдан қарағанды өзеннің ағысы тым тамаша көрінді. Жап-жасыл бір тегіс жылғада ағып жатқан өзен екі жағынан маужыраған сәмбі талдар көмкеріп тұрган көк лента сиякты көрінді. Үш Меркенің ушеуі де бастаудын Алатау жоталарынан алып, іннің өн бойымен зырлап отырып терен аңғар жасап, Шарынға барып құяды. Ал Шарын болса арнасын кеңітіп иінді жарып Құлық тауын белдеулей өтіп терістікке тұра тартады да Ілеге құяды.

Біз Бірінші Меркенін Шарынға құятын тұсында түнедік.

Меркеде арқар мен жабайы ешкілер көп. Оларды аулайын деп едім, бірақ ол қараетімнен ештеме өнбеді. Арқарлар ерте төлдейді. Мен оның қодығасын Қапалда-ақ көргенмін. Тау ешкілері лағын ертерек, сәуірдің соңына қарай тастан кететін сиякты. Жалпы Алатау жоталарының таутекесімен, арқарымен, маралымен аты шыққан. Қарақүйрықтар жазықтағана кездеседі. Құстардан мен қараторғайларды, жабайы кептерлерді, қара қарғаларды (қазақтар оларды құзғын атайды), кекіліктерді, шілдерді, қызыл қанатты торғайларды

кездестірдім. Жыртқыш құстардан біздін төңіркete карақұстар, қозышы, кара және қызыл сирақты қүшігендер үшіп жүрді. Мамырдың 20-жаңасы. Шырганак өзеніндегі түн.

Бірінші Меркеде киіз үй тігү үшін қарды күреумізге тұра келді. Кешкісін аспан ашылып, бұлт ыдырағанымен, терістік шығыстан ысқаяқ жел тұрып, құн сұық болды. Ертеңгілік тұрғанда төңіркеті түтел қар басып қалыпты. Бірақ құн шәйдай ашық жақсы екен. Ақ карға шағылған құн шапағы көзімізді қарықтырып, айналаға қараудың өзі қыын болды. Оппа қарды кешіп, Үш Мерке жылғасынан өту де онайға түскен жок. Жасактың көптеп-көмектеп күш-жігер жұмсауы арқасында артиллериямызды арқанға асып жоғары көтердік-ау, әйтеуір.

Екінші Меркенің күз-жартасты қак жарып Шарынға құяр тұсының табигаты таңғажайып. Алып жартастардан қаланғандай жағалаудың тік жары, тас кеудесін қарс жарып құзға есken күмбезді шыршалар көздін жауын алады. Төменде сыйбыр қағып шуылдал ақ көбік атып Шарынның жасыл толқыны зымырап барады.

Екінші Меркенің арнасы тар, ағысы да өте баяу. Одан өтетін асу онша тік емес. Ал Үшінші Меркеге жеткенде аттарымызды шалдырып, түстік жасап алдык. Үшінші Меркенің ағысынан пайды болған жазық әжептеуір және саздауыт екен. Бұл Бірінші Меркеден тереңірек әрі сұы мол. Жағаға есken сәмбі талдар да басқаларынан қалың. Бұл арада есетін бұталар жапырағына қараганда талға ұқсайды. Бірақ долана сияқты тікенді. Қабығы да доланаға ұқсағанмен құнгірттеу. Қазактар мұны шырганак атайды. Ағашы қызғылт түсті. Сондықтан қазактар одан мылтыққа дүм жасайды екен. Оның мәуесі де шырганак сияқты.

Үшінші Меркеге көтерілу өте женіл болды. Бірінші және Үшінші Меркенің арасындағы жартастарда ырғай, сарыағаш, сары ғұлдірайхан, биіктігі әжептеуір қарагандар өседі. Жапырағы ұсак бұл бұталарды қазактар боз қараган атайды. Итмұрын, қылша да аз көрінбейді. Жергілікті халық қылшаны отка жағып, құлін насыбайға салады. Мерке биігінің маңындағы Асыға дейінгі тауларда қарды жиектей отырып, құрылыска жарамды шыршалар өседі. Биікті басып иіннен әрі асқанда оң жағында – Кұлық, сол жағында Алатаудың негізгі жотасы жатады. Кұлықтың етегін Шарын өзені сипай ағады. Өзеннің кемері таудың шығыс жағынан басталатын сияқты. Үш Мерке Шарынға дәл осы мойнакта келіп құяды.

Бастауын Алатаудан алатын Үшінші Меркенің асуы Тобылды асуы аталауды. Бұл Ыстықкөлдегі үш қылта өткелдің бірі. Біз жүрген кезде ол басқа жақта қалды. Өйткені біздің

бұғы руы көшіп-қонып жүретін Қарқараға баруымыз керек еді. Тобылды асуы донғалақты көлікпен жүргуте аса киын дейді жүрт. Жол шыршалы орманды қақ жарып өтеді екен. Құртік кар елі еріп бітпегендіктен онымен жүру киын. Үшінші Меркеге көтерілгеннен кейін жол оңайлай түседі. Еніске карай бір жылға мен екі бұлақ қана кездеседі. Тиектас жартасының тұсындағы соңғы өткел көз алдынан Шарынның қөкорай жазығын жайып салады. Бұл жазық Қарқара алқабымен астасып жатыр.

Тиектас Шарын өзені Қулық тауының терістік тұмсығын осып өтіп, оны Үшінші Мерке мойнағынан бөліп тұратын шатқал. Шарын жазығы сол жақта Қулық тауымен көмкеріліп, оңдан барып тақтайтасты мойнақтың табанына ұласады. Шарынға Шырғанактың өзені келіп құятын біз тунеп шыққан тұсынан дәп-дәңгелек Қарқара жазығы мен мұндалайды. Жазықтың аты да оны қақ жарып келіп Шарынға құятын өзеннің өсімінен алынған.

Мамырдың 21-жаңасы. Қарқара өзені.

Шарын өзені мынандай өзектерден құралады. Былайша айтканда, оның бастауы Қарқара тауынан шығатын Шоң-Қарқара. Ол Кекжартұрық деген жерде. Оған келіп таулардың терістік-батыс баурайынан бастау алатын Жел-Қарқара құяды. Жел-Қарқараның бастауы Сарыжаз өзегінен шығады. Сондықтан ол араны Сарыжаздың тауы атайды. Кеген өзенінің басы Кегенниң Кенсазы деген жерден басталады. Ол Темірлік жоталарының көмкерілетін тұсындағы Құсмұрын тауының батыс беткейіндегі Елшеннің Бүйрексазы деген сортан жер. Кеген содан тұра Қулық тауына карай ағып, Қарқараға қосылады да Шарынға құяды. Кегенге Құсмұрын жағынан Шибіжембұлак, Курайлы бастаулары құяды. Құсмұрынның тұмсығынан ыстық кайнар ағып жатыр. Бұл өзектер мен бұлактардан басқа Шарын жүйесіне Қарқара тауынан келіп қосылатын Шолақ-Қарқара өзені және бар. Ол Шоң-Қарқараға құйып барып үзіледі.

Кулық тауынан Шөпжөке деген өзен және шығып, Кегенге жетпей үзіледі. Құсмұрыннан жырылып, қорған тәрізді Манастың Бозтөбесі аталатын бөлек тау жатыр. Жергілікті халықтың аңызына қарағанда әйгілі дастанның атағы алты алашқа кен тараған қаһарманы Манас батыр қалмактарға карсы соғысада осы араға келіп шатырын тіккен корінеді. Қарқара жазығы терістікте Темірлік арқылы өтетін асумен көмкеріледі. Терістік-батыста Үш Мерке асуы, тұстік-батыста қырғыз Алатауындағы Санташ асуы, шығысында Құсмұрын тауы, одан әрі Лабасы, ал терістікте Үш Қарқара аңдағайлайды. Лабасы мен Құсмұрынның арасында Қытай қарауылдарының аржағында Сүмбенің тауы мен Кеушентай тұр. Артқан шынының етегінде

сол аттас асу және бар. Саржаз өзенінің Кегенге құяр тұсындағы жақында қазактар Таспажон атайдын қырқалар бар. Олар Қарқара өзеніне тіреліп түйікталады. Оның бағыты терістік-шығыстан түстік батысқа қарай ойысады. Бұл қырқалардың шығыс жағындағы жылғада “Қарқараның қайнатпа тұзы” аталағын тұзды кайнар бар. Су кайнап шығып жатқан тұсында бұл бастау апанауызданып, сортан балшығы қолдан құйғандай төбетейлене қатады. Дәрүлік балшықтың күмбезденіп тұратын реті де бар. Оның биіктігі – 1,5, ұзындығы – 3, ені 2,5 аршын. Лабасы тауынан әрі Текес тауы жатыр. Одан Іленің бастауы болып табылатын Текес өзені ағып шығады.

Екінші бір тұзды көл Бор-Дабысын аталағы. Ол Лабасының шығыс баурайында. Бұл көл жылға арқылы Кеген сортанымен жалғасып жатыр. Бұғылықтардың айтуына қарағанда Шелектен Санташқа дейінгі жердің бәрі бұрын қалмақтарға тиесілі болған. Бұдан отыз жыл бұрын Торайғыр төңірегін қалмақтар жайлап, қыстағы Құлық тауында болған. Олардың шекара бекеттері Бірінші Мерке мен Қарқараның тұзды бастауларында тұрған. Қазір қытай қалмақтарының дүрган-сuan және арғын-suан рулары Құсмұрын мен Лабасы тауладарының сыртында көшіп-конып жүреді. Сүмбे тауладарының аржағында олардың қаласы мен ламаларының сопыханасы бар. Құсмұрын тауының етегінде корғасын кенін қазатын елді мекен тұр. Кен қазушылар негізінен ішкі уәләйттардан жер аударылған қылмыскерлер. Қарқара жазығы жазғы жайлайу. Оны албандар мен бұғы руының қырғыздары бірге жайлайды. Жазықтың малға жайлалығымен аты шыққан. Мұнда шыбын-шіркей мен маса-сона деген атымен жоқ. Жалпы Алатау жазығынан біз шыбын-шіркейді тіпті аз кездестірдік. Бұл араның күні әсіресе түнде салқын.

Мамырдың 22-жаңасы. Қарқарада екінші түнеп шықтық.

Шырғанактан біз Қарқараның ағысын қуалай отырып, түстік-батысқа тарттық. Бірнеше шақырым жүргеннен кейін Таспаның жабыр қырқасында өзен кемері жарға тірелетін тұска тоқтадық. Бұдан төмен қарай өзеннің жағасы тоғайлы болып келеді. Сәмбі тал мен қара шырғанақ тым қалың өседі екен. Жағада құмдауытта сексеуіл де аз емес. Өзенде тұқымы ұсак балықтар әжептеуір. Жергілікті халық оларды шабақ дейді.

Мамырдың 23-жаңасы. Тағы да сондагы Жиделібұғы деген жерде түнедік.

Бішкектің пәрменшісі (губернатор) 1500 адаммен Қотемалдыға келді деген сыйбыс тарады. Сарбағыштардың манабы Үмбетәлі тұтқынға алынып, малы талауға түсіпті. Кейбір сөзуар бұғылықтар бұл сыйбысты олардың билері біз

көлге жуықтап бармасын деп қасақана таратып жүр дейді. Егер біз көлді алып қойсак, олар еркіндігінен мұлдем айырыламыз деп ойлады. Енді біреулер Тәшкеннен келген төрт адам бүкіл бұғы руының ықпалды манабы Боранбайдың ауылында жатыр дегенді айтады. Манап оларды сарбағыштармен арадағы дауды шешуге шақырса керек. Эрине, бұл мәселені шешу бұғылықтар үшін тиімді болар еді. Қазірдің өзінде олар зекетке отыз жылды беріп үлгеріп. Ал Орман тәшкен қорғандарын қиратканнан бері оның мұрагері Үмбетәлі Тәшкенттің шақырыуна да бармапты. Бұғылықтардың орыстардан, олардың күш-көлігінен іргесін аулақ салғысы келетіні түсінкті де. Өйткені сарттар арқылы олардың сарбағыштарды женуге мүмкіндігі бар сияқты. Бірақ бұның бәрі өншейін ғана қауесет. Біз қайткенмен де көлте баруға бел будық,

#### Мамырдың 24-жаңасы.

Бізде бұғы руының өкілдері болып кетті. Олар — ықпалы күшті аға манап подполковник Боранбай Бекмұрадов, жасы жөнінен үлкені Мұраталы Берназаров, Қазибек Шералин, Сәлмеke өулетінің биі Қараш (шон). Ықпалды дегендерден келмей қалғандары арық-токсаба руының өкілі Олжабаев пен оның бауыры Хакімбек. Қарадан келгендері тұбі Мұратәлінің құлдарынан шыққан Тілекмет би мен Омар батыр. Албандар бұғылармен келісіпті.

Мамырдың 25-жаңасы. Санташ асуындағы Тұп өзеніндегі қоналқы.

Айдың 25 жаңасында ертеден қара кешке дейін дулаттар мен бұғылар арасында келіссөз жүргізілді. Арық руының ауылдарына келік жинау үшін он казак аттандырылды. Түстен кейін жасақ терістік-шығысты бетке алып Санташқа тартты. Қарқараның жоғары жағындағы жер теп-тегіс, шебі шүйгін. Жалпы бұл өнірдің өсімдік дүниесі өте бай. Шебі казактардың айтуына қарағанда, өсірепе күзде аттың омырауын қағады. Жапырағы жап-жалпақ шөптің неше түрі шабындықта да, таудың баурайында да тұнып тұрады. Әсірепе қамыстың бір түрі тәрізді қоғажапырақ пен қылша және жигара өте көп. Қазактар бұл өсімдіктің аккүргешен, ал қырғыздар маралқұлақ атайды. Бұл өсімдіктің шырыны улы, денеге тиіп кетсе, ісіріп жібереді деп сендерді бізді. Тамызға дейін мал оны татып алмайды екен. Ал жапырағы сарғайған соң шырыны сарқылатын көрінеді. Исі сиырдың қынықіндей. Сол жақ қолдағы тауларда қызыл тал мен долананың өзгеше бір түрі өседі. Таулар мен жылғаларда жатқан қарға қарағанда, Қарқара айрықша биік жер деуге сияды. Ал Санташ тауының өзі жатаған ғана.

Қоналқыдан кейін жолға шыққанда қарсы алдымызыда Тобылды-асу тауының сілемі сол жағымызда, ал Қарқара

тауының жалғасы оң жағымызда тұрды. Бұл таулар өлгіге қарағанда биігірек. Жол саздауыт шабындықты басып өтіп, оннан да, солдан да жамырай аккан бұлақтар жалғаса келіп, Қарқараға құятын Желқарқара өзеніне үласады екен. Бұл өзек түстік-батыстан терістік-шығысқа қарай ағады. Бұлақтардың арғы бетінде жазда құрғап қалатын қөлшік жатыр. Онан біз жергілікті халық Ертіс құсы атайтын қаздарды көрдік. Бұл қаздардың түсі құнгірт-коңыр. Маңдайынан жарысып екі ақ сзызық өтеді. Желкесі мен тамағында ұзынша қара жолақ бар. Оларды мойнының екі жағындағы ақжолақ бөліп тұрады. Бұл қаздардың қанаты қара, сирағы мен тұмсығы сары. Тау қазы әдеттегі қаздардан кіші болғанымен, біздің қараша қаздан ірі.

Көлден екі шакырым жерде Тұп өзені ағып жатыр. Тұп түстік-шығыстан басталып, терістік-батысқа қарай ағады. Оның ағысы әжептеуір қатты. Табаны тастақ, жағасы сәмбі талмен, шырғанақпен және сексеуілдін бір түрі – балғынмен көмкерілген. Өзеннен балық та кездеседі. Біздің қазактар қармақпен маринкаға үксас балық аулап алды. Қазактар оны сазан дейді – екен. Тұптің сағасына таман балық ете көп дейді. Тұп өзені Ыстыққөлге құяды. Тұптің ағысымен жарысып, аласа таулардың шыршалы орман әдептеген қойнауынан Таспа аталағын өзен шығады. Таспаның ар жағында Ыстыққөлге құятын Жыргалаң өзені ағып жатыр.

Санташ – санама тас. Асу өз атын бір жерге қорған қып үйлген таутөбе тастан алған. Қорғаның биіктігі – 3, айналасы 35 аршын. Аңыз-әңгімелеге қарағанда әмір Темір-Құрқан (Ақсақ-Темірді Шығыста осылай атаған) император Каан-Чиннің (турікше хакан) қызын гареміне алғалы Қытайға аттанғанда өз жауынгерлеріне әрқайсысы белгілі бір жерге бір-бір тастан жинасын деп әмір беріпті. Қайтар жолда ол сарбаздарына тағы да әлгіден бір-бір тас алғып, басқа жерге үюге бүйрық өтеді. Қалған тастың қөлеміне қарап, өз жауынгерлерінің қаншасы шығын болғанын айырады. Бұрынғы қорғаның орны да әлі бар.

Тарихи деректер бул аңызға қарама-қайшы. Ақсақ-Темір шынында да Қытайға жорық жасаған еді, алайда Самарқандтан шыққан бетте Отырар қаласында қайтыс болды. Айтқандай, Орта Азияның барша аңыз-әңгімелерінде Ақсақ-Темір ортағасырдағы серілік дастандарда жырланатын Ұлы Карл мен орыс ертегілеріндегі Күндидарлы Владимир сияқты ауыздан түспейтін алғашқы орында жүреді. Түркістандағы құллі мешітті, ежелгі су құбырларының бәрін дүниені тітіреткен сайыпқыран Әмір-Темір салғызған деп келеді. Ал мынау Санташ қорғанын салу үшін көп кісі ғана емес, көп еңбек те қажет болған болар.

Әрине, бұл белгілі бір оқиғаны болашақ күндерге жеткізер ескерткіш, халықтардың осы арада откен өмірінен өшпес белгі.

Айтпақшы, ендігі бір аныз Қарқара өзенінің атауына кеп ойысады. Қазактар қалмактарға карсы бір жорығында осы өзеннің бойында зайсанның екі жас қызын қолға түсіреді. Олардың ауылы жана ғана көшсе керек. Қыздар жуынып-шайынып, кешке әсем кініп барғалы кідіріп қалған көрінеді. Бұлардың бөркінің төбесінде үкісі болады. Қазактар мұны қарқара деп атайды. Қарқара деген атау, міне, осы қыздардың үкісінен шықкан дейді.

P.S. Алатау қырғыздары Санташ үйіндісін қазақ ханы Есімге телиді. Бұл оның жонғар қалмактарын женуінін белгісі еken. Бұл шындыққа саяды. Есім хан шынында да бұл жерде болып, қонтайшыны тас-талқан еткені анық.

Мамырдың 26-27 жаңасында сол жерде болдық.

Мамырдың 28-жаңасында Санташтың түстік пүшпағындағы Тұп өзенінің бойында Кеңсай деген жерге қондық. Біздің тунеген тауымыздан екі шақырымдай төменде Санташ жазығын екі жағынан көмкеріп бір-біріне жақындаста түсетін жағалаудың тар шатқалына орай жол қындаі түседі. Сондықтан барлық соқпақ баурайды бойлап кетеді. Зенбірегіміз түйеге артылған еді, ол жануарлар мұндаі кездे қиналмай жүре береді ғой. Жағада өсіп тұрған ағаш қалың. Тоғай бүкіл өзен жағасын көмкеріп тау қойнауын түмшалап тастаған. Ағаштарының арасында аршагул, итмұрын, қарақат, долана, ырғай, қызылтат, шілік бар. Тастанда қына мен ақтаспа көп-ак. Өзеннің сол жағасында таулардағы сияқты інтиレスкен шыршалар. Бұл арада шөп онша қалың болмағанмен, өткелдің аузында малға азық жеткілікті. Алабота мен қылша және аяқ алып жүргісіз. Түнейтін жеріміздің маңындағы тауларда жылан көп еken. Тауға мен мылтық алып шықтым. Көзіме елік кеп түсті. Алайда ату қын еken. Құстардан, әсіреле жыртқыштардан ақбас бүркіттер мен тышқаншыларды кезіктірдім. Тауда күрен-қызыл түсті кептерлер көп-ак.

Жасағымыздағы қазактар шындардан аю, бұғы мен қабан көргенін айтып сендірді. Олардың сөзіне қарағанда, Ыстыққол мен оның төнірегінде жолбарыс та сирек кездеспейтін көрінеді. Одан өрі жолдың ортасынан ауа өзеннің он жағалауында кең арна ашылады. Бұл Кенсу аталатын көл. Ол әуел Тобылғытың Тұп өзеніне қуынан пайдада болады. Тобылғыты да Үшінші Мерке ағып шығатын таулардың түстік қойнауынан басталады. Олардың анғары біз бұрын айтқан Тобылғыты өткелін курайды.

Мамырдың 26-жаңасында маған Алатау қырғыздарының жыршысы келіп кетті. Ол Манас дастанын жатқа айтады.

Дастаның тілі ауызекі сөзге қарағанда әлдекайда түсінікті. Жырдың қаһарманы Манас – ногайлы. Төсек жаңартып әйел алуға құмар-ак. Онын барлық әмірі дау-дамай, төбелес пен арулар іздеуден тұратын сияқты. Тек оның мінез-құлқы шығыс халқына үқсамайды. Ол әкесіне тұл тигізіп, малын айдан кетеді. Үлкенді сыйлап, сыпайылық таныту жағы нашар. Мұнысы бір ғажап. Жалпы қошпелі жұрт қарттықты қастерлеп, қарттарды сыйлайды, олардың арасында ақсақалдан құрметті кісі жок. Дастанда Шу, Тәшкент, Іле және Ыстыққөлде үш бірдей халық ногайлар, қазақтар мен қыргыздар токайласады. Зайыры, олар бұрын жақындастаған сияқты. Барлығының да көлдің төнірегіне қоныстануы, айтуға қарағанда, жетпіс жылдан көп аспайды. Тау қыргыздарына ногайлардың аныздары ежелден әйгі болса керек. Олар Едігені жақсы біледі. Әңгімесі де қазақтардықіне үқсас. Олар да:

Орманбет би өлгенде,  
Он сан ногай бұлғенде,  
Қара орманды өрт шалды,  
Кекіректі дерпт шалды, – деп жырлайды.

Бір ғажабы ногайллықтар Орта Азияның барлық қошпенделерінің күллі аныз-әңгімесінде қоса жүреді. Тәшкент ногайлары Манас жырында да кездеседі. Жәнібек пен Асан-қайғы мұнда да мәшшүр. Елді бөріктіріп, бұлдірген қазақтардың Ала тайы бұларда да бар. Ногайлар жөнінде жыр да жеткілікті.

Тобылғыты жазығынан біздің көзімізге арнайы ізден келе жатқан Ыстыққол жарқ ете қалды.

Саяхатымызға айдан асканда мамырдың 28 жаңасында алғаш рет сона мен масаны көзіктірдік. Санташтан көлге қарай құлдилағанда күн әжептөүір ысисын деді. Тауға кіргелі бірде-бір жақсы күнді қөрген жоқ едік. Шыбын-шіркейді де өте сирек ұшыратқанбыз. Сол күні кешкісін шыбын-шіркейді қөп кездестірдік. Мұнда күндіз ыстық та, тұнде тым салқын болады еken. Айтуларына қарағанда, көлдің айналасы ұдайы ыссы. Соңдықтан жаңбыр “тілеуге” тұра келеді дейді қазақтар.

Олардың арасында зікір салып, жауын-шашын шақыратын бақсылар болады еken. Оларды жайши атайды. Бұл наным ежелгі түркілерге тән. Шығыс тарихшылары жаңбыр жаудыратын қуаты бар жады тасы деген жайында жіңі айтады. Және оны түріктердің атасы Жәпешке үрпағы бақытты болсын дег бата беріп, құдайдың өзі сыйлаған дейді.

Мамырдың 29-жаңасы. Қарабатпак деген өзектің жағасындағы қоналқы.

Жасағымыз Кенсудан сағат 4-тен бес минут кеткенде

көтеріліп, 10-да түнейтін жеріне жетті. Біз Ыстыққол жазығынан Санташ тұсында сына болып қағылатын кен алқаппен келеміз. Бұрын айтылғандай бұл алқап Тобылғытының Түпке қуюынан пайда болған. Біз түстік-шығыска тартқанда сол жағымызда Таспаның жатаган таулары, оң жағымызда Алатаудың шығыс сілемі жатты. Жол таулардың жұлығымен жүрді де отырды. Бұл аранықі екпе шөп, алайда малға азық жеткілікті. Табиғи шөптің өзі шаш-еtekten. Біз Тұп өзеніне құятын біраз өзектерді басып еттік. Қебі тауларды жарып етіп, еткел-асу жасап кететін көрінеді. Олардың біразы мыналар: Қорымды өзені басын Үшінші Мерке шығатын ақбас таудың түстік койнауынан алады. Онда Қорымды асуы бар. Бұл асу әуелі Меркенің ағысымен жарыса отырып, Бесқарағайға дейін жетеді де, Қорымды өзегімен жалғасады. Өткелден тек салт аттылар ғана асады. Жіңішке өзегі Екінші Меркенің ағысымен қосылып, ол да салт аттылар өтетін еткел жасайды. Оның асуын Екінші Мерке атайды. Таалысу өзегі Шон-Меркенің карсы ағысымен қосылып, салт атпен өтер асу жасайды. Саты өзені де сондай. Ол таулардан шығысымен жұла тартып, бірнеше тармаққа бөлініп Түпке келіп құяды. Сатының асуы Шелектің жогарғы жағына шығарып, оған құятын Жіңішке мен Асы өзендеріне қосылып, Тұрген еткелін нобайлайды. Бұл еткел керуен жолына жалпы қолайлы болғанмен, он бес аршындаид жерде жол жіңішке соққаппен өтетін жан-жағы биік құз-жартас кылн қылта бар. Төмениң терен құз. Құздан агаş көпірмен өту керек болады. Із салып көпір тұрғызу Жантай батырдың өкесі Атеке батырдың енбегі дейді. Сарбағыш манаптары Есенқұл мен Атакенің арасындағы өзара дау-дамайда сонғы манап дүшпанының тұтқылы шабуылынан бой тасалау үшін бірінші болып өз көшімен Сатыдан өтуге бел буады. Бұрында жақсы өрі жас мықты түйелерге көш артып, тұтқылы жағдайда бұл арадан керуендерді өткізіп журген мысал бар көрінеді.

Жол-жөнекей біз Алатау қыргыздарының бейітін алғаш ұшыраттық. Таалыбулақ пен Бірінші Сатының арасында алғашқысина жақын жерде бір бейіт бар екен. Оның төртбұрышты етіп қаланған қабырғалары дін аман тұр. Қазақтар болса бейітті қорғанға үқсатып салады. Олардың айтуына қарағанда, әлгі бейіт Атеке манаптың баласы Қарабектің зираты көрінеді. Ол сарбағыштарға Абылай хан шабуыл жасағанда каза тауыпты. Ауылы Шелектің бас жағында екен. Сатыға таяу тағы бір бейіт бар. Қазақтарда өз сөүлет өнері бар болса, онда ол сөз жок, іргелі мазарлардың архитектурасы.

Мазарлардың қалдығы даланы енжайлай шашылып жатыр. Олардың қебі күйдірілген жалтырақ тастармен өшекейленген.

Бұл бейіттер өзінің сәулеттік сәнімен ойға батырады. Оған қарап тұрып бұл далада да өнердің алуан түрімен таныс отырықшы ел болған екен деген байламға келесіз. Алайда қазактардың гибадатхана мен қорғандар салуға құштарлығы өзінің көшпелі тұрмысы мен қарангырының қарамастан қын да күрделі жұмыска бел буганын аңғартады. Ал мынау ғимарат қалдықтарының көбі сол гибадатханалар мен зираттар екені шексіз. Бұл оймызды нақтылай түсетін мынадай да дерек бар.

Откен ғасырдағы қазактар мен қырғыздар сол мазар тұрғызылған арақтарға борыштар болған сияқты. Олардың көбі белгілі батырлар. Оны есте қалдыру үшін топырак үйіп оба жасап, қорған есебінде там салып, сатылы күмбездер тұрғызған. Олар қаржысының ыңғайына қарай оларды қүйдірген немесе қам кірпіштен жасаған. Оның көлемі арауқтың атак-даңқына байланысты. Мұндай мазарлар Ұлы жүзде көп кездеседі. Наймандарда сол дағды өлі қаз-қалпы.

Бай адамдар Түркістаннан шеберлер алдырып, ғимаратты салғызуға қаржы аямаған. Ұлы жұздегі Сүйіктің, қарақырғыздың манабы Жантайдың мазарлары солай салынған. Оны жасаған қашқарлықтарға қырық ірі қара, жұқ қой төленген. Бірінші тоғызы – құл мен сегіз жылқыдан, екіншісі – түйе мен сегіз жылқыдан, үшіншісі – жүйрік ат пен сегіз жылқыдан, төртіншісі егіз бен сегіз сиырдан тұрған. Бұл мазарлар шынында да жақсы жасалған. Олардың ұсқыны қырдағы құлаған бейіттерге тіпті де үксамайды. Қырда жеке бір стандарт болмаса жалпы қалалардың жұрты атымен ұшыраспайды. Далада кездесетіндердің көбі зират ғимараттары. Атақты Қозы-Көрпеш ғимараты анызға қарағанда мазар есебінде салынған.

Осының негізінде қырдың тұстік-шығысында ұшырасатын құлаған қабырғалар көшпелі халықтың зираттарының қалдығы. Бұл арада ол туралы айтып жатудың қажеті болmas.

Алатай қырғыздарының бейіттері қазактардікіне қарағанда онша жақсы емес. Үйілген обалары алласа, тастары да санаулы. Әншнейін жерге шанша салған таяқшалар. Кісінің соңғы тұрған жері екенін ескерткендей. Өрнекті, бейнелі етіп кірпіштен жасамақ болған зираттарында белгілі бір тұрпат жоқ, тез құлап қалатын сияқты. Әйткенмен, қарақырғыздарда бірнеше тамаша мазарлар бар. Солардың бірі Бұғының сәлмеке руынан шыққан Ноғай мен сарыбағыш Атекенің баласы Жантайдың мазарлары. Жантайдың мазары Тұптің сағасында тұр. Оны қашқарлық салған. Сондықтан Қашқардың зират архитектурасының үлгісінен аумаган. Зиратты жақсылап тұрып әктеғен. Ішінде түрлі-тұсті бояумен шығыс талғамына сай

жазылған жазулар бар. Фимарат үшін жасалған кірпіші жақсы күйдірілмеген. Эк аз қосылып, жарыла бастаған. Алдыңғы дарбаза қабыргада терезелер бар.

Мамырдың 30-жынысы. Сондағы қоналқы.

Біз Тұптің сағасына келіп мүйіске қармақ тастандық. Бірнеше маринка аулап алдық. Қазактар бұны қарабалық атайды екен. Шабактың шағын түрі өзеннің көл жақ мүйісінде балық сондай көп. Қырығыздар біздін көзімізше қамысты қылышпен шапты. Сөйтіп, қарааш қырығыздары бірнеше балықты және алды. Сол күні қазактар үлкен ау жасады. Тұптің жағасында көлдің дәл өзінде ұсақ шырганақ көп екен. Қазактар бұдан бірнеше жыл бұрын бұл арадан тогайдың қалыңдығынан өту қыын еді дейді. Құстардан көлде үйрек, каз, қараша, балықшы кішкентай қара тырналар бар. Қараашаны қазактар қара каз, ал қаратырнаны қарабай атайды екен. Жылан деген қантап жүр. Менің киіз үйімнен ғана үшеуін өлтірді.

Маусымның 1-жынысында Қазыбек пен Боранбай ауылына аттаным. Қазактардың айтуына қарағанда, оның ауылы біз түнеп жатқан жерден жиырма бес шақырым Жырғалаң деген жерде екен. Тұптің сағасына таяу тұстағы өткелден өтіп, Жырғалаң мен Тұпті бөліп жатқан Таспа жоталарының биғіндегі жазыққа көтерілдім. Ақыр аяғында күн түске тармаса қарсы алдынман алған өзеннің айдынымен ұласып әппак нүктеге үқсап, ауылдар көрінді. Олар тіпті көп-ақ. Қарсы жолыққан қазактардан Боранбайдың әрірек көшіп кеткенін білдік. Күн ыстық еді. Экватордағыдай тас төбеге шығып ап төңіректі түгел өртеп тұр. Кешкі салқын түскенше демалып, қазактар айтпақшы “салқыншық” түскенде ғана жүру керек. Сол мақсатпен таяу ауылдардың біріне ат басын бұрдық. Ауыл иесі жас жігіт қол кусырып қарсы алып, Боранбайдың баласы Қылыш екенін айтты. Біз Қылыштың отауына орналастық. Құрметті қонақ ретінде бізге құмыраға құйып тұзды шәй әкелді. Қәдімгі қалмақтың үн қосып қайнататын шәйі – затуранға үқсас. Шәйден кейін қымыз берді. Барлық ауылдан балалар мен үлкендер жиналадып, біз тұстік жасап болғаннан кейін бізге сойылған койдың сүйек-саяғын жемекші. Олардың үміті далаға кетті. Ас ішіп жайланып отыруга уақыт тығыз болғандықтан үй иесіне кой сойғызбадым. Айта кететін бір жәйт – әйелдер бізден жалпы шошып өз үйлерінен бұра басып шыққан жок. Тек аттанғалы жатқанда ғана үстінде Бұқардың ала шапаны бар жас келіншек пен ақ көйлекті қызы шықты. Төбесіне үкі үсталған шошақ қызыл бөркі бар. Ұзамай олар да ізім-ғайым болды. Қазактардың айтуына қарағанда, бұрын қырда болғандардың бәрінің көзі жіті, қиядағыны шалады. Келіншек

ажарсыз болмағанмен тарамыс, арық екен. Ал олардың айтуына қарағанда қыз ауыз толтырып айтарлықтай сұлу сияқты. Эрине, олардың өз көзқарасына қарағанда солай. Қазактардың көзқарасынша әйелдің тығыршық денелі толықшасы сұлу деп танылады. Ай мандайлы, дөңгелек жүзді, қызыл шырайлыны ақындар беті карға тамған қандай қызыл деп мадақтайды.

Жолымыз одан әрі жалғасты: бір ауылдан соң бір ауыл – шеті, шегі жок. Бірақ бірінде де сыртта жүрген тірі жан көзге түспейді. Барлығы киіз үйлерден шықпай: “Орыс, әне орыс” – деп айғайлайды. Олардың күмәнін сейілтіп, ғажайып жыныстылардың ынтасын ояту үшін қасымдағы жігітерге қазак әнін сал деп, өзім қазактың салдарынша киініп алдым. Шынында бұл айлам іске асты. Қыз-келіншектер үйлерден ағылып шыға бастады. Тіпті біреуі ҳақ дінді біздерге мұнын шағып, жоқтау айта бастады.

Қазақ сияқты қырғызда да ері өлгеннен кейін әйелі бір жыл бойы дауыс салып жоқтау айтатын дәстүр бар. Жанынан мұсылман баласы өтсе-ақ олар жоқтау айтып, зарлай бастайды. Сұрастырып білсем, жоқтау айтушы жесір Сарбағыш дауында ерінен айырылыпты. Киіз үйдің мандайшасына ілінген қара жалау сол оқиғадан хабар беріп, марқұмның жас деңгейін де айқындалп түр. Киіз үйдің мандайшасына жалауша ілінді дегенше, ол шаңырактың бір мүшесінен айрылғаны деп түсін. Егер жалауша қызыл болса, марқұмның жас болғаны. Қара болса – орта жаста, ал ақ болса карт адам деген сөз. Біз тап болған аяштың (қырғыздардың әйелі) қүйеуі орта жастар шамасында сияқты. Токтай қалып қырғыз аруның жоқтау жырын тындағық. Сөзін түгел естіп жарытқанымыз жоқ. Тек ара-тұра айғай салып, “ох көке, көкем-ай” деген даусығана жетіп жатты. Бұл өнірде бұрын болған қазактардың бірі мұндај жоқтау жырлардың бірнешеуін айтып берді. Сол арқылы біз әлгі зардың мән-мазмұнын үққандаймыз.

Жоқтаудың жалпы сипаты құдайға жалбарыну. Марқұмға сөз арнап, бұдан кейін бұл мұскіннің қам-қарекетін кім ойладиды, етігін кім тігіп, жарты құртты кім жарып жеседі... деген сияқты болып келеді. Төніректегі қазактармен әңгімедүкен құрдық. Менің қазактың төресі, хан тұқымы екенімді білгеннен кейін олар маған сеніммен қарай бастады. Сарқідір тартқан әйелдер менің сыптығыр денеме, жұқалтан түріме, ашан жүзіме қарап бейшара анасын ойлап, уайымдап әбден арып ашыған екен деп айды. Мұндај жас баланы шалғайда кім аялап, киім-кешегін кім жуып береді дейсін деп өзеуреді. Олардың осы соңғы сөзі менің құлқімді келтірді. “Қайран, қайырымды қарапайым ағайындар-ай!” деп ойладым мен. Бір

кемпір маған аяққа құйып қымыз ұсынды. Оның көзі мейірімге шүп-шүп толып, әр сөзінен аяушылық лебі есіп тұр. Соның әсерінен бе екен, бір аяқ қымызды басыма бір-ак көтердім. Келесі ауыл да бізді күтіп отыр екен. Бірнеше отағасы төре ретінде мені “алдиярлап” құрметтей қарсы алды. Ен алдымен мені тандандырған олардың бірден айткан тілегі болды.

Бізде бір бейбакыт аяш бар, – деді олар. – Бейшараны жын-сайтан иектеп алса керек. Ақсүйектің үрпағы жын-сайтанды аластайды дегенді естіміз.

– Ол пәлелерінді қалай аластап кумақтын? – деп тандандым.

– Оның ештеңесі жоқ, – дейді қазактар. – Жын жайлаган бейбакты қамшымен аямай осқылау керек. Сонда жын-перілер өз-өзінен қашады.

Отініш білдірушілерге бұлардың бәрі бос сөз, ешқандай жын-сайтан жоқ, әйел әншейін ғана ауру адам, оны ұрып емдеуге болмайды, сабыр сактап, мазасын алмау керек, десем бірі де бакпайды. Қыргыздар мені бір қаныпезер қатыпезді адам ба деп күмәнданыш, қашқақтауға айналды. Бір салып, албастыны қуып шығуға несіне бұлданады деп ойлайды-ау, шамасы. Амал қанша, өзімнің бауырым, бұл да сұттан, деп оларға бір қазакты ұсындым. Әлгі айтқан батырым қамшысын үйріп, айбаттаныш ауылға қарай тұра шапты. Бірнеше әйел бақытсыз бишараны ұстап тұрды. Айғайлап ақыра ұмтылған қазак оған тарпа бас салып қамшыны онды-солды сілтей бастады. Бишара бейбак шыбын жаны шырқырай шырылдап, жұла тартып әйелдердің қолынан сыйтылып шығып, киіз үйге кіріп кетті. Оны қайтадан ұстап әкеліп, “ұр, ұр, сок!” деп шырылдады анасы. “Ұра тұс!” деп қайталады тобыр. Мен шыдай алмай бишара келіншекке өзім келіп, кинауды додарындар деп әмір бердім әлгілерге. Сөз жоқ, аурудың ағайындары бұлай араласуымды жаратпай қалды. Ашумен алара қарап, көзімен атып жібере жаздады. Тек есі ауысқан әйел ғана күтқарушысы ретінде маған тұра ұмтылып, мойныма асылып: “Саян болайын, садақан кетіп, салқыныңа жатайын, агатай!” деп жалбарынып жатыр.

Жұрттың бәрі тынышталған кезде көз тоқтатып ауруды қарай бастадым. Шашын екі бұрым етіп өруіне қарағанда ерге шыққан әйел болғанымен жасы он бестен асқан адам емес. Өзі үріп ауызға салғандай әп-әдемі екен. Үлкен кара көздері бір жерде тұрактамай, жан-жаққа алактап, әлдебіреуді іздейтін сияқты. Өні әппак кудай, жүзі жүдеу. Сонысына қарамастан әп-әдемі. Устінде жырым-жырым шапаннан басқа көйлек те жоқ. Шапанды іш көйлектің сыртынан жаба салған. Онымен сөйлесіп көрмек болдым, алайда менің сауалдарыма

үзік-үзік жауап катып: “Жамбек! Шоң әке, Қаражан” сияқты бірдемелерді айтты. Соңан соң жігітке үрейлене қарап: “Менің айнам... ол сындырыды... жағамды жыртты...” деп шапшаң-шапшаң айтты да жан-жағына жалтақтап, ешкім көрмесін дегендей басындағы желегін алып, қойнына тықты. Әлгі атаған адамдары ағайын-туыстары екенін артынан сұрап білдім. Оның түрмиска шықканына бір жыл болыпты. Қүйеуі әлгі қолымен шошайтып көрсеткен жас жігіт екен. Енді бәрі де белгілі болды. Қүйеуі оны ұрып, айнасын сындырып, койлегін жыртыпты. Ата-анасының жалғыз қызы болса керек. Демек, әкесінің сүйікті қызы өз үйінің еркетотайы емес пе. Қүйеуінің катыгездігінен, тұрпайылығынан бұрынғы еркіндігін ансан, есінен адасыпты. Әлгі туыстарының атын атап жатуының да себебі сол көрінеді. Бұл енді жазылып кетеді деп, ағайындарын сендеріп, қүйеуіне әйелі аман-сау болсын десе, кайтып айнасын сындырып, койлегін жыртпаудын тапсырып, әрі аттандық.

Боранбай ауылы отыр деген жерден оны таппадық. Ұзак адасып қырық шакырымдай әрі-бері артық жол жүріп, кешкүрым бір бакташыны кездестірдік. Ол бізді карға такау биіктегі қырғыздардың кешкі оты жалтылдаған шатқалға алыш келді. Арнайы киіз үй тігіп, шәй беріп, кой сойды. Біршама уақыттан соң Боранбайдың өзі келді. Әдеттегі сәлемдесуден кейін сарбағыштар туралы жалпы әңгіме басталды. Кәдімгі жанға батып жүрген жайлар ортага түсті.

Маусымның 2-жанасы. Бұғы руының манабы Боранбай Бекмұрадовтың Тұлпартастағы ауылы. Бізге деген киіз үй биік жерге тігілген екен. Таңертең тұрғанда төнірегімізді тегіс шолуға бұл жақсы болды. Төменде кара қырғыз ауылдары тарыдай шашырап жатыр. Қазақ ауылдарындағыдай әдеттегі у-шу, абалаган ит, ерсілі-қарсылы қозғалыс атымен жок, барлығы құлакқа ұрған танадай. Төмендегі киіз үйлер бір-бірінен белгілі бір қашықтықта орналасып, өзінше бір қотан жасап тұр. Ауылдың ортасында желеіде құлын байланып, бие сауылып жатыр. Сиыр, кой да сонда. Киіз үйдің жанында бірнеше әйел құрт қайнатып жүр. Манаптың өз киіз үйін көргім келді. Үйін көрсетуден Боранбай алғаш қашқақтап: “үй дейтін үй емес, жиган-тергеннің барлығын сарбағыштар талап әкетті; әйтеуір, менін табандылығым мен тынбай құдайға сыйынугана жеңіске жеткізді” деді. Артынан Боранбай келісіп, үйдің ішін жинастырысын деп аз уақыт мұrsat сүрады. Әзір болған соң шакырды-ау, әйтеуір. Абайлай басып мен еніске түсіп, қуанышым қойныма сыймай, Боранбайдың ордасына да жеттім.

Ішке кіргенде үйде бірнеше кісі отыр екен. “Удакоб!” (Орындарынан тұрындар), – деген қожайынның әмірлі даусы

шыққанда отырғандар атып тұрды. Мен төрге оздым. Қүрек тісі ақсифан жасамыс әйел ала шапан жамылып бөстек орындағы қой терісінде отыр екен. Қолы қап-қара кір қожаләқ, Саусағының арасындағы жұн-жұрқаның қалдығына қарағанда, осының алдында ғана бәйбіше арқан ескен сияқты. Оған аз-кем мадақ сөз айтЫП, алтыннан ардақты, күмістен қымбатты денсаулығын, мал басының амандығын сұрадым. Оның барлығына ол басын изеп, жауап қатып жатты. Басын изеген сайын сойдиган ұзын тістері корінеді. Қадірлі бәйбішенің шамадан тыс сойдақ тістері еркіне қөнбейтін болса керек, сондықтан шапанының жеңімен аузын көлегейлей береді. Менің сауалдарым бәйбішени әуреге сала беретін болғандықтан сөзді қойып, киіз үйді шолуға кірістім. Біздің қазактардай киіз үйде не керует, не абдыра-сандық, не кілем жок. Тау-тебе ғып жиып қойған текеметтерден басқа ештеме көзге түспейді. Есіктің оң жағында шимен қоршалған бірдене тұр. Қазақ төрелеріндегі керегеге катар-қатар ұстайтын кілем мен жүк жиып қоятын абдыра жок. Төрде тек төселген киіздер жатыр. Оларға қытай матастымен тысталған бірнеше жастық тасталыпты. Менің астымда ғана бір тәп-тәүір кілем бар. Үйдің ортасында от жанып тұр. Екі ошақта шойын шояқта су қайнап жатыр. Бәйбіше біздің жол қашығымыз сияқты аяқ қаптан екі қытай кесесін алып, қымыз құйды. Қызметші қырғыз кеселерді алып біреуін дәмін татып алып маған, екіншісін Боранбайға ұсынды. Біздің ұлы жүздің бір қазағы қалтасынан шақшасын алды. Насыбайды көзі шалған бәйбіше иегін көтеріп, үн-тұнсіз алақанын тосты. Қазақ жігіті сыпайы ғана шақшасының тығынын ағытып, оның алақанына әжептәуір насыбай салды.

Қонған үйімізге оралысымен ат ерттеуге әмір бердім. Енді кері қайту керек. Алатау қырғыздарын көремін деген мақсатым орындалды. Аттанарда Боранбай көп нәрсені ескертті. Одан мен рулар, манаптар жайында сұраған едім. Оның барлығы ақ патшаның әмірімен болады. Сый-сияпат та соның ырқында деді. Сол сөздің әсерімен қадірлі манап маған ат мінгізіп, шапан ретінде жібек мата ұсынып, қонақты құр қол шығарып салу ырымға жат дегенді айтты. Мен сый-сияптың да құрметті көп көргенімді, бұлардың мейманностығын ешқашан ұмытпай жүрегімнің түбінде сақтап жүретінімді білдірдім. Біз онымен сыйлас достар сияқты ажырастық. Алайда екі күннен кейін достарымды ғана емес, жалпы таныс адамдардың барлығын таңдандырган бір оқиға болды.

Боранбайдан дән разы пейілмен шықтым. Көнілдің бұл көтерінкі қүйіне жолда кездескен ауылдардың, әсіресе әйелдердің айрықша назар аударып ұтипат білдіргені де себеп

болды. Себепсіз салдар жок. Бәрі әділ ақиқат. Жоғарыда айтқан бейбакыт аяшпен болған оқиғадан басқа арнадан асарлық ештеге бола койған жок. Тау қырғыздарының қыз-келіншектеріне ынтыққанымның салдарынан, абайламай киіз үйдің жабығынан ішке көз тастап қалғаным бар. Іштегі әйелдер жататын өндүрін жақтан жаудырып төрт көз қадала қалмас па! Мениң есебімше бұл әдемі әйелдердің көзі болуға керек. Үмітім алдаған жок екен, үйдің ішінде шынында да әп-әдемі екі жас келіншек отыр екен. Үрейім үшқаны сондай, мениң таңдануыма ма, әлде қуанышыма ма, біреуі анасынан туған қалпында бар сын-сымбатын жайып сап жалаңаш отыр. Көзім түскен аяш катты қысылған болды. Бірак онша ұялып, айылын жиған сыңайы жок. Корықканнан алғаш не істерін білмей қалған ол есін лезде жиып алып, мениң сыбай кеп жөнелсін. Тамағыма тас тығылғандай аузыма сөз түспей көзімді бұрып әкеттім. Әлгі келіншек “манқа қазакқа” басып сыбагамды беріп жатыр. Бір жағынан қатты қысылып ынғайсыздансам, екінші жағынан тау қырғызы аруының аузынан шыққан адудын ашулы аңы сөздерді есту ұят болды. Бұдан әрі бұл жерде тұрудың реті жок, бөгелмей іле ілгері жүріп кеттік. Адуын әйелдің аузынан шыққан ұрыс сөз келесі ауылға келгенде ұмыт болды.

Ауыл мениң қазак сұлтаны екенімді біліп отыр екен. Бір қадірлі бәйбішенің қызы найман руындағы қазак төресіне түрмисқа шығыпты. Мұнда төрелердің бәрін бір кісінің баласындағы көреді. Бүкіл ауыл өз қыздарының тағдырын білгелі бізді күтіп отырған тәрізді. Мен өзімді ол төренің танысы ғана емес, туысы деп айтуды жөн көрдім. Және койған сұраптарына жартымды жауап беріп, қыздарын төренің сүйікті ханшасы деп көпірттім. Осына бейкүнә алансыз өтірігім арқылы бейтаныс жүртпен жақындастып, туысқандық сезімін оятқым келеді де, баяғы. Кейбір төтенше бір киын сұраптарға берген жауаптарым, мәселен, төре зайыбының аты, оның балаларының саны бұлардағы деректермен бірдей шыққаны – сыйкыртып жіберген өтірігімнің шындық болғаны өзімді керемет таңдандырды. Алғаш оларға белгілі жайлардың барлығын айтып бергеннен кейін артынан жауапты ойланып отырып қайтаратын болдым. Қалай айтқанмен де, киіз үйдің іші жас, жасамыс әйелдерге лық толды. Солармен ішінара ылтиппатты әңгіме ербісін кеп. Жас аяштармен әзілдесіп байқап едік, олар жауап бергенде еркіндігімен, өткірлігімен, алғырылығымен, тапқырлығымен таңырқатты. Жалпы тау қырғыздарының әйелдерінде жаңына жақын жылы тиетін бір тамаша қасиеттері бар. Бірнеше күн арасында турсаң жақсы-ақ түсінісіп кетесін. Қырғыз әйелдерінің бәрі құлағына қол апартпайтын шу асau, шадыр-шәлкем мінезді дейтін сөз

артық айтылған. Бізбен сөйлескен үш аяштын үшеуі де өте мейірбан кісілер. Бетінді қайтарып тастанды деп ойлаудың өзі құнә. Оның үстіне Боранбайдын аулында бір кісі арқылы әнтек іске бел бұтым келетінін сездіріп едім, қанағаттанарлық жауап алдым. Алайда ол келісімді пайдаланудың реті келмеді. Уақыт болмады.

Әралтуан әйел киімдерінің барлық үлгісін көріп шығуыма мүмкіндік туды. Қырғыз әйелдерінің ерге шыққандары да, он жакта отырғандары да ак бәтестен жағасыз жейде киеді. Кеуде тұсын ойып, қызыл жібекпен әділтеп қояды. Сырт киім ерлер киетін үлгімен тігілген шапан. Олар ала шапанды, көк шапанды көбірек киеді. Қүйеуге шыққан әйелдің қыздардан айырмашылығы бас киімі мен шаш еруіндеған. Әйелдер басына екі ак орамал орайды, біреуін мандайына тартып, біреуін құндық құсатып, самайына тұсіріп қояды. Қыздар тебесі шошақ үкілі ак тақия киеді. Келіншектер шашын екі бұрым етіп өріп, ұшына шашбаумен ұстасып шолты тағады. Қыздар шашын тарам-тарам етіп өріп оларды құлағының тұсынан жиып, меруерт маржанмен бастырып қояды. Шаштың ұзындығы сұлулықтың бірден-бір өлшемі іспетті. Сондықтан көбі жасанды бұрым қосып өреді. Бетін опалаг, көзін сұрмелуе кен жайылған. Бұрынғы кезде қыздар белін қынай буып, көкүзбек тартып жүретін болған. Сондай-ақ омырауына құміс тенгелер мен маржаннан тізілген алқа салған. Оны алатамақ атайды екен. Бұнын бәрі бағзыда болышты. Жас келіншектер салғанатты жағдайда басына сәукеле салады.

Ауылдан шыға сала-ақ аяштардың көнілшек ілтиппаттылығы қазактардың құлдіргісі Әңгімесіне арқау болды. Бір мырза койнына өзі келген қырғыз қызының үялшақтығын айтты. Біздің аялауымыздың бәріне олар қанағаттанбағандық сынай танытып, сын айтады деді екіншісі.

Маусымның 3-жанасында Емен тауының етегіндегі Желден руынан тарайтын тау қырғызының ауылында қонып шықтық. Салдары ыңғайсыздау бір оқиға болды. Үші күні кешкісін мен ескі танысым Қылыштың үйінде ауқаттандым. Төрті күні кешкісін Құдірге өзенінің жағасында жана жерде жаткан жасаққа бұрынғы Таспа мен Тұп арқылы өтетін жолмен келдік.

Таспа Жырғалаң жазығын Тұп алқабынан бөліп тұратын тау жотасы. Онымен аттас өзен бастауын Сырт тауларынан Тұп шығатын тұстан, тек тұстік баурайдан алады. Өзеннің ағысы қатты. Таудан шығар тұсында буырқанып тіпті өткел бермейді. Жағасы үйисін сәмбі тал, ыргай және басқа буталар. Жырғалаңға он жағынан Санташ тауынан ағатын Қызылқия өзегі, сол жағынан Алатаудан шығатын Тұрген, Ақсу өзендері және басқа аты жок бастау-бұлактар күяды.

Таудың өсімдік дүниесі өте бай. Баурайы сыңсып тұрған шыршалы орман. Бұл орман Теріскейді бойлап, Тышқан өзенінің жағасына шейін тұтасып жатыр. Таспаның бойында шытыр, жусан, уш жапырақ, жалбыз өседі. Таспада ежелгі арықтардың, обалардың, үралардың орны жатыр. Қазактар Таспаның өн бойына арықтың ізі тартылған дейді. Анызға қарағанда оны қалмак ханы Бақа-Манжы қазғызған. Таспа мүйістеніп келіп көлге құяды. Бұл мүйіс Кеке-Холасун қаласы аталады. Жыргаланның ар жағында сағада Буыршықтың екі төбесі тұр. Одан Жыргаланның сағасына Уш Жергеш атты уш бұлақ келіп құяды.

Қарабатпакқа таман көлдің жағасы ми батпақ.

Біздің тұрағымыздан Саты мен Қарабатпак тұсына таман Сарыбұлақ аталатын екі бастау ағады. Сарыбұлақ алқабында Құрметі өзеніне дейін тіркесе тұтасқан алып жартастар жатыр. Осы арадан мен жартылай жерге кірген тасмұсін балбан таптым. Бір гажабы балбан табылған тұста Малороссия мен Сібірдегі сияқты қорған көрінбейді. Осы күнге дейін бұл балбандарды кім қойғанын, олардын не мегзейтінін ешкім білмейді. Мен кірген тасмұсін мұрты сапарлы адамның бетін бейнелеген. Оның он қолында кесе сияқты бірдене бар. Жұзі, көзі монғол тұрпаттас адамды елестетеді.

Бұл араның өсімдік дүниесі әлжуаз. Оның есесіне Құрметіден әрі Ишаната өзеніне карай шабындық шүйгін екен. Бұл жерде мен ебелекті ұшыраттым. Ишаната – өзеннің сағасындағы теректі орманның аты. Көлдің төнірегінде басқадай теректі орман болмагандықтан бұл шокқа табиғаттан тыс құбылыс деген түсінік беру үшін оны киелі, әулиелі жер санайды. Құрметі өзенінің жазығында сарбағыштар мен бұғылардың атакты обасы бар. Сарбағыштардың ауылы киелі тоғайда, ал бұғылықтар Сарыбұлақта тұрған. Сол себепті де олар сарбағыштардан женілуін карсыластарының киелі жерде тұрғанынан көреді. Ишанатаның жағасында обалар көп. Сарыбұлақ пен Құрметі сағасында көлдің жайылмасы бір-бірімен үштаса келіп жазықлен кішкентай мойынақ арқылы катынас жасайтын түбек құрайды. Бұл түбек Қарабұлын аталады. Ол кісі аяғы баспайтын жер деп есептеледі. Ишаната мен Құдергінің арасында Қарынжарды-бұлақ деген кішкентай бастау бар. Құдірге деген өзеннің оң жағалауымен келіп көлге төнетін мүйіс. Жасағымыз осында келіп түнеді.

Маусымның 2-жанаңсында сол арада болдық. Біз жүріп откен кеңістікте тау асып өтетін асулар әжептәуір. Олардың біріншісі Құрметі асуы. Оны Ыстықкөлге құятын Құрметі өзені құрайды. Бұл таудың терістік баурайынан Құрметі атты

екінші бір өзен ағып өтеді. Ол Шелек өзеніне құйып, Жыргалаң өзеніндегі өткел арқылы Қызылауыз асуымен Асыға шығып, одан Түргенді бойлап, Иле жазығына барады. Күдіргенің де асуы бар. Одан көлікпен асуға болмайды. Тек барымташыларғана әрі-бері өтіп жүреді. Алатау жоталарындағы Құрметі де айтулы асулардың бірі. Ол арқылы керуендер де жүре береді.

Маусымның 4-жаңасы. Одан әрі жасақ Өрікті атты үш бұлак арқылы жылжып отырып, үшінші бастаудың басына келіп токтады. Қарабатпактан шығып құллі өзендерді қектей өтетін жол көліктің барлық түріне, тіпті арбага да қолайлы. Сарыбұлақтан бастап Құнгей жазығы бірте-бірте сиырқұйымшақтанып, жінішкере барып, ені бес-ақ шақырым болып қалады. Өріктінің жоғарғы жағында оның тұра таудан шығатын тұсында ежелгі қорғанның жұрты тұр. Қорғанның қаласы әлі де бүп-бүтін сияқты көрінеді. Оның айналасы төртқұл, үш жағынан қабырғамен қоршалған. Ішкі қабырға сыртқыларынан биігрек. Ортасында камалға үқсас биігі және бар. Оның түстік-шығыска қараған сүйір үші қалмақтар қарауылға қоятын обадан биік сыйылды. Үйлердің жұрты әр жерден көзге түседі. Одан сәл тәменіректе ұзындығы бір шақырымға жуық ежелгі қорған жатыр. Өзеннен біз шойын казан тауып алдык.

Ушінші Өріктіден тәмен қарай қылтан жапырақты орман жалпы жоқ. Қәтемалды жазығының өн бойында донғалақты арба жүру былай тұрсын, ат түяғының өзіне көп кедергі келтіретін қайрақ тастар адым аттаппайды. Қайығымызды қою үшін маусымның 5-жаңасында Бірінші Өріктіге қайта оралып, онда 12-сіне дейін тұрдық. Байсерке бізben сарбағыштарға Үшінші Өріктіден бірге аттанды. Маусымның ішінде Ыстыққөлмен қош айтисуға бел будық. Менің көріп-білем деген дүниелерімнің бәрі түгесілген сияқты. Ал сарбағыштардың ісі болса ұзын арқан, кең тұсауға тұспін созылып кетті.

Сапарлас болған сыралғы, қайырымды жолдас жігіттермен қош айтисып, кері тарттым. Қаперімнен қатерлі де қыын Саты асуы қетпейді. Құнделік жазбадан бұрыннан таныс болуға тиіс Құнгей Алатауының жоталарында бірқызыру асу бар. Олардың ішіндегі қай жағынан болсын ең маңыздысы әрі қолайлысы Санташ асуы. Ол арқылы керуендер де жүре береді. Ал қалғандарының барлығы тек салттапен жүргуте ғана жарайды. Бұндай қыын асулардың арасында бірінші орынды Саты алады да, екіншіні Құрметі мен Байсоры және Қаскелен алады. Саты жылдың барлық кезінде де ашық. Қыста қалың қар түскен тұста Санташтан да ешкім өте алмайды. Құрметі мен Байсоры және басқалар таудың қары еріп әбден азайған

тамызда ғана ашылады. Ондай кезде екеуі де Сатыдан әлдекайда қолайлы. Сол себепті де мен Саты арқылы оралуга бел будым. Оның ен қауіпті әрі қатерлі екеніне қарағаным жок. Турист есебінде есте қалар таңғажайып өқиғаларды аңсаймын гой әдетте. Бұрын жүрген жолмен кері оралып, Сатының Тұпке құятын тұсына еш киындықсыз жеттім. Тек Құдергіде ғана бір жылан өлтірдім. Құрметіде қабандарды үркіттім. Жоғарыда айтқан жер корғандар Ишанатаның сол жағалауында жатыр. Ал балбан тастар Ишаната мен Құрметінің арасында Сарыбұлаққа дейін шашырап жатады. Бұл өткеннің калдықтары аяқ алып жүргіз өтө көп жер. Осы арадан төрт рудың зайыры әр кезеңдегі бейіттері мен обалары кездеседі. Бұлардың алғашкысы топырақ үйлген обалар. Одан кейін төртқұлақ қазіргі бейіттер. Бірқатар тастар төрт бұрышты діңгек есебінде жерден тік қөтерілген. Олардың төңірегін шөп басып кеткен, бірақ ізі жатыр. Шығыс бетте кейбірі кірер ауызға қараған дәу тастар бар. Одан әрі зираттар жатыр. Олар гранит сынықтарынан үйіп қоршалған. Сатыға кірер анғардың аузы әуелі даладай кен болып келеді, бірақ асуы тік. Біз анғармен жоғары бойлап терістік шығысқа қарай бір өзектін Сатыға құяр тұсына жетіп, содан соң терістікке бұрылып бірнеше қырқадан асып терістік-шығысқа бет алдықта, қайтадан терістікке ойысып, таудың қарлы шыңына қөтерілдік. Таудың табанында тастақ жерде жусан өседі. Жоғары қарай қөтеріле келе өсімдіктер түрлене түседі. Жалпак жапырақты, қалпак жапырақты өсімдіктер көбейіп кетеді. Олардың бәрі енді ғана ғұл ата бастаған. Ұйыса өскен бұл өсімдіктердің арасынан ат аяғын әрен алып жүреді. Төменгі тауларда итмұрынның, ырғайдың, сарығаштың әртүрлі бұталары бар. Олардың арасынан аз болса да әжептәуір шыршаларды ұшыратасың. Биікке қөтерілген сайын біртебірте өсімдік сиреп, жоғарғы беткейді тек қалың арша құндақтайты. Терістік баурайдан ол қардың етегіне дейін тізіліп түр. Шыңының ұшар басында әдетте қар жатады. Оның жалаңаштанған тұсынан астра, таужуа, бақбақ сияқты терістік ғулдерінің сабағы қылтияды. Әлі берік қасат карда атпен тұра төбеге бір-ак шықтық. Бұл арада ауа райы әжептәуір салқын, жел ысқаяқ, сондықтан үстіме мен тон киіп алдым. Таудың басынан Ыстыққөл алақанға қойғандай көрінеді. Айдын аспанның көгілдір нілімен астасып, қарлы таулардың жұлығын шайып, ақықтай жалтырайты. Айналаны өртеп тұрган күн нұрымен арайланған аспандағы бұлттың суретінен жерге дөнгеленген көленкөне түсіп түр. Біз жылуты алты-жеті градустан аспайтын шыңда тұрмыз. Бұрын болған әдеттегі жол қар

түсіп, жабылып қалыпты. Соңдықтан қатпар-қатпар құлама текшемен нартәуекелге бел буып жүргуге тұра келді. Қардан ылғал тартқан жер тайғақ. Аттарымыз тайғанактап, тұяғынан киыршық тас ұшып құзға түсіп жатыр. Тасыrlай төмен құлаған тасты қөзімізбен ұзатып, құз табанына түскенін бір-ақ көреміз. Казактар асығып келеді. Ал өзіміздің қазекемдер болса, тізгінді бос жіберіп, ән салып жай басады. Аттар бірнеше рет тайғанап құлады. Міне енді құзға құлап кеттік-ау дегенде, әйтеуір, алла сактап, қайта оңалып әрі қарай жылжимыз. Бір жарым сағат бойы осылай изектеп, әрен аттап, ақыры бұрынғы жолға түсіп, төмен құлдиладық-ау. Еңіс әлдекайда тік жар. Қөтерілуден құлдилау қыын соқты. Біз батпактап жоғары қарай әупірімдеп қөтерілген жеріміздің сыйдауыт болғаны болмаса, бұл да донғалақты қөлікті өткізуге де жарайтын сияқты. Қар қебіне терістік баурайда қалыңырақ. Соған қарамастан түстік баурайға қарағанда бұл жақтың өсімдігі бұрынғырақ бой қөтеретін сықылды. Еңіс Саты өзенінің ағысын бойлап кетеді. Бұл тұста ол өзінің сол жақтан келіп құятын бір саласымен қосылып, арнасын кенітіп, қылтадан өткенде долдана бүрк-сарқ етіп шашандығын үдете түседі екен. Осы арадан шыршалы орман басталып, өсімдік әлемі түрленіп қоюлай түседі. Жол бір ғана сокпакпен тартылып, барған сайын қыындап кетеді. Кейбір жerde таудың құлама жарлары бір-біріне ентелей тақасып, өзенде қылтасына қысады да, тізеге дейін су кешіп жаяу жүрмесең өткізбейді. Жолдың бар жерінде құлаған ағаш. Солардың астынан аттың жалына жабысып, әрен өтіп келеміз. Одан әрі соқпақ жоғары қөтерілді. Төменде отыз аршың жerde толқынын ала қашып Саты тасып жатыр. Жоғарыда жалаң төс гранит жартастар. Әр-әр жерінен шыршалы орман қарауытады. Бір айта кететін жәйт, Алатау жоталарының тастары негізінен қызыл, коныр, ақ гранит. Сатының бойында терістік баурайда порфир мен аспид бар.

Міне, біз ең қыын тар жол, тайғақ кешуге де таядық. Қырық аршын биіктікегі текшемен өтетін бұл соқпақ кияметтің қыл көпірі сияқты. Сол сүмдыш кезенге жетпей-ақ сыр беріп қалдым. Жолда кесе-қөлденең құлаған дәү шырша бөренесі жатыр екен, атқа тақым қыстым. Жануар арындал аспанға шапшығанда аяғы ағашқа тиіп ұшып түсті, мені де бір жаққа атып жіберді. Бірақ аяғынан тез түрдым. Ат тепе-тендігін сақтай алмай, терен құзға ұшып кетті. Гұрс еткен дауысты ғана естіп, өзенге күмпі берген аттың қылтиған құлагы мен басын, үстіндегі ерін қөзім шалып қалды. Бақыттымызға қарай құз тайпақ екен. Отыз аршындағы сырғанап барып ат аман қалды. Жамандықсыз жақсылық жоқ, бұл оқиға қазақтардың көз алдында менің әбжілдігім мен

батылдығымды, ептілігімді айғақтады. Осылайша соқтықпалы соклактың жөнін тауып, атакты құзға да жеттік.

Қазактардың санаға сіңірген сенім-нанымына мойынсұнып, аттан түсіп жаяу жүрдік. Алып гранит жартас өзенге төніп тұр. Жол құздың табанында жатыр. Солға қарай екінші бір жартас көтеріледі. Осынау қындығына қарамастан Саты ен сүйкімді асу. Атекенің бірінші асканынан бері бұл арада қайғылы оқиға болған емес. Атеке еткенде бір бала аттан құлап, құзға ұшыпты. Төмен құлдырап бара жатқанда жейдесі шыршаға ілініп қап бала аман қалып, арқан байладап түсіріп алғанша салбырап тұрыпты. Оның есесіне көптеген түйе мен дүн-дүние Сатының тасқынына жем бол, жұтылып кетіпті. Бұдан көтері титтей де кем емес құзбен, жайпак болса да ауыр жолмен жарты шақырымдай жүріп, оның Шелек өзенін бойладап кететін баурайына дейін әрен жеттік. Таулар осы арадан өзенді өзінің гранит құшағынан шығарып, сәл-пәл кеңістік береді. Жағасын тал-теректі орман көмкерген өзенді бойладап, жазықка дейін біз шыршалы орманның арасымен жүріп келдік. Осы арада Тогайлы деген жерде түнеп шықтық. Бұл албаның кызылбөрік руы қыстайтын жері еken. Одан әрі қауіп-көтерден құтылып, жебей жүріп отырып сексен шақырымды бір-ак алдық. Бұрынғыдай төбетімізді тартпласа да, шәйге тойып алыш, тәтті үйқының құшағына ендік. Сондағы бір қаннен-қаперсіз алансыз үйқұтағанымыз естен кетпес.

Маусымның 13-жаңасы. Біз терістік батысты бетке алыш, шағын қырқамен көтеріліп келеміз. Бұл Шелек бастау алар жерден батыстан терістікке ойысар тұстан басталып Жалаңаш жатаган тауларына көтерілетін кезен. Ал Жалаңаш жазы жайлау. Таудың тік қабактарына арба жүре алмайды. Бұл арада жартасты үнгір бар. Ол тұра адам қолымен қалап жасалған сияқты. Асуды бір аңшының атымен атаған еken. Уш жолаушының бірі болып, осы анғарды алғаш қыстап шығыпты.

Бұғы, арқар, киік және басқа андар бұнда да қисапсыз көп. Олардың көптігі аяқ алыш жүргісіз өлімтіктерден-ақ анғарылады. Бұл тауларда албаның айт және бозым рулаты тұрыпты. Тау басынан төңіректегі қырқалар алақандағыдай көрінеді. Батыстан шығыска қарай Жалаңашты айналып өтіп, терістікті бетке алыш, Шелек өзені агады. Жалаңаш асуында Шелекке Келдібұлак, Асы, Құрметі, ал шығысынан басқа да белгілі өзендер кеп құяды. Жалаңаш таулары Шелек және Асы, Жіңішке өзендері бастау алатын Алатаудың ең биігінен тармактанып кетеді. Жалаңаш Шелек пен Жіңішке өзендерінің жоғарғы ағысының арасында. Оның теріскей баурайындағы Жалаңашпен жарысып агатын жылғасы бар бір бөлегі Арқалық

аталады. Жінішке мен Асының арасынан бірінші Асы жотасы кетеді. Мұның шығыс пушпағы Жінішкенің Шелекке келіп құяр тұсы Бақалы аталады. Бұл ең бір жылы қыстау. Жінішкеден Асы тауларына қарай жоталар биіктей береді. Оларды әр-әр тұстан бір-бірін қызып өтетін бұлактар жамырап Жінішкеге кеп құяды. Оларды Үшбұлақ атайды. Үш Асы арқылы асатын асуды Қызылауыз атайды. Қызылауызда, тіпті Асы өзеніне дейінгі жерде ауылдар отыр. Бұл араның қазактары орыстардан қырғыздардан кем қорыклайды. Біз жақындағанда балалар мен әйелдер байбайға басты. Асудан арбамен өтуге болады. Таудан түскеннен кейін жиырма шақырым шамасы көлденені алты шақырымдай шағын жазық алдыңдан шыға келеді. Бұл өнірдің барлығын дулат ауылдары алып жатыр. Тікасу алқабының терістік өнірі Аралтөбе аталады. Ортасында екі тәбе түр.

Сол күні біз сексен шақырымдай жол жүріп кеп, Әли төренің ауылына қондық. Бұл тоңмойын топастау кісі. Келесі күні Тұрген асусы арқылы тауға шықтық. Оң жағымызда Құмбел аталағын асу бар. Содан соң өзеннің ағысын бойлап, Есікке жеттік. Мұнда мен бір дикан қазактың үйіне қонып шықтым.

Есік өзенінің таудан шығар тұсында сарқырама бар. Тұргеннің жоғары жағында ауа райы жылынып, өсімдік дүниесі байи түседі. Тұргеннің жағасында тал, теректен өзге, алма, өрік, қарақат, жиде ағашы, долана, ақ терек, тіпті біздің жасыл қайындар да өседі. Жазыққа түскенде өсімдіктің молдығынан ат аяғын әрең алып жүрді, шөп тізеден келеді.

Талғардың жоғары жағынан біз қазактар Рұстем қорғаны аталағын қорғандардың қалдығын көрдік. Қорған кезінде өте берік болғанға үқсайды. Қазірдің өзінде де оның екі-ак есігі бар. Оның айналасында терендігі алты аршын тік жарлы үш ор бар. Қорған тұрган жер айналадан сегіз аршын биіктікте. Орта қабырғада алма, барбарис және басқа да ағаштар өседі. Біз жүріп өткен женістіктің бәрі таудың жұлығына дейін сыйқасқан ауылдар. Дулаттар мен шапыраштылар қырғыздар сияқты бізді қөрген бойда тырағайлап тауға қашты. Зайрыы казактар оларды зәрезәп қып қорқытып тастаса керек. Талғардың төңірегіндегі жазықта қорғандар, обалар және казактардың егістігі көп екен.

Маусымның 15-жаңасында кешкісін Верный бекінісіне келдік. Бұдан сарттар сарбағыштардан Үмбетәлінің қызы үшін қалынмал даулап жатқанын байқадық. Сол талаппен 300 сырпай (сарбаз) келіпті. Сол себепті сарбағыштардың бір бөлегі Вернийдан екі күндік қана жер Қозыбасыға көшіп келіпті.

Маусымның 16-жаңасында жолға қайта шықтым. Іле бекетіне

таман өсімдіктер бастаң-аяқ қыр көшіне үқсайды. Жусан, ебелек, ши көп-ақ. Жабайы кара бидай мен бидайық көз тұндырады. Қызығалдақ солып бітуге жақын. Жол-жәнекей бізге шамамен жүз түйелі керуен кездесті. Бұл жолмен керуен бірінші рет келе жатыр. Оның себебі жұрттың арғындардан корықкандағынан. Жетісу жазығында кез-келген жерден шұбар шымшық кездеседі, Ыстыққөл мен тауда ол атымен жок.

Ертеңгілік Іле бекетіне жетіп, Тамғалыжарға тарттық. Әдеттегідей бұл арада күн ыстық екен. Құні бойы жүріп, әбден титықтадық. Кешкісін кері қайттық. Талғардың құяр тұсынан төменірек Қаскелен бекеті түрган жерде Іленің жағасы биіктеп, жар-тастар інтересіп тұтасып кетеді. Бұл жерді Қапшағай атайды. Іле бойында өсімдік жұтан. Төңірек түгел құм. Ебелек, жусан, мендуана, қызылаша, ши, тікен көп өседі. Іленің сұы лайлы, сүйкімсіз. Қытайларда Іленің сұы зиянды, оны ішкеннен адам арып кетеді деген ырым бар. Оның есесіне қазактар Шошқалы атайдын Доржы өзенінің сұы шипалы деп саналады. Құлжа қаласының атқа мінер қытайларының бәрі соның сұын іshedі.

Маусымын 18-жанасында күн батар алдында Шенғелді арқылы өтіп, су күбырын көріп, оның бір тұrbасын алдым. Тұнде Қарашоқы бекетіне тарттық. Оған бес шақырым жерде бұл өнірде Қалыптас деген атпен әйгілі тас кениші бар. Кеништің айнала шенбері бірнеше аршын. Қазір одан қызыл және қоңыр қалыптас ашыпты. Қоянкөзден өтіп, ертеңгілік Алтын-Емелге келдік. Алтын-Емел монгол атавы. Бұл өнірде күні бүгінге дейін қалмақ атавымен жүрген жерлер көп-ақ. Сағанбұғы, Шөлтөпе, Лабасы және басқалар.

Бұл атавлардың кайdan пайда болғанын түсіндіру үшін қазактар маған аңыз-әңгіме айттып берді. Контайшы бүркітпен аң аулауга шығып, Алатаудың Талғар өзенінің жоғары жағындағы Топшық тұсындағы биік нұктесіне көтеріліпті. Бүркіт койды көріп қолға тұrmайды. Хан қыранның томағасын сыптып коя береді де, тұлпарын тебініп сонынан ереді. Бүркіт Сағанбұғыда ақ күйке түсіп, Шөлтөпеде таутеке алады. Сол шабыста ханының аты Іледен қарғып өтіп, артқы аяғының бір тұғыры суға тиеді. Хан сонда мынау бұлакты қарперге алу керек екен дейді. Әңгімеші маған Топшықта қореген контайшының ізі күні бүгінге дейін сакталған. Оның керемет шахматының қалдықтары әлі жатыр деді.

Алтын-Емелде Тезек төрениң ауылы Қүренбельде отырғанын естіп, Терісаққан бекетіне жақын жерде деп соған бағыт алдым. Алтын-Емелге мен алғашқы келгенде бүкіл дала қызығалдыққа малынып, қып-қызыл болып тұр еді. Қазір қызығалдақтар

солып, оның есесіне бетеге, ебелек және шытыр бойлап өсіпті. Іле бекетінен Шенгелдіге шейін жол өзеннің жағасымен жүреді. Іленің жағасы оның орта ағысында әр тұстан-ақ күм бүйрараттар болып, өсімдік дүниесі жұтанақ тақыр даланы көз алдына келтіреді. Жалаңаш жағалаудан кемердің негізі гранит тас екенін, арасынан жылтырап мәрмәр көрінетінін байқауға болады. Қаскелең өзені құятын төменіректе жағалау күрт өзгеріп, әлгі тастар биік-күз жарлы гранитке айналып, алыстан саздауыт жалтыр сланец көз тартады. Сол жағынан Іле жағалауы тасқын айдан әкелген бүйрарат құмдардан тұрады. Олардың да негізі Гранитті жартастар. Жағалауға таяу жиде, тал, балғын (казактар бұны әулие ағашы атайды), сарыағаш, ыргай, тобылғы, қызылши бұталары кездеседі. Іле даласында зиянды шыбын-шіркейлер көп. Қарақүрт, бүйі, жылан дегендер жеткілікті. Жануарлардан бұл далада қарақүйрық, ақбөкен үйір-үйір болып жүреді. Аракідік құландар кездеседі. Қасқыр көп. Құстардан көктемде қаз бен үйрек, жартастарда кептер, қараторғай, тоғайда қырғауыл бар.

Тезек төренің ауылында бес құн болдым. Мен болғанда бұл ауылда үш бәйге, бір той өтті.

Маусымның 23-жасында сағат 9-да Тезектің ауылынан аттандық. Қарғалы мен Ағынықатты өзендерінің арасындағы алқапты қазактар Шұбар деп атайды екен. Әлгі өзендер сала-салалаға бөлініп барып, Терісаққанға құяды. Жазық жағалай шашылған тастар, жұргуте онша қолайлыш емес. Ағынықаттыдан тауға караң тартылған шуақты өнірді Төресазы атайды екен. Көксудан Үйгентаста дейінгі жер, одан Қүрәнбел жазығының бойы албандар мен жалайырлардың жазғы жайлауы көрінеді.

Төресазда казактар шеп шауып жатты. Көксудың көпірі бар екен. Демек, бұл арада станица болуы керек. Тұбі онда да жәрменеке өткізуге болады. Көксу жазығы салқын екен. Астықты үсік жиі шалатын көрінеді. Жетісудың басқа өнірлеріне қарағанда бұл араның қары өлдекайда кеш кетеді. Оның есесіне Теректі мен Үйгентаста қыстың өзінде де қар болмайды. Албанدار Үйгентастан Құлжаға дейінгі аралықты қытайды. Ол үшін қытайларға жылына алпыс жылқы береді. Төрелерінің бәрінде қытайдың лауазымы бар. Марқұм Хакімбек қытайдың күренкізыл шар ұстайтын гүн атағын алған екен. Кейін ол атақ сұltан баласына көшіпті. Тезектің көгілдір шар ұстайтын штаб-офицері атағы бар көрінеді.

Көксудан шыққан соң Қамбар Аланов төренің ауылында кондық. Жолымыз Жаңызағыштан Суков бекетіне дейін таумен тартады. Бұл араның өсімдігі жалпақ жапырақты, калпақты келеді. Қапалға келіп досым Д.Е.-нің Верныйға

өткенін, үзмай қайтып оралатынын естіп қуанып қалдым. Қапалда ештене де жоқ еді. А. Қисықауызға кетіпті. Ондағы мақсаты жана жол салу үшін жартастарды жару екен. Ішім пысып қайда баарға білмедім. Екі күннен кейін күткен жігітім де келді. Өзінің көргеніне қарадай мәз. Ең алдымен бірнеше қадақ ок-дәрі қойып құз-жартасты жақсылап жарыпты. Сол арадан шатыртасқа (черепица) қажеті тамаша топырақ тауыпты. Оның жасаған тәжірибесін байқап көрдім. Балшығы шынында да өте жақсы екен. Күндердің күнінде пайдасы мол болуы ықтимал. Д. Е. мен Ковригин келді. Ковригин Тентектің маңындағы Үрғайлы деген жердегі кенишке бармак. Менің ойым – қырдың ең ғажап жері Ойжайлауды көру. Жағдайды пайдаланып Ковригин мырзага серік боп жұрт көп мактаған жерге барып қайтқым келді.

Жолға кешкісін шықтық. Арасанда бір түнедік. Сол күні бізге Жетісүдың атақты батыры әрі барымташы Тәнеке келді. Телі тентектігіне қарамай Тәнекенің матайлардың қаптағай руына ықпалы орасан зор. Әрі өзі сол елдің болысы. Ол тығырышықтай толық, орта бойлы, кеспелтек кісі екен. Бір ғажабы сары өнді, қаба сақалы бар. Мұрны қолағаштай, оның үстіне ойнақтап тұратын кішкентай көзі жүзін тым сүйкімсіздеу етіп көрсетеді. Оның бізben жүргісі келіп еді, алайда қатты мас болып қалды. Төрт қауға суды басына қанша құйғанмен айықтыра алмады. Менің бір байқағаным Тәнекенің тұла бойы алғашқы қауымның адамындей қаптаған түк. Оның жолдасы Кудайменді төре қайдағы-жайдағыны айтып, әбден мезі қылды. Ол өзін мәдениетті кісі етіп көрсетпек боп, аузына келгенін көкіді. Беймаза мырза кит етсе, арак сұрайды.

Шілдеде Қисықауыздан аман-есен өтіп, Қарауызда аттарды ауыстырдық. Алты казак сақшыны урядникпен бірге алып казактардың көлігімен Шұбарагашқа баратын жол арқылы тауға тарттық. Құн әжептеуір ыстық еді. Шөл басатын қымыз да жоқ. Әйтеуір көнілге тоғы тау өзендерінің салқын сұына шомыла береміз. Ақсудан өтіп отыз шакырым жол жүріп, түнге тармаса Басқанға жеттік. Алланың мейірімі түспеді ме, сол тұні құнәхар құлдары азық-тұліксіз әм баспанасыз жатты. Тұнде таудан ауылдар түсіп, бізге тап болды. Біз жатқан жерде де түнегісі келсе керек, алайда орыстарды көріп тұра тартты. Қолымызға соңғы ауыл ғана тұсті. Батырлар мен әйелдердің іш тартып, тілін таппак болғанымыздан ештене шықлады. Кейінгі салдарынан қаймығып ұсынған базарлық-сылықтарды да алмады.

Біздің мазамызды алмайын деген кісіше қайта көтеріліп, үш шакырым жерге барып тоқтады. Бізге арнап киіз үй тігіп

болғанша бәрінің әбігері шықты. Бір-біріне айғайласып, ақылға шақырып, қыздарын алға ұзатып жіберді. Олармен кete алмай қалғандары жалба-жүлба шапан киіп сиыксыз көріну үшін бет-аузына балшық жағып алды. Бейшара қошпендейлерді казактар мен мәжіліскерлердің әбден зәрәзәп етіп, қорқытып тастағаны көрініп-ак түр.

Қазір егін жинайтын кезең. Ауылдардың бәрі де сол мақсатпен егістігі бар жазыққа түскен беті. Астығын жинап алғып, тамыздың аяғында Балқашқа құм арасындағы қыстауға тартады. Тұні бойы жанымыздан тізбек-тізбек көш өтіп жатты. Ертеңгілік біз тұрғанда да түйеге жүк артқан, арасында әсем киінген қыз-келіншектер бар сәнді көш өтті. Төнірегінде ерлер қойлары мен түйелерін айдал барады. Жалпы қөштеріне қараганда наймандар аргындардан әлдекайда кедей сияқты. Киіз үйлердің дені өгізге артылған. Дала аруларының да астында өгіз. Устінде жұлым-жұлым шапан мен аяғында қөн етік. Жоғарыда айтқан түйелі көш төрелердің бірінікі еken. Орыс шенеутіне келіп сәлемдесу міндетті деген соң, құр қол келмей қымыз ала келіпті. Келе-ак сұltан жай-жапсарын дәптетіп жатыр. Әкеle-ak жабатын шапаны жүктін ішінде кеткен. Жылқы әлі тауда, сондықтан құр қол келмей, қымыз әкелгені үшін кешірім өтінеді. Сұltанмен ұзак ықыласты әнгімемізден біздің шенеунік аталғанмен, нағыз дөйіндің өзі емес, солардың сарқытын ішкен қатардағы қызметкер еkenімізді сездіре даусын қөтерінкірей сөйлеп, бұрын тегін беретін қойын үш бағасына сатты. Еріп жүрген казактар өзара күбірлесіп, бізге алара қарап, ұнатпай қалды. Ішіндегі бір қу тілдісі “Сыпайыны сиыр жалайды” деп айтып та салды. Бұрын мәжіліскермен бірге өткенде бетке тұзу қарап үн шығаруға жарамаған төрениң батылдығына ызасы келіп отыр.

Біз өтер өткелден Суықжайлау тауы басталады еken. Бұл арада Қия асуы бар. Қарауыз бекетінен Басқанның өткеліне дейін елу шақырым жер. Жолда Ақсу өзеніне құятын Саркан өзенін басып өтуге тұра келеді. Таудың жұлығындағы жазықтың бәрі казактардың егістігі. Дала ұлпа топыракты. Жусан, қаудан, ермен және қыр қызғалдағы көп-ак. Қазактардың бейіті көптігіне қараганда малға жайлы бұл өнір ілеілктердің жақсы қонысы болғанға ұқсайды. Басқаннан әрек өтіп тауды жұлықтай отырып, жиырма шақырым жүрген соң Бишпан асуы арқылы тауға, бұлакқа қөтерілдік. Бұл таулардың негізін саз топырақ пен кварц және гранит құрайды. Өзен жағасындағы біраз жерде темір қышқылының әсері байқалады. Екі шағын бұлакты басып Теректіге кеп бір ауылға тоқтадық.

Басқаннан қонатын жерімізге дейін 40 шақырым. Ертөндің Лепсіге құтыны Теректі өзенінен өттік. Бұл өзеннің де жағасы қалып тerek. Ағыны катты өзеннің суы таза. Жоғары карай жол да, өткел де қиындау түседі. Арбага жегіліп көрмеген қазак жылқысы бізді әуре-сарсанға салды. Келесі күні токтаған Алмалы аталатын жерден Шұбарагашқа тарттық. Теректіден бастап, қай жағынан алғанда да ғажайып өнірге тап боласың. Өсімдік дүниесі тіпті тамаша. Қалмақ сабыны аталатын сарымсақ гүлдері көз тұндырады. Таулардың етегінен үшар басына дейін шыршалы, қайынды теректі ормандар. Шұбарагаш бүкіл түстік шығыс бөлегіндегі шаруашылық тұрғысынан да ең тамаша жерлердің бірі. Өзеннің өткелі ағыны аса катты болғандықтан көп қинағы. Станица жанжагын тау қоршаған жазықта тұр екен. Жазықтың ортасынан Санташқа үқсас қорған көрдім. Станицаның негізі 1854 жылы қаланыпты. Үйлер жана ғана салынып жатыр. Бұған онынши полктың жүздігі қоныстандырылған екен. Енді Тобыл губерниясынан үш жұз тұндік шаруалар келген көрінеді.



## Қытайдың Батыс өлкесі

Батыс өлке деген атаумен, былайша алғанда, Қытай Түркістаны мен бұрынғы Жонғарияның бір бөлігі аталып жүр. Жонғарияны Түркістаннан Қарлы таулар бөліп тұр. Сол себепті де Тянь-Шанның бұл беткейі Терістік желі, ал екінші жағы Түстік желі деп аталады. Қарлы таулар дегеніміз Сүйе-Шань мен Тянь-Шань – Аспантау екеуінің мағынасы біреу-ак. Қазір Жонғария былайынша жеті округке бөлінеді, олар – Баркөл, Үрімші, Іле, Құр-Қарасу, Тарбағатай, Қобда және Үлесутай. Олардың арасында Қобда мен Үлесутайдың өз цзян-цзюні, яғни әкімі бар, әрі Монголияның жалпы басшылығына бағынады. Үрімші мен Баркөл Гань-су губерниясының санатына кіреді.

Шығыс Түркістан екі кінәздік пен бес әскери округтен тұрады, сол себепті де ел “Жеті Шар” (шашар) – Жеті кала деген жалпы атаумен аталады. Батыс өлкесінің басқарушысы мен осында орналасқан әскерлердің корпус командирі, әкім және оның айнымас кеңесшісі хебе-әмбанның тұратын тұрағы Іле қаласы. Тарбағатайда оның бір кеңесшісі – хебе-әмбан тұрады. Шығыс Түркістанда да солай. Цзян-цзюнь осы өлкенің генерал-губернаторы болып саналады да, олottарға, торғауыттарға және түркістан қалаларына, шекараға хандардың әүлетіне иелік етеді. Жонғарияны түбекейлі бағындырғаннан кейін 1764-ші жылы (Цзянь-Лунның билігінің жиырма тоғызыншы жазында) көне Құлжаға таяу Іле өзенінің бойында Жонғар хандарының тұрағы – Үргіде Хой-юаньчен атты жаңа қала салынды. Ол бізде Кіші және Үлкен Құлжа деген түрік атауымен мәлім. Ұлай деп Іле бойында 35 шақырымдай жоғарырақ орналасқан мұсылмандардың Құлжа қаласынан айыру үшін әдейі қойған. Құлжа немесе Іле Батыс өлкесінің бүкіл билігі ошарылған әрі әскери тұрғыдан маңызды бақылау нұктесі болып табылады.

Мұнда маңызды үкімет орны – қарауына барша Батыс өлкесі кіретін Іле бас басқармасы бар. Іле округінде қала гарнizonының құрайтын мәнжүр мен қытай әскерлері орналасқан. Шекара қызметі мен құзетін атқару үшін әскери қоныстанушы ретінде ол өнірде сибостар мен солондар және дахурлар тұрады.

Чахорлар жасағы сиболармен және солондармен бірге бір жылдық шекара қызметін аткарады.

Іле округі ұлан-ғайыр. Терістікте ол Тарбағатаймен, түстікте Жаңа желімен, Шығыста Үрімшімен шектеседі. Шетелдіктерден Терістік-батыс шекара әскери күзет желісімен қоршалып бөліп тасталған. Бұл желі Нұр-Зайсаннан басталып, Алатау жоталарының жұлығын басып, Темірлік тауының маңындағы Шонжыға дейін тартылып, Жаңа желімен барып қосылады. Әскери қосындар былай орналасқан: Іленің түстік жагасында сибос әскерлерінің сегіз турың астына біріккен сегіз елді мекені тұр. Солондар Іленің терістігінен тауларға дейінгі Хоргос өзенінің бойындағы жазықты алып жатыр. Олар да сегіз туға бөлінеді. Эрбір жалаудың бір әнбанға бағынатын зенгі деген бастықтары бар. Бригадалық генерал сиболарды, сондай-ақ солондарды да басқарып, цзян-цзюннің әскери кенесшілерінің бірі ретінде Құлжада тұрады. Оның үстіне барлық округтерге Түстік губерниялардан шыққан қылмыскер қытайлар мен солдаттар шашыратып жіберілген. Алғашқылары тас көмір өндеумен шұғылданып, корғасын зауыттарында жұмыс істейді. Оған қоса Жонғария толық бағындырылған тұста егіншілікпен шұғылдану үшін алдырылған алты мынға тарта түркістандық отбасылар және бар. Бұл тараншы диқандардың міндегі әскер үшін белгілі бір мөлшерде бидай, құріш, тары, қарақұмық тәрізді астықты қазынаға өз ырқымен әкеліп тапсыру. Қайтарымына олар қазынадан сока, тырма сияқты саймандар мен өгіз тәрізді күш-көліктерін алады. Өз сездеріне қараганда қазынаның көмегі кейінгі кезде он жылда бір алатын екі жасар торпактанамен шектеліп қалыпты. Сайрамкөл мен Боратал бойында өз әнбанының басшылығымен қалмақ-чахорлар көшіп-конып жүреді.

I. Баркөл округі. Бұл Жонғарияның ең шалғай өңірі. Онда екі бірдей генерал басшылық ететін мәнжүрлер мен қытайлардан тұратын бес мың адамдық қуатты гарнизон тұр.

II. Үрімшінің (қытайша Ди-хуачжеу) негізі қытайлар Жонғарияны бағындырған кезде қаланған. Кейінрек одан сегіз ли (қытайша ұзындық өлшемі) қашықтықта Гун-чу аты кала салынды. Үрімшіде қытайлар басымырак. Жонғария тізе бүккеннен кейін осынау түйік әрі астықты өлкеге сан мындаған шаруалар мен ішкі губерниялардан қылмыскерлер әкеліп коныстандырылды. Олардың ең басты елді мекендегі Манас және Жонқа деген жерлерде. Үрімші батыс өлкедегі мандайалды сауда қаласы. Одан Құлжага, Шауешек пен Қыттай

Түркістанына Комул арқылы тауарлар тасып таратылады. Онда бұйымдарды топ-тобымен тай-тай етіп көтере сатып алғатын саудагерлер көп. Біздің бұйымдар Үрімшіге тапсырылып, одан шәй алынады. Шауешек пен Құлжа саудагерлері тек арадағы дедалдардың ғана қызметін аткарады. Мұнда да мәңжүрлер мен қытайлардан тұратын ұлken гарнизон бар. Бұл екі округте жалпы губерниялық негізде басқарылады.

III. Іле. Іле қаласы 103-дегі бойлық пен 44-дегі терістік ендікте жатыр.

IV. Тарбағатай. Тарбағатай қаласының іргесі 1755 жылы қаланды.

Бұрын бұл қала Үржар өзенінің бойында тұрған. Кейінірек ол Чигу өніріне көшірілді. Тарбағатай немесе Шауешекте округті бас басқарушы хебе-әнбан басқарады. Округте қытайлықтардың әскери тұрғындары бар. Гарнизонға Ілден мынға дейін мәңжүрлер жіберіледі. Шауешектен Шығысқа қарай Себан-Доржы әuletінің қалмак торғауыттары қоныстанған. Шауешек Батыс Қытайдың бір деген сауда қаласы. Бұл жөнінен ол Құлжаның да алдына түсіп кетеді.

Құлжадан Шығысқа қарай он бес ли жерде Қоңыр тауы тұр, онда тасқемір көп, темір кеніші және бар. Шығысқа қарай 55 ли шамасы жерде Баянтай деген өнірде Хойнинчен қаласы да, одан әрі Құлжа. (Кіші Құлжадан Қөне Құлжага дейін отыз шақырым деп есептеледі). Бұл қаланы жергілікті жерден шыққан хакімбек атағы бар шенеунік басқарады, оған тараншылар да бағынады. Құлжа хакімбегінің орны күні осы уақытқа дейін жер аударылғандарға бұйырып келді. Тұрлі қаладан күшті деген бектер бұған бастық етіп жіберіледі. Қызыл шармен марапатталған Турфан бегінен кейін хакімбектің орнын бұрын Құрбан қаласында тұншітілмаштың қызметін атқарған атақ-данқы болымсыздау бір адам басты.

Құлжадан 180 ли жерде Қаштақ тауы тұр. Күміс кені бар бұл таудың етегіне Қаш қаласы салынған. Бораталдан түстікке қарай Сайрамкөл (Сайлам-нұр) жатыр. Сиой-вэн-цзян-лу кітабы авторының айтуына қарағанда (Иакинф. Жонғария мен Шығыс Түркістанының сипаттамасы), Қытайдың ғылыми әлемінде ол өнірдің ешқандай абырай-беделі жоқ. Оның есесіне осынау өңір сақалы сапсиган таутекенің бейнесінде кеңінен танымал.

Іле оңынан Күнгей мен Қаш, солынан Текес сияқты өзендерінің тоғысуынан арна алып, 1400 ли созылып жатыр. Қытайша Балқаси-нор аталағын Балқаш көлінің айналасы 800 ли. Таң әuletінің тарихында Іле өзеніндегі қолбасшы

Ван-Фан-идін айқасы туралы айттылады. Оның қосыны Жекеайдың жағасында болған. Иакинф сопы Жекеайды Балқаш көлі деп қабылдаған. Шын мәнінде, Жекеайдың ыстыккөл дегеннің аудармасы емес пе. Жекеайдың ыстыккөл деңеген мағына береді.

\* \* \*

Шығыс Түркістан жеті мекемеге бөлінеді. Эрбір мекеме бір округтік қаладан, бірнеше кенттер мен елді мекендерден тұрады. Мекемені хебе дейтін жергілікті әскери қытай үкіметінің бақылауымен өз бектері басқарады. Олар Жаркентте тұратын әнбанға бағынады. Жергілікті жұрттан қытай басшылығы тағайындағын бектердің бәрі оларға адал берілген. Алайда бір қаладан бір қалаға бұлар да жиі ауыстырылып тұрады. Тек Комулдағы Исак бек пен турфан ашин-қожаларының әuletі ғана тұракты. Өйткені олар Жонғарияны бағындырганда және қожалар булік шығарғанда қытайларға көмектесіп, еңбек сініргендіктен аталарына ван атағы берілген әulet. Жалпы хакімбек қызметінде турфандықтар көп-ақ. Бұл олардың түркістандықтардан бір артықшылығы.

Жергілікті өкімет билігі мынадай шендерден құралады: бірінші-жетінші сынаңтағы хакімбек, одан кейінгі көмекші ретіндегі ысқақбек (тәртіп бақылаушы), ал қазынашы жер салығын жинап сактау жағын басқарады; мұтәуали үй сатып алып, сатумен шүгышданады; муфтишаф – дін басы; дугуан – бекеттің әскер бөлімі мен почтаниң бастығы; кази немесе кади (судья); мұраб – су қатынастарын қадағалайды; бағор – бағаны, таразы мен безбенді тексереді; хаикбу – қазындық құрылыштарға басшылық етеді; әмір немесе мір ауыл ағаларын ретке келтіреді; араб баланың туын, неке мен өлімді тіркеп, зекет жинаушы.

Жоғары лауазымды орынға хебе-әмбан ұсынып, бөгдіхан бекітіп отырады. Олардың өз шаруалары бар. Эрбір елді мекенде кәүкебас, яғни егіншілікті бақылайтын адам болады. Түркістан бектері әр жылдың аяғында Бежінге барып, сарайға сый-сияпат апарады. Тарту-таралғының мөлшері шен дәрежесіне байланысты. Дінбасыларды ахундар, молдалар мен дәруіштер құрайды. Олар мұнда көп-ақ және барлығы құрметке бөлениген, шаш қояды. Қашқарлықтардың бәрі сұннит сеніміндегі мұсылмандар, яғни Шәпи имамның ілімін ұстанушылар. Басқа мұсылмандардай олар діни фанатизммен дараланбайды. Шарапты ашық іshedі, ешбір той-томалак әйелсіз, ән-куйсіз өтпейді. Шарапты шабдалы мен жүзімнен, жібек жиедегінен жасайды.

Жеміс жинаған кезде жұрттың бәрі есінен танғанша ішіп, көшеде құлағанша би билейді, бозаны да жақсы қореді. Қүйеуге шығу үшін қалынмал төлейді. Құс салып, аң аулайды. Эйелдер мұнда жасырынбай, ешбір именбей ерлердің ортасында жүреді және жылқы етін жейді.

Түркістанда үй барлық Шығыстағыдан салынады. Әрбір үйдің ауласында бау-бакша мен қауыз болады. Шығыста данқы жайылған мавритания сәулетіндегі мешіттер өте көп.

Қашқардың төл теңгесі жок. Ақша орнына жүретіні екі тыныңда жез пұл мен жиырма тыын құміске татитын теңге ғана. Түркістан пұлының түрі қытайдың фәніне ұқсайды. Оның өзі мыссыз таза сары жезден жасалады. Ал мырыш араласқан қытай акшасын қарапұл атайды. Қытай акшасы сияқты Түркістан теңгесінің де ортасы тесік. Олар елу-елуден тізіп сар (отыз алты грамдым қалып) немесе қытай ланың жасауга онтайлыш. Оның бір бетінде қаланың менжүр тіліндегі, екінші жағында түрік тіліндегі аты. Құміс тенгелер қытайша жамбы деп аталады, бұл құйма деген сөз. Мұнда ортаазиялық тенгелер өтімді.

Үрімшінің маңында Бүйрекбұлақ бекетінен батысқа қарай жанартай бар. Көш қаласының маңында жанғыш күкірт пен мұсәтір өндіріледі. Оның 1800 гин сілтісі жылма-жылғы салық үшін өткізіледі. Керидің маңынан алтын қазылады. Жылына 20 лан алтын салыққа төленеді.

Іледе әрбір әскери адам – 18, ал Үрімшіде – 15, Талянцинде – 14 қапшық таза астық жинауға тиіс. Айтқандай, солдаттар қызметте болған жағдайда немесе егін шықпай қалғанда астық бірде аз, бірде көп жиналуды ықтимал. Дегенмен, офицерлер тәртіпті қатан сақтауға тырысады. Егер Іледе – 28, Үрімшіде – 25, Талянцинде 24 қапшықтан астық жиналса, офицерлерге мактау айтылып, солдаттарға қосымша екі айлық азық беріледі. (Бұл жөнінен Құр – Қарасу мен Қарашар, Баркөл – Үрімші, ал Үш Іле сияқты).

Қылмыскерлер болса Іледе – 9, Үрімшіде 6 қапшық астық жинауға тиіс. Осы ереже Баркөлге, Талянцин мен Комулға да тараған. Бұл қалалардың тұрғындары да егіншілікке пайдаланылатын жерден салық төлеуге тиіс. Әр мудан (1200 шаршы фут) Баркөлде 4,8 шэн бидай, бүршақ және жүгері төлейді. Үрімші мен Іленің тұрғындарынан сегіз бежін шэннің жартысын бидай ұны мен жарма ретінде алады, Іледегі тараншылар жан басына 4 пүттүк 16 қапшық арпа, бидай, бүршақ және қарақұмық төлеуге міндепті. Бежіндегі доу (қытай өлшемі) 10 шэннен тұрады. Түркістан қапшығына 3 ху (әр ху 12 кило) астық сияды.

Комул немесе Хами 112Ә бойлық пен 45Ә терістік ендікте

жатыр. Қытайлар бұнын негізін 630 жылы салып, 679 жылы қайта жанғыртты. Бұл шағын қала гарнизоны бар басқа қытай қаласынан онша алыс емес. Комул кінәзі көрші хақысымен Кан-сідің билігі кезінде қытайдың ықпалына кіріп, империя бодандығын баяғыда-ақ қабылдаған. Жонгарияны бағындырған кездегі Қытайға деген ададығы және қалтқысыз көмегі үшін Комулдің бегі Ие-хан мұрагерлікпен берілетін кінәз атағына ие болды. Хами округі алты шағын қаладан тұрады. Және жалпы губерниялық негізде басқарылады.

II. Турфан – адап берілгендей үшін цзюн-ван, яғни екінші дәрежелі кінәз атағына көтерілген Әмин-қожа әuletінен тарайтын бектердің тұрағы. Турфан хакімбекінің иелігінде алты қала бар. Соның бірі шағын қала Пичанда гарнизонымен әскери әкім тұрады. Пичан үлкен жолдың бойында жатыр. Турфан жүзімінің тамсандырап дәмділігі мен мақтасының шығымдылығы тіпті де тамаша. Лобнор көлінің (Жұлдызды теніз) суы шалқып, бұлақтары атқылап жататын саздауыт жағасына таяу Лобнор елді мекені тұр. Бұл ауылдардың тұрғыны балық аулайды, түрік тұлінде сөйлейді. Бірақ ислам дінін ұстанбайды. Оларды өздерінің Пичан әнбанына тікелей бағынатын бектері басқарады.

III. Қарашар. Аты түрікше болғанмен бұл түп-түгел қытай қаласы. Онда бірнеше әскери коныстанушылар бар. Сондай-ақ әскери әкім де осында тұрады. Қаланың төнірегінде Жұлдыз жотасы мен Хайду өзенінің бойында Ресейден, Ұбашадан қашқан торғауыттар көшіп жүреді. Қөрле және Бұғір кенттерін долон түркістандықтары мекендейді. Долондықтар қожалардың төнірегінде толенгіт сияқты болып жүрген. Олардың да Қарашар әнбанына бағынатын өз бектері бар. Бұғірдің бір гажабы түстік Түркістаннан шыққан жолдың барлығы осында келіп тоқайласады.

IV. Куча ұлан-ғайыр аймак. Оның хакімбекінің дәрежесі екінші сынаңты, қаланы уысында ұстайды. Қытай гарнизоны турфандықтармен қалада бірге тұрады. Ол өндіретін өнімдердің ішіндегі тамашасы – боз бен жез, күкірт қышқылы мен мұсәтір. Бұлар тоніректегі таулардан алынады. Тауларда және үңгірлер көп, жазда одан от жарқылдан жатады. Бір үңгірде ойып жасалған толып жатқан будда әулиелерінің бейнелері. Олардың қалай жасалғанын түптеп келсен, Таң әuletіне барып тіреледі.

V. Үш – дегеніміз түрікше Турфан немесе Үш-Турфан деген сөз. Бұл Түркістан қалаларының ең бір үлкені. Оны әнбан басқарады. Жонғарлардың тұсында қала гүл жайнап, оның хакімбекі хонтайшы атанған еді. Қаланың хакімі Қадес (Сыбек қожа) Жонғар ханы Дебашыны қытайлықтарға ұстап

бергені үшін кінәз дәрежесіне көтерілген-ді. Дебашы Қадесті кезінде хакімбек дәрежесіне көтергендіктен өзін жасырып сақтап қалар деп ойлаган еді. Өлкені басып алғаны үшін наразылық білдіргені әрі қытайлар қойған Комулдан шыққан хакімбек Абдоллаға қарсылығы үшін тұрғындары түгел бауыздалып, қалаға қытайлықтармен қатар үлкен гарнизон қоныстандырылды. Қаланың өз мәнат сарайы бар. Қазіргі тұрғындары түркістандықтар Қашқардан, Жаркенттен және Ақсудан көшіріп әкелінді. Өз хакімбегі бар. Өлкені бағындырған кезде хебе-әмбан осында келіп тұруши еді, одан Қашқарға ауысты, қазір енді Үш-Турфанда тұрады. Қала төнірегінде шерік және бағыш руының қаракырғыздары көшіп-конып жүреді. Ақсу, Пай, Сайрам қалалары тәуелсіз хакімектері болғанымен, осы округке жатады.

Ақсу да ұлан-ғайыр қалалардың бірі. Онда жиырма бес мың тұндік бар деп есептелінеді. Тұрғындары ісмөрлікпен айналысады. Мақта, тары, күнжұт, арпа және жеміс ағаштарын өсіреді. Ақсудың алмұртының дәмі аузызынан кетпейтін болғандықтан бөгдіханға жіберіліп тұрады. Былғарыдан жасалатын ат-әбзелдері көпке мәлім.

VI. Жаркент – Шығыс Түркістанның майдай алты қалаларының бірі, қожалардың резиденциясы әрі хебе-әнбаның тұрағы. Ол бір деңеген сауда қаласы болып саналады. Қашқар, Бұқар және Әндіжан саудагерлері сауда-саттық жасайды. Мұнда мата тай-тай болып, көп шығарылады. Ұрынқаш және Қарақаш өзендерінен асыл тас алынып, Бежінге жөнелтіледі. Оны жеке адамның сатуына тыйым салынған. Қаланың әскери мекемесіне Қотанның жеке иелігі де жатады. Қытайша Қотан мен Үйтан сауда жөнінен алдына кент салмайды. Мата тоқумен де шұғылданады.

VII. Қашқар Шығыс Түркістанға Орта және Түстік Азиядан келетін үлкен жолдың үстінде тұр. Қашқар мен Жаркент Батыс өлкесіндегі сауда қалаларының ең мәндісі. Ортаазиялықтардың барлығы қытай Түркістаның Қашқария деп атайды. Бұл қаланың ертеде атак-данқы қандай болғанын осының өзі-ақ анғартса керек. Ұғырстан деғенмен Шағатайдан алғаш бөлініп шыққан хан Темір-Тоғлықтан бастап Қашқар хандарының тұрақ мекені осы болды. Қашқардың саудасы ежелгі дәуірден бері ерken жайған. Бұл арқылы Кіндік және Түстік Азия өз тауарларын Тибетке, Қытайға және Жонғарияға өткізіп тұрған. Оның бұл маңызы қазір де қаз-қалпында.

Жыл тәулігі бойы мұнда әралуан елдерден көптеген керуендер келіп-кетіп жатады. Қытай үкіметі шетелдіктердің тасқындей ағылып келіп жатқанын онша ұнатпаса да, Қашқар

империяның жалпы заңынан тыскары тұрган сияқты. Бұған батыс халықтарының бәрі де келе алады. Қытайлықтардың шамадан тыс түйіктығы мен турандықтардың надандығы себепті бұл сауданың жай-жапсары мен айналымы туралы жарытып ештеме біле алмайсын. Алайда, айдап әкелген малдың қарасына қарағанда, Алатау қырғыздарының және Ұлы жұз албандарының өзінен ғана 60 мың қой және Қоқанға қарасты уалаяттар мен қашқарлықтардан 100 мың мал келетіні базардың қандайлық екенін ангартса-ақ керек. Көз көргендердің куәландыруына қарағанда, Қашқарда бір күннің өзінде-ақ 40 мың мал сатылатын көрінеді. Қашқармен сауданы “әндіжандықтар” (Қокан, Әндіжан, Наманган және Тәшкент тұрғындары), бұқарлықтар, парсылар, ұндістер, кашмир саудагерлері, ауғандар мен тибеттіктер басым өрістетеді.

Әндіжандықтар орыс өнімдерін: темір-шойын бүйымдар, шұға, болат, былғары, пүліш және басқа макта-мата бүйымдары мен сиса әкеліп, мол пайдасына сатады. Кейінгі кезенде (1855 жылы) біздің бүкіл бүйымдарымызды қашқарлықтар матаға айырбастап алып, өздеріне алып кетті. Бұқарлықтар бұнда саудада “даналар” деген атпен белгілі сенсөн елтірілер, кара және сүр қаракөл, өрік-мейіз, жұзім, пісте және жартылай жібек, паттайы, бикасап маталар тасиды. Парсылар ағылышын сисасын, жібек маталар мен кілем, ал ұнді саудагерлері қамқа мен кашмир шәлілерін әкеледі. Тибеттен түбіт пен жез алынады.

Қашқардан олар қөбінесе көк шәй, былғары бүйымдар, қытайцың жібек маталары мен күміс алады. Әндіжандықтар себетке салынған ерекше шәй (әрқайсысы 12-13 қадақ) алады. Бұл сут құйып, тұз салып ішуге жақсы. Бұрнағы жылдары Қоқанда шәйға деген сұраным жоқ еді. Олардың үстінен түсіретін пайда да аз болатын. Алайда сонғы екі жылдың жүзінде себетке деген сұраным өсіп кетті. Оның әрқайсысынан 5-10 тиыннан пайда түсетін болды. Осындай сұраныммен Құлжаға келушілер қебейді де, шәйдің бағасын сүмдүк өсіріп жіберді. Бұрын бір жамбыға бұл шәйдің жынырма жәшігі келуші еді. Қазір енді сондай бағаға он бес жәшік қана алады. Тәшкенттіктер Құлжада алтын-күміске тікелей сауда жасауға шықты да, біздің саудамызға қыруар зиян келтірді. Қашқар қамқасынан сапасы артық аздаған матада әкеледі де, олары тез өтіп кетеді. Ұндістер күміс әкелуші еді, кейінгі кезде оны сыртқа шығаруға тыйым салынды дейді. Оның үстінен әндіжандықтар мен бұқарлықтар жергілікті макта маталарын қөттеп сатып алғатын болды. Әсіресе, сүр және күнгірт қағаз маталарын, “тимпай” тәрізді мықты тәзімді маталарды және жартылай жібек, түсі тұрпайылау бұқар

батсайысы сияқты Ұлы жұз қазактары мен Алатау қырғыздары қатты қадірлелітін кездемелерді көп әкетеді. Жалпы Қашқар саудасының жылдық айналымы зор. Шамамен он миллион сомнан асып жығылса керек.

Қашқар – халқы ығы-жығы, дені мұсылман болып келетін қала. Қытайлықтардың бөлек дуалы бар. Халықтың көп ағылып келуіне байланысты қала әдет-ғұрып пәктігімен, тазалығымен даралана алмайды. Жалпы жеті қаланың түркістандықтары өздерін әдептеген тыс еркін ұстайтын нағым-сенімі шамалы халық. Мұсылман бола тұрып олар шарап пен бозаны ашық іshedі. Әйелдері бетін бүркемей, қысылып-қымтырынбай ашық жүреді. Қашқар туралы сөз қозғағанда, оның бүкіл Орта Азияға сұлулығы мен даңқы жайылған әйелдері туралы айтпай кетуге болмайды. Қашқарда бір болып қайтқан азиялықтың айтуынша, толған айдай толықсыған еліктің лағындей, сандал қайындей, жайнаған райхан гүлдей дейтін тамаша теңеулердің бәр-бәрі осы қашқар аруларына арналған сияқты. Олар Қашқар суының маҳаббатты оятатын ғажайып қасиеті бар деп ұгады. Тыйым салынған жеміс жайында өмірі ойламаған кәрі молдалардың өзі сақалын бал ерін аруларға иіскетіп, Қашқардан кия баспайды. Қашқарда Мұса пайғамбардың өсіетін бұзбай-ақ салт-дәстүрге сай таң ағарып атқанша маҳаббат ләzzатын тататын ғажап әдет бар. Бір сөзбен айтқанда, мұнда келген әрбір адамның уақытша, бірақ заңды зайыбы болады. Ол мүтие заңына негізделген.

Қашқарға келген екенсіз, делебенді қоздырып, ләzzатқа тартып тұратын ғажайып бір қоңыл-күйіне тап боласыз. Зайыры, бұл да оның суының керемет әсері болса керек. Сөйтіп, күнәһар ойларының билеп-төстеп алып, сіз отты айналған көбелек сияқты, Мәжнүн мен Ләйлінің маҳаббат хикаясын аузыңыздан тастамайсыз. Құмарлығыңызды еріксізден еріксіз өзіңіз күә болатын әр алуан ләzzат қөріністері терендете түседі. Қайда барсаның да жартылай жалаңаш биші қыздарсыз, Қашқардағы ең әйгілі Ләйлі мен Мәжнүн жайындағы дастанды сызылтып орындайтын әншілерсіз сый-сияппатты көрмейсіз. Ақыр аяғында жүргегің қанша тас болса да, мынадай әзәзіл әндерге еріп, шыжғырылған шыжық болмай тұра алмайды. Одан күтүлудың бір-ақ жолы мүтие заңының негізінде үйленіп тыну, әйтпесе, жаңынды өртеген құштарлықты баса алмайсың. Бұл ойынды жергілікті жердің кез-келген бір таныс адамына білдірсөн болды, женгетайлықта әбден үрреніп қалған олар табан аузында тығырықтан шығудың жолын таба қояды. Әдептегідей қолын кеудесіне койып:

— Бас екеу болсын дейсің бе, ол біздің қолдан келеді. Мына баска сеніңіз, — деп қуанғаннан дауыстап жібереді де, жүрек арбайтын пайғамбардың қызы Би-Фатима пірдің өзі жібін есе алмайтын аруларды көрсетпек болып bezектей жөнеледі. Әрине, сіз Би-Фатиманы көруге асығасыз. Ол сені ертіп алып көзіне түскен үйге кіреді де:

— Сіздерде шәуken бар ма? — деп сұрайды. Шәуken дегені ерге шықпаған немесе жесір қалып еркін өмір сүріп жүрген әйел. Әдеттегідей бар деп жауап береді. Өйткені Қашкарда ондай әйелдер жыртылып айрылады.

— Бәркі нешеу? — деп сұрайды делдал қайтадан.

— Үшеу, — деп жауап береді қожайын.

Делдалдың өні бұзылып “керегі жоқ” деп бір-ак қайырып, одан әрі жетелей жөнеледі. Сіз оның бөркінен не мін таптың, мәселе оның бөркінде емес, жүрегінде ғой, деп мінгірлекен боласыз. Жолбасшың жымылып құліп қояды да, келесі үйге кіреді. Бөлмеде үш бірдей кереует көзіне түседі. Үшеуі де оюлы жапқышпен безендірілген. Әрқайсысының үстінде бірнешеуден бөркі жатады. Делдалдың екі көзі үстінде қазқатар тізілген бөріктегі бар кереуетке түсіп, қуанышы қойнына симай, айқайлап жібереді.

— Астапырылла! Жұлдызымыз онынан туды ғой. Сізге мен ғажайып серік таптым. Анау-мынау емес жиырма бөркі бар. Бұл дегенің сирек кездесетін құбылыс. Жаным-ау, тәуба айтып, дұғанызды оқып қойыңызшы, Сүлейменнен де аскан бақытты адам болып шықтыңыз ғой.

Сіз оған нендей жауап айттарға білмей, антарылып қаласыз. Әлден соң абдыраған ойынды жинақтаپ: “Мұсылман, баласы-ау! Жиырма бөркі дегенің не, өзі? Немене, біз бөркі саудаласуға келіп пе едік?!?” — деп қайта ежіктеуге тұра келеді. Аузынызды жиғанша болмай, жартылай ашық есіктің аржағынан шолпының сылдыры мен сыйыр-құбір қоса естіледі. Көзіңе өңменіңнен өтіп, жүрегінді өртеген қарақаттай жанарлар шалынады. Тілің байланып, жүрегін аузына келіп, жаһаннамның отынан артық дүрілдеген алаумен алланың тандаулы құлы Мұхаммедтің өзі сені өртегелі келе жатқандай сезімге бөленисін. Делдал үнсіз қалғанынды пайдаланып, есікке такап келіп түсініксіздеу елде бірденелерді құбірлейді де, құлағына оның: “10 сер береді”, — деген сөзі жетеді. Содан соң бағанадан бері бүйымының бағалы екеніне сенімді тұрган қожайынға қарап: “Қожаның (мырзаның), құдай қаласа, 20 бөркі бар қызға үйленгісі келеді. Өзі бір тамаша адам”, — деп даусын созып, қалынマル жайында саудаласа бастайды.

Қожайын болса: “Жиырма бөркі дегенің, балам, Ижан

ханның қазынасынан да қымбат, бұдан артығын тауып көрші, нанбасан”, – дейді.

Біраз дау-шар саудадан кейін бүйімның айрықша сиректігіне сай 25 сәрга келісім жасалынады. Сауда бітті жиырма бес сәрді табанда санап бересіз. Қожайын қалындықты жасандырып, киіндіріп, көруге әкелу үшін ептең басып ішкі үйге кіріп кетеді. Бұл арада дедал сізге бөріктің маңызы туралы түсінік бере бастайды. Бөрік дегенің сұлулықтың ең әділ белгісі. Ол мүтие занымен жиырма мәрте таңдауға түскен. Жергілікті әдет-салт бойынша әрбір күйеуге шыққан сайын әшекейлеп бөрік тігіліп отырған. Таңдаудың бұндай түрін көз алдыңызға келтіріп, зәреніз үшады. Жиырма күйеуге шыққаннан кейін, тіпті ол Жүсіптің Зыликасынан артық болса да, қандай сұлулық қалады. Дедал болса: әуелі көріп ал, үнамаса басқасын таңдайсың, – дейді.

– Соңда менің ақшам қайды кетеді?

– Ақша дейсің бе, астапырла, сіз есек емессіз ғой, ақша бір бергеннен кейін енді қайтып оралмайды.

Кенет құлағыңа сыңғыр-сыңғыр шолпының үні келеді. Есік ашылып, қаптаған қыздар кіреді. Соның ішіндегі толықтауы, шамасы ең сұлуы осы болуы керек, маң-маң басып, маңыздынып алға шығады. Қалған қыздар жан-жағыннан алқақотан қоршап, қытықтап, шымшылап берекенді ала бастайды. Қожайын аласа үстелге дастархан жайып, алуан түрлі тәттілерді қойып, өзінді кілемге жайғастырады да, жаныңа жұбайынды әкеледі. Көзіне әппак передеден құдай қосқанынның тоқ мұсінінен басқа ештеңе көрінбейді. Ару қолына бір алманы алып, екіге бөледі де, жартысын өзі жұтып, жартысын сенің аузына тығады. Сен төзімің таусылып, тыптырышып отыра алмайсын. Қожайын болса, оны мұлдем байқамаған адамдай, балсырамен, бозамен сыйлауын додармайды. Бір ғажабы өз қалындығынан басқа шәүекендердің бәрі передесін сыптырып тастанады. Соңда жүрегің төнкеріліп түсіп, кара терге малшинасын. Бір кермаралдың барқыттай жұмсақ жаудыраган жанарымен арбасып қалсан, біреуінің мамықтай жұмсақ бөксесінен көз айыра алмайсын, үшінші біреуінің талдай бұратылған белі арбап тастанады. Бір алланың өзі кешірсін, бұл арада тіпті көрмейтінін жоқ. Әдет-ғұрып салты әбден зықынды шығарып, қыздар қалындығынан бетін ашу үшін пешкеш (беташар) сұрап, ән салып, би билеп жүріп, театрдың шымылдығы сияқты баюлай келіп, қалындығынан передесін көтереді.

Кенет, о алла, о тоба, дін Мұхаммед! Қарсы алдыннан қасы-көзі сүрмеленген, аузы-басын қандай ғып бояған, беті-

жүзін опа-далаппен қардай ғып опалаған кәдімгі ғасырлар ашынасы жарқ етіп шыға келеді. Егер сіз шығыстың әдеті мен құмарпаздығына ынтық болсаңыз, будан артық ештененің бұжатғанда керегі жок. Жазылып жастық, жайылып төсек болар жарынның мамықтай жұмсақ құшағына көмілесің де кетесін. Иә, шын мәнінде нағыз азиялық ләzzаттың шырын дәмін білемін дейтін адам арудың жұп-жұмыр, жұп-жұмсақ майлы бөксерсіне тандай қағып, тамсанбай тұра алмайды. Ал енді сұлулық туралы бүндай түсінік биғіне көтерілмеген болсаңыз, мұндай тоқ мұсіннен гөрі, жұқа арық қызды жаратсаңыз, үмітті бір аллаға артып, бөркінің санына қызықпай-ак, колыңды төбеге койып тұра қашу ғана қалады. Қашқарда шәукенді мөлшерсіз мерзімге алады. Бір сөзben айтқанда, Қытайдың үкіметінің тиісті заңы бойынша елге қайтарда шәукенді бірге алып кетуге болмайды. Саудагер азиялықтардың бәрі бұл заң қашқар қыздарының сұлулығына қызығып, алған адам калып қойын деген оймен жасалған деседі. Шынында, осылай үйленгендердің көпшілігі империя аумағында қалып та қояды.

Жеті шаһардың тарихы, қытай тарихшыларының топшылауына қарағанда, тарихтың ежелгі кезеңінен арна тартады. Қытай тарихының қуәландырғанындай, патша Вудидің тұсында-ак Батыс өлкенің отыз алты иелігі барын ел білген. Әуелі Чжанкянь немесе Чжан-цзянь хижрага дейінгі 140 жылы Батыс өлкені ашқанға дейін олар ғүндарға бағынған 121 -ші жылдан бастап қытайлықтар Аспантаудың түстік баурайында бекіністер салып, Батыс өлкенің қалаларын біртіндеп бағындыра бастады. Қазіргі Қотан (Ютян), Қашқар (Сулэ), Қарашар (Яньки), Үрімші (Пулей), Ақсу (Выньсу), Куча (Гүйцы), Жаркент (Согюй), Үш (Юиту) және басқа қалалар хижра жыл санауына дейінгі екінші ғасырдың басында-ак қытайларға белгілі болған. Бұл өлкені алғаш мекендеушілердің кім болғанын біз білмейміз. Өйткені ол туралы Қытай тарихы ешқандай мағлұмат бермейді. Бір ғана белгісі – әрбір иеліктің өз патшасы болғаны. Олардың әдет-ғұрпы да, тілі мен діні де ғүндар мен үйсіндерге ұқсамайды, барлығының көзі шүнірек, мұрны қонқақ, сақал-мұрты кою, ұстанатыны будда діні. Олардың жазуы үндістердікіне келеді. Хань әuletі оларды қарсыласы көріп жүрген. Хань әuletінен кейін Батыс өлке бірде болініп, бірде Қытайға қайта бағынып тұрды. Жужандықтар мен дулгастар таққа отырғаннан кейін Батыс өлкенің иеліктері оларға салық төлеп тұрган. Жеті шаһардың төнірегі Юебань мен Канның иелігі болып саналған. Бұлардың біріншісінің түп-тегі ғун, екіншісі —

юечжі. Иакинф сопы оларды түріктер дейді және бір жерде өсіресе Кандар жөнінде айтқанда, Суй өuletіnіn (581-618) тарихында, олар түркі жазуын пайдаланған дейді. Түркі жазуы дегені не екенін білмеймін, ол әйтеір араб жазуының кіргемен кезі.

Тан өuletіnіn Кытайдың төнірегіндегі иеліктері мен қарым-қатынасы далиып үлгайған тұстағы тарихынан Орта Азия ұлыстары жайында біз нақты мәліметті барынша мол аламыз. Мәселен, Қашқар онда алғаш рет Сүйдің орнына Қаша деген өз атымен аталған. Хотань-Қодан, Канның иелігі Са-Могян (Самарқандты еске түсіреді), Аньсидің орнына Бухо (Бұқараны еске түсіреді) алынған. Намидің (Нарынқол-Сар-Дарья) тұстік жағасында Хокань иелігі көрсетілген. Сондай-ақ Каң да Нами өзенінде жағасында жатыр. Монголия жазығынан ғұндар қуып шыққан юечжиліктер Давань мен Даҳаны бағындырып, одан ері Батыс теңізіне (Каспий) өтеді. Таң туқымының тарихынан тұтас Тұранның қанлы-дулгас және юечжи өuletterіnіn қол астында болғанын көреміз.

VI ғасырдың аяғында Мұхаммед шығып, өз дінін қарудың қүшімен таратады. Фұмар Раджи-Яшгарды, Персияны бағындырып, соғысын шамамен Түркістан шегіне дейін жеткізген сияқты. Қытай тарихында қуәландыруына қараганда, Кан патшасы 713 жылы арабтармен кескілескен соғыс жүргізіп, қытай императорынан көмек сұрайды. Даشتар туралы аныз-әңгімеде Кан мен Ши (Түркістан иеліктері) өздерін даштың вассалымыз деп мойындауды дейді қытайлар. Сөз жоқ, көшпелі жұрт юечжилер қазіргі Хорезмді (түрікпендер көшіп-қонып жүретін жерді) басып алып, кейін өз әмірін тұтас Тұранға таратып кеткен халық – түріктер болған. Кейін олар селджук, осман, қаракойлы және аккойлы деген аттармен Азияға кең тараған. Қандылар, батыс дулгастар да Туранға орнығып алып, кейінгілері Батыста Фолинъмен (Византия) шектесіп жатқан. (Иакинф) (Н. Я. Бичурин. Ерте уақытта Орта Азияны мекендеген халықтар туралы деректер жинағы. СПБ., 1851. 267-бет).

Баяндаудың біраз шатастырып жіберілгеніне қарамастан әр мезгілде әртүрлі аталған халықтардың атауынан Аньсидің бес дуанының: Ань ми Хоз-Буходан – Бұқар, Довоханиден – Ферғана, Даҳя-Ту-ходан ло-Бактрия тәрізді Мәуреннардың иеліктерін аңғармай қалмайсыз.

Олардың дұрыс оқылуын қалпына келтіріп, бұл халықтардың барлығын анықтаудың Орта Азия мемлекеттеріне әзір мүмкіндігі жоқ. Өйткені өзбектер бағындырып алғаннан кейін олардың әрбір қаласын бірде өз хандары билейді, бірде

біздің кездегідей Балқы, Бұқар, Самарқанд сияқты бірқатар қожалықтар бір ғана Бұқар әмірінің иелігін құрайды. Ходжент, Түркістан, Тәшкент және Қоқан бір ғана Қоқан ханына бағынады. Қытайлардың арабтар туралы ақпаратына қарағанда, Қытайдың қайткенмен де бір кезде бүкіл Азиямен қарым-қатынас жасағанына ешқандай күмән-күдік келтіруге болмайды. Чиннің күш-куаты, Самарқандтың патшайымын ұрлап әкеткен чиндардың ептілігі туралы Азия аныздары сонау көне заманнан жаңғырып жеткен даусы.

Таң әuletі тақтан тайғаннан кейін Қытайдың Батыс өлкемен қарым-қатынасы үзіледі. Юечженің тұсында және Қидан әuletі билеген кезде қытай өзінің терістігімен әуре болып өзара қырқыстан титыктады. Шынғыс хан шыққан тұста Туранның Хорезм шахының тұғасып жатқан ұлан-байтақ иелігі болғанына көз жетеді. Ойхорлар немесе үйғырлар, шығыс тарихшылардың дерегіне қарағанда, жеті шаһарды иемденіп түрган. Согдианға кеп орныққан арабтардың, хорезм-шахтың ықпалына Шығыс Түркістанның қалай бас игенін, қандай дәрежеде бағынғанын біз білмейміз. Алайда, асу бермес таулардың барлығына, сауаттылықтың әжептеуір дәрежесіне, будда дінінің қатаң тәртібіне қарағанда, ықпал-әсер болғанымен де, Мәуреннахраға ол мұсылмандық ірге теуіп, оку-білім өрістеген Самарқандтан әлдекайда осал болған сияқты.

\* \* \*

**Төбей әuletі** ғұндардың бір буыны. Бұл тұқымның атабабалары Батыс әuletінен батысқа қарай әмір сүріп, өз алдына аймақ құрган. Олардың үрім-бұтағынан дүшпанды тас-талқан етіп, колын кесіп, ұсынысыздандырып, құракты көлге тастап кеткен бала ғана қалады. Оны қасқыр тауып алыш, етпен асырайды. Дүшпан баланың тірі қалғанын есітіп, оны өлтірге әмір етеді. Қанышқ қасқыр баланы ала қашып, кейін Батыс теңізінің шығысындағы терістік-батыста жатқан Гао-чань тауларынан келіп шығады. (Гао-чань Хань әuletінің тұсында Алдыңғы Чешке кірген жер. Алдыңғы Чеш Пичанда болған). Қасқыр айнала таулар иінтірескен жазықта тұрып он бала тапқан. Соның бірі барлығынан да ақылды патша деп мойындалған Ашина. Кейін Асе-ше тау анғарынан шығып, жужандықтардың вассалы екенін мойындады. Төбей тұқымынан шыққан Іле хан жужанның Анахуанынан қызы сұрап, ол намысына тиіп бас тартқан соң жужандықтарды тас-талқан қылады. Іле ханнан кейін кіші інісі Ай хан билеуші болды. Одан кейін Мұған хан атанған бауыры Цзушу патша болды.

Екінші бір аңыз Төбей әuletі Пъхинлян төнірегінде көшіп-конып жүрген әралуан рулардың бірігінен шыққан дейді. Бұл аймақ Ашина аталған. Вэй әuletінен шыққан император Тхайву Ляннің терістіктің соңғы патшасы Цзюйку Мұғанды талқандағанда Ашина жужандарға қашып барып, таудан қоныс теуіп темір кенін қаза бастады. Бұл жер дұлығаға үқсаған соң Төбей аталады.

Үшінші аңыз Төбей ғұндардан терістікке қарай мекендерген Со әuletінен шыққан дейді. Ақсақалын Аланбу атапты. Олар ағайынды жетпіс жігіт екен. Үлкенін Ичжини-нишизы атайды. Ол қасқырдан туған. Оның аяқ астынан жел тұрғызып, жаңбыр жаутызытын табигаттан тыс қасиеті болған. Жаз бен қыс рухының қызы болған оның екі әйелінен төрт ұл туған. Олар әр жерді мекендерген. Үлкені мұзарт сұық тауларда тұрып, жылу шығарып отыратын болған. Сондықтан да Төбей патша атанған бұл Надулша еді. Оның он әйелі болған. Ашиннің ең кішісі шарт бойынша жеребеден ұтып, патша болып, басқаларының барлығынан қарғыш етіп, шырқау биікке шықты да, Ахянь-ше атанды. Оның үрләгы Тумынның лакап аты Іле хан.

Төбей тұқымы әuelі шығыстық және батыстық болып бөлінді. Шығыс әuletі 535-745 жылдардың арасында жиырма бір ханды алмастырды. Алғашқы хан Тумынъ 50 мың тұндіктен тұратын телестерді талқандап, жужан-ханның қызын әйелдікке сұрады. Жужан патшасы Анахуань оған қатты ашуланып, ханды ыбылжыған құл деп қорлады. Тумынъ Батыс әuletінен Вэйдің қызын 551 жылы ханымдыққа алды.

Тумынъ 552 жылы жужандықтарды талқандап, Жужан ханы өзіне өзі қол салып елді. Тумынъ содан кейін Іле хан атанды. Ханнның ханымын қатын деп атады. Оның ұлы Коло Есіре хан дәрежесіне ие боп, патша болды. Ол өлгеннен кейін ұлы Нэтумен қосарлап кіші інісі Кигинді Муюй хан деген атпен патша койды. Ол ірі жиһангөр болып, қаруы Кореяға дейін жетті. Вэй әuletімен бірігіп Цифа қарсы соғысты.

Бұлардың әдеті – шашын жалбыратып қоя беріп, сол жақ етегін иығына асып жүреді. Шатырлар мен киіз үйлерде тұрады. Малдың отына қарай бір жерден бір жерге көшіп-конып отырады. Мал өсірумен, аң аулаумен шұғылданады, корегі – ет пен қымыз. Тері мен жұн күмдер киеді. Адалдығы, ар-ұтты аздау, ғұндар сияқты әділдік, әдептілік жағы да жетіспейді. Хандарын ақ киізге салып, тоғыз мәрте күнге қаратса көтереді. Әрбір көтерген сайын тағым жетеді. Сонан соң атқа мінгізіп, алқымынан алып: “Қанша жыл хандық қура аласың?” – деп сұрайды.

Шендерінің ең жоғарғысы – шеху, екіншісі – дәле, көне түркіше – тегін, үшіншісі – сұхбашы (әскер басы), төртіншісі – түменбасы. Олардың барлығы мұрагерлік бойынша беріледі. Садактың жағы мүйізден жасалады, қарулары сұнгі мен наиза жөне қылыш. Тың бөрібасты келеді. Қорғаушы нөкерлерді бөрі атайды. Ағашқа салған таңба арқылы санайды. Бүйрықтың орнына алтын сұнгілі жебені пайдаланады. Шабуылға ай толар алдында шығады. Бас көтеру, біреудін әйеліне бару, кісі өлтіру өлім жазасымен жазаланады. Кемтар ғып тастағаны үшін заттай айып (казакша құн) төлейді. Бір көзін шығарсан – қызынды бересін, бір колынан айырсан – ат мінгізесін. Ұрлаған нәрсенді тоғыз есе ғып қайырасын. Өлген адамды киіз үйге қойып, тоғыз рет айналады, соナン соң бетін қанжоса ғып тырнаپ, құрмалдық береді. Осылай жеті мәрте жасайды. Белгілі уақытта марқұмның атын, заттарын жөне денесін өртеп, қабірге көмеді. Қектем мен жазда өлгендерді – күзде, жапырақ түскен кезде жерлейді. (Осы әдет ортағасырға дейін қазактарда да сакталған). Күз бен қыста өлгендерді жапырақ шыққан қектемде жерлейді. Жерлеген күні де қайтыс болғанда жасалған ырымдар кайталанады. Марқұмның моласына бейнесі салынып, жасаған ерліктері сипатталады. Ол өлтірген дүшпандарының санындағы тас үйледі. Әкесі, ағалары, нағашылары қайтыс болғаннан кейін інілері әменгер ретінде олардың әйелдеріне үйленеді.

Хан Дугинъ тауында тұрады (Дугинъ тауы Татань иелігінде жатыр). Киіз үйге шығыстан кіреді. Бұл Кунге көрсетілген құрметтің белгісі. Бодын-Инлі тауы қылтанақсыз тақыр болса да киелі саналады. Олардың жазуы ху халқының хәріпіне үқсайды. Уақытты шөпке қарап айырады. Еркектері хюопу, әйелдері волан ойынын жақсы көреді. Қымызды мас болғанша ішеді. Өлеңді бір-бірінің бетіне қарап отырып айтады. Рухтарға табынып, бақсыларға сенеді.

561 жылы Вэй әuletінен шыққан қытай қолбасшысы дулгастармен істес болғанда: “Төбей марапаттау мен жазалауды жек көреді, бастықтарды құрметтемейді, көбінесе тәртіп сактамайды, сондықтан оның құдіреті туралы айту бос сөз” деп мәлімдеді.

**Төбе хан** шығыс жөне батыс бөлікті бөліп, шығыс жағына Эрфу-ханды, сол жағына Бөле ханды қойды. Будда дінін үстанған ол қытайды талқандауды армандады.

**Елігүлі Ше Мөңке Шиболы** хан чжеу әuletінен шыққан Қытай ханшасына үйленген ол 583 жылы Қытайға соғыс ашты. Соғыс кезінде жаны жеккөретін қолбасшы Або-ханды өлтіргісі келді. Ол өзінің немере ағасы Батыс Дату ханға

кашып кетті. Соның салдарынан өзара қырғын соғыс басталды. Або мен ханның басқа туысқандары да бірігіп кетіп, өз таратынан императордан бітім сұрады. Шиболы хан (584 жылы) былай деп жазды. “Аспаннан жаратылған ең ұлы Төбей, аспан астындағы ең кеменгөр, ең әулие Елігүл Ше Мөңке Шиболы хан Сүй өүлетінің ұлы императорына сенім-хат жолдайды”.

Бұл хатында хан: кайынатасы император – әйелінің әкесі болғандықтан өзінің әкесі боп табылатынын айтты. Екі өүлет бір-бірінен бөлек болғанымен, жан-сезімі мен әділет жөнінен біртұтас. Менің барлық қойым мен жылқым императордың малы, оның бүкіл жібек маталары менікі, – деп тәмәмдайды хатын. Сүй өүлеті елші **Кин-цзэні** жағымды жауап хатпен аттандырады. Хан белгілі сырқатымен ауырып орнынан тұра алмай отырса керек. Үлкен ағасы болғандықтан ешкімнің алдында бас иіп тағзым ете алмайтынын анғартты. Онысына Кин-цзэ кінә тағады. Төнірегіндегілердің айтуымен хан кипактап орнынан әрен тұрып еді, айналасындағылар жылап коя береді. Елші оған вассал бол деген ұсыныс жасады.

Маңайындағылар вассал дегеннің құлмен тең деп ескерткеніне қарамастан бұл келісті. Оны Батыс ханы Дату мен қидандар қыспакқа алды. Бұл арада Або күшейіп, Батыстың төбе-ханы аталады.

**Дулан хан** Шиболының баласы. Оның тұсында Даи ханшаның ықпалы құшті болады. Арандатудан қауіп айлаған Қытай: ханша төнірегіндегі төрелердің бірімен көңілдес деген есек таратады. Дулан оны өз отауында өлтіреді.

**Шибі хан Дугидің** тұсында Сүй өүлетіне шабуыл жасауға деген бір алабұрту пайда болады. Қытайдың көптеген тұрғындары бұған қашып келеді, олардың ішінде патшайым Сяо-хэу мен оның тактан үміткер немере інсі Ян Чжен-дао және басқалар болады. Олардың бөрі өзін бұның вассалымын деп мойындайды. Сөйтіп, Дугидің әскері миллионга жетеді. “Бұдан бұрын ежелгі терістік көшпендері ешқашан дәл мұндай мықты болмаған”.

Таң өүлетінің негізін қалаушы **Гао-цзу** 618 жылы оған тарту-таралғымен бітім жөнінде елші жібереді. Ұлының айтуына қарағанда, ол өзін Дугидің вассалы санайды. 619 жылы олардың елшісі императордың жанындағы тақта катар отырады.

**Хели хан** Дуби патша Қытаймен соғыс жүргізіп, 630 жылы күйрей женіліп, тұтқынға түседі де, Қытайда көкірек ауруынан қайтыс болады. Хели арнаулы бөлмеде тұрса да ішіне киіз үй тіктіріп соған жатады. Ол ұдайы ойға шомып, мұңлы әндер сыйылтып, омырауын жаска бояйды. Эбден құлазып, жүдеп, 634 жылы дүние салады. Оның мұрдесі көшпендері әдет-ғұрыпка

орай өртепіп, кулі Ба өзенінің шығыс жағына шашылды. Сөйтіп, оның хандығы жойылды. Төбей Батыс өлкеге қашып жүз мыңдай қолмен Қытайға бағынды. Бұлар оған не жасау керегін білмей дал болды. Біреулер бұларды империяның ішкі жағына қоныстандырып, жер өндейтін егіншіге айналдыру керек дейді. Енді біреулері шекара сакшыларын жасау керек дейді. Ақыр аяғында оларды Шо-фанға қоныстандырып, **Төле ханды** басшысы етіп қояды. (Кидан мен мохэлер Төле ханға бағынышты әулеттің жалпы аты). 693 жылы дулгастарды бұлік шығарған соң қайтадан ауыстырып, бұрынғы көшіп-конып жүрген жеріне қайтарды. Бұл кезде терістікегі шөлейт далада Сеяньто аймағы күшейіп келе жатыр еді.

Дулгастың он үшінші ханы **Сыймо** өзінің хандық дәрежесін тастап, Қытайдың сарай қызметіне кіріп алды. Оның бағыныштылары да Сары өзеннен асып, империя жеріне орнықты.

Дулгастардан, Сыймоның жерін алып алған **Чеби** хан да Қытайға бағынды. Сол себепті Қытай Монголияны екі үлкен Шаньюй және Хань-хай (Байкал) деген басты-басты бағынышты екі аймаққа бөлді. Бірінші аймақ төрт уәләятқа және жиырма төрт округке бөлінді. Екіншісі жеті уәләят пен сегіз округке бөлінді. Түстік Шаньюй аймағында билеуші етіп императордың ұлы – кінәз Хэй қойылды. 679 жылы қөтеріліс болып, жиырма төрт округтің аксақалдары Ашина Нишифті хан сайлады. Дулгастар қайтадан күшейе бастады. Қытайлықтар бірнеше мәрте талқандалды. Гудулу ойхорлардың тогызы руын талап, бірте-бірте жылқымен байи бастады. 682 жылдардың шамасында өзін хан деп жариялад, хандық құрган тұсында Қытаймен соғысты да ойдағыдай жүргізді. Оның ұлы Мөнке 693 жылы таққа отырып, күшейгендігі сондай, Қытайды қоярда-қоймай тұқымдық 100 000 ху тары және 3000 жер өндейтін құрал-сайман беруге көндірді. Онымен де қоймай, ішке өтіп кеткен бірнеше мың дулгастарды қайтаруды талап етті. Қытай патшайымы оны өлтірген адамға бірінші дәрежелі кінәз атағын беремін деп бәйге жариялады. Көшпендердің Қытайға деген құллі қозқарасы осы ханның іс-кимылынан-ак көрініп еді. Империяға ол бірде өтініш айтса, бірде қорқытады, 703 жылы ол өз қызын Қытай тағының мұрагері алсын деп ұсыныс жасады.

706 жылы ол шекараға шабуыл жасайды. 710 жылы бітім және ағайыншылық жөнінде өтініш етіп, бұған Қытай келіседі. Сөите тұрып ол соғысын тоқтатпай, Қытай тұтқындарын өлтіріп жібереді. Мұндай орекшел кимылды 714

жылы өз үлін Пекинге қызметке жіберіп, жаңа патша Юаньцзунмен құдандастырылып, ханшайымды келін тып алғанмен келесі жылы Мөнкө Бәйтхинге шабуыл жасайды. 710 жылы ол Қидан мен Хиды басып алады. Бұл ханның қатыгездігінен қатты корыққан Шығыс ұлысы бас көтеріп, Қытайдың бодандығын сұрайды. Көтерілішлермен соғыс кезінде Мөнкө қоршауда қалып, күтпеген жерден колға түседі де, өлтіріліп, басы Қытай астанасына жіберіледі.

Мөнкенің баласы **Биге хан** Могилянь мейірбан, жуас адам болды да, қайынатасы жетпіс жастағы жауажүрек Тоныгөк және кенесшісі Құлтегіннің айтқанынан шыға алмады. Ханның әйелі **Пофу** еді. **Тоныгөк** тәжірибелі, акылды адам болатын. Оның акыл-кенесі ханға кезіндегі қошпенде халықтардың саясатын нұскап отырды. Ол айтар еді: “күшті бол тұрған кезімізде олқымызды толтыру үшін тек алға жылжуымыз керек, әлсіз кезімізде үнсіз отыру шарт”. Ол ханға будда храмын салуға акыл беріп, діннің адамдарды акқөніл, мейірбан ететінін ескертті. Оның акылымен хан Қытайға бітім мен андалық жөнінде ұсыныс жасады. (“Халық достықта болса, жыл да астықты болады”).

Қытай императоры дулгастардың әлсіздігін аңдап, қидан және басқа ұлыстармен одактасып, үш жұз мың қолмен Могилянды басып алуға бүйірді. Сонда да дулгастар әккілікпен құннің сұықтығын, дүшпан қүшінің шашыраңқылығын пайдаланып, оларды тас-талқан қып, қүйрете женді. Бұған қытайлар садақ тарта алмайтыны да себеп болды. Сондықтан дулгастар бөлініп қалған ұлысын өзіне қайта қосып алды. 721 жылы хан бітім мен андалық жөнінде қайтадан ұсыныс түсірді. Неге екені белгісіз, Қытай бұл ұсыныстан қашқақтауға айналды. Сондықтан да хан қытай елшісіне: “Туфанның тұбі иттен шығады, ал Таң әuletі онымен туыс. Хи мен Қидан менің пендelerім. Сондықтан олар сендердің ханшайымдарыңа үйленеді”, деді.

Дулгастар бұл кезде бейбіт өмір сүріп, баспа-бас сауданы өрістеткен еді. Құлтегін қайтыс болған кезде император оған ескерткіш орнатып, мұсінің қоюға бүйрек берді. Хан бітім мен андалық жайындағы өтінішін қайта жаңғыртып, бұл жолы император оған келісім берді де, үзамай өзі у ішіп өліп кетті. Ол қайтыс болғаннан кейін өзара қырқыс пен дау-жанжал басталды. 742 жылы ойхорлар мен басимилар Ижан ханға тарпа бас салып, оны өлтірді. Оның мұрагері Ұса-Миши де өлтіріліп, ойхорлар үкімет жеріне ие болып, акыр аяғында жиырмасыншы ханның, яғни Баймәй хан Хулунфудің тұсында ойхор Гули Пәйло өзін Гудулу **Бигі Күйеу хан** деген атпен хан

деп жариялады да, 745 жылы Қытайға бағынып кетті. Қытай өз дүшпанының аяғына бас үрғанына қуанып, Аспанұлы өзі жайында мадак жыр шығарып, осы оқиғаның құрметіне ойхор ханшасына жылтына 200 зерен ақ үнтақ беруге уәделесті.

**Батыс Төгейдің өулеті** де екі қалаға бөлінді. Мұған ханың билікке ие болған баласы Або хан Далобянь Шиболымен жанжалдасты. Сөйтіп, Янылодан кейін Шиболыдан бөлініп, Батысқа Алтын тауларға кетіп қалды. Бүкіл Батыс өлке, телестіктер, Куча мен Комул қалалары соған бағынды. Далобяньды Чулохәу хан тұтқынға алғаннан кейін оның орнына Батыс Төбейі үшінші патша болып сайланды, 605 жылы анасы қытай Нигю Чуло хан телестіктермен қасіретті соғысқа кірісті. Қытай оның әлсіздігін пайдаланып, енді оны өз ықпалына бағындырығанды қол көрді.

Қытайдың бұратана халықтар жөнінде саясаты осы елшілікте келіп шоғырланды. Өйткені, біріншіден, олар қытай императорын өздерінен жоғары деп санауы шарт, екіншіден, титықтату үшін бір руды екіншісіне қарсы қойып, арасында ұрыс-жанжал тузызу пайдалы. Осы орайда Қытайдың елшісі ханға батыс дулгастардың вассалдығы туралы айтып, руаралық наразылық негізінде дулгастардың ханы императордан батыс ағайындарды жойып жіберуді сұрағанын мегзеп, олай болмаған жағдайда Қытайда тұратын ханың анасының өмірі қатерге шалынатынын анғартты. “Оның үстінен хан **салтанат сәлемін** екі рет тілеп, сүйікті анаңың өмірін қатерге байлаап, вассал бол деген жалғыз ауыз сөз үшін хундардың хандығын құртып алмажайын деді, деп ескертті елші. Соңан соң сыздықтатып отырып-ақ ханды тогандармен соғысу керек деген ойға салды. “Хан-таксыр, егер сен оларды жазалау жөнінде өтінсөң, Аспанұлы келісім берері күмәнсіз” – деді тағы да. Соңда хан императорға өзі келетінін ескертіп, уәде беруден жалтарып көріп еді, кекшіл қытайлар өш алу мақсатымен дулгас аксақалы Дату ханың Або ханнан жасы үлкен немересі **Шегүйді** қатерді. Сарайына елшілер келген кезде аяқ астынан өзін хан деп жариялауын нұскады. Лауазымды төре Пхэй-Гюй: “Оны айла-шарғымен алдаусыратып, әлсірету керек деген пікір білдіремін. Оның мемлекетін бөлу, шектеу ләзім, соңда бағындыру да онай болады” деді. Ақыр аяғында императордың өзі Шегүйдің елшісіне акканат байланған бамбук жебе беріп, істіп барысы осы жебедей жедел болсын, деді. Шегүй Чулога тарпа бас салып, талқандап жіберді. Чуло Қытайға қашып барып, соңда 618 жылы қайтыс болды.

Чуло ханың тұрақтап табан тірер жері болмады. **Көбінесе үйсіндердің жерінде тұрды.** Ол тағы да екі кіші хан қойып, оларға өз хандығының бірер бөлегін басқаруға берді. Олардың

Ши-годан (Ежелгі Ташкент қаласының қытайша аталуы) шықкан біреуі терістікте тұрып Ху кінәздігін басқарды. Екіншісі Кучада тұрып Инсо елін биледі. Шенеуніктердің ішінен Сыфаян мен Хунда мемлекеттік істерді басқарды. Жыл сайын төрелер жіберіп, бағызыңға дегі ата-бабаларға, олардың аруағына бағыштал, құрбан шалдырыды.

**Тұн Шеху хан** – Шегүйдін кішісі. Ол Бос (Персия) пен Гибиньді (Кашмир) бағындырып, билігін бүкіл Батыс өлкеге жүргізді. Ордасын Шигодан Мынбұлаққа (Цянь-циоань) ауыстырыды. Әкімдерге сылиф атағын беріп, колына билік тізгінін ұстасып, бақылат басқару ісіне жіберді. Тұн-Шеху империямен одактасып, Шығыс тұқуylіктеге карсы соғысу жөнінде шарт жасасып, құдандалық жайында өтініш етті. “Батыс тұқуylері бізден бөлініп кетті. Олардан таяу кезеңде көмек құтудің мүмкіндігі жоқ. Сондықтан туыстасуға бел буудың қажеті болар ма екен” деп жазды. Император оған кінәз қызыны беруге бұйырыды. Алайда, ол каталдығы үшін Мөңкенің қолынан қаза тапты. Мөңке Қойлы Сыби хан деген атпен хан тағына отырған еді, оның тұсында берекесіздік пен өзара қыркыс басталып, Батыс өлкесі ыдырап кетті.

**Шаболы Қылыш хан** өз ордасын он ұлыска бөліп, олардың басына он жоғары шендеңі әкімдер қойып, әрқайсысына бір-бір жебеден ұстартты. Дудулардың (дулаттар) бес үрпағының бес ұлы жорасы (атақ-дәреже), бес нушиби ұлысының бес ұлы төресі болды. Оларды Суй-е (Шу) өзені бөліп жатты. Нушубилер Батыста, дулаттар Шығыста тұрды. Оның тұсында берекесіздік етек алып, соның салдарынан Батыс дулагас ұлысы екі хандыққа бөлініп кетті.

**Ибі-Дулуды** Батыс ұлыстары 638 жылы хан деп жариялад, акыры Іле өзенінің бойында бітімге келісті. Бұл бітім бойынша өзеннің батысындағы жерлерді дулаттар алды. Дулу өз ордасын Цзыхэнның маңына орнатып, оны Терістік орда деп атады. Қылыш қаза тапқаннан кейін оның баласы бір жылдай хандық құрды, одан кейін нушиби ақсакалы Ибо Шаболы Шефу ханды койды. Ол өз ордасын Суй-хә өзенінің терістігіне орнатып, оны Тұстік орда деп атады. Ол Іле өзенінің шығысына жақын жерде еді. Шығыс Түркістан, Тухоло, Қарашар, Ши, Хә, Мұжәне Кан – бәрі-бәрі соған бағынды. Дулу қанлылармен соғысып, олжа үшін өз бодандығымен таласып, Ие өзенін басып өтіп, Шидің түрлі қалаларын алды, сол жақта тұрып қалды. Нушубилар Қытайдан басқа хан қоюын өтінді.

Тәржімашы Выньвуинь халықлен кенесе отырып, Дулы хандар әүлетінен Ибі ханды таңдап, Ибі-Шегүй хан деген атпен хан көтеріп, сенімхат тапсырды. Такқа отырғаннан кейін

Байшіху қаласында қамалып отырган Дулу ханға барды. Дулу зұрнай мен кернейдің дабылымен үрыска шығып, нушибилер төтеп бере алмай кері қашты. Жеңгеннен кейін Дулу бұрынғы барлық ұлыстарын өзіне шақырып еді, одан ештеңе шықлады. Халыктың жалпы қөніл-қүйін байқаған соң ол Тухолога тартты. Бұл арада Ибі-Шегүй императорға құдалық туралы соз салып еді, ол Кучу, Қотан, Қашқар, Чжуцзюйбо және Цунлун кінәздіктерін талап етті одан. Хан келіспеді. Құдандалылық бетімен қалды. 646 жылы Дулу хандары тұқымынан шықкан Дулудың тұсында чуюе, чуми, гусу, гәлолу және нушуби деген бес ұлысты шеху ретінде басқарған Хэлу деген біреу Ибі-Шегүймен жанжалдасып, Қытайға тартып отырды. Сол 651 жылы батыска бет алып Мыңбулақтың маңынан бұрын Дулудың ордасы тұрған тұстан ордасын көтерді. Сөйтіп, өзін Шаболы хан деп атады. Ол барлық он аймакқа бірдей билік жүргізді. Хан тағына орнығып алғаннан кейін Қытайға шабуыл жасап, Тыхинчжеу уездерін талап, тұтқынға бірнеше мың адам алып, тайып тұрды.

Қытай дулгастарды жазалауға бел буды. Ол үшін императордың отыз мың әскерін және ойхордың елу мың салтаттыларын жібермек болды. Осы орайда императорға дулгастармен соғыстың қандай болатынын айтып жеткізген Ло Хун-идің көзқарасы қызық. “Кіндік хандық адал берілгендігімен қөніл қөншітіп, терістіктең көшпелілерді құшпен басқаруы керек. Қыста олар біздің әскерді құтпейді. Қазір Хелу бір ғана қалада отыр. Оның осы тар ауқымын пайдалану ләзім. Егер мұны қектемге қалдыrsa, жағдай өзгеріп кетуі көдік. Чуми, чүйе және басқа дүшпан рулар Хэлумен бірігіп кетеді. Соңдықтан көшпенді жасақты алға жіберіп, қытайлар Пхинло өзенінің жағасында колғабысшы болып тұруы керек. Көшпелілерді қуып, қасқырға тарпа бас салатын тәсілді қолдану қажет”, – деді ол. Соғыс сәтті басталды.

Қолбасшы Тянь-фан Лао-Шань тауында чуе, хучжу ұлыстарын талқандап, императордың сарайына он мың бас жіберді. 654 жылы әскер қолбасшысы Чен-Чжи-цзюе Сарымсақ тауға баар жолда гәлолу мен чуйелерді талқандап, әркайсысынан бір мыңнан адам өлтіріп, ондаған мың жылды олжалады. Бас қолбасшының кемекшісі Чжеу Чжи-ду чумгундардың қаласын алып, отыз мың құлақты кесті. Бұл арада Су Дин-фан 656 жылы Ілеге баар жолда әскердің қолбасшысы сайланған. Су Дин-фан өзімен бірге ойхорларды да ала жүрген еді. Дулгастардың чүйе және чуми әүлетінен шыққан екі ақсақалы Ашина Мише мен Ашина Бучжен Бежін сарайында тұратын еді. Олар сусыма құм арқылы өтті.

Таңдаулы атты әскерімен Іле өзеніне Су-Дин-фан батыс жағынан келіп чумгун ұлсыны талқандады. Жұз мындық атты әскерімен Хэлу оларға тарпа бас салып еді, қытайдың он мындық армиясынан сокқы жеп кері қашты. Нушубидің бесеуі де Қытайға бағынды. Дулудың бесеуі түстік жолымен қашты. Су-Дин-фанның көмекшісі Сяцы-ье және ойхордың Пожуны олардың тұп ізіне түсіп Долос (Талас) өзеніне дейін қуды. Құні-туні дүшпанның соңына түсіп, Су Дин-Фан Шуан-хә өзеніне дейін жетті. Содан хан ордасына 200 ли қалғанда қосының әскери тәртіпке келтірді!

Гинь-я-шань тауладарының маңында хан әскерлері аң аулап жүр екен. Қытайлықтар оларға тарпа бас салып, ордасын тасталкан қылды. Ондаған мың адамды тұтқынға алып, ханың кернейі мен туын, қару-жарагын алып кетті. Хэлу Іле өзенінің аржағына қашты. Көмекші Сы-ье “Мың бұлақты” басып қалды. Хэлу қорғаныс жасағанмен талқандальып қашуға мәжбүр болды. Оны Шу өзеніне дейін тұп ізіне түсіп құған Су Дин-фан барлық әскерді басып алды. Хан Шиге қашып, Суду қаласына әүпіріммен әрен қірді. Соңда да оны қала әкімі ұстап алып, қытайларға тапсырды. Астанаға келгеннен кейін оның өлім жазасы өзгергілді. Алайда мәртебесінен жүрдай болды. Дулгастардың жері екі аймакқа, яғни Гунь-лин және **Хаочин** ұлстарына, алты уәләятқа және округте бөліп берілді. Батыстағы Босага дейінгі жердің бәрі Батыс иелігіне көшті. Соғыс кезінде көмектескен Ашина Мише мен Бучженді бірін хаочин әмірі етіп дулудың бес әuletін билетті, екіншісін хаочин әкімі етіп нушубидің бес әuletіне басшы қылды. Бұл 657 жыл еді.

Мише мен Бучженнің (XV-XVI хандар) тұсында Шығыс Түркістан қалалары бас көтеріп, Қытайдың бас қолбасшылары Ди-фан мен Су-Хайчженнің оларды құштеп басуына тұра келді. Мишені Бучжен мансұқтап, 671 жылы биліктен айырды. Сол жылы Бучжен қаза талты. Батыс түрік уәләятінің ақсакалы Ашина Ду-чжыны Қытайдың әскери басшылығы әскери бастық етіп сайлады. 676-678 жылдары ол өзін хан деп жариялад, тибеттіктермен бірлесіп, Аньсиға шабуыл жасады. Қытай оларға қарсы әскер жібермек болып еді, бірақ парсы патшасының ұлын шығарып салып, даштарды тыныштандыруға жіберген тәре Хинь-гянъ 679 жылы Ду-чжыны айламен қолға түсірді. Бұдан кейін Батыс дулгастықтардың он аймагы әбден әлсіреп, 693 жылы қытайлар билігін асыра пайдаланып, өсекке сеніп Мишенің ұлы Юань-кинді Бучженнің ұлы Болише Хусэлоны әкесінің орнына хан болған жерінде жазалап беломыртқасын үзіп өлтірді. Мұнан кейін Батыс дулу әuletінің билеуі жиырма үшінші әмірі Син ханың өлтірілуімен үзілді. Алайда, дулаттар

туциши әuletінен сайланған жиырма төртінші әмірі Ужіл хан тұсында өлі де мыкты еді, иелігі бұрынғы қалпына жеткен-ді. Бірак ішкі берекесіздік тағы да соғыска үрындырды. Сөле ханның 708 жылы өзінің бір аксақалымен жанжалдасып қалуы істін мән-жайын қарауды Қытайдан өтінуіне мәжбүр етті. Онын карсыласы императордың атынан мемлекетті билеп-төстеп отырған ықпалды министр Чу-кхэні пара беріп сатып алды. Олардын алмасқан хатын колға тұсірген Сөле шекараға шабуыл жасап, Чу-кхэнің басын шауып беруді талаң етті. Ал министрдің інісі Чжену бұл кезде Шығыс дулаттардың басы Мәдеге барып, оны Сөгеге қарсы көтерген еді. Ол Сөгени тұтқынға алып, екеуін де дарға асты. “Сендер ағайын-тұыс болып өзара ынтымақта тұра алмадындар. Демек, маған да адад кызмет ете алмайсындар”, деді.

**Чжун Шунь хан Сулу** – туциши әuletінің басты аксақалы. Тас-талқан боп ыдыраған ұлысының қалғанын жинап, 717 жылы өзін ханмын деп жариялады. Ол жүртты жаксы басқарды. Эрбір ұрыстан кейін олжаны бағыныштыларына үлестіріп беріп отырды. Сондықтан оған рулар разы болып, бар ынта-ықыласымен қызмет етті. Ол дулу мен тибет ханымдарына және Таң әuletінің қыздарына үйленген еді. 738 жылы Сулуды екі аксақал Думошы мен Мөнкө Даған өлтірді. Содан соң дулулықтар екі жікке: сары және қара руларға бөлініп, әрқайсысының өз ханы болды. Император оларды келістіру үшін әскер жіберді. Даған Батыс өлкө қалаларымен бірігіп, Сулудың баласына шабуыл жасап, талқандап жіберді. Қытай Худай-даоның ұлы Ашина әuletінен шыққан Эхинді оның орнына қойды. Бұған Мөнкө Даған разы болмады. Содан соң бірде қаралар, бірде сарылар басымдық алып, өз хандарын тағайындалап, өзара соғыс жүргізді. Ишкі істерімен аландаган Кіндік хандық 742 жылы бұлардың ісіне араласа алмады. 758 жылы қаралар руының ханы болған Юның хан әбден әлсіреп амалы таусылған соң ойхорларға бағынды. Бұл халықтың қалдығы 200 мың жан Гинью жотасының етегінде отырып қалды.

\* \* \*

Әбілғазының айтуына қарағанда, **үйғырлар** түрік тегінен шыққан және оғыздың алғашқы маңызды тайпалары: қанұлы, Қыпшақтардың қатарында болған халық. Әбілғазы үйғырлардың (одақтастардың) алып жатқан жері туралы айтады. Мәселен, монғол жерінде Шығыстан Батысқа шейін созылып жатқан асқаралы екі тау бар. Олардың бірі –

Токырату-бұзлық, екіншісі Аскунлук-Таңрим. Бұл таулардың арасында монголдар елінің батысына қарай тағы бір тау бар. Оны Құттау атайды. Аталған таулардың аралығында бір тұста – он жылға, бір жерде тағы тоғыз жылға ағып жатады. Бұлардың бәрі үлкен дарияның бастау көзі. Ұйғыр халқы бағзыдан-ақ сол жылғалардың арасында тұрған. Яғни, он өзеннің өнірінде тұрғандықтан он үйғыр, тоғыз өзеннің жағасында тұрғандықтан тоғыз үйғыр атанған. Олардың қалалары, кенттері, егістік жерлері көп болған.

Одан әрі Әбілғазы үйғырдың әмірлері жайында айтады. Әуелі он үйғырда ел – елдар деп аталған, ал тоғыз үйғырда құл-өркен, ғөл-өрген (өзеннің басы) делініп, олардың билеушілерін идікүт атаган. Яғни, бұл бақытты әкім деген сөз. 300 жылдан кейін олар талқандалып, әскербасылардың олжасына айналып, тұрымтай тұсына таратып әкетілген. Бір бөлігі бұрынғы жерінде қалып, бір бөлігі Ирдыш (Ертіс) өзеннің жағасына келген. Бұл арада олар тағы үшке бөлініп, бір бөлігі Бесбалық қаласына барып, егіншілікпен айналысқан соң халық әбден байыған. Бір бөлігі жылқы мен қой өсіріп, көшіп-конып Бесбалық маңын мекен етіп жүрген. Тағы бір бөлігі ешқандай мал ұстамай, балық аулап, құндыз, сусар, күзен және тыын ұстап, солардың етін жеп, терісін киген. Тірі малды, жібек пен мактадан жасалған матаны әмір-бақи көрмеген. Ата-анасы ашуланса қызын: “сен жылқы мен қойы бар адамның қолына тұс, ет жеп, қымыз іш, сойтіп, басыңа ауыртпалық түссін” деп қарғайтын болған.

Шыңғыс ханың тұсында үйғырдың идікүті Бауыршиқ деген болады. Мәуреннахра шеру тартқанда Шыңғыс ханға тарту-таралғыны мол әкеліп, ол соған қосылып кетеді. Үйғырлардың арасында түрік тілін жақсы білетін, хат жазуға, есеп шығаруға жүйріктері аз болмаған. Шыңғыс ханың заманында, оның балалары мен немерелерінің тұсында хат жүргізушилердің бәрі үйғырлар болған. Солардың бірі Қырғыз Қорасанның, Мазандеранның және Гиляннің билеушісі болды. Осы деректерге сүйене отырып, француз тарихшысы Дегинь Жозеф үйғырлар, “Алдыңғы және Артқы Чеш деген атпен белгілі жерде әмір сүрген деп топшылайды. Көптеген оқымыстылар үйғырлардың алғашқы отаны деп Селенга мен Орхонды таниды. Оның үстіне Рашид-әлдин үйғырдың он өзеннің жалпы атауы Он Орхон деп тігті олардың атауларын келтіреді.

Қытай тарихшылары ойхор немесе хой-хор халқы туралы айттып кеткен. Олар Түстік Монголиядан шығып, терістік шөлейт даламен жүріп отырып, Солия (Иакинф сопы бұны Селенгі деп қабылдайды) өзенніне жетіп коныстанып, дулгастардың бір аймағын

құрады дейді. 744 жылы ойхор патшасы Гули Пейло (лақап аты Гудулу-бия-гюе-хан) дүлгастардың езгісін алғаш жойып, өз ордасын Үдеген таулары мен Гунь (Орхон) өзенінің арасына орнатты. Оның кезінде ойхорлар он ұлысқа бөлінді. Өзге алты буыны ойхорлармен терезесі тен деп саналып, басқалар басып алған басими және гелолу әuletімен қосып алғанда он бір ұлыс қураған. Иакинф сопы оларды мұсылман тарихшыларында сипатталған үйғырлар деп кабылдайды. Ойхор аймағы таң әuletетінің тұсында Қытайға қарсы көп шабуыл жасап, акыры қытайлармен бітімге келіп туысып кетті.

Ойхорлардың өз қалалары болды және будда дінін ұстанды. Олар монилері (такуа дінбасылары) ойхор елшілігімен бірге Қытай мен Сянъ-Цзунге өтті, жалған ілімге жабысып, сопыханалар салды. 840 жылы хакастар ойхордың астанасын ойрандап, олардың ханы Айдынды Лоима Мишихә Гюйлу Биге ханды өлтірді. Содан рулардың жартысы Тибет пен Аньсиге қашып, бір бөлегі монголлардың түрлі көшпелі ұлыстарымен қосылып кетті. Сол сәттен бастап хойхулер әлсірей берді. 846 жылы олар шөлейт қырдан әрі батыста болды. 860-873 жылдары олардың басты аксақалы танғұттарға (тибеттіктерге) шабуыл жасап, Карапар мен Бөгір қаласын қосып, Шығыс Туркістанды тартып алды. Жаңадан қалпына келгеннен кейін Хойху қайтадан хан дәрежесіне көтерілді.

Үйғырлар кім болған деген болжамға бой үрмай-ак, біз оларды XIII ғасырда қарақытай ханынан тәуелсіз, Шығыс Туркістанда тұрғанынан табамыз, Әбілғазы қытайларды қатай деп атап, олардың елі Ерен қабырғамен қоршалғанын айтады. Шұршітер патшасын өлтіргенде қарақытайдың бір мырзасы Түйси-Тайфур алдымен қазақ жеріне, соナン соң Еміл қаласына қашады. Бұрын бұлік шығарып қашып барған қытайлар тұратын еді онда. Бұл 1134 жыл. Айта кету керек, Әбілғазы қытайлар мен қарақытайларды ажыратады. Қытай деген атпен ол нючжейді алып, олардың патшасын алтынхан, ал қарақытайлардың билеушісін гүрхан дейді. Дегиннің, Клапрот пен Фишердің зерттеулеріне қарағанда, тұңғыс Ваны Нючжи қидандардың әuletін құлатқанда, олардың басшысы өз әuletіне Гинь деген атақ берген, бұл алтын, фандаи сияқты металды білдіреді. Қидандардың мәртебесі – болат. Мәнжүрдің Айжантурұн дегені – алтын хандық. Шығыстың алтын-ханы осыдан шыққан.

Қиданың соңғы патшасы Елу-Енгінің туысканы жауынгер Тушиталгунның басшылығымен қидандар Туркістанға шабуыл жасап, Кіші Бұқарияға, яғни Туркістанға орныққанда Қашқар, Жаркент және Қотан солардың қол астында болды. Үйғыр билеушісі оған пенде ретінде салық төлеп, аманат жіберіп

түрдү. Эбілғазының айтуына қарағанда, Самарқанд пен Хорезм де оған алым-салық төлеп тұрган. Монголдар күшейіп, Шыңғыс хан шыққанда қаракытай гүрханы мен Шыңғыс Түркістандағы үйғырлардың иеліктегі соның қоластына көшті. Салық төлеп тұрган қалаларына өз әкімін койған қаракытайлықтардан корлық көрген үйғырлар Шыңғыс ханға елші жіберіп, өздерін бодандыққа алуын сұрады. Олардың ханы Қуат немесе Идікүтты (Бакытты) мандаійынан сипап, Шыңғыс хан оған өзінің қызын берді. Сөйтіп, жағдай монголдар мен қаракытайлардың тізгінін үстітті.

Найман патшасы Таянның ұлы Күшілік қаракытайдың гүрханына қашып барып, кейін Шыңғыс ханға наразы әр рудан шыққан босқындардың басын құрап, күшейіп алды да, гүрханның өзінен бірнеше қаланы тартып алды. Жебе-ноян жедел оны өлтіруге аттандырылды. Талқаны шыққан Күшілік тауға қашты, бірақ онысынан ештеңе шықпай, монголдың көсемі түп ізінен қалмай, Бадахшанда Сарықөл жазығында қолға түсіп, опат болды. Сөйтіп, Қаракытай да басып алынды.

Мәуреннахра жорығында үйғыр идікүті қарлықтардың ханы Арысланмен бірге өз өскерін монголдармен біріктірді. Қытай тарихы мұны Эбілғазының сөзінен аудырмай дәлелдейді. 1208 жылы Күшілік Қиданға (Қаракытай) қашты. 1209 жылы Хойхур иелігінің монголдардың бодандығына кіргенін байқаймыз. Ганьмудағы иелікті Вэй-вур деп атаған. Таң әuletінің тұсындағы кінәздік Гаочан деп аталғанына көз жетеді. 1211 жылы: “Батыс өлкеден Арыслан хан қарлық халқының басы болып Шыңғыс ханға бағынды. Хайхор әмірі Идікүт соның сарайына келді” деп жазады. Эбілғазы: үйғырлар жазу-сызуы бар сауатты халық, сондықтан монголдардың хат жүргізушісі қебіне солардан болды. Оның үстінеге қаракытайлармен катар монголдардың өскерлеріне де қатысты, — деп жазады. Хиуада өзбектердің арасында — үйғыр, ал Бұқарда қытай деген рулар бар.

Шыңғыс хан Туранды, Персия мен Қытайды бағындырғаннан кейін оның ұлы Шагатайдың үлесіне бүкіл Мәуреннахр, Қорасан, үйғырлардың жері, Қашкар, бір сөзben айтқанда, Балқы мен Фазнадан Сырдарияға дейінгі ұлан-ғайыр алқап тиген. Шагатайдың резиденциясы Шеббалық қаласында түрдү. Шагатай ұдайы інісі Үгедейдін касында болып, елді бектері басқарды. Ұзамай Шагатай әuletінен шыққан Фазан патша қайтыс болғаннан кейін Шагатай ордасы бөлек-бөлек коп ұлыстарға бөлінеді. Соның ішінде Шагатай әuletінен шыққан ханзадалардың бірі Есенбұға Қашкарда, Үйғырстанда және монголдар елі Жонғарияда тәуелсіз хан болып орныкты. Эбілғазы: “Бұған дейін Қашкар мен Жаркентте, Алатау (қазіргі

қара кырғыздар мен ұлы жүздің жері) мен үйғыр елінде Шағатай әuletінен патша болған жоқ еді. Сол себепті де монголдың ақсакал әмірлері кенеске жиналып, Есенбұғаны Қашқар мен Жаркентке, Алатау мен монгол еліне патша етіп сайлады” – дейді. Ал бұдан Әбілғазының Шағатай ордасының еуропалықтар Шығыс Түркістанда немесе Жонғарияда деп топшылаған тағы бір астанасы туралы білмейтіні анғарылады. “Монголдардың тарихы” деген енбегінде парсы тарихшысы Хондемир: “Шағатай хан Бесбалықты өзінің астанасы жасап, уақытының көбін інісі Угедей қаһанның қасында өткізген”, – деп айқын жазады.

Есенбұғаның ұлы Тоғлық-Темір әйдік патша болған. Мәуреннахра Шағатайдың үрпактары әмір деген атақпен бас-басына билік құрып, солардың біреуі Қозған әмір (хижраның 760-шы жылы қайтыс болған) билікті тартып алғып, хандарды өзі қойып, орнынан өзі түсіріп отырған. Онымен де тынбай баласы Абдулах қайтыс болғаннан кейін Баянқұл ханның әйелін тартып алмақ болып бейшара патшаны өлтіріп, халықтың қолына қару ұстатты. Содан 763 жылы өзара қырқыс басталды. Тоғлық-Темір хан Мәуреннахра шеру тартып, елді түгел бағындырды да, өз ұлы Илияс-қожаны хан қойды. Бұнда өзі бір жылдай болып, Ұйғырстанға оралды (Әбілғазы мен Хондемирдің “Монголдар тарихын” қараңыз).

Бір жылдан соң 765 жылы Илияс-қожаны Әмір-Кұсайын, Әмір-Темір (кейін Ақсак Темір деген атпен атақты хан болған) қуып шығып, Әбілғазының айтуынша, Қашқарға кайтқан, Хондемирдің айтуынша, өлтірілген. Қалай болғанмен де Есенбұға әсіресе Тоғлық-Темір заманынан былай Батыс Түркістан ШығысЫнан басы-кулді ажыратылады. Мәуреннахрдың кейінгі тарихында үйғырлар мен үйсіндердің бектері туралы қосалқы ескертпелер болмаса, Қашқар туралы ешқандай хабар кездеспейді. Әбілғазы Тоғлық-Темірге хикаясының бірнеше бетін арнаған. Мүмкін-кадерінше соның мазмұнын баяндап көрелік.

Есенбұға бәйбішесі Сатылмаш-қатыннан бала көрмей, сол себепті отауына Менлі атты кәнізакты тартады. Ұзамай кәнізак жүкті болады. Оның ханнан екенін халықтың бәрі біледі. Күйеуі сапарға шығып кеткенде Сатылмыш-қатын қызығаныштан кәнізакты Широғұлы деген бір монголға сыйласап, ол әйелді алғып, көшіп кетеді. Хан келіп кәнізакты сұрағанда, барлық болған жағдай баяндалады. Бәйбішесіне хан ауыз аша алмайды. Өйткені монголдардың ғұрпы бойынша бәйбішенің билігі байынан басқалардың барлығына жүре беретін. Сол себепті Есенбұға қайтыс болғанда Шағатай әuletінен такқа отыратын адам болмай, әр ру өз ханын сайлағысы келеді. Сонда Есенбұға ханның уәзірі Әмір-Жолаушы Менлі-қатынның ұлын еске алып, баланы іздеуте

Таштемірді жібереді. Оған жолай азығын деп жұз қой айдатып, аман-есен оралған соң қалауынша күміс сыйламақ болады. Монгол жерінен ол Менzl-қатынның шын мәнінде де үл туғанын, одан кейін Широғұлыдан бір баласы барын біледі. Біріншісінің аты Тоғлық-Темір, екіншісінің аты Темір-Мәлік екен. Таштемір баланы әрен деп алып, Әмір-Болатшыға жеткізеді. Ол оны табан аузында хан деп жарияладп, монғолдардың дәстүрінше ұлан-асыр той жасайды. Тоғлық-Темір хан болып сайланысымен көп ұзамай Қашқарды, Жаркентті, Алатай мен Үйғырстанды басып алып, одан кейін Мәуреннахр мен Самарқандға әмір етіп өз ұлы Ілияс-кожаны қояды да, қайтыс болады. Қашқарда іслем дінін тұнғыш қабылдап, оны берік айғақ негізде беркіткен де сол болды.

Әбілғазының әңгімесіне қараганда, бірде хан аң аулап жүріп, жолдан жалғыз-жалқы саяхат жасап жүрген жанұяның шатырын көреді. Өз екімін бұзуышыны алдына алып кел деп жарлық береді. Өйткені аң аулап жүргенде ол өнірде бөгде адамның болмауы туралы бұрын бүйрек бар-тын. Алып келген адамы бұқаралық Шучжаг-әддин шейхы екен, Шейхы бүйректы білмейтінін, саяхатшы екенін айтады. Шах одан: “Тәжік емессің бе?” – деп сұрайды. “Тәжікпін”, – деп жауап қатады ол. Хан бұған: “Тәжік дегенің иттен бетер”, – деп ескертпе жасайды. Шейхы: “Рас, дініміз болмаса, біз иттен де бетер болар едік”, – деп жауап береді. Хан аңдан қайткан соң нөкерлеріне шейхыны ордаға алып келуді бүйіралы. Діннің ақықат мәні туралы ұзақ әңгімeden кейін хан өзінің адасып жүргенін біліп, енірегендеге етегі толып жылайды. Хан ислам дінінің ақиқаттығына көміл сенгенімен, табан астында өзін оның жолын ұстанушы деп жариялауга батпайды.

Шейхы үлдарына өсiet етіп, ханға батасын бергенін, кездессе, оған өз уәдесі жайында ескертуді тапсырып қайтыс болады. Хан Та什кентті, Әндіжан мен Самарқанды, Бұқарды және бүкіл Мәуреннахрды басып алғаннан кейін шейхының баласы Рәшидаддин ханға өз әкесінің өсietін жеткізіп, назарын аударту үшін таң алағарактан ордаға келіп, азан шакырады. Тәтті үйқысынан оянып кеткен хан азаншыны озіне алып келуді бүйіралы. “Не үшін бізді тәтті үйқыдан ояттың, жарқыным?” – деп сұрайды одан. Рәшидаддин ханының өсіне өз уәдесін салады. Хан сол замат “калимати шахадатқа” тілін келтіріп, табан аузында мұсылман болады. Әмірлердің бәрі ислам дінін қабылдайды. Тек Шорас деген әмір ғана шейхыға шарт қойып, жекпе-жек күрескенде дінсіз палуанды жықсаң ғана, дініңе кіремін дейді. Рашидаддин шейхы: шартың жақсы екен, күресуге де өзірмін деп, Шорасқа

көне кетеді. Дінсіз балуан жеңіліп, сол күні ғана 160 адам ислам дінін қабылдайды. Сөйтіп, Шағатай ұлысында соңғы пайғамбардың діні берік ұстанылып, уағыздала бастайды.

Бұл мысалдан Қашкарға ислам діні қындықпен әрі кеш кіргенін байқауға болады. Мәуреннахра Жас Мөңкенің ұлы Барак-хан (Хондемирге илансақ Мен-тұктың ұлы Есентудың баласы, Шағатайдың шебересі) ислам дінін бірінші болып қабылдап, Фаясаддин аталады, Тармашырында (Кебек) Дүйгеджанның баласы оны ақыр аяғына дейін беркітеді.

Тоғлық-Теміре дейін үйғыр хандары қырда көшіп жүріп, ез иеліктерін Ресейді билеген Алтын Орда хандары сияқты басқарды деп ойлауға негіз бар. Тоғлық-шахтың бейіті, жанындағы гибадат ететін мазар Құлжадан отыз шақырым жерде Хоргос тауының етегінде қазір де тұр. Батыс өлкө туралы Бежінде ғылыми комиссия басып шығарған географиялық сөздікте Шығыс Түркістанда “Сұltтан Яйлак” деген жер бар екені бұны тағы да анықтай түседі. Онда түркістандықтардың бірнеше жанұясы тұрады. Тоғлық-шах туралы аңыз-әңгімелер түркістандықтардың арасында қазір де жақсы сақталған. Оның мазарының қабырғасында осынау патшаның өмірінен дерек беретін мағлұмат жазылған. Оған қарғанда, шах алдымен қалмак (дінсіз) болып, ез ордасымен Жонғарияның алабында көшіп-қонып жүрген. Откен жылы қытайлар мазардың жанынан жер қазғанда әралуан алтын заттар мей тенгелер тапқан. Біздің қолымызда бұл патшаның бір алтын ділласы бар. Оған “Тоғлық-шах Саид-шайид” деп жазылған. Құлжадағы елшіміздің қолында тенгелердің ішінде де бұл патшаның басқа біреу құйған тенгесі бар. Оған “Сұltтан ибн Елғазы Тоғлық-шах” деп жазылған. Жалпы, сирек олжалар мен тенгелерге қарағанда, Ілеңің ағысын бойлап, Хоргос жазығына дейін көсілген бұл өнір үйғыр хандарының ен сүйікті жазғы жайлауы болғанға ұқсайды.

Құлжадан 120 шақырым жерде шекарамызға таяу Өсек өзенінің маңынан бір қазақ келіншегі бағзы жазуы бар әралуан тенге тауып алыпты. Олардың біреуі біздің қолымызда тұр. Ал елшінің қолында араб халифтерінің тенгелері, үйсін және монгол харпымен жазылған бакырлар бар. Олардың өшіп кеткен жазуын айыру едәуір қындыққа соғады.

Тоғлық жөніндегі әңгімемізге қайта оралайык. Одан әрі Эбілғазыдан мынадай жолдарды табамыз: “Әмір-Еломар-Жолаушы қайтыс болғаннан кейін артында алты-жеті жасар ұлы қалады. Хан оны әкесінің мұрагері етіп қояды. Қайтыс болған уәзірдің аға-інілерінің бірі тамаша қылап, жауырыны жерге тимеген балуан жігіт Қамариiddин патшага ұсыныс жасап, інісі жас болғандықтан басшылық жұмысты өзіне

тапсыра түруын өтінеді. Хан бұл өтінішті қабылдамай қояды. Сол күннен бастап Қамариддинің көкірегінде ыза-кең өршиді. Тоғлық-Темір хан 730 жылы туып, Жолаушы әмірдің көмегімен он сегіз жыл хандық құрады. Жиырма төрт жасында ислам дінін қабылдап, отыз төрт жасында қайтыс болып, алтандың әмірімен бұл пәніден бакыла аттанады. Хан қайтыс болғаннан кейін Қамариддин бұлік шығарып, Илияс-қожаның әулетінен ұлылы-кішілі он сегіз адамды, ханның үлкен ұлын шәйттер қатарына қосып, барлық жерге өзінің тілеулестерін қояды. Тоғлық-Темірдің үрпактарын көзге түсken жерде өлтіріп, өзінің құрметі үшін құтпан намазын оқуға бүйрық беріп, теңгедегі танбаларды өз атына көшіруді тапсырады. Тоғлық-Темірдің емшектегі кішкентай баласын Әмір-Құдайдатқа әкеледі. Құдайдат оны Қамариддинге ұстап бермей, өз қамқорлығына алады.

Дәл осы кезеңде Әмір-Темір (Ақсақ Темір) әскер жиып, Қамариддинге келеді. Жаппай дүрбелең мен үрейді пайдаланып, Құдайдат қасына машайық қосып баланы бірнеше сенімді адамдар ертіп Бадахшан тауына аттандырып жібереді. Әмір-Темір бес рет келгенде де үрысқа сақадай сай әскерге тап болады. Ағайда соңғы келгенінде Қамариддин қашып, бір үлкен үнгірге тығылады. Сол жолы Темірдің жорығы туралы хабар жаңсақ болып шығады. Бір ғажабы елшілер оны орнынан таппай, ханның адjan патшасына (Персия) қашып кеткенін біледі. Сәтті кезеңді пайдаланып, Бадахшаннан Тоғлық-Темірдің Қызыр-қожа деп ат қойған баласын шақырып, оны әкесінің орнына патша деп жариялады. Бұл хикаясын Әбілғазы: “Сол күннен бастап бүтінге дейін Қашқардағы, Жәркенттегі патшалар Шагатай – Мөнке – Есентүн – Баракхан – Дүйқожа – Есенбұға – Тоғлық-Темір – Қызыр-қожа балалары болып келді”, – деп аяқтайды.

Қытайлар бізге жеті шаһарда хандық құрган патшалардың бәрінің есімін сақтап берді. Әрине, бұл арада олар жергілікті тарихи көздердің дерегін пайдаланған. Мәңжүр, монгол-қалмақ және түрік тілдерінде қытай сөздерін дұрыс оқу үшін бертінде басылған географиялық сөздік “Си-юй-вынь-чжиде” жарияланған Қызыр-қожаның түп-тегі туралы дерек Әбілғазының хабарынан өзгешелеу. Оқып көрелік, Қытайдың географиялық сөздігінде Шыңғыс ханнан Шагатай мен Мамақы туады. Шагатайдан Қарабай, одан Дабашы, одан Бардан, одан Батырхан, одан Тұмене, одан Ағыс; ал Мамақаннан Сұбірак, одан Қайду, одан Самбұға; Тоғлық-Темір бөлек алынады да, одан Қызыр-Қожа туады дейді. Ал Әбілғазы бойынша, Шыңғыс ханнан Шагатай, одан Мәтқан,

одан Есентүн; одан Барак хан, одан Дүйқожа, одан Есенбұға одан Тоғлық-Темір, одан Қызыр-кожа туады.

Қызыр-кожадан кейін Шерәлі, Шермұхаммед, Махмұт, Сұлтанжұніс, Сұлтанахмет, Сұлтансейіт, Әбдірашит, Әбдірахым, Бабахан, Ақбас, Сұлтанахмет, Ескендер, Мансур, Қасым, Абдолла – барлығы жиырма төрт патша. Кейінгі кезде Жеті шаһарда зайырлық билікті қолына алып алған қожалардың саяси мәнін орнықтыруына байланысты түсінік берер ешкандаи дерек жоқ. Әлгі сөздікте Мұхаммедтен бастап, қожалардың шежіресі берілгенімен, олардың Қашқарға қашан келгені, қайсы сұлтандардан кейін билік тізгінін қолға алғаны туралы ештеме кездеспейді. Одан біз Жәркентте резиденциясы бар қашқар қожаларының соңғы кезде қытайға қарсы бас көтергені туралы сүмдүк ҳабарды ұшыратамыз. Фали әuletінің тегі мынадай: оның қызы Фатимадан Сеид-Талиб туады, ол имам Али-Мұса-Рижаның баласы, имам Риза-Мұса-Қазымның, Қазым имам Жапар-Садықтың баласы. Фалидің немесе Фатиманың әuletінен фана он екі имам тарайды.

Жонғария бағындырылған қуннен бастап, Қытай тарихы Түркістанда болған барлық оқиғаларға шолу жасап отырады. Кейін жонғарлар күшейіп, Шығыс Түркістанды 1679 жыл Қалдан-Башоқты хан жаулап алғып, қытайлар басып кіргенге дейін Жонғарияда тұрды. Қожа Махмұд Түркістандағы қадірлі адамдардың бірі болды. Сол себепті Жонғар контайшысы оған Шығыс Түркістанға басшылық жасауды тапсырды. Халықтың адап берілгендейгіне үміт артқан Махмұдтың бөлініп шыққысы келіп еді, бірақ ойы ашылып қалып, Ілеge ханының үргесіне шақырылып зынданға салып тасталды. Зынданда жатқан Махмұдтан Бурханинндин және Қожа-жан атты екі үл туды. 1755 жылы қытайлар Ілені алғанда Махмұд қайтыс болып, оның балаларын бас қолбасшы Банди туған жері Жаркентке қоя берді. 1754 жылы Қалдан-Серен қайтыс болғаннан кейін өліараны пайдаланып, Қалдан-Башоқтының қарындасының хухунор ханынан туған баласы биліккүмар әккі Әмірсанана тақты алып алуға жанталасып, Жонғарияның құлауына себепкер болды. Оның таққа үмтүлуги 1750 жылы басталды. Сол жылы некесіз ұлы Фалдан-Лама-Дорждың қолынан қатығездігі үшін Севан-Доржы каза тауып, Әмірсанана Дабашының Лама-Доржды өлтіруіне жәрдемдеспек болды. Әмірсананың өлермендігі қайда апара жатқанын Лама-Доржды біліп, зaisаңдардың кеңесімен оны өз маңынан аластап шығарды. Сондықтан Әмірсанана тақты күшпен алмақ бол аласұрды.



## Жонғар очерктері

Орта Азияның үстін күні бүтінгө дейін бұлынғыр тылсым бір мұнар түмшалап тұргандай. Ресей мен Англия сияқты еуропалық қуатты екі мемлекеттің жақын көршілігіне қарамастан, оның басым бөлігі еуропа ғылыми үшін көп жағдайда әлі де адам аяғы баспаған қалың'ну. Біздің қоғам жөніндегі оқымысты серігіміз П.П.Семенов Риттердің “Азия жерін тану” кітабының екінші томын аударып бастыра отырып, Кіндік Азия әлі күнге шейін Ішкі Африкадан артық зерттелген жоқ деген байламға келді. Шынында да, Орта Азия жөніндегі жағрапиялық әдебиетімізде әлі де бар шатастырлық қарама-қайшы деректер, егер ат ізін салмаса, бұл ел бізге бері қойғанда шешімі қын ғылыми жұмбак боп қала беретінін анғартады. Ал Орта Азия адамы жайында жалпы ештеңе біліп жарытқамыз жок.

Әзінің қазіргі қоғамдық құрылымы жөнінен Орта Азия дамудың ауытқымалы дағдарысы тәріздес аса бір қайғылы құбылыс. Артық-кемі жоқ асырып айтпағанның өзінде, бүкіл ел су құбырлары, арыктары мен құдықтары қаңырап күтімсіз қалған, қираған жұрттан аяқ алып жүргісіз айтақыр алып бір шөл сияқты. Бүйрат-бүйрат құм басып, тікенді сексеул бүтәлары ғана өсіп, жабайы есектер мен үркек киіктедің мекені болған кәдімгі шөл дала десе де артық емес. Осынау сахараның ортасында өзен жағаларын бойлап көк терек пен тұт ағаштары және шегіршінмен әділтелген жасыл жазиралары шашырап жатады. Әр-әр жерден көзіңе құріш алқаптары шалынады. Піспей жатып қоза қүйінде жинап алатын шөптесін мақталық, жүзім және жеміс баулары жалқау адамға алланың ықыласы түсіп бере салған сыйлық сияқты. Осынау алқаптарда көп қақпалы қалалардың қираған жұртындағы көзге қүйік жатаған жер тамдарда тұратын, ислам діні аздырып-тоздырып жіберген жартылай жабайы надан тайпалар діни және монархиялық өктемдікпен, бір жағы жергілікті өкімдердің, екінші жағы, қытайдың полицейлік билігінің талап-жаншуынан өбден мәнгіріп, мәнгүрттікке дейін жеткен.

Ежелгі Шығыстың XIV және XV ғасырлардағы ең мәдениетті, ең дәулетті елі – Мәуреннахда (қазіргі Бұқар, Хиуа және Қоқан) басқа жерге қарағанда надандық пен кедейлік әлдекайда үстем әрі күшті. Самарқанд пен

Тәшкенттің, Хиуа мен Ферғананың (Қоқан хандығы), Бұқардың кітапханалары, Самарқандтың обсерваториясы қаныпезер татар тағылығының және діннен басқаның барлығына карғыс таңба басқан бұқар жауыздығының ракымсыз қолынан құрып кетті. Өткен мәдениеттің іргелі ескерткіштерінің өзі молдалардың қырына алынып, Немброд мұнарасына табынып еліктеудің, адамның жаратқан ие алланың құдіретіне карсы қүресінін әсері деп, күл-талқан етілді. Тек мешіттер мен медреселер, мұхаммед әулиелерінің зираттары, кенехана зындандар мен күмбезді мұнаралар ғана сақталып калды. Бұлар қылмыскерлерді қамау үшін кажет, біздің дәуірге дейін сақталып келуінін сыры да сонда жатыр.

Орта Азия хакімдері қазір бұрынғы ата-бабаларындай өлең шығарып, естелік жазбайды, астрономиялық кестелер құрастырмайды. Оның есесіне бұлар құдайдың құтты күні салтанатты шеру тартып, мешітке барып, молдалармен әңгімедуken курады. Ал қайтар жолда патшағарларымен қызыққа батып, болмаса әдей үйретілген қошқарлар сүзісетін алаңға тартады. Қашан қошқарлардың бірі маңдайы жарылып құлап түсkenше, сүзікен жануарларды қызықтап, онан кейін қарсы бас қөтергені үшін жазага тартылған сардарларына қырық шыбықтан дүре салынғанын тамашалайды.

Кіндік Азияның басқа бір бөлігі – Кіші Бұқарстанның жағдайы да жетісіп тұрған жоқ. Ислам дінінің үстемдігіне қарамастан бұл елде әйел еркіндігі етек алған. Дін еркіндігі, ұлыс енжарлығы және муниципалдық бастаулар, қытай бакылауы мен әскери шенділердің қанауы елді қайыршылыққа жеткізген. Ал Болор тауларындағы өзінің тұп-тегін Ескендір Зұлкарнайыннан тарататын уақ әкімдер өз құлдарын қазактың қойы құсатып сатады. Қайда барсан да кирап-күреп бүлінген бірденелер, корсокыр надандық пен жүгенсіз зорлық-зомбылық, Әркениеттің мұндан денгейінде, жалпы Орта Азияда әркениет атымен жоқ дерлік. Ресей мен Англияның өзінің жабайы көршісін жаксырақ білеміз деген ниеті өкінішті әрі сәтсіз болып шығар еді.

1859 жылы мениң Қоқан саудагернің атын жамылып қоқан керуенімен Қашқарға өтімнің сөті түсті. Атақты Марко Поло (1272) және португалдық иезуит Гоес Бенедикттен кейін бұл елде екі-ак европалық болған. Оның бірі ост-ұнды қызметінің офицері, аты-жөні белгісіз, бірақ саяхаты жайында қызылықты жазбалар мен жолсапар жобасын қалдырған неміс те, екіншісі прусс ғалымы Адольф Шлагинвейт. Бастанқысына бамбук таяғымен Қашқарда дуре салынып, соның салдарынан ол екі күн бойы атқа міне алмай жүрген. Ал екіншісінің басы алынып, адамдардың бас сүйегінен қаланған мұнарага қойылған.

Қашқар Қытайдың Тұстік желісіндегі провинциясының округтік қалаларының катарына жатады. Былайша айтқанда, Зұлкарнайын қолбасшысы Птоломей заманынан бері үлкен керуен сарайларымен, әсіресе кең өрістеген шәй саудасымен аты шықкан шаһар. Азия үшін Қашкар, бізге Қияқты, еуропалықтарға Шанхай мен Кантон кандай болса, сондай. Оның үстіне бұл шаһар шығыста шәуекендерінің, яғни келімдікетімді кез келген шетелдік қысылмай-қымтырылмай, бұл арада өзі болған мерзімге үйлене беретін жас әйелдердің сұлулығымен аты шыққан. Сондай-ақ, Қашкар өзінің кернейші-құйшілерімен, бишілерімен, ен бастысы әлемдегі ең жақсы янысар нашасымен әйгілі. Осынау данқына орай бұл Азия саудагерлері құрылықтың шалғай-шалғайынан ағылып келіп жататын орынға айналған. Мұнда парсылық пен тибеттікті, Еділ татары мен үндісті, аугандарды, армяндарды, жөйттерді, сығандардың мультандары мен лулуларын және қашып жүрген сібір казак-орысы, өзіміздің бір отандасымызды ұшыратуға болады.

Кейінгі кезде бұл қаланың басқа жағынан да атағы жайылып кетті. Мұнда соңғы кезде адамдардың басынан мұнара-күмбез бой көтеріп, кісілерді қәдімгі қой бауыздагандай бауыздай салатын ғадет шықты. “Қашкардағы қиыны ат сақтау, он екі пұл шөптің байламы, онан да қиын бас сақтау; таусылмайды ойбай-байбайы” деп халық жырында тегін айтылып жүрген жок. Таусылмайтын ойбай-байбай бүндағы күнде үрейі ұшып, зәре-құты қалмаған халықтың көңіл-күйін байқатады. Бұрынғы Қашқар әміршілерінің үрпағы, қаладағы қанды қырғын көтеріліс, солардың жыртысын жыртып жатқан қожалардың қытайлықтардан гөрі өз пендесі қашқарлықтарды бауыздап тастауы көп-ақ. Мәселен, біреуін қытай үкіметі кезінде қызметші болдың деп өлтірсе, біреуін хакімнің алдында есінедің деп, енді біреуін қарататулықсың деп шабады да тастайды. Қытайлар қожаларды қуып шығып үлгермей жатып әскери қуатының әлсіздігіне қарамастан, бір бастан қаланы торап, қазынаның жылқысымен егістік далаларды таптап, әйелдерді тартып әкетпі, мешіттер мен бейттерді киаратып, көзіне түскенді ұрып-соғып, ертелі-кеш дүрелейді де жатады.

Біз Қашкарға келгенде қытайлар түрлі жәбір-жапа жазалауын енді ғана додарған екен. Қала қақласына қазықтардан ұзыннан-ұзак кірер жол жасап, басына жазалап өлтірілген жергілікті адамдардың сап-сары бас сүйегі салынған жәшіктер ішіп қойыпты. Шаһар сәл-пәл тынышталуға айналыпты. Қытайлар тағайындаған жаңа жергілікті өкімет адамдары басына шенеуніктің шошак бөркін киіп ап, жол беріп үлгермегеннің

бөрін сабайтын көрінеді. Қоқанмен қарым-қатынас қалпына келтірілп, Қоқан елшісі Қашқарда тұра бастағанына айдан асыпты. Бүкір мен Қоқан керуендері күннен-күнге көбейіп, қанырап бос қалған керуен сарайларды толтыра бастапты. Біздің керуеннің келуі қалада құшті толку туғызыды. Біз келгенше казактар Ресейден 500 түйеге жұқ артқан (бізде бар-жогы 60), тастаған жерінің талқанын шығаратын оқ-дәрілер салынған абдыра-сандақтары бар керуен келе жатыр; керуен бастығы “Темір тақта” деген бір күмәнді адам, бәлкім орыс болуы да мүмкін, деп осек таратып койыпты. Темір тақтаны шығарып жүрген қазактар. Шамасы олардың ойынша керуенбасының темір керуеті болуы керек. Әдетте азиялық сенбейтін өтірік жок. Өтірік қаншалық құлакқа ерсі естілсе, соншалық сенімді боп көрінеді. Бұл жөнінен басқа азиялықтардан қытайлардың да айырмашылығы шамалы. Тұтпін-тубінде солай болып та шықты. Бақыттымызға қарай, Қоқан елшісі біздің керуенбасымызды және басқа жолдастарымызды тікелей танитын еді. Сойтіп, біз қокандықтардың ара тусуі арқасындаға қалаға кіріп қоңіліміз жайланды.

Қытай үкіметі мен жергілікті өкімет тарапынан керуеніміздің сотқа тартылып, жауап алынғанын бақайшактап жатпай-ақ қояйын, оған уақыт та, орын да тар. Бұл жолы мен өзімнің Алатау қырғыздары ордасына саяхат жасап барып қайткан сапарымның негізгі нәтижелерін ғана баяндап бергім келеді.

Тянь-Шанның терістік баурайы жаңа заманда Ресей тарапынан әжептәүір зерттелді. Алайда біздің қоғамдас досымыз П. П. Семенов Яксарттың бір саласы Нарын өзенінің бастауынан өрі аса алған жок. Мен Тянь-Шанды екі бағытта басып өттім, Қашқар мен Янысадың төңірегін Жәркент пен екі арада жатқан бүйрарат күмдарға дейін аралап шықтым. Бұрынғы ханды тақтан тайдырып, қыып жіберумен аяқталған Қоқандығы саяси оқиғалар Қашқардың да шырышын бұзып, тыныштығын кептірмей койған жок. Соның салдарынан Қытай Түркістанындағы ең байтақ, ең халқы көп Жәркент қаласын мен көре алмадым.

Басып өткен жерлерінің ыңғайына қарай менің саяхатымды екі кезеңге болуғе болады. Бірінші кезеңге менің Жонғарияға барған сапарым, яғни Жетісу, Іле өлкелерін аралап, Ыстықкөлде болуым жатады. Бұл жерлердің табиғи сипаты Сібір штабының тұсірген тәп-тәуір суреттері арқылы бұдан бұрын да таныс-тын. Фылыми тұрғыдан бұны Шренк Влангали, Семенов және Голубев мырзалар әжептәүір зерттеген-ди. Әйткенмен бұл аклар аттарлар физикалық жағрапия деректерімен ғана шектеліп, этнографияға мүлдем сокқан жок. Мен Жонғарияда алғаш рет 1856 жылы болып, полковник Хоментовскийдің Ыстықкөл бағытындағы бірінші экспедициясына қатысқанмын. Соңан соң

үш ай Құлжада тұрдым. Жонғарияда мен үзын саны бес ай болып, бұл өлкені ерсілі-карсылы шарлап, Алакөлден Тянь-Шанға дейін бардым. Ал Тянь-Шанға сол жылы Жыргалан өзенін бойлай отырып көтерілдім.

Бұл жолы мен қағас қалған немесе алдындағы зерттеушілер байқамай кеткен жағдайлар жөнінде айтқым келеді. Ең алдымен Жонғардың жануарлар дүниесі, осы елдің ежелгі тарихы, ақыр аяғында, қазірі тұрғындары туралы аз-кем айта кетсем деймін.

Жонғардың өсімдік дүниесі жөнінде азын-аулақ мағлұмат бар. Александр Шренк ғылыми құштарлықпен шұғылданып, бұл елдің өсімдік әлемі жайында жалпы очерк жазып, оны озінің білмекке күмар елінде неміс тіліне аудартып, Гельмерсен және Бэр мырзалармен косылып, 1840 жылы басып шығарды.

Семенов мырза да Тянь-Шанның өсімдіктеріне көп көңіл бөлген. Шамасы, оның бай гербарій болуга керек. Ал доктор Татаринов болса, Е. П. Ковалевскиймен Құлжаға саяхат жасағанда жолай анықтаған өсімдіктерінің тізімін жасап, оны Влангали мырзаның шығармаларымен бірге бастырды. Сөйтеп тұрып біз жонғардың жануарлар дүниесі жөнінде бірде-бір мақаланы бітмейміз. Зайры, Карелин мырза Жетісу өлкесінің табиғи қосібі жайында бәзбір мәліметтер жариялаган сияқты. Соның ішінде жануарлар әлемі жайында да деректер бар. Мәскеудің табиғат зерттеушілер көғамының басылымында құстардың, сүр жыландар мен коныздардың тұлыштар мен үлгілер негізінде жазылған сипаттамасы жарияланды. Оны көғамға жіберіп жүрген Абакумов мырза.

Оз басым Ыстықкөл жағасында құстар мен құрт-құмырскаға қатысты шағын ғана коллекция жинадым.

Бұл жинағандарым өзім жоқта бір танысым арқылы Дрезденге жіберіліпті. Бірақ одан әлі ешкандай хабар алғаным жоқ.

Алакөл мен Балқаш көлдері осы бертінге дейін тұтас бір су қоймасын құраған тәрізді. Өйткені, қазактардың айтуына қарағанда, судың көктемгі жайылуы кезінде Алакөл Балқашқа ашылы саздауыт алап арқылы тікелей жалғасып жататын көрінеді. Ал бұл алқапты Семенов мырза қазак даласы кеп түйікталып, Орта Азия басталатын табиғи шекара деп санайды. Екеуінің жер кыртысы да, өсімдік және жануарлар дүниесі де болек-болек.

Ал менімше Жонғария өсімдігінің әралуандығымен даралана алмайды. Жазықтағы өсімдіктері қазақ даласының терістік бөлігіндегі сияқты. Таудікі болса, азын-аулақ өзгешелігіне қарамастан Алтайдың өсімдігіне ұқсас. Соңда да зоологиялық тұрғыдан шын мәнінде әжептәуір ерекшеліктер байқалады.

Жануарларды жіктеп-бөлу жөнінен Жонғарияны үш аймаққа боліп тастауға болады. Олар таулы, жартылай таулы, акыр аяғында жазыкты аймак. Жонғар Алатауы мен Тянь-Шанның таулы алқабында Сібір мен қазақ қырының таулы өніріне тән сұткоректілер: бұғы, марал, таутеке, арқар немесе тау қойы, қасқыр, бурыл және қызыл түлкі, ақтамак сусар және баскалар бар. Қазактардың айтуына қарағанда бұлардан басқа қызыл қасқыр мен шибөрі жүретін көрінеді. Шибөрісі итке үқсас. Бұл сипатына қарағанда ол коркауды еске түсіреді. Ал қазақтың шибөрісі көбіне-көп қырат-қырқаларда жүретін тәрізді. Шамасы бұл корқау емес, иттің тауға тән бір тұқымы болса керек. Жыртқыш құстардан Жонғарияда көбірек кездесетіні – күшіген. Ара-тұра бүркіт, сұнкар, қырғи көзге түседі. Лашын жалпы бул жакқа келмейді. Тұнде жортатын жыртқыштарды қоре алмадым. Бірақ казактардың айтуына қарағанда олар сирек сиякты. Тауық тектестердің тұқымынан тауда ұлар, ак құр, қыргауылға өте үқсас сакау құр, шіл, кекілік және бөденелер кездеседі.

Жартылай таулы аймактан жолбарыс, барыс, қабан, ақбөкен, қаракүйрық, дәүкірпі, дуадақ, орман кептері мен қырғауылды ұшыратамыз. Бұл жануарлардың барлығы жазық аймакқа да бірдей жайылған. Жартылай таулы аймактың тогайларында торғай мен шымшық қаптап жүреді. Олардың маган белгілі үзак пен ала қаргалар, жасыл канат, кекілді кербез, ак бүйір, сексеуіл және су шымшықтары, ак тамақ, сұық, сібір және боз торғайлар, сарторғайлардың науман, ремиз, сиыр құйыршық, ұзын құйрық, ак кекіл, жылбысық деген тұқымдары, шілдің, жылқышы құстың бірнеше түрлері бар.

Жонғарияның таулы аймағында да, шөлейт өнірінде де су құстары мен аяқты андар өте аз. Су құстары дегенде ұшырасатыны қараказ бен қызыл үйрек кана.

Бір сөзбен айтқанда, Жонғар жануарлар дүниесі басты сипаты жөнінен қазақтың тұстік өніріндегі жануарларға үқсас. Айырмашылық дегенде, сұткоректілерден қазақ қырындағы жануарлар тұқымынан бір өзгешелігі – бұдан киіктөр мен құландарды кездестіре алмаймыз. Ал құстардың бірнеше жаңа түрін ұшыратуға болады. Олар жыртқыш құстардан да, торғай тектестерден де табылады.

Балқаш пен занғар таулар арасындағы ұлан-ғайыр бүйрарат күмдар қазақтың Борсық және Қаракүмінің жалғасы іспетті. Хан-тауының да олардан онша айырмашылығы жоқ. Онда да қазақ даласында как аталатын ащылы саздауыт тақырлар толып жатыр. Соған қарамастан Бетпақдалада қаптап журген құландар мен киіктөр Шу бойындағы күмдарды еркін жайлайды да, шығыска қарай бет алғанда Иткешу бойлығынан

әрі аттап баспайды. Бұдан бірнеше жыл бұрын Бетпақдалада көк тайғақ болып, оның артынан тіске басар қылтанақ табылмай, аштық аран ашқанда құландар мен киіктөр Іле өлкесіне ауып, Іле алқабына дейін ендеп кіріп кетеді. Алайда коктем туа әлгі жануарлар өз жеріне қайтып оралады.

Іле алқабында Қалқан және Қату тауларының тұсында көзіме бір үйір құлан тұсті. Қазактардың сөзіне қарағанда, олар шапқыншылықтан кейін қалып қойыпты. Демек, Жонғария дегеніміз Орта Азия құландары мен Монгол Гобиінің жегетайларын бөліп тұратын табиги шекара іспетті. Сол сияқты бұл шекара шөлейт өнірдің акбөкен, киіктөрін тау алқабының қаракүйрықтарынан да бөліп тастайды. Мұны жергілікті халық бағзыда-ак байқаған. Қазактар Жонғар Алатауының етегіндегі мен мұңдалап жататын терен орлардың ізін құландарды құрту үшін Жәнібек хан қаздырган еді дейді. Шамасы, бұл жануарлар ханының кішкентай ұлы мініп жүрген атты өзімен ертіп кетіп, бала опат болса керек. Сол себепті хан Тарбагатайдан Ілеge дейін үзыннан-ұзақ ор қаздырып, құллі жонғар құландарын қайырып соған қып тыққан дейді. Тек құланның бір айғыры мен биесі ғана қашып құтылып, Балқаштан әрі асып, өзінін үрім-бұтағына бұл елге қайтып барма деп есiet қалдырган көрінеді.

Орыс Жонғариясының Орта Азия халықтарының тарихи тағдырында керемет маңызы бар. Әбліғазының айтуынша, түрік тайпаларының тұп атасы Иафедтің ұлы Әбліжә хан Талас, Шу өзендері мен Ыстыққөлдің бойында қошті жүрген. Қытай жылнамаларының жазғанынан біз жоғары Гобиден ауған тайпалардың бөрі өздерінен құшті біреу келіп қуып жібергенше осы арада тұрақтал, ірге тепкенін білеміз. Шынында да, Орыс Жонғариясының көшпелі тұрмысқа қолайлы барлық жағдайы бар. Тау алқабы олар үшін малдың ыстықтан паналап, маса-сонадан қорғанып, емін-еркін жайылатын оты мол жазғы жайлauы болды. Құзде қошпелілер төмен жазыққа түсіп, астығын жинап алғып, қыста өзендердің жағасындағы қамысты тогайларды, Балқаш даласының бүйрарат құмдарының арасын паналап, отынға сексеуіл сияқты қызуы тамаша буталарды пайдаланды. Мұның қошпелілер үшін маңызы айрықша, ойткені Монгол Гобиінде ұлы ханының киіз үйінін озі тезек жағып жылтылады.

Кошпелі тұрмыстың үстемдігі қанша құшті болғанымен, Орыс Жонғариясында азын-аулақ отырықшылық та болған. Бұл туралы алғашқы тарихи деректерді қытай тарихынан табамыз. Атап айтқанда, Ыстыққөлдің шығыс жағасына қарай ірге тепкен деп есептелеғін Чигу қаласын Үйсін әміршілері үшін қытай жұмысшылары салған. Орта ғасырда бұл өнірде,

әсіресе Іле алқабында, отырышылық едәуір етек жайды. Алмалық (қазіргі Түркістан елді мекені), Қонақай мен Қайнак (әлі де бар) және Алматы (орнына Верный бекінісі салынды) – өз саудасымен аты шығып, италиялық генуез саудагерлері – Қытайға, қыпшақ елшілері ұлы ханға баратын қасқа жолдың бойындағы бекеттер болды.

Тағы бір айта кететін жәйт, Азияның бұл бөлегіндеги христиан дінінің несториан және монофизит ағымының қоپтеген гибадат орындары, ал Ыстықкөлде Сирия якобитінің Әулие-Матфей сопыханасы болған. Христиандықтың бұл аймақта өріс алғаны сондай, қарсыластарын қөбейтіп құғынға да ұшырады. XVI ғасырда Ыстықкөлде бірнеше мұсылман елді мекендері енсе котерді. Бұл деректер мені қатты қызықтырды, бірақ өкінішке қарай, үлкен жаңалықтар аша алмадым, ейткені қазақтар аман қалған ғимараттардың қызығы қалдықтарының бәрін лама гибадатханалары деп құртып үлгеріпті.

1826 жылы Ыстықкөлде болған бір қытай одан алып бір сыйнас қөргенін айтты. Алайда мен бұл тектес ескілік ескерткіштердің журнағын да таппадым. Бірақ бүкіл орыс Жонғариясынан отырышылықтың белгісін байқап, ол туралы ел аузындағы аңыздарды жинадым. Сондай-ақ ежелгі Алмалықтың жұртынан табылған бірнеше алтын бүйымдар мен тенгелерді колға түсірудің орайы келді. Ол заттар туралы болек бір мақалада баяндап бермек ойым бар. Бұл жолы тек Орта Азияның төрек түкпірінен табылған чуд қазбаларының іздері туралы ескертпелермен тынғым келеді. Мұның өзі тау-кен ісі фин тайпаларының ғана табысы емес екенін айқындай түседі. Қайта тарихи деректер мұның финдерден ғөрі түркілерге тән екенін дәлелдеп береді. Қытайлардың куәлендіруіне қарағанда, төгей тайпасы жужан әuletінің кен казушылары болған қөрінеді. Ал Сібірді басып алған бір түрік әuletі темірші-ұста деп аталыпты. Себебі олар темір қорытып, металл бүйымдар соғып, онымен корші монголдар мен финдерді қамтамасыз етіп отырыпты.

Қытай жылнамалары Хань әuletінің билігі түсында Орта Азияда түрған халықтардың ішінде көзі көк, шашы сары алты тайпа болғанын айтады. Оларды Клапрот пен Абелъ Ремюза үнді-герман тектес халықтар деп санаған. Айтпақшы, бұл халықтардың санатына кейін қыргыздарға айналған хакастар да жатады. Қытайлар қыргыздар мен үйсіндердің өздеріне үксамайтын кескін-келбетіне, атжақтылығына қайран қалған.

Қазіргі кезде Жонғарияда буруттар немесе нағыз қыргыздар және ұлы жұздің үйсін деген жиынтық атпен белгілі қазақтары тұрады. Бұлардың арасында сары үйсін деп аталатын

бір руы бар. Олар өздерін бұрынғы аса күшті үлкен халықтың үргағымыз деп санайды.

Қазақтың ертегілері мен аңыздарын, батырлар жыры мен дастандарын жинаумен баяғыдан бері шұғылдана жүріп, мен олардың еуропа халықтарының, әсіресе славяндардың ән әуендеріне үқастығына қайран қалдым.

Алғаш Абель Ремюзаның ауанынан шыға алмай, мұның үндігерман тайпаларының Орта Азияның жазығында татарлармен коян-қолтық араласып өмір сұруінің әсері деп түсіндірмек болдым. Ал енді Ұлы жуз бен тау қырғыздарының арасынан осы мәселенің шешімін táбар кілтін іздел, жинағандарымды байыта түсетін мол материал таппак едім, бірақ ол үмітім акталмады. Өкінішке қарай бұл арадан бірде-бір айтұлы ақын немесе жақсы күйшіні ұшыратпағым. Тіпті мұнда өлеңнің өзін сирек айтады екен. Айта қалса, ак ешкі мен кара жорға жайында жырлап, “бойдай-талым” әуенінен әрі аспайды.

Жыр бізге жеткізбей кетті деп, мұны үйсіндердің өзі де мойындаиды. Оның себебі деп бір аңызды алға тартады олар. Ән әуелеп, адамзат баласына өлең үйретіп, қалықтап жүргендे әйел сияқты кіргияз неме біреуге ұзак тұрактап, біреуге алыстан әуезін ғана жеткізіп, енді біреуге ұлыған касқырдың үні болып естіліпті-міс. Орта жүзде ол қонақшылап ұзак жүріп, бізге оның сарыны ғана жетіп, көбі есімізде қалмаған. Алайда бұл жерде өзім естімеген ертегілер мен өлеңдерге, әсіресе қырғыздардың халық жырына қараганда, біздің қазактар мен ногайлардың үндігерман әуені славян әлемінен, орыспен карым-қатынас арқылы келген деген тұжырым жасауға тұра келеді.

Этнографиялық очерктер, статистикалық мағлұматтар, тарихи хабарлар үйсіндер мен тау қырғызы ордасының халық әдебиеті шығармалары менің жазбаларымда бірнеше дәптер болып хаттаңды. Макаламның сонына таман күні бүгінге дейін белгісіз болып келген буруттар жөнінде толығырақ айтармын. Ұлы жуз қазактарына тоқталғым келмейді, ойткені олар өзінің Сібір мен Орынбор өніріндегі қандастарына барлық жағынан да үқсас.

Қырғыздар мен үйсіндер жайындағы этнографиялық жазбаларымды тәмәмдай келіп, бір-бірінен мұлдем бөлек бұл екі халықты шатастырмау қажет екенін атап айтпактын. Кезінде бұл жөнінде Левшин, Мейендорф мырзалар, әсіресе Иакинф сопы айрықша ашына айтып, камкор болып еді, бірақ оларды ешкім елемеді. Олардың үні сахарадағы жалғыз адамның даусы сияқты болып естілмей қалды. Тіпті Гумбольдт пен Риттердің өзі істін мәніне жете үніле алған жок. Олар қырғыздар қазақтың Ұлы жузіне жатады деп келді. Сондықтан бұл орданы Кіші және Орта жүзден жай ғана ажырата білу қажет деді. Алайда

бұл ғылымның қадірмен ғұламаларының тарапынан жіберілген үлкен кате еді. Ұлы, Орта және Кіші жүз казактары қыргыздан бөлек қазақ деген халықты құрайды. Ал қыргыздарды қытайлар бурут дейді де, орыстар тағытас немесе қара қырғыз атайды. Қазақ пен қыргыздың тілі мен тегі, әдет-ғұрпы жағынан да айырмашылығы бар. Тіпті қыргыздың түр-түсі, бет-пішінінде де казактан өзгешелігі көп. Оған көз жеткізу үшін 1856 жылы мен салған Боранбай манаптың суретіне назар аударса да болады. Ал оның Омбыда 1848 жылы түсірілген де бір суреті бар.

Жалпы бас сүйегінің құрылымы мен кескін-келбетіне қарағанда Орта Азия халықтарын парсы, монгол және түрік тектес деп бөлуге болады. Парсылықтардың өзі таулық галча және ойпаттағы тәжік болып бөлініп, кавказ тайпаларына жатады. Тәжіктер қара шашты, қоңырлау, ал галчалар қараторы. Орта Азиядағы монгол тектестер деп қалмақтарды санауға болады. Олар қараторы, сарысүр, көзі қысық, жүзі дөңгелек, мұрны тәмпіш, беті томпак. Орта Азияның қалған халықтары монгол, түрік, фин тегінен шыққандықтан кескін-келбеті мен түр-түсі, өң-реңкі мидай араласып кеткен. Олардың арасынан монгол өндес қараторы, қысық қөздерді ұшыратумен қатар, тік түскен қыр мұрынды, атжактыларды да жиі кездестіресін. Жалпы, бұл халықтардың түр-тұлғасында кавказ тайпалары мен монголдардың буданын, ортақ сипатын байқаймыз.

Менің саяхатымның екінші кезеңі Сырдарияның басты саласы Нарын өзенінің жоғары жағынан басталды, бұл Семенов мырзаның саяхатының шегі болатын. Эрі қарай алдында бұрын ешкім ат ізін салып зерттеп көрмеген тылсым дүние жатты.

Қауіп-қатердің күштілігіне қарамай жол-жәнекей және Қашқардың өзінде де мен үдайы күнделік жүргізіп отырдым. Жергілікті жүртпен, ғалымдармен және қызмет адамдарымен достық байланыс, төніректі емін-еркін аралай осынау ғажайып елді толығырақ көріп-білуіме мүмкіндік туғызды.

Әр тайпаның және әр елдің саудагерлерімен таныстық маған тың сапарлар ашып, көрші елдер жайында этнографиялық, статистикалық, сауда-саттық мағлұматтарды көбірек жинауыма мүмкіндік туғызды. Үдайы саудагерлермен мәжілістесіп, керуен сарайда тұруымның арқасында Орта Азия саудасымен, жалпы керуен саудасының қажеттерімен, әсіресе Қашқардың жағдайымен, Орта Азия саудагерлерімен, олардың коммерциялық және экономикалық ой-пікір, түсініктерімен жете таныстым. Сөйтіп, саяхат кезінде жинаған деректерім, біріншіден, өзімнің жеке байкауларымнан, екіншіден, сенуге болатын адамдардан алған деректер мен материалдардан тұрды.

Оларды басқа айғақтармен тексеріп отырды. Ен соны – саудагерлер мен шенеуніктерден, жергілікті ресми құжаттар мен кітаптардан, жазба кездерден біраз мағлұмат жинадым.

Қазіргі кезде өз жазғандарымды бір жүйеге келтіріп, жоғары мәртебелі генерал-квартирмейстер мырзаның тапсырмасы бойынша біздің топографиялық деломызыда жинақталған суреттер мен бай материалдардың негізінде Орта Азияның картасын жасауға кірестім. Қашкараға сапарым кезінде ондағы негізгі қатынас құралы үйғыр тілін үйрендім. Бұл тіл еуропа ғалымдарына мұлдем белгісіз. Олардың шағатайшага үқсас кітап тілімен ғана аз-мұз таныстыры бар. Кіші Бұқарстанда қытайлардың әсерімен кенсе тілі деген қалыптасты. Оның үлгілерін “Археологиялық қоғамның шығыс болімшесінің жазбаларында” басып шығармыйн. Өз басым бұл тұлдің ауызекі сөздері мен тіркестерінен тұратын сөздігін жасап, халық жырларын жазып алдым.

Кіші Бұқарстанның тарихы бізге онша белгілі емес, одан билетініміз Ақсақ Темірge дейінгі кезеңнің қытай жылнамаларынан алынған азын-аулак тарихы. Оған мұсылман дерек көздерін коссак, бұл тарихтан әйтеуір атұсті бірденелер білуге болар.

Айтқандай, бұл елдің ғажайып тарихын XVI ғасырдың орта шенінде Қашкардың ханы Абдулл-Рашидтің уәзірі Мұхаммед-Хайдар Қүрекан жазған. Ханның құрметіне “Тарихи-Рашиди” деп атаған бұл еңбек күні бүгінге дейін елеусіз қалып келеді.

Фылым академиясының мұражайында осы туындының түрікше тәржімасы бар. Ал Санкт-Петербург университетінің кітапханасында оның парсыша түпнұсқасы сақтаулы тұр. Әкінішке қарай онын академиялық данасы толық емес, ал университеттегісінде қате өріп жүр. Тегінде оны парсы тілін шала-шарпы билетін бір адам көшірсе керек.

Тарихи-Рашиди екі болімнен тұрады. Бірінші бөлімінде Тоғлық Темірден Рашидке дейінгі, яғни хижраның 962 жылына (1554) дейінгі қашқар хандарының тарихы бар, екінші бөлімнің естелік сипаты басым. Мұнда автор өз басынан кешкендерін баяндап, Тянь-Шань, Болор, Тибет және Куэнь-Лун жайында жағрапиялық, этнографиялық төтенше мол мағлұмат береді. Автордың өзі кезіндегі атағы жер жарған дулат әuletіне жатады. Оның аталары Ұлысбек атымен Могол-ұлысында франктердегі Меровинг тұсындағы мажордомдардай рөл атқарған.

Хайдардың тарихы 1554 жылмен тәмәмдалады деп жоғарыда ескертіп кеткенмін. Бұл еуропаға белгілі бірден-бір тарихи шығарманың әзір аты ғана мәлім (академиялық

колжазбасы толық сипатталып біткен жок). Бақытыма қарай Қашқарда “Таскира-и Ходжаған” деген тақырыппен қожалар әулетінің тарихын баяндайтын колжазба қолыма түсті. Қожалар болса, XVI ғасырдың аяғында буддист ойраттардың комегімен Шыңғыс әулетін қызып шығып, Жонғардың вассалы ретінде Кіші Бұқарстанды басқарған. Осынау тамаша туынды 1758 жылы қытайлардың Жаркент қаласын алудымен аяқталады. Сөйтіп “Қожалар шежіресі” Тарихи-Рашидидің жаңғасы болып табылады.

Қашқарда қолыма түсірген кітаптардың ішнде айрықша назар аудараптырылғы мыналар:

1. “Таскира-и сұлтан Сүтік-Бұғра-хан-газы” / Илек әулетінен шыққан Сұлтан-Бұғіре ханның өмірбаяны. Ол бірінші болып ислам дінін қабылдап, оны Қашқарға тараткан кісі:

2. “Таскира-и Тоғлық Темір-хан” / Шағатай әулетінен шыққан Тоғлық Темір-ханның өмірі”. Ол Могол-ұлысының монгол хандарының ішінен бірінші болып ислам дінін қабылдаған.

3. “Ришаҳат” немесе Орта Азияның зан ұстаздары мен ғажайыптар жасаушылар туралы мағлұмат.

4. “Абу-Мұслім Марузи”. Бұл қаһармандық романның құндылығы – оған жергілікті жердің көптеген тарихи аныздың гимелері кіруінде.

Саяхат кезінде жоғарғы айтқандардан басқа Ғылым академиясының “Жаршысында” сипатталып ұлгерген шағын тау-кен коллекциясын жинадым. Бұл коллекцияда жолай кездескен тау жыныстары, Жәркент жанындағы Мирджей таулары мен Қарақас өзенінің бойынан қазып алынып жатқан нефриттің бір кесегі, болор ақыры, мәрмәр, хрусталь, Кәрі өзенінен алынған алтын күм бар. Сондай-ақ мен ол жақтан жергілікті тоқыма бүйімдарының үлгісін, Қашқар базарында кездесетін кейбір ағылшын бүйімдарын әкелдім.

Орта Азияға саяхатымның ең әйдік нәтижесі қыскаша осы.

\* \* \*

Менің саяхатым 1858 жылғы мамырдың 28-ші жулдызында басталған еді. Сол күні Қапал қаласынан отыз шақырымдай Қарамола деген жерге қос тіккен сауда керуеніне келіп косылдым. Семей қаласынан шыққан бұл керуеннің иесі Қоқан мен Бұқар саудагерлері еді. Керуенде сегіз киіз үй, 100 түье, 65 жылқы, 34 қызметші бар. Апара жатқан бүйімдарының бағасы 20.000 сом күміс тұрады. Керуенде

мен Әлімбай деген есіммен белгілі болып, керуенбасы қадірменді Мұсабайдың туысқаны боп таныстым. Маусымның 29-шы жүлдізында керуен жолға шыкты. Ашық ауа райы саяхатымызға қолайлы жағдай туғызып, біз әуелі бекет жолымен Алатау алқабының әсем өнірін басып Алтын-емел бекетіне дейін бардық. Төнірек түтел шығыс көкнәрі атанатын қып-қызыл қызгалдақ. Әппак сүттігеннің солқылдаған үзын сабағының басында үшіп-конып бозторғайлар жүр. 25 шақырымдай жол жүрген соң керуен кешкі салқынмен келіп, әдеттегідей сылдырап ағып жатқан өзеннің бойындағы саялы биік теректер мен күміс жапырақты жиделердің іргесіне қос тікті. Жұрт алаулап жанған оттың айналасында қоңылденіп, улап-шулас әңгіме-дүкен құрып отырды. Ал бұкарлықтар корқор тартып, тақпактаپ Хафіздің өлеңдерін айтып жатты.

Осы төніректе тұратын қазактар койларын айдал, сауда жасауға келді. Ал олардың атақты рубасыларының ойы бізден базарлық алып калу. Қасында киптаған нөкерлері бар олар сән-салтанатпен керуенге келіп: “Бәрінен байы қайсы?” – деп сұрады. Әрбір шатырдың иесі өзін баймын деп атады. Сөйтіп, кезекті бір бай орданың атқамінерлеріне шәй беріп, дастарқанға қытырлақ наң мен кепкен жеміс қойды. Дастарқандағының барлығын қазактар қойнына тығып алып, базарлық сұрап ап жедел аттанып кетті. Бір мәрте керуенниң жолы болып Жалайыр тайпасының билеушісі Жанғазы төрені қомекшісімен көрудің сәті түсті. Алатау дуанының басшылығы тағайындаған топастау бұл адамды қазактар мәжіліскер атайды екен. Төре бізді тәкаппарлығымен танқалдырыды. Шатырга майдан жүре алмаған қоқи қаздай кердендей кірді. Төрдегі құрметті орынға озып ол айналасын барлай қарады. Ешкімде үн жок. Төре кенет басын көтеріп алып, жұрттын бәрін көзбен шолып етіп, сезін екі жол өлеңмен бастады: “Жалайырда кой көп, Жанғазыда ой көп” – деді де тырс етіп үндемей тапжылмай отырып қалды. Бұған қарамастан қалған қазактар шүйіркелесіп, Верный бекінісіне генералдың қалай келгенін, оның қазақ халқына арнаған сөзін түгін қалдырмай айтып, сөйлегендегі кимыл-карекетін түгел салды. Қазактар бізді занды үйрет деп қолқалады. “Әйтпесе бізден сырттағы жұмысқа өзіміз бен атымызды алады да, кері қайтармай қояды. Ал казак-орыстар занды бітуін білгенмен, зорлық-зомбылық қорсетіп, тапайдың талтүсінде үрлық жасай береді. Бізге олармен теңесу қайда? Қит етсе патшаның адамымыз деп, есепте барлығын сілет қылады. Ал олармен қарсылассан “тескен тау” асып кетесін. Хабар-ошарсыз опат болған үш казак үшін қөкемізді қөзімізге қорсетті. Қыс бойы дуанбасының қомекшісі мен Банушка

(тұлмаш Ванюшка) Қараталда жатып алды. Айтатыны: “мойынға алыңдар, казактарды өлтірген сендерсін”. Тіпті дігерлеп коймайды. Қудай сактасын, оларды көрсек көзіміз шықсын. Жакында енді губернатордың өзі: “кінәлілерді тауып беріндер, әйтпесе бәрінді койдың мүйізіндей ғып бұрап тастаймын, тобелерінен жай түсіремін” дейді, – деп мұнын шағып жатыр. Бұл кезде төре көзін онды-солды төңкеріп, ара-тұра егіз жолдан олең өріп қойып отырды. Астан кейін киіз үйдін ішінде бір коламсы иіс қалдырып олар тайып тұрды.

Жақсы Алтын-емел асуы арқылы Жонғар Алатауынан асып, керуен тастакты такыр жазыққа шықты. Бұл асу Алакөлдің түстік жағасынан шығатын алапат терістік-шығыс желі “ебінің” күзде осы арқылы соғатынымен белгілі екен. Алыста бұландалап Іле жатты. Біз казактардың өзенде ұстайтын салына тарттық. Құм арасындағы бір бұлақтың басына келіп қондық. Қалкан тауларының арасындағы бұл бір белгісіз жылғада жылан, шаян, бүйі, кесіртке дегендер өріп жұр екен. Сол түніміз үзақ уақыт естен кетпеді. Тұні бойы кірпік ілмей, таң ағара жолға шықтық.

Керуен тозығы жеткен жайпақ қайықтар арқылы Іле озеннен екі күнде әрен өтті. Салдарды әрі-бері жылжыту үшін жалдатып аттарды пайдалануға тұра келді. Қайықшылар қайығы толған суды шелектеп төгіп отырды. Іле жағасында құрбан айтын айттап, керуен Сөгеті, Торайғыр және Үш-Мерке асулары арқылы Қарқара жазығына шықты. Бұл жазыққа дейін барлығы он жеті асудан асуға тұра келді. Бұнда біз албан қазактарының айт-бозым ауылдарын арапап, баспас-бас айырбас саудасына кірстік. Бірақ казактар толкулы еді. Біз келердін алдында Қарқараның жағасында қызылбөрік пен айт-бозым сүлетінін арасында қанды шайқас болыпты. Олар қызылбөріктердің арызымен тексеруге келетін орыс төресін қүтіп отырган екен: істің беті бері қарамаса, ауа қошпек сыңайы бар. Солай болды да. Тамыздың 4-ші жүлдүзында казактар орнынан тік котеріліп қошіп кетіп, кешкісін Кеген мен Қарқараның бойында қыбырлаған тірі жан қалмады, тырс еткен дыбыс және жоқ. Жалғыз-жарым шатырларға мұнайып өлі төнірекке телміріп тұргандай. Біздің өзіміз де ынғайсыздыншып қалдық. Керуенбасы мен қейбір шалдарымыз қазактардан айырбастап алған 900 койдың басы кеміл қалғанын байқап, біз іле-ақ тағытас орласына аттануға бел будық. Тамыздың 6-шы жүлдүзында керуеніміз қырғыз қөштеріне де жетті. Бізді Улкен аталатын солмеке руының манабы Қараш қарсы алды. Өзі бір орыс өкіметіне ниеті түзу, кайтсем хорунжий атағын аламын деп жанталасып жүрген жан екен. Улкен атану себебі еренсіз жуан әрі дурғам бұкасы сиякты кисапсыз семіз кісі болғандығынан.

Оның басында шошақ төбе, алды мен арты түлік ақ киіз қалпақ, үстінде тек тақыледі қалың макта-матадан тігілген шығыс шапаны, омырауына біздің әскери шекпендер сиякты үш жасыл жібек бау ызып тіккен. Аяғында үлкен ағаш өкшесі бар қызыл сапияннан тігілген ебедейсіз етік. Оның ұлы да әкесі құсап киінпіті: тек шапанының түсі айқынырак, жағасы мен женіне макпал ұсталған. Қараштың нөктерлері шоклар және найзамен каруланған бірнеше жыртық шекпендерден тұрады екен. Бір сары найзагерінің киіз шекпенінің ішінде жейдесі ғана бар, ал екіншісі күннің ыстығына қарамастан үстіне тұлыш, басына сенсөн бөрік киіп алған. Қырғыздар шанқылдан шапшаш сөйлейтін халық көрінеді. Оның үстіне аузына насыбайды алыш-салып, алыш-салып отырады.

Жоғарғы Кеген жазығының орны болек әрі мал азығына аса бай. Өзендердің жағасы мибатпақ, томарлы келеді. Сондыктан оларды “саз” атайды. Жалпы Кеген, Текес және Қарқара бойындағы аралас таулы алқап Жонғариядағы жер қыртысы қаратопыракты, шәбі шүйін әрі белден өсетін бірден-бір өнір. Үлкен сазда IX дивизияның қытай кеніші маңында отырган қалмактарының киіз үйлері тұр. Қазір бұл кеніш жабылып қалыпты. Ал біз оз қосымызды Шалқөде өзенінің жағасына тіктік. Түнде қар түсіп, ыскырып жел тұрып, қарды қыстағыдай құйыннадатты. Сүмдүк сұық болып, боран екі күнге созылады да, қазақтармен байланысымыз үзіліп қалды.

Ушінші күні керуенімізге қырғыз оuletтерінің басшылары келіп, бәрімізді ауыл-ауылға бөліп әкетті. Жолдасым Mamrazak екеуміз қызық деген шағын атаниң рубасы Борсық бидің ауылына түстік.

Ауылға келген соң қожайынға сөлем бергелі атқа кондық. Киіз үйдің есігі алдында бізді қолтығымыздан демеп аттан түсіріп алды да, кошеметтеп үйге кіруімізді өтінді. Киіз үй шүрк-шүрк тесік, әрі түтінмен әбден ысталып қара құрым болып кеткен екен. Борсық бетін есікке беріп ошақ басындағы құрметті орында отырды. Есіктен онға қарай бұзаужарғак киген оның әйелі, бір кемпір, екі қыз және бірнеше қыз-келіншек жайғасыпты. Есікке таяу босағада қазан, айран құйған торсық, қауға және басқа ыдыс-аяқ тұрды. Сол жақ босағада қызыл сапияннан етік тігіп бір қырғыз отырды. Тарамысын әрбір тартқан сайын қайып тіккен тұсын ызалана тістеп қояды. Еденде жаңқа, текеметтің тілігі, жұн-жүрқа, мұжілген сүйектер жатыр. Бізді өрнек салып сырған, кілем орнына жүретін қара киізге отырғызды. Үй иесі аккоңіл жан екен, бірақ әдет боп кеткен бе, ауық-ауық аталарымыздың көріне жіберіп-жіберіп алады. Бәйбіште тырсып тұрған шағын коржыннан шапанмен мүкият оралған бірнеше

ағаш аяқты шығарды. Шамасы, бұрын бірдене ішілген ыдыс болуы керек, бәйбіше мен қыздары оларды қолымен сүртіп, аузына апарып үрлеп алып саусағымен зерендердің ернеуін сипап жатты. Борсықтың балалары құйылған қымызды әкеп ұсынды. Анау-мынау емес оның тоғыз баласы бар екен. Қымызды онша құмартып ішпегеніммен, кірі бес елі қырғыз ыдыстарының ластығын титтей де коншіге алғаным жоқ. Бұнын бәрі мен үшін жаңағылт өмір емес. 1856 жылы қырғыздың бір деген байы, бас манабы Боранбайдың да үйінде болғанмын. Рас, онда мені кілемге отырғызған-ды. Ал үй иесі бұқар көрпесіне жайғасып, әйелі де осындай бұзаужарғакпен отырған. Қымызды онда фарфор кеселермен ішкенбіз. Бірак шәй басқа ыдыс болмағандыктан шойын колжуғышқа қайнатылған-ды. Кіз үйдін басқа жабдығы да дәл осы Борсықтықіндей болатын: шашылып жаткан жаңқа, мұжліген сүйек, т.б.

Қырғыздарда салактық әдетке еніп, аңызға айналып кеткен. Олар ыдыс жууды отқа түкіргендей күнә санайды. Сол сияқты құлын байланған желіні аттауды да обал көреді. Олар ыдысты тұзартып жуғаннан ырыс қашады, бақ таяды, молшылық болмайды деп ойлайды. Еркектердің іш киім ауыстыруы оларда атымен жоқ, қашан тозып тамтығы қалмай түсіп қалғанша, үстінен тастамайды. Қырғыздың азасы да айрықша: әйелдер жыл бойы бетін жуып, шашын тарамайды, киуге жарамай, жырым-жырым боп қалса да көйлегін шешіп ауыстырмайды.

Бурут аксақалының қонақжайлұғы керемет болды, табан аузында отардан мал алғызды. Бейшара токтыны біздің көз алдымызда киіз үйдің ішінде сойып, қолын қол, бұтын-бұт қып мүшелеп боліп, ортага от жағып үш аяқ ошакты орнатып, үстіне казан қойып су құйып ет асуға кірісті. Алғаш алай қарған қырғыздардың өні жылып, бүкіл үй-іші болып казанның төнірегінде күйбендереп, біріне-бірі бөгет жасап, ақыр аяғында үрсысып тынды. Аш иттер қой сойған жерге жиналып, еденді ііскелеп өліп барады. Бір асайтын еттен құр қалмас үшін ауыл адамдары топырлап келіп үйді толтыруға айналды. Қырғыз өншісі қомызын тартып, аңы айғаймен “дөй-дойтіне” басты. Ақыры қазан түсіріліп, алдымызға табакпен ет тартылды. Тау-төбе үйліген еттің үстінде құрметті қонакқа деген жамбас жатты. Тұздықка батырып етті жеуге кірістік.

Ертеңіне таңертенгі шәйді алға ала бергенде бізге Борсықтың өзі келді. Тұскі асты да, кешкі асты да құр жіберген жоқ. Осы дағдысын ол кейін құдайдың құтты құні жасады. Балалары шұбырып әкесінен және қалмайды. Жалпы Борсықтың үй-ішін азықтандыру біздің заңмен бекітілгендей міндеттімізге айналды.

Қырғыздардың өзі сүтпен және пышаққа леккен малдың етімен коректенетін көрінеді. Шамасы қыдықтар өз ауылынан сауда сөрелерін тұнғыш көріп бір рахаттанған тәрізді. Оны Борсықтың біз келгеннен бастап дандайсып кеуде көтеруінен анғардық. “Әкеңнің аузын ұрайын! – деп әкірендеді ол бакталастарының біріне. – Міне, маған сарттар мен саудагерлер келіп жатыр”.

Оның үстінеге бізге қыздар мен келіншектер жиі келіп тұрды. Олар кой етін пісіріп, шелекке құйып айран мен қымыз, май мен ірімшік алып келеді. Жергілікті жердің салты бойынша оларға сыйлық беруіміз керек. Зайырлы қауым адамы әрі қызы-қырқынға әуес серігімнің олар келгенде қуанышы қойнына симайды. Құрақ ұшып алдына кептірілген жеміс-жидек қойып, кейлектік сиса мен мақпал сыйлағ, меруерт-маржан ұсынып, мактауларын жеткізіп, мәре-сәре боп қалады. Өкінішке қарай оның мактауын қырғыз қыздары түсінбей: “мынауың не айттып тұр?” – деп менен сұрайды. Осылай мырза жігіттің атақданқы алыс-жакын ауылдарға түгел жайылды.

Кейде ауыл ағасының қыздары жолдасымның шатырына келіп бастағы да жасап кетеді. Оған жастар, қыздар мен келіншектер жиналады. Әйелдер бір жаққа, ерлер екінші жаққа отырып, ойын бастайды. Қыздардың бірі секендей орнынан атып тұрады да, қолындағы орамалмен өзіне ұнаған бір жігітті салып қап, қасына алып кетеді. Қыз қалауы түскен бақытты жігіт онын өтеуі үшін қуақы бір шалт қимыл жасауы немесе әдемілеп ән салып беруі шарт. Қайсысы болсын онай емес. Ойынның мәні мынада: епті жігіт өнерін асырып, өз бикешін аузынан сүйгізу керек. Ал ол қолынан келмей қалса, таяқ жейді және ондырмай жейді. Оның үстінеге жігіт ән салғанда, ыңғайлышызына қарамай басымен домалап шыр айналуы қажет. Әнші бір дізерлеп отырып, ашыналық жайында күлдіргі, ырғағы да ерекше өлең айтуы тиіс. Қырғыздың әу деп алғаш дауысқа салуы үлкен күшке түседі. Қозі қызарып, танауы делдиіп ал дегендеге қышқырған бір айқай шығады. Ондай өнері жоқ, әнші тегінде топка да түспейді. Әнін аяқтап әнші өз бикешімен орнынан тұрып, айнала беріп сүйіседі. Жалпы қырғыз жігіттері мен қыздарының ондай қарым-қатынасы әбес саналмайды. Эке-шешелері, туған-туысқандары қысылмай-ак қарап отыра береді. Келіншектің күйеуі тату құрбылығы үшін достарын қайта арқадан қағып колпаштап қояды. Қырғыздар да қазақтар сияқты азиялықтарға тән артық қызғаныш дегенді білмейтін тәрізді. Бұндай шыдамдылықтың бір себебі бұл халықтардың арасында ислам дінінің қатыбас қаталдығының әлі еркін тарала қоймағаны болуы керек.

Кыргыздар өзін мұсылман санайды, бірақ Мұхаммед деген қандай кісі болғанын да білмейді. Өлік жерлеу мен қыз үзатуды баяғы шамандық әдет-ғұрыппен өткізеді. Бірақ сауатты сарт немесе татар кездессе, аят оқытпай және жібермейді. Істықкөлден Бадахшанға дейін көшіп-конып жүретін бұл тайпаның арасында хат танитын бірде-бір пендे жок деп батыл айтуға болады. Кыргыздар қымыздан шарап жасайды, боза ашытады. Орайы келгенде тойғанша ішіп тәлтіректеп мас боп жүретіні де бар. Осьдан отыз жыл шамасы бұрын біздің Орта жүз қазактарының діни түсінігі де осындаи болған-ды. Орыс үкіметі мешіт салғызып, татарлардан оған молда тағайындал еді, енді солардың әсерінен Орта жүз қазактарының діндарлығы Мәвлеуи қауымының дәруіштернен кем түспей, бес уақыт намазын оқып, отыз күн оразасын тұтып, әйелдерін қамап үйден шығармай ұстауға айналды. Қазақ даласы үшін бұрынғы қаранғылығы ма, әлде діни нанымға қарама-қайшы надандығы ма, әлде үш жүз жыл бойы созылып келе жатқан озат атаулының бәріне жат татар оку-ағартуы ма – қайсысы жақсы екенін біз білмейміз.

Ресейдегі татарлар орыс жүртінің мұдделеріне ешқандай қатысы жок мұлдем бөлек шығыс әлемін құрайды. Ұлы жүз отпелі кезенді бастан кешіп отыр. Татарлар барлық жүзге жайылып, ойдағыдай қарекет жасап жатыр. Бір ғажабы татардан аулақ тұратын қазактарда фанатизм аз. Олар қаныпезерліктің қордасы деп атауға біз үренип кеткен ортаазиялықтардың иеліктерінің ықпалында өмір кешіп жатыр. Біз Бұқар молдалары татардықінен қауіпті емес-ау деп ойлаймыз.

Тағытас ордасында койға айырбастап сауда жасап, бір орыннан екінші орынға көшіп-конып біз бір айдай тұрдық.

Бұдан бұрын айтылғандай, біздің қожайынымыз манаптардың, қыргыз аксүйектерінің санатына кіріп, халық жиындарына қатыса алмай қамқөніл боп, ете кедей өмір сүріп жүргендердің бірі. Бірақ Борсық өз руының мәртебесін өсіріп, байығысы келіп барлық қыргыз аксүйектеріне барымтага шығады. Сол себепті де ортақ жайлаудан аулақ ең мықты щептерге бекініп алған. Біз болған кезде ол адам аяғы баспайтын Мұзарт шатқалына немесе жоғарғы Текестің ми-батпағына келіп коныстанып жүрді. Басқа тайпалар тайлы-таяғы қалмай өз ауылдарын Кегеннің кең жазығына коныстандырып, бас манап Боранбайдың қайтыс болғанына 90 күн толуына орай ас беріп, ат шаптырғалы жатқанда да, өз мекен-жайынан кия басқан жок. Уақытты құр өткізбей тоғыз көкжал ұлын жұмсап, жылқы үрлап жатты.

Жоғарыда атап өткенімдей, менің қыргыздармен танысувым

1856 жыл. 1855 жылы бұғы тайпасының бас манабы Боранбай 10.000 тұндіктен тұратын қарауындағы руларымен келіп Ресейдің бодандығына кірді. Келесі жылдың қоқтемінде қырғыздардың өз өтініші бойынша олармен танысу үшін полковник Хоментовский бастаған казак жасағы бұл тайпага тиесілі жерді суретке түсіру үшін әдейі келді. Осынау орыс экспедициясы екі айдың ішінде Ыстықкөлдің терістік бөлегін шолып шығып, Аксу өзенінің терістік, Зәуке өзенінің түстік жағасын ауқымы екі шақырымдық картага түсірді. Экспедицияда мен де болып Боранбайдың ауылына барып, бірқызыру әдемі аңыздар жинап, тау қырғыздары туралы жазбаларымның арнасын салдым. Одан әрі қырғыздардың сарбағыш, солты руларын аралағанмын. Енді міне, осы жолы олардың Қашқарға дейінгі коші-қонымен танысуыма тұра келді.

Қытай және шығыс тарихшыларының еңбегін екшеумен шүғылданатын ғалымдар үшін тау қырғыздарының түп тегі мен тарихы қуні бүтінге дейін шешімін таппаган даулы мәселе болып қалып келеді. Олардың қөшілігі тағытас буруттары қайткенмен Жонғарлар өткен ғасырда жаңа жерге көшүге мәжбүр еткен Енисей қырғыздары деген пікірді әлі де ұстанып отыр. Сондықтан оларды Тан әuletінің хакастары мен юань әuletінің киликіздыларына үқсас деп санайды. Рашидаддин өзінің монголдар тарихында қырғыздарды Бар-худжин-Тоқым елінде тұрған түстік Сібірдің орман халықтары санатына жатқызады. Қырғыздар берген Кем-Кежмут атауы онда да, Әбілғазыда да Кем (Енисей) және Кемчук өзендерін еске түсіреді. Шамасы о заманда бұлар әлгі халықтың қошпенділері болса керек. Сібірді бағындырган кезде орыс-казактары қырғыздарды Абакан мен Жосадан тауып, XVII ғасырдан XVIII ғасырдың басына дейін олармен кескілескен соғыс жүргізді.

Сол кезден бастап бұл халықтың аты Сібір жылнамаларында кенет жойылып кетті. Фишер болса, оларды жонғар хонтайшысы қошіріп жіберген, ұзын құлакқа қарағанда, жаңа қонысы Тибет пен Гиндукуш тауларының шекарасы маңында болуы керек дегенді айтады. Левшин мырза бұл оқиғаны тарихқа тұнғыш енгізген швед офицерлері, қырғыздардың қошірілуі орыс үкіметі мен жонғар хонтайшысының өзара айрықша шартының нәтижесі деп дәлелдейді. Алайда қытайлар тау қырғыздарын бурут атады, қазіргі орнына Куэнь-Луннен қошіп кеп қонды дейді, олар таң әuletінің тұсында булу немесе пулу деген атпен жүрген-міс.

Иакинф сопы Түстік Сібір қырғыздарын қазіргі буруттардан алғаш айрып берді. Ол буруттарды түрік тайпасы деп қабылдап, алғашқылардан ажырату үшін қырғыз деп атады.

Риттер өзінің “Азияның жер тануында” тау қырғыздарын қазактармен шатастырып, олардың екеуін де Енисей қырғыздарының немесе хакастардың ауа көшүінің нәтижесі деп санайды. Клапроттың айтқанынан шыға алмай Абел Ремюза да оларды тайпалардың араласуынан түркітеніп кеткен үнді-герман тайпасы дейді. Қырғыздардың XVII ғасырда орыс Сібірінен ізім-ғайым жоғалып кетуіне орай Риттер: қөршілерінен қысым көрген олар Шығыс Түркістан асып, Ертістің тұстік шығыс бетіндегі даланы мекендейтін өзінің тайпаластарына буруттарына барып қосылды дейді. Демек, ол буруттарды осы өнірдің ежелгі түрғындары деп санайды. Қазіргі тау қырғыздарының шығу тегі туралы мәселе, міне, қандай күйде тұр! Шие боп шатасқан осынау мәселені шешу үшін біз халық аныздарына зер салып мынадай деректер алдык. 1) Тағытас, қарақырғыз атасып жүрген бұл халық өзін жай ғана қырғыз деп атайды. Қалмақтар мен қытайлар таңып жүрген бурут деген атау оларға мұлдем беймәлім; 2) қырғыздар өзінің алғашқы атамекені деп Әндіжан тауларын санайды; 3) Тұстік Сібірден қоныс аударуы жайындағы аныздар олардың арасында сақталмаған, алайда шеру тартып тұстіктен терістікке қарай көшетіні, көшінің Қара Ертіске, Алтай мен Хантай тауларына дейін, шығыста Үрімшіге шейін жететіні туралы аныз-әңгіме бар.

Осы деректерге сүйене отырып былай топшылар едік. Тау қырғыздары Енисей хакастарымен немесе қырғыздарымен тағдырлас қана емес, түптес-тектес. Оларды қытайлар өз мақамымен ки-ли-ки-цзы атайды. Өйткені, монголдардың замандасты қытай жылнамашысы ки-ли-ки-цзы жергілікті жүрттың тілінде “қырық қызы” деген мағына береді дейді. Қырық – 40 – қызы деген сөзді қазіргі қырғыздар да өз атының шыққан арнасы деп үғады. Одан әрі біз қырғыздар шығысқа қазіргі көшіп-қонып жүрген өнірінде ежелгі дәүірде-ақ тараған деген түйін жасаймыз. Өйткені Құбылайдың 1253 жылғы сапарында қырғыздар Тянь-Шаннан кездеседі. Олардың Тянь-Шаннан Хантайға дейін көшіп, одан кері қайтып жүретіні кейінгі кезде де болғаны ел аузындағы аныздармен бекітіле түседі. Мұндай көшіп-қону Алтай мен Тянь-Шанның арасында ойраттардың немесе жонгарлардың хандығы құрылғанда барып дөғарылған. Демек, ғалымдардың дені қырғыздар Енисейде Тянь-Шанға XVIII ғасырдың басында жонгарлар мен орыс үкіметінің өзара келісімі бойынша көшірілді деп жүрген пікірі біздің колға түскен тың деректерге қарағанда, онша иланарлық емес.

“Тарихи-Рашиди” аталағын қашқар тарихынан мен қырғыздардың XV ғасырдың аяғында Әндіжан маңындағы

тауларда көшіп-қонып жүрген дерегін таптым. Ал тарихшының өзі өмір сүрген 1520 жылдардың шамасында олар өзінің көшін Ыстықкөлге дейін тартқаны айдан анық.

Омбыдағы Сібір казактарының облыстық басқармасының архивінде 1746 жылдың жазында қырғыздарды Сібірден көшіруге қатысты бір қызықты құжат бар. Құжатта Өскеменнен қатын-баласымен 12 адам келгенін, олардың өзін казак-калмак атағанын, бұрын олар Сібірде Томскі мен Енисей қалаларының арасында Краснояр шаһарының қарсы бетіндегі далада Ақжоса өзенінің бойында Табын батыр датка дегенінің қол астында тұрып, биік мәртебелі императордың қазынасына зекет төлеп келгенін айтыпты. Бұдан елу жыл бұрын казіргі хонтайши Қалдан-Серенің әкесінің тұсында қалмақтың үш зaisаны Дунар, Сандық және Чинбань (басқа айғақтарда Зухар, Сандық және Бенбен) 500 адам әскермен бұлардың қонысына шабуыл жасап, үш мың тұндікті, Табын батырмен, баласы Шайнышпен қоса құштеп жонғар жеріне алғып кетіпті. Одан Үргігे жер аударып, олар күні осы уақытқа дейін сонда тұрып Қалдан-Серенге алым-салық төлейтін көрінеді. Оған қоса әлті қолға түскендер басқа да қандастары – қырғыз-қалмақтар Сағай даласында өмір сүріп биік мәртебелі императордың жасағында тұрады деген мәлімет береді.

Келесі 1747 жылы Жонғариядан қашқан екі қырғыз-қалмақ қолға түседі. Олардың да айтқан сөзі әлгіндей. Оған қосқаны Сағай болысында екі нағашысы Қарта Идаш пен оның туған інісі Емген Мергеннің тұратыны.

Бұдан шығатын қорытынды, қырғыздар жонғарлармен және ұрынқайлармен көрші тұргандықтан монғолдармен араласып кеткен. Сондықтан жонғарлар оларды түгел емес, 3 мың тұндігін, яғни өзіне қосылғандарын ғана көшірген. Бәлкім солар “қырғыз” деген әuletін құраған болар. Осының өзі Иакинф сопыға Сібір қырғыздары монгол тайпасынан шыққан деген қорытынды жасауга белек берген шығар.

Осы арада мынадай бір сұрап туады. Бір ғасыр бойы Сібір қалаларына шабуыл жасап, басқа көршілермен де ұдайы кескілесіп өткен аса құшті халық – сібір қырғыздары сонда кайда кеткен? Жонғарлар және ұрынқайлардың алтын-ханы кандай? Бұған былай деп жауап беруге болады. Олардың аты өшүнің танданарлық түгі де жок. Мәселен, кәдімгі қырғыздар зекет төлеп тұрган Ұрынқай алтын-хандарының айтулы иеліктері қазір кедей екі болыс ел ретінде өмір сүріп жатыр. Олар орыс пен қытайға екі жақтап алым-салық төлегендіктен, екідай немесе дубаядан аталады. Сібірліктер бұратана халықтардың бәріне айрықша ат беретіні белгілі, сондықтан

сібір қырғыздарының да қалдығы басқа атқа ие болып, ежелгі өз атамекенінде көшіп-қонып жүргені сөзсіз. Біздің бір жерден және оқығанымыз бар: Енисей уәләятінің татар халықтарының бірі, тегі сағайлықтар болуы керек, өздерін қырғыздардың ұрпағымыз дейтін көрінеді. Тауда Алтайға саяхат жасаған бас штабтың офицері Муравлев мырза маған Бұқтырманың жоғарғы жағында өздерін қырғыз санайтын екі болыс ел көшіп жүр, олар мұнда Кем (Енисей) мен Кемчуктің бойынан көшіп келіп қоныстаныпты деп хабарлады.

Фалымдар этнография үшін халықтың сөз өнері ескерткіштерін зерттеудің маңыздылығын баяғыда-ақ айтқан. Онда халықтың әдет-ғұрпы мен мінез-құлқы бәрінен де жақсы сипат табады. Ескі сөзге құмарлық, аңыз-әңгіменің байлығы Терістік және Орта Азияның көшпелі халықтарының ерекше бір игілігі. Бұл аңыздар қатты қастерленіп, ақсақалдардың жадында әр рудың естелігі түрінде сакталады. Мәселен, салт-дәстүр, әдет-ғұрып аңыздар мен шежірелер жыр-дастан ретінде жыршылардың өзгеше бір тобы арқылы атадан балаға беріліп отырады. Қазір қолданылмайтын кейбір сөздер мен оралымдардына қарағанда олардың ете ертеден екені анғарылады. Шынғыс ханың ұлы анасы делінетін ханша Гүлмәлике туралы аңыз куллі татар халықтары арасына кен тараған. Француз тарихшысы Тьери оны ғұндар мен Атила туралы ежелгі аңыз есебінде қабылдайды. Тау қырғыздарының түп-тегін қызыл тазы ит (қызыл тайған) пен бәзбір ханшайымнан, оның соңына ерген қырық қыздан шығаруы төтенше көнелікті көрсетеді.

Орта Азия халықтарының ежелгі аңыздарына тән бір сипат – олардың өз түп-тегін бәзбір жануардан шығаратыны жайындағы қиял-ғажайып ертегілер. Қытай тарихының дерегіне қарағанда, гао-гюй халкы, басқаша айтқанда, телэ немесе шилі жұрты қасқыр мен сұлу ғұн ханшайымынан жарапған. Ғұнның бір патшасының ай десе аузы, күн десе көзі бар екі сұлу қызы болған-мыс. Патша оларды қатардағы көптін біріне бергісі келмейді. Соңдықтан биік мұнаралы сарай салып, елсіз-күнсіз шөл далада ұстал: “алсан, берген аспан өзің ал” – дейді. Ханшайымның кішісі әбден зерігіп, көрі қасқырға көз салады. Қасқыр да жыл он екі ай бойы құдайдың күтті күні сарайдың іргесінен ерсілі-қарсылы өтіп жүріп, мұнараның түбінен апан қазған екен. Апасының тіліне бақтай, ақыры ханшайым қасқырға түрмисқа шығады. Төгейлер (Иакинфта дулгастар) өзінің түпкі анасын – қанышқ қасқырдан, ал турфандар (тибеттіктер) иттен шығарады. Қытайлақ монғол хандарының түпкі атасы Баташи қөкжал қасқыр мен ақ киіктің баласы еді дейді. Солтүстік Американың

кейбір тағы тайпалары өзінің түбін сусардан, тасбакадан және басқалардан шығарады. Бұл келтірілген мысалдардан өлгі текстес аныздардың Орта Азияда, тіпті Америкада ен көне, ен күрметті аныз болғанын анғарамыз. Қырғыз аныздарының өзгеріске аз ұшырағанын, алғашқы түп-нұсқасына жақындығын ескерер болсақ, қазіргі қырғыз үрпағының көзкарасы тұрғысынан ынғайсыз кейбір нәрселердің өзін барынша көтермелеп лепіре жырлауын түсінуге болады. Өзбектер мен казактардағы 99 баулы қыпшактардың түп-тегі туралы әбес турде сақталған аныздың бәзібір кезде баспа жузін көретініне күмәніміз бар.

Аныз-әнгімелердің аса маңызды бөлімі ата тарату жөніндегі бөлігі. Рулық әдет-ғұрып осы аныздарға негізделген. Рулардың өзара қарым-қатынасын рубасылардың туыскандық дәрежесі айқындейды. Тайпалардың басқалардың алдындағы ағалығы ата-бабаларының қайсысы бұрын тұғандығына қарай ажыратылады. Бұл текстес аныздар халық құрамының қалыптасуын алдыңа жайып салуымен құнды. Қазактардың, өзбектердің және ногайлардың ата тарату кестесінен Алтын орда мен Шағатай ордасы құлағаннан кейін құрала бастаған әралуан түркі және монғол тайпаларының одагы көрініп тұрады. Буруттардың ата таратуынан олардың халқының басым белегін қырғыздардың түрік тайпасы құрайтынын, оларға кейін басқа бір бөгде екі әulet қосылғанын байқайсыз. Бұл бөгде рулар қыпшак-найман және қытай. Олардың қырғыз жұртына ата қызып кіру құқығын, ата-бабасының ортақтығы, олардың басында Қырғызбайдың болғаны айқындейды. Екінші бір бөгде әulet – ішкілік. Олар да өзінің түп атасын Қырғызбай санағанымен, басқа рулар қырғыз деп мойындалмайды. Үшінші бөлегі “он” және “сол” бол бөлінетін нағыз қырғыздар. Олар қазіргі қалпында көптеген рулар мен әuletтерге бөлінеді. Рулар өз ішінде аталарап тарайды.

Аныздардың үшінші бір желісін ногайлы жырлары деген қурайды. Олар казактарда, өзбектерде, ногайлыларда, ھем қырғыздарда да бар. Алғаш Орта Азиядағы түркі және монғол текстес көшпелі тайпалардың бәрі, яғни татар тілінде сөйлейтіндердің бәрі ногайлы деп қабылданған. Бұл да тұра монголша сөйлейтін көшпелшердің барлығы қалмақ деп аталағыны тәрізді. Ноғайлы аныздары XIV ғасырдың аяғы мен XV және XVI ғасырларға жатады. Бұл аныздардың бәрінің эпикалық сипаты бар. Қебіне өлең бол үйқасып, жыр түрінде айттылып, халық ауыз әдебиетінің туындысы саналады. Халықтың руҳын, түсінігін, әдет-ғұрпын, мінез-құлқын, тұрмыс-салтын бейнелеу жағынан бұлар гажайып дүние, оның филологиялық тұрғыдан да маңызы айрықша. Сонымен қатар тарихи ынта туғызатындары да көп.

Әздерін Алтын орда мен Шағатай ордасынан тарататын

қазактар, өзбектер және ногайлылардың бәріне ортақ батырлары Едіге, Ер-Көкше, Орак, Шора және басқалар жайында жыр-дастандары бар. Бұл батырлардың барлығы тарихи тулғалар. Едіге Аксак Темір сардарларының бірі, Темір-Құттық хан тұсындағы Алтын орданың бектерберегі. Тарихта ол Ворсклдегі Витовты женуімен әйгілі. Аңызға қарағанда Орак балаларымен орыстың тұтқынында болып, орыс кінәзінің кызына үйленген. (Ол туралы біз тарихи айғақтар таба алмадық). Ер-Көкше туралы 1423 жылы жазылған Никон жылнамасында Құдайдаттың адайларға шабуылына орай айтылады. “Сол соғыста татар батыры тұлғасы да, қуаты да сұрапыл Көкшени өлтіреді” деп жазады. Шора – қоршауда қалған Қазанға қомекке аттанған татар батыры. Татардың Қазан жылнамасында оның есімі сақталған.

Бұл батырлар жыры біздің қошпенделдердің көне сөзді, ескілік оқиғаларды қалай құрметтегі, қалай қастерлеп есте сақтайтынын байқатады. Осынау аңыз-дастандардың ауылы аралас, қойы коралас қөшіп-қонатын тілі үқсас халықтардың бірінен-біріне ауысып, қошес беретінін, сондыктан оларды айыра білу қажеттігін атап айтқым келеді. Поляк ақыны Ходъзко мырза Едіге жырының үзінділерін түрікпендерден естіпті. Ал түрікпендер оны қазактардан немесе ногайлылардан алуы ықтимал. Дәл осы сиякты олардың атақты қандыбалаш батыры Қөріғұлы қазақ ақындарына да жақсы таныс. Асылы, Азияда бірден-бірге ауысып жүретін аңыздар мен дастандар, жырлар көп-ақ. Академик Кастрен Лапландияда карелдерден “Одиссеядағы” жалғыз көзді Полифем дәү туралы аңыз естіпті. Эрине, ол үлттық түсінікке орай өзгеріліп алынған. Бұл аңызды қазақ даласында да жақсы біледі. Онда дәү кісі жегіш алып дыю ретінде алынады да, “Одиссеяның” рөлін қазақ батыры Батыр хан атқарады.

Тау қырғыздарының ногайлы дәүіріне жататын бірден-бір жалғыз эпосы – “Манас”. “Манас” күллі қырғыз батырлар жырының, ертегі-аңыздарының бір батырдың төңірегінде, бір дәүірдің көлемінде тоқайластырып, бірегей бір тұлға – Манас батырдың айналасына тоғыстырылған энциклопедиялық жинағы. Қырғыздардың тұрмыс-салты, әдет-ғұрпы, мінез-кулқы, жер-жағдайы, діни және дәрігерлік түсініктері, халықаралық қатынастары осынау алып жырда кен көрініс тапқан. Біздің пікірімізше, бұл дастан тегінде үдайы өзгеріске ұшырап, жаңа жағдайға байланысты жаңғырып, тың оқиғалармен байып отырған. Бәлкім, оның қазіргі жыр кисыны қара сөзбен біртұтас ертегі ретінде айттылатын ең күрделі жұмық түрінен алынған кейінгі уақыттың жемісі болса керек. “Манас” тұтас бір дүниеге әкеп саятын сансыз көп жеке көріністерден тұрады.

“Семетей” атты екінші бір эпос “Манас” жырының жалғасы. Бұны, былайынша буруттардың “Одиссеясы” деуге болады.

Кыргыздар “Манас” жырын толық тыңдал тауысу үшін үш күн жетпейді дейді. “Семетей” жырына да сонша уақыт қажет көрінеді. Зайры, бұл асыра сілтеу болар. Бірінші дастанның бас қанағманы Жақып байдың баласы – Манас батыр алғаш Шудан Таласқа шейін жайлайған ногайлылардың әміршісі деп аталады. Ал жырдың енді бір жерінде оны Әндіжанның, кейде Самарқандың сарты еді дейді. Манас түп-тегі жөнінен аксүйекке, яғни Шыңғыс хан әuletіне жатпайды. Алада оның құдырыет күші хандардан артық болады. Оның әкесі Жақып: “Әйгілі Шу мен Таластың иесі жас Манастың, әкесі мен боламын; хан емеспін карамын, ханнан артық амалым, Жақыпхан деген ағамын” дейді. Манас сезімтал да, сұнғыла қыр адамы ретінде көрінеді. Жырда оның жеке басын сипаттағанда Әндіжанда көкаяз нан жеп, көк алма кеміріп, ерте толып семіріп кетті, дейді. Он екі жасында жақ тартты, жебесін аткан жоғалтты. Он үшінде қолына найза үстап жауын женді, ат үстінен аударып балаларды, жабықтан сұрып аруларды алып кетіп, өзет батырларды өкінтіп “көкे” дегізді, он төртінде құз табанында отырған ауылдарды ойрандал, аскар таулардан асырып жауының жылқысын айдал кетті, ал он бес жасында кисапсыз көп халықтың билеушісі болды. Ұзын бойлы Манастың қасы керік, түсі сұық, қаны қара еді, алада денесін аппак, бауыры шұбар, жоны көк болатын. Ержүрек өзет Манас сонда кімге тартқаны? Ол желке жүні тікірейген көкжал бөріден аумайды. Ашуланғанда Манастың бетіне жан шыдамайды. Сақал-мұрты тікірейіп, көзінен үшқын шашып, аузынан будактап түтін шығады. Белі талдай нәзік, ал демалғанда кеудесі көріктей керіліп, алашықтай дедлиіп кетеді (косты қырғыздар алашық атайды, ал қазактар жолмәйке дейді; орыстың лашық деген сөзі осыдан шыққан).

Дастан жас Манастың өз әкесін Қара ханның қызы – Қаныкейді атастырып келуге жұмысауымен басталады. Қаныкейдің жузі кардай аппак, беті қарға тамған қандай қыпқызыл еді. Жасы он беске жаңа толған ханшайымның ұзын шашы өкшесіне түсетін. Исі жұпардай, тісі маржандай болатын.

Манастың әкесі Жақыптың ұлына қалындық іздел бармаған жер, баспаған тауы қалмайды. “Атының мойыны ыргайдай, үстіндегі биті торғайдай” болғанша жоқ іздел тоқтамай жүре береді, дейді жырда. Ақыры, ізделген ауылына да жетеді. Бірақ хан: “менің қызым хан баласына лайық, сенің ұлыңа кедей билің қызы да жарайды” деп бетін қайырып тастайды. Ыза болған Манас соғыс ашып, ханшайымды күшпен зорлап тартып алады. Осынау көріністе Манас өзін есерсоктау етіп

көрсетеді. Ол ешкімге мейірім жасамай, тptі өзінің әкесін де талап, Жакып шал мен карт анасын отына қаратып кетеді. Ендігі бір көріністерде біз әлсіздерді корғап, әлділерге қарсы шыккан әділ батырды қөреміз. Ол қалмақтарға қарсы соғысып, өзінің ерлік іздерін Жонғарияның терең түкпіріне дейін қалдырады. Қыргыздар Үрімшінің қасындағы Манас қаласы, жоғарғы Ертістің бойындағы сол аттас жер атауы осы батырдың есімінен алынған деген әңгіме айтады.

Көкетай ханының асы, сөз жок, “Манас” жырының ен бір тамаша көрінісі. Бұл көріністер ноғайлы ханы Көкетайдың баласы Бокмұрының әкесіне ас беру үшін монғолдың Жолай ханының колдауымен Ыстықкөл төңретінен Қара Ертіске, Алтай мен Хинганға көшпүйінде. Асқа келген Манас пен басқа да мұсылман көшпенділері дінсіздердің көз түрткі қылған қыспағына шыдамай төбелес шығарады. Сөйтіп аяқ астынан соғыс басталады. Манас Жолай ханды тас-талқан қып, өзін өлтіріп тастайды. Онымен жекпе-жекте Қытайдың батыры Қоңыrbай опат болады. Ақыр аяғында монгол ханы Назқараның қолынан Манастың өзі қаза табады. Манастың ұлы Семетейдің әкесінің кегін қайтаруы қыргыз эпосының екінші бір дастанының арқауы болады.

“Манас” дастанының бір бөлімі – “Көкетай ханының асын” мен қыргыз жыршысынан жазып алдым. Зайыры, бұл қағазға түскен түнғыш қыргыз сөзі болуы керек. Қыргыз поэзиясының осынау туындысын қазір аударып жатырмын. Ориенталистерді олардың бүтінге дейін мүлдем беймәлім болып келген тілімен таныстыру үшін шағын сөздік жасағым келеді.

Тау қыргыздарының тілі түркі текстес. Ол Кіші Бұқарстанда колданылатын ауызекі сөзге барынша жақын. Бұл тілде араб, парсы сөздері мейлінше аз. Оның есесіне монғол және көне түркі сөздері көп.

Әңгімеміздің қорытындысында қыргыз жұртының қазіргі есіп-өрбүі, оның басты әuletтері мен олардың саяси дербестігінің деңгейі туралы айтқым келеді.

Тағытас ордасы “он” және “сол” деген екі қанатқа жіктеледі. Мұнысы монғолдың “боранғары” және “жонғары” сияқты. Он қанаты әдгене және тағай деген екі ұлыстан тұрады. Тағайы ен бір кең тараған ұлыс. Оған түбі бір, бірақ ұдайы бір-бірімен қыркысып дүрдараз жүретін сарбағыш, бұғы, солты, саяқ, шерік, шонбағыш және бассыз деген жеті ру жатады. Бұғы 1855 жылдан орыстың бодандығында: оларда он бір мың тұндік бар деп есептеледі. Бұғылықтардың Ыстықкөлдің түстік жағалауында егістіктері бар. Ал жазда Текес пен Кегеннің жоғарғы бойында көшіп-қонып жүреді.

Сарбағыштар он мың тұндіктен тұрады. Олардың қонысы Үстүккөлдің шығыс беткейінде Шу өзенінің бойында. Солтылар ең жыртқыш ру. Он бес мыңға дейін тұндігі бар олар Талас пен Шу өзенінде көшіп-конып, Қоканың Бішкек бекінісінің төнірегін мекендейді. Саяқтар Нарынның басы мен Жұмғалды алып жатыр. Шеріктер Тянь-Шан таулары мен Үстүккөлдің тұстігінде тұрады. Шонбағыштар Қашкардың терістік-батысындағы тауларда айналактап жүреді. Соңғы аталған екеуі өте кедей. Тағайдың қалған рулары Наманғаннан терістікке қарайғы тауларды және Әндіжан төнірегі мен Жұмғал өзенінің басын жайлайды.

Әдгене қырғыздарының Марғұлан мен Ош қалаларына таяу Ферғана алқабында егістігі бар, жазды көбіне Оштан Қоқанға дейінгі тауларда откізеді. Бұл қырғыздардың құқығы өзбектермен тең. Олар Қоқан әскерінде сипай болып қызмет етеді. Ал рубасылары сарай маңында және әскерде маңызды қызмет атқарады. Қоқаның казіргі уәзірі Әлімбек-датқа қырғыздың осы тайпадан шыққан биі. Ол өз қырғыздарымен қазіргі хан Мәлінің Қоқанға ие болуына қол үшін беріп, жәрдем жасады.

Он қанат Таласты бойлап көшіп жүретін уақ үш тайпадан тұрады. Олардың рубасшылары әйелдері қырғыз қыздары болып келетін қоқан хандарымен жекжат-жұрагат. Қырғыз халқына кейінірек қосылған найман, қыпшақ және қытай тайпалары Оштан Памирдің аласа тауларын бойлап Бадахшанға, одан Қарақорым сілемдеріне дейін көшіп барып жүреді. Олармен ішкілік және әдгене тайпасының кейбір рулары да бірге көшеді. Орыстың боданындағы бұғы мен Ташмалдық атты қашқар қаласының төнірегінде тұратын торы қыпшақ руынан басқа қырғыздардың бөрі Қытайға тікелей тәуелді болғанымен Қоқан ханының билігін мойындал, жылына жұз жылқыдан бір ат зекет беріп тұрады. Қырғыздарды басқару үшін олардың жайлалаудың Қоқандықтар салғызыған Шу өзенінде – Бішкек, Токмақ, Мерке, Таласта – Әулиеата (ежелгі Тараз), Нарын өзенінде – Құртқа және Тоғызтарау, Жұмғалда – Кетментобе мен Жұмғал, Памирде – Бостантерек пен Тасқорған бекіністері бар.

Тамыз айының соңғы күндерінде ордадағы оз шаруасын тындырып, Қашқар саудагерлері кайтар жолға қамданды. Қырғыз достарымыз бізге қашқарлықтарға қосылындар деп ақыл берді. Өйткені азын-аулак керуен үшін жол катерлі көрінеді. Текестің жағасындағы Үшқакпак жиналатын жеріміз болып белгіленді. Қырқүйектің 27 жүлдызында сол жерге алпыс шатыр, яғни, керуен тілімен айтқанда, алпыс от жиналды. Керуен жетекшілерімен Қашқарға қандай жолмен бару керек? – деген келіссөз жүргізілген кезде алғашкы жоспарымызды құл-тақан

еткен тұтқыыл бір жағдай болды. Бұғылықтардан зекет жинағалы Бішкектен жіберілген Қокан жұзбасысы (бұғылықтар орыстың боданында болса да қоқандықтарды да, қытайлықтарды да кеудеден итермейді) алты солдатымен керуенге келіп, салық толеуін талап етеді. Одан қандай алым-салық деп сұрайды. Жұзбасы соған ашууланып, үш жұздың койды айдалап кетіп, олжасын мardымси қорғаштап тауда жүрмей ме.

Қытайларға қарсы көтеріліс кезінде төбелеске абден дәнігіп алған қашқарлықтар қолына найза алып, қокан солдаттарына бассалып, оларды аттарынан оп-оңай аударып тастайды. Жауынгерлерді қатты сокқаны сондай, біреуі ессіз-түссіз қалады. Тәшкенттіктердің кек қайтаруынан қорықкан қыргыздар жаралы сарбаз қашан жазылғанша қашқарлықтар ешқайда жіберілмесін деп жариялайды. Бұл әрі тарт та бері тарт жанжалға біз қатысқанымыз жоқ, себебі іске қатысы жоқ татарлар мен бірнеше қашқарлықты алып жедел жолға шығу қажет болды. Эйтпесе және болмайды, тауға қар түсе бастаған. Біздің біріккен керуеніміз он отқа жетіп, саны алпыс адам болды. Текестің биігінен екі асу асып біз Санташ откеліне келдік. Ақсак Темір туралы әйгілі аңыздан белгілі бұл асу бір тегіс жатаған таулардың ортасында. Содан кейін биіктігі шамалы Қызылқия тауы арқылы Жырғалан озенінің алқабына шықтық. Бұдан әрі алдағы жолымыз біртегіс миуалы теріскей алқабы арқылы өтетін болды. Алқапта белуарына дейін шешініп тастаған қыргыздар егістікте жұмыс істеп жүрді.

Жетікүс озенінің бойында біз ескі досымыз Борсыққа тап болдық. Ол озінің қыдықтарымен астық жинап алуға келіпті. Самсалы би мен белгілі жыртқыш Жанеттің қол астындағы ауылдар да осында көрінеді. Борсықтың ауылымен кош айтысып, оның озін корғаушы қалқан етіп, наурыздың 9 жаңасында біз Зәуке шатқалына кірдік. Алайда Борсықтың қасымызда болуы қыргыздардың хайуандық қылтығынан құтқара алған жоқ. 11 күні керуен тар шатқалдан құлаған жартастардың арасымен көтерілген кезде құлақ жарған айғай шықты. Семенов мырза биіктен құлап паршаланған бұл жартастарды табиғи баррикада деп орынды атаған екен. Біз қорғаныс шебін құрып, әлті баррикадаға табан тіреп бергенде, жетпіс адамдай қырғыз қаракшылары шабуылдан кеп берді. Озін-озі қорғап жансактаудың жолын керемет сезінетін жолдастарымыз түйслердің тасасына барып тығылды да, содан бас көтерген жоқ. Дегенмен біздің қызметшілер қорғаныс шебінің мықтылығынан, каруының құштілігінен буруттардың бетін қайтарып, басшыларының бірін тұтқынға алды. Екі жағынан да жаралылар болып, іс тұтқындарды алмастырумен тынды. Қадірмен

Борсық бізге қорған боп жүремін деп үятка қалған сон, қайтіп көрінбей, тіпті біз атаған сый-сияптың да алмай тайып тұрды.

П. П. Семенов әсерлі суреттеп берген Зәуке шатқалы туралы көп айтпай-ақ қояйын. Зәуке шатқалы Зәуке өзеннің, оған құятын Зауықша, Қасқата және Дүңгіреме өзендерінің ағысынан пайда болған. Оған құятын басқа да кішігірім жылғалардан пайда болған өзге де асуладар бар. Сонымен жол әүелі басты өзен ағысы арқылы өтеді де, содан кейн тармақталып кетеді. П. П. Семенов Қасқата өзенін бойлап кетерілген едім деп топшыласа, біздің керуен тұра Зәуекенің өзімен тартты. Дүңгіреме өзені Зәуке шатқалына келіп құйғаннан кейін күрт бұрылып, екі тау көліне аппаратын қылта жасайды. Жартастардың бей-берекет шашылған тау-тебе сынығы жолды бөгей береді. Шатқал сегіз жұз аршындай биік тік жарға келіп тіреледі. Әралуан жануарлардың құзда шашылған сүйегі бұл асудан өтудің қандай қыын екенін айғақтап түрғандай. Семенов мырзаның суреттеуіне осының бәрі сай келеді. Сондықтан мен оқымысты саяхатшымыз Зәуке асуын Қасқата деп қалды ма екен деп ойлаймын. Қасында жергілікті жерден жолбасшы болмаса, солай шатастырып алуы да ықтимал фой.

Керуеніміз бір күннің ішінде жоғары көтеріліп үлгерे алмады. Сондықтан бір бөлегі Зәуке өткелі түйықталатын саздауыт қырқада түнеп, екінші бөлегі бұрынғы қонған жерден үзамай, төменде қалды. Қапалақтап жауған жылбысық қар жоғары көтерілуге көп қындық келтірді. Жұқ артқан аттар, әсіресе түйелер дымқыл таста жиі тайғанап, жүрісінен жаңылып, кейде мұрттай ушып тастан-тасқа соғылып төмен құлап жатты. Осылайша бес түйе мен екі атымыз өлді. Серіктерім әбденabdyrat қалды. Әрқайсысының ойында – өзінің жұқ артқан көлігін аман-есен жоғарыға шығару ғана. Ат айдаушылардың айғайы, боктығы мен қарғысы, аллаға жалбарынуы, М. Бағаиддин, Алақ-қожа және басқа мұсылтман әулиелеріне сыйыну мәнгі қарларды жаңғырықтырып, төніректегі тауларды күнірентіп жатты.

Оку үшін ғана жазылған макаланың көлемі қазір саяхатшымыздың екінші жартысына ауысуга мүмкіндік бермей отыр. Егер әңгімем әйгілі әріп тестеріміздің назарын аударатын болса, өзге жүртқа беймәлім ішкі Азияға саяхаттан алған әсерлерім жайында Қоғамның келесі мәжілісінде айтып беруді алдыма иғі бір борыш етіп қоямын.



## Қашқар сапарына әзірлік

(Батыс Сібір генерал-губернаторына хат)

Подполковтик Гутковсийден хат алысымен бүйрық бойынша жәдәғабыл Қапал қаласына тарттым. Жақыппен әңгіме жүргізіп, онда ... сөүірдің аяғына дейін жатып қалдым. Су тасып кетіп Верный бекінісіне одан ерте шығуға мүмкіндік болмады. Верныйға келіп жоғары мәртебелінің мейірімі түсіп жолдаған хатын алған соң Алатау дуанының бастығы болып жүрген мырзамен бірге Шығыс Түркістандағы, Қоқандагы және тау қырғыздарының рулары арасындағы істің мән-жайы туралы толық мағлұмат жинау үшін жолға шықтым. Бұлардың бәрі менің қашқарға баратын сапарымды толық талдап, мәнін аса үшін қажет болды. Сондықтан өзімнің Жақыппен әңгімелекенесімнің нәтижесі және өткен жылғы Қашқар көтерілісінің мән-жайы жөнінде Өзініздің жоғары мәртебенізге пошта арқылы хабарлауға енді ғана мүмкіндік алды.

Көтеріліс жайында алған хабарлардың шындыққа жуық екеніне толық негізім бар. Оның үстіне кейінгі өзім жинаған деректердің барлығы Болордың тумасы, абырай-беделі тәуір Сарықолдық Сарымсақтан алынды. Ол бұл өлкені жақсы біледі. Ақпар алғанымның арқасында Қоқан датқасы Әлішер бар. Оның ата-бабалары қытайлар Кіші Бұқарстанды бағындырып алған кезде Қоқанға ауган қашқарлықтар еді.

Екеуара әңгімемізден кейін Жақып Жанкулов біздің үкіметке пайдалы адам болуға бекем бел буганын анғартты. Алайда Қашқарда бірнеше мәрте болған, жергілікті жағдайдың бәрін жетік білетін кісі ретінде ол менің алдымға Шығыс Түркістанға барған кезде атқармақ жұмыстарымды қынданда түсетіндей біраз мәселе қойды. Солардың біразы турасында өзінізбен ой бөліскім келеді.

Ең алдымен Қашқарға Қоқан ханының иеліктері арқылы бару оған да, маған да мүмкін емес. Жолда бұрын Семей мен Қызылжарда болған тәшкенттіктер кездесіп қалуы ықтимал. Олар мені танып қоюы кәдік. Оның өзі де Қоқанды аса сенімді адамдардың қатарына жатпайды. Белгілі ренегат Кузнецовтың талай мәрте қолға түсіп қалып басынан айрылып қала жаздағаны бар. Тек қана Қоқанның Омбы мен

Петербургтағы бұрынғы елшісі Сақыпзаде ишанның ара түсуімен ғана даусыз ажалдан аман қалған.

Екіншіден, Орта Азия исліктегі арқылы өткенде жергілікті оқиметтің күмәнін туғызбас үшін саудагер кейпін киіп, белгілі бір керуенмен ілесіп, болмаса азын-аулақ өз тауарынмен жүрудің жолын іздестірген жөн сияктыры.

Ушіншіден, Қытай Түркістаны қаласына, оның ішінде Құлжадан Мұзарт арқылы Ақсуға, Үш Туфанға және Қашқарға баратын ең қауіпсіз жол Қытай үкіметінің қазыналық қолігі мен тұз саудагерлерінің керуеніне ғана ашық. Оларға ерген күнде Ұстық-көлді басып, Зәуке асуына өзіміздің бұғылықтардың жайлауы арқылы өтетін жолдан өзге жол жоқ.

Төртіншіден, Жақыптың өзі болмашы керуен жабдықтаудың өзіне қиналатындау сыңай танытады.. Өйткені оның қалтасы таяз. Қашқарға өз есебінен саяхат жасауға да қаржы таба алмай жүр.

Жалқып алға тартқан қолайсыз жағдайдың соңғы нүктесі менің күмін-күдігімді қоздатты. Алайда қапал саудагерлері және Абакумов мырзаның өзінен мұқият сұрастырып біл-келгенде, Мәмет-Жақыптың сауда ісінің мән-жайы шынында да мүшкіл бол шыкты.

Біз бөлгілеген жоспарды жүзеге асыру үшін Мәмет-Жақып сіздің жоғары мәртебелі ықпалыныңдың арқасында Қапал мен Верныйдан 1,5-2 мың сом күміс акшаға тауар алып, керуен жабдықтау дұрыс деп ойлады. Соңда бұғы болыстары Текес пен Қарқараға жаз жайлауға шыққан кезде Зәуке асуы арқылы әрі қарай өтіп кетуге болар еді. Бұл бұйымдарды Қашқарға барған соң күміске немесе тауарға айырбастауға болады. Оның ойынша, бұдан қазына ешқандай зиян шекпейді. Жақыптың осы пікірлерін ой елегінен өткізе келіп, акыр аяғында қөнілі қара қытайлықтардың бұғылықтардан Тянь-Шянді төніректеп көшіп жүрген және басқа рулардың зекет жинау үшін Ұстық-көлге жорық жасағысы келеді деген сыйбысты ести отырып, жоғары мәртебелі Сіздің одан аргы нұсқауыныңды қуткім келеді. Ал, өз басым, Қытай Түркістанына өтудің басқа да мүмкіндіктерін іздестіре беремін ғой деп ойлаймын. Бұл ретте бізге Боранбай көмектесер еді. Алайда кереуеннің аман-есен өтуіне істің жалпы барысына бұғылықтардың арасындағы қазіргі жағдай да зардабын аз тигізбес. Өйткені Файзолланың жазуына қарағанда, өзінізге белгілі құл Телаҳмет күшті бүлік салып жүрген көрінеді. Менінше кереуен тау ішіне кіргенше менің бұғылықтардың арасына барып қайтып, тілін тауып, мипаздай отырып айтысушы жактарды келістіріп, мата алып қайту үшін

Қашкарға қай жолмен барып жүргенін, Тәшкенттен шыққан керуендер Зәуке асуы арқылы қалай өтетінін біліп қайтқым келеді. Әдette ондай керуендер Зәуке арқылы өтеді екен.

Отken жолы хатымда Сіздің жоғары мәртебелі құзырынызға Қашкарда басталған толқулар жайында хабарлаған едім. Бұл сыйыс мұлдем жалған, тіпті одан да бетер боп шықты. Сол себепті өзінін Шығыс Түркістандағы құқығын қайтарып алуға үміткердін дәмесі далала қалды деп ойлауға болады. Үміт мұлде үзілмегенмен біраз уақытқа дейін ояна қоймас. Бұл істің мәнжайын толық біліп алуға мүмкіндігім болғандықтан оның барысы жөнінде жоғары мәртебелі өзінізге хабарлау кажет деп үктим. Ақпар-дәрекімнің ақиқатқа барынша жақын екенін толық негіз бар. Болор тұрғыны, сенімге лайық, өлкені өте жақсы білетін Сарымсақ пен өзініздің танысының Верныйда тұратын Қокан даткасы Әлішерден алған ақпаратын бұны дәлелдей түседі. Әлішердің әкесі қашкарлық болғаны оның қытайлар Шығыс Түркістанды алғаш басып алғанда кеткені белгілі.

Кожалардың мән-маңызын олардың Шығыс Түркістандығы мұсылман халқына әсер-ықпалын түсіну үшін бұл халықтың монголдар басып алғаннан бергі тарихына көз жүгіртсе де жетіп жатыр.

Батысында Болор жотасымен және Тянь-Шянмен, түстігінде Куэн-Лунмен түйікталған, шығысында Монғолдың Гоби шөліне тірелген бұл байтак өнірдің әлі қунге дейін накты аты жок. Шығыста бұл ел Алтышар – Алты шаһар аталады, кейде Ұйғырсан немесе Қашкар дейді. Ал Еуропада ол Кіші Бұқарстан, Шығыс Татарстан, Шығыс немесе Қытай Түркістаны деп, кейде Қашқария деп аталады. Қытайлар олөттерден жаулап алған бұл өлкені Батыс Си-юй, Тянь Шан атайды да, терістік және түстік жолдарға бөледі. Шығыс Түркістанның тұрғындары шығыста және бізде қашкарлықтар деген атпен белгілі, ал қытайлар оларды чанту (ораулы бас) дейді. Біздіңше ең төтесі Шығыс Түркістан деген атаяу.

Шығыс Түркістан қытайларға біздін жыл санауымызға дейін екініші ғасырда-ақ белгілі болған. Қытайлық Джанкян батыс өлкенің халықтары жөніндегі тұнғыш толық мағлұматты біздін дәуірге дейінгі 140 жылы қолға түсірген. Қашкар, Жәркент, Қотан, Аксу, Үш, Куча, Карапаш калаларының өз ханы болған. Қытай тарихына қарағанда, олар үнді өркениетінің ықпалында болып, будда дінін ұстанған Жошы-хан қайтыс болғаннан кейін Шығыс Түркістан Шағатайдың үлесіне тигені аян. Ол өзінің келіп тұратын орнын Бесбалық атты үйғыр қаласынан тандаған. Ұзамай Шағатай мұрагерлері астананы Самарқандқа көшірді. XIV ғасырдың

басында Қазан қайтыс болғаннан кейін (Шағатай өuletіндегі жиырма бесінші патша) Шағатай ордасы тәуелсіз көптеген хандықтарға бөлініп, оларды әмірлер билеп тұрды. Шағатай өuletінің Есенбұға атты бір ханзадасы хан атын алып, Шығыс Түркістан қалаларына орнықты. Әбілғазы айтады: “Қашқар, Жәркент, Алатау және Үйғыр елінде осы уақытқа дейін патша болмағандықтан монгол ақсақалдары ел билеуге Есенбұғаны шықырды”. Есенбұғаның ұлы әрі мұрагері Тоғлық Темір Орта Азиядағы ең күшті патшалардың бірі болды. Хижраның 763 жылы ол Мәуренахрды басып алып, өзінің ұлы Илияс қожаны Самарқандқа қалдырады. Алайда оның Самарқандты билеуі ұзакқа созылмады. Араға екі жыл салар-салмастан Хұсайын мен Темір-әмірлер оның ұлын қуып шығады. Бұл кейін өлемге әйгілі болған Ақсақ Темір еді. Тоғлық Темірдің бір жасаған иігі ісі мұсылман дінін бірінші болып қабылданап, оны алты шаһардың алтауына да тарату болды.

Ханды ислам дініне кіргізген Мұхаммедтің елшісі Бұқардан шыққан Жужагаддин мен оның ұлы Рәшидаддин еді (бұны басқа бір деректерде Жамалиддин деп те атайды). Бұл шейхылар Мұхаммедтің қызы Фатимадан тарайды, оның үстінен олар имам Ризага тегі жағынан тым жақын.

Казіргі Қашқар қожалары Жужаға мен Рәшидаддин шәйхылардан тарайды. Тоғлық Темір хан ислам дінін тұңғыш қабылдаған хан ретінде, ал Рәшидаддин діни ұстаз ретінде қытай мұсылмандары арасында айрықша құрметке ие, олардың екеуі де әулие саналады.

Мұсылман шығысында пайғамбарлардың өuletі ерекше құрметке ие болып сейд, шейхы, кожа, әмір деген атпен артық тұған айрықша тап саналып, ақсүйектер өuletін құрайды. Демек, қожалардың Шығыс Түркістандағы әсер-ықпалы мұсылмандықтың енгізілуімен бірге келді дүниеге. Тарихи тұрғыдан бұл халықтың азыз-әңгімелеріне, олардың діни ықпалына байланыстырылады. Бұлардың жұрт рухани баба ретінде ұстаз тұтып, олардың билігін зайырлы ханың билігімен бірдей санаған. Ақыр аяғында, Шағатай өuletінің билігі тоқтағанда қожалар өздерін зайырлы әмірлер дәрежесіне көтерген. Қалдан-Бошокты ханың тұсында жонғарлар 1679 жылы Шығыс Түркістанды жауап алған кезінде қожаларға камқорлық көрсетіп отырды. Қожалардың бірі Махмұт халықтың адалдығына сеніп, бұра тартып болінбек болғанда, арам пигылы ашылып қалып, 1755 жылы қамауда қайтыс болғанша қожалардың беделі жүріп тұрды. Қожалардың көтерілісінде аты шыққан Бүрқаниддин мен Қожа-Жаған атты әйгілі ағайындылар. Өз отанын қытайлықтардан ұзак уақыт

батыл қорғаған азаматтар Махмұдтың балалары еді. Олар жонғар қонтайшысының Үргесінде дүниеге келген-ди.

Қытай үкіметі Шығыс Түркістанды бағындырып, елді жауап алғанда адам айтқысыз айуандыққа барды. Куча қаласында қытайлар мың адамды соққыға жықты. 1760 жылы Үш-Турфанда Бөгдіханға қарсы бүлік шығарғаны үшін қаланың бүкіл тұрғындарын сабап ұрып-соқты. Ұдайы бағынбағандарға аяусыз шара қолданып, коркыныш, үрей туғызып отырды. Олардың осындай жазалау шаралары ғана түркістандықтарды бүлік шығарудан бөгеп тұрды. Сол тұста қожалар халық үшін қанатымен су сепкен періште сияқты көрінді. Оларды біреуінің есімі аталса-ақ, қытайлардың қанша шарасы болса да баса-көктеп, халық бас қурауға өзір тұрды. Қашқардан 200 шақырым жердегі Ташмалық қаласындағы Зиавуддин ахунның көтерілісі алғашқы айқаста-ақ басып-жанышылды. Қырғыздар тастап кеткен ахун қытайлардың қолына түсті. Сондай-ақ Қашқар мен Жәркенттегі 1825 және 1837 жылдары болған көтерілістер белгілі.

\* \* \*

Сіздің жоғары мәртебенізге Шығыс Түркістанның 1764 жылға дейін тәуелсіз болғаны мағлұм. Алайда Бурханиддин мен Қожа-Жаған қытайлардың қолына түскеннен кейін өлкे дербестігінен айрылды.

Шығыс Түркістан қытай езгісінде құлағаннан кейін қожалар әuletінен шықкан Сәли-қожа деген біреу Қоканға кашып барады. Сонда оның үрпактары әлі де тұрып жатыр. 1756 жылы қытай үкіметі қоқан ханына қожалардың бұрынғы ислігіне баса-көктеп кіруіне кедергі бол деп мың жамбы бергеніне қарамастан, қожалар жиі-жиі ретін тауып тұрады. Тіпті 1825 жылы Жәңгір қожаның көтерілісінде қоқан ханы Мәмедәлі белсені қатысып, өзінің бірнеше тиімді шарттарын алға тартады. Оның үстіне қытайлар Қокан ханына Шығыс Түркістанның алты қаласынан діни зекет жинап беріп тұрады. Оларды жинау үшін қоқандықтар Қашқарда өзінің ақсақал деген атпен тұракты уәкілін ұстайды. Зекеттің жалпы сомасы 12 мың ділдәға (1407 сом) жетеді. Жәңгір көтеріліснен кейін қашқарлықтардың жетпіс мың жануясы Қокан, Шагрихан, Ферғана алқабының және басқа қалаларына көшіп-конады. Сөйтіп, олардың тұрғындары таулық деген атпен 300 мың жанға өседі.

Қазіргі кезде Қокандағы қашқар қожаларының әuletі 200 адамнан асып кетті.

Сәли-қожаның бірнеше баласы болады. Олардың ең атақтылады Жұсіп-хан-төре, 1825 жылы көтерілістің басшысы Жәнгір қожа, 1825 жылы бүлік кезінде опат болған Төрекхан-төре. Жәнгір-қожадан 37 жастағы жалғыз Бұзырықхан-төре Махтуми ағзам қалды. Ал Жұсіпхан-төренің 10 баласы, Төрекхан-төренің 5 баласы бар. Бұл бекзадалардың бәрі Қоканның озінде ханның қол астында тұрады. Қазіргі үміткер Ұәлихан-төре Сәли-Қожаның бауыры Әулихан-төренің ұлы.

Шығыс Туркістанда қытайлар басып алғаннан кейін екі партия құрылды. Олар Қаратаялық және Ақтаулық деп аталады. Олардың алғашқысы өзіндік ұлттық ерекшілігі айқын, қожаларға адап берілген топ. Ал екіншісі қытайлардың пайдасына қызмет етуге өзір. Ақтаулықтардың басым болігі Қашқардың, Жәркенттің, Үш-Турфан мен Ақсудың тұрғындары. Қаратаялықтардың басым болігі турфандықтар мен комулұдьықтар және басқалар. Ақтаулықтар қарсы партияға қарағанда сан жағынан басым, әрі олардың тарайтын аймағы Кіші Бұқарстанның ен ортасы. Алайда Қаратаялықтар таңдаулы текке жатады, бәрі хәкімбектер мен жұз билеушілері. Қытайлар оларды негізінен турфан бектерінен таңдал қояды, көбі бөгдіхан үкіметіне адалдығы үшін өлкені басып алған кездің өзінде-ақ императордан ван атты (аға кінәз) дәреже алған. Айтқандай, қожалар қарадан, әсіресе төре түкімynan итальян мазаринилері сияқты коптеген ізбасарлар туып, тау қырғыздарының қарапайым үрпактарынан белсенді колдау-комек қорді. Кейінгі кезде Қытайдағы ішкі қақтығыс ұрыстар жөніндегі сыйбыс және шұршіт әмбандары мен қаратаялық бектерінің алайқтығы өлкенің мұсылман халқына жедел бас көтеріп, бұрқанға ой-сана салдары шамалы ұсақ-түйек толқулар (1854 және 1856 жыл) арқалы шаң берді. Соңғы тәуелсіздік жөніндегі көтерілістің күнөкери Ұәлихан-төренің мұсылмандарды жаппай көтеруге мүмкіндігі бар еді. Алайда шектен шыққан қатыгездігі мен кисынсыз мінез-құлқы Қашқарияны аз уақыт басқарғаның өзінде ақтаулықтардың тәуелсіздікке деген кермет талпынысын су сепкендей басып тастады. Сөүір айының аяғында қожа Ұәлихан-төре Қоканнан қашып шығып, үлкен Қашқар жолы арқылы Бортокайды қолға түсіріп, өз серіктерін 25 адамға жеткізіп, түн ішінде қашқардың іргесіне келіп, тұрғындардың қала қақласын ашуды талап етті. Еріккен сұлтандар қалада күшті толқу туғызып, халық қожаны қуанышпен қарсы алды. Қытайлар Гүлбак камалына тығызып, жеті мың адам қаланың ортасында қожа қашып кеткенге дейін төзіп бакты. Аз күннің ішінде Ұәлихан-төре

Қашқардың бүкіл төңірегін билеп, тәуелсіз Әмір ретінде әскер арасында оз тәртібін орнатты. Қоқандықтардың салтымен Әндіжандық Нұрмұхамбетті мыңбасылық дәрежеге көтерді. Ал таулық Мұхаммед Айыпты датка дәрежесіне көтеріп, Жаркентке жіберген әскерлердің колбасшысы (Ләшкер-Әмір) етіп тағайыннады. Алайда бұл генерал қытайлыктардан олімші боп женилді.

Озінің қысқа ғана басшылығы кезінде Уәлихан-төре Ақсак-Темірден бетер қаныпезерлік жасап, бір күнде 200 адамды дарға асты. Қоқанның аксақалы Нәметханды және қоқан ханына тарту-таралғымен бара жатқан ағылшын елшісін олтіреді. Сойтіп, өз одактастарын өзіне карсы қойып алды. Бұл арада қытай басшылары торғауыт ханы мен екі әмбанды басшысы етіп, маусым айының аяғында 60 мың әскер аттандырыды. Өз қожасының әділетсіздігі мен адам айтқысыз қатыгездігіне ашынған халық қожаға қала қақпасын өз кеудесімен жапты. Оның үдайы ішкілікке салынып, қызықырқынның, женіл міnez әйелдердің ортасында мәслихат құруы халықтың қарадай ашу-ызасын келтіреді. Ол үшін халқы Мұхаммедтің аюандық жазасына да ұшырады. Бірақ бұл Уәлиханның соңғы сойқыны еді. Өз нөкелерінің басым болігі тастап кетіп, Оксалар өткелінде қытайлар қуып жетіп, талқандалған ол қалған адамдармен Дарбаза шахы Исмаил-ханнның иелігіндегі шөлді басып қашты. Қоқан хандығының талабы бойынша ол Құдияр ханнның қолына тапсырылды. Осыдан үш ай бұрын оны Қоқанға алып келді. Әлішер-датка ханнның оны өлтірмек ниеті барын айтады. Алайда хан төңірегінде өзінізге белгілі Сақыпзаде ишаннның ықпалындағы үәзірлер қожаны қорғаштап, бұл шешімге келіспеді. Өйткені қожалар Мұхаммед прайғамбардың өзінен тарайды, ал оны өлтіру күнә, дейді. Марқұм Мәметәлі-хан қайтыс болар алдында сейд иттің канын жүктегісі келмейді.

Уәлихан-төрені қазір хан сарайында күшті күзет астында үстап отыр. Қожаны қолға беруін талап еткен қытай елшісін хан салқын ғана қарсы алып, тіпті онымен дұрыстап солемдеспеген. Тәуекел қожа қазіргі кезде Қоқан қорғаны Әму-дарияның жоғарғы бойындағы Таскорғанда тұрады. Қытай императорының он мың ділдә зейнетакысын пайдаланады. Уәлихан-төренің көтерілісіне оның ешқандай катысы жок.

Қожалар әулеті – Сәли балаларынан басқа Қоқаннан Мұльтанға барған қожалардың (үнді қожалары) үрпағымын деп жүрген біреу бар. 1845 жылы Тәуекел көтеріліс жасап,

онын жалыны Қотанның Ақсуға дейінгі кеңістікті түрегел шарпыды. Ол бұлік қытайларға “Жеті қожаның көтерілісі” деген атпен мәлім.

## *Бірінші Қашқар күнделігі* *Зәуке асуының шырқау биігі*

**14 қырқүйек.** Бұғін біздің Зәуkenі асып, табанымыз беймәлім де бейтаныс бір өлдін топырағына тиген күн. Осы бейтаныстың өзі күнделікті толық өрі дұрыс жүргізуге мәжбүр еткендей мені. Керуен жаңа ғана қостарын түсіріп, әр тұсынан қар ағарындаған тоқымдай саздауыт алқапқа тігіп те үлгерді.

Төнірек түгел ақbastы алып таулар. Төменде шатқал қарауытады. Оның терең табанында жалтырап кішкентай көл жатыр. Қар түсіп, күн салқын. Осынау жолдарды мен қостың ішінде оттың жарығымен жазып отырымын. Жарығырақ болсын деп ара-тұра аршаның бұтасын тастап қоямын. Эйтеір арша бұтасын алып алғанымыз да дұрыс болған екен, әйтпесе қытай шекарасына дейін бұл маңдан тезектен басқа отын таптайсың. Қазаншымыз Қошқар кешкі асын өзірлеп, шай қайнатып жүр. Уақыт өткізу үшін әрі аракідік жылдынып алу үшін саудагерлерше шай қайнатқызып ішетінім бар. Шайды және мейірім қанғанша ішемін. Айнала маң жамыраған, маңыраған қойдың у-шуы. От айнала білегін сыбанып кешкі тамакқа өзірленіп отырған қызметшілердің сыйыр-кубір сыпсың сезі. Зайыры, сез бүгінгі киын асуымыздың ауыртпалығы жайында болса керек.

Байқаймын, көрші қостағы қазақ жігіті Бекмырза бүтін кия беткейдің текше тасынан өткенде тен артылған түйесі ауып кетіп, өрен аман қалғаны, оны өзінің қалай құтқарғаны жайында кейітіп отыр. Келесі бір қазақ жігіті, керуеншілер арасында заржақ сөзуарлығымен белгілі Ақжол осыдан екі жыл бұрын қыстың күні жаңбырдан кейін Тарбағатайдағы Хабар асуынан қалай асканы турасында әңгіме шертеп бастанды. Онда да жол тайғақ екен. Олар күні бойы кетепнімен баспаңдақ жасап көлбеу құлама жерлерден түйелердің табаны астына киіз төсеп өтіпти. Жігіттердің біреу Зәуkenі Тәшкент пен Қоқаның арасындағы Кендір асуымен салыстырып, оны бұдан тік әрі биік еді деп қояды. Әңгімелер қызықты да тағлымды. Бұлардың бері көпті көрген көнекөз адамдар. Көпшілігі бар ғұмырын керуендерге қызмет етіп өткізген. Сондықтан өздері басып өткен елдердің жағырапиясын жақсы біледі. Кенет төнірек у-шу болды да кетті: мал тауға қарай

бытырай қашты. Міне, керуенбасының да даусы естілді. Әлгі әңгіме айтып отырған жігіттер малға қарай тұра жүгірді. “Айт, най!” деп айтқатп жатыр біреулер. Тіл мен жағына сүйенген кудың отбасына асырып жүгіріп келе жатқанын байқап отырмын, тегі Хабар асуындағы оқиға жайында басталған әңгімесін тәмамдап тастамақшы гой.

— О не, осынша у-шу боп, қасқыр көрдіңдер ме? — деп сүрадым мен сөзшен жігіттен. Оның сөзін тыңдал қалғысы кеп, әңгімекүмар қазактар да жинала қойды.

— Иә, сол тас қапқырдың өзі, — деп жауап қатты Ақжол. Оның соңынан қабағы қатыңқы бақташының өзі де кірді. Даусы жыларман болып: “Қасқыр біздің бір қойды тартып кетті” деді. “Көршолақтың көзіне басқа біреулің қойы түспей, біздікіне шапқаның қайтерсің, кит етсе біздің малға тарпа бас салады”, — деп кәдімгідей кейіп тұр.

— Қалай, қатты закымдап па?

— Қүйрығын тұп орнымен жұлып кетіпти.

Әдете қасқыр тартқан қой қүзетшілерге сойып беріледі.

Қаркарадан тұп өзені арқылы өтіп, Санташ қорғанының тубімен Қызылқия тауының биігіне көтеріліп, Белбулақ бастауының басында түнеп шықтық. Асу онша биік емес, отуге өте қолайлы. Екінші күні Жыргалаң өзенінің бойында кондық. Бұл жердің шөбі өте шүйгін. Ал үшінші қоналқымыз Қарақол өзенінде өтті. Жол Ыстық-көлдін түстік жағалауымен өтеді екен. Тактайдай тегіс, тас жол сияқты. Жыргалаң өзенінен Қарақолға дейінгі айнала төніректін бәрі белектер мен сәлмекелердің егістігі. Борсық аулының тұсына келіп түстік. Ауылға сокқанмен аузын қу шөппен сұртіп отыр. Төртінші тұні қоналқыға тоқтаған жеріміз Жетіөгіз өзенінің бойы болды. Оған да Борсықтың ауылымен бірге көшіп келдік. Телтай дегеніңіз керемет бір құбылыс іспетті. Бұл өзеннің бойында қыдықтар мен желдендер егін салатын көрінеді.

Бесінші түнеген жеріміз Қызылсу өзенінің бойындағы қыдық әулетінен шыққан бір бидің ауылы. Ол ауыл туралы Тәшеке мен Мама әжептеуір мағлұмат берді. Ал алтынши күні Зәүке өзеніне жетіп қондық.

Әуелі жазықпен тартқан жол Қызылұңғір қуысына көтеріледі. Жол бойында Боранбайдың бейіті мен жеміс бағының жұрты айрықша назар аудартты. Бақша шымды дестелеп үйіп қоршалған екен, ішінен бірнеше шабдалы мен қызыл өрік ағаштарын кездестірдім. Қызылұңғірдің кірер аузында он жақтан Зәүкеге келіп Зәүкешақ өзені құяды. Өзектің өз асуы бар. Сол тұстан екі шақырымдай жол жүріп барып Зәүкешақтың өзенге құяр тұсына келіп қондық. Жолы

айрықша жақсы, бірде-бір тас кездестірмейсін, Жетінші күні тағы да сол Зәуке өзенінің бойында Қасқасу шатқалынан бір жарым шақырымдай жоғары барып шатыр құрдық. Бұның да асуы онша биік емес. Жол Зәуке өзенінің жағасындағы жазықпен жүріп отырады. Екі-ак жерде асу бар, бірақ екеуі де қыын. Оң жақтан келіп Зәукеге құттын Қасқасудың шатқалында да асу бар. Осы арада біз ұрыларын қолға түсіріп, Жәнетпен келіссөз жүргіздік, Сегізінші күні тағы да сол Зәуkenі бойлай отырып алты шақырымдай жоғары жылжып кеп көс көтердік. Тоғызыныш түніміз де ешқандай оқиғасыз осылай өтті. Жетінші күнімізді ой елегінен өткізсек, Жәннетпен қақтығысқа кеп қалай киліккеніміз еске түседі. Алғаш біз қашып құтылмак боп едік, бір татар қолға түсіп қап, өзімізгे абырой әпермейтін бітімге келуте мәжбул болдық қой. Оныныш түні сол Зәуке өзенінің бойындағы Дөнқарасу асуына таяу жерге кеп қондық. Дөнқарасу оң жағынан кеп Зәукеге құттын бұл қылта қолайлы жер екен.

Он бірінші түні қонған жеріміз кезімізге алғаш түскен көл болды. Бұл көлдің ұзындығы 500 сажыннан аспайды. Зәуке өзені бастауын осыдан алады екен. Шағын ғана жота көлді өзінен әлдекайда үлкен су коймаларынан бөліп тастаған. Бұл көлге екі бұлақ келіп құттын көрінеді. Біреуі оң жағынан келіп құйып, жазықты қоктей өтеді. Біздің қонған жеріміз сол бұлактың жағасы. Екінші көл таудың басында жаткан қардан қорек алатын сияқты. Жүрттын айтуына қарағанда, бұл көлдердің барлығының жерастында қатынас көзі бар. Қоналқыға түсетін жерге баар жол аса қыын асуладардан басталады. Ал екінші көлден өткен соң асу тен артылған түйлерге ғана емес, салт аттың өзіне де қыын соғатын тәрізді. Бұл катерлі қыын түстар биiktігі бір жарым шақырымдай болғанымен, тіп-тік. Сонысынан да, бірден көтеріле қою қыын. Төнгөрктің бәрі алып гарнит жартастардың сынығы, тек секіріп қана шығу қажет.

Айтуларына қарағанда, асудың жоғары жағы Шақырқорымға дейін теп-тегіс жазық жон. Қазақтар оны “Сырт” атайды. Сыртың биiktігі жер бетінен жеті мың метрдей. Сондықтан да өнірде ұдайы қар жатып, үнемі сұық болады. Жер дәйім тоң болып қатып жатады. Жауын-шашын болып, боран соқса, малға да, жанға да апат. Қазақтар бұны “түгек” атайды. Былайынша, сұық болса, мұздай ауа қөкіректі алып қалып, танысты тарылтады. Әдетте бұған табиғаттан тыс айрықша құш бере сейлейтіндер көп-ак. Аман-есен өткің келсе, дұға оқы, әйтпесе албасты басып қалады, деп қорқытады жүрт. Ал бізге бұл асудың қандай қыындыққа түсіп, қанша

қанымызды ішіп, жасымызды төктіргенін ертең айтармын. Алдымдағы от сөніп, жаурап тонуга айналдым. Уақыт та біраз болып қалған шығар. Өйткені ауыз жаппас Ақжол да басы-аяғы жоқ ұзак-сонар әңгімесін бітірген сияқты ғой.

— Қошқар, төсек салшы! – дедім.

Таудың негізі қып-қызыл гранит. Қызылұңғірден жоғары өткелге дейінгі жердегі тастардың, тіпті өзендердегі малта тастардың өзі де гранит. Шашырап жатқан тастардың арасынан ара-тұра үгілме не жылтырақ шыны тас ұшырасады. Екі көлдің арасындағы кеңістікті тақта тастар жауып жатыр. Ақ құмкесек те бар. Жоғары асудың сол жағындағы жартас тұстай аппак құмкесектен тұрады.

**15 қыркүйек.** Жетімшоқының түстік баурайы. Керуен алты сағаттай жол жүреді. Демек, түйелердің асуға көтерілердегі жасайтын аялдамаларын еске алсақ, жиырма шакырымдай жол жүріппіз. Зәuke шатқалымен көтеріле отырып, саздауыт жазыққа шыққанымызды әлгінде ескерткенмін. Жазықта басын мәңгі қар жапқан, бірақ биіктігі онша емес тау барын да айтқанмын. Кәдімгі Сырт деген үстірті осы көрінеді. Керуен әуелі жазықпен жүріп отырып бұлақтың ағысын бойлай жоғары көтеріліп, біздің кешегі қонған жерімізге әкелді. Бұл жазықтың өн бойы томар мен судан көрінбейді. Сондықтан түйелер мен аттар аяғын ілбіп әрен алып отырды. Екі шақырымдай жер жүрген соң ұзындығы бір жарым шақырымдай ұзынша кол көзімізге түсті. Әлгі бұлақ осы көлден ағып шығады екен. Жатаған жабыр-қырқалар бұл көлді басқа бірнеше көлшіктерден боліп тастанты. Алдымызда қыртысы қалың алқап. Оны көлдененін қақ жарып Сырдарияның саласы Нарын өзені ағып жатыр. Ол әуелі батыстан шығыска қарай жөнкіп, одан әрі түстік шығыска бұрылады екен. Бұл алқапты түстіктен Жетімшоқы аталаған жоталар көмкеріліп тұр. Батыстан да, шығыстан да сондай қарлы шындар қарауытады. Жол тұра Жетімшоқыны бойлап өтеді. Терістік-шығыс баурайды қар басып қалған. Жылғалардағы қардың қалындығы алты сажынынан да артық. Өткелдің орта тұсында шағын көл бар. Бұл көлге дейінгі жер дөңестеу. Одан әрі еніс басталап, баурайға қарай Нарын өзеніне құятын өзек ағып жатыр. Қалың қар мен қатты сұыққа қарағанда кәдімгі біздегі ақырған аязды қыстың тап өзі. Сондықтан да Жетімшоқы көлі Тянь-Шянның ең биік нүктесі ме деген түйін жасауға тұра келеді. Мәңгі қар жататын жерлер бұл көлдің денгейінен әлдекайда төмен. Жетімшоқы арқылы өтетін асудың тұсында біраз биіктер мен кия беттер,

құлама жерлер бар. Кеше түскен қар жолымызды бүгін біраз бөгеді.

Жетімшоқы тақтатас пен шынытас және диорит жыныстарынан тұрады екен. Эк пен құм да біраз бар. Бір ғажабы, гранит атымен жок. Гранит сыйнықтары мен тастарын емге іздесен таппайсын.

**16 қыркүйек.** Қарасай өзенінің жағасында қоналқы біздің өкше көтерген жерімізден отыз шақырым. Керуен жолға тым ерте шықты. Ертенгілік ызығырық сүйк болды. Бақырған түйелер, бажылдаған қызметшілер даусы тәтті үйқымнан оятып жіберді. Қоста от жанып түр екен. Бәзбір сүйкімді үнмен бұрқылдаپ құман қайнап жатыр. Тоныма қымтана оранып, оттың басына жақын кеп шәй ішуге кірістім. Кенет керуен басының бүйрықты үні шаңқ етті. “Қосты жығып, түйелерге тең артындар” деген сұсты үннен кейін-ақ айнала абыр-дабыр қозғалысқа келді. Түйелердің бозадағаны, қызметшілердің боктағаны, бәз-біреулердің алланы қемекке шақырып, пайғамбарға жалбарынған үні тар шатқалды кернеп кетті. Шай ішіп болғанымша кереуен де жолға шықты. Бұқарлық мырзалар әлі де оттың басында отыр. Ал менің аузымда шылым. Бұқарлықтар алдына оныншы аккүманды алып, қорқорын әзірлей бастады. Керуен мүшелері, оның ішінде мен бейшара да, бұқар отының басына жиналдық. Қорқор барлығын аралап шығып бұрқыраған түтін бүкіл бәрімізді басып қалды. Керуенбасы атқа қонды, біз де қалысқанымыз жок. Керуенбасы атты тебініп желе жортып түйелерді қуып жетпек, біз де қалыспай жебей жүріп келеміз. Бірақ бірімізге-біріміз ләм-мим деп тіл қатыспадық. Тұла бойымыз сүйктан сіресіп қатып қалғандай. Оның үстіне жалак боп жарылған ерніміз сөйлеуге аузымызды аштырмайтын сияқты. Үстімізде тон, белді қалың матамен бекем байлап алған біз танауымыз қызырып, сүйктан жүзіміз көгеріп, құдды будданың домаланған бұрхандарына ұқсадық та қалдық. Торсыктай торсиган тұлғамызды артық қымыл атымен жок. Қалың тон, сырмакты шапан сауыт құсап қолымзды байлап-матап тастағандай. Түйелер ұбақ-шұбақ тізбектеліп өзектің жағасымен Нарын өзені қақ жарып жатқан жазыққа тартып келеді. Киізден тігілген кебенек киіп алған қырғыз бізден де бетер сорайған бір жансыз затқа ұқсайды. Тәңіректің бәрі үн-тұңсіз, тылсым тыныштық құшағында. Айналаның сүлдесіз суреті де көнілге әлдеқандай мұн себездеп, көнілді құлазыта түседі. Қайда көз тастасаң да, түгел жалаңаш таулар. Шебі курап-солған сап-сары жазық. Өлген жылқы мен қойлардың қаңқасы бүкіл жазықты жауып кеткен. Кейбіреуінің терісі де

дін аман тұр. Кей сүйектің басынан тарамыс бол кеуіп қалған еттер жалбырайды. Бұл осыдан екі жыл бұрын көктем кезінде жауған қалың қар мен қатты сұқтан қырылған майдың өлімтігі. Сүр бол қалған мұндай қасат қырларды қазактар “сары қар” атайды. Кейде олар тіпті жаздың ортасында да жиі кездеседі. Ондай қар жазға дейін жатты дегенше, майды індеп шалғаны. Алда жотаның басында саяхаттас жолдастарымыз қазан татарлары мен қашқарлықтар тұр. Біздің сарттардың бірі үнсіздіктің пердесін ысырды. Барлығымыз танырқап оған қарап қалыпты.

— Апыр-ау, неғып тұрсындар, аналардың бізді шақырып жатқанын көрмейсіндер ме, түге? — дейді ол.

Шынында да, бұрын Қашқарда бірнеше мәрте болған татарлардың бірі — бұны ақсақалың құрметтеп керуенбасы аттайтынбыз. Сол Мәметжан шалт қымылымен қолын онға сілтеді. Қазактарда бұл шақыру белгісі. Біз желдіретіп жолға келдік.

— О не, сарбағыш емессіздер ме?

— Аллаға шүкір, әзір сарбағыш емеспіз, — деді маңғаздана жауап қатқан ақсақал. — Анау айтқандай қатер байқалмайды, бірақ абай болған абзал. Мінеки Нарын өзені, кәдімгі Наманғанға жеткен кезде Сырдарияға құятын су осы. Алайда мәселе осынау жазықтың қатерлі жер екенінде болып тұрғой. Барымташылардың бірі де бұны баспай өтпейді. Сондықтан сіздерден аса сақ болуды, мылтықтарынызды оқтап алып, түйелерден алшақ кетпеулерінізді өтінемін.

— Алланың бір жазғаны болар, — дейді біздің керуенбасы тақуалыққа бейім кейіп танытып. — Алланың әмірінсіз адамның басынан бір тал шашы да түспейді.

Айтуын айтқанмен, керуенбасы керуенді тоқтатып жігіттерді топтай бастады. Құн көтеріліп келеді. Оның жылы шүғыласы табиғаттың тас сүмесін жібітіп керуенімізге жан кіре бастады. Тұске таман тіпті ыстық бол та кетті, қыргыз жігіттері үстіндегі үп-ұзын кебенектері мен тондарын шешіп, беддіктері қунге жарқырап сып-сыйда бол шыға келді.

Жол Нарын өзенін басып, тұстік шығыска тартады. Нарын жазығынан өткеннен кейін жер қырат-қырға ұласып, ащылы саздауыт болды. Кәдімгі қыртысы қалың май батпак. Бұл өнірдің тамаша бір қасиеті — Нарынға құятын Қарасай өзені алқабының құллі кеністігі терен орлардан тұратыны. Орлардың бәрі шыпшып суға толып тұр. Қашқар керуенінің ізі де алдынан шықты. Мәметжанға ат та, көлік те табылды.

Нарын өзені тұстікке, тұстік-батысқа қарай зымырап барып, сол жақ жағалауы барып тірелетін жатаған тауларды

жылғайлай ағады. Оның алқабы біртегіс, саздауыт. Сегіз шақырым жүргеннен кейін жол өзенді кесіп тұстікке тартады. Бірте-бірте жогары көтерілген сайын қыркалар көбейіп жолды терен орлар, ашы суға толы ұралар кес-кестейді. Топырағы қатқыл сортаң. Одан әрі жол батысқа қарай өзеннің құргақ арнасымен тартады. Өзек жоғарыдағы таудан ағып шығады екен. Нарынның сол жағалауы Қарасай өзенінің алқабына шығады. Қыркалы өнірге жеткен соң жағалай тік жарлы келіп, алып жартастардың арасына барып қыстырылады. Қарасай жазығы теректін оң жақтағы сарқырамасына барып түйікталады. Сол жақтан онтүстік шығыстан батысқа тарткан бір желі – Шақырқорым тауларының қарлы бастары қарауытады. Қарасай жазығының ені бес-алты шақырым. Оның ангары тақта тастармен ақ және сүр түсті өкпен қапталған. Топырағы борпылдақ әрі құргақ. Керуен сол жермен жүріп, шаңын аспанға көтереді.

**17 қыркүйек.** Шақырқорым мен Қарақол жиырма бес шақырым. Жол ал дегеннен түстікке Шақырқорымба қарай тартады. Жолдың сол жағында төрт шақырым жерде Жаужүрек тауы бар, он жағында – Қапшағай. Жол екеуінің арысынан өтіп түстікке, одан түстік-батысқа бұрылады. Он тоғыз шақырым өткеннен кейін жол оң жақта шатқалға бұрып сұнгиді, сол жақта тағы бір шатқал бар. Шығар ауызда осы екі шатқалдан ағып шығатын бастаулар араласып кетеді. Бастауды бойлап, терістік бағыттағы тауға көтерілсөн, жолы қолайлы-ак. Шатқалдың екі жағында жатқан таулар негізінен әк пен мәрмәрдан, қызғылт тақта тастар мен мыс қышқылы бетіне теуіп тұрган жарлардан тұрады. Осы бастау арқылы көтеріле отырып, жол түстік-шығысқа бұрылып, шағын саздауыт алаңға түседі. Осы таудағы көлден тағы бір бұлак ағып шығады. Шатқал жолдың сол қанатында қалады. Бұл алаңқайдан түстік тауға қарай Шақырқорымның өз асуын гүзетін қайнар бұлак ағып жатыр. Таудың терістік баурайы бірте-бірте биіктеп, түстік беткейі енсесі терендер құлай береді. Бұл таулар да әлгі қызғылт, сары қына жапқан мәрмәр түзілістен тұрады. Соңдықтан да көктемгі су тасқынында олар тас-талқан болып тік құз жарлар жасайды. Аспа жол құлдырап бұралаңдай биіктеп отырады да, түйелердің жүрісіне көп киындық келтіреді Ал шақпак тасы көп жерде олар адым аттай алмас еді. Бақыттың қарлы жол қырышық тасты біртегіс болып шықты. Бірнеше сажын жерде тас кездесті. Соның салдарынан керуен осы асудан өткенде екі түйесін қалдырып кетуге мәжбүр болды. Біз түстік баурайда, Қарақол өзенінің жағасында қонып шықтық.

Қарақол өзені шығыстан батысқа қарай ағып, соナン соң Шакыркорым тауларын жарып етіп, Нарынға барып құяды.

Қарақол жазығы Сырт өніріндегі, әрине, ең аласа жер.

Түн өте жылы болды. Барымташылармен тағы да түйістік Қойға қасқыр шапты. Күшігендерді көрдік.

**18 қыркүйек.** Қебергенті жиырма шақырымдай. Қарақолды кешіп еттік. Қебергенті бастауының ағысымен жоғары көтерілдік. Бұл өзен Қарақолға құяды. Қебергентінің құйылыс тұсындағы кемері сүмдышқ, құз-жартас. Жол текшемен он жағалауды бойлап отырады. Бұл жер Келінтайған аталады екен. Кейбір деректерде оны Келінтайғақ деп те атайды. Қар немесе жаңбыр жауып отсе, бұл өте-мөте қатерлі. Қебергенті деген жерде қонып шықтық. Жері сазды, егеуқұрық өріп жүр. Түнде өте салқын болды. Жалпы, жолымыздың бағыты түстік және онтүстік батыс.

**19 қыркүйек.** Қалмақшақ жиырма шақырымдай. Келінтайған тұсы жоғары қарай көтеріле береді, көтеріле береді. Қебергенті бойымен жол жоғары көтеріле отырып он бес шақырым дегенде тақтайдай тегіс өнірге көтеріледі. Төңірек түгел деңкіген төбелер. Бұл жерді өте биік деуге болады. Жылғалар мен қырқалар жаппай қар жамылғандығынан ба, барлық жерден бұлақ ағып жатады. Соңдықтан да бұл Нарын мен Ақсудың суйрық желісі іспетті. Ақсұдың бір саласы түстік-шығысқа бір саласы батысқа қарай ағады. Біздің жолымыз осы батысқа қарай ағатын жолменен түсті. Сол жағалауда жарысып биіктігі әжептеуір тау жоталары тізбектеліп келеді. Оң жағымыз да сондай. Оң жағалаумен жүріп отырып Қалмақшақ деген жерге келіп қондық. Жолы жақсы екен. Тек тауға көтерілетін тұстағана Қебергенті өзенінің оң жағалауында қар басқан тайғанақ құламасы бар. Содан бірнеше түйе мен ат тайғанақтап, төмен сырғып, әйтейуір, абырой болғанда, аман қалды. Топырақ қыртысы қалың болғанымен, шандық келеді екен.

Бұл құндері ауа райы ылғи ашық болды, бірақ желі ызгарлы, сұық. Қебіне түстік-батыстан есіп, құбылады да тұрады. Айтуларына қарағанда, бұл өнірде жазда да қарлы боран болып тұратын көрінеді. Түні сүмдышқ сұық. Құндызгі жылдылық жиырма градус болса, тұнгі сұығы жиырма бес градус. Сырттың өсімдік дүниесі өте жұтанды. Жалғыз түп сарғайған тобылғыға ғана ұшырасты. Бүтін шемершектің сарғайған бір бұтасы көзге түсті. Қебергентіден гранит пен қайрақ тас және құмкесек (кварц) кездеседі. Ал мәрмәр атымен жок. Егеуқұрық сүмдышқ көп, шұрық-шұрық тесік жердің бәрі солардың іні. Тұлқі мен сұыр көп дейді. Қасқыр да жиі

ұшырасатын сияқты. Тұнде біздің қойларға қасқыр тиді. Нарынға беттеген жолда шашылып жатқан бас сүйектеріне қарағанда мұнда арқарлар да көп тәрізді. Құстардан қарға, үйрек, қаз көрінеді. Тағы бір рет күшігенді көзіміз шалды.

Қашқарлықтарымыз осы арадан Қашқарға дейін де, Әндіжанға дейін де қашықтық бірдей деді. Жолдың бағыты әуелі тұстікке түсіп, содан батысқа бұрылды. Тұстікте жол Қалмак-ошақ өзенінің биік тұсына дейін жетеді. Бұл бүкіл жолдың үштен бірі.

Геджеге немесе Кежеге отыз шакырымдай. Жолдың бағыты тұстік-батыс және батыс. Жол әуелі он жағалауға шығады. Өзеннің алқабы кен, шамасы екі шакырымдай. Мал тезегінің көптігіне қарағанда, бұл өнірге қырғыздар жиі келіп қоныстанантын тәрізді Жортып жүрген жолбарыс көріп біраз үрейленіп қалдық.

**20 қыркүйек.** Жол әлгі өзеннің ағысымен тәмен құлдырайды. Он жақтан да, сол жақтан да бірнеше бұлақ келіп құяды. Солардың ең үлкені шатқалға сол жақтан келіп құятын Үшқайнар. Кегеже деген жерде өзек тұстікке бұрылыш, тауларды баса-көктеп барып Ақсайға құяды. Ал Ақсай Ақсуга агады. Кегежеден керуеннің қонып шығуына тұра келді. Жер катты екен, ара-тұра гранит көзге түседі.

**21 қыркүйек.** Шатыртас жиырма шакырымдай (дәлірек айтқанды жиырма үш шакырым). Жол жарты шакырымдай тұстікке бағыт алады да, содан мүйісті айналып отырып батысқа бет түзеп, одан әрі тұстік-батыс және тұстікке қарай құлдырап жүре береді. Жері биік, қырат-қырқалы, өткелі өзектер арқылы. Ал өзектің дені терістікten басталып, тұстікке қарай ағып, Ақсайға құяды. Кегежеде қараған мен арша өсетін көрінеді. Бұл өсімдіктер Зәукеннің биік беткейінде де бар. Екінші бұлақтың басына қондық. Кегеже мүйісінің жартасы қызыл порфир.

Сол күні дауылдатып күшті онтұстік-шығыс желі соқты. Терістік батыс түнекке еніп, сүмдық сұық болды. Жолдан көтерілген шуда-шуда қою шаңнан түйелердің өзін көріп, төңіркте не бар, не жоғын айыру киын болды. Қырышықтап қар жауды. Кәдімгі мұздак дерсін.

**22 қыркүйек.** Текіліксу өзені. Ақсай өзеннің жазығына шықтық. Бұл Шатыртас деген жер. Ақсай терістікten шығыска қарай агады. Жол осы өзенді кесіп өтіп, Қекцияның қарлы жоталарының етегіне көтеріледі. Бұл он жағалаумен жарысып жатқан жота, сол жағалаудың таулары аласа сияқты. Шатыртас өзені Бұғықашты деген жерде шорт үзіледі. Одан әрі Атбасы ағып жатыр. Шатыртастан тұра тұстікке тартатын жол бар.

Ол Көкция асусы арқылы Көкшалға шығады. Одан Тесіктастағы қытай қарауылына барып тіреледі. Көкшал арқылы өтетін бұл жолдан отын, отындық ағаш алуға болады. Алайда бұл асу атпен жүргуте тым қолайсыз, тік жарлы. Көкцияның етегі биік әрі кен. Сол жақтан Ақсайға бірнеше өзен келіп құяды. Солардың бірі Текілік сүйнде қонып шыктық. Бұл арадағы таудан Текілік-сөңгірдің шатқалында санлау бар. Смайыл бұл өзенде Құлжабасы атайды. Екі бірдей тастак шатқалдан өтіп Құлжабасына түнедік.

Бұл күн төтенше жылы болды. Жер ынғайына қарағанда, әлдекайда төмендегеніміз байқалып тұр. Қашқарлықтар онтүстіктің ісі анқиды деп қояды. Жол-жөнекей мен бір жерден кішкентай жыландар көрдім. Кежегеден біреулердің болып кеткен ізі байкалады. Үй жануарларының қызы, үйдің орны жатыр. Тезек деген аяқ алып жүргісіз.

Ақсай шырықтардың жазғы жайлauы. Жол әуелі түстікке, ал өзеннен өткеннен кейін екі шақырымнан соң түстік-батысқа тартады.

Сырттағы карлы борандар туралы аз-кем айттым ғой деймін. Татлық-қожа деген біреу осылай оматылып жүріп Қашқарға елу сегіз күн дегенде әрен жетілті. Шырықтар жөнінде әзір айттар ештеме жок. Керуен кешігіп жатыр. Қырғыздар батасын берген болды. Бұғын бірнеше шақырым жол жүрдік.

**23 қыркүйек.** Қызылсу өзені жиырма үш шақырымдай. Смайылдың нұсқау бойынша бұғын Терек өзенінің жағасына барып конбактыз. Жол түстік және түстік-батысқа бет алған. Күн ыстық. Жотаға көтеріліп келеміз. Бірнеше өзекті басып өттік. Смайыл жетелер бұны Текліктің Қызыл суы атайды дейді. Шон Қызылсу өзені тастақ жағалаумен ағып жатыр. Асуы да, еңісі де жеткілікті. Әсіресе, Қызылсу арқылы өту жақын болғанмен қын-ақ. Жері біркелкі емес. Жағалау жалаңаш. Қызылсу жар. Кәдімгі Қызылтүндегі сияқты. Бұғын Мамай мен Смайылды хат жазып ақсақалға аттандырыдык.

**23 қыркүйек.** Кіші Қызылсу он алты шақырымдай жер. Түстік-батыс бағытқа бет алдық. Әлгі сияқты жер біраз қырқалы. Қызылсу аталатын өзенде және бірнеше өзектерді кешіп өттік. Солардың бірі жарқабагы қызылтұт тақта тастан тұратын жалаңаш жартас екен. Әйтпесе жол жалпы жақсы орі күн де жылы.

**25 қыркүйек.** Терек өзенінен жиырма шақырым шамасы үзадық. Түстік-батысқа және басықа бет алдық. Жол бірте-бірте көтеріліп отырады. Ақсайға құятын бірнеше бастауларды басып, одан Теректі өзенінің жазығына шықтық. Бұл да

Ақсайға құтын өзен. Содан түстікке бұрылдық. Бұл жер сортан, тұзды.

**26 қыркүйек.** Терек асуының оңтүстік баурайы Теректі арқылы түстікті бетке алып көтеріліп келеміз. Жері ашылы. Тауларының өзі сазбалшыкты, тастакты текшелерден құмкесек жерлері жалтырайды. Жақпар тастандардың сынығы көп-ак. Теректіге біртіндеп көтерілуге болады. Ал енді еніске түсіү киын. Табаныңын асты толған үшкір-үшкір тас. Таудың басында қалың қасат қар жатыр.

Казір біз тұрган түстік баурай өжептеуір жылынды. Жусан мен ши көзге шалына бастады. Теректінің биігінен қытайдың алғашқы бекеті Ысылыққа дейін – алпыс, ал Қашқарға дейін жүз отыз бес шакырым.

Асыып-аптыгулымын. Құнделігім қазір ғана жерге түсіп кетіп еді, әйтеуір жер сыз болғанымен бүлінбепті, Алла жазып, аман-есен оралсақ, ішінде біраз дүнне бар. Оны біз әлі жалпақ жаһанға жаямыз ғой. Бәрін де бір аллаға тапсырыдық, көріскеңше күн жаксы.

Құнделік қалай болса солай жүйесіздеу жазылды. Қажет болған оқиғаны еске түсіру үшін ғана. Барлығын да бір жүйеге келтіру керек. Жүріп өткен жеріміз жайында бұдан, әрине, ешкім де ұлан-ғайыр мағлұмат ала алмайды. Бәлкім, ертең қарауылға да жетерміз. Сөз жоқ, онда тұртінектеп мұқият тінеді ғой бізді. Екі құннен кейін Қашқарда да боламыз. Одан әрі бір құдайдың көзі түзу болсын, бар үміт-сеніміз сонда ғана. Әмин!

\* \* \*

**12 наурыз\*** Сөгеті. Қашқар қаласына таяу Сасықтан сағат 10-да көтерілдік. Қарауылдан өткенде хәкімбектің нұсқауымен азын-аулақ алым бердік. Қарауылға дейін бізді бір шенеунік алып келді. Бұған дейін терістікке тартқан жол одан шығысы мен батысқа бет алып, кеүіп қалған арнамен өтеді екен. Жер қыртысы Қашқардікіндей, саздауыт, әр түсінан тұзы шығып жатыр. Қашқар мен қарауылдың арасындағы таулар сілемі қабат-қабат топырактан тұрады. Олардың арасында құмкесек желісі бар шынытас тақтасы да кездеседі. Бұл жол ұзак...

---

\*Қашқардан Ресейге кері қайтар жолда мен өралуан колайсыздықтардан қауіп ойладым. Айрықша абайды қажет еткен алдағы сапарда қытайлардың күмән-күдігіне жол бермеу керек болды. Қауіп-катор болса, ол қокандықтар мен тау қыргыздарының алакоздігінен ғана тудады. Оған да, әйтеуір Қашқар аксақалының мен туралы жазған түсінік хаты көмек берсер деген ойдамын. (Ш.Уәлихановтың ескертпесі).

Болғанмен де қолайлы. Маңызы басқа жолдардан кем болғанмен, еуропалықтарға әлі беймәлім аңыз сиякты.

Сасық дегеніміз жағасында үш сәмбі тал иеліп тұрған бастау булак. Сөгеті де сондай қайнар. Бұл манда көшіп-конып жүрген казактар әйтеуір бәріне де айран-асыр, тан-тамаша қалады. Осынау сәмбі талдардан олар жаратылыстан тыс бір күш тауып, бұтағына шүберек байлап, койдың мүйізін іліп қояды. Бұл мүйіздер құрбанға шалған малдікі болу керек. Ондай сүйектен бұлақтың басында төбе тұрғызған десе де болады. Қазактардың соқыр сенімінің туындысынан пайдаланып, олардан мен өз коллекциямға біраз зат алдым. Бұтакқа байланғандардың ішінде қызыл жібек шүберектер мен себетке салынған заттар мені айрықша қызықтырыды.

Шатқал әжептеуір кең екен. Табаны қырышық тас, әрі бері жүрге қолайлы. Күн жылышынан, жерден тебіндеп қек шыға бастады. Кесірткелер ерсілі-карсылы зытып жүр. Бұл арада қарағаш, итмұрын, қызыл-арша өсетін сиякты. Итмұрын мен қарағаш Сасықта да бар. Кешкісін құрбақалардың бақылдағаны естіледі.

**13 наурыз.** Мырзатерек. Байқұртқа асуы онша биік те, киын да емес. Таулар негізінен кабат-кабат саз балшықтан тұрады. Жолда Мырзатеректің етегінде жылтыр тақтатас пен малта тас кездеседі. Еңіске тұскеннен кейін жол Тойын өзенінің кең алқabyна шығады. Бұл арада жолдан төменірек тал-теректің бірнеше түрі бар, ал мырзатеректер жоғары жакта.

**14 наурыз.** Мырзатеректен Қоқанға дейінгі шатқал кең. Жол біртегіс. Екі жактан да ак, сүр әкті таулар ентелейді. Одан аргы таулар жартасты. Такта таастар жүлгесі әр жерден жалтырап жатады. Эрі қарай біз конатын жерге де жақындастық. Қой таастар көп-ак. Жағада зады сумен ағып келген гранит те бар. Таудың етегінен үшар басына дейін құмқайракты топырак. Мырзатеректе сәмбі тал, шынар, жыңғыл мен ұсақ шырғанак өседі. Қонған жерімізден жоғарырақ Тойын мен Сүттібұлак өзектері косылатын тұсты Балғын атайды екен. Біз түнеп шыққан жерлерден бастап таулардың өні өзгеріп, қызғылт таастары сарғыш жақларға айналды. Ал жоғарыда көгілдір тас та кездеседі. Тұнде қонып шыққан тұстағы таулардың таастарының барлығы қызғылт, сары. Тойын таулары әжептеуір биік. Өзеннің жоғары ағысына қарай жоталар аласарып, жусан мен шырғанақ және көкпек кездеседі. Тойынның бүкіл ағысы бойында шонбағыштар мен шырықтардың қыстаулары бар. Күні жылы, кар тек музарттардаған. Оның өзі де тез еріп жатыр. Сөгетіде кар бұталардың түбінде ағарандайды.

Мырзатерек маңында Тойынның жоғарғы жағында әжептеуір кеңістікті қар алып жатыр.

**15 наурыз.** Балғыннан Тойын-төбеге дейін отыз бес шақырым жер. Әуелі терістік-батысты бетке алатын жол екі шақырым ұзағаннан кейін Сүттібұлақтың Тойынға құятын тұсынан бастап терістік-шығысқа Тойынның ағысын бойлап кетеді. Күн жылы еді, алайда өзенда қар мен мұз әлі жатыр. Алқап үлғайып, өзендердің жағасындағы таулар кешке қарай аласара бастаған секілденеді, себебі біз әжептеуір жоғарылап кеттік кой. Ең алдымен тау жынысына тоқталайық. Тастары қырық құрау қызыл қоспа, Қызыл-қызығылт тұсті саз балшық бұл таулардың бәріне қызыл тұс беріп тұр. Текше тастар тұстікten көтеріліп, жоғары қабаттың өзі графитке үқсан қап-қара болып қорінеді. Алғаш жол-жөнекей көзге балғын, шырғанақ түседі де, он шақырымнан кейін ізім-қайым жоқ боп кетеді. Одан әрі жоғарылаған сайын өсімдік дүниесі сирейді. Таулар құлама келеді, бәрінің беткейін қына басып қалған. Эредік қар ағарандап, шырғанақ бұл арада тікенді бір шөп сияқты боп өседі. Мал азығы жеткілікті. Жыңғыл мен жусан, ши әжептәуір. Көшпелілердің тұрмысында бұл өнірдің маңызы мол, оған Тойын-төбе алқабынан-ақ көзге түскен қыстаулардың орны қуә. Тұptен Тойын-төбеге дейінгі өнірде Алатай елінің барлық жылқысы тебіндеп шығатын қорінеді.

**16 наурыз.** Тойын-төбеден Торқатынның беліне дейін отыз шақырым. Тойын-төбе Тойынның он жағалауында жатқан жатаған таудың аты. Өзен оны жұлықтай агады. Бұл жер ерекше қауіпті деп ескертті бізге жолбасшы Токтар. Бұл төрт тұстан келген жолдың тоғысқан жері. Сондықтан ұдайы барымташылар жүреді. Олар керуен тонайды. Біз өткен кезең онша қолайлы болмағандықтан барымташылар бірден бассалуға батпады. Така тарпа бас салса да бетін қайтарудың жолын алдын ала ойластырған біз онша алаңдаған жокпыш.

Алатай қырғыздарында жылқы өте аз. Жем-шөптің жетіспейтіндігінен және қыстың ұзакқа созылатындығынан жылқылары көтерем болып, мамыр айы туғанша салт мінуді былай қойып аяғынан әрен тұрады. Бұл жер аса биік болғандықтан қары жылғадан да қалың. Біз болсақ, сол қарды қүреп, жол салуға тиіс болдық. Тойын өзенінің бастауы осында екен. Шағын-шағын асулар да бар. Бұл қылтага бізді қуып тыққан Құртқа бекінісінә комендантты болды.

**17 наурыз.** Жиyrма сегіз шақырым жол жүрдік. Әуелі терістік шығысты бетке алып, Торғат биігінде жатқан Шадыр көл атты тау колін басып өттік. Зайыры, бұл төтенше биік. Алқаптың айналасы иін тірескен таулар. Бәрін де қалың қасат

кар басып жатыр. Сол қардың үстінен жол салуымыз керек. Көлдің ұзындығы жиырма шақырымдай, ал ені он шақырым. Осы биіктен шығыс жақтан келіп Ақсай, түстікten келіп Тойын, терістікten келіп Тащрабат өзендері бастау алады екен. Ал батыс жағынан күркілдеп биік тау сілемдері тұрган тұстан Нарынға құятын Тойын мен Арпа өзендерінің саласы Сұттібулақ және Тұшы деген жерде Сырға құятын Үзген өзені бастау алады. Шадыр көл жазығы аршадан көрінбейді. Қыста Тащрабат қаласынан асатын асу осы қөлдің мұзымен жүреді. Жазда шығыс жақ тұмысығын айналып өтеді. Осы арадан Ақсай алқабына өтуге болады. Ол жерде таулар жабыр-қырқалы, жатаған. Қөлдің батыс пүшпағында Арпа өзенінің алқабына шығатын өткел бар. Рабbat өткелінен ол өлдекайды онтайлы. Рабат тауларының биігі арқылы өүпірімдеп көтеріліп жылжуга тұра келді. Бұл асудың қындығынан емес, кар мен батпактан түйелердің үдайы тайғанақтап жүрісі өндімеуінен туған қындық. Шатқалдан шыға әжеуптеуір енсілі биіктін түбіне келіп түнедік. Шадыркөл қырқасына түстік баурайда азын-аулак шыны тасты құмкесек жүлгесімен астасып тақтатас кездеседі екен. Ал жоғарыда барлығы да жалтырап жаткан шынытас. Бәрінің де негізгі сазбалшықты тақтатастар.

**18 наурыз.** Бұл күні жиырма үш шақырым жүрдік. Асудан арна алған жол жиырма үш шақырымнан бастан өзеннің ағысын бойлап отырып, терістік-батысқа бет түзейді де, содан терістік шығыска бұрылады. Әуелі жол тар қылтамен өтіп, көп жерде құлама жартасқа соғысып мейлінше ауырлай түсті. Алайда өзеннің арнасын мұз басып жатқандықтан Тащрабат гимаратына дейін сегіз шағырым аман-есенг жеттік. Тащрабаттан әрі өзеннің арнасы кеңіп, Атбасының тұсында біртегіс алқабқа шығады. Бұл араның шебі шүйгін. Рабbat деп шығыста саяхатшыларға баспана болу үшін жолдың бойында салынған шағын гимаратты айтады. Әдетта олар діни мақсатпен салынып медрессе, керуен-сарайы, арасан, қырдағы құдық және көпір қызметін де аткарады. Бұкар хандарының бірі Абдолла осындағы гимарат салуды ерекше жақсы көрген. Сол себепті раббаттарды көбіне сонын атымен байланыстарады. Гимараттардың қабырғасы саз балшықты тақта тастандардан, қыштан қаланып, ұзындығы 12, ені 4 метр болып келеді. Ұзыннан ұзақ дәліз ұзындығы бес аршын залға әкеледі. Залдың төбесі құмбезді дөңгелек шатыр. Дәліздің екі жағынан кішкентай аласа есіктер шығады. Оларға енкеймей кіре алмайсың. Бұл есіктер екі аршын төрткүл шағын болмелерге апарады. Ондай бөлмелердің ұзын саны 41. Донгелек үлкен залдан басқа бөлмелердің шағын немесе

төрткүл болып келеді. Кейбір бөлмелер ұзынша қып бўйым қою үшін немесе мал қамау үшін жасалған деседі. Сондықтан олардың есіктері де тым кіші. Қыста тау қыргыздары бос жатқан ғимараттарға мал қамайтын көрінеді. Ғимараттардың іші-сырты тегістеліп салынған. Ішінде оюмен өрнектелген сөрелер бар. Ондай сөрелер қазір де сакталған көрінеді.

Ташрабат өзі стилі бойынша қазіргі Қашқарға қарағанда жақсы бір сәулет дәүіріне жатады. Тақуалыққа бейім азиялықтар көп еңбек пен өнерді талап еткен бұл жұмыстардың барлығына табиғаттан тыс күштің әсерін бергісі келеді.

Ғимараттар жайында өзіндік әңгімелер де аз емес. Мәселен, бұлардың әрқайсысында қырық, кейбіреуінде отыз тоғыз бөлме бар. Олардың оюолап жазылған жазулары жалпы ғимаратқа, оны тұрғызуышыға құрметпен қарауды үағыздайды.

Тау қыргыздары раббаттарды, сөз жоқ, бір керемет дүние санайды. Сондықтан бұл ғимартқа кіргенде қой сойып, курбан шалып босағасын қандайды. Қақплада ілтүлі тұрған таутекелер мен құлжалардың басы соның айғағы.

Атбасы жазығы тау қыргыздарының ен таңдаулы жайлауы. Арпа бойындағы осы жазықта астық та өседі. Ұзын құлаққа қарағанда Атбасын бойлап төмен жүрсөң ұлкен каланың киыраған жұртына тап боласың. Бұл тұста шырықтардың бәрі қошіп-қонып жүргендіктен бізben еріп келе жатқан қырғыз саяхатшыларын руластарына хабар беріп қоймасын деп Асанбай елбегі жібермеді.

**19 наурыз.** Отыз сегіз шақырымдай жол жүрдік. Күн жылы, ашық болды. Қардың қалғаны еріп жатыр. Әуелі өзекті бойлай батысқа қарай бет алып, содан соң ағыспен ағып шығыска, одан әрі терістік шығыска жүріп, келесі жотаның етегіне келіп кондық. Бұл жердің шөбі шүйтін, өзектің жағасы саздауыт, таулар қырық құрам коспа қызыл балшықтан тұрады. Тау шыныңың оң жағында құздардың қиялдағы сарайды елестетер сынығы жатыр. Оны қыргыздар Түйемойнақ атайды еken. Жолы жартасты емес. Тау баурайы дөп-дөңгелек алаң тәрізді. Онша биік емес, отуге қолайлы асулар бар. Бізі шырықтардың ізімізге түсіп қууынан сескеніп сұтырақ жүрдік.

**20 наурыз.** Бұл күні үлесіміз отыз алты шақырым. Тау жоталары арқылы еттік. Тұстік баурайды шыршалы орман алып жатыр еken. Өзеннің жағасында бүрген, қызыл тал бар. Еніске қарай тастақ шатқалмен тұстік. Асу онша биік болмағанмен, құлаған жартастардың сынығынан аяқ алып жұру кын. Әредік қар көрінеді, одан түйелеріміз тайғанақтап әрен түсті. Осы арада қыргыздарды өз коныстарына жібердік. Өйткені Құртқа бекінісі жақын еді. Қуғыннан енді корқудың

қажеті жоқ. Жота Бәйбіше деп аталады екен, өйткені шындағы жартастың басы о әрпіне яғни күндікке ұқсас дөп-дөңгелек. Шатқалдан шықкан соң жол жатаған жабырлар арқалы батыска көшеді. Бұл арадан Ақтал өзенінің кең алқабы ашылып көктерек пен сәмбі талды тогай көмкерген жазық мен мұндалайды. Топырағы құмдақ, онша берік емес, сондактан ба, өзен аққанда жарды орып кетеді.

Кәдімгі көктемнің күні. Тебіндеңен көк шөпті және бірнеше жәндікті көріп біз танқалдық. Қашқардан осыған дейін көзімізге түспеген, алдында жайған отары бар қойшыны да кездестірдік. Бұл арадағы тау беткейі, катты тау жанысы жоқ Қашқар алқабы сиякты қатқан саз балшықты қырқалардан тұрады. Оң жақтан терістік баурайдың қатты тау жыныстары тәмәмдаған анғарын мұз құрсаған шағын көл шықты. Бірнеше сағат жүргеннен кін қырғыз егіншілерін ұшыраттық. Олар өзінше ағаштан құрап жасаған сокасымен жер айдал жүр. Эдегте мұндаі саймандарды түе жегегін ортаазиялықтар мен қытайлардың бәрі пайдаланады. Бұл қырғыздар монолдар деген шағын тайпаның адамдары екен, әрі ауылы егістігінен онша қашық емес. Шөптесін жер іздел жүріп біз тұп-тура сол ауылдың ортасына түстік. Қырғыздар біздің аттарымыздың мұсін-мүшесіне таңқалды. Шамасы күлі жылқы олар үшін бір керемет жаңалық болса керек. Шынында қырғыздар мініп жүрген аттардың көбі аласа әрі ап-арық, қабырғалары арса-арса, құр жаны жүр. Ауылдың маңында жайылып жүрген сиырлар бір кезде Египет перғауының үйисін бұзған жеті арық сиырды еске түсіреді. Жолбасшымыз біздің біразымызды сүйкіт қытай басшыларына сенімхат апара жатқан Қоқан бектері деп таныстырды.

Кешкісін жол-жөнекі комендаттың күші мен құдіретін мактан тұтып жүрген сипайларымыз Қоқанда соңғы кезде етек жайған бұлікті естіген қырғыздар бізді мұлдем мойындармай қойғанын еске салды. Соның салдарынан шырықтар Әлімбек даткаға жауши жіберіп, Құртқаға бағынатының білдіріп, өздерін басқару үшін Атбасы өзенінің бойынан ерекше қорған тұрғызу керек екенін мәлімдепті. Ал біз өкілдерін көрген тайпаның қырғыздары санының аздығына қарамастан өзінше сай өрлең бағынғысы келмейтінін байқатты. Өйткені Әндіжанның әскер басы, яғни батырбашы қырғыздардың осы тайпасының адамы екен. Жалпы Әлімбектің билік тұғырына көтерілуіне байланысты қырғыздар бетімен жайылып, кім-көрінгенге тиісіп, шырықтардың сарттарға қарсы көтерілетін күнін құтті. Мұндаі сәтті Асанбай пристав әдемі пайдаланып, сөнді бешпент киіп, Қоқанның Карабайырын мінді. Ондай аттар біздің жігіттердінде біразының

астында жүр. Бұны елбегі Мамыразық басшылардың рақымы қайта түсті дегенді қыргыздар арасында тарату үшін әдейі істеді.

Табан аузында басы байлы сипайлар казактардың жоғары мәртебелі меймандары үшін қой союына нұсқау беріп, олардың бірі керуенниң келе жатқаны жөнінде командирге хабарлау үшін бекініске аттанды. Оның үстіне Әндіжанның қойған әкімінен зекет жинау үшін Ахмет-пансырат деген шенеунік келіп жатқанын қыргыздар және естіді. Бұл жағдай біздін жасауылдарды әжептәүір алғандатты. Олар бізден зекетті Шадыркөлде алып алмай, Ақсайға бекер коя берген екен деп ойлады. Енді міне, қайдағы-жайдағы бір шенеунік зекет алып кететін болды. Сондықтан даткамен алдын-ала сөйлесіп зекетті жасырын алуға болар болмасын білудің қаждettігі туды. Дегенмен, бұны орындау кын, өйткені қыргыздардың көзінен ештеңе қағыс қалмайды.

**21 наурыз.** Келесі күні Құртқадан арнайы жіберілген солдат келіп, өздерінің бастығы маразық датканың бұрынғы орнында қалдырылғанын салтанатты түрде жария етті. Хан оны марапаттап торқа тон кигізіп, арыз айтып барған шырықтар қарекетінен ештеңе өнбепті. Зекетші комендантың күеубаласы екенін, ал әкім барлық жағдайда датканың ақыл-кеңесіне сүйен деп әмір бергенін айтты.

Саған онда кереуен орнынан көтеріліп, он шакырымдай жол жүріп Нарын өзенінің жағасына келіп токтады. Өйткені өзенде әлі мұз құрсаң жатыр екен, жағада әйтеүір аз-мұз жол сілемі сакталып, бекініспен байланыс жасалып тұратын корінеді. Біздін өте-мөте өкінуіміз бойынша өткелден өткенде тауарларымызды суға тигізіп алмау үшін осы жақта қала тұруға рұқсат етті. Бекіністен төрт шакырым жерде саяқ руының дүмді билерінің бірі, қокандықтар датка атагын берген Османның ауылына тақау киіз үйлерімізді тіктік. Келесі күні жиырма екінші наурызда комендантика салем беру үшін бекініске тарттык.

Құртқа көлденең ені 200 сажындаі, үш жағынан дуалдармен қоршап тасталған бекініс. Ал төртінші жағы биік жарға барып тіреледі. Қабырғаларының биіктігі үш сажын, ені екі аршын, бас қакпа шығыс жағынан ойып жасалған. Ал терістігінде қасиетті жерге шығатын қакпа. Бұрын бұл арада Жәңғір кожаның үй тұрған. Жанынан шағын ғибадатхана салынып, төнірегіне бірнеше тұп ағаш отырғызылған. Басқа да қасиетті жерлер сияқты мұның да мәндайшасына қошқарлардың мүйізі ішіп қойылған. Қакладан кірісімен айналасын шымдуалмен коршаган киіз үйлерді көрдік, бірнеше жеркепе және түр.

Басты көшемен жүріп отырып ақыр аяғында сылакты қақыралардан тұратын комендант үйіне де жеттік. Оның қабылдау бөлмесі гарем мен мешітті, атқорасы мен астық сарайы бар екен. Ауланың ортасында бірнеше қазақ киізүйлері тұр. Балшық үйіп жасалған төбешіктे көне макта шапының иығына жамылып қырғыз етік киген комендант Мамразық датқа отырды.

Сәлемдескеннен соң аксақалдан келген адам оған біз жайындағы жолдау хатты ұсынып, сый-сияпатын тапсырды. Хатты және басқа жазбаларды ол өзі оқып шығып, содан соң аксақал жайында сұрай бастады. Нұрмұхаммед аксақалмен жасында бірге қызмет еткен ескі жолдасы екен. Датқа ізге Верныйға аппаратын ең төте жол деп алдымен Бішкекке Жұмғал арқылы жүруді ұсынды. Содан соң қанша зекет төлеудіңдер деп сұрады. Біздін жауабымызды тыңдал мырс етіп күлді де, бұл жайында Қашқардан жазып жібергенін айтты. Коштасарда Мамразық бізден дүрбімізді сұрады. Қайтар жолда қай жолмен жүремін десеніздер өз еріктерініз, егер қаласақ өзінің сипайларын қосып бергісі келетін сыңайы да бар. Бізге қолдау көрсету үшін Найманбай биді қоспақ екен, ол қыргызben сол жерде таныстық. Құрсаулы сынық кесемен шай ішіп қанғаннан соң, үп-ұсақ қып тұраған қырғыз етін жеп алып біз де шықтық. Зекет алу үшін өз ұлын жіберmek болып датқа калды.

Екі сағатқа жақын уақыт жүріп керуенге комендантың ұлы бір Әндіжан саудагері мен елбегін ертіп келді. Шамасы бұл сұнғыла жігіт болса керек, барлық жағдайға зейін қойып тыңдауды қажет ететін сөз табады. Қонақтарды шайға қандырып алып келіссөзге кірістік. Қоқандықтар біздің байлығымыз ұшан-теңіз деп ұғатын сияқты. Сондықтан біз Қашқарда 124 алтын ғана зекет төлегенімізге сенбей, тендерімізді ашып қөргісі келді.

**23 наурыз.** Келесі күні жамбы мен жиырма лан күміс, бес шапан, бір қадақ шай және де басқа да бірденелер берген саудагердің көмегімен біз датқаға қайтып келдік. Бұл жолы ол сәнденіп киінген екен. Датқа бізді ілтипатпен карсы алды, өзінің зекет жөніндегі күмән-күдігінің себептерін айтып, шеткі ұлыстарға, Асанбайдың ауылына дейін шығарып салу үшін Найманбай қыргызды кости және біздің бәріміздің қоқандық екенімізді тағы да атап өтті. Үйге келісімен біз Қашқар аксақалына және Қашқардағы таныстарымзға хат жаздық.

**24 наурыз.** Келесі күні сағат онда жолға шықтық. Құртқада болған кезде күн ашық еді, бүгін тіпті айрықша бар жерден де көк шөптің иісі танау қытықтайды. Саяқ руы

қырғыздарының ауылдарын басып өтіп келеміз, қайда болсын қырғыздар жер жыртып жатыр. Бұл тайпаның басты би Осман егістікте аралап жүріп қарауындағыларға жерді беліп беріп жүр. Бізді көрісімен бір жігітін жіберіп, ауылына шақыртыпты. Қасымызда Мамразықтың шенеуніңі болған соң әрі бекіністен шыққанымызға алты шақырымнан онша аспаған соң біз оның шақыруына мән бермей өз жолымызben журе бердік. Екінші бір жігіт тағы да шауып кеп Османның шақырып жатқанын хабарлады. Жігіт Осман әuletінің атам заманнан бері кереуен соқпай кетпейтін ғүрпі барын, тек ауылға соғып, дәм татып, қой жеп, қымыз ішіп кетуден басқа тілегі жоғын тілі жеткенше түсіндіріп жатыр. Біз оған раҳметімізді айтып, әр бір сағаттын қымбат екенін бекіністен ерте шығуымызда да өз есебіміз барын баяндадық. Әйткенмен қырғыздапдың дүрмегі көбейіп кетті. Арада он шақты минут өтпей ауылдан боза ішіп алған мас қырғыздар шығып, далактап керуенге шауып келіп ауылға бұрылуымызды талап етті. Біздің қоқандық Османға өзі барып еді, одан ештеңе өнбеді, қонақжайлыштың тәртібін бұзғанымыз үшін Осман әрбір көштен бір жамбыдан айып талап етіп жатыр. Біз мұны Асанбайға айтып едік ол тайсактады. Қоқан ханына арыз айтамыз деген қоқан-лоқымыздан ғана қаймығып ол тентек қырғыздарды ауыздықтау үшін батыл шараптарға кірісті. Бақытимзға қарай кешікісін Османды алып кетуге бекіністен солдаттар келіп, акыр аяғында жиырма бес сом күміс тұратын сыйлық беріп күтүлдік. Құртқа бекінісін 1832 жылы, яғни үlu жылы Мәделі ханының тұсында атакты мыңбасы Хаққұлы салғызыпты. Мәделі ханының билігінің алғашқы жартысында қытайлармен сәтті соғыс жүргізіліп, Қаратегін мен Дарбаза алынып, тау қырғыздары Қоқанға бағынды. Екі қолбасшы мыңбасы Хаққұлы мен Юзден шыққан жұзбегі әрі құсбегі қызылбас құлдарынан шыққан Ләшкөрдің атағы дәүірледі. Мәделі осынау екі тамаша тұлғаны айрықша ұстап, құсбегі Ташкенттің беклербек атағы бар әмірі болды. Хаққұлы қытайлармен соғысып, тау қырғыздарының шығыс тайпаларын бағындырды. Ал олардың Атантай және Тайлақ деген атакты ру басыларын тұтқынға түсіріп, Қоқанға алып келді. Содан бастап саяқтар мен шырықтар жуасып салық төлеп тұратын болды. Оның үстінен оларды оңтайлы басқару үшін алдымен Тоғызтарау, кейін Құртқа сияқты бекіністер салды. Атантай мен оның інісі тұтқыннан босағаннан кейін де қоқандықтарға бағынғысы келмей Ілеге көшіп кетіп, Ұлы жүздің қазактарына барып қосылды. Босқындықтан азып-тозғаннан кейін Тәшкенттің әмірі болып тұрған Иса датқаның

ақылымен қайтадан көшіп келді. Бекіністе 200 адамдай сипай бар, көбі Әндіжан қырғыздары, сарттары 50-ден аспайды.

Қазіргі комендант бұл орынға алғаш Әндіжанды Иса датқа басқарып тұрғанда қойылған еді. Одан кейін қыпшактар құлаған соң мүлдем бекініп алды. Қарауында саяқтардың үш руы бар, оның шорасын Тайлактың баласы Осман билейді, ал құлшығасын Ералының баласы Телеке басқарады. имамдарды Жименахтың Байтөресі ұстап отыр. Шырыктар өзінің көші-конында екіге бөлінеді. Бірі Атбасыны бойлап, бірі Қекшалды бойлап көшіп жүреді. Біріншісінде, Орыс би, Сасық орыс, Кенжеш деген беделді билер бар. Олардың бәрінен күштісі Қарымсак. Екінші руды Тұрдыке би басқарады. Ол тек Қоқаннның ғана билігін мойындалап басқаларға атымен зекет те, алым да толемейді. Құртқа басқармасына сондай-ақ Мәмеке мен Шопақ әулеті басқаратын Бұғы руының қырғыздары, жекелеген қалмақтар қарайды. Олардың ішіндегі ен ықпалдысы Байдаштың баласы Найман және Әлекенің балалары Алжан мен Табылды. Құрқа бассыз қырғыздар мен басқа да рулардан зекет алып тұрады, жалпы бұлар Тоғызтарау мен Жұмғал басқармаларына қарайды. Бұрын бәрі Құртқаның қоластында болатын, қазір бөлек-бөлек. Бұл бекіністердің солдаттары арасында да Құртқа сипайлары мен басқа бекініс сарбаздары сияқты зекет жинаған кезде қақтығыс болып тұрады. Айтқандай, мұндай қақтығыстар Сібірді бағындырған кезед, Магазей және Краснояр казактарының арасында да болған.

Саяктар 600 түндік, бұғылықтар 1200. Тұрдікенің кол астындағы шырыктар 1500, ал басқалары 1003 түндік. Құллі осы қырғыздардан зекет екі жағдайда жиналады. Қырғыздардың өз көрсетуі бойынша түндік басынан немесе накты санак жүргізу арқылы алынады. Оның үстіне 100 қойдан 2 қой алынуы керек. Бұған қоса әрбір рудан салық жиналады. Осындај жағдаймен бұғылықтар ғана 60 жылқы тапсырылды.

Жалпы, қоқандықтардың билігі айрықша саясатпен әрі кешірімділікпен жүргізіледі. Оларға қазіргі комендант онша үйір емес. Өзінің билігін құш ету үшін ол жақсы әулеттерден аманат ұстайды. Тарту-таралғының арқасында ру басшыларының арасындағы дүрдараздықты қоздырып отырады. Осындај мақсатпен ол Османды көтеріп, онымен құдандалы болап алды. Сол арқылы бас имейтін қырғыздарды жазалап отырды. Османның өлердей биліккүмарлығын қоздырып, оны пансад не датқа атайды. Мұның өзі қырғыздардың намысына тиеді. Бұғылықтарға илтипатпен қарап, олардың билеріне сый-сияпат беріп отырады.

Мамразықтың саясаты ұзақ жылғы тәжірибесіне арқа сүйеді, Қыпшак заманында Қокан уозірі Әлімбек датка қыпшактармен жауласқан кезде Нарынға кетіп қалып құллі қырғыздарды көтерген-ді. Құртқа қоршауға алынып, коменданты келіссөзге шақырылып, өлтіріліп тасталған. Мамразық та бірнеше мәрте қоршауда қалды. Кейінгі кезде Түрдеке зекетті мұлдем төлемей қойды. Басқа шырықтар да төлеуін төлегенімен, онша құлықты емес. Мамрызак Әндіжан әміріне қырғыздардың жазасын тартқызу үшін жеті жұз адам әскер жібер деп өтініш еткеніне үш жыл болды, бірақ одан жылт жоқ. Кейінгі бұлік пен Қокандағы келіссөздер кезінде қырғыздар Мамразықтың сөзіне мұлдем құлак аспай қойды. Өйткені Қоканда ханының ауысуына байланысты барлық басшылық жанаруға тиіс екенін біліп отыр. Әлімбектің абыройы көтерілуіне орай қырғыздар оған арқа сүйеп, бейберекеттігін үдетіп, тіпті бетімен кетті. Жоғарыда айтқанымыздай, шырықтар жеке бастық бер деп жаушы да жіберіп, олар біздін алдымыздаған оралған екен. Мамразық олардің бос әүрешілік дейді. Алайда шырықтар шақырганға келмейді. Біздінше олардың бейразылығының да себебі бар сияқты, саясатты ашық жүргізген Мамразық шырықтармен канқұйлы дүшпан Османды бауырына тартқан ғой.

**25 наурыз** күні 44 шақырымдай жер жүрдік. Керуен орнынан ерте көтеріліп, саяқтардан ертерек құтылғысы келді де, жеделдетіп 45 шақырымдай жол журді. Нарынның жоғарғы ағысында тоқтайтын жерлер көп-ак еді. Жол Нарынның сол жағымен өтті. Бұл арада бірнеше шағын өзектер бар. Екеуі бірдей Суыққапшағай аталады. Құлапақ және Атбасы да осы арада. Нарын өзенінің арнасы Атбасыға құяр тұста он жағалауға бірте-бірте жақындал, Қаратай тауының қатты таужыныстарының астымен агады. Бұл арада жол тұра Нарынның жағасына түсіп, Атбасыдан көпір арқылы өтеді де, Секекамыс аталатын тегіс жазыққа көтеріледі. Бұл арада бізді қарулы қырғыздар карсы алды. Олар бізді барымталасып жүрген Османның кісілері деп қалса керек. Тайпаның бір рубасын біз келерден бірнеше күн бұрын Осман өлтіріпті. Бұл қырғыздар басқаларға қарағанда қаралайымдау көрінеді. Сондықтан олар бізге Мамразықтың солдаттарынан қорықлаймыз деген ескерту жасап, Найманды құрметтейтін болғандықтан ғана еш бөгетсіз жіберетінін айтты. Бірнеше шақырым жүргеннен кейін біз Қаратай тәмамдалып, Ақмоншақ басталатын бұрышқа келіп тоқталдық. Бұл жерде кішкентай ғана Жембұлак ағып жатыр екен, оны басқаша айтқанда, Қапшағай бұлақ деп те атайды. Қапшағай бұлақтың сәл жоғарырақ Нарынға келіп Отын-Онарша өзегі құяды. Бұл

Отын және Онарша деген екі саладан тұрады екен. Сәл томенірек басқа озек бар, оның атын біле алмадым. Қоналқыға түскен жерімізде қорған бар екен. Онараша арқылы солға қарай Алабас өзенін бойлап Ыстық-көлге жол шығады. Сарбағыштарға баратын барлық керуен осы жолмен жүретін көрінеді. Аршаның Нарынға құйылышынан жоғары түстік-шығыс бағытына қарай бұл өнірден ежелгі егіншілік іздері, таспен көмкерілген арықтардың арнасы сайрап жатыр.

**26-наурыз.** Бұл күні 38 шақырымдай жүрдік. Бұған дейінгі жол сияқты Нарын өзенінің сол жағалауымен жүріп отырып, үшінші шақырымда Нарынға құятын мүйіс арқылы бұрылады. Асу онша қын емес. Осы арада жағалау далиып барып арна оң жағаға аудысады. Егін егілген алқаппен 22 шақырымдай жүріп мұз жібімей, өткел арқылы Нарынның оң жағалауына шықтық. Ұзамай таудан құлаған су бұл жерді де алып кетеді, өйтті дегенше, сел жүрді дей бер. Сонда Нарынның өткелінен өтүге болмай қалады. Бұдан сәл жоғарырақ Нарынға келіп құятын екі өзектің арасында сол жағалауда баяғы заманда қытайлықтар салған көпір бар. Кобіне шекараны шолып жүрген қытай жасактары осында келіп токтап, кестешелерді өзгертіп жүреді екен. Әдетте бұл жасактар Қытай саудагерлерінің шашбауын көтеріп жүріп, олардың өз бүйімдарын қырғыздарға әкеліп жылқы мен қойға айырбастауына жағдай жасайды. Осы екі өзектің бірі Сарқырама, ол арқылы жол Аламысық тауына түсіп, Атбасы мен Ақсай жазығына алып шығады. Қытайлар Қашқарға кері қайтқанда осы асудан өтіп, Қалмақшоқыға, сонаң соң Ақсай мен Теректігі түседі, ал құлжалықтар Тарагай мен Зәуке арқылы келіп-кетіп жүреді. Оң жақта шыққаннан кейін біз Қеккия мен Аккия сияқты бірнеше шағын асуладардан асып, сағат б шамасында рубасы әрі найманнның аталас туысы Табылдының ауылына келдік. Осман сияқты оның да шамына тиіп, ашуландырып алмас үшін бұл жолы қонып шықтық. Рубасының өзі Қоқан зекетшілерін құтпек екен. Ортасында Табылды ожеттігімен аты шықкан атып кел-шауып келге, жігіттердің тұп ізіне тұсуге шебер көрінеді. Екі жыл бойы Мамразықлен қырғиқабақ болып, Тарагай төнірегінде жалғыз ауыл көшіп-қонып жүріпті. Озінің сөзіне Караганда, Верныйға барып орыстардың қанат астына алуын сұрағысы да келіпті. Мамразықпен сол үрсысқаннан бері көріспей, тек біздің козімізше ғана Құртқаға келген көрінеді. Мамразық оны құрак үшүп қарсы алып иығына хан сыйлаған шапанын жауыпты. Кешкісін бізге қонақасыға деп үш кой сойып жіберді. Қымызы аздау

екен, оның есесіне айраны ағыл-тегіл. Келесі күні бидің өзі ауылында болмай шыкты. Тұнде қөрші ауылдардан бірнеше жылкыны айдап алып кетіпті, Табылды барымташыларды сонынан тұра қып Сарқырама шатқалында малын айырып, аман алып қалыпты. Шамасы, шырықтардан тұтқынға үш жігіт алып, қалған дүшпанды одан әрі қып кеткен сыңайы бар.

**27-наурыз** күні шакырымдай жүріп, бізді ертіп келе жатқан Найман бидің ауылына келіп тоқтадық. Ауыл жолдан біраз бұрыс екен. Жолда сол жағалауда Қайыңды өзенінің құйылысында Текесенгір мүйісі бар. Мүйыстің арғы жағында құлама жінішке соқпак екі жағынан таулармен косылып өзектің арнасы жіп-жінішке болып келеді. Бір сөзбен айтқанда, Қапшагай жазығына дейін солжақта алқап тағы да ұлғайып, алда теп-тегіс колайлы жол жатады. Айтып-айтпай не керек, құмдауыт таулы алқапқа жақындаған сайын еңіс пен белес алма-кезек ауысып, елеусіз құлама жарлар кездеседі. Бұл ауылда 28 наурызға дейін болдық. Осы арада біздің ертіп келген солдаттармен қош айтысып, олар өз қызметі үшін отыз сом ақы алды. Бізді Ұстық-көлге дейін ертіп бармақшы Найманбай өз ауылына келіп алған соң керемет кергіп, саудаласуға кірісті, 120 сом бермесе бұдан әрі бұра бастайтынын айтты.

**29-наурыз.** Жиырма үш шакырымдай асу астық. Жолға шығып тоғыз шакырым жүргеннен кейін Үлкен жөне Кіші Нарынның қосылатын жеріне де жеттік. Үлкен Нарын құз жартасты құлама жарға ұласып, барлық жол осы араға келіп тоқайласып, содан соң Кіші Нарыннан отіп, әрі қарай қайтадан шығыска бет алады екен. Осы тұста Ұстық-көлге отетін Қалмақасу деген бір асу бар көрінеді. Алайда асуы тік жарлы, қын-ак. Найманбай бізге откел арқылы асындар деп болмайды. Зайрыры, майып бол кетсек, қалған түйелерді өзі иемденіп қалмак-ау деймін. Біздің бақытымызға қарай, өз еркімен ертіп келе жатқан бір қырғыз жігіті қырғыздардың өзі де басқа мүмкіндік болмаған жағдаңдаған осы жолды қалайды деп анығын айтты. Сойтіп, бұл жолдың көпшілік дауыс болып жаратпадық. Одан әрі бағытымыз тұра шығыстың өзі болды. Эрине, бұл жер де биік құз-жарлы. Кіші Нарынның құйылысынан бастап озеннің он бойы сыңсыған ну қарағай. Мұның озі біздің қылтан жапыракты орман алқабына қадам басқанымызды анғартса керек, өйткені жолдың әр түсында шок-шок арша. Бұл арада біз тау суырларын ұшыраттық. Таудың батыс баурайын солардың іні айғыздап тастаған. Ауа райы әжептөүір салқын. Өзеннің

бетінде әредік қар жатыр. Нарынның Жоғарғы Қапшағай аталатын бәлегінің қаптап жүретін бұғы-маралымен, таутекелерімен аты шықкан. Қырғыздардың басым болігінің азығы да осы жануарлар. Болат және Шарықтас өзектерінен отіп, кейінгі өзектің жағасында түнеп шықтық. Түнеген жеріміз Аждаһа-апаны деп аталады екен. Жартастарда терендігі әрі қарай бойлап кете беретін үлкен-үлкен үнгірлер бар. Аңызға қарағанда, көшіп жүрген қырғыздарды жетін аждаһалар осы үнгірлерден шығатын көрінеді. Алайда бір батыр аждаһаны апаннан шыға бергенде өлтіріп, жүрт уә деп демін бір-ақ алыпты. Шарықтастың бойында Кіші Нарынға асатын өткел бар. Шарықтас жазғы жақсы жайлauлардың бірі көрінеді.

**30-наурыз** күні жиырма сегіз шақырымдай жол жүрдік. Жиырма бес шақырымдай жолды артқа тастағанда Ақбел асуы сиякты адырды асып, Нарын алқабына түсіп, өзеннің жағасына бойлай отырып Айран-су өзегінің құйылышына дейін жүрдік. Онан соң қайтадан өзенде оң жақ қолда тастанап, Мұзбел биігіне көтерілдік. Бұл биік те қылқан жапыракты орман мен шегрішін мен сәмбі талмен көмкеріліп жатыр екен. Одан Молалы озеніне түскенде жол құлама тастан болып шықты. Эйткенмен оның да онша кедергісі болған жоқ. Сол түні өзектің жағасында кондық.

**31-наурыз.** Бұл күнгі жүрген жолымыз жиырма бес шақырым. Молабасы биігіне көтерілер жол тастанақ екен. Жол бүрген мен итмұрын басып жатқан биікке көтеріліп, одан әрі Нарынға құлдишап откелден отеді. Өзенде ор тұстан мұз құрсарап жатыр. Ағысы тым жылдам. Эйткенмен терен емес. Эйтеуір аман-есен оттік. Откелдің тұсындағы Нарынның жағасы жіңішке тастанакты болып келеді. Әсіресе, оң жағалауы құлама жар. Сол құлама жардан өзеннің өзіне дейін Қомсу деген сокпақ салыныпты. Ал біз жүрген жағалауда қарағай сыңсып түр. Жер тоң. Біраз тұста қар жатыр. Жол бойында мый батпак, томарлар аз көрінбейді. Әсіресе құлаған жар тастан басып қалған тұс тым тар. Осы арада, сол жақтан келетін Ұлан озенінің, оң жақтан келетін Құрметі өзенінің Нарынға құятын тұсында алқап ұлғайып орман сирей бастайды. Жол саздақ болғанымен, біртегіс. Ұлан өзенінің бойында қонып шықтық. Нарынның бұл тұсы таяз. Кей жері тұтас мұз. Кешкісін күн суық болып қонып қалуға тұра келді.

**1-сәуір.** Бұл күні отыз шақырымдай жол жүрдік. Нарын бойындағы жол тақтайдай тегіс. Айнала қаумалаған таулар бұрынғылардан биігірек сиякты. Жолда суыр аттық. Бұл арада Тянь-Шаньның басқа тұсынан ұшыраспайтын ежелгі

зираттарды кездестіруге тура келді. Жиырма бес шақырым жүргеннен кейін Қарақол өзенінен өтіп, алғашқы жолымыз Шақырқорым тауының табанымен тартты. Нарын өзенін бірнеше мәрте кешіп өттік. Қайтар жолда он жақтан келіп Нарынға құятын Айғырбулақ өзегінің жағасына келіп қондық. Бұдан әжептәуір тәменірек Нарынға сол жағынан келіп Қоянды өзегі құяды екен.

**2-сөүір.** Отыз шақырымдай жол жүрдік. Күн салқын. Ызғарлы жел. Таудың шығыс баурайында кар жатыр. Нарынның ағысымен жүргенде асу онша биік емес екен. Оң жақтан Нарынға келіп Ешкі, Өкірген және Сүйек деген өзектер құяды. Сүйектің бойында сол аттас өткел бар. Жетімасу тауында түнеп шықтық. Асуда кар әлі қалың екен. Жер дымқыл, сыз. Күннің суықтығынан аяғымыз тоңуға айналды.

**3-сөүір.** Келесі күні Зәукеден өттік. Қөлегі мәңгі мұздың қаймағы қозғалар емес. Күн төтенше суық. Үкі арқылы түсіп теңдерімізді кармен сырғанатып түсірдік. Күнгәреме шатқалына келіп қондық. Бұл алғашқы түнеп шыққан жерімізден едәуір тәмен.

Қызылунгірден тәмен үш бірдей асудан астық.

**4-сөүір.** Жетімөгіз өзеніне дейін жүріп отырып Төрегелді ауылына жеттік. Ыстық-қөлдің жағасында жаңадан тебіндеп көк шығып қапты. Шырганақ пен итмұрын жапырақ жайып тұр. Сәуірдің он екі жаңасында Верный бекінісіне жеттік. Алма ағаштары гүлдеп, өсімдік біткен мәуелеп тұр екен.

### *Екінші Қашқар күнделігі*

Маусымның 28 жаңасында Қарамола деген жерде Сарыбұлақ бекетіне таяу отырған Сарбағыш ауылында керуенге келіп қосылдым. Керуен алты қостан, яғни алты “оттан” тұрады. Оның барлығы әралуан кіслерге тиесілі. Ол адамдар менін өзімді қосқанда 42. Керуеннің 101 түйесі, 65 аты бар. Әкеle жатқан бүйымдарының жалпы бағасы 18300 сом 32 тиын. Кеден салығы да осы сомаға түсті. Оның үстіне 400 сомдық ұсақ бүйымдар бар. Тауарлар негізінен шығыста Якуби деген атпен белгілі Удин фабрикасынан, Ярмаков, Тушнин, Ремезов фабрикаларынан токылып жатқан сисалар. Меденсовтан және Ярмаковтан шыққан қытай қолды шожымдар бар. Тушино фабрикасының шүғасын, ши барқытын, макпалын да табуға болады. Ярмаковтың құрама люстриніне коса бас орамал, айна, поднос, жез легендер,

бәкілер, шырағдан құтылары және басқалары бар. Орыс фабрикалары туындыларының қазан мен құманнан басқа көмшат терілері торкөз жібек, құрак және былғарылары бар. Маусымның 13 жаңасында құрбан айты күні Іледен өттік. Сарыбұлактан Ілеge дейін керуеніміз он шақырымдай асу асты.

Шілденің 23 жаңасында біз албан болысына келдік. Мұхамедразак екеуміз құрман руынан шыққан Жұністің ауылында, ал Мұсабай Әділ бидін (ол да Құрман), сонан соң Соқыр Сары руынан шыққан Есенбайдың ауылында сауда жасады.

Тамыздың 6 жаңасында Шалқөдедегі бұғылықтарға келдік. Мұсабай Сәлмеке Шоңқараштың, Нияштың, Қажыбектің ағасы Әбділкерімнің ауылында, ал Мырза Шапақ Әуенбайдың, Қожеке Шырынбаланың, ал Мұхамедразық екеуміз Қызық Борсықтың ауылында сауда жасадық. Қыркүйектің 2 жаңасына дейін қырғыздармен бірге Текес бойлап көшіп жүрдік.

Қыркүйектің 27 жаңасында Ысылық қарауылына келдік, одан аттанып қарашаның 2 жаңасында бейсенбі күні Қашқарға жеттік. Қазанның 7 жаңасында ұсақ пұл енгізіліп ірі пул жүрмейді деп жарияланды. Ирі пұлдың біреуі 20 пұлдың, кейбіреуі 10 пұлдың орнына жүрді. Бұл пұлдар Болар қырғыздарынан орасан көп мөлшерде әкелініп, Қашқарға, Жаркентке және Жангисарға енгізілді. Ұсақ пұл да екі түрлі болды. 3-4 тыынға бара-бар Қытай тенгесі дачан және 1,5-2 тыынға бара-бар шаучан бір пұлға жатқызылды.

Қарашаның 14 жаңасында арықтардағы су тоқтатылып желтоқсанның 19-ында ертенгілік жауған қар түске тармаса тоқтады. Екінші қар қантардың 7- және 8 күндері түсіп, соңғысы 12 қантарда жауды. Қантардың 2-3 күндері күн жылышып көктемдегідей болып тұрды. Ақпанның 14 жаңасында түс кезінде жылтырап арықтан су көрінді. Ақпанның 6 күні ораза айты алдындағы мейрам басталып 7 күні наурыздың 7 жаңасында құрбан айтынын қадір таны күтіп алынды. ал наурыздың 9 күні жаңа жыл тойланды.

Наурыздың 9 күні датқанын бақшасында екі ағаш жасыл желеекке бөленіп те үлгерген еді. Қоқанда болса гой, бұл кезде төнірек түгел ғұлдеп тұрады. Сонан да болар 15 күн бұрын Қашқарға келген бір кокандық ол шыққанда өрік ғұлдеп тұрган дейді. Ақпанның 15-інде ағаштар жапырақ жая бастайды. Ошта жеміс бір ай кеш піседі. Соған қарамастан құрма мен анар аз да болса бар. Қашқарда жылышына 61 дана дабы, 31 капшық тары және бидай, айына 2500 тенге ақшалай салық төлейді. Жәркентте де салық мөлшері сондай дейді.

Қырқүйектің 27 жаңасында Ыслық қарауыл аталағын алғашкы Қытай бекетіне келдік. Смайлдың ескертуіне қарағанда, Қарауылда 15 солдат бар көрінеді. Бекет шатқалдың кірер аузында тұр. Жан-жағы балшық дуалмен қоршалған. Төрт бұрысында мұнаралар бар. Алдында – алып бәйтеректер мен тұт ағаштарынан тұратын саябак. Бекетке бірнеше шакырым жетпей осы тұс белгілі болар-ау деген бір жерге жол-жөнекей оқыған бірнеше кітабымды тықтым. Орысша жазылған қағаздарымның барлығын жыртып таstadtым. Керуен бекетке 50 сажын қалғанда тоқтады. Өйткені тым ертерек келіп қалыппын. Таңғы сағат әлі бес екен. Ерте келгендегі ойымыз Қытай офицерлерінен өту жөніндегі рұқсат күәлігін алу болатын. Біздегі қоқандықтар жол бойы олардан қыттайлардың өлердегі қорқатының айтып мазамызды алған. Бізді қөріп қалса-ақ болды, дереу тоқтатып дінсіз біреулер өтіп кеткендегі болса, бәрімізді қала-қалаға билетсіз айдал барап деп безектеген-ді. Алайда іс-жүзінде басқаша болып шықты. Біздің жақындағанымызды көре салысымен бір мұнарадан күзетші: “Барондо” деп айғай салды. Ағаштың саясында отырған қытай солдаттары асығыс-үсігіс атып-атып тұрып, қабырға жүгіріп кеп қақпаны жапты. Мұнараға шашын тақырлап алдырған бұрымды бірнеше адам жүгіріп шықты да, ізінше ізім-қайым болды. Қоқандықтарымыз қытайлықтар бізді қожа деп қабылдап жатыр деп күлді. Олармен бірге біз де дүркіреп бекетке кірдік. Қақлаға жақындағанда бекет құлакқа үрган танадай үн-түнсіз еді. Дауыстап қақпаны үрганымызға қарамай көпке дейін дыбыс болмады. Эу демнен соң әйтекеір бір бас қылт етті-ау, оның өзі де қашқардың диканы екен.

— Сендер кімсіндер?

— Біз бе? Апыр-ау, бізді танымай тұрсындар ма? – дейді сипайларымыз.

— Э! Ал анау бейтаныс адамдарың кім?

— Олар біздің бодандарымыз. Ханның құлдары. Керуенмен бірге келе жатыр.

— Мұрсат етіңіз мен мәлімдеп келейін.

— Омалмай шапшандат енді, карындастыңың басына күн туғыр! – деп біздің қарт тоқсаба (Қоқан хандығындағы ең кіші әскери шен) қолымен қылышының қынабын сарт еткізді. Қашқарлық ізім-қайым болды. Қақпадан бір қытайдың басы шығып, қысық көздерімен бізді бір сүзіп өтті де, ол да ғайып болды. Қытайша дауыстаған дыбыстар естіледі. Ізінше ол да жоқ бол кетеді. Ақыр аяғында есік ашылып аруактай тыриған ап-арық, құп-ку қытай шықты. Шамасы, апиынның уыты әбден жеп қойса керек. Аузында қоркоры. Қасындағы – бағана

көрінген кашкарлық, жаңында және бір шал бар. Бақсак, кейін білдік, онысы тілмаш екен.

— Хау-хау, акшыма? — деді қытай жалқын түстес өткір ұзын тістерін анситып түрік тілін сындыра сөйледі.

— На, бошко — деп жауап берді қоқандық. Бошкосы алтын шар ұстауға құқы бар қытайлық лауазым. Қытай қоқандықтарымыздың барлығын танып тоқсабаға өзінің коркорын ұсынды. Токсона оны алып өзінің мәтелі боп кеткен карындастының басына құнтусынын айтты. Қоқандықтар рұксат қағаз сұрап жалынып, оны қайта-қайта бошко деп мадактап жатты. Дегенмен, бір нәрсе жөнінде көбірек дауласқан сияқты. Ақыр аяғында арамызды офицер жок екенін, онсыз билет бере алмайтынын, тіпті ақысына екі қой берсе де ондайга батылы бармайтынын түсіндіріп жатты.

— Басқа жасайтын қандай лаж бар? Енді осы арада түнеп шығамыз, — деді тоқсоба. Билетсіз-ақ бізді алып өтер еді, бірақ қытайлардың үрейін ұшырып дурліктіріп аламыз ғой деп корқатынын айтты.

Біз шатырымызды тігіп үлгергенше, тілмаш түнші де кеп, жаңында таныс кашкарлық бар, кішкентай жез құманмен кесе алып келді де, бәрімізді кою кірпіш шаймен сыйлай бастады. Кесені әрқайсысымызға ұсынып қайта алған сайын қайта-қайта тағзым етеді. Құллі қашкарлықтардың әдеті бойынша өте-мөте сыпайы көрінді. Бекеттен 50 сажындан жерде Шонбағыш руынан шыққан, Машақ тайпасынан шыққан тау қырғыздарының бірнеше киіз үйі тұрды. Бұлардың биі Жәнгір-кожаны қытайлардың қолына ұстап берген бидің өзі көрінеді. Халықтың пікіріне қарағанда, бұл тайпаны қарғыс атып, әбден соры қайнап кедейленіп құрып бітуге таяу қалыпты. Бадақшан әuletінің құлай бастағанын да жұрт осылардан көрінетін сияқты. Шонбағыштар Қашкардың тогрегінде терістік және терістік батысқа қарай Қызылдың жоғарғы жағында Төмен өзенін бойлап Оқсалар құмда қошіп-қонып жүреді. Жылқысы жок. Аздаған арық-тұрық қой-ешкісі бар. Егіншілікпен шұғылданып, көбіне қызметшілікпен күн кешеді. Ұдайы жаяу жүреді. Бұл жөнінен алдына жан салмайды. Түйе терісінен башақ жасап киіп алады. Онысы румның сандалдары сияқты. Кешкісін бізде қасына түншіні ертіп Бошконың өзі болып кетті. Ол Сибо әuletінен екен. Бізден өз тұғандары жайында сұрады.

**28 қырқүйек.** Қарауыл офицері, біз қолдай атайдын қарауыл офицері әлі бекетке келіп жеткен жок. Олардан бізді көп бөгемей өткізіп жіберуін өтіндік. Бұны сипайлар да жөн көрді.

Қалғандары келісіп жатыр. Зекет беріп үш қой төледік.

Тұнші біздің тендерімізді санап адамдарымыздың, түйелеріміздің, аттарымыздың есебін алды. Біз өзімізді әндіжандықтар деп таныстырыдық. Татарлар да сөйтті. Тұнші барлығымызды түгел жазып алды. Және жазып жүріп бұның кәжеті шамалы, бірақ рәсім солай деп кояды. Керуен сағат 10-да орнынан көтерілді. Жолда бізге Қоканның қарауыл бегі қарсы шықты. Бұл өткен-кеткен керуендердің санағын жүргізетін, сол үшін әрбір оттан барымта алатын шенеунік еken. Барлық қоқандықтар сиякты ол да тым-ақ сыйпайы. Сасықбұлақтың басындағы ағаштың саясында жайғасып алған ол қауын сойып отыр еken. Жұпар иісі танау, қытықтайдын тамаша дәмді дүние. Әнгіме арасында егер біз оған зекет төлемесек, сұмдық сойқан шығаратынын, яғни түйелерге тиелген бүкіл тендерді котарып бүйімдардың барлығын қайта тіркеп жазғызатынын, мұның өзі тұтас бір күн алатынын ескертіп койды.

Алғаш біздің колдаушыларымыз аксақал бізден алым алма деген деп бұлтактап көріп еді ақыры әнгімелесе келе беретін болып шықты. Осы сөзіне бізді әбден сендіріп бірдеңе бермесе болмайтынын дәлелдеп-ақ бағып еді. Кейін білсек, олар өзара үрсысып қалған да, белгілі болғанындей, өздері де әлгіден үлес алыпты.

Қарауылдан 8-9 шакырым шамасында күмкесектен тұратын таулар тізбегі басталады. Сол тауларды басып отырып тастақ жыныска кезігесін. Бұл жоталар да құм кесектерден тұрады. Сасықбұлақтың төнірегіндегі жер тегіс. Аракідік ағарып тұзы шығып жатқан құмкайрақ малта тас.

Құм балшыктардан тұратын сол таулардың түбінде Устіңгі Артыш елді мекені жатыр. Устіңгі Артыштың өзі Артыш өзенінің, яғни қойынның жоғарғы жағының бойындағы бірқауым ауылдардың жиынтық аты. Елді мекен 30-50 жер тамнан тұрады. Әрбір тамның өз бау-бақшасы бар. Алыстан қараганда қөлемдері де әжептәүір. Біз Ізгек атты орташа елді мекенге кеп тоқтадық. Сексен сажында жерге кідіріп, қосымыз тігілгенше Қашқар үлтүмен танысу үшін ауылға барып кайттық. Артыштың құллі тұрғындары тау қырғыздарының Сарбағыш тайпасымен сауда жасайды еken. Бәрі де барып тұрған алаяқ сұрқия. Бәрі де мылтық ата біледі. Қырғыздармен жиі қактығысып қалғандықтан ба, әскери іспен жете таныс. Басқа қырғыздарға қараганда өжет халық саналатын көрінеді.

Олардың мыңбегі Тайырбек-қожаның жанындағы пансад-полковник атағына ие болыпты. Соған қарамастан қазір ол Бектін ескі орнында отыр. Ұзынқұлакқа қараганда, қытайлар оған арташылардан үрісқа әркез өзір тұратын мың қол үйымдастырысан, арташтықтардың барлығын алым-салықтан

күтқарамыз деп уәде беріпті. Оған бұл көнбекен көрінеді. Эйткенмен Арташтан шықкан 500 адам шекараны шолып Қашкар жасагының санатында тұратын көрінеді.

Тұргындар бізге қауын-қарбыз, сәбіз, тары алып келіп аттарымыз бен түйелерімізге жем тасып, керуен жайғасқанша баспа-бас айырбасын жасап та үлгерді.

**29 қыркүйек.** Арташ өзеніне басқалардан жақынырак тұрган Шеткі Арташтан керуен Үшбұрқан деген жерден өткелден отті. Үшбұрқанның қатпар-қатпар тауларынан әрі қалың жыныс ну орман басталады. Бұл Қашкар мен оның төңірегіндегі елді мекендер. Шаң-тозаң дегенін сүмдыш. Тен тиелген есектер, жаяу жүк арқалағандар не сән. Жол бойы ушу. Жол біртегіс құмкайрак. Шеткі ғимараттардың басым болігі құлпытасты мазарлар. Олардың ішінде Қарахан-патша, Мұнара-кожа гибадатқаналары бар. Біз осы араға келіп тоқтадық. Керуен басы арамыздан бірнеше адамды алып, калаға, ақсақалдың өзіне тартты. Қолында шары, басында қауырсын тұтқан бөркі бар қашкар шенеунігі келді. Алғаш біз оны қытайлық шығар деп ойлад қалғанбыз.

Шенеунік өзін хакімбек жібергенін мәлімдеді. Өсек-аян, түншінің тұтқылы сыбысы тарап, сүмдыш үрей кала ішін кеуlep кеткен. Біздін басымызыдағы татар боркі ынғайсыз әсер қалдыrsa керек. Дарғабек, яғни полиция бастығы керуеннің тонірегінде ол да айналышқатап жүріп алды. Құдиярбек біздін досымыз болғансып, тамаша халықсындар, өзімнің сарайыма келіп түсіндер, – деп жалынды. Іле-ақ мәлімдемесін алып кінозға жөнеледі.

**30 қыркүйек.** Біздің адамдар да оралды-ау, әйтеуір. Ақсақалдың іттиплатпен қарсы алғаны жөнінде қуанышты хабар жеткізді. Ақсақал керуен басымызының ежелгі танысы көрінеді. Оның іттипаты ерекше болып шықты. Бізден зекет алу үшін алдымен ол өз ұлын жіберіпті. Әуелі өзі келмек екен. Бірақ ол қарекеті бізге қосылып кете ме деген бектін құдігін туғызыса керек. Олар бізді Қашкарды алуға келген орыстар деп үккан сияқты. Ақсақалдың ұлы хакімбектің дарбазасының алдында керуенбасын талап етті. Мырза ол малтасын езіп отыр, сен барма, – деп жауап берді. Сөйтіп, татар Мұхамеджанды аттандырды. Ол корықканынан бізді қырық адам депті. Ал Құдаярдың қуәланұрыруы бойынша елу жеті болуымыз керек.

Бұл қателіктің қолайсыз салдары зекет болып шықты. Халық қабындал, Әндіжан саудагерлері, Қоқан солдаттары жиналды. Басқалар да осында жүр. Тұстік ас ішілді. Астан кейін жолдан әралуан шарлармен басын әшекейлеп алған қашар шенеуніктерін кездестірдік.

— Токтандар. Бұл өзі не хабар? Менін кінәзім сіздердің тендерінді актарып, ішінде не барын қара деп еді.

— Оны қалада да жасауға болады ғой.

— Жоқ, мен осы арада жасағым келеді.

— Біз ақсақалға зекет төлейміз, сондыктан бізді тек оның өзі ғана тексеріп қарауға тиіс.

— Мен сіздерді кері қайтарып жіберуіме болады.

— Оның несі бар, қайтсак қайтамыз. Тек сендердің қысымының бұдан былай төзіп отыра алмаймыз.

Осы арада келіп іске Әндіжан саудагері араласты. Шенеунік басылайын деді. Біз жонышқа егілген алқапқа, ашық аспанның астында токтадық. Себебі қөшіміз Дәүлетбакқа аттанып кеткен. Мылтығымыз жасырылып немесе сактауы үшін қокан солдаттарына берілген. Смайыл мыңбегі көпті көрген жасамыш ақылды адам екен. Ол Семейдің сарттарының көргенін, тіпті Қашкарда жүргенде орыстарды да үшыратқанын айтты. Демек, біздің қалаға ешбір бөгетсіз кіріп жүре беруімізге болады. Онымен достасып алған соң сый-сияптымызды да жасадық. Ол бекке жүрттың айтып жүргенінің бәрі жалған екенін мәлімдеп хат жазып, біздің тендерімізді ағытып ісімізді қиыннатпауын, оны артқан кезде Қашкар шенеунігінің қатысканын баяндағы.

**1 қараша.** Керуен орнынан қозғалды. Бізді Мейракым молда зекетшімен, Смайыл мыңбегі бірнеше сипайлармен, жергілікті полициалар ертіп жүрді. Қорған арқылы өтіп Төмен өзенін кешіп шықтық. Бұл арадан да бірнеше шенеунік қарсы алды. Бізді қала дарбазасының алдында токтатты. Шенеуніктер ордаға хакімбекке кеткенде біз қақлаға ілінген он бір басты тамашалап, бұл дүниенін жалған екенін көз алдына келтіріп, ойға баттық. Жиналған жүрт бізге таңырқай қарап саусағымен шұқып көрсеткендей болады. Біреуі: “Әне, анау тұрган бөркі басқа біреу орыска екі тамшы судай үқсас” — деп қояды.

— Сен орысты қашан көріп жүрсін?

— Жоқ, көргенім жоқ. Бірақ солай ойлаймын.

Ақыры елшілеріміз де келді-ау. Смайыл Әлшібектің бірнеше шенеуніктері жөне карт хакімбек Әмед-ванның адамдары келіп, біздің қалаға кіруімізге рұқсат етілгенін жариялады.

Көшениң көрінісі мынадай. Адым сайын бөлек сарай. Дүңтіршектер мен дүкеншелер, жатаған үйлер, ерсілі-қарсылы ағылып жатқан есектілер, салтаттылар және жаяулар.

Біздің түйелеріміздің бәрі жүк-мүгімен “зекетхана” сарайына кірді. Бұл кеденде алмастыратын сарай екен. Бізге қоңіл бөліп ақсақалдың өзі келіп: армысындар, кош келдіндер деп амандасты.

Хакімбектің өзінен көмекші ішқаға Сипаркебек келді. Бұл жас өнді, қараторы, түсі жылы, орта бойлы адам екен. Жанында озіміздің ескі танысымыз Смайыл бар. Халық құмырсқадай қаптайды. Әндіжандық, кашкарлық шенеуніктер тізім жасап сандықтарды мұқият қарап жүр. Зекет әр сандықтан 40 теңге. Егер оларды 124 алтынға сататын болсақ, әлгі қаржыға бір кой қосып төлейміз. Шенеуніктердің барлығы да үсін алды. Оның үстіне ұнағандарын және алып жатыр. Зекет жинау ымырт жабылғанша созылды. Аларын алып болған соң ғана сарайына кетті олар. Барды да бір-бірден, екі-екіден бөлме алып тынығуға кірісті. Сарайды сипаттамай-ақ қояйын.

**2 қараша.** Жұма күні. Бұл жерде оны Азына атайды екен. Мешітке бардық. Бізді қөрем деп ынтығушылар көп болды. Басымызға сәлде салудың қажеті осында туды. Керуенбасын жүргінші сарайының хакімбегінің кеңесіне шақыртыпты. Орда дағарадай кең екен. Жан-жағы биіктігі бес аршындық дуалмен қоршалған. Кіре беріс ауызда үлкен дарбазаның оң жағында мешіт пен мераб түр. Екеуі де қүйдірілген кірпіштен тұрғызылып көгілдір шынымен әшкейленген. Сол жақта биік мұнара. Оның басына күн сайын сағат 2-де түскі ас кезінде үзын жez кернейден күй тартылып тұрады. Мұнысының өзі қоқан кернейі мен қытай флейтасын еске түсіреді. Екінші қакпада адам отыратын үйшік бар. Онда он адам отыр. Шамасы барлығы да құзетшілер болуы керек. Өйткені үйдің қабырғасына мылтық, қылыш және шоқпар іліп қойыпты. Екі хатшы да осында отыратын қөрінеді. Олардың міндеті отініп келушілердің, бекті қөргісі келетіндердің отініші бойынша арыз жазып беру. Екінші қакпадан онға қарай атқорасы түр. Үшіншісі қытай мәнеріндегі кішкентай дарбаза. Ортанышы жоғары мәртебелілер мініп жүретін шағын қытай арбалары. Ал бүйірдегі қакпалар жаяуларға арналған. Оң жақта үй мешіті. Одан онға қарай данзаған мен қазына кеңесі. Оның ортасында қытай мәнеріндегі сарай түр. Мешіттің сыртында басқа бектердің үйлері мен штабы бар. мешіттің маңында бірнеше бөлмеден тұратын шәкірттер құран жаттайтын қарихана. Осында құдайдын құтты күні бектің құдыреті мен бақыты үшін құран оқып, олардың күнәсін кешіруді құдайдан тілегі жатқан шәкірттер. Екінші жағында қытай талғамындағы тор. Айналасының бәрі тор. Осы арадан халыққа қөрінгісі келсе бектің өзі шығады.

Бұл шатырды шифанза атайды. Сарай саз балшықтан жасалған. Іші аппак етіп сыланып қүйген кірпіш төсеп тасталған. Әр түстан әлгі кірпіштен диванға үксас отырғыштар

жасалып үстіне қотанның қалы кілемдері төсеп тасталған. Мұнда оны қаранды далан атайды. Яғни бұл терезесі жоқ үлкен қаранды бөлме деген сөз. Терезе тек төбеде ғана. Жарық бұтан басқа бөлмелерге шығатын есіктер арқылы түседі. Былайша айтқанда бұл қағаз жапсырып қойған қытай терезелері деген сөз. Ақыр аяғында ол бізді осында қарсы алды.

Данзафанға назар аударалықшы. Бұл ұзыннан-ұзак дәліз. Айнала қабырғада кірпіш нарлар бар. Олар текеметпен қапталып қойылған. Үстелдері аласа, сондықтан ҳатшылары малдасын құрып отырып жазады екен. Кейбіреуі қытайша, шұршітше де жаза біледі. Ҳатшылардың ешкайсысында шар жоқ. Біреуі бізден:

- Қай жақтан келдініздер? – деп сұрады.
- Семейден келдік.
- Сіз кім боласыз?
- Әндіжандықпын.
- Марғуланнан және Тәшкенттен шыққанымыз да бар.
- Әндіжаннан қашан шығып едініздер?

— Бұдан он екі ай бұрын шыққанбыз. Ресейде болып түрлі бұйымдар сатып алып, осында Қашқарға келіп отырмыз. Естіп-білімізше бұл жақта сауда жақсы жүреді дейді. Саудагер жүрті қайда пайда болса, сонда жүретіні белгілі ғой.

- Қандай-қандай товарларының бар?

Не бар, не жоғын баяндап бердік.

- Қожайындарының қанша, қызметшілерініз нешеу?

Барлығының да аты-жөнін тәптіштеп жазып алды. Қазақтардың болысын, аймағын қоса тіркеді.

— Карауылда сіздерді жеті отбасы және жеті жұмысшы деп көрсеткені несі, ал керуенбасы татар ұзын санымыз қырық дейді?

- Мән-жайды түсіндіруге тұра келді.

— Онда бара берулерінізге болады.

- Шешімін сұраган сауал әмбанға жіберілді.

**3 қараша.** Айырбас, сауда басталды да кетті. Сауданың қызған кезінде дорға (полицей) келіп керуенбасын дорғабектің кеңесінен шақырып жатқанын хабарлады. Дорғабектің үйі мұнтаздай тап-таза екен. Әппак қып әкпен ағартылыпты. Бір жақ қабырға түгел қытай торы тұтылған. Оны ысырып бақшаға шығасыз. Аяқ астыңыз да кілемдей құлпырған гүл.

Дарғабек жұмсақ тақшаға жайғасқан да, қалған бектер қабырға-іргесіне төсеген текеметтерде отыр. Біз келе жатыр деп хабарлағанда ол дәлізден шықты. Ал біз дәлізге келіп тоқтағанда, үстінде қытай бектерінің күрен қызыл

салпыншақты бешпенті бар, ол да шығып жанымыздан өтіп кетті де кенет жалт бұрылды. Бізben бірге келген Найманбайдың көріп калып жалт бұрылды да, екі қолын бірдей көтеріп:

— Ал мыналардың бәрі біздің меймандар ма? — деп сұрады.  
— Қайдан келген өздері? Сіз кім боласыз, әндіжандықтардың қайсына жатасыздар?

— Марғұлан мен Тәшкенттен шыққандармыз.

— Марғұландықтарың неше кісі?

— Төрт адам.

— Тәшкенттіктерің ше?

— Екеу.

— Бұқаралықтарың да бар шыгар?

— Екі кісі бар.

— Елдерінізден қашан шығып едініздер?

— Он екі айдай болды.

— Келген максаттарыңыз қандай?

— Сауда жасағалы келдік.

— Қанша адамсыздар?

— Қырық екі кісіміз.

— Барлығының аты-жөндері? Бұрын мұнда болғандарыңыз бар ма? Шалғайда жатқан бейтаныс елге қандай құдырет айдал келіп жүр? Қазак-қырғыздың қатерінен қорықпай, табиғаттың катыгездігінен қаймықпай келулеріңіз қызық?

— Жол ашып алғалы келдік. Бұл жолмен бұдан бұрын ешкім жүрмеген. Баяғыда тек біздің бабаларымыз жүрген деседі.

— Хан бекетінде өздерің жайында хабар бермей империяның шебіне баса-көктеп кіруге батылдарың қалай барды? — деп қарауылдың баянхат жазған қағазына қарал алып: — Адамдардың санын не үшін жалған жаздырдыңдар?

— Біз Іледе болғанбыз. Баса-көктеп кірді дегеніңізге түсінбей тұрмыз. Сардарларыңызды күтіп бір күн түнеп те шықтық. Төлейтін үсінін төледік. Сардарыңыз ханың жалақысын тегін жеп күзет орнынан кетіп қалатын болса, түнші тұлмаштарыңыз дұрыстап жаза алмайтын болса, біздің жазығымыз қанша? Ханнан күміс пен акы алып отырған адам дұрыс қызмет етуі керек, — деп бай орынды айтады.

Мұхамеджаннан: “біз Тәшкент татарымыз” деген Мұхамеджаннан орыс татарлары емессіздер ме деп сұрады.

— Орыстарды қозіміз көрмегеніне он жыл.

— Егер сіздер әндіжандық болсаныздар, өз үлттарыңыз үшін ашылған жолмен неғып келмедіңіздер? Егер орыс болсаныздар, үкіметтеріңізден неғып ешкандай белгі жок. Сонда біз сенген болар едік.

— Бұл арада орыс саудасы жок.

- Семейге дейін неше күндік жол?
- Алпыс бес күндік.
- А-а! Алыс еken. Істықкөлде қазір кім бар? Орыстар келіп тұра ма еken? Өздеріне үй-жай салып па?
- Жоқ, байқағанымыз жоқ.
- Олардың бізге тым таяп кеп төніректей беретіні не?
- Тарап келібі қалай? Орыстың жақын қалаларының өзі қытай шекарасынан төрт күндік жол жүретін жерде жатыр емес пе?
- Онысы қайда?
- Анау Іле аймағында.,
- Арапарыңызда орыстар бар ма?
- Жоқ.
- Неше мылтық бар?
- Мылтық бар деген сыйбысты естігеніміз жоқ.
- Ал бұлбұл деген немене?

Кешкісін ақсақалдың алдына барғанда қытайлықтардың бізге дамыл-тыным бермейтінін айтты. Ол қытайлықтардың қарындасының басына күн тузын деген қарғысын қайталап, дінсіздердің былапыттаң не болса соны жейтінін, сондықтан оларға сенімнің шамалы еkenін баяндады.

**4 қараша.** Саудамыз да аяқталды. Ибрағим Қари матаңың көп болігін алды. Сәмеджан өз магазиндері үшін ұсақ-түйектерді жиналады. Сәметжан магазині дейтіндерің дүнгіршектер мен шағын асханалар ғана. Ресми сауданың делдалы Ибадолла-қожа ханының қайын атасы еken. Ол әрбір жамбыдан үш теңге, он алтыннан бір теңге салық алады. Қоқанға аттандырған шәй үшін бір күні Тәшбай бес жамбы алды. Кашқардан шыққан кезімізде тең артылған әрбір түйеге екі теңге, жүк тиелген атқа бір теңге салықты және сокты. Қытайлықтардан қайтар жолға билет сұрап әперу үшін ақсақалдың іс басқарушысы жан басы бір теңге және бес пұл жинадады.

Сағат он бірлер шамасында біздің сарайға ішкәбек, Смайыл найыпбек (жергілікті полицияның бастығы) және басқа басында салпыншақтары бар көптеген адамдар келіп кірді. Біз шар мен салпыншақтан мезі бола бастағанбыз. Оларды көрген бойда жүрегіміз дүрсілдеп коя берді. Истін насырга шабатын сыңайы барын іштей сезіп отырмыз. Сол күні ғана ақсақалдың өзі біздің бәріміз оған бас-басымыз таныс еkenін, бәріміз де Орта Азияның тумалары еkenін, ханға адал берілген сенімді адамдар еkenін, ол үшін Әндіжаның бүкіл саудагер қауымы колхат беретінін айтып колхат берген-ди.

Келген бектер бізді Әмбаның өзі шақыртып жатқанын

хабарлады. Үрейіміз үшты. Хакімбекке екі жолдасымды ертіп мен бардым. Сыйтекең жаксы адам болып шықты. Жолжөнекей аксақалдың бізге қолхат бергенін айтып көңлімізді аулады. Хакімбектің алдына барғанда иіліп-бүгіліп тағзым етпей, еркін азamat сияқты сәлем беріп, өздерінді тен үстәндар, егер үнатпағанын білдіргендей болса, байланысса барлығын да өз аксақалымызға айтқанбыз, сізге толық хабарлаған болуы керек, оны кайталап жатқымыз келмейді, — дедер деп ақыл берді. Іле атымызды ерттеп мініп бектердің соңынан тарттық. Қала кабырғасының сыртына шығып ашық аланнан бірнеше шатырды, дарға ұқсас және бір заттарды көзіміз шалды. Досымыз Мамразық атағаштарды көріп құлағыма сыйыр ете қалды. Зығырданы қайнап, тісін қайрап қолын бір сілтеді. Досымыз есінен танып қала ма, деп қауіптенгенбіз, оның көңлілін көтеруге тырыстық. Егер бізді дарға асатын болса онда бұл үшін бізді аксақалдың өз қолына берер еді. Ал Қокан шенеуніктерінен қандай күнөні де пара беріп кешірімін сатып алуға болады. Шатырлардың төнірегінде жүзге тарта шар үстағандар жүр. Аттар, атшылар, атқосшылар қаншама? Осының бәрі ұлан-ғайыр топ құрап, біздін бейшара жолдасымыздың үрейін үшыра түсті. Ол тұла бойы діріл кағып, аппақ кудай болып кетті. Шатырдың есігін ашып жұмсақ орындыққа отырған төрт маңызды шенеунікті көрдік. Біреуі жуан қара, бетінде қорасан дағы бар. Бірақ өні жылы сияқты. Хебе-әмбан осы болды. Ал қалған үш шенеунікте қызыл шар бар. Он жақта шетте отырған бектің шошиған аппақ шокша сақалы бар екен. Сырттай сымбатты кісі. Бұнысы хакімбек.

— Жақсы-жайлы жеттініздер ме? — деп сұрады жылы үшырап Хебе-әмбан. Арық қара қашкарлық тұнші әмбанның қорғаушысы керуен басының желкесіне қолын салып: “мандайынды жерге тигіз” деп нұсьқау берді.

— Мұсылмандарға мұндай сөз айтпас болар, — деді түрікше карт бек. Біз оны сонда ғана таныдық. Біз қолымызды қеудемізге қойып, әңгімені керуен басы бастады: “Алланың рахматымен, мәртебелі Хебе-әмбанның шарапатымен аманесен жеттік. (Біз кірген бойда әмбан өзінің көршісінеге қытайша “Жынде анджанде жень”, яғни таныс әндіжандықтар ғой, деді. Осы ескертүінің өзі жолдасымыздың бетінеге қан жүгіртті. Қытай тілін біletін ол өзіне-өзі келіп құлдырындағы бастады.

— Қай жақтан келіп едініздер, неше күн жол журлініздер? Қай өнірді басып өттініздер? Халқымыз тыныштықта ма екен? Экелген тауарларыныздың түрі қандай?

Тұнші тауарлардың атауын аударғанда кинала бастап еді,

Құлжада жи болып жүрген керуен басы қытайша өзі сөйлеп кетті. Әмбап оған разы болып, Іле жайында, онда қай кездे қай жән-жұннің тұсында болғанын сұрап жартымды жауап алғасын:

— Хауо, хауо, жақсы, — деп әмбап тағы да разы боп қалды. Жалғыз Әмбап ғана бір күміске пүл сатып алатынын, сол үшін сұрап отырғанын айтты. Содан соң бізден хакімбектің сарайына келуімізді сұрап, сол арадан бұйымдарды қарап көретінін ескертті. Біз аман-сау қалғанымызға қуанышымыз койнымызға сыймай оралдық. Иығымыздан бір тау түскендей болды. Алғаш рет алансыз мейірленіп отырып тамак іштік. Түстен кейін тұра бектің өзіне тарттық. Бізді онын кеңессіне кіргізді. Сол тұска тұра биші қыздарды да алып келген екен. Ішкі жайларда жергілікті саз әуенімен кернейдің үні шықты. Біз ұзақ отырдық. Ақыр аяғында, жас шенеуніктен бізді қашан босатады деп сұрадық. Ол мырс етіп құліп, бек бір ләйліп алса мауығын таңға дейін баса алмайды, — деп көңіл аулай тұрынғыз деп маған бір кітапша ұсынды.

— Сіз оқи білесіз бе?

— Оқымағанда ше?

Ол менің сөзіме нанар-нанбасын білмей антарылып қалды. Мен қатты дауыстап оқи жөнеліп ем, шамасы танысымның өзінің де сауатынан тәуірлек болса керек.

— Өте жақсы, сауатты оқисыз, қай арадан үйреніп жүрсіз?  
— деп сұрады.

Бес сағаттан кейін Алшыбекті екі қолтығынан сүйемелдеп екі бек шықты. Хакімбек тәлтіректеп өзін-өзі ұстай алмай келеді. Атпен келген бір бек атына міне алмай ұшып тұсті. Оны да ерге әрен қондырды. Барлығы да үдай мас. Хакімбекке біз жайында ескертіп еді, ол бетін тыржитып: мейлі кетсе кетсін дейді. Қүтетін болсак, таң атқанша тосуға тұра келетін еді, әйтеуір бізді босатып қоя берді. Біз тұра өзіміздің қолдаушы ақсақалымызға тарттық.

— Ха, — деп айғайлап жіберді датқа. Бетіне тұра айтатын, бірақ қайырымды дөрекілеу нағыз өзбектің өзі болатын ол.

— Мырзалар-ау, сендердің қаранды көрмей қалдық кой?

— Тақсыр! — деді керуен басы. — Иттей боп зықымыз шықты бүгін. Бірсесе дорғабекке, бірсесе хакімбекке иті де, біті де шақырады. Біреуі ит бекке шақырса, біреуі шошка бекке шақырады. Ал Қашқарда бек дегенің менің басымдағы шаштан көп екенін білесіз ғой. Бүтін әмбанның өзінде болған едік. Ол кәпір болса да, біздін әлгі антүрғандардан әлдекайда ақылды, — деп сөзін ызамен бастаған керуен басы бірте-бірте басылайын деді. — Әйтеуір тез жіберді. Анау-мынау сұрау

таусылған соң азаптың басқа жолын ойлап тапты. Тауарларыңды көрсөт деп шақырып еді, қызынды үрайын, өздері қытайлармен қосылып шарап ішіп, биши қыздарды шақыртып алды. Ал біз ас-су татпай, шәй да ішпей қаранды болмеде қантарышып отырдық та қалдық. Таксыр, мыналардан бізді күткара көр. Эбден есімізден айрылып алжасатын болдық.

Датка өзінің төнірегіндегілерге қатты ашуланды.

— Қалайша бұндайларға жол бересіндер, неге ара түспейсіндер деп айғай салды. Бүгінгі күннен бастап ол доныздардың ешқайсысына бармандар. Егер бірде-біреуі сіздерге ауыз ашатын болса, Алланың ракымымен оның қызын қатын қылып Уәлихан төреден бетер іс жасаймын. Бектеріңе осы сәлемді айта барындар.

Бұл сөзі хакімбектің шабарманы Қари-Момынға арналған еді.

**5 қазан.** Бүгін біз әйтеуір тынышпыз. Бектің кеңесіне ешкімді шақыртқан жоқ. Барлығымыздың да көніл-күйіміз жақсы. Құдай құтқарса жауап алудан құтылған сияқтымыз.

Бұрынғы жазғандарымда жауап алулар жайында қызықты мағлұмат берер деп жазған едім. Енді бір кері оралып оларды басқа бір деректермен толықтыруға тырысамын.

Қыркүйектің 27-сі күні біздің сағат бестер шамасында келгеніміз белгілі гой. Кешкісін бізде көрші ауылдардың қазактары болды. Бекеттің төнірегіндегі жерде бертін ғана жыртылған аныздың іздері жатыр. Қазір қауап қара сұлы мен ши шығып кеткен. Бекет тау жынысы қатты шатқалдың аузында түр. Бекеттен әрі қарай төнірек саз балшықты. Су жүріп жылғалар жырып кеткен жылға сайлар көп-ак. Кейбірінің бетіне тұзы шығып жатыр. Алда жатаған құмкесекті таулар сілемі көрінеді. Оған жақындаған берген жолаушы сұысасық бұлақтың басына иіліп түрган сөмбі талдарды көзі шалады. Одан әрі тауға көтеріледі. Жалтырап жатқан саз балшықтан ешқандай өсімдік нышаны білінбейді. Топырактың ішінде құмкесек пен әйнек тастың үшкіндәрды жылтырайды. Шаң-тозаң дегенің сүмдүк. Күн ыстық. Реомюр термометрі 21° жыльлықты көрсетіп түр. Есегіне бәз-бір шөп артып алған бірнеше қашқарлықты үшірраттық. Мұнда отын жетпегендіктен казандыққа жағу үшін өсімдіктің неше түрін жинайды. Егіннің сабаны да ол мақсатқа жұмсалады. Шатқалдан бекетке оралып бара жатқан қолдайды кездестірдік. Ол бізге жақсымысыз деп бас изеп өте шықты. Басында ақ шары бар. Ертоқымы жұлма-жұлма. Бектерген қоржыны қырық жылғы кір. Тегінде қытай бурбондарына немесе сиболардан біздің казак офицерлері

сияқты барымталап алған зат сияқты. Жолда мен сатқынмен әңгімелестім. Ол тоқсабаға қатты ашулы еken. Оны барып тұрған онбаган деп, жер-жебіріне жетіп келеді. Жалпы ол өз жолдастарымен келісіп жұмыс істемейтін көрінеді. Дағды бойынша әңгіме қашқар әйелдеріне ойысты. Жауынгеріміз жөнге келер-келмес бірнеше анекдот айтты. Ол өзі Қашқарда жетінші рет үйленген еken. Мұнда әйелге ауыстыра беретін зат ретінде қарайтын сияқты. Кәдімгі азияттардың міnez-құлқы.

Рәбиул ақира айының, яғни казанның 22-сі күні қижраның 1275 жылы біздің 30 қазанмен тура келеді. Моллабек хан болды. Бұл жайындағы хабар Қашқарда карашаның 15-күні алынды. Хабарды әкелген Бабатұңғыс. Ал Әлімбек датқаның інісі Момынбек бұдан екі күн бұрын Нәсреддин датқаға ілтипат хатын әкеп, ханнан ілімтон киді. Бұл ханың бұған деген оң қабағын байқатқан-ды. Бабатұңғыс Нұрмұхамед датқаның сайлануы жөніндегі инаятнаманы алып келіп бұрынғы датқаның мүлкін есепке алды.

**25 қараша** күні жаңа ақсақал “Арқан дәулет” (мемлекет тірері) келіп, “Жалау сақла” деген айғайға құлі әндіржандықтар түрегеліп, оны карсы алды. Жиналған жүрттың ұзын саны 15 мыңға жетті деседі. Онымен бірге елші Мәткерім би де келіпті. Ол бұл лауазымда Хиуада бес жыл болып одан Сунулла қожаның Қашқардағы шейхы, емші болыпты. Жаушы өзімен бірге Қашқардың 15 мың әмбрантын тоғыз долон түндігін ала келіпті. Оларды Тохта маңжу ертіп кеткен еken. Нәсреддин келгенде де он мыңға таяу адам еріп жүріпті.

Қожалардың көтерілісінен кейін алғашкы ақсақал бізден екі ай бұрын келсе керек. Ол Қашқарда үш мәрте елші болыпты. Алғаш рет жеті қожаның көтерілісінен кейін, соңғы рет Уәлихан-төреден кейін келіпті.

Жеті қожаның көтерілісіне Қаттахан төре, Кішіхан-төре, Тәуекел қожа да қатысқан. Қалай болғанмен де қыс ортасындағы қақаған аязда сұықтан отыз мың адам үсіп өліпті. Қар көшкінінен керуендер апатка ұшырапты. Одан қалған шәйді кейін қар еріп көктем шыққанда тауып алыпты.

1. Мұхамедтің үрпактары Орта Азияда сейідтер, қожалар деген атпен әйгілі. Халифтардың үрпағы да осылай аталауды. Кейбір шейхылардың әралуан әулиелердің мазарын көргенде өздерін оның үрпактарымыз деп орынсыз атайдыны да бар.

Мәселең, Сакып-заде әке жөнінен Омардың (Фарұхтың), ал шеше жөнінен Имам Раббанидың (Аяндидың) үрпағы. Бұл фамилия Үндістаннан шықкан. Пешевардың төңірегіндегі Сары-Индтың тумалары. Бұл әulet айрықша қастерлі.

Бұхарда хазірет Миан Фазыл Үлем-Қадыр, онын інісі Миан-Бұзырық Қоканда Қатта-хазірет яғни үлкен хазірет деген есіммен белгілі, ишан Миан-Халил сол екеуінін немере інісі. Жаркентте де Миан-Абдул Рахман хазірет деген бар. Бірақ оның саяси маңызы алғашқы үшеуінле емес. Бұкар хазіретінің хан тұқымының қызынан туған ұлы Ақша мен Балқыда тұрады. Оның Ауғанның Досмұхамед ханына ықпалы күшті. Бұл әулеттің өкілдерінің бәрін хазірет яғни мырза атайды.

2. Қашқар қожалары. Сарымсақ-қожаның балалары Қокандағы Патша-хан қожа, Марғұландағы Ибадулла-қожа. Бұл қожалардың ұлан-байтақ жері бар. Тамаша үй салғызып алған. Әрі өте бай тұрады. Қашқарлықтардың пітір-садақасын солар жинайды. Бұл қожалардың айрықша құқық беретін “төре” деген лаузымы бар.

3. Түркістан қожалары да Галидың үрпақтары. Олар Түркістанда және көшпелі тайпалардың арасында тұрады.

4. Қасан-қожалар Қасан, Наманған қалаларында тұрады. Бұл әулеттің ұшы-қыры жоқ көп-ақ.

5. Майдан-қожалар Әндіржанда қаланың тен жарымын алып жатыр. Тау қырғыздарынан зекет жинайды және шешекке карсы егу егеді. Сондықтан оларды қырғыздар “шықма-қожа” атайды.

6. Антахура шейхының үрпақтары омарилар негізінен Тәшкентте. Марғұланда Құсайын мен Мешхеди әулеті. Шахимардандағы шейхылар да өздерін қожа атайды. Олар Мешхед қотанында 70 тұндік. Тақта-Сүлеймен шейхылары Ошта тұрады. Қоджа Ахырап-Ұәли әулеттің қожалары да негізінен Тәшкентте. Онда Зенгібаба шейхылары және басқалары да бар.

Хиуа хандығындағы Үргеніште Хазірет-палуан, Ахмед-Жәмши, ал Бұқарада хазірет Паһабидин-Балақардан (Нақыш Бөнд) бар.

Тәшкентте Зенгі ата зираты бар. Қоджа Жағын Гиждабанда, ал Қоджа Ақыраруәли, Түркістанда Қожа Ахмет Иассауи мазары, Марғұланда Фалиды жерлейді дейтін ықтимал он бір зираттың бірі бар. Ошта Сүлейменнің тағы мен табыты жатыр. Оны Асапырдықі деп атайды. Сәлман-Фарс, Ахмед-арқан да осында. Оштың төнірегінде Жұністің бейіті, Зенгінің жары Әнуар ана, ұстаз Зенгі Хакім-атаның жесірі Еркебүбі, оның алғашқы некеден туған баласы, екінші некеден туған Али-Аскардың зираттары бар. Әнуар ана ері сиыр бағып жүргенде оған ас-су алып кеп жүреді екен.

1857 жылғы рамазан айында айт күні көктемде Оштан Ұәлихан төре қашып кетеді. Марғұланнан, Шахимарданның

шейхыларынан шыққан, Қашқарда Ақшапан қожа деген атпен әйгілі Абдолла хан-қожа Ділдахан, оның Жаңашардағы әкімі болған Шөбекші төре бірге қашады. Арасында Хиуадан шыққан Қашқар эммигранты Мұса-Панаш та бар.

Сафар айында Қырық үйден қаш-қаш шықты. Тоқтаманжа тоғыз мың доланды ханның алдына тартып, соларға басшылық жасауға және Қарасудың арасындағы елдің зекет жинап тұруға рұқсат алды.

Тәшкенттің түбінде Қашқар эммигранттары мекендеген Жаңашар деген қотан бар. Шақырханның да тұрғындарының жартысы қашқарлықтар. Қарасу түгел дерлік сол.

Әлішер Науайдың әлемі. Оны мырза Құсайын мейірімі түсіп есіркеді деген аңыз бар. Мырза Сұжық оның сүйіктісі болды деседі. Жаған-қожа мен Ахмет-қожа Жұсіп Фамаданидың шәкірттері болса керек.

Жұсіп және Зылиқа дастанының авторы Мәулен Жәми, оның жас жігіт Мырза Хамдамға деген маҳаббаты суреттеледі. Ал мырза Бәділ Шәкір-ханның авторы.

1. Данышпанның көз алдында жасыл ағаштағы әрбір жапырақ құдайдың құдыретін түсіндіретін дәптер тәрізді.

2. Жаратқан тәнірі шынында да ғажайып және ол сұлулықты сүйеді.

3. Ізdegен жетер мұратқа.

4. Адамның ең жақсысы жұртқа жақсылық жасап пайда келтіргені. Адамның ең жаманы жұртқа зиян жасағаны.

5. Ибн Хаджип осылай депті.

6. Қорқорды екі-ак рет тарту керек. Алғаш үйқыдан оянғанда, екінші рет ас ішкеннен кейін.

7. Алла тағала адамды жарыққа шығарғаннан кейін бірнеше күн ұстапты. Жаратқаннан оның мейманы туралы не істеп, не қойғаны жөнінде есеп талап етудің қажеті бар ма?

8. Екі жылдық шарап пен он төрт жастағы ару жастың да, жасамыстың да ортасының сәнін кіргізіп, шырайын енгізеді.

9. Бір діндар мені шал депті, шындығы да солай. Ал мен екі дүниенің де өкілімін, екеуінің де жиһазын бір ойында бір-ак үттырған жаңмын.

10. Танысу оңай, тарқаспақ қызын.

11. Кернейшіден не шығады? “Үп” деген бір-ак үн шығады. Былайша айтқанда, күмбірлеген күбідей мылжың адамнан не шықпақшы?



## Қоқан хандығы

Тәшкент аймағында көшіп-конып жүретін қазақ тайпалары екі ордага Ұлы және Орта жүзге жатады. Ұлы жүзге жататын тайпалар шанышқылы, қанұлы Тәшкент төнірегінде көшіп жүреді де дулаттар мен жалайырлар және суандар Шу мен Талас бойын жайлайды. Орта жүзге жататын қоңыраттар мен Кенесары Қасымов сұлтанның әuletіне қарасты қазақтар Түркістан төнірегінде және Қаратая қойнауында көшіп-конып күн кешеді.

Азаматтық басқару және әскери бағынысына орай Қоқан бірнеше аймақтар мен әскери округтерге, яғни дуандарға бөлінеді. Дуандардың басшылары хәкімдер сол мекемелердің шегінде тұратын әскери күштердің бастығы да болып, өз орындарын жалға алады. Олардың қанша табыс табатынында ешқандай бақылау жоқ, әйтеперек әскерлерін ішіп-жемімен, азық-тулігімен өздері қамтамасыз етеді. Ханға жыл сайын табысының белгілі бір белігін жөнелтіп, өз атынан тартутаралғы жіберіп отырады. Хәкімдердің құсбегі, пәруаншы және датқа деген лауазымдары болады. Олардың екі қомекшісі болады. Саркар деп аталатын біріншісі бастан-аяқ азаматтық істерді басқарады, ал батырбасы дегені әскерлердің сардары болып саналады. Хандықтың маңызды деген ұлылы-кішілі калалары өз алдына дуан құрайды. Олардың ішіндегі барынша белгілері ең алдымен Қоқан. Онда сарай резиденциясы бар, бірақ хәкімнің өзі жоқ, ал әскерлерге мыңбасы басшылық етеді. Ол хандықтағы бас уәзір әрі бас қолбасшы саналатын ең жоғары лауазымның иесі. Ханның ең басты әскер күші – ғалауатр атанатын таңдамалы ұландар осында шоғырландырылған.

Марғұлан – маңызы жөнінен Қоқаннан кейінгі екінші дуан. Әскери маңызына орай бұл дуан мен оның әскерлері Жармазарлық деп аталады. Жармазар дегені Марғұланнан түстік-батысқа қарай алты шақырым жерде салынған бекіністің аты, негізінен онда әскерлер орналасқан. Хәкімнің Жармазарда кеп түсетін жері бар. Жармазар косынында 12 мыңдай солдат бар деп есептеледі. Оларың 4 мыңы бекіністің өзіне коныстандырылған.

Үшінші дуан Наманған. Оның әскерлерін төрекорған қосыны атайды. Бұл да батысқа қарай сегіз шакырым жерде жатқан бекіністің аты.

Басқа дуандарын атар болсак, олар – Әндіжан, яғни ежелгі Ферғана, Ош немесе Таксұлеймен, Ангрен алқабындағы Шарқия, Құрама, Үратөбе, Ходжент, ақыр аяғында ең бір үлан-ғайыр дауан – Тәшкент.

Көшпелі тайпалардың барлығы қонысы мен өрісіне орай осы дуандарға тіркелген. Олардың жауынгерлері де соның сарбаздары болып саналады. Мың өзбектері мен юздерінің бір бөлігі Қоқанға бағынады. Юздер негізінен Үратөбеге, қыпшактар – Наманған мен Шахриханға, түріктер Марғұлан мен Ошқа, ал қырғыздар Марғұлан, Ош, Әндіжан, Наманған және Тәшкент дуандарының мекемелеріне тиесілі. Жалпы қырғыздар мен қазақтар Қоқанға басы-күлді бодандар және оның билігін мойындаушылар деп бөлген абзал. Алғашқыларының көшпелі өзбектермен құқығы бірдей. Әскерде қызмет етіп, әскери және азаматтық орындарда істей береді. Оларға әдген, ішкілік және найман тайпасының жазда Алтай тауларында, қыста Ферғана алқабында көшіп жүретін қырғыздары жатады. Ал олармен тағдырлас қазақтар, Ұлы жүздің шанышқылы, қатаған және қаңлы рулары көбіне Тәшкент тоңірегінде көшіп-қонып жүреді. Шанышқылылар мен қаңлылар Тәшкент аймағы әскерлерінің негізін құрайды. Ал қатағандар зекет төлеп, қажет болып қалған жағдайда қосымша әскер шығаруға міндетті. Сондай-ақ Қоқанның датқа атағына ие болып Ташкорған бекінісінде тұратын айрықша әскери бегіннің қарауындағы болор қырғыздары да Марғұлан мен Оштың хәкімдеріне зекет төлеп тұрады.

Зекет жинаушылар қырғыз ұлыстарын аралап, сонау Қотанға дейін барып қайтып жүреді. Нарын өзенін бойлап Тиектас алқабында Үш-Турған қаласының түбіне дейін көшіп жүретін қырғыз әулеттері Әндіжан әкіміне бағынышты. Сол сияқты хәкімге әлгі қырғыздардың қонысынан салынған Жұмғал, Тоғызтарау және Құртқа бекіністерінің коменданттары да бағынады. Талас, Шу және Жұмғалды бойлап көшіп жүретін казақтар мен қырғыздар Тәшкенттің хәкімінің қарауында. Олар қадағалап бақылап отыру үшін Әулие-Ата, Шолак-қорған, Мерке, Бішкек және Токмақ бекіністері салынған.

Тәжіктер мен отырықшы түрік тайпаларының басым бөлігі негізінен саудамен шұғылданып, кәсіпкерлік және диқаншылық жасайды. Ал көшпелілер болса негізінен жауынгерлер. Сол себепті де олар хандықтың дербес бір тетігі іспетті.

Қыпшактар кала түрғындарын, сондай-ақ көшпелі өзбектер мен қырғыздарды өзіне қарсы қойып алды. Алайда олардың әлует-күшінен қаймығып өрекпігендер өз ашу-ызысын сыртқа шығара алмады. Ұзамай қыпшактардың арасынан алауыздық шаң берді 1846 жылы Ұратөбені қамаған кезде Өтенбай өз сарбаздары олжаға түсірген болмашы бір ат үшін оны тартып алған мынбасымен ұрысып қалып, Наманған қосының басқаратын Мырзатқа қосылып кетті. Жай қосылып қана қоймай, мынбасының қосына тарпа бас салып, қосын тонап атақ-дәреже белгісі ретінде берілген шен-шекпенін жыртып, оны Қоқанға аттандыры. Сардар қоюын қойса да, Мұсылманқұлдың беймазалығынан мезі болып жүрген хан қуанып кетіп оның орнына мынбасы етіп табан аузында қыпшак Қалыбек молданы тағайындағы. Ал Мұсылманқұлдың тыныш қана оқшау өмір сүремін деген уәдесіне сеніп, өз ауылына барып орналасуына жағдай жасады. Ажалдан құтылған Мұсылманқұл келесі жылы өз руын бастап Мырзатқа тарпа бас салды. Оны байлап алғып, Наманған әскерлерін бастап, тұра Қоқанның өзіне тартты. Қала алынып, Мырзат шаһар дарбазасында дарға асылды. Сөйтіп, Мұсылманқұл мынбасы атағын қайтарып алды.

Әйткенмен, қыпшактардың рулық дәстүрінен аттап кете алмай Мұсылманқұл өзінің қас жауы Өтенбайды жазалай алмады. Бірақ оған деген наразылығы барған сайын үдең өрши береді. Ақыр аяғында, ол өшпенделік 1848 жылы Марғұлан қосының байқауы кезінде істік ұшына шығып, Өтенбаймен ат қүйрығы кесісуге әкеп сокты. Өтенбай сайыс кезінде мұлт кеткені үшін бір сарбазды наизаға шанышып өлтіріп, Мұсылманқұл бұны бетіне басты. Бұны шам көрген құсбегі мынбасының әскер алдынан салтанатпен өткен кезінде аттан түсіп қол қусырудың орнына өз сарбаздары мен жұзбасыларына Мұсылманқұлға сардар ретінде тиесілі құрметті қорсеткізбеді. Қыпшактар үшін тым-ақ тиімсіз болған аражік ажырату осыдан басталады. Өтенбай кінәсін мойындал кешірім өтінуден бас тартып, өзі сиякты мынбасыға наразы Тәшкент пен Ұратөбенің хакімдерімен қарым-қатынас жасай бастады. Қыпшактардың атышулы рубасыларының бәрі, атап айтқанда Қөрүлі, оның баласы кәдімгі Шахриханның Қалмағамбеті Өтенбай тобына қосылды. Алайда мынбасының бүл бүлікті басарлық күш-куаты бар-ақ еді. Сонда да мынбасының ұнатпайтындардың біразы 1852 жылы оның тізгінсіз билігнен айқын бас тартқан Тәшкент хакімі Нұрмәғамбетке қашып барып жатты.

1852 жылдың наурыз, маусым және шілде айларында Тәшкентті қамап, ала алмай, сәтсіздікке ұшырауы

Мұсылманқұлдың оңбай құлауына әкеп сокты. Өтенбай өз әскерлерімен қоршауда отырғандарға келіп қосылды. Өтенбай жағына шыққан хан да тәшкенттіктерді жақтады. Қолдау таппай сорайып жалғыз қалған Мұсылманқұл тағы да өз ауылына қашты. Өтенбай болса мың басы атағына ие боп, әр алуан мемлекеттік қызмет атқарып жүрген белгілі-белгілі қыпшактарды жазаға тартады. Бұл келенсіз оқиға қалған қыпшактардың басын біріктіріп, 1853 жылдың басында ханның өзі бастаған 60 мың әскер Өтенбай тобырына қарсы аттанды. Нарын мен Сыр өзендерінің арасында кескілескен сүмдүк шайқас болды. Өтенбай қыпшактарының өліспей беріспес қарсылығы мен жанаямас батырлығына қарамастан күші артық дүшпанның тегеурініне төтеп бере алмай кирай женілді. Қалғандары көзге түсken жерде өлтірілді. Мұсылманқұл тандаулы 600 қыпшак жауынгерімен бірге айқас алаңында опат болды. Тек Өтенбай мен Нұрмамбет әне Қалмағамбет қана тірі қап, өз атак-дәрежесін сақтап қалды. Бас сауғалап аман қалғандары Бұқарға қашып барып паналады.

Осылайша қыпшактардың ықпалынан құтылып, Құдияр мемлекетті тікелей өзі басқаруға көшті. Барлық облыстар ханның бауырларының меншігіне берілді Мәлібек – Тәшкенттің хакімі, Сопыбек – Әндіжаның, Сұлтанмұратбек – Марғұланың хакімі боп тағайындалды. Қалған қалалар оны жақсы көретін жандарына, негізінен жас жігіттерге берілді. Мынбасы дәрежесіне Тәшкент қожаларынан шыққан Шадыман – Орақ жоғарылатылды.

Құдиярдың билігі алғашқы бетте байыпты болды. Оның өзі діндар момын адам еді. Алайда төңірегіндегі жас күніндеі жолдастарына шексіз сеніп кетті. Ақыр аяғында оның тылсым такуалығын пайдаланып, дінбасылар мен асық достарының ықпалы күшейіп кетті де, мұның өзі карт сарбаздарының наразылығын туғызды. Сондықтан Мәлібек көтеріліс туын бірінші боп көтерді, бірақ Бұқарға қашып баруға тиіс болды. Осынау екі мемлекет арасындағы дүшпандық көзқарас ешқашан тыйліған емес. Өз билігін бүкіл Түркістанға таратуға тырысып Үратөбе мен Ходжентке шабуылын бір тоқтатпаған бұқар әмірі Мәлібекті куанышпен қарсы алды. 1855 жылдың кысында Мәлібек өз ағасының Қоқанға қайтып орал деген өтінішін әлденеше рет қайтарып тастады. Артынан ағасының сарайына келгенде құшак жая қарсы алғанмен, оған ешқандай атак-дәреже беріле қойған жок. Қайта арнайы тапсырмамен оның басқан ізін аңдып бүттартпай, қыр соңынан Түркістаннан Қоқанның батысына қарай көшірілген қарапалдақтардан шыққан Ерназар-пансад деген бір шенеунік қалмай қойды.

Хандық билігінің соңғы сәтінде Құдияр тылсым тақуалық пен қыздырма қызыққа мүлдем беріліп кетті. Жорық кезінде ешкім насыбай атпай, тіпті жалпы намазға да жиналмай койды. Хан өз сарайында салт-дәстүр һәм құқық жайында уағыз айтып, аланда жануарлар сайысын, әсірессе иттердің төбелесін үйымдастырыды. Құтырған буралар мен кошқарлар, төбеттер мен бөденелер анханада ұсталып арнаіы үйретілді. Ол дағарадай кептерхана жасатып, қабаған иттерді өз мемлекетінің әралауан өнірінен тіпті Қоқан мен Жәркенттен де алдырды. Мемлекет істерін сарай шенеуніктегі мен мыңбасылар атқарды. Мыңбасылар 1856 жылдың аяғында Үратөбе түбінде бұқар тұтқынында дарға асылған Манияс пен 1857 жылы құзде кайтыс болған Қасым және Шадыман-Орак болды. Үратөбе түбіне 40 мың әскермен ханның өзі барды. Бұрынғы хакімдердің үрпағы Үратөбе бегі Қоқаннан бөлініп, өзін Бұқар әмірінің вассалымын деп мойындағы.

Қоқандықтар қылтасы тар қын асуға ығыстырылып, дүшпаны төбесінен түсті. 500 юз оларды түпкі жасағын тасталқан қып, мыңбасыны және жеті пансадты, (бес жұз басы) оларға коса он екі арба азық-түлікті қолға түсірді. Мыңбасы осының алдында Қоқанда бұқар елшісін кабылдағанда ханға тіл тигізіп, жауышыны шапалақпен тартып жиберген-ді. Осы жорыктан кейін хан тұқымының ең жас, ең соңғы тұяғы Шамрат-бек Тұрсын-пансад басқарған Ходжентті алды. Мұның өзі барған сайын Мәлібектің наразылығын өршіте түсті. Ал хан болса өзінің қамсыз-мұнсыз данғой тіршілігімен халықтың ашу-ызасын шақырды. Хан тағы да жаңа қылыш шығарып, төсек жаңғыртуды сәнге айналдырыды. Бір молда жеті жүртты бағындырғаннан мың мәрте некелі болған әлдекайда маңызды десе керек. Осынау керемет карекетке құштарлығы ханды азғана уақыт ішінде 80 жас қызға үйлендірді. Соған карамастан дәл осы тұста Тәшкентте Мәлібектің саяси көкжиекке қайта шығуна жағдай жасаған бір оқиға болды.

Мәлібек Тәшкентке қашып барысымен қала хакімі болып Мырза-Ахмет пәруаншы сайланды. Беделі өсуіне сыртқы сымбаты себеп болған жас жігіт бұрын Тобықшы руынан шыққан бір бай садағер түріктің сенімді өкілі бехрем болған еді. Біздің шекараға екі мәрте басып кірген осы пәруаншы. Біріншісі – Сарысу өзеніндегі он жак шепке баса-көктеп кіруі де, екіншісі Бішкек жақтан Ұлы жүзге баруы. Ол өзін хан сарайында жок әсем заттармен әшекейледі. Сырт сымбатын қырын түсірмей сақтау үшін қажет каражат тауып, көшпелі тайпаларға салықты да салды. Әскерлеріне айрықша

көніл бөлген болып сый-сияпatty төгіп, олардың бастыққа деген ілтиpat ықыласын аяқтауға тырысты. Соған карамастан көшпелілердің наразылығы барған сайын қүшейіп өрши түсті.

Аймактың тұрақты әскерінің саны 40 мың еді, төтенше жағдайда және көктем шыға Қашқарды басып алу үшін оны еселей тусу керек болды. Мәлібектің жағына шыққандардың ішінде сол сәт Қашқар ақсақалы лауазымына ие болған Нұрмамбет-датқа бар еді. Қазан айының 30-ы күні бірнеше шайқастан кейін опат болған руластарының кегін қайтаруға айрықша құлшынған қыпшактардың көмегімен Мәлібек Қоқанға ие болды. Ал Құдияр Мырза-Ахмет пен Шадыман-Орактың ертіп, Ходжентке қашты. Одан Бұқарға жылыстап, әмірдің қабылдауында болды. Қазір бұл хан Самарқанд қаласында тұрады.

Мәлібек хан тағына Сейд-Баһадүр Мұхаммед-Мәлихан деген атпен отырды. Хан болғаннан кейін Мәлібек өз саясатын өзгертуі. Тау қырғыздарының арқасында таққа отырған ол қарыздар болып олардың басшысы Әлібекті мыңбасы жасауға уәде берген-ді. Алайда күні осы уақытқа дейін бұл атақты ресми мойындаған жоқ. Ал Әлібек болса бас уәзірдің барлық міндетін атқарып жүр. Алаш қырғыздары, қыпшактар сияқты, барлық билікті басып алғысы келді. Алайда қазіргі кезде олардың қаладағы алғашқы ойраны, зорлық зомбылығы мен талап-тонауы саптыйылды. Әйткенмен олардың ықпалы әлі айқын. Көптеген маңызды қызмет орнында қырғыздар отыр. Зайыры Мәлібек биліктің бұқар жүйесіне еліктейтін сияқты. Ал бұл жүйе Орта Азияда үлгі болып саналады. Сондықтан мыңбасы атагы таратылуы ықтимал.

Мәли-хан өз басқаруының бастапқы кезеңінде іскерлігімен, әділдігімен көзге түсті. Құдиярга берешек карызы өтелді, қазынаға заңсыз түсірілген көптеген бүйімдар иесіне қайтарылды. Содан соң ол салықтың біраз түрін жойды, кейбіреуін жеңілдettі. Мәселен, солардың бірі – некехана салығы. Бұған қыз үшін бір алтын, жесір үшін жарты алтын теңге төленетін еді. Екіншісі – тарыхана салығы. Бұрын өлген кісінің мүлкінің қырықтан бірі қазынаға түсетін. Ушинші – тараздар. Таразыны әдette үкімет үстайтын. Сондықтан бір батпан астық үшін 1 теңгенің төрттен бірі алынатын. Бұның бәрі түп-түқиянымен жойылды. Төртінші салық түрі – харадж, яғни жер салығы жеңілдетілді. Бұрын суармалы жерден алынған 5 пүт астықтан бір пүт салық алынатын. Қазір 10 пүт астықтан бір пүты алынушы еді. Енді ол атымен жойылды. Марғұлан қаласы көрсеткен көмегі үшін хасаки

(мәртебесі жоғары) деген атаққа ие болып, айрықша камкорлыққа бөленді. Мәли-хан басшылыққа көп қамкорлық көрсетіп ез елінің әл-аукатын арттыруға көніл бөлді. Хан тағына отырғаннан кейін іле Марғұланға, одан Тәшкентке барып, содан соң Ходжентке тартты. Қайта оралар жолда Қоқанда бірнеше күн болды. Соңан соң Әндіжанға аттанды. Бұл 1858 жылдың наурыз айы болатын.

Мәли-ханның басқару ісінде кеңінен тараптады бір тәсілі бар. Зайыры, ол Бұкар әмірінен еншіге алған тәрізді. Онысы оте-мете зұлымдыры мен екіжүзділігі. Мұның мысалы ретінде біз оның Қашқар аксақалы Нәсіреддинге тапсырган сенім-хаты мен Марғұланның хакімі Молда-Қалықұлды сол қаланың билеушісі етіп тағайындаған тарихын айттар еді. Мәли-хан олардың жасырып жүрген мүлкін беті булк етпестен ез қолына алып, иеліктерін тәркілеп, өздерін дарға асуға бүйрық берді. Мұндай мысалдар толып жатыр.

Қала хакімі етіп ол Тәшкентте қыпшак Өтенбай құсбегіні тағайыннады. Ал Марғұланға Молда-Қалықұлдан кейін екі хакім – біреуі әскери жағынан Балбек, ал екіншісі азаматтық билік жөнінен Сеид сайданды. Олар кейін Мәделі-ханның тұсында Түркістан қаласының әкімі болып, содан бері Бұкардың тұтқынында жатқан Қанағатша сайланды. Қанағатша мен бауырлары Жорабек және Фадайбек үшеуі Қоқан хандығының ен өзекте адалдары болып саналады. Бұл тәжіктер Қоқандығы атакты құсбегі Ләшкердің кезінде Бұкардағы Әмірдің айрықша іштипатына ілінген. Мәлібек таққа отырғаннан кейін Қанағатша 300 сарбазын алып Қоқанға қашып келді. Есенқұл-датқа құсбегінің ұлы Бұкар әскерінде көрнекті қызмет атқарды.

Әндіжан әмірі болып Сарымсак ханның ұлы Шамұратбек сайланды. Ал Наманғанда – Сопыбек ханның бауыры, Ходжентке бұрынғы әкім қалдырылды. Құдияр хан жеңіліске үшырағаннан кейін бұқарлықтарға берілген Үратөбе қазір қайтадан Қоқанға бағынады. Бұл облысты мұрагер бектердің бірі билеп тұр. Соңғы деректерге қарағанда, Тәшкентте жаңа хакім тағайындалыпты. Сөүір айының аяғында Өтенбай Қоқанға шакыртып алыныпты. Ал оның орнынан Мәтмұса-турік тағайындалып, көмекшісі, яғни закатшысы Жын атанған Мәтшәріpbай болыпты.

Қазіргі кезде Қоқан ханының жағдайы төтенше қын. Бір жағынан мын әулетінің ежелгі дүшпаны Бұкар әмірі Баһадұр, 1856 жылы Шахрисяbz тайпасынан шықкан билеуші дербес басқарып тұр еді. Бұл тайпа ірге тепкелі бері маңғыттармен жауласып келеді. Баһадұр хан таққа отырғаннан бастап көкегестермен соғысып, үайы сәтсіздікке үшырап

қайтып жүрді. Сөйтіп Шахрисябзы бағындырып күшейген Насыролла әмір акыр аяғында Құдиярды, Мәделі-ханың ұлы Мұзатарды, Махмұтсұлтаның баласын уысында үстап, барған сайын қатерлі бола бастайды. Кейінгі кезде Үратөбені өзбектер билеп, еркіндік күкірткыштың асыра пайдаланып, тек накты ханың ғана билігін мойындеймиз дегенді шығарды. Бұл оқиға Мәделі-ханды халықтың айтқанына көніп, айдауына жүріп, оны өзіне қалтқысыз қаратып алу үшін басшылық басында тұрган адамдарды тындауда барынша мүкіят болуға мәжбур етеді. Сондай себеппен көрі тарлан, әkkі сарбаз, бас пайдасы үшін барлығына баруға әзір Өтенбайды Қоқанға алғызады. Соның салдарынан тау қырғыздарының өктем билікке немкүрайдылығы туады. Сырдарияның жоғарғы жағында тұратын олар бұл әмірдің бекем де батыл қарекетіне келіспейді, хан болса, бәрінен де өзінің бар беделі үшін қарыздар әрі қандас осынау табиғат перзенттерінің адалдығына, қоқандықтар саясаты емес екіжүзділік дертінен адалдығына сенуші еді. Қыпшактар Мәлібектің билікке жетуіне қол ұшын беріп, сол үшін ықпалды қызметтердің тізгінін ұстаған-ды. Мәселен, Нұрмамбет құсбегі, Қалмамбет, Мәлибек қөтерілісі кезінде айрықша көзге түскен Қылыш-құршы билік тұтқасында отырды.

Қыпшактар қайтадан Қоқанға ағыла бастады. Тегінде Мәлібек қыпшактардың ықпалы қайта орнығынан қаймығатын болса керек. Сондықтан қанша беттен қақпай еркінсіткенімен, дуан хакімдерінің бірінің орнын бұларға күні бүтінге дейін бергені жоқ. Осындай сындарлы, ұстамды саясаттың арқасында Мәлібек Бұқармен де, Ресеймен де бейбіт қарым-қатынаста болуды қалады. (Ұзынқұлакқа қарағанда, Ресейде елшілік ұстауға әзірлік жасап жатқан сияқты). Қытаймен де достық қатынаста болуды қалады ол. Мәлібек тағайындаған ақсақалмен бірге Қашқарға елші есебінде бақауыл басы атағындағы Мәткерім-би ханың тағына отырғанын хабарлауға аттанды. Онымен бірге Қоқаның Қашқардың елшісі Самолла-қожа, Апақ қожаның мазары жанындағы шейхы бірге аттанды. Елші болып ханға тартутаралғы жіберіп тұратын дін иелері – қашқар бектері тағайындалады.

\* \* \*

Енді Құдияр-хан түсіп, такқа Мәлібектің отыруымен аяқталған оқиғаға оралайық. Қашқар мен Қоқаның арасында бұл хабар көп жүрген жоқ. Әдетте Қоқаннан шабармандар 6-7 күннің ішінде жетеді. Ал бізге ол ресми жолмен түсті.

Қоканды дүр сілкіндірген оқиға Қашқарда Насыреддин-датқа аксақалды ауыстырумен шаң берді. Оның орнына 57-ші жылы әуелі Қоканның аксақалы, сонан соң кожалар тұсында мыңбасы болған Нұрмағанбет тағайындалды. Мәлібектің көтерілісі, Құдияр-ханның құлауы, нақты дерекке қарағанда, Қашқарда осындағы өзгерістер туғызды. Бұны аныктай тұсу үшін азын-аулақ тарихи шегініске барған абыз.

XVI ғасырдың басында Мәуренахрды өзбектер жаулап алғаннан кейін Ферғана алқабы өзбектің кейбір руладының көшіп-конып жүретін өніріне айналды. Қокан атырабында Ашпараның мыңында мың әuletі, Ходжент маңында – юздер, Әндіжанға таяу түріктер мен қыпшактар, Марғұлан мен Наманғанның арасында қыпшактар көшіп-конып жүрді. 1509 жылы өзбектің маңыт тайпасының рубасы Шадымбек Батухан әuletінен шыққан ханды тақтан тайдырып, өзін хан етіп жариялады. Осы шамада мың тайпасынан шыққан Шамаш-би тұқымы көтеріле бастады. Оның әuletінен шыққан Әбдікөрім бидің балалары 1745 жылдары, Ердене-батыр 1758 жылы, соңан соң оның інісі Нарбота өз ықпалын Сырдың жоғарғы өніріне тартты. Нарбота би өз күрметіне құтпа намазын окуға бүйрек берді. Ал оның ұлы Әлім кейін хан атағын қабылдады. 1801 жылы құйылған тенгеде ол бек деп аталған. Ал інісі әрі өзі асыраған Омар-хан (сеид М.Омар-сұлтан) өз есіміне мұсылмандардың билеушісі сеид-сұлтан деген лауазымды тіркеткен. 1842 жылы Омар-ханның баласы Мәделі-ханды Бұқар әмірі Насыролла-хан өлтіріп, Қоканға өз хакімдерін тағайындалды. Әлім-ханның баласы, тау қырғызының қызынан туған Шерәлі жас күнінде-ақ нағашы атасы сары руынан шыққан Әжібай-бидің колына кетіп, жүрттың көзінен тыс, тіпті ұмыт болып тып-тыныш көшпелі тұрмыс кешті. Тау қырғызының қызына үйленген оның Сарымсақ, Мәлібек, Құдияр деген үш ұлы болды. Омар-ханның әuletі Мәделі-ханмен оның інісі сопы Махмұт өлгеннен кейін токтады. Әмірдің колындағы Мәделі-ханның баласы тым жас еді. Ал бұкарлыққа наразы халық толқып, жексүрүп езгіні серпіл тастауға өзірленіп жатты. Шерәлінің үміті ояңды. Қырғыздың ақ қалпағын киіп, жұн шекпенін жамылған Әлішердің қокандықтардың арасына келуі-ақ мұн екен, көтеріліс бүрк ете қалды.

Маңыттар бауыздап тасталды. Өз ықпалын қалпына келтіру үшін Әмір қоканға аттанып еді, қала тубінде тасталқаны шыға жеңіліп, қашып құтылды. Шерәлі хан болды. Бұл хан барынша қайырымды, момын, діні тақуалыққа бейім адам еді. Әдеттегідей молшылыққа күмп етіп, содан шыға

алмай қалды. Мәделінің таңғажайып мол байлығына, қаһарлы әмірдің қатыгездігіне үйреніп қалған қоқандықтар мынау момынды бағалай алмады. 1845 жылы юз көшпендерлерінің көмегімен Мұратбек Қоқанды басып алып, Шерәліні өлтірді. Алайда арада тоғыз ай өткенде Қоқанда бүлік бүрк ете қалып, Мұрат-хан өлтіріліп, қала Сарымсақты оз ханы етіп жариялады. Шерәлі-ханның Сарымсақ, Мәлібек, Құдияр, Сопыбек және Сұлтан-Мұратбек атты бес ұлы болды. Сарымсақтан Сұлтан-Шах Мұратбек атты бір ұл қалды.

Мәлібек қыпшақтардың тұсында Тәшкенттің билеушісі болды Тәшкент алынғаннан кейін қыпшақтармен Бұқарға қашып барып, одан 1855 жылы Құдиярдың бүйрығымен Қоқанға қайтты. Онда ешқандай лауазымға ие болған жок. Әйтеуір басқа бектер сияқты әртүрлі жүртты билеп жүрді.

Тәшкент хакімі Мырза-Ахметтің қатыгездігі мен қыспағынан әбден титықтап, төзімі шегіне жеткен қазактар 1858 жылы оған бағынудан бас тартты. Оның үстіне хакім қазактың бернеше қадірмен биін жазықсыз дарға асқан еді. Бас көтерген қазактар Әулие-Ата мен Шымкенттің тубіне көп шоғырланды. Хан Мәлібекті істің жайын зерттеуге Тәшкентке жіберді. Ол қазактарды жылыұшырай қарсы алып, олардың қандай талап-тілегі барын сұрады. Қазактар бір ғана тілегіміз бар – Тәшкенттің хакімі Мырза-Ахмет емес, басқа біреу болса екен, өйтпеген жағдайда өз талап-тілегімізді қарудың күшімен орыннатуға мәжбүр боламыз деді. Мәлібек қазактардың ең бір қадірмен кісісін талап-тілегін ханға өз аузымен жеткізсін деп Қоқанға жіберді. Хан Мырза-Ахметті шақырып алып, жаңа қызметке көтеретінін айтып, құзетпен Қоқанға жіберді. Онда оны мыңбасы тағайындалды. Бұл шешім Мәлібектің шамына тиіш, ханға наразылығының басы болды.

Кейінгі кездегі ханның Қытайдан тайшадай-тайшадай ірі иттер алдырып, бір аптада 18 әйелге үйленіп, қала сыртындағы Жыр-Мамедте сарай салғызуға қазынаның бар байлығын шашқан ессіз әулекілігіне наразы болып толқыған халықтың көңіл-куйін білетін Мәлібек Қоқаннан астыртын аттанып, жолда інісі Сопыбек әкмі болып отырған Әндіжанға соқты. Құдияр мәселенің мәнін бірден түсінді. Мәлібектің Қоқанға оралуын етініп, оның анасы Жарқынайымды аттандырды. Оның соңынан Қарасуда куып жеткен Хазіретті жіберді. Алайда Мәлібек айтқанынан танбады. Қарасуда ол күллі қырғыздардың ең үлкен рубасы Әлібек датқаны шақырып

алды. Одан Марғұланға келді. Марғұлан және Жарназардың арасында әскер жасақтай бастады. Әскер болар адам көп еді, бірақ каржы мен кару жок. Ол Марғұланның тұрғындарына жар салды. Олар қаржы жинады. Бір саудагер ғана 15 мың алтын тенге берді.

\* \* \*

Қытайлар Жонғария мен Шығыс Түркістанды оп-онай жауаптап ойдағыдай бағындырып алғаннан кейін өз билігін Жонғариямен шектес жатқан көшпелі тайпаларға, қазактар мен қырғыздарға жүргізуге айналды. Сондай-ак бір кезде Жонғар ханына бағынған Тәшкент, Сайрам, Созақ және Түркістан сияқты елдерге де қокандай бастады. Қара қытай қаптаса, ақыр заман болады деген лақап-анызға қатты сенетін діндар мұсылмандарының үрейі ұшып, зәре-құты қалмай, бұрынғы өзара қырқысты доғарып, одак құруға кірісті. Оның басына Қандағардың әкімі дурани әулиетінің негізін салушы Орта Азиядағы ең күшті әмір Ахмет-шахты қойды.

1763 жылы Ахмет 33 сан (әр санда 10 мың адам) күшті әскер жинап, оны артилериямен жасақтап, Қоқан мен Тәшкенттің арасына кеп ошарылды. Қытайлар мен келіссөз жүргізу үшін 40 кісі жіберді. Келіссөз жүріп жатқан кезде Ахмет дін жолындағы “газауат” соғысына шақырып қазак хандары Нұралы мен Әбілмәмбетке елші жіберді. Тұстік шекараға баса-көктеп кірген қытайларға қарсы күресте көмек көрсетулерін етінді.

Қытайлар Әмірсананың ұстап беруін талап етіп, сол жауынгерлік тегүрінмен орыс шекарасына да төніп келіп қалды.

1764 жылы Нұралы Орта Азия мұсылмандарының кару косуға шақырып жатқаны жайында патшайым Екатеринаға хат жазды. Патшайымның Нұралы ханға 1768 жылы наурызыдың 19 күні жіберген сенім-хаты бар сияқты.

Монголдың дурани тайпасының басы Ахмет-шах 1747 жылы Нәдір-шах өлеңде Гератқа таяу жатқан Лалунги уәләятын Персиядан бөліп алып, Ауған корольдігінің негізін қалаپ, өз билігін шығыста Үнді тенізіне дейін таратып, бүкіл Пенжаб пен Кашмирge жүргізді. Оның астанасы Қандағарда болды. Ахмет 1773 жылы қайтыс болып, оның орнын Темір басты. 1822 жылы дурани әuletі құралды. Бұл әuletтің ең соңғы патшасы Айып Лагорға Радж Сингқа қашып барды, ал Ауғанстанды оның уәзірі баракзи тайпасынан шықкан

Мұхаммед Әзім-ханның балалры бөліп алды. Олардың бірі Досмұхаммедке Қабыл қаласы тиді.

Коркыныш күшті еді. Орта жүздің Абылай ханы қытайлар казақ даласына басып кірген 1756 жылдың өзінде-ақ бөгдіханның вассалымын деп мойындағап, кінәздік атақ алып алған. Нұралы Қытайға елші жіберді. Қоқан әмірі Ердене-би 1758 жылы, қытайлардың куәландыруына қарағанда, бөгдіханның қолдануын мойындаған тәрізді.

Цянь-Лун билік еткен тұста өрши тұсken қытайлардың өз иелігін ұлғайтуға тырысқан жауынгерлік рухы мен айбын айбары Абылайдың оған 1756 және 1758 жылы екі мәрте елшілік жібергенінен де байқалады. Алайда 1760 жылы Қытайдан Кіші жүздің қазактары талап алып, тұтқындағап кеткен адамдарды қайтаруды талап етіп жасақ шығады. Кіші жүздің сұltандары да 1763 жылы Бежінге өз елшілерін жіберді. Мәселен, Нұралы Батыр мен Әбілпейізді, ал Орта жүздің Әбілмәмбеті өз ұлын аттандырады. Ақыр аяғында 1762 жылы күзде Әбілмәмбет хан мен Абылайды Цянь-Лунның атынан 130 адам елшілер келіп, бөгдіханның жарлығын жеткізіп, көктем шыға қытай дәстүрі бойынша Қожа Ахметтің мазары мен Самарқандагы Көк тауға тәуеп етіп, құрбандық шалу үшін әскер жібермек ниеті барын жариялады. Бір сан әскердің жолын көтеріп, солдаттарды азықтандыруын, ат, өгіз, қой беруін сұрапты. 1763 жылы Бежіннен Абылайдың немере інісі Дәүлеткерей келді. Ол Жонғарлардан кейін иесіз қалған Іле бойындағы жерлерге қоныстануға рұқсат еткен сенім-хат әкеліп, аманатқа найман руының Кенже батырын жіберу жөніндегі сәлемін жеткізді. Маусым аянында Абылай Орыс-сұltанмен бірге Кенжені жіберіп, оған Нұралы аттандырган Батыр мен Әбілпейіз косылды. Шамасы қытайлардың Самарқандқа шеру жартпақ ниеті бөрінің де зәресін ұшырса керек. Қазактар Бежінге елшілер жіберіп жатқанымен, сол кезде Тәшкентті де билеген Қоқан ханымы Ердене-Батырмен, Ходжент әкімі Фазылбекпен біргіп, сәлем жолдағ Ахмет-шахқа жалынып, көмек көрсетуін өтінеді. Хатты жеткізуді бұрынғы хакімнің екі ұлы Айғожа мен Күнғожа мойнына алды. Айғожа мен Күнғожа Бадақшанға қашып барып, сол арада опат болды. Ал олардың балалары тұтқыннан қашып Ахметке келіп көмеккे 30 лек әскер сұрап алды. Көктемде ауғандар келіп Тәшкент пен Қоқаның арасына кіріп Жәркент пен Қашқарды қожаларға қайта қайтаруды талап етіп Бежінге елшілер жіберді. Бұл арада ауғандықтар қытайларға қарсы мұсылмандарды қайта көтеруге тырысып, қазактарға хат

жазып, олармен барлық сартты Құлжаға сауда жасап қайтуға шакырып. Ходженттің Фазыл би Абылайды ақылдасуға шакырып, оған құрамадан соғыс желеуімен барып қайтуды ойластырып жатқанын хабарлады. Бұла арада қытайлар басып алған өлкесіне әбден табан тіреп, Аягөз өзенінің бойна қала салуды ойластырып жатты. Келекелей қарсы алғынған ауған елшілері қойған талаптарының бірі орындалмай Бежіннен қайтып келді.

1763 жылы қашқарлар оларға салық төлемей, сый-сияпат қана жіберді. 1764 жылдың жазында Ердене Абылайға тағы да хат жазып, ғазауатқа шақырып Қашқар тұрғындарының көмек көрсету жөнінде ант-су ішкенін хабарлады. Ауған шахының сейіктемен соғыстан қолы тимей, әскерлері Қашқардың жолында жатыр еді. Құдықтар мен арықтарды аршып, әскердің азық-түлігінен қор жасап, тамыз айына дейін ештеңе бітірмей бәрін көктемде бастауды ойластырады. Ахмет-шах та 15 мың әскермен Бадақшанды алып, оның әмірі Сұлтан-шахты тұтқындады. Қожаларды өлтіргені үшін бадақшандықтарды мұсылмандардың қарғысы атты. Қожалардың төртеуі шайқаста каза тауып, екеуі қытайдың қолына түсіп, Бежінге аттандырылды. Жетінші кісі Сарымсак Үлкен Бұқарстанға қашты.



## Шона батыр

(XV ғасырдың содыры)

Қазақ даласы өткен ғасырда ғана емес, қазірдің өзінде де Орта Азиядан күгін көріп қашқандардың бассауғалайтын мекені болып келеді. Өткен ғасырда зорлық-зомбылық көріп, өз еліне қоңлілі қалғандар дүниенің төрт бұрышынан түгел келіп, осыдан пана тапты. Олар Татар Сібіренен, Қоқаннан, Жонғариядан және Еділдің тәменгі бойынан келеді. Қарапайым халықтың ортасынан шыққан қоپтеген қашқындармен қатар олардың арасында ақсүйек тұқымынан шыққан азаматтар да аз болған жоқ. Ал бұлардың барлығы да меймандостықпен құшақ жая қарсы алынып, өзінің жоғары мәртебелі жағдайын қөштелі ордада да сақтап қалды. Мәселен, Түркістанның ханзадасы Абылай-хан қырға тап осылай келгендей. Өткен ғасырдың алғашқы жартысында жонғардың бақытсыз екі ханзадасы Дабаши мен Әмірсана саяси тәңкерістің салдарынан туған отанынан қашып шығып, қырда қонақжайлышқен қабыл алынды. Билік жүргізу үшін оларға казактардың тұтас бір тайпасы наймандар сеніп тапсырылды.

Осындай салт атты, сабау қамшылы атақты қашқындардың қатарына Қарасақал жатады. Ол 1740 жылы башқұрт халқын патшаға қарсы көтерген кісі. Қырға келген соң ол өзін сол тұстағы жонғарлар қонтайшысы Қалден-Серенниң бауырымын деп жариялады. Қазақ қырында ол Қаракерей Қабанбай батырдың қанаты астынан басспана тауып, соның комегімен Қарахан деген жаңа есіммен наймандардың бір өuletін қарауына алып, билік құрды. Ал бұл қырға келіп бақытын тапқан тірлігі құпия авантюрист алаяқтардың бірі еді.

Қазақ қырынан ірге теуіп алғаннан кейін ол Ресейге де, Жонғарияға да көтерлі дүшпан болды. Алғашқысы ол қайтадан қол жинап, башқұрт халқын котере ме деп қорыкты. Екіншісі өзін-өзі мұрагер жариялат жүрген Шонаны жонғар тағының өлдіге жорып жүрген үміткерінің бірі ме деп күмінданды. Оның өзі жоқ болғанмен, есімін жонғар халқы жақсы білетінді. Сондыктан қазіргі хан Қалдан-Серенге қарсы бас көтеріп, таққа осыны отырғыза ма деп қауіптенді.

Жонғар қалмактары орыстарға жиі-жиі кісі жіберіп

Шонаның қайда екенін біле ме деп сұрап жатты. 1746 жылы Жонғариядан қашып шықкан Монго Усюомов деген қалмақ орыс бастықтарына қалмактардың Шона батырды өз әміршісі еткісі келетінін айтып берді. Олардың ойынша, Шона батыр орыс әскерлеріне қолбасшы болып жүрген көрінеді. Егер орыс әскерлері Жонғарияға Шонасыз келсе, қалмактар оларға соғыссыз-ак бағынады.

1748 жылы Жонғарияда болған сержант Котовщикотан қалмактың бір Генден деген дүмдісі Қалдан-Сереннің бауыры Шона батыр жайында сұрап сыр тартты. Оның ойынша, қазақ қырына Жонғариядан қашып барған Дабашы және Емакқұлы нојандар соған серік болғалы кеткен тәрізді.

Әлбетте Қарасақал қырға қашып келіп, өзін Шонамын деп жариялаганда Қалдан-Сереннің тып-тыныш тұрмысының шырышы бұзылып, алаңдаудай-ак аландады. Қазақтың беделді бір сұлтаны Барактың аузын алып, өз атын өзі шақырып жүрген жауызды өлтіртпек те болды. Айтқандай-ак, замандастары ол өзін-өзі мұрагермін деп лақап таратып жүрген жай бір жан ба, әлде шын Шона осы ма – оны жыға танып, ештене анықтай алмады. Қыр халқының аныз-әңгімелерінде Қарасақалдың есімі атымен аталағынды. Ел аузында тек жалғыз Шонаның ғана атағы жүрді және бұл аныздар таңғажайып тым тамаша-ак.

Шонаны қырдың Ресейге қарсы кеністігінде барлық жүрт біледі. Ол жайындағы естелік алтай қалмактарының жырдастындарында сақталған. Қазактар Сына батыр алты төбені аударып тастанайтын садақты қиналмай-ак тартушы еді дейді... Еділ қалмактарында да ол қара киіп, Құма сағасының мибатпағында опат болды дейтін аныз бар. Ең көлемді аныз әңгіме алтай қалмактарында сақталып қалған. Біз бұл аныз әңгімені “Томские губернские ведомости” басылымынан алдық.

Осынау анызға қарағанда Шона қалмактың даңқты батыры өрі данагөй шешені. Оның әкесі Қонтайшының жонғар ханы Қалдан атты тағы бір ұлы болған. Шона көніл қосып жүрген Қарақызы атты қенизәққа ағасы ғашық болып, үйленіп алады. Бұған катты қорланған Шона өзінің он екі досын Алтай жотасынан асып серундеп қайтуға шақырады. Ауылынан бір шакырым шығар-шықластан ол өзінің қайғы-қасіретін достарына айтып, кері бұрылып садақ тартады. Жебесі барып ағасының киіз үйіне қадалады. Жебесінен-ак оның иесін Қалдан жазбай танып әкесіне шағынады.

Кешкісін Шона аңнан оралады. Қонтайшы өзіне шақырып

алып, оның жауырынын тіліп, шикі қайыспен аяқ-қолын байлап, жетпіс құлаш терендіктегі зынданға тастайды. Мұның бәрі құпия атқарылды да, халық өз сүйіктісінің қайда кетіп ғайып болғанын білмей қалды. Тек ханға кіріп-шығып жүретін бір кария ғана шындықтың түбіне жетіп, өз үйінен зынданға дейін жер астынан жол салып, тұтқынды жеті жыл бойы асырайды.

Шонаны зынданнан шығарып алғанда үсті-басы мүк пен түктен көрінбейді. Бірақ жарық дүниені көп заманнан бері кормегендіктен күннің нұрына қарай алмайды. Сөйтіп ол етпетінен түсіп, жарты құн жатады. Әкесі оны түйе сүтіне шомылдырып, әсем киіндіруді бүйірады. Сонда Шона: “Әке, өліп қалған мені қозғаудың қаншалық қажеті бар еді?” – деп сұрайды. Әкесі жауап берудің орнына оның қолына бір зерен шарап ұстады. Батыр оны бір демнен қағып салады. Екінші зеренде де сіміріп алып, артынан бір қойдың етін жейді. Сонан кейін ғана әкесі өзінің бүйімтайын айтып, мұнын шағады. “Садақты алғыз, әке” дейді Шона.

Отыз жігіт көтеріп, садақты алып келеді. Ол адырнаны шынашағымен ғана шертіп салғанда жақ талдай иіледі. Сонда тұрып Шона әкесіне: “Ал, айналайын әкетай, алыс жолға аттандырып маған батанды бер, бұдан былай мен сенің ұлың емеспін, сен менің әкем емессің” дейді. Осыны айтып ол атамекенінен аттанады.

Одан әрі оның Қоқаның ханы болғаны айтылады. Содан соң Қоқан тағына өз достарының бірін отырғызып, ол Мәскеуге аттанады. Алексей Михайлович жүзі нарттай жанған жігітта жақсы көріп кетіп, оған сарай сыйлайды. Миссионер Вербицкий жазып алған тағы бір аңыз бойынша, Шона Алексей Михайловичтің сарайына қашып келіп еді, деседі. Қонтайшының екі әйелі болған еді. Оның бірінен ұлы Шона мен Шөжде атты қыз туады. Екіншісі бес ұл табады. Қонтайшы қайтыс болғаннан кейін балаларының арасында келіспестік дау-жанжал туып, інілері Шонаға қарсы қастандық үйымдастырады. Қарынласы сезіп қалып ол жайында Шонаға ескертеді. Ал ол қашып барып Алексей Михайловичтің қолтығының астына паналайды. Шонаға қастандық үйымдастырушылар құпияны ашып қойды деп карындастын елтіріп тастайды.

Тұп-тура осыған үқсас оқиға баяндалатын өткен ғасырдың Шона жөніндегі бір құжаты қазір де қолымызда бар. Орыс үкіметі Қарасақалдың қарекет-қымыланан қауіптеніп, 1745 жылы қазақ қырына башқұрт Төкеннің

айтуына қарағанда, Шонаның басынан кешкендері қазақ арасына өте-мөтө кең тараған көрінеді. Төкеннің әңгімесінің үзын-ығрасы мынадай.

Қарасакал Төкеннің Барак сұлтанға Ресейдің бодандығына кірген үшін грамота тапсырып, қылыш сыйлағанын естиді. Барак өз кезегінде Төкенді келіссөз үшін үйіне шақырады. Төкен сұлтанда төрт күн қонақ болады. Қарасакал, атакты Қаздауысты Қазыбек би, Қабанбай батыр, халық кенесінен кейін Төкенге өкілдік беріп, Орынбор басшыларына Ресейдің бодандығына қабылдауы туралы өтініш айтады. Жонғардың билеушісі Қалдан-Серен шабуыл жасай қалған жағдайда өздерінің орыс үкіметіне қемектесетіні туралы уәде береді. Төкен айтады: “олар тіпті сакадай-сай отыру жөнінде өздерінің төңірегіндегі ұлыстарының бөріне жар салып, құнделік ішкі шаруа үшін мініске құнан-тайға ғана пайдалансын, ал белді аттарды соғыс бола қалған жағдайда деп үдайы әзір ұстасын деп бүйрүқ береді”.

Қарасақалдың қөніл-күйіне келетін болсақ, ол қазақ қырына алғаш келгенде... өзін қайтыс болған жонғар контайшысының Шона деген баласымын деп жариялад, солай қабыл алғандары үшін ракмет айтып, “енді оның ешқандай пәрмен-күші қалмағанын мойындайды”. Оны елінде қалу үшін контайшы нөкер етіп қырық жігіт қызметші бөліп, мың адамнан құзетші береді. Алайды Шона қырық жігіті мен құзетшілердің құтылып кетіп, қарақалпақ пен қазақ даласы арқылы еділ қалмақтарына, ондағы Аюке-ханға тұрмысқа шыққан апасына барады. Сөйтіп, сол арадан орын тебеді. Қонтайшы Шонаның қайда бассауғалап жүргенін біліп қалып, Аюкеге хат жазып, қашқынды қайтарып жіберуін талап етеді. Қалмақтар контайшының тілін табу үшін Шона батырды ұстап алып беріп жібермек болып тұрғанда, мұны біліп қалған апасы бір қалмақты қылқындырып өлтіріп, Аюкені және қасындағы қалмақтарды Шона осы деп сендіреді.

Солай екі ортада Шона алты қалмақпен және Қабақ деген қазақ жігітімен қубандықтарға қашып кетеді. Одан түріктерге өтіп, ислам дінін қабылдап, қайтып қалмақша бір ауыз сөз айтпауға ант береді. Түріктерден ол кездейсок дүргей басты, сиыр сиракты адамдардың арасына тап болып, одан қашып құтылып Ресейге шығады. Санк-Петербургте және Мәскеуде аз уақыт болып, одан Башқұртстанға келеді. Ноғай және Сібір жолдарының бойында он екі жылдай Ерматылы және Қаратабын болыстарында тұрып, 1740 жылы халық көтерілісінің үйымдастыруышы болды.

Башқұртстанда “...ол өзі туралы Башқұрт Аладжай-ғұлға түбі кубандық, аты Сұлтан-Герей екенін, солармен келісіп башқұрттарды көтеріліске бастауга келгенін айтады”. Көтеріліс женіліске үшырап, сәтсіз аяқталғаннан кейін Қазақ ордасына қашып келіп, өзін Қалдан-Сереннің бауыры Шона деп жариялады. Оны кубандықтар, түрктердің, башқұрттардың арасындағы саяхатында серіктесіп қасында жүрген қалмақ пен қазақ Қабак та растайды. Қазактар мен олардың билері бұған сеніп, наймандардан соғысуға жарамды екі мың жігіт береді, катын-қалаш, бала-шағалары және бар.

“Қарасақал елді құдіретімен қар да, жанбыр да жаудыра аламын деп сендіреді. Жауын-шашын болса оны менің әміріммен болды дейді. Әралуан жазуларды жазып, көнілге түскенге байлық та, бақыт та сыйлаймын деп иландырады жүртты. Оның ел арасындағы атақ-данқын естіп, Жонғариядан үш жыл бұрын Бақ-қасқа келеді. Былтыр Шонаның бір анадан туған Барғай атты бауыры және жетті. Барғай бала күнінде қонтайшының әмірімен көзі ойылып, жер аударылып жіберілген еді. Барғай Текеннен қара сақалды Шона деп шын мойындайсың ба деп сұрады”. ... Қарасақалдың түр-түрпательна қараганда, ол Шона тұрсын, жалпы қалмаққа онша ұқсамайды. Қалмақтан көніл-күйі де, жан дүниесі де мұлдем бөлек”. Алайда, жалтарыңқырап, өз бауырын ол жақсы білуге тиіс емес пе, деп жауап береді. Шын мәнінде де Текен де бұл Шона емес, оның сыртқы түр-сипатына қарап башқұрттан басқа біреу деп ойлауға тіпті болмайды деген пікірде. Ол қалмақша бір ауыз сөз сөйлемейді. Тіпті титтей де болсын билетінін байқатпайды. Оның сөз макамы кәдімгі Сібір жолының бойындағы башқұрттың тілі. Жасы қырықтар шамасында.

Алайда өз атын өзі қойып, жалған лақап таратып жүрген басқа адам екенін біле тұра Қалдан-Серен осынау алаяқтан қатты қорқады. Шона тірі екен, қырда жүрген корінеді деген лақап Жонғарияға кеңінен тарап, Бақ-қасқа мен Барғай соған қашып кетеді. Қалмақтардың жоғарыдағыдай орыстардан Шона орыс әскерін бастап қайтып келеді деген сыйбыстың негізінде не жатқанын сұрауы тегін емес. Жонғариядағы ақыл-ойдың бұлайша дүрбелеңге түсүі нәтижесінде Қарасақал Қалдан-Серен үшін қауіпті дүшпанға айналады. Сондықтан да ол Қарасақалдың өлімін тілеп, оған Барақ сұлтанды үтіттейді. Барақ-сұлтан мен Қарасақал алғаш ынтымақ бірлікте өмір сүріп, кейін араздасып кетеді.

Барақ-сұлтан Қалдан-Серенге бұрынғы аманатының

орнына өзі ұлы Шығайды жібереді. Сонда Қалдан-Серен егер ол жалған Шона болып жүрген кісіні ұстап берсе, баласы Шығайды қайтарып жіберуге үәде етеді. Зайыры, Барак осыған келісіп, Қарасақалды ұстап бермек ниетте болған сыңайлы. Қарасақалды ұсташа үшін карындасын пайдаланып, оған тұрмыска шығуға көндіреді. Шынында да, оған өз карындасын бермек болады. Алайда Қарасақал оның ойын сезіп калып, қайтып бару қатерлі екенін біледі де, Барактан қашып қырға, Қазбек-бидің қонысына таяу қаракесек арғындардың арасына барып сінеді. Бұл атакты би Қабанбаймен бірлесіп, Қарасақалды сақтап, құдіреті, атак-данқы жер жарып жүре беруі үшін оны Барак-сұлтанның тарпа бас салуынан ұдайы қорғап жүргуте үәде байласады.

Сөз жоқ, Қарасақал мен Шона екеуі екі түрлі тұлға. Алайда осынау тылсым тұлға – башқұрт өзінің батыл ойлары мен Қалдан-Сереннің үрейін үшірып, шат-шәлекейін шығарады. Еділ қалмақтарының азызы Шонаның опат болған жері деп Құманың сағасын көрсетеді. Бірақ біз архивтен Қарасақалдың қырда тып-тыныш өмір сүріп қайтыс болғаны туралы хаттарын таптық. Кәдімгі қазақ даласынан Қарқаралы округінен қашып шықкан сол. Ақбай Сүйіндіков оны Қарасақалдың інісі башқұрттарды дүрбеленге салып, бүлікке бастаушы кәдімгі Қарасақалдың інісі Барғайдың қоластындағы казактардың Грачев станицасында тұтқынға алғанын, оның осыдан екі ай бұрын (Неплюевке 1749 жылғы, 31-шілдеде жазылған қағазға қараганда) қаза тапқанын айтты. Екеуі екі түрлі тұлға болса, екі хабардың екеуі де ақықат болуы ықтимал.



# *Тұсініктемелер*



## *Абылай*

Қолжазбасы тольқ сакталмаган. Қазақшага ен алғаш Шоқан Уәлихановтың 1985 жылы Алматыда шықкан Бес томдық шығармалар жинағынан алынып аударылып, тұнғыш рет 1991 жылы, “Халық кенесі” газетінде жарияланды. Одан бері Абылай хан жайындағы біраз жинақтарға енді.

1. Орынборда бір казак рубасының өз жерлестерінің қайғылы халін соңынан бір топ үялас тазы күған коянның жағдайына теңегені бар. – Сөз орта жүздің айтулы батыры, жонғарлармен куресте аты шықкан Богембай туралы болып отыр. Ол қазактардың 1831 жылы Ресей бодандығын қабылдаудын белсene жақтаған кіси.

2. Эсіресе, 1723 жыл сүмдүк сипатымен қазақтардың есінде өшпестей болып қалды. – 1723 жылы жонғар шапқыншылығы салдарынан қазақ халқы дұшар болған сұрапыл жұт, ол ел жадында “Ақтабан шұбырында, алакөл сұлама” деген атпен қалды. Алайда жонғарлардың қазақ даласына басып кіруін Қалдан Серен емес, сол кездеге қалмақ хонтайшысы Сыбан Рабданың жиені Шона Дабы бастаған.

3. Ол екі рет тұтқынға тұсті... – Жонғарлардың тұтқыннына Абылай сұлтан 1741 жылы қалмақ хонтайшысы Сыбан Рабданың мұрагері Қалдан Серен таққа отырганнан кейін қазақ даласына екінші мөрте шабуыл жасаған кезде тұсті. Сұлтан өзінің тұтқыннан босағаны үшін белсene карекет еткен И.И.Неплюев бастаған Орынбор шекара әкімшілігіне борышты.

4. Тевкелев М. – Сырты істер алқасының тілмәші, кейіннен Орынбор экспедициясының мүшесі болды. 1731 жылы патша үкіметі оны Ресейге адалдығы жөнінде Абылкайыр ханнан ант алу үшін соуір айында кіші жүзге жіберді.

5. Нұралы сұлтан (1790 жылы қайтыс болған). Әбілқайырдың ұлы, 1749-1785 жылдардағы кіші жүз ханы.

6. Ердене би (Ирдана) – XVIII ғасырдағы Қокан билеушісі 1736-1747 жылдардағы Парсы шахы. Біраz уақыт Бұқар мен Хорезмнің ішкі аудандарын басып алып, кейін Орта Азия хандықтарының бірлескен күшімен соккы жеп женіліс тауып, Персияға қайтып оралды.

7. Ахмет – Ахмад шах Дуррани (1747-1773), Ауғанстандағы дуррани оuletтінің негізін қалаушы.

8. Үйсін болыстары – ұлы жүз казактары мекен қылған болыстар.

9. Ходжент – Орта Азиядағы ежелгі қалалардың бірі. Ферғана жазығынан Самарқандка, Орта Азияның басқа да қалаларында шығатын жолдағы басты “қақласы”.

10. Жизак – Өзбекстанда қазір өзі аттас облыстың орталық қаласы. Санжар өзенінің бойына орналасқан.

11. Әзірет. (Араб – парсыша қазірет). – Шымкент облысына қарасты қазіргі Түркістан қаласы. Әзірет деп аталуы Ҳазіреті Түркістан атапған Қожа Ахмет Ясаудін жерленуінен шыққан. Ал жалпы Түркісан деп Сырдарияның орта ағысы бойында жатқан Шаш пен Сығанак арасындағы кең байтақ алқапты атаған.

Колжазбасы толық сакталмаған. Шамасы 1855-1856 жылдары жазылса керек. Ш.Уәлихановтың 1904 жылы Санк-Петербургта шыккан шығармалар жинағында жарияланды. Замандастарының естелігіне қарағанда, Шокан казактың тарихи аныздарын жинауды сонау Омбыдағы кадет корпусында оқып жүргенде-ак ойластырған секілді. Бұл макала 1985 жылы Бес томдықтан аударылып, алғаш казақша 1995 жылы "Ақиқат" журналында жарияланды.

1. **Абылай хан (1711-1781)** – Орта жұз казактарының ханы. Кіндік Азиядағы жана дәүірдің ең бір беделді де ықпалды мемлекет кайраткерлерінің бірі. Өзінің ақыл-парасаты мен асқан үйімдастыруышылық қабілеттінің арқасында казактар арасында зор ықпал- күшке ие болып жонғарларға карсы құресте айрықша кайрат танытты. Казактың қас дүшпаны – жонғарларды басқалардың колымен күрткіп, мемлекет ретінде жер үстінен жойғызып жіберді. 1740 жылы Ресей бодандығын қабылдады. Абылай жайында жазылған сөндөртер, табылған деректер, оны бар қызмети бір орталықтан бағынатын дербес те төүелсіз казак мемлекетін құруға арналған, алдағыны болжар көреген саясаткер ретінде сипаттайды.

2. **Жонғарлар (ойраттар)** – Батыс монгол тайпалары осы атпен мәлім болды. Қөрші түрік халықтары оларды қалмақ атайды. XVIII ғасырдың алғашкы жартысында бұл тайпалар күшті одак құрып, Жонғар, яғни Ойрат мемлекеті атандып, шығыс монголдарды екінші кезекке ысырып тастанады. Бұл мелекет Батыр, Сыбан Рабдан және Қалдан Серен хандар билеп тұрган кезде өз құдіретінің шырқау биғінде көтерілді.

3. **Бөгенбай** – Орта жұздің қанжығалы руынан шыккан батыр. Ел аузындағы аты – Қанжығалы карт Бөгенбай. Жонғарларға карсы қүреске (XVIII ғасырдың 20-30 жылдары) казактың халық жасағын үйімдастыруышлардың және жетекшілердің бірі. Ел аузында ол жайындағы аңыз-әңгімелер мен жырлар көп. Солардың негізінде туған "Бөгембай" дастаны жүртқа кеңінен таныстал.

4. **Бұқар жырау Қалқаманұлы (1693-1787)** – казактың әйілі суырып салма ақыны, халық арасында кеңінен танынам тақтақ жырлардың авторы. Оның жырларында өз дәүіріндегі тарихи оқигалар айқын көрініс тапқан. Ол қазак халқының жонғарларға карсы азаттық қүресін, онын даңқты қаһармандарды Бөгенбай, Қабанбай, Жәнібек пен Наурызбайды және басқа батырдардың ерлігін жырладап, Абылайдың Ресей мен Қытай арасында үтімді саясат жүргізіп, екі жакқа да ішін алдырмайтын сұнғылалығын колдаган, ханға жақын жүріп оның міні болса бетіне айтып, ұдайы ақыл-кенес беріп отырган.

5. **Жантай** – Орта жұздің қанжығалы руынан шыққан батыр, Бөгенбайдың немере туысы. Ел аузындағы аңыз-жырларда жонғар басқыншыларына карсы құресте ерекше кайрат көрсеткен ержүрек батыр болып суреттелді.

6. **Талқын (талқан, талқы)** – Хоргос маңындағы әскери бекініс, – Құлжадан онша алыс емес.

7. **Құлжандайын сыйтылып....** – үұрысты ақыл-айламен жүргізіп, жау колынан сыйтылып шығып, күтылып кету жолы, батырлық пен өжеттік белгісі. Ертедегі Құлжан батыр осындай өжет, әрі айлакер тапқыр болған ер екен.

8. **Ханбаба (XVII ғ.)** – Әбілхайыр ханның бакталасы Барактың баласы. Тарихи аңыз-жырларда сұжүрек, корқак жауынгер ретінде көрінеді.

9. **Тәтіқара жырау** – Казактың XVIII ғасырдағы аса ірі жыршысы. Атакты жырау. Оның жыр-дастандарынан халық ауыз әдебиеттінің негізгі

дәстүрлөрімен катар, кейін жазба әдебиетке тән болған жана нышандар да айқын сезілді.

10. *Сырымбет* (XVIII ғ.) — Жонгарларга карсы құресте көзге түсken атакты батырлардың бірі, руы бәсентиын.

11. *Баян* (XVIII ғасырдың алғашкы жартысы) — Орта жүздің уақ руынан шықкан батыр. Жонгар басқыншыларына карсы азаттық құресінің қаһарманы. XVIII ғасырдағы тарихи аныздар мен ауыз әдебиетінен оның көзсіз ерліктері мен өлімін сипаттайтын “Баян батыр” дастаны өз алдына бір тәбе. Осы дастанның желісімен бертін кинофильм де түсірілді.

12. *Әбілмәмбет* (1771 жылы қайтыс болған) — Орта жүздің ханы. 1739 жылы жонгарларды женгеннен кейін хан көтерілді.

13. *Қалдан Серен* (Цэрэн) — жонгар хонтайшысы (1671-1745). Қытай мен қазактарға карсы соғыс жүргізген. Орта жұз қазактарын қан каксатып, жерін тып-типыл еткен шапқыншылытарды үйымдастыруши осы. Сонын салдарынан Жетісудағы казак қоныстар біраз уақыт жонгар өскерлерінің табан астында тапталды. Қалдан Серен өлгеннен кейін жонгар феодалдарының өзары қыркысы қүшеші. Мұның өзі хандықтың құрып кетуіне әкеп сокты. 1758 жылы оны мәнжүр өскерлері тас-талқан қылды.

14. *Қазыбек* — Орта жүздің белгілі бі. “Қаз дауысты Қазыбек” атапған аты шулы шешен. XVIII ғасырдың алғашкы кезеңіндегі қазак хандығының басты билерінің бірі. Аныз-әнгімелерге қарағанда ол Тәуке ханның зандар жинағы — “Жеті жарғының” авторларының бір болған. Орта жұз қазактарының арасында Қазбектің абыробай-беделі аса биік екен. Орыс деректерінде қарағанда, ол ордадағы бас казы саналған. Әбілмәмбет пен Абылай да онымен ақылдастрай ешиб өмселе шешпеген. Тарихи аныздар мен халық жыларында ол жонгар басқыншыларына карсы орақ құресті үйымдастыруши ретінде сипатталады. Оның шешендік өнерін паш ететін канатты создері мен толғаулары, тапқырлық түйіндері халық жадында көп сакталған. Бертін олардың біразы түрлі жинактарда жарияланды. Татар ғалымы Маржани өзінің “Мустафад үл-ахбар фа ахвал Қазан ва Үлғар” кітабында (Казан, 1885 жыл) Қазбекті Тәуке хан тұсындағы орта жүздің өкімі деп бейнелейді.

15. *Малайсары* — орта жүздің бәсентин руынан шықкан батыры, қазактардың жонгар шапқыншылығына карсы азаттық жолындағы құресі қаһармандарының бірі. Оның есімімен атапған жер аттары барышылық. Атап айтқанда, Іле өзенінің бойындағы бір жота Малайсары аталауды. Алтынемел асуына таяу осынау өнірде XVIII ғасырда ол бастаған қазақ жауынгерлерінің жонгарлармен тарихи шайқас өткен.

16. *Байқозы* (XVIII ғасыр) — орта жүздің Аркадағы таракты руынан шықкан батыры. Жонгарларға карсы құрес қаһармандарының бірі.

17. *Жәнібек* — Орта жүздің сары жетім— шақшақ руынан шықкан батыры, Абылайханың үзенгілес серігі. Жонгарларға карсы құресте ол халық жасақтарының бірін баскарды. Ауыз әдебиетінде ол әділ казы, алғыр би, от ауызы, орақ тілді шешен болып бейнеленеді. Тапқырлығы, алғырлығы аркасында ру арасындағы дау-дамайды ор кез ойдағыдан шешіп отырған. Оның үстінен ол қазактардың Ресей қанатының астына кіріп, орыспен тату көрші болып бейқұт өмір сүруіне көп күш-жігер жұмсаған көшелі қайраткер.

18. *Оразымбет* (XVII ғасыр) — орта жүздің бағаналы (Ұлытау наимандары) руынан шықкан белгілі батыр. Жонгарларға карсы құресте көзге түсken қаһармандардың бірі.

19. *Қорама* — Ондан сұлтаниның анызға айналған алыстан атып түсіретін мылтығы. XV ғасырда жонгарлармен соғыста опат болған сұлтанды халықтың “Ұзын оқты Ондан” атаяу да осы мылтығына байланысты.

20. *Елшібек* (XVII ғасыр) — ұлы жүздің Шыршық пен Келес жазығын

мекендейтін сіргелі руынан шықкан батыры. Оңтүстік Қазақстанға да онмендеп енген жонғар басқыншылығына қарсы құресте көзге тускен қаһармандарының бірі.

21. *Ноян (нойон)* – монголдың княздік атағы.

### **Қазактар мен қыргыздар**

Кезіндегі “географиялық-санак” сөздігіне кірген мақала. Зайыры, ол создікті үйымдастыруыш П.Семенов-Тань-шанскийдің тапсырмасы бойынша жазылса керек. 1985 жылғы Бес томдықтан алғыншылар, қазақша алғаш аударылып, 1995 жылы “Ақиқат” журналында жарияланды.

### **Қазақтың Ұлы жүзі**

Бұған Шоқанның әр жылдары жазылған екі мақаласы мен жинаған мақал-мәттелдері кіреді. Олардың біріншісі “Ұлы жұз қазактарын билсеуі жайында” да (1856 ж.), екіншісі “Ұлы жұздің аныз-әңгімелері мен ертегілері” (1855 ж.). Қазақ тіліне тұнғыш рет аударылып (1995 ж.) “Ақиқат” журналында жарияланды.

1. *Үйсіндер* – қазіргі Қазақстан аймағындағы ежелгі тайпалардың бірі. Олар жайындағы алғашқы дерек б.д.д. екінші ғасырға жатады. Ол тұста олар Жетісууды мекендейген. Б.д.д. бірінші ғасырдың жазба деректеріне, қараганда үйсіндердің ұзын саны алты мыңнан астам. Бұл мекмекеттік билік ныщаңдары, таптық қатынастары, дербес сыртқы саясаты бар қуатты бірлестік болған. Қауымдастырының кейбір оқайлары төрт-бес мыңнан жылдық айдаған. Олар мал шарашылығына қоса қолонермен, егіншілікпен де шұғылданған. Ішкі саяси қақтығыстар салдарынан осы дәүірдің бессінші ғасырдың орта шеніне таман олар саяси тәуелсіздігінен айрылып қалған. Үйсіндердің тілі туралы мәселеде даулы тұстар бар. Біреулар оларды түркі тілдес десе, екінші бір зерттеушілер парсы тілдес деп топшылайды. Қалай болғанымен де ежелгі үйсіндердің қазақ халқының құрамына кірген қазіргі үйсіндердің тұп атасы деуге толық негіз бар. Шежіре анызшдары да осы пікірді дөлелдей түседі.

2. *Майқы* – ұлы жұз билерінің аты азызға айналған тұп атасы. “Түгел сөздің тубі бір, тұп атасы Майқы би” деген мақал да қанатты сөздің негізін қалаушы сол кісі деген пікірге мензейді. Майқы – он үшінші ғасырда әмір сүрген. Шыңғыс ханның замандасы, Рашидаддиннің жауына қараганда үйсін тайпасынан шыққан Майқы Жошы ұлысында мыңбасы болып, әскердің он қанатын баскарған.

3. *Шыңғыс хан* (“Ұлы хан”) – Әу бастағы аты – Темірші (1155-1227) – Монцол ханы, орасан зор мангол империясының негізін салушы. 1203 жылы бүкіл манғолияны билеп төстеді. 1215 Қытайға басып кіріп, 1218-1220 жылдары Түркістанды жауап алды. 1225 жылы Монголияға қайтып оралы. Қытайға жасаған жорығы кезінде каза тапты.

4. *Шеген* – Қазақстан аумағын мекендейген ежелгі тайпа. Бұл жерде олар араб басқыншылығына дейін тұрган. Қазақ халқына құрамын ол шегендік тайпасы болып кірді. Қонысы Атбасар даласындағы Есіл өзенінің бойын.

5. *Мұхаммед* (570-632) – Ислам дінінің негізін салушы. Мұсылмандардың ойынша Алланың ешісі, пайғамбар.

6. *Өксе* (арабша Укаша деген есімнің бүрмаланған түрі) – қазактар Укаша мен Әнес сақабадан шыкты дейтін тарихи жансақ аныз бар.

7. *Әббөкір* (Абу Бакр) – Мұхаммед қайтыс болғаннан кейін сайланған алғашқы араб халифаты (632-634).

8. *Омар* – екінші араб халифы (634-644).
9. *Осман* – үшінші араб халифы (644-656).
10. *Әли* – төртінші араб халифы (656-661).
11. *Қойалдыр* – қазактардың ұлы жүзіне немесе үйсіндер одағына кіретін катаган және шанышқылы тайпаларының түп атасы.

12. *Мекрен* – кезінде үйсін одағына кірген оз түп атысының есімімен атаплатын ежелгі тайпа. Олардың тұрақ жайы үйғырлар мекендеген білік тауып онірде болған. Үйсіндерге туыс бір тайпа шығыс Тянь-Шань таулашында Сарыжазда тұрган.

13. *Катағандар* – қазіргі Оңтүстік Казақстан мен Орта Азияны мекендеген ежелгі тайпа. XVII ғасырдың басында катагандар Ташкент билеушісі Тұрын ханның негізгі күшін қураған. XVII ғасырдың ортасында олардың бір бөлігі Өзбек халқының қурамына кіріп, бір бөлігі казактың шанышқылы руына косылып кетті.

14. *Қанлылар* – б.д.д. III ғасырда-ак белгілі болған ежелгі тайпалардың бірі. Оның тарихы ерте дүние және орта ғасыр жазба деректерінде жақсы көрсетілген. Сол дерек көздеріне қарағанда, қанлылар Талас өзенінен Сырдарияның төмөнгі ағысынан Қаратай баурайына дейінгі байтақ аумакты алып жаткан. XIII-XIV ғасырларда олардың бір бөлігі Ұлытау, тіпті Торғай даласына дейін қанатын жайып, қыска карай Сыр бойына оралып отырган. Ерте кездегі қанлылар кейінрек казактың ұлы жүзін қураған тайпалардың қауымдастығына кірген. Алтын орда мен Шағатай ұлысы ызырағаннан кейін қанлылар казак одағының негізгі бір бөлігін құрады. Қазак халқының тарихында қанлылар мен үйсіндер казак жуздерінің ен бір ага тайпалары санаалып ежелгі әдет-ғұрыптың орнықтырушыс танылып, ел азындағы аныздарда үдайы құрметті орындарда жүреді.

15. *Албан* – казактың үйсін тайпасының негізгі тармағы.

16. *Дулаттар* – батыс түркі тайпаларының “дулу” тобымен қандағы ежелгі тайпалардың бірі. Жетісуда VII-VIII ғасырда-ак олардың өз бірлестігі болып, кейін Қарлук және Қараханзадалар қағанатына кірген. Жетісу мен шығыс Түркістанда Шағатай мемлекеті құрылғанна кейін XIV ғасырдың орта шенінде жергілікті жалпы негізде Моголстан мемлекеттік-саяси бірлестігі жеке құрылды. Моголстан мемлекетінде Дулат (Дұглат) тайпасының қосемдері жетекші рөл аткарды. Ол кезде дулаттар Шу, Іле, Талас өзендерінің алқабын, Ыстық қолдін түстік жағын және Оңтүстік Казақстанды мекендеуші еді.

17. *Суандар* – үйсін тайпасының бір тармағы.

18. *Суманак* (дұрысы Сырманақ) – казактың халық азызына қарағанда ертеде ағайындағас екі тайпа болыпты. Біреуи сырманактар – Сыр бойында, ал шуманактар – Талас пен Шу алқабында тұрыпты. Тайпалық негізгі атау “манак” деген сөз “Худуд әлем” кітабында кездеседі.

19. *Абак* – керей тайпасының түлкі атасы. Абак-керей казактары Қара Ертістің бойында соған қапталдаған Терістік-батыс Қытай мен Монголияда тұрады.

### **Қазақтардың қонысы ҳақында**

Еңбек 1864 жылы наурыздың жиырма алтысында Омбыда Батыс Сібір генерал-губернаторына Шоканның нағашысы Мұса Шормановтың атынан жолданған хат ретінде жазылған. Ал Баянауыл дуаны туралы макалағалымның ертедегі тұындыларының бірі. Бірақ оның кемел ойы сол кездеде-ак айқын байкалған. Такырыбы бір болған сон олар қазақша косып аударылып, 1995 жылы “Ақықат” журналында шыкты.

- Баянауыл дуаны** – әкімшілік тұрғыдан Сібір казактарының шекара басқармасына (кейін облыстық басқармaga) бағынысты ішкі округтердің бір. 1831 жылы үйымдастырылды.
- Сібір казактары** – бұрынғы Ақмола мен Семей облыстарын, Том губерниясының бір бөлігін мекендеген орта жұз казактары.
- Муғаджар таулары** – Актөбе облысындағы аласа тау. Орал жоталарының сілемі болып табылатын ол терістікке түстікке карай 400 шакырымдай жарыса созылған екі тау тізбегінен тұрады. Ыргыз өзенінің жоғарғы ағысынан басталып, Үстіртке үласады ол.
- Борсық** – Арал теңізінің терістігіндегі бүйрарат-бүйрарат күм.
- Каракүм** – Сырдарияның төменгі жағы мен Торғай даласының арасында жаткан байтак шөлейт күм.
- Көкшетау дуаны** – Сібір казактары жайындағы жарғы қабылданысымен 1824 жылы құрылған алғашқы дуан.
- Ақмола дуаны** – 1933 жылы құрылған ішкі округтердің біріншісі. Солтүстік Казакстанды Оңтүстік облыстарымен байланыстырып тұрған манызды сауда әрі әкімшілік ауданы.
- Атбасар дуаны** – Торғай даласы мен Сібір казактары облысының арасынан 1841 жылы құрылған ішкі округтердің бірі.
- Карқаралы дуаны** – Орталық Казакстан мен Жетісіу өлкесін жалғастыратын үлкен жолдың бойында 1824 жылы үйымдастырылған ішкі округтердің бірі, әрі аса манызды әкімшілік сауда ауданы.
- Кент пен Қазылық** – Қарқалы тау жүйесін жататын жоталар. Қарқаралы кенті мен шығыска түстік шығыска карай жатыр.
- Баянауыл (тарихи дүрыс атапу Баян-аула)** – бақытты бай тау леген сөз. Баянауылдың жанындағы тау. Осы жерге жататын Жаман – аула деген де тау бар.
- Ереймен (Ереймен тау)** – Орталық Казакстандағы тау аты.
- Төртуғыл болыстары** – Баянауыл дуанына қарасты болыстар.
- Канжығалы казактары** – Арғын тайпасының бір тармагы, дені Ереймен тауда, Ертістін сол жағалауында тұрады.
- Козған казактары** – Бұл да Арғын тайпасының бір тармагы, дені Есіл бойында Атбасар даласында тұрады. Ақмола, Баянауыл аудандарында ла шашырай орналасқан козғандар бар.
- Баянауыл дуанының момын болыстары** – жеті момын үрпактары леген сөз. Арғын тайпасы, кәзіргі казак шежіресі бойынша бес мейрам, жеті момыннан тұрады. Бес мейрамы: куандық, сүйіндік, бегендік (козған), шегендік (қақсал), Болат қожа (кар-кесек); Жеті момыны: атығай, қарауыл, канжығалы, бәсентиын, тобықты, саржетім, шакшак.
- Жоши** – *Токай-Темір*. Тоқай-Темір Жошиның баласы, Шыңғысханның немересі. Қазақстанның терістік шығыс облыстарындағы казак төрелері Ақ орданын алғашқы кожасы Жошиның үлкен ұлы Орда-Еженнең тарадық дейді өздерін.
- Шон (1742-1828)** – мұрагер би, қырда аты әйгілі Едіге бидің баласы, Баянауыл дуанының алғашқы аға сұлтаны.
- Султан Қайып**. – Батыр сұлтанның баласы 1747-1757 жылдардағы Хиуа ханы кіші жүзегі билік үшін Әблқайыр балаларымен өмір бойы айтысып, таласып өткен.
- Сомеке** – Тәуке ханның баласы, орта жүздің ханы.

### **Қазақ поэзиясының түрлері туралы**

Колжазбасы, яғни тұпнұссасы 1857 жылы табылған, онда такырыбы жок. Шоканның 1904 жылы Санкт-Петербургте шыққан шығармалар

жинағынан бастап барлық кітаптарында жарияланып келеді. Қазақша аудармасы 1985 жылғы Таңдамалысына енген. Жаңа басылым үшін қайтадан аударылды.

1. *Орак батыр* – Аргынның Қарауыл руынан шығыккан батыр. Ресейге қарсы жорыққа аттанып колға түсіп орыс тұтынында он жылдан астам болып Қырға қайтадан оралған.

2. *Нұримбай* – Қазақстанның солтустік облыстарына аты әйгілі ақын-жырши. Ол откен ғасырдың өмір сүрген.

3. *Ахмет Жантөрин* – Торғай және Актөбе қазактарының өткен ғасырдағы өмір сүрген билеуші сұлтана.

4. *Жанак* – XIX ғасырдың алғашкы жартысында өмір сүрген атақты суырып-салма ақын, жырши-жырау. Ежелгі эпикалық жырларды жадында сактап, кейінгі үрпаққа жеткізуші, кобызшы-сазгер. Ол Қарқаралы дуанындағы қаркесек руынан шықкан Шоқан онымен әлденеше рет кездесіп Жанактың айтуынан әйгілі Қозы Қөрпеш-Баян сұлу дастанын жазып алған.

5. *Айғаным (1785-1856)* – Уәлиханның жесірі, Шоқан Уәлихановтың әжесі.

6. *Ажар* – зағип ақын әйел. Кезінде өз заманының талай атақты ақындарымен айтыска түсken.

7. *Орынбай* – белгілі суырып-салма ақын, Қекшетау қазактарының қарауыл руынан, оның Жаулыбай тармағының көлдегі бұтағынан шықкан. Үзак уақыт Сібір қазактарының аға сұltаны, кейінрек кенесшісі болған Тұрлыбек Қошеноғының касында жүріп сарай ақын ролін атқарды. Шығыс ауылында жиын болып, Шоқан Петербургтен оралғанда оған арнап ұзақ жыр толғаган. Алайда Шоқан оның өлеңдерінің тілі діни сөздермен шубарланып кеткенін айтЫп, шығармаларына сын көзімен қарап, ақыл-кенес беріп отырган.

8. *Шәже (1807-1895)* – атақты суырып-салма ақын, көптеген дастандар мен айтыс-жырлардың авторы. Қекшетау қазактарының атығай ішіндегі жаңа қырғыз тармағынан шықкан. Шәже жырларынан халықтың ой арманы мен нала мұны естіліп тұрады, сондыктan Шоқан оның дарының айрықша жоғары бағалаған. Халық дастаны “Қозы Қөрпеш-Баян сұлудың” ең таңдаулы нұсқасын 1864 жылы Шоқан Уәлихановтың Омбыдағы пәтерінде сонын аузынан жазып алғынған.

9. *Сейітбаттал (Баттал Гази)* – Түрік эпосының қаһарманы, эпос мұсылман емес халықтарға қарсы соғысты мазактап, діни фанатизмді дәріптейді.

10. Эрдманн Франц “Федор Иванович” (1793-1863) – шығыстанушы. 1818 жылдан Қазан университетінің араб және парсы тілдері жөніндегі кафедрасында профессор болған. 1824 жылдан бастап Орта Азия халықтарының тарихын зерттеуге кірісті. Оның қаламынан тарих, филология, нумизматика және шығыс халықтарының тілдері мәселеісі жайында орыс, неміс, француз және латын тілдерінде қыруар еңбектер туды.

11. *Ахун* – сібір қазактары жайындағы жарғы бойынша патша үкіметі зандастырып қойған жарғылы молданың дөрежесі. Бұл мәтінді халық жыршыларына елдің өзі берген ақын деген атақпен шатастыруға болмайды.

### ***Жоктау жырдың үлгісі***

Шоқан қағаздарының арасында араб әріптерімен қазак және қырғыз тілдерінде жазылғандары да аз емес. Бұлар ғалымның саяхат кезінде ел аузынан жазып алған қазақ-қырғыз аныздары, мақал-мөттөлдері мен жырлары. Ал мына мәтін “Жоктау жырдың үлгісі” үшін аудармасы қазақ тілінде жазылған алғашкы нұсқасы. Такырыбы толық сакталмаған.

Қағаздың бір шеті жыртылып қалған. Жыр авторы – белгілі қазак жыршысы Бұқар жырау, оны ол Абылайханның өлімінен орай шығарған.

Жырдың бір қолжазба нұсқасы Санкт-Петербургте И.Н.Березеннің архивінде сактаулы түр. Бұл нұсқаны 1880 жылы Г.Н.Потанин үшін Имантай Сәтбаев Бұқар жыраудың үрпағы Баянауылдық жырши Қүрекеннің аузынан жазып алған. Бұқар жырына қазак тілінде жазылған, Бұқар жырау өлеңдерін жазып алу жонінде шағын бағдарлама берілген, авторы беймәлім хат қоса тіркеліті. Жан-жақты екші келгенде, Имантай Сәтбаевка бағытталған бұл хатты Г.Н. Потаниннің өзі айрықша айтып отырып жаздырган тәрізді. Оның мазмұны мынандай.

“Сәлем, Иманай мырза! Қүрекеден (акынның немересі) Бұқар жыраудың Абылай туралы хикаяларын, олардың жеке бір оқиғаларын жазып алуынызды отінемін. Атап айтқанда, оның ауылда Абылайды сынауын атын мадактауын, ханның баласы Әділді Жарылғапқа ертіп Қытайға жіберуін, жіберілген ешшілердің Қытай императорымен не жайында әнгімелескенін жазып алу керек. Қалмактармен соғыс хикаялары, олармен қанша рет шайқасканы, қалмак хандарының аты-жөндөрі камтылсын.

Осы әнгімелерді (Бұқар жырау өлеңдері) жазып алу үшін зайыбымен Шоканның досы Г.Н.Потанин келді”.

Имантайдың қолжазбасына Г.Н.Потанин Монголияға саяхатка барып, зайыбымен Баянауылға оралған 1880 жыл койылған. Григорий Николаевич былай деп жазады: “1880 жылы сапардан қайтып келе жатып Семей облысының Баянауыл дуанына соғып, бір айта Мұса Шорманұлының ауылында болды. Шорманов мырза марқұм Шокан Ұәлиханов үшін өзірлеген қағаздарды міндетті түрде пайдалануымды тапсырады”.

Шокан жырдың соңына жазып алған уақытын, 1855 жыл деп койыпты. Бұл оның қазақ халық позицияның үлгілерін жинауға. Құлышына ден койған кезі еді. Ал Имантай нұсқасы одан ширек ғасыр откен сон жазып алынған. Бір ғажабы – екеуінің арасында ешбір айырмашылық жок деуге болғандай.

### *Абылай туралы жыр*

Араб әріпімен аралас қазақ-қырғыз тілінде жазып алынған қолжазбаның алғашқы нұсқасының аяғына уақыты 1855 жыл деп койылышты. Оны қазіргі қаріпке таяудаған түсіріп, сәл-пәл тігісін жатқыздық.

1. *Абылай (1711-1781)* – қазақ султаны 1771 жылдан бастап орта жүзлін реңеси ханы өз кол астына ол орта жүз қазактарын біріктіріп алғып билігін ұлы жүзге, тіпті Қырғызстанның теріскей бөлігіне де жүргізіледі. Орталықтандырылған дербес мемлекет құру максатымен ол Ресей мен Қытай арасында екеуіне де алдырымайтын әккі саясат жүргізді. Сол үшін жеке аймактарды өз балаларына басқартты. Мәселен, Сүйік Абылайханов ұлы жүз қазактарын, Әділ – Оңтүстік Қазақстанды, Қасым – Орталық Қазақстанды биледі. Алайда Абылай ойлаганын орындалп, орталықтандырылған мемлекет құра алған жок. Бірақ оның тұсында Орт жүздін саяси экономикалық жағдайы нығайып, әл-аукаты артты. Ресеймен мөлени сауда байланыстары үлгайды.

2. *Ейсенқұл мен Ерсадыр* – Абылайдың Қырғызстан жеріне басып кіруіне қасарысып карсы тұрған сарбағыш руының басшылары.

3. *Уақ (уақ-керей)* – орта жүздін ру-тайпалары одағы. Он етінші гасырдағы жонғарларға карсы құресте олар елеулі рөл атқарды.

4. *Тұрсынбай (XVIII ғ.)* – орта жүздің әйгілі батыры, тұбі керей, Қазақтардың жонғарларға карсы құресінде айрықша көзге тұсken, тарихи аңыз жырларда оны балта-керей Тұрсынбай дейлі.

5. *Атеке-жырық* (XVIII ғ.) – қырғыздардың сарбағыш руынан шықкан атышулы батыры. Абылай мен Орта Азия хандарының жорыктарына карсы қаһармандық күресімен аты шықкан адам.

### **Орак батыр**

Жырдың қазакша мәтіні, құллі түзетулер мен толыктырулары Шоканның араб әрпімен жазылған өз қолтанбасы. Орысша аудармасының екі нұскасы бар. Жазып алғынан уақыты 1854-1855 жылдар. Қазіргі әрпімізге бертін түсіріліп, осы жинаққа кіріп отыр.

1. *Орак* – Уәлихановтың болжамы бойынша орта жүздің қарауыл руынан шықкан батыр.

2. *Каракула* – батыр мінгтен тұлпардың аты.

3. *Әзірейіл* – жаналғыш періште.

4. *Қарабатыр бүйдейді* – қазакша түпнұскада “Қарабатыр толғауы” дедінген.

5. *Шүлдірлеген шұршіттер* – әдетте шұршіт деп қазактар мәңжүрлерді айтады.

### **Тұстік-Сібір тайпаларының тарихы**

Атальмыш енбекін Ш.Уәлиханов Орта Азия, Қазакстан және тұстік Сібір халықтарының тарихы мен этнографиясын зерттеп жүрген кезде 1856 жылы жазған. Бес томдықтан алынып, бірінші рет қазакшаға аударылған бұл енбек 1996 жылы алғаш “Ақиқат” журналында жарияланды.

1. *Кастрен Матвей Александрович* (1813-1852) – фин тіл зерттеушісі, орын этнограф. Ресей ғылым академиясының тапсырмасы бойынша еуропалық Ресей мен Сібірдің солтүстігі халықтарының беймәлім дерлік тілдерін зерттеу мақсатында талай экспедицияға катысқан. Ол фин, зырян (коми). Мари тілдерінің грамматикасын жасап, эстон мен лопар тілдері жөнінде біркетар енбек жазды. Кастрен сондай-ақ естек, тұнғыс, бурят, қаракас тілдерінің грамматикаларын жасап, сөздіктерін құрастырды. Ол Орал-Алтай тілдерін салыстырмалы оқып үйренудің негізін салушы да.

2. *Османдар* – кіші азиялық құллі тіл тайпаларының ортақ атауы. Осман империясының негізін салушы, сұltан-осман I-шінің мұрагерлері басып алып бағындырған барлық тайпалар осылай аталады.

3. *Шукин Н.* – Орыс жазушысы, публицист. Сібірге арналған біркетар хикаялар мен әңгімелердің, ғылыми макалалардың авторы. XIX ғасырдың 60-шы жылдары ол Г.Н.Потанин мен Н.М.Ядринцев бастаған “Сібір сеператистері” тобына косылғып, топтын басқа да мүшелерімен бірге 1865 жылы тұтқынга алынды. Әуелі Омбы абақтысына камалып, сонынан Архангел губерниясына жер аударылады, сонда жүріп қайтыс болады. Шокан бұл макаласында онын “Якуттердің шығу тегі және өзін сака аттайтын кочиндер тайпасынан өз алдына атау алып шығу туралы” еңбегін назарда устаған секілді.

4. *Қарақас татарлары* (*Қарақастар*) – Осынау атпен әдебисте откен ғасырда түркі тілдес шағын этникалық топ – топалар корінген. Олар шығыс Саянының терістік бөктерінде, Енесайға он қапталынан келіп құятын Үде, Қан, Беруза, Гутар өзендерінің жоғарғы ағысында көшіп-конып жүрген.

5. *Огородников Евлампий Кириллович* (1816-1889) – орыс этнографы,

XIX ғасырдың 60-70 жылдарындағы Ресейге қатысты бағалы сатистикалық әрі этнографиялық мағлұмattары мол бірпара еңбектің авторы. Ол “Ресей империясының халық орналасқан жерлерінің тізімі” атты көп томдық еңбек авторларының бірі, Е.К.Огородниковтың бірқатар еңбегі сібір халықтарының тілі мен этнографиясына арналған. Ш.Уәлихановоның “Якту тілі туралы ескертпелері” деген макаласына сілтеме жасайды.

6. Чихачев Петр Александрович (1808-1890) – орыс географы, әрі геолог. Ол Аппенин түбегінің географиялық картасын жасап, Кіші Азияға бірінші экспедиция жасақтап, соларға қатысты, Терістік батыс Қытайдың геологиялық және географиялық сипаттамасын берді. Сібір мен Қазақстанды, әсіресе Алтайды зерттеудегі еңбегі де зор. Ертістің жоғарғы бойын зерттеп, Қалба тауының сипаттамасын жасады ол. Алтай мен жоғарғы Ертістің әсем жерінің сипаттына, тарихи ескерткіштеріне көп назар аударды. Ол Алтай өңіріндегі Абылайкент тибет-монгол будда храмының суреттерін салып, сібір қыргыздарының өмірін бейнелеп, олардың түп тегі туралы мәселе көтергенді.

7. Шотт Вильгельм (1802-1880) – неміс шығыстанушысы Солтүстік Еуропа мен Шығыс Азияның фин мен самоедтен бастап, қытай мен жапон тілдеріне дейін зерделеп, зерттеуші аса көрнекті ғалым. Ол М.А.Кастренмен бірге Алтай тіл білімінің салыстырмалы тілінің негізін салушы болып табылады.

8. Құндір татарлары – Еділдің тәмемлі ағысында Сағата дейінгі өнірді мекендеғен астрахан ногайлары.

9. Георги Иоганн Готлиб (1729-1802) – Еуропалық белгілі этнограф, натуралист әрі саяхатшы, 1783 жылдан Петербург Фылым академиясының толық мүшесі, академиялық экспедицияның Орынбор жасағының құрамында Ресейдің терістік шығысын, Еділ бойын, Орал өнірін, Солтүстік Қазақстанды, Алтай мен Байкалды, Байкал сыртын аралады. Ол Ресей халықтары туралы тұнғыш тарихи этнографиялық талдау еңбектің авторы. Онда және казактарға елеулі орын берген.

10. Торғауыттар – батыс монголлардың, яғни ойраттар мен қалмақтардың құрамына кірген монгол тілдес ірі тайпалардың бірі. Бұрын олар Монголияның терістік батысын және Жонғарияны мекендең келген. Қазір олар Монгол Халық Республикасының батыс аудандарында тұрады. Бір болігі Еділдің тәмемлі ағысында Қалмак Республикасын құрап отыр.

11. Еділ патша (Атила) – хундардың көсемі. Оның тұсында батыс хун тайпалық одағы өз құдірет қүшінің шырқау білігіне шықты. Шығыс Рим империясының жерін талай ойранды жорық жасап, Иранды да талқандап, батыска да шеру тартып, Терістік Галияның бірқатар қалаларын тас талқан етті. Еділ патшаның нөпір қолы Каталун жазығында жапыра женгеннен кейін ес жиган Рим, франк, фестгод және бургунд құштері бас құрап, карсы күрестеке өзірленеді. Содан ықынып Галияны тастан шығуға тұра келеді. 453 жылы Еділ өлгеннен кейін оның оскери одағы да ыдырады.

13. Геродот (б.д. 484-425 жылдары шамасында өмір сүрген) – “тарих атасы” деп аталған ежелгі грек тарихшысы. Геродоттың “Тарих” атты еңбегінің құндылығы – оның гректер мен парсылардың тарихына қоса гректер араласқан өзге де көптеген хыlyқтардың сипаттамасын көнінен беруінде жатыр. Ол түстік орыс далалырымен қатар Орта Азия, Қазақстан халықтары туралы да маңызды мағлұмат береді. Геродоттың еңбегі көптеген халықтардың ежелгі тарихын зерттеу үшін күні осы үақытқа дейін таптырмас құнды қайнар көз болып келеді.

14. Гомер – атты анызға айналған ежелгі грек ақыны. Б.д. VIII ғасырларда өмір сүрген сияқты. “Илиада” мен “Одессея” сияқты этикалық

ұлы дастандарды сол шығарған деседі. “Соқыр Омар” деген атпен ол бұрынғы казактарға да белгілі болғанға үкссайды.

15. *Мәулеми* – түрік дәрүйштерінің қауымы. Қауымның аты “Мәулан”, “Біздің мырза” деген сөзден шыққан. Осы қауымның негізін қалаушылардың бірі Жәлелиддин әр-Румиді жұрт осылай атаған. Қауымның негізі XIII ғасырда қаланып, 1925 жылы занмен Түркияда діни секталар таратылғанға дейін өмір сүрген.

### **Орта Азия хандықтары**

1861 жылы “Северная пчела” газетінде “Орта Азия хандықтары: Хиуа, Бұқар мен Қокан және олардың Ресейге көзқарасы” деген атпен авторы көрсетілмей жарияланған. Ол тұста Орта Азия үгымы кеңек болған тәрізді: оған Шығыс Түркістаннан Корасанға дейінгі, Арқадан Гендекушка дейінгі аймак түгел кірген. Макала қазак тіліне тұнғыш аударылып, “Ақиқат” журналына 1985 жылы шықты.

1. *Хиуа ханы Ауган*. Әдебиетте Ауган атты хан қездеспейді. Зайрыы бұл Араб Мұхаммед I ханның тактан дәмесі бар бір бүлкіші ұлы болса керек. Атап айтқанда, ол 1622 жылы Ауганстанға жасалған жорықтан кейін аға-інілерінің бәрін женіп, таққа отырып, елді 20 жыл басқарған Аспендијяр болуы ықтимал.

2. *Шанияз (Шах Нияз)* – Хиуа ханы (1688-1702).

3. *Арық Ахмет* – Хиуа ханы Араб Мұхаммед II. (1702-1714).

4. *Бекович-Черкасский Александр (Дәүлест Қызын мырза)* – Қабарды қнәзі, I Петрді жақын қөргөн кісі, орыстың Хиуа экспедициясын басқарып сол сапарда 1717 жылы опат болды.

5. *Гладышев Д.В.* – 1734 жылдан Орынборда қызмет еткен орыс офицері. Елшілкі тапсырмаларымен казак аулдарына жиі шығып тұрған. Муравин И. Геодезист, Орынборда қызмет етіп, Әбілхайыр ханның төнірегінде казак ауылдарында болған Гладышев пен Муравиннің Хиуа мен қазак ауылдарында болған. Гладышев пен Муравиннің Хиуа мен қазак даласы туралы маңызды тарихи географиялық және этнографиялық материалдары бірқатар архив құжаттары мен жарияланымдарда сакталып бізге жетті.

6. *Елтезер (Елтүзер)* – Хиуа ханы, Коңырат әулетінің негізін қалаушы (1804-1806).

7. *Мұхаммед-Рахым* – Елтүзердің інісі. 1806-1825 жылдары Хиуаны билеген.

8. *Ханыков Яков Владимирович (1818-1862)* – географ және картограф. Он бес жылға жуық қазак даласының және Орта Азияның жекелеген аудандарының жағрафиясын зерттеген кісі. Оның “Географиялық аклар” деген макаласында Қазақстан мен Орта Азияда XVIII және XIX ғасырлардың басында болған орыс елшілігінің ғылыми кортындыларының сипаттамалары берілген.

9. *Аллақұл – хиуа ханы*, елді ол 1825-1842 жылдары билеген.

10. *Перовский Василий Александрович (1795-1857)* – әскери және мемлекет кайраткері. Орынбор өлкесінің әскери губернаторы (1833-1842). 1839-шы жылы Хиуага сөтсіз жорығынан кейін жана экспедиция жасақтап, 1854 жылы Қоқанның Сырдариядағы Акмешіт бекінісін алды. Хиуа шекарасындағы бекіністер тізбегі мен Арап флотилиясын үйімдастыруышы. Ал бұлар Орта Азияны Ресейге қосуда маңызды роль атқарды.

11. *Сейіт Мұхаммед-хан – Хиуа ханы (1856-1865)*.

12. *Игнатьев Николай Павлович (1832-1908)* – белгілі дипломат, Ресейдің англиядығы ресми уәкілі. 1858 жылы орыстың Хиуа мен Бұқараға барған елшілерін басқарған. Естелік жазған.

13. Мұхаммед Әмин — Хиуа ханы (1845-1855).
14. Абдолла хан — Хиуа ханы, Құттымұрат оның мұрагері, 1858 жылы олтірілген.
15. Насыролла Бахадур-хан — Манғыт оuletінен шықкан Бұқар әмірі (1827-1860).
16. Мұзафар-хан — Бұқар әмірі (1860-1885), 1860 жылдан Ресей вассалы.

### **Түрікмендер**

Қолжазбаның алғашқы жоба нұсқасына К. Годенің “Түрікмен үрпактары туралы” мақаласынан іріктеліп алынған материалдар жатқан тәрізді. Шоқанның қолжазба шетіне жазған кейбір ескертпелеріне қарағанда, ол Исламның Орта Азияға таралуы туралы қурделі еңбек жазбасы болғанға ұқсайды. Мақала ең алғаш қазақшага 1995 жылы аударылып, “Ақыят” журналында жарияланды.

1. **Түрікмен** — ең алғаш Түрікмен деген үлттық атау осы дәуірдің Х ғасырдағы мұсылман әдебиетінен табылды. —ХІ оғыздардың басым бөлігі сондай-ақ қарлуктар түрікмендерге жатқан. XI ғасырдан бастап “Түрікмен” мәтіні Орта Азияның батыс бөлігінде қалыптасқан халықтың атына айналды.

2. **Түпқараған** — Манғыстай тубегінің терістік-батыс шеті.

3. **Жәуміттер** — тұстік Түркістан аумағында тұратын түрікмен тайпасы.

4. **Гогландар** — түрікменнің негізгі тайпаларының бірі. Олар Атрен өзенінің алқабын, Сүмбар және шандыр өзендерінің орта ағысын сондай-ақ Иранның Астрабад облысын мекендейді.

5. **Теке** — Копедагтың тау баурайы мен Мұргаб жазирасын мекендейтін түрікмендердің саны ең көп тайпасы.

### **Көне дәуір деректері**

XVIII ғасырдың 40-50 жылдарындағы Жонғар хандығының тарихы туралы Батыс Сібір басқармасының архив жәдігерлері негізінде жазылған бұл еңбектің алғашқы нұсқасы бар. Контайшы деп орыс тарихи әдебиетінде жонғар хандарын атаған. Мұнда солардың әуелгі ата-тегі таратылады. Бұл еңбекті де осы текстес “Көне сенім хаттар туралы жазбалар” және басқа материалдармен косып аударуга тұра келеді.

1. **Фаббасов Абылай** — Ұәлиханның інісі Фаббастың баласы. Дипломатиялық қызмет үшін Қытайда тәрбиеленген. Қытай, мәнжүр тілдерін жақсы білген.

2. **Вильяминов-Зернов Владимир Владимирович (1830-1904)** — орыстың шығыстанушы ірі ғалымы, Орта Азия Қазақстан, Қырым, Еділ өнірі халықтарының тарихы мен этнографиясын және мәдениетін зерттеуші 1851 жылдан Орынборда тұрып Қазақстан тарихымен шұғылданып, қазактардың салт-санасы мен әдет-гүрпінің үлкен жинағын құрастырды. А.А. Вильяминов Зернов негізгі еңбектері: үш бөлімнен тұратын “Қасым хандары мен ханзадалары туралы” зерттеуі, “Әбліхайыр хан олғеннен кейінгі қазактар және Ресейдің Орта Азия мен карым-қатынасы жөнінде тарихи деректер”, “Қырым хандығының тарихына қатысты материалдар”.

3. **Тархан** — хан жарлығымен салық, зекет және басқа төлемдерден

босатылған біраз женілдіктермен пайдаланатын айрықша құқыға бар адам. Тархандық институттың туу казак қоғамының феодалдана түсүіне тікелей байланысты. Ноғай, каракалпак, тағы баска түрік халықтарында осы сиякты феодалдық үстемдіктің күшөюіне орай үстем таптың өкілдерін осылай ресми көтермелеу кажет болған.

4. *Дәүлеткерей* – Сұлтандық мемлекеттің (Сұлтанмәмет деп те айтады, дұрысы Сұлтандық) баласы, Абылай ханының немере інісі, Қытайда оқып, қытай тілін жақсы билген. XVIII ғасырдың 60-шы жылдары Абылайдың бірқатар дипломатиялық тапсырмаларын орындаған, сол мақсатпен үзак уақыт Бежінде тұрған, Қытай деректері бойынша, ол Абылайдың немере ағасы, Есімнің баласы.

### **ІІстық-қол сапарының қүнделігі**

Сиямен жазылған құллі түзетулерімен, толықтыруларымен Фылым Академиясының архивінде сактаулы. Жазылған уақыты 1856 жылдың сәуір-шілде айлары деп көрсетілген. Алғаш 1959 жылы Алматыда Шоқанның орыс тілінде шықкан таңдамалы шығармаларының жинағына енді. Қазақша тұнғыш аударылып “Ақиқат” журналында 1995 жылы жарияланды.

1. *Аяғөз – үстінен Шәуешек, Құлжа мен Шығыс Түркістанның басқа да шаһарларымен сауда жасайтын керуендер ағылып өтіп жататын қала.* Ол Балқаш көліне барып құятын өзі аттас өзеннің алқабына 1831 жылы салынған. 1860-шы жылы аты Сергиопль деп өзгертилді. Қазан төңкерісінен кейін ежелгі аты қайтарып берілді. Қазір ол Семей өніріндегі Аяғөз ауданының орталығы.

Колжазба Семей мен аяғөз аралығындағы бекеттерді тізу үшін (орын қалдырыған) автордың айтуынша олар алтау болуға тиіс. Атап айтқанда: Ұлықызы, Арқалық, Арқат, Ұзынбұлак, Енірекей, Алтынқолат. Осы жолмен Шоқаннан біраз кейінірек жүрген П.П.Семенов Тянь-Шяньский бұл бекеттерге тағы да төртеуін косады. Олар: Ашықол, Жартас, Кызылмола және Әлжан-адыр. Сейтіп, он бекет болған. Оның бесеуі Семей мен Арқат, бесеуі Арқат пен Аяғөз аралығында. Бұл бекеттер революцияға дейінгі карталарында бар.

2. *Қозы Қөрпеш мазары – Аяғөз өзеннің бойындағы адырда қазіргі “Таңсық” теміржол станасына карсы тұрған “Қозы Қөрпеш пен Баян сұлудың” ескерткіш кесенесі. Ескерткіш лаймен бекітілген кам кірпіштен жасалған. Сырттан қарағанда томенгі жағы төрт күлакты бейт болып келіп, ұшар басы дөңгелек күмбез болып бітеді. Фимараттың жалпы биіктігі он төрт метр. Ежелгі сәүлет өнерінің осынау сирек ескерткішіне ерекше мән беріп Шоқан оның суретін салып алуға асыққан. Бірақ күн жаңбырлы болып, оның үстіне Аяғөз өзені тасып кетіп, алғашқы жолы ол ойын орындаі алмаған. Әйткенмен ол ІІстық-қол сапары аяқталғаннан кейін ескерткішке сол жылы күзде қайта сокқан секілді. Оған мазар алдындағы бағандар суретін 1856 жылы салуы күе.*

3. *Отырар – Төменгі Сырдария алқабындағы ежелгі сауда және колөнер орталығы. Оның данкы Шыңғыс ханының шапқыншылық қырғынына байланысты тіпті кен жайылды. Қаланың қаһармандықпен корғалуына және түрғындардың түгелдей құрып кетуіне қатысты 1218-1219 жылғы оқиғалар тарихи “Отырар апаты” деп аталады. Соған қарамастан керуен жолдарының тогызы торабынан токайлласар жері есебінде Отырар XIII-XV ғасырларда қайта өрлең, өнірдің аса маңызды экономикалық және әскери әкімшілік орталығы болып қала берді. Алайда қаланы қайта-қайта коршаша, өзара қырқыс оның экономикасын*

құлдыратпай қоймайды. XVIII ғасырдың аяғына таман қала өмір сүруін тоқтатып, орнында кираган жұрты ғана қалды.

4. *Едіре (1340-1419)* – Қаратаудағы Құмкент қаласының Орыс хан өлтірген қожасы Құтылы-Қабанның баласы, Ақ Орданың манғыт тайпасынан шыккан ең бір ықпалыды әмірі (бегі). Тарих сахнасына Токтамыспен бір мезгілде Жоши улысынан (Алтын Орда) феодалдардың өзарғысы салдарынан Ақ Орда іс жүзінде бөлінген кезде шыкты. Осында өзарғысы тұсында ол Алтын Орда тағын үміткерлердің бірі Токтамыстың тобына қосылды. Орыс-ханды тастал, әскерінен кол үзіп Токтамыспен тығыз байланыс жасап онымен бірге Ақсак Темірге кетті. Алтын ордадағы билік Токтамыстың қолына қошкенде өз серігінен айнып, немере інісі Темір-Құтылықпен қосылғып Ақсак Темірге тағы да тартты. Оған Токтамыспен күресінде көп көмек көрсетті. Ол Токтамыстың женген сон (1391) оны да тастал, Алтын ордадағы билікті қолына алып алды.

1399 жылы Едіге Ворскла өзенінде Литва әскерлерін тасталқан қылды. 1490 жылы Ресейге жорық жасап, талай қалаларды қанырраты. Мәскеудің коршады, бірақ ала алмады. 1410-1412 жылдары Ордадағы билік қайтадан Токтамыс балаларының қолына тиіп, Едіге аласталып, Хорезмді паналады. Бірақ ол жансауғасы үзакқа созылған жоқ. Токтамыстың ұлы Қадібердінің қолынан Сарайшыққа жақын жерде мерт болды.

5. *Жәнібек* – XV ғасырдың 60-шы жылдары Моголстанның батыс шалғайында Шу мен Талас өзендерінің алқабында құрылған Қазак хандығының негізін қалаушылардың бірі. Жошиның үргағы Жәнібек пен оның тұсынан Керей сұлтанлар хандық билік жолындағы құресте Шығыс Дешті қыпшактың қөшпенді мемлекеттірінін басшысы Әблілхайр ханнан жеңіліс тапты. Содан олар әзірінә тәуелді қөшпелі, жартылай қөшпелі жүрттың басын құрап, XV ғасырдың 50-60 жылдарында Жетісу шегіне қошіп кетті. Моголстан ханы Есенбуга оларды куана карсы алғып, Шу мен Талас өзендері алқабынан жайылымық жер бөліп берді. Әблілхайр ханнан қысым көрген казактар енді осылай қарай ағылды. Жәнібек пен Керей XV ғасырдың 60-шы жылдарының ортасында құрамына Жетісу қазактарын кіргізіп, Қазак хандығының ігресін қалады. Тарихи деректерде Жәнібектің аты 1473-ші жылға дейін аталағы да, одан кейін ылғи Керейдің есімі жүреді. Зайыры Жәнібек өзарғысы, қактығыстардың бірінде опат болса керек. Тарихи деректерде ол Әбу, Сейіт есіммен аяна. Ал халық аныздары мен хикая жылдарында ол әділ, дана, “Әз Жәнібек” деп мадакталады.

6. *Асанқайты* – акын, философ, аныз әңгімелер мен ертегілердің қаһарманы. Алтын Орда құлар тұста XV ғасырда өмір сүрген. Өүелі Сарай сосын Қазан қаласында тұрган. Әралуан хандардың тұсында ықпалды билердің бірі болған. Шау тартқан шағында Шығыс Дешті Қыпшакқа оралған. Өз халқының тағдырына қайғырып, елі-жұрты жоқ-жітікті білмейтін, кой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын жерүйік іздел, жемлясымен жер-көкті шарқ үрады. Ол Жәнібек пен Керей хандарға қазактарды Жетісу мен Дешті Қыпшак жеріне үйистыр деп кенес береді. Өз халқын достық пен тыныштыққа шақырады. Жемлясымен қанша жортса да, жерүйкты таба алмай, арманына жете алмай көз жұмады ол.

### **Қытайлардың батыс өлкесі**

Колжазба алғашқы нұсқалардан, рет саны қойылмаган беттерден тұрады. Сонда да орысша мәтіні сол нұсқасында жарияланып келеді. Бестомдық алынып, казакшаға тұнғыш аударылып, 1995 жылы “Ақикат” журналында шыкты.

1. *Әмбан* – Шығыс Түркістанды мәнжұр әулеті билеп тұрган тұстағы

жогары дәрежелі лауазымдардың бірі. Дуанды басқара отырып әмбан хебе-әмбамға, ягни губернатордың орынбасарына бағынған.

2. *Манас* – Жонғарияда Үрімшіден терістікке қарай орналасқан қала.

3. *Жонка* – Тарбағатай округіндегі қала.

4. *Хакімбек* – Шығыс Түркістандағы жогары дәрежелі лауазымның бірі. Ірі қаланың немесе елді мекенінің толық құқылы басшысы. Шығыс Түркістанды Қытай жаулап алғаннан кейін Хәкімбектер үшінші сыныптағы шенеуніктерге айналып, құқыбы шектеліп, бүркіншідей мұрагерлікпен тағайындалмай, салланып койылатын болды. Ҳакімбек қызметіне кісіні хебе әмбан тағайындалады, Бежінде бекітіліп жүрді.

5. *Таң өuletі* – Қытайдың орта және батыс Азиямен сауда байланыстары өрістеген кезеңде (618-907) билеген қытай өuletі. Қытай дерек көздеріндегі Батыс Азия елдері жайындағы егжей-тегжейлі мағлұмат сол кезеңнен көріне бастады. Соңдай дерек көздерінің бір Сюан-Цзяннің “Жазбалары”.

6. *Ван Фан-и* – таң өuletінен шықкан император Гао-Цзунның (650-683) заманындағы қытай қолбасшысы.

7. *Шәпи (Имам Шәпи)* – Исламның негізгі төрт сектасының біреуінің негізін салушы.

8. *Фатима* – Мұхаммед пайғамбардың қызы. Қазактар оны көбіне Би-Фатима дейді, құллі мұсылман әйелдері оны пір тутады.

9. *Гао-Чан* – Ұйғырлардың ежелгі отаны, Шығыс Түркістанның көне қытайша атауы.

10. *Ашина* – ежелгі түрік қағанатында билеуші таңдаулы төбе тоptы құраган хан тұқымы. Кейбір деректерге қараганда, Ашинаның атабалары бесінші гасырда, жужандардың боландығын қабылдаган үйсін сактардан шыққан.

11. *Телестер* – көне түріктердің этникалық бірлестігі.

12. *Тонықөк* – түріктердің Могилян жөне Құлтегін қағандардың тұсындағы кеңесшісі. Қүйе-дала орхон тас жазулары бойынша Құлтегін ен соңғы түрік қағандарының бірі.

13. *Күшілік* – найманның Таин-ханының баласы. Монголдар Қазакстан мен Орта Азия аумағына лап қойғанда ол басқыншыларға қарсы құрес үйімдастырып, көп кайрат көрсеткен.

14. *Қазан-хан* – Есентудың баласы, Шағатайдың шөбересі. Мәуренахардың Шағатай өuletінен шыққан алғашқы хандардың бірі.

15. *Есенбұға (Елқожа)* – Дөйшешеннің баласы. Шығыс Түркістанның Шағатай ұрпағынан шыққан тұнғыш ханы.

16. *Ильяс-қожа* – Тоғылық-Темірдің баласы, Шығыс Түркістанның билеуші феодалдарының бірі.

17. *Болатша* – Моголсаттнның Дулат тайпасынан шыққан бас әмірі.

18. *Шорас* – Моголстаннның Дулат тайпасынан шыққан ықпалды әмірлерінің бірі.

19. *Камараддин* – Дулат тайпасынан шыққан ықпалды әмір. Шығыс Түркістанда ол Ақсақ Темірге қарсы құресті.

20. *Қалдан Башты (1671-1679)* – қазак жерін жаулауды алғашқылардың бірі болып бастаған жонғар хонтайшысы.

### ***Жонғар очеректері***

Шокан Уәлихановтың ең манызды еңбектерінің бірі. Ол 1860 жылы Петербургте жазылған. Қазақ тіліне тұнғыш аударылып, 1996 жылы “Ақикат” – журналында жарияланды.

*1. Семенов Тянь-Шянский Петр Петрович (1827-1914) – атакты орыс географы. Тянь-Шянь тау жүйесін тұнғыш зерттеуші, соның нәтижесінде кейін күрмет ретінде фамилиясына Тянь-Шяньский деген сөз жалғанды. Семенов Таянь-Шяньский орыс географиялық қоғамның шын мәніндегі басшысы. Ресей мен Кіндік Азияны зерттеу жөніндегі бірқатар экспедицияны үйымдастыруши болды. Ол география, статистика, елтану және Ресейдегі географиялық тұрғыдан аудан-ауданға бөлу жөніндегі қыруар ғылыми еңбектердің авторы. Оның еңбектерінің слеулі бөлігі Казахстан мен Орта Азияға арналған.*

1858 жылы қоктемде Ш.Ш.Уәлиханов Омбыда кездескеннен кейін П.П. Семенов Тянь-Шяньский онымен ажырағысыз дос болып кетті. Аса көрнекті оқымысты жас ғалымның ғылыми және қоғамдық қызметіне мүмкін қадерінше ықпал етіп, көмек көрсетті.

*2. Мәуренахр (дұрыссырағы Мәуреннах) – арабшадан аударғанда “өзеннің аргы жағы” деген мағынаны билдіреді. Аталмыш жағдайда ол Сырдария мен Әмударияның арасындағы кең жазық. Бұл атау Орта Азияның арабтар жауап алғаннан кейін енді. Тіпі сол өнірде шаңырак көтерген мемлекет те Мәуренахр атанды.*

*3. Александр Македонский (б.д.д. 356-323) – ерте дүниедегі қолбасшы әрі мемлекет кайраткері, Македонияның ғулденген дәүіріндегі патшасы. Египетті, таяу және орта шығыс елдерін жауап алғып, Орта Азияға ауыз салып, Сырдария мен Әмударияның жоғарғы ағысына дейін келді. Бактияр мен Соғдиананы басып алды. Орта Азияда ол жайында аңыз онгімелер, жыр дастандар көп сакталған, Қазактар оны Ескендір Зұлқарнайын деп атайды.*

*4. Марко Поло (1254-1324) – атакты италиялық саяхатшы. 1271-1295 жылдары Қашқария мен Қытайға саяхат жасаған Орта Азияның Онтүстік аудандарын, Памир мен Шығыс Түркістанды және Түстік Қытай тенізін суреттеп жазып кеткен. Бірсынша жыл монголдың Құбылай ханының сарайында қызмет етеді. Мұның өзі оның Ішкі Азияны емін-еркін аралап бірқатар шығыс халықтарының тұрмысымен танысуына мүмкіндік тузыған.*

*5. Влангали Александр Георгиевич – кең инженері, саяхатшы, дипломатиялық қызметте де көп болған кісі. 1849-1952 жылдары Шығыс Казахсан мен Жетісуда идеологиялық жұмыстар жүргізілді. Қулжада екі морте болып кайтты: бірнеш жолы Е.П.Ковалевскиймен, екінші рет Ш.Уәлихановпен еріп барды. Түстік Шығыс Казахстан сапарының нәтижелері “Казакстан даласының шығыс шалғайына 1849 және 1852- ші жылты геогностикалық сапарлар” аты жолжазба очерктерінде көрсетілген.*

*6. Голубев А.Ф. (1832-1866) – бас штаб академиясының геодезия жөніндегі оқытушысы, географ, Алакөл мен Үстіккөл зерттеулері арқылы танымал. Жетісү мен Іленін аргы өнірін географиялық суретке түсірген. Ол зеттеген жерлері туралы бірпара тұпнұсқа еңбектер жазған. Шокан Уәлихановпен алғаш 1859 жылы Омбыда кездесіп, содан кейін достық карым-катастырын үзбекен. Петербургта Шоканның пәтеріне жи барып тұран.*

*7. Бэр Карл Максимович (1792-1876) – атакты оқымысты-натуралист, академик. Ресей ғылым академиясы зоологиялық мұражайының директоры. Петербург медециналық-хирургиялық академиясының эмбриология кафедрасының негізін қалаушы, Ш.Уәлихановтың саяхаттары кезінде жинаған жәдігерлерінің біразы Бэр үйымдастырыған зоологиялық мұражайда тұр.*

*8. Татаринов А.А. – медицина докторы, Шәуешектегі тұнғыш орыс консулы, бертінде үзак уақыт қызмет аткарып, қытай тілі мен қытай медицинасын үйренген. Ол қытай медицинасы мен қолданбалы кол онерінің қыруар жәдігерлері мен бүйымдарын жинастырыған. 1865 жылы Орта Азияға саяхат жасап жүріп ол Бұқар ханының колына тұтқынға*

түседі. Орта Азиядан алған әскерлерін “Бұқарстандағы жеті айлық зындан” деген очеркінде бейнелеген.

9. *Ковалевский Егор Петрович (1817-1876)* – геология маманы, тамаша географ. Қажымас саяхатшы, жазушы, аса көрнекті қоғам кайраткері, орыс географиялық қоғамы төрағасының комекшісі. Сыртқы істер министрлігінің Азия департаментінің директоры (1856-1861), мұқтаждық көріп жүрген жазушылар мен галымдарға жәрдем жасау жөніндегі қоғамның негізін қалаушылардың бірі Харьков университетіндегі білім алған ол 1829 жылы Петербургте тау-кен департаментіне қызметке орналасады. 1837 жылға дейін Алтай кеніштерінде кен инженері болып істейді. 1839-1840 жылдары Гернгресслен бірге Батыс Қазакстан мен Терістік Атырау алқабына саяхат жасап, Мұғалжар таулары мен Арал өнірінің Үстірт пен Жем өзені алқабының тұнғыш геологиялық зерттеулерін жүргізді. Сол саяхаттың нотижесі әрітесімен бірігіп жазған “Қазак қырының батыс бөлігінің сипаттамасы” атты енбек. 1851 жылы кен инженерлері корпусының полковнігі дәрежесіндегі Ковалевский Жетісү мен Құлжаны геологиялық зерттеу ісін баскарады.

Ковалевскийдің 1839 жылы қазак ақыны Махамбет Өтемісовпен кездесуінің зор мәдени-тарихи маңызы болды. Орыс жазушының жазбаларында дауылпаз ақын туралы алғаш еске алынуының өзі бір елең еткізбей коймайтын керемет оқига емес пе? Оның суреттеуінде өз халқының азаттығы жолындағы жалынды құрескөр қазак ақынының жалт-жұлт еткен бейнесі көз алдына келеді. Е.П.Ковалевский Шоқан Ұәлихановтың ғылыми және қоғамдық қызметіне белсенді ықпал етіп оның Қашқар саяхатын үйимдастырушылардың бірі болды және қазак галымының енбегін оте жоғары бағалады. Шоқанды ол жақсы билді. Және Сыртқы істер министрлігінің Азия департаментінде бірге істер жүрген кезде жи кездесіп тұрды.

10. *Карелин Григорий Сильич (1801-1872)* – орыс оқымыстысы – жаратылғыс зерттеуші. Батыс, Шығыс және Орталық Қазакстанға, Жетісүға саяхат жасап минералогиялық, ботаникалық және зоологиялық қыруар коллекциялар жинаған. Орталық Қазакстандағы архитектуралық ескерткіштердің көлемін өлшеп, тұнғыш сипаттамасын қағазға түсірген де сол. Оның Қазакстан туралы енбектері ұлан-ғайыр, әрі әралуан. Бірақ күні бүгінде дейін толық жарияланған жок.

11. *Кіші Бұқарстан* – Шығыс Түркістанның сан талай атауларының бірі. Ол орыс және Батыс Еуропа әдебиеттерінде әсіресе өткен ғасырда жиі қолданылған.

12. *Алмалық* – Хоргос маңында, қазіргі Құлжа қаласына таяу өмір сүрген шаһар. Кезінде Орта Азиядан Қытайға ағылып жататын керуендердің Ора ғасырдағы маңызды нұктесі болған қала.

13. *Кайнак* – ежелгі қала, кезінде карлук хандығының орталығы болып, Қаратал өзенінің алқабында омір сүрген. Оның жұртын қазір Дүнгене атайды. Ол Талдыкорған қаласынан онша алыс емес.

14. *Алматы* – Иле Алатауының баурайындағы ежелгі қала. Оның орнынан 1854 жылы Верный, қазіргі Алматы қаласы ірге көтерді. Ежелгі қаланың калдықтары біраз зерттелді. Бірақ ішке бүккен жұмбағы, ашылмаған жаңаалықтары әлі де аз емес.

15. *Мұхаммед Хайдар Кореген Мырза Мұхаммед Дулати. (1499-1551)* Орта ғасыр тарихшысы. Ол өзінің “Тарихи-рашиди” кітабында XV-XVI ғасырларда Моголстан мен Орта Азияда болған оқиғаларды сипаттады. Оның тубі Моголстанда (Жетісү мен Шығыс Түркістан), елеулі саяси ықпалы болған Дулат (дүглат) тайпасынан шықкан. Оның ата-бабалары Шагатай ханзадаларының тусында ұлықбек, ұлық әкімдері болып қызмет істеген. Мұхаммед Хайдар XVI ғасырдың орта шенінде Шығыс Түркістан тарихында аса көрнекті рөл атқарған кайраткер.

16. "Тарих-и-Рашиди" XIX ғасырдың қырқыншы жылдары Мұхаммед Хайдар жазған тарихи шығарма Онда Шығыс Түркістан мен оған іргелес жаткан облыстар жайында, қазак және өзбек хандықтарының құрылу тарихы туралы, қазақтар мен үйгүрлар, олардың өзара қарым қатынасы жөніндегі күнды деректер бар. "Тарих-и-Рашиди" бізге дейін парсы түрік, қашқар тілдерінде бірнеше қөшірмесімен жетті. Олардың ішіндегі толыбы жөнен ен ертедегісі деп Тәжікстан Фылым академиясының Тіл және Әдебиет институтының Қорында сақталғаны айтуға болады. Толық емес қөшірме Петербург университетінің Шығыс факультетінің кітапханасында да бар. "Тарих-и-Рашиди" үйгүр нұсқасын Мұхаммед-Садық Қашқар аударған. Бұл енбекті орыс тіліне ішинара В.В.Вильяминов-Зернов аударып, "Қасым хандары мен ханзадалары туралы" зерттеуіне енгізген. Ағылшын тіліне оны толық аударған Э.Д.Росс. Былтыр ол орыс тілінде Өзбекстанда, биыл Қазақстанда "Санат" баспасынан шықты.

17. *Тазкираи Ҳоджаған* ("Шығыс Түркістандағы қожалар әuletінің тарихы") – 1768 жылы үйгүр Мұхаммед Садық Қашқар жазған тарихи туынды. Атамыш шығармасын қолжазбасын Қашқардан Шокан Уолиханов алып көліп, Азия мұражайының кітапханасында (казіргі Фылым Академиясының Шығыстану институты) тапсырған.

18. *Тазкираи Сұлтан Сүтук Құғарахан* ("Сұлтан-Сыдық Құғара ханының өміrbаяны") – бұл белгісіз бір автордың Қарахан әuletінен шыққан Сыдық Құғара-ханға арнап жазған шығармасы. Ол хан исламды бірінші болып қабылдап Шығыс Түркістан мен Жетісуға кеңінен тарапан. Құқара ханының мазары Қашқарға таяу Алтын-Арыш деген елді мекенде тұр. Бұл шығармасын өзбек тіліне Мolla-Хаджы аударған қыскаша мазмұны Тәшкентте Өзбекстан Фылым академиясының шығыстану институтында сактаулы.

19. *Ришағат айнел Ҳайят* ("Өмір қайнарынан тамған тамшылар") – Орта ғасырдағы Нахшабандийдә дәруіштер қауымы. Шейқылар мен Орта Азия сопылық сарындағы ақындарының өміrbаяндары мен ғаклиялары құрастырылған жинақ. Бұл енбекті ас-сафи Ҳусейн әл-Вайз (уағызышы) әл-Кашифи 1503 жылы жазған. Ол Тәшкент пен Қазандан бернеше дүркін басылып шықты.

### **Қашқар сапарына әзірлік**

Қашқар сапары карсанында Шокан сол елдегі оқиғаларға байланысты біраз материалдар жинастырып, Батыс Сібір генерал-губернаторы Г.Х.Госфордка үш хат жазады. 1858 жылғы сәуір мен мамыр айларында жазылған ол материалдар Фылым академиясының архивінде сактаулы.

1. *Бөгдіхан* – Қытай императорының монғолша атавы, орысша да көбінесе сол тілдегідей айтылады.

2. *Құлан Әділев* – Қытаймен шекаралас аудандарды басқарған қазақ сұлтаны. Оның қарауында көбіне көп албан-сузан қазақтары болған.

3. *Гутковский Карл Казимирович (1815-1867)* – білімі бай, жан жакты әзірлігі бар орыс офицері, Шоканнның жақын досы. Ұзақ уақыт сібір казақтары облысы әскери губернаторының орынбасары болған.

4. *Жақып Жанқұлов* – Қоқаннның тұмасы, сауда ісімен айналысқан кісі. Қоқан ханының қаһарына ұшырап, Құлжага көшіп барып, Ресеймен сауда жүргізген.

5. *Әлішер датқа* – Бішкек бекінісінің комендантты. Шоканнның танысы.

6. Абакумов С. – Алатау округінің присталы, ұлы жұз қазактарын басқарғандардың бірі.

7. Боранбай – Бекмұрат баласы, бұғы руының бас манабы. Оның өрісі мен егісі Теріскей Алатаудың етегінде Зоуке асуының қарсысындағы алқапта болған.

8. Файзолла Ногаев – Казан татары, Батыс Қазақстанда, содан соң Жетісуда сыртқы саясат мәселелері жөніндегі шенеунік әрі тілмаш болған. Негридің Бұхарға 1827 жылы барған елшілігіне қатысқан.

9. Бұрханеддин – Шығыс Түркістанның XVIII ғасырдағы тәуелсіздік жолындағы құресі басшыларының бірі.

10. Тәуекел-қожа – бұлік шығарып көтеріліс жасаған жеті қожаның бірі. Қашқарды алғанда ол Батырбасы деген атакпен әскерді басқарды. Алтышар тәуелсіз иелік деп жарияланған соң Ақсұдың әмірі болды.

### **Бірінші Қашқар құнделігі**

Құнделік Зоуке асуынан Теректінің түстік баурайына дейін жол жөнекей жазылған. Оған кері кайтқан сапары да косылған. Қытай шекарасынан отер алдында ол құнделікті жер қазып көміп, мынандай жазу жазған. “Асығыспын. Құнделікті қаір жерге көміп тастаймын. Құдай жазып, аман-есен оралсақ, қағаз дымқыл жерде бұлніп қалмаса, жарық дүниеге кайта көрсетемін. Алла өзіне тапсырамын. Көріскеңше күн жақсы”. Содан құнделік жарты жылдан соң 1859 жылы 12 наурызда қазып алынды. Оған Шокан Қашқардан алып қайткан әсерлерін көсип жазды. Өкінішке қарай ауырып қалуына байланысты ол бұл жағын біреуеге айтып отырып жаздыра керек, ейткени Ш. Ұәлихановтың өз колымен қосқан толықтырулары мен түзетулері көп-ак.

1. Кебенек – қазактың ежелгі ұлттық киімі. Ол ак жұннен жұқа әрі тығыз етіп басылған киізден тігіледі. Ұзын әрі кең шекпен сияқты. Ол кар мен жаңбырдан корғануға жақсы Кебенекті ертеде көбінесе жауынгерлер киген сияқты. “Кебенек киген келеді, кебін киген келмейді” деген макал содан шыққан болуы керек.

2. Абдолла-хан II (1557-1597) – Шейбан әулиетінен шықкан өзбек ханы. Бұкарды өз астанасы жасаған ол Орта Азияның болек-болек феодалдық исліктерін біріктіріп, орталықтандырылған мемлекеттік құруға тырысты. Оның тұсында Хорезм, Балқы, Бадакшан, Ферғана және Ташкент бессеуі бірікті. Ирі суландыры жүйелері тартылып. Қөпірлер, керуен сарайлар сылануы, сабалақ құдық – сардобалар қазылуы Абдолла ханның есімімен тығыз байланысты. Олардың жұрнағы керуен жолдарында мәдени-қоғамдық гимараттарда, Бұкар, Самарқанд, Мешхедте күні бүгінге дейінге кездеседі. Абдолла II колөнер мен сауданын, сөзлет өнері мен әдебиеттің дамуын өркез көтермелеп, қолдан отырган. Ол билік жүргізген кезеңде Орта Азияның Үндістан мен сауда Һәм дипломатиялық байланыстары кең өрістеді.

3. Елбегі – Қоқаның Мәделі-ханы 1831 жылы Ош, Нарын және Алатау қырғыздары арасындағы саяси үәкіл әкім ретінде белгілеген ерекше шенеунік. Ұдайы қырғыз ауылдарында болып елбегі – Елбасы бір жағынан халыққа полициялық бақылау жасаса, екінші жағынан олардың арасындағы дау-дамайды шешіп, қазылық жасап, Әндіжан әкімшілігінің пайдасты үшін кінәлілерден айып-пұл жинап, ханның баска да тапсырмаларын орындаپ отырган.

4. Әлімбек-датқа – Оңтүстік қырғыздардың Қоқан хандығына бағынышты ру басыларының бірі. Өз руын әдегенен бастап ол 1858 жылы оқиғаларға белсене қатысты. Сол оқиғалардың нәтижесінде

Қоқандағы билік басына Мәделі-Сан келді. Шахмұраттың түсында бас уәзір болып тұрып сарай бүлгінің салдарынан Әлімбек 1862 жылы бакталасы Қыпшак Әлімқұлдың қолынан қаза тапты.

5. *Мәделі* – (Мұхаммед Әли-хан, (1822-1842) – Қокан ханы, Омарханның баласы. Оның түсінде Қокан хандығына Қаратеін, Куләб пен Дарбаза косылды, ұлыф жуз казактары мен қыргыздары да Қоканға тәуелді екенін мойындалды. XIX ғасырдың жиырмасыншы жалдары Қокан хандығының Қашқардағы ықпалы құштады. Шығыс Түркістанда сауда ризиденциясы белгіленді, Қокан хандығының ақсақалы сауда кереуендерінен баж салығын жинаушының үстіне үекіл де болды. Мәдели-хан Қашқар қожаларына іш тартып, оларға 1830 жылы Қытайға қарсы соғыста әскер жіберіп, комек көрсетті. Ол Бұқар ханы Насыролланың қолынан мерт болды.

6. *Пансат* (Бес жұздін баса) – XIX ғасырдағы Қокан хандығы мен Қашқардағы әскери және әкімшілік атақ ол үеләттік акімі мен дуан бастығына ғана бағынған.

### ***Екінші Қашқар құнделігі***

Екінші Қашқар құнделігі көлемі 16x25; 5 см. дәптерге жазылыпты. Оның атаулы бетінде П.П. Семенов Тянь-Шянскийдің қолымен жазыған мынадай ескертпе бар. “Бұл кітапшадан Шокан Ұолихановтың өз қолымен түсірген белгілері тұр. Бірінші құнделік сияқты бұл да алғаш аударылып, осы қіапқа енгізіліп отыр”.

1. *Мұхаммәдрәзак Пірназаров (Берназаров)* – керуен құрамында Қашқарияға барған саудагер. Елге оралған соң Шокан Ұолихановтың үсынысы бойынша Владимир лентасына іletін алтын медальмен марарапатталды.

2. *Мұсабай Тоқтабаев* – керуенбасы. Сапар кезінде қорсеткен қажыр кайраты мен ерлігі үшін хорунжий деген атақ беріліп, мойынға тағатын Станислав лентасына іletін алтын медальмен марарапатталды.

3. *Шоң-Қарааш* – ықпалды қыргыз маңабы. Ш. Ұолихановты Қашқарға бастап апарып, кереуенлі тонаудан құтқарып калды. Корсеткен колгабыс қомегі үшін оған хорунжий атағы берілді.

4. *Кожа* – тұтас әүлетті, тіпті тұқымды білдіретін тұбі парсылық мотін. Бұл атау X-XI ғасырларда-ақ белгілі болған. Оның нақты мәні мен этиологиясы әлі айқындалған жоқ. Орта Азия мұсылмандарының түсінігінде ол ерте Ислам дәуіріндегі араб басқыншылығымен байланыстырылады. Шығыстүркістандық қожалар өз тубін төртінші фалиф Әлиден шыгарып, діни және зايырлы биліктің борін уысында үстады. Қожалардың манзызы XIV ғасырда Шығыс және Батыс Түркістанды билеген шағатай балаларының мемлекеті қулағаннан кейін тіпті күшейіп кетті. Шағатай балаларының түсында да қожалар айрықша жағдайда болып оларға жердің шуралисы, Коныстың қолайлары беріліп, көбі ханының жанында кенесші болып, төрелермен қыз алысып, қыз берісіп, қаны арасын кеткен-ді. Ұлыс қулаған кезде олар сияқты билікті басып алып, феодалдық-теократиялық құрылыштың озіндік бір түрі – қожалар әулетін құрды.

### ***Қокан хандығы***

Тұпнұсқасы Шоканның оқесінің казыналық қағазына жазылып, Мәскеудегі Фылым академиясының архивінде сактаулы тұр. Қазақша түгіршілік рет аударылып, “Ақиқат” журналында жарияланды.

1. *Күшбегі* – алғаш қазақша күшбегі деген мағына беріп, құс салып, мылтық үстап аңға шығу шарасын басқаратын адам болған тәрізді. Кейін Қокан хандығында ол жоғары лауазым иесі, мыңбасыдан кейінгі екінші кісі орі үеліттін әкімі деген мағынаны білдірген. Әдетте күшбегілер ханға жақын жүрген кісілерден тағайындалып, үлкен өкілеттігі болған. Бұқар хандығында күшбегі бас үзірge, премьеरге бара бар, ал оларды Қоканда мын басы атаған.

2. *Датқа* – хан сарайындағы жоғарғы дәрежелердің бірі, былайында ол хандықтағы тәртінші адам. Ол ханға келген кісілердің қабылдап, оларға ханның шешімін жеткізіп отырған.

3. *Сарқар* – хәкімнін (әкімнін) комекшісі. Сарқардың міндеттіне халық жинап, оны тапсыру жаткан. Азық-тұлік қоймасын да сол басқарған. Ол әскери жасактарға ас-су мен атқа жемді әкімнін нұсқауымен беріп отыратын болған.

4. *Ғалабатыр* – Қокан дерек көздерінде бул “ғала-бахадұr” деп жазылады. Таңдаулы әскерлердің бір бөлігі деген сөз. Алғаш рет Қоканда Әлім-хан (1798-1810) билігінің бастапкы кезеңінде құрылған.

5. *Мұсылманқұл* – Ферғана тарихындағы белгілі уакытбек (1844-1852). Ферғана қыпшактарының аксүйек феодалдарының өкілі. 1845 жылы хандықтың бірінші лауазымына ие болып, мыңбасылықка (бас колбасшы) қөтерілді. Жасы жетпеген ханның туында Қоканда шын мәніндегі хандықтың иесі болды. Сол жылдары ол Өртөбе мен Тәшкентке әлденеше әскери жорық жасады. 1852 жылы оны Құдияр-хан жазалап өлтірді.

6. *Құдияр-хан* – мын әuletінен шыққан Қокан ханы, Шерәлі ханның баласы. Елді сәл үзіліспен 1844 жылдан 1875 жылға дейін биледі. 1858 жылы жақтастары қырғыз және қыпшақ байларының комегімен Молла-хан оның тағын тартып алды. 1862 жылы билік басына қайтып оралып, алға жыл салып тақтан Сұлтан-Сейіт тайдырды. Үшінші рет ол таққа 1865 жылы отырды. 1868 жылы Патша әскерлерінің Қоканға шабуылы нотижесінде Ресейге вассал болу жөніндегі шартқа кол қойылды. Бұл феодалдардың наразылығын туғызып, тақтан тағы да, үшінші рет айрылған Құдияр патша үкіметінен пана іздел қашып кетті. 1876 жылы ақпанда Қокан хандығын әмір сүрүін тоқтатып, Ресейге қосылды.

7. *Шамырат-бек* – (*Шах-Мұрат-бек*) – Шерәлі ханның үлкен үлгі Сарымсақ-қожаның баласы. Он бес жасында оны Ферғана кошпенділерінің мәсімі өз әкімі ретінде таққа отырғызып, келесі жылы өздері өлтірді.

8. *Қанағатша* (*Қанағт-шах*) – тәжік, Қоканның әскери һөм саяси қайраткері, 1846-47 жылдары Түркістан даласын басқарды. Қокан билік басында отырған Ферғана қыпшактары Тәшкенттің бұрынғы хакімі Сарымсақ-қожаның өлтіргенін біліп, оларға қарсы шыкты. Түркістанды жеті ай бойы корғап, содан соң Бұқарға қашып барды. 1868-шы жылы Тәшкентті билеп Ұзынагаш шайқасында қоқандықтарды басқарды. 1861-1862 жылдары қоқандықтардың Түркістан мен Жанақорғанға жасаған жорығына жетекшілік етті. Оның бастамасымен Әскербасылары Молла-хан өлтірілгеннен кейін Түркістанға таққа Құдиярды қайта шакырды. Ол кезде Қанағттың аталық атағы бар еді. Құдияр таққа екінші рет отырғанда оны Бұхар әміріне келіссозге жіберді. Сол сапарда ол 1862 жылы жазалап өлтіріледі.

Ш.Уәлихановтың 1904 жылы Санкт-Петербургте шықкан шығармалар жинағында жарияланған. Шамамен 1860 жазылған секілді. Қазақша алғаш аударылып “Тылсым тұлғалар” деген жалпы тақырыпмен 1997 жылы “Ақиқат” журналында басылды.

1. *Дабашы* (дебашы XVII ғ.) – жонгардың Сыбан Рабдан әулиетінен шықкан билеуші князі, хан тағына үміткерлердің бірі.

2. *Әмірсана* (1757 жылы кайтыс болған) – жонгар хандығының иелік етуші ірі феодалы. Батыс монголдарының үлт азаттық қозғалысында (1755-1758) маңызды рөл атқарды ол. 1745 жылы Қалдан-Серен каза тапқан соң Әмірсана хан тағына отырурга көп күш салды. Өзге үміткерлердің қасарысан қарсылығына тап болған ол мәнжүр ескерлерін көмекке шакырады. Бірақ мәнжүрлердің мақсаты жонгар хандығын жоу екеніне көзі жеткен соң ол халықтың шүршіттерге қарсы қозғалысын баставы. Алайда қозғалыс аяусыз басып-жанышп, Әмірсана Ресейге қашты, сонда жүріп опат болды.

3. *Қарасақал* (Қара-хан) – Башортстанның Ресейге қосылуға қарсы бағытталған 1740 жылдың башқұрт көтерілісінің көсемі. Көтеріліс басып-жанышылған соң Карасақал казак жеріне қашып, Қарқаралы қырындағы Қазыбек биден келіп пана тапты. Қызыбекке дүшпан қазак байларының астыртын әрекетінен сескенген ол Қара Ертіс асып кетті. Мұнда ол наймандардың аса ықпалды көсемі Қабанбай батырдың қанаты астынан пана тауып, қашан көзі жұмылғанша сонда тұрақтап қалды.

4. *Шона* (Шоно-Лоузан) – ойрат ханы Сыбан Рабданың Еділ қалмактарының каны Аюкеннің қызынан туған ұлы. Он жетінші ғасырдың жиырмасыншы жылдарының ортасында Қалдан Сереннің колынан каза табамын деп қауіптеніп, Еділ қалмактарына қашып барып, 1732 жылы кайтыс болған.

5. *Қабанбай* (XVIII ғ.) – белгілі қазак батыры. Жонгарларға қарсы құресті үйімдастырушылардың, әрі кесемдерінің бірі. Ол жайында аса бай қаһармандық эпос бар. Оның бір нұсқасы Санкт-Петербургте профессор И.Н.Березиннің архивінде сактаулы.

6. *Барәк* (1750-ші жылдар шамасында кайтыс болған) – Орта жүздің аса беделді сұлтаны. 1723-30 жылдары қазак халық жасағының жонгарларға қарсы құресін үйімдастырушылардың бірі.

7. *Вербицкий Василий Иванович* (1824-1880) – этнограф, миссионер Нижегород семинариясын тәмамдағаннан кейін Алтайда жергілікті тайпалардың ортасында тұрып оларды гайсаман дініне енгізген, Алтай халқының тұрмысы мен тілін зерттел үйреніп, осының негізінде “Алтай бұратаналары”, “Алтай тілінің қысқаша грамматикасы”, “Түркі тілінің алтай және аладағ диалектісінің сөздігі” сияқты еңбектері жарияланды.

8. *Алексей Михайлович* (1629-1676) – Романовтар әулиетінен шықкан екінші патша. I Петрдің әкесі.

*P.S. Түсініктемелерге Шоқан Уәлиханов шығармаларының орыс тілінде шықкан бестом-дығындағы мағлұматтар пайдаланылды.*

C.Ақтаев. Жарық жұлдыз немесе мәңгілік  
мұралар мұраты ..... 3

**Шоқан Шыңғысұлы**  
**Үәлихановтың шығармалары**

Абылай .....	14
ХVIII ғасырдағы батырлар туралы	
тарихи аныздар .....	20
Қазақтар мен қырғыздар .....	29
Қазақтың Ұлы жүзі .....	42
Аңыз арнасы .....	42
Іле өнірінің ежелгі жүрті .....	44
Басқару бағдары .....	46
Ұлы жүздің мақал-мәтеддерінен..	51
Қазақтардың қонысы хакында .....	53
1. Баянауыл дуаны жайында бірер сөз .....	53
2. Көшпелі кәсіптің мұктажы .....	58
Қазақ поэзиясының түрлері .....	63
Жоқтау жырдың үлгісі .....	69
Бұқар жыраудың Абылай қайтыс болғандағы айтқаны ..	69
Абылай туралы жыр .....	71
Орақ батыр .....	78
Түстік-Сібір тайпаларының	
тарихы туралы .....	84
Орта Азия хандықтары: Хиуа, Бұқар мен Қоқан және	
олардың Ресеймен қарым-қатынастары .....	96
Хиуамен қарым-қатынас .....	98
Тың хабарлар .....	105
Тарих тереңінен .....	111
Түрікмендер .....	111
Турфанның Тибетке дейін .....	113
Мұхаммед-Жақып Жанқұловтың айғағы .....	115

Коне дәүір деректері .....	116
Хонтайшы хакында .....	116
Адам Қазыкелдиннің андаганы .....	120
Ежелгі сенімхаттар жайындағы жазбалар .....	123
1. Қалдан-Серенниң тархандық сенімхаты .....	125
2. Император Цян-Лунның Абылай сұлтанға берген сенімхаты .....	126
Поручик Сұбханкуловтың байқағандарынан .....	128
Ыстықкөл сапарының күнделігі .....	131
Қытайдың Батыс өлкесі .....	168
Жонғар очерктері .....	200
Қашқар сапарына әзірлік .....	229
Бірінші Қашқар күнделігі .....	236
Екінші Қашқар күнделігі .....	260
Қоқан хандығы .....	277
Шона батыр .....	290
<i>Түсініктемелер .....</i>	<i>296</i>

# **ШОҚАН УӘЛИХАНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫ**

**Күрастырған және аударған  
Сарбас Ақтаев**

Редакторы *Ш. Рақымбекова*  
Суретшісі *Е. Қожабаев*  
Компьютерде беттеген және  
техникалық редакторы *Қ. Кошамбаева*

## **ИБ № 938**

Басуға 01.09.2010 ж. қол қойылды. Пішімі 84x108  $\frac{1}{32}$ . Офсеттік  
басылыш. Көлемі 20,0 б.т. Шартты баспа табағы 17,2. Есептік баспа  
табағы 18,65. Таралымы 2000 дана. Тапсырыс № 880.

“Ана тұлі” баспасы ЖШС, 050009,  
Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй  
тел.: 8 (727) 394-38-20, 394-42-78.



ЖШС РПБК «Дәуір», 050009, Алматы қаласы,  
Гагарин даңғылы, 93. Тел.: 394-39-22, 394-39-34, 394-39-42,  
E-mail: [rpk-dauir81@mail.ru](mailto:rpk-dauir81@mail.ru), [rpk-dauir2@mail.ru](mailto:rpk-dauir2@mail.ru)